

**Қазақстан мұсылмандары діни
басқармасы**

**ӘБУ АБДУЛЛА МҰХАММЕД ИБН
ИСМАЙЛ
ИБН ИБРАҺИМ ИБН ӘЛ-МУҒИРА
ӘЛ-БҰХАРИ**

САХИХ ӘЛ-БҰХАРИ

**(араб тіліндегі түпнұсқасымен салыстыра
отырып өзбек тілінен аударған
Доскелді Қожатайұлы)**

**Жалпы редакциясын басқарған және алғы сөз
жазған Қазақстан мұсылмандары діни
басқармасының төрағасы, Бас мүфти
Әбсаттар қажы Дербісәлі.**

Алматы, 2005.

Қазақстан мұсылмандары діни
басқармасы

ӘБУ АБДУЛЛА МҰХАММЕД ИБН
ИСМАЙЛ
ИБН ИБРАҺИМ ИБН ӘЛ-МУҒИРА
ӘЛ-БҰХАРИ

САХИХ ӘЛ-БҰХАРИ

I

Алматы, 2005.

«ӘЛ- ЖАМИЪ ӘС- САХИХ»

БИСМИЛЛАҒИР РАХМАНИР РАХИМ

Шейх, имам хафиз (Құран мен хадисті жатқа білуші) Әбу Абдулла Мұхаммад ибн Исмайл ибн Ибрахим ибн әл-Муғира әл-Бұхариге Алла тағала рахым етсін, Әмин.

1- бап. Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) уәхидің қалай келе бастағаны және Алла тағаланың «Біз саған Нұх және одан кейінгі пайғамбарларға қалай уәхи жіберген болсақ, сондай уәхи жібердік» деген үкімі туралы

1- حَدَّثَنَا الْحُمَيْدِيُّ عَبْدُ اللَّهِ بْنُ الزُّبَيْرِ قَالَ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ قَالَ حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ سَعِيدٍ الْأَنْصَارِيُّ قَالَ أَخْبَرَنِي مُحَمَّدُ بْنُ إِبْرَاهِيمَ النَّيْمِيُّ أَنَّهُ سَمِعَ عَلْقَمَةَ بْنَ وَقَّاصِ اللَّيْثِيِّ يَقُولُ سَمِعْتُ عُمَرَ بْنَ الْخَطَّابِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَلَى الْمِنْبَرِ قَالَ سَمِعْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَقُولُ إِنَّمَا الْأَعْمَالُ بِالنِّيَّاتِ وَإِنَّمَا لِكُلِّ امْرِئٍ مَّا نَوَى فَمَنْ كَانَتْ هِجْرَتُهُ إِلَى دُنْيَا يُصِيبُهَا أَوْ إِلَى امْرَأَةٍ يَنْكِحُهَا فَهِجْرَتُهُ إِلَى مَا هَاجَرَ إِلَيْهِ

1-Яхя ибн Саъид (р.а) риуаят етті: «Омар ибн әл-Хаттаб мінберде тұрғанында: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) былай дегенін естігенмін: «Шынында, барлық амалдар ниетке байланысты болады. Кімде-кімнің хижраттағы¹ ниеті дүние табу болса, дүниені табар, ал кімде-кімнің хижраттағы ниеті әйел алу болса, әйеліне некеленер. Демек, қандай ниетпен хижрат қылса, солай болмақ», - деді.

2- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ هِشَامِ بْنِ عُرْوَةَ عَنْ أَبِيهِ عَنْ عَائِشَةَ أُمِّ الْمُؤْمِنِينَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا أَنَّ الْحَارِثَ بْنَ هِشَامٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ سَأَلَ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ يَا رَسُولَ اللَّهِ كَيْفَ يَأْتِيكَ الْوَحْيُ فَقَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَحْيَانًا يَأْتِينِي مِثْلَ صَلْصَلَةِ الْجَرَسِ وَهُوَ أَشَدُّهُ عَلَيَّ فَيُفْصِمُ عَلَيَّ وَقَدْ وَعَيْتُ عَنْهُ مَا قَالَ

¹ Хижрат – Меккеден Мединеге Алла тағаланың әмірімен көшу.

وَأَحْيَانًا يَمْتَلُّ لِي الْمَلِكُ رَجُلًا فَيُكَلِّمُنِي فَأَعِي مَا يَقُولُ قَالَتْ عَائِشَةُ رَضِيَ
اللَّهُ عَنْهَا وَلَقَدْ رَأَيْتُهُ يَنْزِلُ عَلَيْهِ الْوَحْيُ فِي الْيَوْمِ الشَّدِيدِ الْبَرْدِ فَيَقْصِمُ عَنْهُ
وَإِنَّ جَبِينَهُ لَيَنْقَصُّ عَرَقًا

2-Ғұруа ибн Зубайр (р.а.) риуаят етті, ол кісі болса Айша анамыздан естіген екен: «Харис ибн Хишам (р.а.) Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.): «Я Расулуплла, сізге уәхи қалай келеді?»,- деп сұрапты. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Маған уәхи кейде қоңыраудың сыңғырлаған дыбысы сияқты келеді. Күшті уәхи келгенде солай болады. Сол кезде мен барлық нәрсені ұмытып, уәхи сөздерін ұғып аламын. Ал, кей уақыттарда болса , маған адам бейнесіндегі періште уәхи келтіреді, мен оның айтқандарын жаттап аламын»,- деп жауап берді.

Айша анамыз (р.а.): «Қатты суық күндердің бірінде Расулупллаға (с.ғ.с.) уәхи келгенінің куәсі болдым. Уәхи нәзіл болып біткеннен соң оның маңдайынан міндетті түрде тер ағатын »,- деді.

3- حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ بُكَيْرٍ قَالَ حَدَّثَنَا اللَّيْثُ عَنْ عَفِيْلٍ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ
عُرْوَةَ بْنِ الزُّبَيْرِ عَنْ عَائِشَةَ أُمِّ الْمُؤْمِنِينَ أَنَّهَا قَالَتْ أَوَّلُ مَا بُدِيَ بِهِ رَسُولُ اللَّهِ
صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مِنَ الْوَحْيِ الرَّؤْيَا الصَّالِحَةَ فِي النَّوْمِ فَكَانَ لَا يَرَى رُؤْيَا إِلَّا
جَاءَتْ مِثْلَ فَلَقِ الصُّبْحِ ثُمَّ حُبَّبَ إِلَيْهِ الْخَلَاءُ وَكَانَ يَخْلُو بَغَارٍ حِرَاءٍ فَيَتَحَنَّنُ فِيهِ
وَهُوَ التَّعَبُّدُ اللَّيَالِيَّ ذَوَاتِ الْعَدَدِ قَبْلَ أَنْ يَنْزِعَ إِلَى أَهْلِهِ وَيَتَرَوَّدَ لِذَلِكَ ثُمَّ يَرْجِعُ إِلَى
خَدِيجَةَ فَيَنْزَوِّدُ لِمِثْلِهَا حَتَّى جَاءَهُ الْحَقُّ وَهُوَ فِي غَارٍ حِرَاءٍ فَجَاءَهُ الْمَلِكُ فَقَالَ اقْرَأْ
قَالَ مَا أَنَا بِقَارِئٍ قَالَ فَأَخَذَنِي فَعَطَّنِي حَتَّى بَلَغَ مِنِّي الْجَهْدَ ثُمَّ أُرْسَلَنِي فَقَالَ اقْرَأْ
فُلْتُ مَا أَنَا بِقَارِئٍ فَأَخَذَنِي فَعَطَّنِي الثَّانِيَةَ حَتَّى بَلَغَ مِنِّي الْجَهْدَ ثُمَّ أُرْسَلَنِي فَقَالَ
اقْرَأْ فُلْتُ مَا أَنَا بِقَارِئٍ فَأَخَذَنِي فَعَطَّنِي الثَّلَاثَةَ ثُمَّ أُرْسَلَنِي فَقَالَ اقْرَأْ بِاسْمِ رَبِّكَ
الَّذِي خَلَقَ خَلَقَ الْإِنْسَانَ مِنْ عَلَقٍ اقْرَأْ وَرَبُّكَ الْأَكْرَمُ فَرَجَعَ بِهَا رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى
اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَرْجِفُ فَوَادُّهُ فَدَخَلَ عَلَى خَدِيجَةَ بِنْتِ خُوَيْلِدٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا فَقَالَ
زَمُّونِي زَمُّونِي فَرَمَّوهُ حَتَّى ذَهَبَ عَنْهُ الرَّوْعُ فَقَالَ لَخَدِيجَةَ وَأَخْبَرَهَا الْخَبَرَ لَقَدْ
خَشِيتُ عَلَى نَفْسِي فَقَالَتْ خَدِيجَةُ كَلَّا وَاللَّهِ مَا يُخْزِيكَ اللَّهُ أَبَدًا إِنَّكَ لَتَتَّصِلُ الرَّحِمَ
وَتَحْمِلُ الْكَلَّ وَتَكْسِبُ الْمَعْدُومَ وَتَقْرِي الضَّيْفَ وَتُعِينُ عَلَى نَوَائِبِ الْحَقِّ فَأَنْطَلَقَتْ

بِهِ خَدِيجَةٌ حَتَّى أَنْتَ بِهِ وَرَقَّةُ بْنُ تَوْفَلِ بْنِ أُسَدِ بْنِ عَبْدِ الْعُزَّى ابْنِ عَمِّ خَدِيجَةَ
وَكَانَ امْرَأً قَدْ تَنَصَّرَ فِي الْجَاهِلِيَّةِ وَكَانَ يَكْتُبُ الْكِتَابَ الْعِبْرَانِيَّ فَيَكْتُبُ مِنْ
الْإِنْجِيلِ بِالْعِبْرَانِيَّةِ مَا شَاءَ اللَّهُ أَنْ يَكْتُبَ وَكَانَ شَيْخًا كَبِيرًا قَدْ عَمِيَ فَقَالَتْ لَهُ
خَدِيجَةُ يَا ابْنَ عَمِّ اسْمِعْ مِنْ ابْنِ أَخِيكَ فَقَالَ لَهُ وَرَقَّةُ يَا ابْنَ أَخِي مَاذَا تَرَى فَأَخْبَرَهُ
رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ خَبَرَ مَا رَأَى فَقَالَ لَهُ وَرَقَّةُ هَذَا النَّامُوسُ الَّذِي
نَزَلَ اللَّهُ عَلَى مُوسَى يَا لَيْتَنِي فِيهَا جَدَعًا لَيْتَنِي أَكُونُ حَيًّا إِذْ يُخْرَجُكَ قَوْمُكَ فَقَالَ
رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَوْمُخْرَجِيَّ هُمْ قَالَ نَعَمْ لَمْ يَأْتِ رَجُلٌ قَطُّ بِمِثْلِ مَا
جِئْتَ بِهِ إِلَّا عُوْدِي وَإِنْ يُدْرِكُنِي يَوْمُكَ أَنْصُرَكَ نَصْرًا مُؤَزَّرًا ثُمَّ لَمْ يَنْشَبْ وَرَقَّةُ
أَنْ نُؤْفِيَّ وَقَنَّرَ الْوَحْيُ قَالَ ابْنُ شِهَابٍ وَأَخْبَرَنِي أَبُو سَلَمَةَ بْنُ عَبْدِ الرَّحْمَنِ أَنَّ
جَابِرَ بْنَ عَبْدِ اللَّهِ الْأَنْصَارِيَّ قَالَ وَهُوَ يُحَدِّثُ عَنْ فَتْرَةِ الْوَحْيِ فَقَالَ فِي حَدِيثِهِ بَيْنَا
أَنَا أُمْتِي إِذْ سَمِعْتُ صَوْتًا مِنَ السَّمَاءِ فَرَفَعْتُ بَصَرِي فَإِذَا الْمَلَكُ الَّذِي جَاءَنِي
بِحِرَاءٍ جَالِسٌ عَلَى كُرْسِيِّ بَيْنَ السَّمَاءِ وَالْأَرْضِ فَرُعِبْتُ مِنْهُ فَرَجَعْتُ فَقُلْتُ
زَمُّونِي زَمُّونِي فَأَنْزَلَ اللَّهُ تَعَالَى يَا أَيُّهَا الْمُدَّثِّرُ فَمُ قَأْنِذِرْ إِلَى قَوْلِهِ وَالرُّجُزَ
فَاهْجُرْ فَحَمِي الْوَحْيِ وَتَتَابَعَ تَابَعَهُ عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ وَأَبُو صَالِحٍ وَتَابَعَهُ هِلَالُ
بْنُ رَدَادٍ عَنِ الزُّهْرِيِّ وَقَالَ يُوسُفُ وَمَعْمَرٌ بَوَادِرُهُ

3- Ғұруа ибн Зубайр (р.а.) Айша анамыздан риуаят етіп айтты: «Алғашқы уәхи Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) ұйқысында құдды түс сияқты нәзіл болған еді. Кейіннен таң шапағы сияқты нұрдан басқасы түсіне кірмей қойды. Содан кейін Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оңашада жалғыз болуды қалайтын болды. Отбасын тәрк етіп, жалғыз өзі Хира үңгірінде қатарынан бірнеше түн құлшылық етіп шығатын. Ішіп-жейтін тамағын өзімен бірге алып кететін. Азық - түлігі таусылса, Хадиша анамызға келіп, тамақ алып, қайтадан тауға кететін. Бір күні әдетінше Хира үңгірінде құлшылық қылып отырғанында, алдына бір періште келіп: «Оқы»,- деді. Мен: «Оқи алмаймын,- дедім. Сол кезде ол мені буындрып қыса бастады, тіпті, мен қырылдап, булығып қалдым, кейін ол мені босатты да: «Және оқы!»,- деді. Мен «оқи алмаймын» деп едім, ол мені екінші рет қыса бастады, кейіннен қоя берді де : «Және оқы» деді. Ол мені үшінші мәрте қыса бастады, мен тағы да қырылдап, булығып қалдым. Содан соң қайтадан босатып жіберді де : «Оқы, сондай жаратқан Раббыңның атымен оқы, ол адам баласын ұйыған қаннан жаратқан. Оқы! Ол Раббың аса

ардақты!» - деді. Содан соң Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) буын-буыны қалтырап, Хуайлид қызы Хадиша анамызға келді де : «Мені қалың қылып орап қойыңдар, орап қойыңдар,- деді. Олар Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) қалтыраған қорқуы басылғанша орап қойды. Содан кейін Хадиша анамызға болған оқиғаны айтып берді де: «Өзіме бір нәрсе болып қала ма деп қорықтым»,- деді.

Сонда Хадиша анамыз: «Жоқ, шынында олай емес. Алланың атымен ант етіп айтайын, Алла тағала сізді ешқашанда ұятқа қалдырмайды. Сіз еш уақытта туған-туыстарыңызбен қарым-қатынасты үзген емессіз, ауырды жеңіл етесіз, жоқ - жітікті тойдырасыз, қонақты құрметтеп күтесіз және оларға қиыншылықтан шығуларына көмектесесіз»,- деді. Содан соң Хадиша анамыз Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) өзінің немере ағасы Уарақа ибн Науфәл ибн Асад ибн Абдул Ғұззаға ертіп барды. Ол кісі жаһил уақытында христиан дінін қабылдаған еді. Иудейлердің жазбаларын оқитын болатын. Ежелгі еврей тілінде жазылған Інжілден Алла тағаланың қалағанынша мәтіндерді көшіріп жазатын. Оның көзі көрмей әбден қартайып қалжыраған кезі болатын. Хадиша анамыз Уарақаға: «Ей, бауырымның баласы, ағаңыздың баласының сөздеріне құлақ сал!»- деді. Уарақа: «Ей, ағамның баласы, не көргеніңді маған айт!» - деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) көргенінің барлығын сөзбе-сөз айтып берді. Сонда Уарақа Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) қарап: «Бұл - Алла тағаланың Мұсаға ғ.с. жіберген періштесінің нақ өзі,- деді. Шіркін-ай, егерде мен жас болсам ғой, сені қауымың өз арасынан қуатын кезде мен тірі болсамшы!»- деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) таңқалып: «Мені қауымым өз араларынан қуады ма?»,- деді. Уарақа: «Иә, солай. Бұл уақытқа дейін бірде - бір адам маған сіз сияқты хабар келтірмеген еді. Сізге Алла тағала жеңіл еткен күндерді маған да нәсіп етсе, саған шамамның келгенінше жәрдем берер едім!»- деді. Бірақ, Уарақа көп ұзамай арғы дүниеге аттанды. Содан кейін Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) біршама уақыт уәхи келмей қалды.

Ибн Шихаб (р.а.) риуаят етті. Жәбир ибн Абдулла әл-Ансари Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) уәхи келген уақыт туралы былай деді: «Мен (яғни, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жолда кетіп бара жатқан едім, кенеттен аспаннан бір дауысты естідім. Жоғары қарап едім, Хира үңгірінде маған келген періште аспан мен жердің арасында тақтың үстінде отыр екен. Мен одан қорқып, үйге қайтып келдім де: «Мені бір нәрсемен орап қойыңыз, орап қойыңыз!»,- дедім. Сол кезде Алла тағала: **«Әй жамылушы! Түр енді! Адамдарға ескерт! Раббыңды ұлықта! Киіміңді тазала! Әртүрлі лас істерден аулақ бол! ²»**,- деген аятты нәзіл етті.

Бұдан кейін уәхи қайтадан күшті қарқынмен жалғасып, бірінен соң бірі келе бастады.

Бұл хадисті Абдулла ибн Юсуф пен Әбу Салих риуаят еткен. Хилал ибн Раддад оны Зухриден естіп жеткізген. Ал Юнус және Маъмар болса, оның кемшіліктерін толтырған.

² 74. «әл-Мүддассір»,1-5 аят.

4- حَدَّثَنَا مُوسَى بْنُ إِسْمَاعِيلَ قَالَ حَدَّثَنَا أَبُو عَوَانَةَ قَالَ حَدَّثَنَا مُوسَى بْنُ أَبِي عَائِشَةَ قَالَ حَدَّثَنَا سَعِيدُ بْنُ جُبَيْرٍ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ فِي قَوْلِهِ تَعَالَى لَا تُحْرَكُ بِهِ لِسَانُكَ لِتَعْجَلَ بِهِ قَالَ كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُعَالِجُ مِنَ التَّنْزِيلِ شِدَّةً وَكَانَ مِمَّا يُحْرَكُ شَفَتَيْهِ فَقَالَ ابْنُ عَبَّاسٍ فَأَنَا أُحْرَكُهُمَا لَكُمْ كَمَا كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُحْرَكُهُمَا وَقَالَ سَعِيدٌ أَنَا أُحْرَكُهُمَا كَمَا رَأَيْتُ ابْنَ عَبَّاسٍ يُحْرَكُهُمَا فَحَرَّكَ شَفَتَيْهِ فَأَنْزَلَ اللَّهُ تَعَالَى لَا تُحْرَكُ بِهِ لِسَانُكَ لِتَعْجَلَ بِهِ إِنَّ عَلَيْنَا جَمْعَهُ وَقُرْآنَهُ قَالَ جَمَعُهُ لَكَ فِي صَدْرِكَ وَتَقْرَأُهُ فَإِذَا قَرَأْتَهُ فَاتَّبِعْ قُرْآنَهُ قَالَ فَاسْتَمِعْ لَهُ وَأَنْصِتْ لِمَنْ إِنْ عَلَيْنَا بَيَانُهُ ثُمَّ إِنْ عَلَيْنَا أَنْ نَقْرَاهُ فَكَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بَعْدَ ذَلِكَ إِذَا أَتَاهُ جِبْرِيْلُ اسْتَمَعَ فَإِذَا انْطَلَقَ جِبْرِيْلُ قَرَأَهُ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَمَا قَرَأَهُ

4- Саъид ибн Жубайр (р.а.) айтты, Ибн Аббас Алла тағаланың («Жебрейіл) Құран оқығанда сен қайталауға асықпа!» деген аяты туралы былай деп риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) нәзіл болған аяқтың мән-мағынасын жылдамырақ түсініп алуға тырысатын. Сол себепті еріндерін жыбырлататын еді». Ибн Аббас (р.а.): «Мен еріндерімді, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қалай жыбырлатқан болса, солай істеп көрсетіп жатырмын», - деді. Ал Саъид (р.а.) айтты: «Мен өз ернімді хазреті Ибн Аббас жыбырлатқандай қылып көрсетіп жатырмын», - деді.

Алла тағала айтты: «(Жебрейіл) Құранды оқығанда сен асығып қайталама! Құранды жүрегіңе және есіңе жат алуына, қалаған уақытыңда оны оқуыңа сені қабілетті ету біздің мойнымызда» және «Егер біз оны (Жебрейіл қирааты арқылы) оқысақ, сен оған құлақ сал!» деген аят нәзіл етті. Содан соң, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) егер Жебрейіл ғ.с. уәхи келтірсе, алдымен, оған құлақ салып, ол кеткеннен кейін, оның оқығанындай қайталап оқитын еді».

5- حَدَّثَنَا عَبْدَانُ قَالَ أَخْبَرَنَا عَبْدُ اللَّهِ قَالَ أَخْبَرَنَا يُونُسُ عَنْ الزُّهْرِيِّ ح وَ حَدَّثَنَا يَشْرُ بْنُ مُحَمَّدٍ قَالَ أَخْبَرَنَا عَبْدُ اللَّهِ قَالَ أَخْبَرَنَا يُونُسُ وَمَعْمَرٌ عَنْ الزُّهْرِيِّ نَحْوَهُ قَالَ أَخْبَرَنِي عُبَيْدُ اللَّهِ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ قَالَ كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَجْوَدَ النَّاسِ وَكَانَ أَجْوَدُ مَا يَكُونُ فِي رَمَضَانَ حِينَ يَلْقَاهُ

جَبْرِيلُ وَكَانَ يَلْقَاهُ فِي كُلِّ لَيْلَةٍ مِنْ رَمَضَانَ فَيُدَارِسُهُ الْقُرْآنَ فَلَرَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَجْوَدُ بِالْخَيْرِ مِنَ الرِّيحِ الْمُرْسَلَةِ

5- Ибн Аббас былай деп риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) барша адамдардың ішіндегі ең жомарты еді. Рамазанда Жебрейіл періштемен жолыққанда жомарттығы одан сайын арта түсетін. Хазреті Жебрейіл ғ.с. Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) әр кеште жолығып, Құранды қайталайтын. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жомарттықта, жақсылық істе самал желден де жылдам болатын», - деді.

6- حَدَّثَنَا أَبُو الْيَمَانِ الْحَكَمُ بْنُ نَافِعٍ قَالَ أَخْبَرَنَا شُعَيْبٌ عَنْ الزُّهْرِيِّ قَالَ أَخْبَرَنِي عُبَيْدُ اللَّهِ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُثْبَةَ بْنِ مَسْعُودٍ أَنَّ عَبْدَ اللَّهِ بْنَ عَبَّاسٍ أَخْبَرَهُ أَنَّ أَبَا سُفْيَانَ بْنَ حَرْبٍ أَخْبَرَهُ أَنَّ هِرَقْلَ أَرْسَلَ إِلَيْهِ فِي رَكْبٍ مِنْ فُرَيْشٍ وَكَانُوا تِجَارًا بِالشَّامِ فِي الْمُدَّةِ الَّتِي كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَادًّا فِيهَا أَبَا سُفْيَانَ وَكَفَّارَ فُرَيْشٍ فَأَتَوْهُ وَهُمْ بِبَيْلِيَاءَ فَدَعَاهُمْ فِي مَجْلِسِهِ وَحَوْلَهُ عُظَمَاءُ الرُّومِ ثُمَّ دَعَاهُمْ وَدَعَا بَنِي رَجْمَانِهِ فَقَالَ أَيُّكُمْ أَقْرَبُ نَسَبًا بِهَذَا الرَّجُلِ الَّذِي يَزْعُمُ أَنَّهُ نَبِيٌّ فَقَالَ أَبُو سُفْيَانَ فَقُلْتُ أَنَا أَقْرَبُهُمْ نَسَبًا فَقَالَ أَذْنُوهُ مِنِّي وَقَرَّبُوا أَصْحَابَهُ فَاجْعَلُوهُمْ عِنْدَ ظَهْرِهِ ثُمَّ قَالَ لِبَنِي رَجْمَانِهِ قُلْ لَكُمْ إِنِّي سَأَلْتُ هَذَا عَنْ هَذَا الرَّجُلِ فَإِنْ كَذَّبَنِي فَكَذَّبُوهُ فَوَاللَّهِ لَوْ لَأَ الْحَيَاءُ مِنْ أَنْ يَأْتِرُوا عَلَيَّ كَذِبًا لَكَذَّبْتُ عَنْهُ ثُمَّ كَانَ أَوَّلَ مَا سَأَلَنِي عَنْهُ أَنْ قَالَ كَيْفَ نَسَبُهُ فِيكُمْ قُلْتُ هُوَ فِيْنَا دُو نَسَبٍ قَالَ فَهَلْ قَالَ هَذَا الْقَوْلَ مِنْكُمْ أَحَدٌ قَطُّ قَبْلَهُ قُلْتُ لَا قَالَ فَهَلْ كَانَ مِنْ آبَائِهِ مِنْ مَلِكٍ قُلْتُ لَا قَالَ فَأَشْرَافُ النَّاسِ يَتَّبِعُونَهُ أَمْ ضِعْفَاؤُهُمْ قُلْتُ بَلْ ضِعْفَاؤُهُمْ قَالَ أَيْزِيدُونَ أَمْ يَنْفُصُونَ قُلْتُ بَلْ يَزِيدُونَ قَالَ فَهَلْ يَرْتَدُّ أَحَدٌ مِنْهُمْ سَخَطَةً لِدِينِهِ بَعْدَ أَنْ يَدْخُلَ فِيهِ قُلْتُ لَا قَالَ فَهَلْ كُنْتُمْ تَنْتَهَمُونَهُ بِالْكَذِبِ قَبْلَ أَنْ يَقُولَ مَا قَالَ قُلْتُ لَا قَالَ فَهَلْ يَعْدِرُ قُلْتُ لَا وَنَحْنُ مِنْهُ فِي مَدَّةٍ لَا نَدْرِي مَا هُوَ فَاعِلٌ فِيهَا قَالَ وَلَمْ تُمَكِّنِي كَلِمَةً أُدْخِلُ فِيهَا شَيْئًا غَيْرَ هَذِهِ الْكَلِمَةِ قَالَ فَهَلْ قَاتَلْتُمُوهُ قُلْتُ نَعَمْ قَالَ فَكَيْفَ كَانَ قِتَالِكُمْ إِيَّاهُ قُلْتُ الْحَرْبُ بَيْنَنَا وَبَيْنَهُ سَجَالٌ يَبَالُ مِنَّا وَنَبَالُ مِنْهُ قَالَ مَاذَا يَأْمُرُكُمْ قُلْتُ يَقُولُ اعْبُدُوا اللَّهَ وَحْدَهُ وَلَا

تُشْرِكُوا بِهِ شَيْئًا وَاتْرُكُوا مَا يَقُولُ آبَاؤُكُمْ وَيَأْمُرُنَا بِالصَّلَاةِ وَالزَّكَاةِ وَالصَّدَقِ
وَالْعَفَافِ وَالصَّلَاةِ فَقَالَ لِلتَّرْجُمَانِ قُلْ لَهُ سَأَلْتُكَ عَنْ نَسَبِهِ فَذَكَرْتَ أَنَّهُ فِيكُمْ دُو
نَسَبٍ فَكَذَلِكَ الرُّسُلُ تُبْعَثُ فِي نَسَبِ قَوْمِهَا وَسَأَلْتُكَ هَلْ قَالَ أَحَدٌ مِنْكُمْ هَذَا الْقَوْلَ
فَذَكَرْتَ أَنْ لَا فَقُلْتُ لَوْ كَانَ أَحَدٌ قَالَ هَذَا الْقَوْلَ قَبْلَهُ لَقُلْتُ رَجُلٌ يَأْتِسِي بِقَوْلٍ قِيلَ
قَبْلَهُ وَسَأَلْتُكَ هَلْ كَانَ مِنْ آبَائِهِ مِنْ مَلِكٍ فَذَكَرْتَ أَنْ لَا قُلْتُ فَلَوْ كَانَ مِنْ آبَائِهِ مِنْ
مَلِكٍ قُلْتُ رَجُلٌ يَطْلُبُ مُلْكَ أَبِيهِ وَسَأَلْتُكَ هَلْ كُنْتُمْ تَتَّهَمُونَهُ بِالْكَذِبِ قَبْلَ أَنْ يَقُولَ مَا
قَالَ فَذَكَرْتَ أَنْ لَا فَقَدْ أَعْرَفُ أَنَّهُ لَمْ يَكُنْ لِيَذَرَ الْكَذِبَ عَلَى النَّاسِ وَيَكْذِبَ عَلَى اللَّهِ
وَسَأَلْتُكَ أَشْرَافُ النَّاسِ اتَّبَعُوهُ أَمْ ضِعْفَاؤُهُمْ فَذَكَرْتَ أَنْ ضِعْفَاءَهُمْ اتَّبَعُوهُ وَهُمْ
أَتْبَاعُ الرُّسُلِ وَسَأَلْتُكَ أَيَزِيدُونَ أَمْ يَنْقُصُونَ فَذَكَرْتَ أَنَّهُمْ يَزِيدُونَ وَكَذَلِكَ أَمْرُ
الْإِيمَانِ حَتَّى يَتِمَّ وَسَأَلْتُكَ أَيَرْتَدُّ أَحَدٌ سَخَطَهُ لِدِينِهِ بَعْدَ أَنْ يَدْخُلَ فِيهِ فَذَكَرْتَ أَنْ لَا
وَكَذَلِكَ الْإِيمَانُ حِينَ تُخَالِطُ بِشَأْنِهِ الْقُلُوبَ وَسَأَلْتُكَ هَلْ يَغْدِرُ فَذَكَرْتَ أَنْ لَا
وَكَذَلِكَ الرُّسُلُ لَا تَغْدِرُ وَسَأَلْتُكَ بِمَا يَأْمُرُكُمْ فَذَكَرْتَ أَنَّهُ يَأْمُرُكُمْ أَنْ تَعْبُدُوا اللَّهَ وَلَا
تُشْرِكُوا بِهِ شَيْئًا وَيَنْهَأَكُمْ عَنْ عِبَادَةِ الْأَوْثَانِ وَيَأْمُرُكُمْ بِالصَّلَاةِ وَالصَّدَقِ وَالْعَفَافِ
فَإِنْ كَانَ مَا تَقُولُ حَقًّا فَسَيَمْلِكُ مَوْضِعَ قَدَمِي هَاتَيْنِ وَقَدْ كُنْتُ أَعْلَمُ أَنَّهُ خَارِجٌ لَمْ
أَكُنْ أَظُنُّ أَنَّهُ مِنْكُمْ فَلَوْ أَنِّي أَعْلَمُ أَنِّي أَخْلَصُ إِلَيْهِ لَتَجَشَّمْتُ لِقَاءَهُ وَلَوْ كُنْتُ عِنْدَهُ
لَعَسَلْتُ عَنْ قَدَمِهِ ثُمَّ دَعَا بِكِتَابِ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ الَّذِي بَعَثَ بِهِ
دِحْيَةَ إِلَى عَظِيمِ بَصْرَى فَدَفَعَهُ إِلَى هِرَقْلَ فَفَرَّاهُ فَإِذَا فِيهِ بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ
مِنْ مُحَمَّدٍ عَبْدِ اللَّهِ وَرَسُولِهِ إِلَى هِرَقْلَ عَظِيمِ الرُّومِ سَلَامٌ عَلَى مَنْ اتَّبَعَ الْهُدَى أَمَّا
بَعْدُ فَإِنِّي أَدْعُوكَ بِدَعَايَةِ الْإِسْلَامِ أَسْلِمُ تَسْلِمُ يُؤْتِكَ اللَّهُ أَجْرَكَ مَرَّتَيْنِ فَإِنْ تَوَلَّيْتَ
فَإِنَّ عَلَيْكَ إِثْمَ الْأَرِيْسِيِّينَ وَيَا أَهْلَ الْكِتَابِ تَعَالَوْا إِلَى كَلِمَةٍ سَوَاءٍ بَيْنَنَا وَبَيْنَكُمْ أَنْ لَا
نَعْبُدَ إِلَّا اللَّهَ وَلَا نُشْرِكَ بِهِ شَيْئًا وَلَا يَتَّخِذَ بَعْضُنَا بَعْضًا أَرْبَابًا مِنْ دُونِ اللَّهِ فَإِنْ
تَوَلَّوْا فَقُولُوا اشْهَدُوا بِأَنَّا مُسْلِمُونَ قَالَ أَبُو سُفْيَانَ فَلَمَّا قَالَ مَا قَالَ وَفَرَعَ مِنْ قِرَاءَةِ
الْكِتَابِ كَثُرَ عِنْدَهُ الصَّخْبُ وَارْتَفَعَتِ الْأَصْوَاتُ وَأُخْرِجْنَا فَقُلْتُ لِأَصْحَابِي حِينَ

أَخْرَجَنَا لَقَدْ أَمَرَ ابْنُ أَبِي كَبْشَةَ إِنَّهُ يَخَافُهُ مَلِكُ بَنِي الْأَصْفَرِ فَمَا زِلْتُ مُوقِنًا أَنَّهُ سَيَظْهَرُ حَتَّى أَدْخَلَ اللَّهُ عَلَيَّ الْإِسْلَامَ وَكَانَ ابْنُ النَّاطُورِ صَاحِبُ إِبِلِيَاءَ وَهَرَقْلَ سَفُفًا عَلَى نَصَارَى الشَّامِ يُحَدِّثُ أَنَّ هَرَقْلَ حِينَ قَدِمَ إِبِلِيَاءَ أَصْبَحَ يَوْمًا خَبِيثَ النَّفْسِ فَقَالَ بَعْضُ بَطَارِقَتِهِ قَدْ اسْتَنَكَّرْنَا هَيْبَتَكَ قَالَ ابْنُ النَّاطُورِ وَكَانَ هَرَقْلُ حَزَاءً يَنْظُرُ فِي النُّجُومِ فَقَالَ لَهُمْ حِينَ سَأَلُوهُ إِنِّي رَأَيْتُ اللَّيْلَةَ حِينَ نَظَرْتُ فِي النُّجُومِ مَلِكَ الْخِتَانِ قَدْ ظَهَرَ فَمَنْ يَخْتَنُنُ مِنْ هَذِهِ الْأُمَّةِ قَالُوا لَيْسَ يَخْتَنُنُ إِلَّا الْيَهُودُ فَلَا يُهَمَّتْكَ شَأْنُهُمْ وَاكْتُبْ إِلَى مَدَائِنِ مُلْكِكَ فَيَقْتُلُوا مَنْ فِيهِمْ مِنَ الْيَهُودِ فَبَيْنَمَا هُمْ عَلَى أَمْرِهِمْ أَتَى هَرَقْلَ بِرَجُلٍ أَرْسَلَ بِهِ مَلِكُ عَسَانَ يُخْبِرُ عَنْ خَبَرِ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَلَمَّا اسْتَخْبَرَهُ هَرَقْلُ قَالَ أَذْهَبُوا فَانظُرُوا أَمْخَنَتَيْنِ هُوَ أَمْ لَا فَانظُرُوا إِلَيْهِ فَحَدَّثُوهُ أَنَّهُ مُخْتَنِنٌ وَسَأَلَهُ عَنِ الْعَرَبِ فَقَالَ هُمْ يَخْتَنِنُونَ فَقَالَ هَرَقْلُ هَذَا مَلِكُ هَذِهِ الْأُمَّةِ قَدْ ظَهَرَ ثُمَّ كَتَبَ هَرَقْلُ إِلَى صَاحِبِ لَهُ بِرُومِيَّةٍ وَكَانَ نَظِيرَهُ فِي الْعِلْمِ وَسَارَ هَرَقْلُ إِلَى حِمصَ فَلَمَ بِرَمِ حِمصَ حَتَّى أَتَاهُ كِتَابٌ مِنْ صَاحِبِهِ يُوَافِقُ رَأْيَ هَرَقْلَ عَلَى خُرُوجِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَأَنَّهُ نَبِيٌّ فَأَذِنَ هَرَقْلُ لِعِظَمَاءِ الرُّومِ فِي دَسْكَرَةِ لَهُ بِحِمصَ ثُمَّ أَمَرَ بِأَبْوَابِهَا فَعُلِّقَتْ ثُمَّ اطَّلَعَ فَقَالَ يَا مَعْشَرَ الرُّومِ هَلْ لَكُمْ فِي الْقَلْحِ وَالرُّشْدِ وَأَنْ يَبْنَتَ مُلْكُكُمْ فَنُبَايَعُوا هَذَا النَّبِيَّ فَحَاصُوا حَيْصَةَ حُمُرِ الْوَحْشِ إِلَى الْأَبْوَابِ فَوَجَدُوهَا قَدْ عُلِّقَتْ فَلَمَّا رَأَى هَرَقْلُ نَفَرَتَهُمْ وَأَيْسَ مِنَ الْإِيْمَانِ قَالَ رُدُّوهُمْ عَلَيَّ وَقَالَ إِنِّي قُلْتُ مَقَالَتِي أَنِفًا أَخْتَبِرُ بِهَا شِدَّتْكُمْ عَلَى دِينِكُمْ فَقَدْ رَأَيْتُ فَسَجَدُوا لَهُ وَرَضُوا عَنْهُ فَكَانَ ذَلِكَ آخِرَ شَأْنِ هَرَقْلَ رَوَاهُ صَالِحُ بْنُ كَيْسَانَ وَيُونُسُ وَمَعْمَرٌ عَنِ الرَّهْرِيِّ

6- Абдулла ибн Утба ибн Масъуд (р.а.) риуаят етти: «Әбу Суфян ибн Харб хабардар етти, һирақл Құрайыш керуені Шамда саудамен айналысып жүрген кезде оларға бір адамды жіберді. Ол уақытта Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Әбу Суфян мен құрайыш кәпірлерімен өзара бітімгершілікке келген болатын. Олар (Әбу Суфян, құрайыш кәпірлері) Илияда (Байтул мақдис) болғандықтан һирақлдың алдына барды. һирақл оларды өзінің мәжілісіне шақырды. Оның айналасында Римдіктердің атақты игі жақсылары отырған еді. Оларға қоса тілмашты да өзіне шақырып алып:

«Өзін Пайғамбармын деп жариялаған адамға қайсы бірің туыстық жағынан жақынырақсындар?»,- деп сұрады. Әбу Суфян: «Мен оған туыстық жағынан жақынырақпын»,- деді. Һирақл: «Оны (Әбу Суфянды) маған жақынырақ алып келіндер, ал оның адамдарын арт жағына тұрғызындар!»,- деді. Һирақл өзінің тілмашына: «Оларға айт (Әбу Суфянға) мен сол Пайғамбар туралы сұрамақпын, егерде маған жалған сөйлесе, онда оның өтірігін шығарындар »,- деді. Сонда Әбу Суфян айтты: «Алламен ант етемін, егер менің өтірігімді шығарады деген ұят болмағанда, мен жалған сөйлеуден тартынбас едім»,- деді.

Һирақл ең бірінші менен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) шыққан тегі туралы сұрады. Мен: «Ол текті жерден шыққан»,- дедім.

Һирақл «Одан бұрын сендерден бұл сөзді (яғни Пайғамбарлықты) ешкім айтқан жоқ па?»,- деп сұрады. Мен: «Жоқ»,- дедім. Ол: «Оның ата-бабаларының ішінде патша болғандары бар ма?»,- деп сұрады. Мен «Жоқ»,- дедім. Ол: «Оған ілескен адамдар атақты байлар ма, әлде кедей-кепшік, әлсіздер ме?»,- деп сұрады. Мен: «Әлсіздер»,- дедім. Ол: «Олардың қатары көбеюде ме, әлде азаюда ма?»,- деп сұрады. Мен: «Көбеюде»,- дедім. Ол: «Оның дініне кіргендерден біреу оған ренжіп, діннен қайтқандары бар ма?»,- деп сұрады. Мен: «Жоқ»,- дедім. Ол: «Дінге насихаттағаннан бұрын оны жалғандығымен айыптап па едіңдер?»,- деп сұрады. Мен : «Жоқ»,- дедім. Ол: «Қиянат істеуші ме еді?»,- деді. Мен: «Жоқ»,- дедім. «Біршама уақыттан бері оның қандай істермен айналысып жүргенінен бейхабармыз»,- деп айттым.

Һирақл сөзімді бөліп: «Оған қарсы соғыстындар ма?»,- деді. Мен: «Соғыстық»,- дедім. Ол: «Сендердің соғыстарың немен бітуші еді ?»,- деді. Мен: «Біздің арамыздағы соғыс әрқилы болып бітетін. Кейде ол бізді, ал, кейде біз оны жеңетінбіз»,- дедім.

Һирақл: «Ол сендерге не істеуді бұйырады?»,- деді. Мен: «Ол тек қана бір Аллаға сиынуды, оған серік қоспауды, аталарымыз серік қосуға үгітесе де, оларға құлақ аспауды, намаз оқуды, шыншыл болуды және туған-туыстармен қарым - қатынаста болуды, рахымды- шапағатты болуды бұйырады.»,- дедім.

Һирақл тілмаш арқылы маған былай деді: «Оның шыққан тегін сұрасам, сен текті жерден шықты деп айттың, Пайғамбарлар, анығында, сондай жерден шығады. Сендерден бұрын ешкім Пайғамбарлық сөзді айтты ма десем, сен «Жоқ»,- дедің. Одан басқа біреу бұрын осы сөзді айтып шықса, бұл да солардың айтқан сөзіне ілесуші деп ойлар едім. Мен сенен: «Оның ата-бабаларының ішінде патша болған адам бар ма?»,- деп сұрасам, сен: «Жоқ»,- дедің. Егер ата-бабасының ішінде патша болған бір адам болса, онда мен: «Ол соның дүние-мүлкін талап етіп, билігін өзіне қайтарғысы келген біреу»,- дейтін едім. Мен: « Оны дінге шақырмай тұрған кезінде жалғаншылығымен айыптап па едіңдер?»,- деп сұрағанымда, сен: «Жоқ»,- дедің. Мен білдім, ол бұрын да адамдарға өтірік–жалған сөйлемеген. Бұндай адам Алла тағала туралы өтірік сөйлемейді. Мен сенен: «Оған ілесіп жатқан әлді байлар ма, әлде әлсіз адамдар ма?»,- деп сұрағанымда, сен: «Әлсіздер»,- деп айттың. Ал,

Пайғамбарларға әрқашан әлсіздер ілескен. Мен сенен «Оған ілесушілердің саны азаюда ма, әлде көбеюде ме?»,- деп сұрағанымда, сен: «Олар көбейіп жатыр»,- дедің. Иманның әмірі сондай кәміл болар. Мен саған «Оның дініне кіргендердің біреуі оған ренжіп, дінінен қайтқаны бар ма?»,- десем, сен: «Жоқ»,- дедің. Иманның көркемділігі жүрекке жағып қалса, ол сондай кәміл болады. Мен сенен: «Ол қиянат істейді ме?»,- деп сұрасам, сен: «Жоқ»,- дедің.

Ал, Пайғамбарлар қиянат істемейді. Одан кейін сенен: «Ол сендерге не істеуді бұйырады?»,- деп сұрадым. Сен: «Ол Аллаға құлшылық етуді, оған серік қоспауды, пұттарға сиынбауды, намаз оқуға және шыншыл, қайырымды болуға бұйырады»,- дедің. Егерде сенің айтқан сөздерің рас болса, ол келіп қазір мен тұрған орын-жайды алады. Мен бір Пайғамбар шығатынын білуші едім, бірақ-та сендердің араларыңнан шығатынынан бейхабар едім. Егер оған ықылас қыла алсам, онымен жолығу үшін қиыншылық көруге ризамын. Егерде онымен кездесем, оның аяғын жуатын едім. Кейін Һирақл Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) Дихья (сахаба) арқылы Бусра басшылығына беріп жіберген хатын алып келуді бұйырды. Оны Һирақлға берді. Ол хатты оқып көрді, онда **«Бисмилләһир рахманир рахим Мұхаммад ибн Абдулла – Алланың елшісінен Һирақл - Рум басшысына»**. Тура жолда жүргендерге Алла тағаланың сәлемі болсын! **Амма баъд: Сені Исламға шақырамын, Исламды қабыл ет, тыныш боларсың. Алла тағала саған бұның үшін екі бірдей сауап береді. Егерде одан бас тартсаң, бидғатшы күнәһар боларсың.**

«Ей, кітап иелері! Өзара теңдік сөзін қабыл етейік: Алладан басқаға құлшылық етпейік, оған серік қоспайық, бір-бірімізді Алладан басқа тәңір деп білмейік (яғни, адамды Алланың дәрежесіне көтермейік) егер жүздерін бұрса, куә болындар, біз мұсылманбыз».

«Һирақл сөзін бітірген соң Пайғамбарымыздың айтқандарын оқып бергеннен кейін оның қасындағылардың дауыстары қатты шығып, шулап кетті, бізді сыртқа шығарып жіберді. Мен қасымдағыларға: «Әбу Кабшаның айтқаны рас болды, ол: Бәни әл-Асфар (Румдықтар) патшасы Пайғамбардан қорқады»,- деп айтқан еді. «Мен Исламды қабылдамастан бұрын Пайғамбар шығатынына сенетін едім»,- дедім. Илия әкімі Ибн ән-Натур және Шам христиандарының (эпископы) Һирақл былай деген еді.

Һирақл Илияға келгенінде көңілсіз болып қалды. Оған патриархтары: «Сенің түрің бізге ұнамай тұр!»,- десті.

Ибн ән-Натур былай деді: «Һирақл көріпкел болатын және жұлдыздарды болжайтын. Одан бұл жайында сұрағанымызда ол: «Мен бұл түнде жұлдыздарды қарап болжағанымда, сүндеттелушілердің патшасының жеңіске жеткенін көрдім. Адамдардың қайсысының сүндетке отырғызылатындарын білгім келеді»,- деді. «Яһудилерден басқалар сүндетке отырғызбайды. Оларға бола сен алаңдама»,- десті. Сенің патшалығыңа қарасты шаһарларға хат жаз, ол жердегі яһудилерді өлтірсін деп кеңес берісті. Сол уақытта Ғассон патшаға хазіреті Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) туралы хабар алып келген кісіні Һирақлдың алдына алып келді. Һирақл: «Барып тексеріндерші, ол сүндеттелген бе екен?»,- деді. Олар

тексеріп көріп: «Ол сүндеттелген екен», - деп хабарлады. Һирақл одан арабтар туралы сұрап еді, ол: «Арабтар да сүндетке отырады», - деп жауап берді. Сонда Һирақл: «Патшалық, билік енді соларға (яғни арабтардың) патшасына тиесілі», - деді. Кейін Һирақл Румиядағы өзі сияқты білім иесіне хат жазып жіберді де, өзі Химске барды, ол қаладан өзінің досынан мынадай мазмұндағы жауап хатты алғанша ешқайда кетпеді. Ол хатта: «Һирақлдың Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) белгілері туралы пікірін қолдап- қуаттағанын және ол адамның хақ Пайғамбар екендігі туралы айтылған»

Бұдан соң Һирақл Румның білімді де атакты адамдарын өзінің Химстағы сарайына шақырды. Олар жиналып келгеннен соң қақпаны жабуды бұйырды. Содан соң олардың алдына шығып : «Ей, Румдықтар! Егер сендер шапағатты тура жолды таппақшы болсаңдар, дәулеттеріңнің үстем болуын, патшалықтарыңның сақталуын қаласаңдар, онда осы Пайғамбарға ілесіңдер!», - деді.

Бұл сөздерді ести сала олар жабайы есекке ұқсас қақпа жаққа жапа тармағай ұмтылды, бірақ қақпаның жабық екенін көрді. Һирақл олардың қайғырып, қобалжыған түрлерін көріп, иман келтірулерінен үмітсіз болып: «Оларды маған алып келіңдер!», - деп әмір етті. Кейін: « Мен сендердің өз діндеріңе деген ықыластарыңды сынап көру үшін солай деген едім, оған менің көзім жетті», - деді. Сонда олар (Һирақлға) сәжде етіп, оған разы болды.

Бұл Һирақлмен болған соңғы оқиға еді. Болған бұл оқиғаны Салих ибн Қайсан, Юнус және Мағмар әз- Зухрий риуаят етті.

ИМАН КІТАБЫ

1- бап. Ислам бес түрлі нәрсенің үстіне құрылған

بَابُ قَوْلِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بُنِيَ الْإِسْلَامُ عَلَى خَمْسٍ وَهُوَ قَوْلٌ وَفِعْلٌ وَيَزِيدُ وَيَنْقُصُ قَالَ اللَّهُ تَعَالَى لِيَزِدَادُوا إِيْمَانًا مَعَ إِيْمَانِهِمْ وَزِدْنَاَهُمْ هُدًى وَيَزِيدُ اللَّهُ الَّذِينَ اهْتَدَوْا هُدًى وَالَّذِينَ اهْتَدَوْا زَادَهُمْ هُدًى وَآتَاهُمْ تَقْوَاهُمْ وَقَوْلُهُ وَيَزِدَادَ الَّذِينَ آمَنُوا إِيْمَانًا وَقَوْلُهُ أَيُّكُمْ زَادَتْهُ هَذِهِ إِيْمَانًا فَأَمَّا الَّذِينَ آمَنُوا فَرَزَادَتْهُمْ إِيْمَانًا وَقَوْلُهُ جَلَّ ذِكْرُهُ فَاحْشَوْهُمْ فَرَزَادَهُمْ إِيْمَانًا وَقَوْلُهُ تَعَالَى وَمَا زَادَهُمْ إِلَّا إِيْمَانًا وَتَسْلِيمًا وَالْحُبُّ فِي اللَّهِ وَالْبُغْضُ فِي اللَّهِ مِنَ الْإِيْمَانِ وَكَتَبَ عُمَرُ بْنُ عَبْدِ الْعَزِيزِ إِلَى عَدِيِّ بْنِ عَدِيٍّ إِنَّ لِلْإِيْمَانِ فَرَائِضَ وَشَرَائِعَ وَحُدُودًا وَسُنَنًا فَمَنْ اسْتَكْمَلَهَا اسْتَكْمَلَ الْإِيْمَانَ وَمَنْ لَمْ يَسْتَكْمِلْهَا لَمْ يَسْتَكْمِلِ الْإِيْمَانَ فَإِنْ أُعِشَ فَسَأَبِيْنَهَا لَكُمْ حَتَّى تَعْمَلُوا بِهَا وَإِنْ أُمِتَ فَمَا أَنَا عَلَى صُحْبَتِكُمْ بِحَرِيصٍ وَقَالَ إِبْرَاهِيمُ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَلَكِنْ لِيَطْمِئِنَّ قُلُوبِي وَقَالَ مُعَاذُ بْنُ جَبَلٍ اجْلِسْ بِنَا نُؤْمِنُ سَاعَةً وَقَالَ ابْنُ مَسْعُودٍ الْيَقِيْنُ الْإِيْمَانُ كُلُّهُ وَقَالَ ابْنُ عُمَرَ لَا يَبْلُغُ الْعَبْدُ حَقِيْقَةَ النَّقْوَى حَتَّى يَدْعَ مَا حَاكَ فِي الصَّدْرِ وَقَالَ مُجَاهِدٌ شَرَعَ لَكُمْ مِنَ الدِّيْنِ أَوْصِيْيَاكَ يَا مُحَمَّدُ وَإِيَّاهُ دِيْنًا وَاحِدًا وَقَالَ ابْنُ عَبَّاسٍ شِرْعَةٌ وَمِنْهَا جَا سَبِيْلًا وَسُنَّةٌ دُعَاؤُكُمْ إِيْمَانُكُمْ لِقَوْلِهِ عَزَّ وَجَلَّ قُلْ مَا يَعْْبَأُ بِكُمْ رَبِّي لَوْلَا دُعَاؤُكُمْ وَمَعْنَى الدُّعَاءِ فِي اللُّغَةِ الْإِيْمَانُ

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Ислам бес түрлі нәрсенің үстіне құрылған. Иман сөзде де, істе де болуы керек. Иман күшейіп көбейеді де, әлсіреп азаяды да», - деді.

Алла тағала Құран Кәрімде айтты: «Ол сондай Алла, мүміндердің иманын арттыра түсу үшін олардың жүректеріне тоқтау салды³», - деді. Және бір аятта: «...Олар Раббыларына шын сенген жігіттер еді де оларға туралықты арттыра түстік⁴», - десе және бір аятта: «Алла

³ 48. «әл-Фатх», 4 аят.

⁴ 18. «әл-Кашф», 13 аят.

тағала тура жол тапқандарға туралықты арттырады⁵», - дейді. Және бір аятта: «Ал сондай тура жол тапқандар, Алла олардың туралықтарын арттыра түсіп, оларға тақуалық береді⁶», - деді. Және бір аятта: «...Әрі иман келтіргендердің сенімдері арта түссін...⁷», - деді. Және бір аятта: «...Бұл қайсыларыңның имандарын арттырады?», - дейтін де біреулер бар. Дегенмен мүміндердің иманын арттырады, олар қуанысады⁸», - деді. Және бір аятта: «...(Бұл сөз) олардың иманын арттырды⁹», - деді және бір аятта: «...Сондай-ақ олардың сенімдерін, бойұсынуларын одан ары арттыра түсті¹⁰», - деді.

Алла үшін сүю және Алла үшін жек көру иманнан болып саналады, Омар ибн Абдул Азиз Ади ибн Адиге хат жазып, онда " Расында, иманның парызы, шариғаты, шекарасы және сүннеті бар. Кімде-кім солардың барлығын толықтырса, онда иманын толықтырғаны, ал кімде-кім нақыс қылса, онда иманының кәміл болмағаны" деді. Егер мен тірі болсам, сендерге барлығын баяндап беремін, онымен амал етерсіңдер. Ал, егер қайтыс болсам, мен сендермен сұхбат құра алмаспын. Ибраһим (алейһи сәләм) былай деген : " Әрине, сенемін, бірақ жүрегім орнықсын". Муғаз ибн Жәбәл : «Қане, біраз отырып, иман туралы сөз қозғайық», - деген. Ибн Масғұд : «Иәкин дегеніміз - иманның күллісі», - деген болатын. Ал, ибн Омар болса, былай деген : «Кез-келген пенде нәпсісіндегіні тәрк етпейінше тақуалықтың ақиқатына жете алмайды», - деді. Мужаһидтің айтуы бойынша, нұсқау берген нәрселерімізді сендерге діни жол қылды (әш-Шура,13) деген аяттың мағынасы : Ей, Мұхаммед, біз саған жалғыз ғана дінді өсиет еттік делінген.Ал, ибн Аббас : «Дұғаларыңыз - имандарыңыз, өйткені аяттағы (Егер құлшылықтарың болмаса, Раббым сендерді неге бағаласын? / әл-Фурқан, 77 / дұға мағынасы - иман, дұғаның тілдік мағынасы иман дегенге саяды.

7- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مُوسَى قَالَ أَخْبَرَنَا حَنْظَلَةُ بْنُ أَبِي سُفْيَانَ عَنْ عِكْرَمَةَ بْنِ خَالِدٍ عَنْ ابْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بُنِيَ الْإِسْلَامُ عَلَى خَمْسٍ شَهَادَةِ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَأَنَّ مُحَمَّدًا رَسُولُ اللَّهِ وَإِقَامِ الصَّلَاةِ وَإِيتَاءِ الزَّكَاةِ وَالْحَجِّ وَصَوْمِ رَمَضَانَ

7- Ибн Омар (р.а.) риуаят етті: Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Ислам бес түрлі нәрсенің үстіне құрылған, олар: иман айту, намаз оқу, зекет беру, қажыға бару, Рамазан оразасын ұстау», - деді.

⁵ 19. «Мәрям»,76 аят.

⁶ 47. «Мұхаммед»,17 аят.

⁷ 74. «әл-Мүддассір», 31 аят.

⁸ 9. «әт-Тәубе», 124 аят.

⁹ 3. «Әли Имран», 173 аят.

¹⁰ 33. «әл-Ахзап», 22 аят.

2- бап. Иманның шарттары

بَابُ أُمُورِ الْإِيمَانِ وَقَوْلُ اللَّهِ تَعَالَى لَيْسَ الْبِرَّ أَنْ تُولُوا وَجُوهَكُمْ قَبْلَ
 الْمَشْرِقِ وَالْمَغْرِبِ وَلَكِنَّ الْبِرَّ مَنْ آمَنَ بِاللَّهِ وَالْيَوْمِ الْآخِرِ وَالْمَلَائِكَةِ وَالْكِتَابِ
 وَالنَّبِيِّينَ وَآتَى الْمَالَ عَلَى حُبِّهِ ذَوِي الْقُرْبَى وَالْيَتَامَى وَالْمَسَاكِينَ وَابْنَ السَّبِيلِ
 وَالسَّائِلِينَ وَفِي الرِّقَابِ وَأَقَامَ الصَّلَاةَ وَآتَى الزَّكَاةَ وَالْمُوفُونَ بِعَهْدِهِمْ إِذَا عَاهَدُوا
 وَالصَّابِرِينَ فِي الْبَأْسَاءِ وَالضَّرَّاءِ وَحِينَ الْبَأْسِ أُولَئِكَ الَّذِينَ صَدَقُوا وَأُولَئِكَ هُمُ
 الْمُتَّقُونَ وَقَوْلِهِ قَدْ أَفْلَحَ الْمُؤْمِنُونَ الْآيَةَ

Алла тағала Құран кәрімде айтты: «Жүздерінді шығысқа, батысқа жөнелту бір игілік емес. Бірақ кім Аллаға, ақирет күніне, періштелерге, кітаптарға, Пайғамбарларға иман келтірсе және жақындарына, жетімдерге, міскіндерге, жолда қалғандарға, қайыршыларға және құл азат етуге жақсы көре отырып, мал сарп қылса әрі намазды толық орындап зекет берсе, өзара байласқан уәдесін орындаушы, таршылықта, қиыншылықта және соғыс кезінде сабыр етуші болса, міне солар шыншылдар әрі солар тақуалар¹¹», - десе, және бір аятта: «Шынында, иман келтіргендер құтылды¹²», - деді.

8- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مُحَمَّدٍ الْجُعْفِيُّ قَالَ حَدَّثَنَا أَبُو عَامِرٍ الْعَقَدِيُّ قَالَ حَدَّثَنَا
 سُلَيْمَانُ بْنُ بِلَالٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ دِينَارٍ عَنْ أَبِي صَالِحٍ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ
 عَنْهُ عَنْ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ الْإِيمَانُ بَضْعٌ وَسِتُّونَ شُعْبَةً وَالْحَيَاءُ
 شُعْبَةٌ مِنَ الْإِيمَانِ

8- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Иман алпыстан артық бұтағы бар терек сияқты. Ұялу - сол иманның бұтақтарының бірі ғана», - деді.

3- бап. Біреуге тілімен, қолымен зияның тигізбеген адам нағыз мұсылман

9- حَدَّثَنَا آدَمُ بْنُ أَبِي إِيَاسٍ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ أَبِي السَّفَرِ
 وَإِسْمَاعِيلَ بْنِ أَبِي خَالِدٍ عَنْ الشَّعْبِيِّ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَمْرٍو رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا

¹¹ 2. «әл-Бақара», 177 аят.

¹² 23. «әл-Мұьминун», 1 аят.

عَنْ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ الْمُسْلِمُ مَنْ سَلِمَ الْمُسْلِمُونَ مِنْ لِسَانِهِ وَيَدِهِ
وَالْمُهَاجِرُ مَنْ هَجَرَ مَا نَهَى اللَّهُ عَنْهُ

9- Абдулла ибн Ғамр (р.а.) риуаят етті: Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Басқа біреуге қолымен және тілімен зиянын тигізбеген адам - нағыз мұсылман, ал, Алла тағала тиған нәрселерден тиылған адам жиһат қылған болып есептеледі», - деді.

4- бап. Исламдағы ең абзал амал қайсы?

10- حَدَّثَنَا سَعِيدُ بْنُ يَحْيَى بْنِ سَعِيدٍ الْفَرَسِيُّ قَالَ حَدَّثَنَا أَبِي قَالَ حَدَّثَنَا أَبُو
بُرْدَةَ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ أَبِي بُرْدَةَ عَنْ أَبِي بُرْدَةَ عَنْ أَبِي مُوسَى رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ
قَالُوا يَا رَسُولَ اللَّهِ أَيُّ الْإِسْلَامِ أَفْضَلُ قَالَ مَنْ سَلِمَ الْمُسْلِمُونَ مِنْ لِسَانِهِ وَيَدِهِ

10- Әбу Мұса (р.а.) айтты: «Бір күні адамдар Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.): «Я Расулалла! Исламдағы кімнің амалы ең абзал деп сұрады. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Қолымен, тілімен басқаларға зиянын тигізбеген адамның амалы», - деп жауап берді.

5- бап. Ашыққанды тойдыру- Исламнан

11- حَدَّثَنَا عَمْرُو بْنُ خَالِدٍ قَالَ حَدَّثَنَا اللَّيْثُ عَنْ يَزِيدَ عَنْ أَبِي الْخَيْرِ عَنْ
عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَمْرٍو رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ رَجُلًا سَأَلَ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ
أَيُّ الْإِسْلَامِ خَيْرٌ قَالَ نَطْعِمُ الطَّعَامَ وَتَقْرَأُ السَّلَامَ عَلَى مَنْ عَرَفْتَ وَمَنْ لَمْ تَعْرِفْ

11- Абдулла ибн Ғамр (р.а.) айтты: «Бір кісі Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.): «Исламдағы ең жақсы іс не?» - деп сұрады. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) «Қарны аштарды тамақтандыруың және танығаныңа да, танымағаныңа да сәлем беруің», - деді.

6- бап. Өзі жақсы көрген нәрсені өзгегеде тілеу- иманнан

12- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا يَحْيَى عَنْ شُعْبَةَ عَنْ قَتَادَةَ عَنْ أَنَسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ
عَنْ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَعَنْ حُسَيْنِ الْمُعَلَّمِ قَالَ حَدَّثَنَا قَتَادَةُ عَنْ أَنَسٍ عَنْ
النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ لَا يُؤْمِنُ أَحَدُكُمْ حَتَّى يُحِبَّ لِأَخِيهِ مَا يُحِبُّ لِنَفْسِهِ

12- Әнәс (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): « Өзің жақсы көрген нәрсені басқаға да (діндес бауырыңа) тілемейінше, бірде - біріңіз шын мұсылман бола алмайсыздар», - деді.

7- бап. Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) жақсы көру- иманнан.

13- حَدَّثَنَا يَعْقُوبُ بْنُ إِبْرَاهِيمَ قَالَ حَدَّثَنَا ابْنُ عَلِيَّةَ عَنْ عَبْدِ الْعَزِيزِ بْنِ صُهَيْبٍ عَنْ أَنَسٍ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ ح وَحَدَّثَنَا آدَمُ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ قَتَادَةَ عَنْ أَنَسٍ قَالَ قَالَ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَا يُؤْمِنُ أَحَدُكُمْ حَتَّىٰ أَكُونَ أَحَبَّ إِلَيْهِ مِنْ وَالِدِهِ وَوَلَدِهِ وَالنَّاسِ أَجْمَعِينَ

13- Әнас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): « Сендердің біреулерің мені ата - анасынан да, баласынан да, барлық адамдардан да артық жақсы көрмегенінше, бірде-біреудің иманы кәміл болмайды», - деді.

8 - бап. Иманның тәттілігі

14- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ الْمُثَنَّى قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْوَهَّابِ النَّخَعِيُّ قَالَ حَدَّثَنَا أَيُّوبُ عَنْ أَبِي قَلَابَةَ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ ثَلَاثٌ مَنْ كُنَّ فِيهِ وَجَدَ حَلَاوَةَ الْإِيمَانِ أَنْ يَكُونَ اللَّهُ وَرَسُولَهُ أَحَبَّ إِلَيْهِ مِمَّا سِوَاهُمَا وَأَنْ يُحِبَّ الْمَرْءَ لَا يُحِبُّهُ إِلَّا لِلَّهِ وَأَنْ يَكْرَهُ أَنْ يَعُودَ فِي الْكُفْرِ كَمَا يَكْرَهُ أَنْ يُقَدَّفَ فِي النَّارِ

14- Әнас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Кімде-кімнің бойында төмендегі үш нәрсе болса, ол иманның тәттілігін сезінеді:

- 1- Алла және оның елшісін барша нәрседен артық жақсы көру
- 2- Жақсы көрген кісіні тек Алла үшін деп жақсы көрмек
- 3- Күпірлікке қайтуды тура отқа түскендей жек көрсе

9- бап. Ансарларды жақсы көру- иманның кәміл белгілерінен

15- حَدَّثَنَا أَبُو الْوَلِيدِ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ قَالَ أَخْبَرَنِي عَبْدُ اللَّهِ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ جَبْرِ قَالَ سَمِعْتُ أَنَسًا عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ قَالَ آيَةُ الْإِيمَانِ حُبُّ الْأَنْصَارِ وَآيَةُ النِّفَاقِ بُغْضُ الْأَنْصَارِ

15- Әнас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ансарларды жақсы көру - иманның белгілерінен, ал, оларды жек көру- Мунафиқтықтың белгісінен», - деді.

10-бап. Пайғамбар (с.ғ.с.) насихаттары

16- حَدَّثَنَا أَبُو الْيَمَانِ قَالَ أَخْبَرَنَا شُعَيْبٌ عَنْ الزُّهْرِيِّ قَالَ أَخْبَرَنِي أَبُو إِدْرِيسَ عَائِدُ اللَّهِ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ أَنَّ عُبَادَةَ بْنَ الصَّامِتِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ وَكَانَ شَهِدَ بَدْرًا وَهُوَ أَحَدُ الثَّقَبَاءِ لَيْلَةَ الْعَقَبَةِ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ وَحَوْلَهُ عِصَابَةٌ مِنْ أَصْحَابِهِ بَايَعُونِي عَلَى أَنْ لَا تُشْرِكُوا بِاللَّهِ شَيْئًا وَلَا تَسْرِفُوا وَلَا تَزْنُوا وَلَا تَقْتُلُوا أَوْلَادَكُمْ وَلَا تَأْتُوا بِيُهْتَانٍ تَقْتَرُونَهُ بَيْنَ أَيْدِيكُمْ وَأَرْجُلِكُمْ وَلَا تَعْصُوا فِي مَعْرُوفٍ فَمَنْ وَفَى مِنْكُمْ فَأَجْرُهُ عَلَى اللَّهِ وَمَنْ أَصَابَ مِنْ ذَلِكَ شَيْئًا فَعُوقِبَ فِي الدُّنْيَا فَهُوَ كَقَارَةٍ لَهُ وَمَنْ أَصَابَ مِنْ ذَلِكَ شَيْئًا ثُمَّ سَتَرَهُ اللَّهُ فَهُوَ إِلَى اللَّهِ إِنْ شَاءَ عَفَا عَنْهُ وَإِنْ شَاءَ عَاقَبَهُ فَبَايَعْنَاهُ عَلَى ذَلِكَ

16- Бәдр соғысына қатысушы және Ғақаба түнінде қолбасшы болған Ғұбада ибн ас-Самиттан (р.а.) риуаят болды: «Бір күні Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) айналасына бір топ сахабалар жиналды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оларға айтты: «Алла тағаланы бір деп білеміз, оған серік қоспаймыз, ұрлық істемейміз, зина қылмаймыз, перзенттерімізді өлтірмейміз, жалған сөз таратпаймыз (зина және басқа нәрселер туралы) шаригат әміріне бой ұсынамыз деп маған сөз беріндер. Кімде – кім осы сөздеріне опа қылса, Алла тағала жарылқайды, ал кімде – кім осы ауыр күнәлардың біреуін істеп қойса және осы дүниеде жазаланса, осы жаза оған каффарат болар (ахиретте қайтадан жазаланбайды) Кімде – кім сол аталмыш күнәлардың біреуін істесе, Алла тағала оны жасырған болса, арысын өзі біледі, қаласа, кешірер, қаласа, азаптар»,- деді. (Ғұбада айтты): «Біз оған осы сөзімізге ант бердік»,- деді.

11 - бап. Бүліктен қашу - Исламнан

17- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مَسْلَمَةَ عَنْ مَالِكٍ عَنْ عَبْدِ الرَّحْمَنِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَبْدِ الرَّحْمَنِ بْنِ أَبِي صَعْصَعَةَ عَنْ أَبِيهِ عَنْ أَبِي سَعِيدٍ الْخُدْرِيِّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّهُ قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُوشِكُ أَنْ يَكُونَ خَيْرَ مَالِ الْمُسْلِمِ غَنَمٌ يَتَّبِعُ بِهَا شَعَفَ الْجِبَالِ وَمَوَاقِعَ الْقَطْرِ يَفْرُ بِدِينِهِ مِنَ الْفِتَنِ

17- Абу Саъид ал- Худрий (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Сондай бір заман келеді: мұсылмандардың ең жақсы дүние- мүлкі

кой болады. Мұсылман кісі өз дінін сақтап қалу үшін тау – тасқа, жауын жауатын жерлерге қойын айдап шығып кетуді қалайтын болады»,- деді.

12-бап.

18- قَوْلُ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنَا أَعْلَمُكُمْ بِاللَّهِ وَأَنَّ الْمَعْرِفَةَ فِعْلُ

الْقَلْبِ لِقَوْلِ اللَّهِ تَعَالَى وَلَكِنْ يُؤَاخِذُكُمْ بِمَا كَسَبَتْ قُلُوبُكُمْ

18- Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Мен барлықтарыңнан гөрі Алла тағаланы жақсы білемін. Алланы тану-жүректің ісі, Құран кәрімде Алла тағала айтты: « ... Алайда жүректерің істегенді есепке алады...¹³»

13 – бап.

19- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ سَلَامٍ قَالَ أَخْبَرَنَا عَبْدُهُ عَنْ هِشَامٍ عَنْ أَبِيهِ عَنْ عَائِشَةَ

قَالَتْ كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا أَمَرَهُمْ أَمْرَهُمْ مِنَ الْأَعْمَالِ بِمَا

يُطِيفُونَ قَالُوا إِنَّا لَسْنَا كَهَيْئَتِكَ يَا رَسُولَ اللَّهِ إِنَّ اللَّهَ قَدْ غَفَرَ لَكَ مَا تَقَدَّمَ مِنْ ذَنْبِكَ

وَمَا تَأَخَّرَ فَيَعْضَبُ حَتَّى يُعْرِفَ الْعِضْبُ فِي وَجْهِهِ ثُمَّ يَقُولُ إِنَّ أَيْتَانِي وَأَعْلَمَكُمْ

بِاللَّهِ أَنَا

19- Айша анамыз (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сахабаларға шамасы келетін істерді ғана бұйыратын. Бір күні Сахабалар: « Біз сіз сияқты емеспіз ғой, Алла тағала сіздің бұрынғы және келер күнеларыңызды кешірген»,- десті. Сол кезде Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) ашуланғаны жүзінен білініп: «Расында, Алла тағаладан сендерден артық қорқатын тақуа және Оны артық білетін адам - менмін»,- деді.

14-бап. Қайтадан кәпір болуды отта күйетіндей жаман көру-иманнан

20- حَدَّثَنَا سُلَيْمَانُ بْنُ حَرْبٍ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ قَنَادَةَ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ

رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ ثَلَاثٌ مَنْ كُنَّ فِيهِ وَجَدَ حَلَاوَةَ

الْإِيمَانِ مَنْ كَانَ اللَّهُ وَرَسُولُهُ أَحَبَّ إِلَيْهِ مِمَّا سِوَاهُمَا وَمَنْ أَحَبَّ عَبْدًا لَا يُحِبُّهُ إِلَّا

¹³ 2. «әл-Бақара», 225 аят.

لِلَّهِ عِزٌّ وَجَلٌّ وَمَنْ يَكْرَهُ أَنْ يَعُودَ فِي الْكُفْرِ بَعْدَ إِذْ أَنْقَذَهُ اللَّهُ مِنْهُ كَمَا يَكْرَهُ أَنْ يُقْفَى فِي النَّارِ

20- Әнас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Кімде-кімнің бойында төмендегі үш нәрсе болса, ол иманның тәттілігін сезінеді:

- 1) Алланы және оның елшісін барша нәрседен артық жақсы көру.
- 2) Жақсы көрген кісіні тек Алла үшін деп жақсы көру.
- 3) Күпірлікке қайтуды тура отқа түсетіндей жек көрсе»

15 - бап. Иман иелерінің істеген амалдарына байланысты бір-бірінен артықшылықтары туралы

21- حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ قَالَ حَدَّثَنِي مَالِكٌ عَنْ عَمْرِو بْنِ يَحْيَى الْمَازِنِيِّ عَنْ أَبِيهِ عَنْ أَبِي سَعِيدٍ الْخُدْرِيِّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ يَدْخُلُ أَهْلُ الْجَنَّةِ الْجَنَّةَ وَأَهْلُ النَّارِ النَّارَ ثُمَّ يَقُولُ اللَّهُ تَعَالَى أَخْرَجُوا مِنَ النَّارِ مَنْ كَانَ فِي قَلْبِهِ مِثْقَالُ حَبَّةٍ مِنْ خَرْدَلٍ مِنْ إِيْمَانٍ فَيُخْرَجُونَ مِنْهَا قَدْ اسْوَدُّوا فَيُلْقَوْنَ فِي نَهْرِ الْحَيَاةِ أَوْ الْحَيَاةِ شَكَ مَالِكٌ فَيَنْبُثُونَ كَمَا تَنْبُثُ الْحَبَّةُ فِي جَانِبِ السَّيْلِ أَلَمْ تَرَ أَنَّهَا تَخْرُجُ صَفْرَاءَ مُلْتَوِيَةً قَالَ وَهَيْبٌ حَدَّثَنَا عَمْرُو الْحَيَاةِ وَقَالَ خَرْدَلٍ مِنْ خَيْرٍ

21- Әбу Саъид ал- Худрий (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Жәннатқа кірушілер жәннатқа, ал тозаққа кірушілер тозаққа кіргеннен кейін Алла тағала періштелерге: «Жүрегінде тозаңның салмағындай иманы бар адамды тозақтан шығарыңдар!»,- деп әмір қылар. Содан соң олар күйіп қарайып кеткен түрде тозақтан шығарылып, өмір дариясына тасталады. Олар онда шомылып, жаңбырдан кейінгі өнген сары шөп сияқты денелері көркем болар».

22- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ حَدَّثَنَا إِبْرَاهِيمُ بْنُ سَعْدٍ عَنْ صَالِحِ بْنِ شِهَابٍ عَنْ أَبِي أَمَامَةَ بْنِ سَهْلِ بْنِ حَنَيْفٍ أَنَّهُ سَمِعَ أَبَا سَعِيدٍ الْخُدْرِيَّ يَقُولُ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بَيْنَا أَنَا نَائِمٌ رَأَيْتُ النَّاسَ يُعْرَضُونَ عَلَيَّ وَعَلَيْهِمْ قُمْصٌ مِنْهَا مَا يَبْلُغُ النَّدِيَّ وَمِنْهَا مَا دُونَ ذَلِكَ وَعَرَضَ عَلَيَّ عَمْرُ بْنُ الْخَطَّابِ وَعَلَيْهِ قَمِيصٌ يَجْرُهُ قَالُوا فَمَا أَوْلَيْتَ ذَلِكَ يَا رَسُولَ اللَّهِ قَالَ الدِّينَ

22- Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Түсімде адамдардың көйлектерінің етегі көкірек тұсында (қысқа), ал, кейбіреулерінікі одан да

қысқа екенін көрдім. Олардың арасында Омар да бар, оның көйлегінің етегінің ұзындығы сонша, тіпті, жерге сүйретіліп жүр»,- деді. Сонда Сахабалар: «Оны не нәрсеге жорыдыңыз, ей, Алланың елшісі?»,- деп сұрады. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): « Ол - дін»,- деді.

16 - бап. Ұят- иманнан

23- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ أَخْبَرَنَا مَالِكُ بْنُ أَنَسٍ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ سَالِمِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ عَنْ أَبِيهِ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَرَّ عَلَى رَجُلٍ مِنَ الْأَنْصَارِ وَهُوَ يَعِظُ أَخَاهُ فِي الْحَيَاءِ فَقَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ دَعُهُ فَإِنَّ الْحَيَاءَ مِنَ الْإِيمَانِ

23- Ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) діндес бауырына иманнан үгіт айтып жатқан бір ансардың қасынан өтіп бара жатып оған: «Оны қоя бер, ұялу - иманнан!»,- деді.

17-бап. Амал қылу - иманнан

Алла тағала аят кәрімде: «...Сонда егер олар, тәубе қылса, намазды толық орындап, зекет берсе, онда олардың жолын бос қойындар...!¹⁴»,- деп айтты.

24- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مُحَمَّدٍ الْمُسَنَدِيُّ قَالَ حَدَّثَنَا أَبُو رَوْحٍ الْحَرَمِيُّ بْنُ عُمَارَةَ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ وَاقِدِ بْنِ مُحَمَّدٍ قَالَ سَمِعْتُ أَبِي يُحَدِّثُ عَنْ ابْنِ عُمَرَ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ أَمَرْتُ أَنْ أُقَاتِلَ النَّاسَ حَتَّى يَشْهَدُوا أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَأَنَّ مُحَمَّدًا رَسُولُ اللَّهِ وَيُقِيمُوا الصَّلَاةَ وَيُؤْتُوا الزَّكَاةَ فَإِذَا فَعَلُوا ذَلِكَ عَصَمُوا مِنِّي دِمَاءَهُمْ وَأَمْوَالَهُمْ إِلَّا بِحَقِّ الْإِسْلَامِ وَحِسَابُهُمْ عَلَى اللَّهِ

24- Ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «(Алла тағала) маған: «Адамдар кәлима шаһадатты айтып, намаз оқып, зекет бергендерінше күрес!»,- деп бұйырған. Егер олар бұған амал қылса, олардың малдары, жандары менен аман қалады. Ахирет есеп кітабы Алланың өзіне ғана белгілі»,- деді.

¹⁴ 9. әт-Тәубе-5 аят.

18-бап. Иман дегеніміз-Ислам әміріне амал қылу

لَقَوْلِ اللَّهِ تَعَالَى وَتِلْكَ الْجَنَّةُ الَّتِي أُورِثْتُمُوهَا بِمَا كُنْتُمْ تَعْمَلُونَ وَقَالَ عِدَّةٌ مِنْ أَهْلِ الْعِلْمِ فِي قَوْلِهِ تَعَالَى فَوَرَبِّكَ لَنَسَأَلَنَّهُمْ أَجْمَعِينَ عَمَّا كَانُوا يَعْمَلُونَ عَنْ قَوْلِ لَأ إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَقَالَ لِمِثْلِ هَذَا فَلْيَعْمَلِ الْعَامِلُونَ

Алла тағала аят кәрімінде: «Міне осы сендердің амалдарыңмен мұрагер болған жаннат¹⁵», - десе, басқа бір аятта: «(Мұхаммед ғ.с.) Раббыңа серт, әлбетте оларды түгел сұраққа тартамыз. Олардың қылған қылықтарынан¹⁶», - деді. (Яғни, лә илаһа илла Аллаға қандай амал қылғандарын сұрамай қоймас). Және басқа бір аятта: «Амал қылуға тиісті¹⁷», - делінген.

25- حَدَّثَنَا أَحْمَدُ بْنُ يُونُسَ وَمُوسَى بْنُ إِسْمَاعِيلَ قَالَا حَدَّثَنَا إِبْرَاهِيمُ بْنُ سَعْدٍ قَالَ حَدَّثَنَا ابْنُ شِهَابٍ عَنْ سَعِيدِ بْنِ الْمُسَيَّبِ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ سُئِلَ أَيُّ الْعَمَلِ أَفْضَلُ فَقَالَ إِيْمَانٌ بِاللَّهِ وَرَسُولِهِ قِيلَ ثُمَّ مَاذَا قَالَ الْجِهَادُ فِي سَبِيلِ اللَّهِ قِيلَ ثُمَّ مَاذَا قَالَ حَجٌّ مَبْرُورٌ

25- Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.): «Қайсы амал абзалырақ?», - деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Аллаға және оның Пайғамбарына иман келтіру», - деп жауап берді. «Содан соң қайсысы?», - деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Алла жолында жиһад ету», - деді. «Содан кейін ше?», - деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Қабыл болған қажылық», - деп жауап берді.

19 - бап. Исламды өлуден қорқып қабылдаған кісінің иманы туралы

لَقَوْلِهِ تَعَالَى قَالَتِ الْأَعْرَابُ آمَنَّا قُلْ لَمْ نُؤْمِنُوا وَلَكِنْ قُولُوا أَسْلَمْنَا فَإِذَا كَانَ عَلَى الْحَقِيقَةِ فَهُوَ عَلَى قَوْلِهِ جَلَّ ذِكْرُهُ إِنَّ الدِّينَ عِنْدَ اللَّهِ الْإِسْلَامُ

Алла тағала аят кәрімінде: «Бәдәуілер: «Иман келтірдік¹⁸», - деді. (Мұхаммед ғ.с.) оларға: «Сендер иман келтірмедіңдер. Алайда: «Мұсылман болдық деңдер. Өйткені иман жүректеріне кірмеді. Исламның

¹⁵ 43. «әз-Зухруф», 72 аят.

¹⁶ 15. «әл-Хижір», 92-93 аяттар.

¹⁷ 37. «әс-Саффарат», 61 аят.

¹⁸ 49. «әл-Хұжурат», 14 аят.

шын қабыл болуы иман келтіру мен есептеледі. Алла тағала және бір аятта: «Алланың қасында шынайы дін-Ислам¹⁹», - деген.

26- حَدَّثَنَا أَبُو الْيَمَانِ قَالَ أَخْبَرَنَا شُعَيْبٌ عَنْ الزُّهْرِيِّ قَالَ أَخْبَرَنِي عَامِرُ بْنُ سَعْدِ بْنِ أَبِي وَقَّاصٍ عَنْ سَعْدِ بْنِ رَضِيٍّ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَعْطَى رَهْطًا وَسَعْدٌ جَالِسٌ فَتَرَكَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ رَجُلًا هُوَ أَحَبُّهُمْ إِلَيَّ فَقُلْتُ يَا رَسُولَ اللَّهِ مَا لَكَ عَنْ فُلَانٍ فَوَاللَّهِ إِنِّي لَأَرَاهُ مُؤْمِنًا فَقَالَ أَوْ مُسْلِمًا فَسَكَتُ قَلِيلًا ثُمَّ غَلَبَنِي مَا أَعْلَمُ مِنْهُ فَعُدْتُ لِمَقَالَتِي فَقُلْتُ مَا لَكَ عَنْ فُلَانٍ فَوَاللَّهِ إِنِّي لَأَرَاهُ مُؤْمِنًا فَقَالَ أَوْ مُسْلِمًا ثُمَّ غَلَبَنِي مَا أَعْلَمُ مِنْهُ فَعُدْتُ لِمَقَالَتِي وَعَادَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ ثُمَّ قَالَ يَا سَعْدُ إِنِّي لَأَعْطِي الرَّجُلَ وَغَيْرَهُ أَحَبُّ إِلَيَّ مِنْهُ خَشْيَةً أَنْ يَكْبَهُهُ اللَّهُ فِي النَّارِ وَرَوَاهُ يُونُسُ وَصَالِحٌ وَمَعْمَرٌ وَابْنُ أَخِي الزُّهْرِيُّ عَنْ الزُّهْرِيِّ

26- Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір топ адамдарға садақа үлестіре бастады. Мен де солардың арасында отыр едім. Расулулла сол жердегі мен білетін бір жақсы адамға садақа бермеді. Мен: «Я Расулулла, пәленшеге неге садақа бермедіңіз? Алламен ант етемін, мен оны мұьмин деп санаймын», - дедім. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Оны мұсылман деп санамайсың ба?», - деді. Біраз уақыт отырып, ол адам туралы білетін жағдайларды айтып, тағы да сұрадым: «Неге пәленшеге садақа бермедіңіз? Оны мен мұьмин деп білемін», - дедім. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Мұсылман деп білмейсің бе?», - деді. Біраз үнсіз қалып және сұрадым. Кейін Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Ей, Сағд, ол кісіге берер едім- ау, бірақ одан гөрі басқаларға бергенді дұрыс көрдім, себебі Алла тағала оны тозаққа түсіре ма деп қорқамын», - деп жауап берді.

20 - бап. Сәлем беру- Исламның амалдарынан

بَابُ إِفْتِشَاءِ السَّلَامِ مِنَ الْإِسْلَامِ وَقَالَ عَمَّارٌ ثَلَاثٌ مَنْ جَمَعَهُنَّ فَقَدْ جَمَعَ الْإِيمَانَ
الْإِنْصَافُ مِنْ نَفْسِكَ وَبَدَلُ السَّلَامِ لِلْعَالَمِ وَالْإِنْفَاقُ مِنَ الْإِقْتَارِ

Аммар (р.а.) айтты: «Мына үш қасиетті бойына сақтаған адамның иманы кәміл болады:

- 1- Ынсапты және әділ болу
- 2- Баршаға сәлем беру

¹⁹ 3. «Әли Фимран», 19 аят.

3- Кембағалдарға садақа беру

27- حَدَّثَنَا قُتَيْبَةُ قَالَ حَدَّثَنَا اللَّيْثُ عَنْ يَزِيدَ بْنِ أَبِي حَبِيبٍ عَنْ أَبِي الْخَيْرِ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَمْرٍو أَنَّ رَجُلًا سَأَلَ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَيُّ الْإِسْلَامِ خَيْرٌ قَالَ نُطْعِمُ الطَّعَامَ وَتَقْرَأُ السَّلَامَ عَلَى مَنْ عَرَفْتَ وَمَنْ لَمْ تَعْرِفْ

27- Пайғамбарымыздан (с.ғ.с) бір кісі «Исламдағы ең хайырлы іс қайсы?»,- деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Ашыққанға тамақ беру, танығаныңа да, танымағаныңа да сәлем беру»,- деп жауап берді.

21 - бап. Ерінің қадіріне жетпеу күпірлікке жақын нәрсе болып саналады

28- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مَسْلَمَةَ عَنْ مَالِكٍ عَنْ زَيْدِ بْنِ أَسْلَمَ عَنْ عَطَاءِ بْنِ يَسَارٍ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ قَالَ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أُرَيْتُ النَّارَ فَإِذَا أَكْثَرُ أَهْلِهَا النِّسَاءُ يَكْفُرْنَ قِيلَ أَيَكْفُرْنَ بِاللَّهِ قَالَ يَكْفُرْنَ الْعَشِيرَ وَيَكْفُرْنَ الْإِحْسَانَ لَوْ أَحْسَنْتَ إِلَى إِحْدَاهُنَّ الدَّهْرَ ثُمَّ رَأَتْ مِنْكَ شَيْئًا قَالَتْ مَا رَأَيْتُ مِنْكَ خَيْرًا قَطُّ

28- Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Маған тозақ көрсетілді, қарасам, ондағы азапталушы адамдардың көбісі әйелдер екен»,- деді. Сонда сахабалар: «Алла тағалаға күпірлік келтіргендер ме?»,- деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ерінің істеген жақсылықтарын бағаламағандар, ерінің қадіріне жетпегендер. Егер (сондай әйелдің) біріне өмір бойы жақсылық істесең, ол кейін сенен кішкене ғана жамандық көрсе, «осы сенен ешбір жақсылық көрмедім ғой»,- деп айтады», - деді.

22 - бап. Күнәлар - надандықтың әмірінен

لَقَوْلِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِنَّكَ أَمْرٌ فِيكَ جَاهِلِيَّةٌ

Күнә қылушы адам кәпір болмайды, Алла тағалаға серік қосушы кәпір болады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) күнә істеген бір адамға: «Сенде әлі де надандық бар екен»,- деді.

قَوْلِ اللَّهِ تَعَالَى إِنَّ اللَّهَ لَا يَغْفِرُ أَنْ يُشْرَكَ بِهِ وَيَغْفِرُ مَا دُونَ ذَلِكَ لِمَنْ يَشَاءُ

Алла тағала аят кәрімінде: «Алла тағала өзіне ортақ қосылуды жарылқамайды да, бұдан өзге қалаған кісісін жарылқайды.²⁰», - деді.

29- حَدَّثَنَا سُلَيْمَانُ بْنُ حَرْبٍ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ وَاصِلِ الْأَحْذَبِ عَنِ الْمَعْرُورِ بْنِ سُؤَيْدٍ قَالَ لَقِيتُ أَبَا ذَرٍّ بِالرَّبَذَةِ وَعَلَيْهِ حُلَّةٌ وَعَلَى غُلَامِهِ حُلَّةٌ فَسَأَلْتُهُ عَنْ ذَلِكَ فَقَالَ إِنِّي سَابَبْتُ رَجُلًا فَعَيَّرْتُهُ بِأَمِّهِ فَقَالَ لِي النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَا أَبَا ذَرٍّ أَعَيَّرْتَهُ بِأَمِّهِ إِنَّكَ أَمْرٌ فِيكَ جَاهِلِيَّةٌ إِخْوَانُكُمْ خَوْلُكُمْ جَعَلَهُمُ اللَّهُ تَحْتَ أَيْدِيكُمْ فَمَنْ كَانَ أَخُوهُ تَحْتَ يَدِهِ فَلْيُطْعِمْهُ مِمَّا يَأْكُلُ وَلْيُلْبِسْهُ مِمَّا يَلْبَسُ وَلَا تُكَلِّفُوهُمْ مَا يَغْلِبُهُمْ فَإِنْ كَلَّفْتُمُوهُمْ فَأَعِينُوهُمْ

29- Мағрур (р.а.) риуаят етті: «Рабза деген жерде Әбу Зар мен оның құлының бір түсті шапан киіп келе жатқандарын көрдім. Не үшін бір түсті киініп алғансыңдар?»,- деп сұрадым. Әбу Зар айтты: «Мен бір кісіні (Білелді) ей, қара қатынның баласы!- деп тілдедім. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) маған: «Ей, Әбу Зар, сен оның анасының кемшілігін айтып, оны кемсітіп жатырсың. Сенде әлі надандықтың табынан бар екен!»,- деді. Және айтты: «Сендердің қызметкерлерің-өздеріңнің бауырларың. Алла тағала оларды сендердің қолдарыңа тапсырып қойған. Кімде-кімнің қол астында өзінің бауыры болса, өзінің жегенінен жегізіп, кигенінен кидірсін. Күші жетпейтін нәрсені бұйырма, егерде бұйырсаң, оған өзін жәрдем-дес!»,- деді.

23 - бап. Екі мұсылман тайпалар бір- бірімен араздасып қалса, араларына түсіп татуластырып қойыңыз, шынында ,Алла тағала оларды да мұьминдер деп атаған

30- حَدَّثَنَا عَبْدُ الرَّحْمَنِ بْنُ الْمُبَارَكِ حَدَّثَنَا حَمَّادُ بْنُ زَيْدٍ حَدَّثَنَا أَيُّوبُ وَيُوسُفُ عَنْ الْحَسَنِ عَنِ الْأَحْنَفِ بْنِ قَيْسٍ قَالَ دَهَبْتُ لِأَنْصُرَ هَذَا الرَّجُلَ فَلَقِينِي أَبُو بَكْرَةَ فَقَالَ أَيْنَ تُرِيدُ فُلْتُ أَنْصُرُ هَذَا الرَّجُلَ قَالَ ارْجِعْ فَإِنِّي سَمِعْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَقُولُ إِذَا نَقَى الْمُسْلِمَانِ بَسِيفَيْهِمَا فَالْقَاتِلُ وَالْمَقْتُولُ فِي النَّارِ فَقُلْتُ يَا رَسُولَ اللَّهِ هَذَا الْقَاتِلُ فَمَا بَالُ الْمَقْتُولِ قَالَ إِنَّهُ كَانَ حَرِيصًا عَلَى قَتْلِ صَاحِبِهِ

30- Ахнаф ибн Қайс (р.а.) риуаят етті: «Мына бір кісіге жақтасып жолға шықтым. Жолда Әбу Бәкрата (р.а.) жолықты: «Қайда кетіп

²⁰4. «ән-Ниса», 48 аят.

барасың?»,- деді. «Мына кісіге жәрдемдесуге кетіп барамын»,- дедім. Ол: «Кері қайт, мен Расулулладан естігенмін, егерде екі мұсылман бір-бірімен ерегесіп, қылыштасып өлсе, өлтірген де, мерт болған да тозаққа түседі»,- деген. Я, Расулулла, өлтірген адам ғой, мейлі, тозаққа түсер, ал мерт болған адам не үшін түседі?,- деп сұрағанымда, «Оның да ниеті қарсыласын өлтірмек болатын»,- деп жауап берді»,- деді.

24 - бап. Ең үлкен зұлымдық

31- حَدَّثَنَا أَبُو الْوَلِيدِ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ ح قَالَ وَ حَدَّثَنِي بِشْرُ بْنُ خَالِدٍ أَبُو مُحَمَّدٍ الْعَسْكَرِيُّ قَالَ حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ جَعْفَرٍ عَنْ شُعْبَةَ عَنْ سُلَيْمَانَ عَنْ إِبْرَاهِيمَ عَنْ عَلْقَمَةَ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ لَمَّا نَزَلَتْ الَّذِينَ آمَنُوا وَلَمْ يَلْبِسُوا إِيمَانَهُمْ بِظُلْمٍ قَالَ أَصْحَابُ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَيُّنَا لَمْ يَظْلِمِ فَأَنْزَلَ اللَّهُ عَزَّ وَجَلَّ إِنَّ الشِّرْكََ لَظُلْمٌ عَظِيمٌ

31- Абдулла ибн Масғуд (р.а.) айтты: «Сондай иман келтіріп, сенімдерін зұлымдықпен былғамағандар, міне соларда сенімділік бар. Және олар тура жолға түсірілгендер²¹»,- деген аят нәзіл болғанда Сахабалар: «Қайсы біріміз өз жанымызға өзіміз зұлымдық етеміз»,- деп таңқалысты. Сол кезде Алла тағала «...Аллаға серік қоспа! Күдіксіз, ортақ қосу - зор зұлымдық²²»,- деген аятты нәзіл етті».

25 - бап. Мунафиқтың белгілері

32- حَدَّثَنَا سُلَيْمَانُ أَبُو الرَّبِيعِ قَالَ حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ بْنُ جَعْفَرٍ قَالَ حَدَّثَنَا نَافِعُ بْنُ مَالِكِ بْنِ أَبِي عَامِرٍ أَبُو سُهَيْلٍ عَنْ أَبِيهِ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ عَنْ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ آيَةُ الْمُنَافِقِ ثَلَاثٌ إِذَا حَدَّثَ كَذَبَ وَإِذَا وَعَدَ أَخْلَفَ وَإِذَا أُؤْتِيَ خَانَ

32- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Мунафиқтың үш түрлі белгісі бар: «Сөйлесе, жалған сөйлейді, уәдесінде тұрмайды және аманатқа қиянат жасайды»,- деді.

33- حَدَّثَنَا قَبِيصَةُ بْنُ عُقْبَةَ قَالَ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ عَنْ الْأَعْمَشِ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ مُرَّةَ عَنْ مَسْرُوقٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَمْرٍو أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ أَرْبَعٌ مَنْ كُنَّ فِيهِ كَانَ مُنَافِقًا خَالِصًا وَمَنْ كَانَتْ فِيهِ خَصْلَةٌ مِنْهُنَّ كَانَتْ فِيهِ خَصْلَةٌ مِنْ

²¹ әл-Әнғам, 82 аят.
²² Лұқман, 13 аят.

النَّفَاقَ حَتَّى يَدْعَهَا إِذَا أُوْتِمِنَ خَانَ وَإِذَا حَدَّثَ كَذَبَ وَإِذَا عَاهَدَ غَدَرَ وَإِذَا خَاصَمَ فَجَرَ تَابِعَهُ شُعْبَةُ عَنْ الْأَعْمَشِ

33- Абдулла ибн Ғамр (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Төмендегі төрт түрлі белгі кімде-кімнің бойында болса, ол нағыз Мунафиқ болар. Ал, кімде бұның біреуі ғана болса, одан ада болғанға дейін Мунафиқтың бір белгісі бар екен деп айтылар.

- 1). Аманатқа қиянат қылар.
- 2). Сөйлесе, жалған сөйлер.
- 3). Уәде етсе, уәдесінде тұрмас.
- 4). Ренжісіп қалса, кек сақтап, заңсыздықтарға жол берер», - деді.

26 - бап. Қадір түнінде құлшылық етіп отыру- иманнан

34- حَدَّثَنَا أَبُو الْيَمَانِ قَالَ أَخْبَرَنَا شُعَيْبٌ قَالَ حَدَّثَنَا أَبُو الزِّنَادِ عَنِ الْأَعْرَجِ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَنْ يَفُكُ لَيْلَةَ الْقَدْرِ إِيْمَانًا وَاحْتِسَابًا غُفِرَ لَهُ مَا تَقَدَّمَ مِنْ ذَنْبِهِ

34- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Кімде-кім қадір түнінің хақтығына сеніп, Алла тағаладан сауап үміт ете отырып, құлшылық етсе, бұрынғы істеген күнәларының барлығы кешірілер», - деді.

27 - бап. Алла жолында күрес қылу - иманнан

35- حَدَّثَنَا حَرَمِيُّ بْنُ حَفْصٍ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْوَاحِدِ قَالَ حَدَّثَنَا عُمَارَةُ قَالَ حَدَّثَنَا أَبُو زُرْعَةَ بْنُ عَمْرٍو بْنُ جَرِيرٍ قَالَ سَمِعْتُ أَبَا هُرَيْرَةَ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ ائْتَدَبَ اللَّهُ لِمَنْ خَرَجَ فِي سَبِيلِهِ لَمْ يُخْرَجْهُ إِلَّا إِيْمَانًا بِي وَتَصَدِيقًا بِرُسُلِي أَنْ أَرْجِعَهُ بِمَا نَالَ مِنْ أَجْرٍ أَوْ غَنِيمَةٍ أَوْ أُدْخِلَهُ الْجَنَّةَ وَلَوْ لَأَنْ أَشَقَّ عَلَيَّ أُمَّتِي مَا قَعَدْتُ خَلْفَ سَرِيَّةٍ وَلَوْ دِدْتُ أَنِّي أُقْتَلُ فِي سَبِيلِ اللَّهِ ثُمَّ أَحْيَا ثُمَّ أُقْتَلُ ثُمَّ أَحْيَا ثُمَّ أُقْتَلُ

35- Ибн Жәрир (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Алла тағала өз жолында жиһадқа шыққан адамды қадірлеп: «Маған және елшілеріме келтірген иманымен жиһадқа шыққан болса, оны сауап немесе олжалармен қайтарармын, егерде өлсе, жәннатыма кіргізермін деп айтар», - деді.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Егерде үмбетімді қиын жағдайға қалдырудан қорықпағанымда, бірде-бір соғыстан қалмас едім. Мен Алла жолында құрбан болып, кейін тірілсем, сосын тағы өліп және тірілсем және өліп және тірілсем және өлсем дер едім», - деді.

28 - бап. Рамазан түндерінде құлшылық ету иманнан

36- حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ قَالَ حَدَّثَنِي مَالِكٌ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ حُمَيْدِ بْنِ عَبْدِ الرَّحْمَنِ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ مَنْ قَامَ رَمَضَانَ إِيمَانًا وَاحْتِسَابًا غُفِرَ لَهُ مَا تَقَدَّمَ مِنْ ذَنْبِهِ

36- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Кімде-кім Рамазан түндерінде Алла тағалаға иман келтіріп, сауап үміт ете отырып, құлшылықпен өткізсе, оның істеген күнәлары кешірілер», - деді.

29 - бап. Алла тағаладан сауап үміт етіп, Рамазан оразасын ұстау иманнан

37- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ سَلَامٍ قَالَ أَخْبَرَنَا مُحَمَّدُ بْنُ فُضَيْلٍ قَالَ حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ سَعِيدٍ عَنْ أَبِي سَلَمَةَ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَنْ صَامَ رَمَضَانَ إِيمَانًا وَاحْتِسَابًا غُفِرَ لَهُ مَا تَقَدَّمَ مِنْ ذَنْبِهِ

37- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Кімде-кім Алла тағалаға сеніп, одан сауап үміт етіп, Рамазан оразасын тұтса, оның бұрынғы күнәлары кешірілер», - деді.

30 - бап. Ислам - ең жеңіл дін

38- حَدَّثَنَا عَبْدُ السَّلَامِ بْنُ مُطَهَّرٍ قَالَ حَدَّثَنَا عُمَرُ بْنُ عَلِيٍّ عَنْ مَعْنِ بْنِ مُحَمَّدٍ الْغَفَارِيِّ عَنْ سَعِيدِ بْنِ أَبِي سَعِيدٍ الْمُقْبَرِيِّ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ عَنْ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ إِنَّ الدِّينَ يُسْرٌ وَلَنْ يُشَادَّ الدِّينَ أَحَدٌ إِلَّا غَلَبَهُ فَسَدِّدُوا وَقَارِبُوا وَأَبْشِرُوا وَاسْتَعِينُوا بِالْغَدْوَةِ وَالرَّوْحَةِ وَشَيْءٍ مِنَ الدَّلْجَةِ

38- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Расында, дін - жеңілдік, оны ешкім қиындатып жібермесін, егерде қиындатып жіберсе, дін оны жеңеді. (яғни, шамасының келмейтініне қарамай, артық амалдардың барлығын мойнына алғандығының нәтижесінде оларды орындай алмай, барлығын тәрк етуге себеп болар)

Демек, амалдарды орташа орында, ғибадаттарды кәміл істеуге шамаңыз келмесе, соған жақынырақ істеңіз. Салих амалдардан болатын сауаптан үміттеніңіз. Бұл дүниеден ахиретке барар өмір сапарында таң ертеңнен кешкі уақыттан түннің кейбір бөлімінен үнемді пайдаланыңыз», - деді.

31 - бап. Намаз оқу – иманнан

39- حَدَّثَنَا عَمْرُو بْنُ خَالِدٍ قَالَ حَدَّثَنَا زُهَيْرٌ قَالَ حَدَّثَنَا أَبُو إِسْحَاقَ عَنِ الْبَرَاءِ بْنِ عَازِبٍ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ أَوَّلَ مَا قَدِمَ الْمَدِينَةَ نَزَلَ عَلَى أَجْدَادِهِ أَوْ قَالَ أَحْوَالِهِ مِنَ الْأَنْصَارِ وَأَنَّهُ صَلَّى قَبْلَ بَيْتِ الْمَقْدِسِ سِتَّةَ عَشَرَ شَهْرًا أَوْ سَبْعَةَ عَشَرَ شَهْرًا وَكَانَ يُعْجِبُهُ أَنْ تَكُونَ قِبْلَتُهُ قِبَلَ الْبَيْتِ وَأَنَّهُ صَلَّى أَوَّلَ صَلَاةٍ صَلَّاهَا صَلَاةَ الْعَصْرِ وَصَلَّى مَعَهُ قَوْمٌ فَخَرَجَ رَجُلٌ مِمَّنْ صَلَّى مَعَهُ فَمَرَّ عَلَى أَهْلِ مَسْجِدٍ وَهُمْ رَاكِعُونَ فَقَالَ أَشْهَدُ بِاللَّهِ لَقَدْ صَلَّيْتُ مَعَ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَبْلَ مَكَّةَ فَدَارُوا كَمَا هُمْ قَبْلَ الْبَيْتِ وَكَانَتْ الْيَهُودُ قَدْ أَعْجَبَهُمْ إِذْ كَانَ يُصَلِّي قَبْلَ بَيْتِ الْمَقْدِسِ وَأَهْلُ الْكِتَابِ فَلَمَّا وَلَّى وَجْهَهُ قِبَلَ الْبَيْتِ أَنْكَرُوا ذَلِكَ قَالَ زُهَيْرٌ حَدَّثَنَا أَبُو إِسْحَاقَ عَنِ الْبَرَاءِ فِي حَدِيثِهِ هَذَا أَنَّهُ مَاتَ عَلَى الْقِبْلَةِ قَبْلَ أَنْ تُحَوَّلَ رِجَالٌ وَفُتِلُوا فَلَمْ نَدْرِ مَا نَقُولُ فِيهِمْ فَأَنْزَلَ اللَّهُ تَعَالَى وَمَا كَانَ اللَّهُ لِيُضِيعَ إِيمَانَكُمْ

39- Барра ибн Азиб (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Мединеге келгенде туыстарының үйіне (аталарының) түсті. Байтул Мақдиске қарап он алты яки он жеті ай намаз оқыды. Шындығында, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Меккедегі Қағбаны қыбыла етіп намаз оқуды қалайтын еді. Қағбаға қарап оқыған бірінші намазы Аср намазы еді. Пайғамбарымызбен бірге бір топ адамдар да намаз оқыды. Бірге намаз оқыған адамдардың біреуі басқа мешітте намаз оқып рүкүғта тұрғандарға «Алламен ант етіп айтамын, біз қазір ғана Мекке Мұкаррама жаққа қарап намаз оқыдық», - деді. Сонда олар намаз оқып тұрған күйде Мекке жаққа бұрылып, намаздарын бітірді. Пайғамбарымыздың Байтул Мақдиске қарап намаз оқығаны яһудилер мен насараларға ұнайтын. (Себебі Байтул Мақдис олардың қыбласы еді). Бірақ Меккедегі Қағбаға қарап намаз оқығанын олар ұнатпады».

Барра Сахаба тағы да былай деді: «Қыбла Қағбаға қарай өзгерместен бұрын кейбір кісілер өлген болса, ал кейбіреулері шаһид болып кеткен еді. Біз олар туралы не ойлауды білмей тұрғанымызда Алла тағала: «Алла

имандарыңды жоймайды²³»,- деген аятты нәзіл етті. (яғни, Байтул Мақдиске (Ақса мешітіне) қарап оқыған намаздарың босқа кетпейді деген мағынада).

32 - бап. Бір кісі Исламды қабылдап, оны жақсылап күтсе, істеген жамандықтарын Алла тағала кешіреп

بَابُ حُسْنِ إِسْلَامِ الْمَرْءِ قَالَ مَالِكٌ أَخْبَرَنِي زَيْدُ بْنُ أَسْلَمَ أَنَّ عَطَاءَ بْنَ يَسَارٍ أَخْبَرَهُ أَنَّ أَبَا سَعِيدٍ الْخُدْرِيَّ أَخْبَرَهُ أَنَّهُ سَمِعَ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَقُولُ إِذَا أَسْلَمَ الْعَبْدُ فَحَسَنَ إِسْلَامُهُ يُكَفِّرُ اللَّهُ عَنْهُ كُلَّ سَيِّئَةٍ كَانَ زَلَفَهَا وَكَانَ بَعْدَ ذَلِكَ الْقِصَاصُ الْحَسَنَةَ بَعَشْرَ أَمْثَالِهَا إِلَى سَبْعِ مِائَةٍ ضِعْفٍ وَالسَّيِّئَةَ بِمِثْلِهَا إِلَّا أَنْ يَتَجَاوَزَ اللَّهُ عَنْهَا

Әбу Саъид Худрий (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Егер бір адам Исламды қабылдап, оны шын ықыласымен жақсылап күтсе, Алла тағала оның істеген барша қателіктерін кешіреп. Бұдан кейінгі қате күнәларына есеп кітабы жүргізілер: істеген жақсылығы он еседен жеті жүз есеге дейін көбейтіліп жазылар, жамандығы біреу болса, біреу ғана болып жазылар, жазылмастан бұрын Алла тағала оны кешіруі де мүмкін»,- деді.

33 - бап. Алла тағаланың ең жақсы көретін амалы - ұзағырақ қылынатын құлшылық

41- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ الْمُثَنَّى حَدَّثَنَا يَحْيَى عَنْ هِشَامٍ قَالَ أَخْبَرَنِي أَبِي عَنْ عَائِشَةَ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ دَخَلَ عَلَيْهَا وَعِنْدَهَا امْرَأَةٌ قَالَ مَنْ هَذِهِ قَالَتْ فُلَانَةٌ تَذَكُرُ مِنْ صَلَاتِهَا قَالَ مَهْ عَلَيْكُمْ بِمَا تُطِيفُونَ قَوْلَ اللَّهِ لَا يَمَلُ اللَّهُ حَتَّى تَمْلُوا وَكَانَ أَحَبَّ الدِّينِ إِلَيْهِ مَا دَامَ عَلَيْهِ صَاحِبُهُ

41- Хишам былай деді: «Айша анамыздың қасында бір әйел отырған еді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) «Бұл әйел кім?»,- деп сұрады. Айша анамыз: «Бұл пәленше ғой, өте көп намаз оқитын әйел»,- деп жауап берді.

Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) : "Қойындар, жақсы амалдардан шамаңыз жететінін ғана істеңдер, Алла тағалаға ант етіп айтамын, сендерді амалдарың жалықтырғанға дейін сауабы болады (яғни, қылып жатқан тағат-ғибадатыңыз жалықтыратын болса, онда сауабы кетеді),- деп айтты. Пайғамбарымыз тасталынбай істелінетін құлшылықты қостайтын»,- деді.

²³ 2. «әл-Бақара», 143 аят.

34 - бап. Иманның көбеюі және азаюы туралы

42- حَدَّثَنَا مُسْلِمٌ بْنُ أَبِرَاهِيمَ قَالَ حَدَّثَنَا هِشَامٌ قَالَ حَدَّثَنَا قَتَادَةُ عَنْ أَنَسٍ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ يَخْرُجُ مِنَ النَّارِ مَنْ قَالَ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَفِي قَلْبِهِ وَزَنُ شَعِيرَةٍ مِنْ خَيْرٍ وَيَخْرُجُ مِنَ النَّارِ مَنْ قَالَ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَفِي قَلْبِهِ وَزَنُ بُرَّةٍ مِنْ خَيْرٍ وَيَخْرُجُ مِنَ النَّارِ مَنْ قَالَ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَفِي قَلْبِهِ وَزَنُ دَرَّةٍ مِنْ خَيْرٍ

42 - Әнас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Кімде-кім шын жүрегімен «Лә иләһа илла Алла» деп айтса және жүрегіңде арпаның дәнінің салмағындай жақсылық (иманы) бар болса, ол тозақтан құтылушы. Кімде-кім «Лә иләһа илла Алла» деп айтса және жүрегіңде бидайдың дәнінің салмағындай жақсылық (иманы) болса, ол - тозақ отынан құтылушы. Кімде-кім «Лә иләһә илла Алла» деп айтса және жүрегіңде тозаңның салмағындай болса да жақсылық болса, ол - тозақ отынан құтылушы»,- деді.

حَدَّثَنَا أَنَسٌ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مِنْ إِيْمَانٍ مَكَانٍ مِنْ خَيْرٍ

Әнастың (р.а.) риуаяттыңда «жақсылық болса» деген сөздің орнына «иман болса» деп келген.

43- حَدَّثَنَا الْحَسَنُ بْنُ الصَّبَّاحِ سَمِعَ جَعْفَرَ بْنَ عَوْنٍ حَدَّثَنَا أَبُو الْعُمَيْسِ أَخْبَرَنَا قَيْسُ بْنُ مُسْلِمٍ عَنْ طَارِقِ بْنِ شِهَابٍ عَنْ عُمَرَ بْنِ الْخَطَّابِ أَنَّ رَجُلًا مِنَ الْيَهُودِ قَالَ لَهُ يَا أَمِيرَ الْمُؤْمِنِينَ آيَةٌ فِي كِتَابِكُمْ تَقْرَعُونَهَا لَوْ عَلَيْنَا مَعَشَرَ الْيَهُودِ نَزَلَتْ لَاتَّخَذْنَا ذَلِكَ الْيَوْمَ عِيدًا قَالَ أَيُّ آيَةٍ قَالَ الْيَوْمَ أَكْمَلْتُ لَكُمْ دِينَكُمْ وَأَتَمَمْتُ عَلَيْكُمْ نِعْمَتِي وَرَضِيْتُ لَكُمْ الْإِسْلَامَ دِينًا قَالَ عُمَرُ قَدْ عَرَفْنَا ذَلِكَ الْيَوْمَ وَالْمَكَانَ الَّذِي نَزَلَتْ فِيهِ عَلَى النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَهُوَ قَائِمٌ بِعَرَفَةَ يَوْمَ جُمُعَةٍ

43- Омар ибн әл-Хаттабтан (р.а.): «Яһуди бір кісі маған: «Ей, мүминдердің әміршісі! Сендердің кітаптарыңда бір аят бар, сендер оны оқисыңдар, егерде сол аят бізге нәзіл болғанда, біз сол күнді мейрам қылып алар едік»,- деді. Мен: «Ол қайсы аят?»,- деп сұрадым. Ол: «Бүгін діндеріңді толықтастырдым және нығметімді тамамдадым. Сондай-ақ сендерге Ислам дінін қоштап ұнаттым²⁴»,- деген аят»,- деді. Мен: «Иә,

²⁴5. «әл-Мәййда», 3 аят.

біз сол аяттың нәзіл болған жерін және күнін білеміз. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Арафатта тұрғанында жұма күні нәзіл болған», - дедім.

35 - бап. Зекет беру - Исламнан

بَابُ الزَّكَاةِ مِنَ الْإِسْلَامِ وَقَوْلُهُ وَمَا أَمَرُوا إِلَّا لِيَعْبُدُوا اللَّهَ مُخْلِصِينَ لَهُ الدِّينَ حُنَفَاءَ وَيُقِيمُوا الصَّلَاةَ وَيُؤْتُوا الزَّكَاةَ وَذَلِكَ دِينُ الْقِيَمَةِ

Алла тағала Құран кәрімде: «Бұйрық-ғибадатты Аллаға ғана жасау, хақ дінге бойұсыну, намаз оқу, зекет беру. Тура дін, міне, осы²⁵», - деді.

44- حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ قَالَ حَدَّثَنِي مَالِكُ بْنُ أَنَسٍ عَنْ عَمِّهِ أَبِي سُهَيْلِ بْنِ مَالِكٍ عَنْ أَبِيهِ أَنَّهُ سَمِعَ طَلْحَةَ بْنَ عُبَيْدِ اللَّهِ يَقُولُ جَاءَ رَجُلٌ إِلَى رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مِنْ أَهْلِ تَائِرِ الرَّأْسِ يُسْمَعُ دَوِيَّ صَوْتِهِ وَلَا يُفْقَهُ مَا يَقُولُ حَتَّى دَنَا فَإِذَا هُوَ يَسْأَلُ عَنِ الْإِسْلَامِ فَقَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ خَمْسُ صَلَوَاتٍ فِي الْيَوْمِ وَاللَّيْلَةِ فَقَالَ هَلْ عَلَيَّ غَيْرُهَا قَالَ لَا إِلَّا أَنْ تَطَوَّعَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَصِيَامٌ رَمَضَانَ قَالَ هَلْ عَلَيَّ غَيْرُهُ قَالَ لَا إِلَّا أَنْ تَطَوَّعَ قَالَ وَذَكَرَ لَهُ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ الزَّكَاةَ قَالَ هَلْ عَلَيَّ غَيْرُهَا قَالَ لَا إِلَّا أَنْ تَطَوَّعَ قَالَ فَأَذْبَرَ الرَّجُلُ وَهُوَ يَقُولُ وَاللَّهِ لَا أُرِيدُ عَلَى هَذَا وَلَا أَنْفُصُ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَفْلَحَ إِنْ صَدَقَ

44- Талха ибн Ғубайдулла (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдына Нажд тайпасынан бір кісі келді, оның шаштары тозған. Оның қатты шыққан дауысы естілгенімен, не деп жатқаны түсініксіз. Ол жақынырақ келгенінде тындап, құлақ салсақ, Ислам туралы сұрап жатыр екен. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оған жауап беріп: «Исламның бірінші шарты - күндізгі, түнгі уақыттарда бес уақыт намаз оқуың», - деді. Ол: «Сол бес уақыт намаздан басқа тағы да мойынымызға уәжіп болған намаз бар ма?», - деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Жоқ, тек өзің қалап, нәпіл намаз оқысаң болады», - деп жауап берді.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Исламның шарттарының екіншісі - Рамазан оразасын ұстауың», - деді. Ол: «Рамазаннан басқа тағы да мойынға түсер уәжіп бар ма?», - деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Жоқ, тек өзің қаласаң, нәпіл ораза тұтуына болады», - деді. Одан соң Пайғамбарымыз

²⁵98. «әл-Бәйина», 5 аят.

(с.ғ.с.) зекет беру керектігі туралы айтты. Ол: «Оның үстіне одан бөлек бір нәрсені беруім керек пе?»,- деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Жоқ, тек қана өзің қаласаң ғана»,- деді. Ол кісі қайтып бара жатып: «Алла тағаламен ант етіп айтамын, бұларға еш нәрсені қоспаймын да, бұлардан еш нәрсені алмаймын да»,- деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Егер де шын ниетімен айтса, (сөзінде тұрса) бұл адам - жәннаттық»,- деді.

36 - бап. Жаназаға қатысу - иманнан

45- حَدَّثَنَا أَحْمَدُ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَلِيٍّ الْمَجُوفِيُّ قَالَ حَدَّثَنَا رَوْحٌ قَالَ حَدَّثَنَا عَوْفٌ عَنْ الْحَسَنِ وَمُحَمَّدٍ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ مَنْ اتَّبَعَ جَنَازَةَ مُسْلِمٍ إِيْمَانًا وَاحْتِسَابًا وَكَانَ مَعَهُ حَتَّى يُصَلَّى عَلَيْهَا وَيَقْرَعَ مِنْ دَفْنِهَا فَإِنَّهُ يَرْجِعُ مِنَ الْأَجْرِ بِقِيرَاطَيْنِ كُلُّ قِيرَاطٍ مِثْلُ أُحُدٍ وَمَنْ صَلَّى عَلَيْهَا ثُمَّ رَجَعَ قَبْلَ أَنْ تُدْفَنَ فَإِنَّهُ يَرْجِعُ بِقِيرَاطٍ تَابَعَهُ عُمَانُ الْمُؤَدِّنُ قَالَ حَدَّثَنَا عَوْفٌ عَنْ مُحَمَّدٍ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ عَنْ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ نَحْوَهُ

45- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Кімде- кім бір мұсылман адамның жаназасына Аллаға сеніп, оның сауап беруінен үміт етіп қатысса және жаназа оқылып, мәйітті жерлеп болғанша бірге болса, әлбетте ол адам екі қират²⁶ сауап алып қайтар. Әр бір қират Үхүд тауының үлкендігіндей. Ал кімде-кім жаназаға қатысып, бірақ мәйітті жерлеместен бұрын қайтса, ол кісі бір қират сауап қана алып қайтар»,- деді.

37 - бап. Мұмин өзінің амалын өзі білмегендей халде сауапсыз болып қалуынан қорқуы туралы

بَابُ خَوْفِ الْمُؤْمِنِ مِنْ أَنْ يَحْبَطَ عَمَلُهُ وَهُوَ لَا يَشْعُرُ وَقَالَ إِبْرَاهِيمُ التَّمِيمِيُّ مَا عَرَضْتُ قَوْلِي عَلَى عَمَلِي إِلَّا خَشِيتُ أَنْ أَكُونَ مُكْذَبًا وَقَالَ ابْنُ أَبِي مُلَيْكَةَ أَدْرَكْتُ ثَلَاثِينَ مِنْ أَصْحَابِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كُلُّهُمْ يَخَافُ النِّفَاقَ عَلَى نَفْسِهِ مَا مِنْهُمْ أَحَدٌ يَقُولُ إِنَّهُ عَلَى إِيْمَانٍ جَبْرِيَلٍ وَمِيكَائِيلَ وَيَذْكُرُ عَنْ الْحَسَنِ مَا خَافَهُ إِلَّا مُؤْمِنٌ وَلَا أَمِنَهُ إِلَّا مُنَافِقٌ وَمَا يُحَدِّرُ مِنَ الْإِصْرَارِ عَلَى النِّفَاقِ وَالْعِصْيَانِ مِنْ غَيْرِ تَوْبَةٍ لِقَوْلِ اللَّهِ تَعَالَى وَلَمْ يُصِرُّوا عَلَى مَا فَعَلُوا وَهُمْ يَعْلَمُونَ

²⁶ Қират – Ек таудың үлкендігіндей деген ұғымды береді.

Ибраһим әт-Тәйми былай деген: «Амалым туралы сөз еткенде өтірікші болудан қатты қорқамын». Ибн Әби Мулейка: «Пайғамбарымыздың (Салла Аллаһу алейһи уә сәлләм) отызға жуық Сахабаларымен кездестім, барлығы да өздері үшін екіжүзділіктен қорқатын болатын. Олардың ешқайсысы өздерінің иманын Жебірейіл мен Микайлдің иманына теңестірмейтін. Хасаннан жеткен риуаят бойынша, нағыз мүмин ғана қорқады, ал Мунафиқ болса,өзін азаптан құтылдым деп санайды.

38-бап. Жебірейіл періштенің иман, Ислам, ихсан және қияметтің уақыты туралы Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) сұрауы және Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) берген жауаптары, «Жебірейіл ғ.с. сендерге діндеріңді үйрету үшін келді, айтылғандардың барлығы дін деген сөз»,- дегені Әбдулқайс тайпасынан келген адамдарға иманды баян қылғаны

قَوْلِهِ تَعَالَى وَمَنْ يَبْتَغِ غَيْرَ الْإِسْلَامِ دِينًا فَلَنْ يُقْبَلَ مِنْهُ

Алла тағала Құран кәрімде: «Кім Исламнан басқа бір дін іздесе, әсте одан қабыл етілмейді де ахиретте зиянға ұшыраушылардан болады²⁷», - деді.

47- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ بْنُ إِبْرَاهِيمَ أَخْبَرَنَا أَبُو حَيَّانَ التَّمِيمِيُّ

عَنْ أَبِي زُرْعَةَ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ قَالَ كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بَارِزًا يَوْمًا لِلنَّاسِ فَأَتَاهُ جَبْرَيْلُ فَقَالَ مَا الْإِيمَانُ قَالَ الْإِيمَانُ أَنْ تُؤْمِنَ بِاللَّهِ وَمَلَائِكَتِهِ وَكُتُبِهِ وَرُسُلِهِ وَتُؤْمِنَ بِالْبَعْثِ قَالَ مَا الْإِسْلَامُ قَالَ الْإِسْلَامُ أَنْ تَعْبُدَ اللَّهَ وَلَا تُشْرِكَ بِهِ شَيْئًا وَتُقِيمَ الصَّلَاةَ وَتُؤَدِّيَ الزَّكَاةَ الْمَفْرُوضَةَ وَتَصُومَ رَمَضَانَ قَالَ مَا الْإِحْسَانُ قَالَ أَنْ تَعْبُدَ اللَّهَ كَأَنَّكَ تَرَاهُ فَإِنْ لَمْ تَكُنْ تَرَاهُ فَإِنَّهُ يَرَاكَ قَالَ مَا الْمَسْئُولُ عَنْهَا بِأَعْلَمَ مِنَ السَّائِلِ وَسَأَخْبِرُكَ عَنْ أَشْرَاطِهَا إِذَا وُلِدَتِ الْأُمَّةُ رَبَّهَا وَإِذَا تَطَوَّلَ رُعَاةُ الْبَابِلِ الْبُهْمُ فِي الْبُنْيَانِ فِي خَمْسٍ لَا يَعْلَمُهُنَّ إِلَّا اللَّهُ ثُمَّ تلا النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِنَّ اللَّهَ عِنْدَهُ عِلْمُ السَّاعَةِ الْآيَةِ ثُمَّ أَدْبَرَ فَقَالَ رُدُّوهُ فَلَمْ يَرَوْا شَيْئًا فَقَالَ هَذَا جَبْرَيْلُ جَاءَ يُعَلِّمُ النَّاسَ دِينَهُمْ قَالَ أَبُو عَبْدِ اللَّهِ جَعَلَ ذَلِكَ كُنْهًا مِنَ الْإِيمَانِ

²⁷ 3. «Әли Имран», 85 аят.

47- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Бірде Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге отырған кезімізде қасымызға бір адам келді де, Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.): «Иман дегеніміз не?»,- деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Иман дегеніміз - Алла тағалаға, оның періштелеріне, Кітаптарына, Пайғамбарларына, Алланы қиямет күні көретініне, өлгеннен соң қайта тірілетініне сенуің»,- деді. Ол кісі: «Ислам дегеніміз не?»,-деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: Ислам – Аллаға серік қоспастан құлшылық қылуың, бес уақыт намаз оқуың, парыз болған зекетті беруің, Рамазан оразасын ұстауың»,- деп жауап берді. Ол: «Ихсан дегеніміз не?»,-деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): Ихсан - Алланы көріп тұрғандай құлшылық етуің: сен Оны көрмесең де, Ол сені көреді,- деді. Ол: - Қиямет қашан болады?,- деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): - Ол жайында сұралушы сұраушыдан артық білмейді, бірақ оның белгілерінен сені хабардар етейін»,- деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): - Күңнен туған қожайын болғанда, түйе бағушылар бір-бірімен биік-биік ғимараттар тұрғызуда бәсекелесе бастағанда. Алла тағала ғана білетін бес түрлі ғайып іс бар, соның бірі қияметтің қашан болары»,- деп осы мазмұндағы: «**Әрине, қиямет мерзімінің мәліметі Алланың қасында**²⁸»,- деген аятты оқыды. Содан соң әлгі кісі кетіп қалды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ол адамды кері қайтарындар»,- деді. (Сахабалар түсінсін деп әдейі сөйтті). Адамдар ол кісінің артынан іле-шала жүгірісіп шықты, бірақ оны таппады. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Ол сендерге діндеріңді үйрету үшін келген Жебірейіл періште болатын»,- деді.

39 - бап.

48- حَدَّثَنَا إِبْرَاهِيمُ بْنُ حَمْرَةَ قَالَ حَدَّثَنَا إِبْرَاهِيمُ بْنُ سَعْدٍ عَنْ صَالِحٍ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ أَنَّ عَبْدَ اللَّهِ بْنَ عَبَّاسٍ أَخْبَرَهُ قَالَ أَخْبَرَنِي أَبُو سُفْيَانَ بْنُ حَرْبٍ أَنَّ هِرَقْلَ قَالَ لَهُ سَأَلْتُكَ هَلْ يَزِيدُونَ أَمْ يَنْقُصُونَ فَرَعَمَتْ أَنَّهُمْ يَزِيدُونَ وَكَذَلِكَ الْإِيمَانُ حَتَّى يَتِمَّ وَسَأَلْتُكَ هَلْ يَرْتَدُّ أَحَدٌ سَخَطَهُ لِذِيْنِهِ بَعْدَ أَنْ يَدْخُلَ فِيهِ فَرَعَمَتْ أَنْ لَا وَكَذَلِكَ الْإِيمَانُ حِينَ تُخَالِطُ بِشَانِئَتِهِ الْقُلُوبَ لَا يَسْخَطُهُ أَحَدٌ

48- Византия патшасы Һирақл Әбу Суфянға: «Бұл дінге кірушілер көбеюде ме, әлде азаюда ма?»,- деп сенен сұрасам, «Көбеюде, иман да сол сияқты, кәміл болғанға шейін көбейе береді»,- дедің. «Бұл дінге кіргендерден бірер кісі жақтырмай қайтадан шығып жатыр ма? »,- десем, «Жоқ, иман тура сондай. Иманның нұры адамның діліне кіргеннен соң, оны ешкім жек көрмес»,- деп айтқан екен.

²⁸31. «Лұқман», 34 аят.

40-бап. Дін үшін күмәнді күнәлардан тиылудың артықшылығы

49- حَدَّثَنَا أَبُو نُعَيْمٍ حَدَّثَنَا زَكَرِيَاءُ عَنْ عَامِرٍ قَالَ سَمِعْتُ الثُّعْمَانَ بْنَ بَشِيرٍ يَقُولُ سَمِعْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَقُولُ الْحَلَالُ بَيْنَ وَالْحَرَامِ بَيْنٌ وَبَيْنَهُمَا مُشَبَّهَاتٌ لَا يَعْلَمُهَا كَثِيرٌ مِنَ النَّاسِ فَمَنْ اتَّقَى الْمُشَبَّهَاتِ اسْتَبْرَأَ لِدِينِهِ وَعَرْضِهِ وَمَنْ وَقَعَ فِي الشُّبُهَاتِ كَرَّاعٍ يَرُوعَى حَوْلَ الْحِمَى يُوشِكُ أَنْ يُوَاقِعَهُ أَلَا وَإِنَّ لِكُلِّ مَلِكٍ حِمَى أَلَا إِنَّ حِمَى اللَّهِ فِي أَرْضِهِ مَحْرَمُهُ أَلَا وَإِنَّ فِي الْجَسَدِ مُضْغَةً إِذَا صَلَحَتْ صَلَحَ الْجَسَدُ كُلُّهُ وَإِذَا فَسَدَتْ فَسَدَ الْجَسَدُ كُلُّهُ أَلَا وَهِيَ الْقَلْبُ

49- Нұғман ибн Башир (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с) айтты: «Халал мен харам анық нәрсе, бірақ екеуінің арасында күмәнді істер бар. Адамдардың көпшілігі оны (халал немесе харам) екендігін біле бермейді. Сол себепті кімде-кім өзін күмәнді нәрселерден тиса, дінді кемшіліктерден, ал өзінің абыройын сақтайды. Ал кімде-кім күмәнді істерден тиылмаса, ол біреудің егінінің (немесе тиым салынған жерлерде) шетінде қой бағып жүрген қойшыға ұқсайды. Ол қойларын егінге түсіріп жіберу қаупі бар. Шындығында, әр патшаның өз шекарасы бар (тиым салынған жерлері) бар. Алла тағаланың жердегі шекарасы - харам қылған нәрселері. Адамның денесінде бір парша ет бар. Егерде ол сау болса, адамның барлық ағзалары сау болады. Егерде ол бұзылса, онда адамның барлық ағзалары бұзылады. Шындығында, ол - жүрек», - деді.

41-бап. Олжаның (бейнетсіз табылған малдың) бестен бірін (Байт ул – Малға²⁹) беру - иманнан

50- حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ الْجَعْدِ قَالَ أَخْبَرَنَا شُعْبَةُ عَنْ أَبِي جَمْرَةَ قَالَ كُنْتُ أَقْعُدُ مَعَ ابْنِ عَبَّاسٍ يُجَلِّسُنِي عَلَى سَرِيرِهِ فَقَالَ أَقْمِ عِنْدِي حَتَّى أَجْعَلَ لَكَ سَهْمًا مِنْ مَالِي فَأَقَمْتُ مَعَهُ شَهْرَيْنِ ثُمَّ قَالَ إِنَّ وَفْدَ عَبْدِ الْقَيْسِ لَمَّا أَتَوْا النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ مَنْ الْقَوْمُ أَوْ مَنْ الْوَفْدُ قَالُوا رَبِيعَةُ قَالَ مَرْحَبًا بِالْقَوْمِ أَوْ بِالْوَفْدِ غَيْرَ خَزَايَا وَلَا نَدَامَى فَقَالُوا يَا رَسُولَ اللَّهِ إِنَّا لَا نَسْتَطِيعُ أَنْ نَأْتِيكَ إِلَّا فِي الشَّهْرِ الْحَرَامِ وَبَيْنَنَا وَبَيْنَكَ هَذَا الْحَيُّ مِنْ كَقَارٍ مُضَرَ فَمُرْنَا بِأَمْرٍ فَصَلِّ نُخْبِرُ بِهِ مَنْ وَرَاءَنَا وَنَدْخُلُ بِهِ

²⁹ Байт ул-Мал - Үкіметтің қазынасы.

الْحَبَّةَ وَسَأَلُوهُ عَنِ الْأَثْرِبَةِ فَأَمَرَهُمْ بِأَرْبَعٍ وَنَهَاهُمْ عَنْ أَرْبَعٍ أَمَرَهُمْ بِالْإِيمَانِ بِاللَّهِ وَحَدَّهُ قَالَ أَتَدْرُونَ مَا الْإِيمَانُ بِاللَّهِ وَحَدَّهُ قَالُوا اللَّهُ وَرَسُولُهُ أَعْلَمُ قَالَ شَهَادَةُ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَأَنَّ مُحَمَّدًا رَسُولُ اللَّهِ وَإِقَامُ الصَّلَاةِ وَإِيتَاءُ الزَّكَاةِ وَصِيَامُ رَمَضَانَ وَأَنْ تُعْطُوا مِنَ الْمَعْنَمِ الْخُمْسَ وَنَهَاهُمْ عَنْ أَرْبَعٍ عَنِ الْحَنَمِ وَالذَّبَّاءِ وَالتَّقْيِيرِ وَالْمَرْقَتِ وَرَبَّمَا قَالَ الْمُقَيَّرِ وَقَالَ احْفَظُوهُنَّ وَأَخْبِرُوا بِهِنَّ مَنْ وَرَاءَكُمْ

50- Әбу Жамра (р.а.) айтты: «Ибн Аббаспенен (р.а.) бірге оның төсегінің үстінде отыр едім. Ол маған: «Менің қасымда қал, мал-мүлкімнің бір бөлігін бөліп берейін», - деді. "Жақсы" деп ол кісінің жанында екі ай бірге болдым. «Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) Әбд ул-Қайс тайпасынан бір топ адамдар келді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Бұл қайсы қауым?»,- деп сұрады. Келгендер: «Біз Рабига қауымынанбыз», - деп айтты. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Қош келдіңіздер, қысылып-қиналып келген адамсыздар, келіңіздер», - деді. Келген адамдар: «Я Расулулла, біз сіздің алдыңызға тек қана қасиетті (ережеп) айында ғана келе аламыз (араптарда ережеп айында соғысуға тиым салынған). Сіз бен біздің арамызда кәпірлер тайпасы бар. Сол үшін бізге бір сауапты нәрсе бұйырсаңыз. Біз бұл туралы келе алмағандарға да айтсақ және соған амал етіп, жәннатқа кірсек», - десті. Содан соң ішімдіктер туралы сұрасты. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оларға төрт нәрсені бұйырып, төрт нәрседен қайтарып тиды. Жалғыз ғана Алланың өзіне иман келтіруді бұйырып, былай деді: «Алланың өзіне ғана қалай иман келтіруді білемісіңдер?»,- деді. Олар: «Өзіңіз айтып беріңіз», - десті. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Кәлима тайибаны айтып, оларға намаз оқуды, зекет беруді, Рамазан оразасын ұстауды, олжаның 1/5 бөлігін беруді бұйырды. Ал мына төрт нәрседен тиды: **Хантам**³⁰, **Дуббоғь**³¹, **Нақийр**³², **Муқаййар**³³, міне осыларды қолданудан тиым салып: «Бұл сөздерді жаттап алыңдар, естімегендерге естіртіңдер!»,- деді.

42-бап. Амалдар ниет пен ықыласқа қарап қабыл болатындығының баяны туралы

³⁰ **Хантам** - Қыл мен қан араластырып саз балшықтан істелген ыдыс.

³¹ **Дуббағь** - кептірілген асқабақтан ішімдікті құйып қою үшін

³² **Нақийр** - ішімдікті (арақ) құю үшін істеліп, қара маймен (смола) майланған ыдыс.

³³ **Муқаййар** - ішімдікті (арақ) құю үшін құрма ағашынан қашалып істелген ыдыс.

بَاب مَا جَاءَ إِنَّ الْأَعْمَالَ بِالنِّيَّةِ وَالْحِسْبَةِ وَلِكُلِّ أَمْرٍ مَا نَوَى فَدَخَلَ فِيهِ الْإِيمَانُ
وَالْوُضُوءُ وَالصَّلَاةُ وَالزَّكَاةُ وَالْحَجُّ وَالصَّوْمُ وَالْأَحْكَامُ وَقَالَ اللَّهُ تَعَالَى قُلْ كُلُّ
يَعْمَلُ عَلَى شَاكِلَتِهِ عَلَى نِيَّتِهِ نَفَقَةُ الرَّجُلِ عَلَى أَهْلِهِ يَحْتَسِبُهَا صَدَقَةٌ وَقَالَ النَّبِيُّ
صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَلَكِنْ جِهَادٌ وَنِيَّةٌ

Әркімнің ниетіндегісі болады. Имам Бұхарий (р.а.) айтты: «Бұл сөзге иман да, дәрет те, намаз да, зекет те, қажылық та, ораза да, қарым-қатынас та, неке де, басқа да барлық үкімдер кіреді. Алла тағала Құран кәрімде: «Мұхамедке (с.ғ.с.): «Әркім өз жөн көргенін істейді. Сонда Раббын, кімнің тура жолда екенін жақсы біледі³⁴», - деп айт!», - деді. Кісінің өз сауаптан үміт етіп, өз отбасының мүшелеріне жұмсаған табысы да садақа болады.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Мекке ашылғаннан кейін көшу дұрыс емес. Бірақ та жиһад қылып немесе жақсы ниетте көшуге болады», - деді.

51- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مَسْلَمَةَ قَالَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ يَحْيَى بْنِ سَعِيدٍ عَنْ مُحَمَّدِ بْنِ
إِبْرَاهِيمَ عَنْ عُلْفَمَةَ بْنِ وَقَاصٍ عَنْ عُمَرَ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ
الْأَعْمَالُ بِالنِّيَّةِ وَلِكُلِّ أَمْرٍ مَا نَوَى فَمَنْ كَانَتْ هِجْرَتُهُ إِلَى اللَّهِ وَرَسُولِهِ فَهَجْرَتُهُ
إِلَى اللَّهِ وَرَسُولِهِ وَمَنْ كَانَتْ هِجْرَتُهُ لِدُنْيَا يُصِيبُهَا أَوْ امْرَأَةٍ يَتَزَوَّجُهَا فَهَجْرَتُهُ إِلَى
مَا هَاجَرَ إِلَيْهِ

51- Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Амалдар ниетке байланысты қабыл етіледі. Кім қандай ниетте болса, соған жетеді. Кімде-кім Алла тағала және оның Расулы үшін көшкен (хижрат) болса, ол Алла тағала және оның Расулы үшін көшкеннің сауабын алады. Ал, кімде-кім мал-дүниеге жету үшін немесе әйел алу ниетінде көшкен болса, тек қана соған жетуі мүмкін», - деді. (бірақ-та сауап таппайды).

52- حَدَّثَنَا حَجَّاجُ بْنُ مِهَالٍ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ قَالَ أَخْبَرَنِي عَدِيُّ بْنُ ثَابِتٍ قَالَ
سَمِعْتُ عَبْدَ اللَّهِ بْنَ يَزِيدَ عَنْ أَبِي مَسْعُودٍ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ إِذَا
أَنْفَقَ الرَّجُلُ عَلَى أَهْلِهِ يَحْتَسِبُهَا فَهُوَ لَهُ صَدَقَةٌ

52- Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Егерде бір кісі сауаптан үміттеніп, өзінің отбасының мүшелеріне мал-мүлік сарп етіп жұмсаса, оған садақа бергеннің сауабы жазылар».

³⁴ 17. «әл-Исра», 84 аят.

53- حَدَّثَنَا الْحَكْمُ بْنُ نَافِعٍ قَالَ أَخْبَرَنَا شُعَيْبٌ عَنْ الزُّهْرِيِّ قَالَ حَدَّثَنِي عَامِرُ بْنُ سَعْدٍ عَنْ سَعْدِ بْنِ أَبِي وَقَّاصٍ أَنَّهُ أَخْبَرَهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ إِنَّكَ لَنْ تُنْفِقَ نَفَقَةً تَبْتَغِي بِهَا وَجْهَ اللَّهِ إِلَّا أُجِرْتَ عَلَيْهَا حَتَّىٰ مَا تَجْعَلُ فِي فَمِ امْرَأَتِكَ

53- Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Алла тағаланың жолында садақа беретін болсаң, әлбетте, оның үшін Алла тағаладан сауап аларсың, тіпті, әйеліңнің ауызына салып қойған бір жұтым тамағың үшін де сауап жазылар».

43-бап. Дін - насихат

بَابُ قَوْلِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ الدِّينُ النَّصِيحَةُ لِلَّهِ وَلِرَسُولِهِ وَلِأَيِّمَةِ الْمُسْلِمِينَ وَعَامَّتِهِمْ وَقَوْلِهِ تَعَالَى إِذَا نَصَحُوا لِلَّهِ وَرَسُولِهِ

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Дін - Алла тағаланың және оның Пайғамбарының, мұсылмандардың имамдары және барша мұсылмандар жолында қылынатын насихат», - деді. Құран кәрімде: «Қашанда Аллаға, Елшісіне ықыласты болған...³⁵», - деді.

54- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا يَحْيَى عَنْ إِسْمَاعِيلَ قَالَ حَدَّثَنِي قَيْسُ بْنُ أَبِي حَازِمٍ عَنْ جَرِيرِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ بَايَعْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَلَى إِقَامِ الصَّلَاةِ وَإِيْتَاءِ الزَّكَاةِ وَالنُّصْحِ لِكُلِّ مُسْلِمٍ

54- Жарир ибн Абдулла (р.а.) айтты: «Бес уақыт намаз оқимын, зекет беремін және әрбір мұсылманға насихат айтамын деп Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) ант еттім», - деді.

55- حَدَّثَنَا أَبُو الدُّعْمَانِ قَالَ حَدَّثَنَا أَبُو عَوَّانَةَ عَنْ زِيَادِ بْنِ عِلَاقَةَ قَالَ سَمِعْتُ جَرِيرَ بْنَ عَبْدِ اللَّهِ يَقُولُ يَوْمَ مَاتَ الْمُغِيرَةُ بْنُ شُعْبَةَ قَامَ فَحَمِدَ اللَّهَ وَأَثْنَى عَلَيْهِ وَقَالَ عَلَيْكُمْ بِاتِّقَاءِ اللَّهِ وَحَدِّهِ لَا شَرِيكَ لَهُ وَالْوَقَارِ وَالسَّكِينَةَ حَتَّىٰ يَأْتِيَكُمْ أَمِيرٌ فَإِنَّمَا يَأْتِيكُمْ الْآنَ ثُمَّ قَالَ اسْتَعْفُوا لِأَمِيرِكُمْ فَإِنَّهُ كَانَ يُحِبُّ الْعَفْوَ ثُمَّ قَالَ أَمَا بَعْدُ فَإِنِّي أَنَبَيْتُ

³⁵ 9. «әт-Тәубе», 91 аят.

النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قُلْتُ أَبَايُكَ عَلَى الْإِسْلَامِ فَشَرَطَ عَلَيَّ وَالنُّصْحَ لِكُلِّ
مُسْلِمٍ فَبَايَعْتُهُ عَلَى هَذَا وَرَبِّ هَذَا الْمَسْجِدِ إِنِّي لَنَاصِحٌ لَكُمْ ثُمَّ اسْتَغْفَرَ وَنَزَلَ

55 - Зияд ибн Ғилақа (р.а.) айтты: «Муғира ибн Шуғба өлген күні Жарир ибн Абдулла орнынан тұрып, Аллаға мақтау айтып, былай деді: «Алла тағаланың жалғыз өзінен қорқыңдар, Алла тағаланың серігі жоқ. Өлген басшыларыңның орнына басқа бастық келгенше тыныш болыңдар. Марқұм басшыларыңның күнәсын кешіруін Алладан сұраңдар, өйткені басшыларың халықтың қате- кемшіліктерін кешіруді жақсы көретін» Кейін Жарир сөзін жалғастырып: «Мен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдына кіріп, жақсы мұсылман болуға сізге ант етпекшімін», - дедім. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) маған: «Әрбір мұсылманның пайдасына шын ықыласпен көңіл бөл!»,- деп шарт қойды. Мен соған ант еттім. Қағбаның иесіне ант етіп айтамын, мен барлықтарыңның істеріне шын ықыласпен көңіл бөлемін. Жарир сөзінің соңында истиғфар айтып, мінберден түсті.

БИСМИЛЛӘҺИР РАХМАНИР РАХИМ

ІЛІМ - ҒЫЛЫМ КІТАБЫ

1-бап. Білімнің артықшылығы туралы

بَابُ فَضْلِ الْعِلْمِ وَقَوْلِ اللَّهِ تَعَالَى يَرْفَعُ اللَّهُ الَّذِينَ آمَنُوا مِنْكُمْ وَالَّذِينَ أُوتُوا الْعِلْمَ
دَرَجَاتٍ وَاللَّهُ بِمَا تَعْمَلُونَ خَبِيرٌ وَقَوْلِهِ عَزَّ وَجَلَّ وَقُلْ رَبِّ زِدْنِي عِلْمًا

Алла тағала Құран кәрімде: «Алла тағала сендерден сондай иман келтіргендердің, ғылым бергендердің дәрежелерін көтереді. Істегендерінді толық біледі³⁶», - делінген. Және басқа бір аятта: «Раббым, білімімді арттыр!³⁷», -де делінген.

2-бап. Сөйлеп тұрған адамнан ілім сұралғанда, оның сөзін бітіріп, кейін жауап беру туралы

56- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ سِنَانَ قَالَ حَدَّثَنَا فُلَيْحٌ ح وَ حَدَّثَنِي إِبْرَاهِيمُ بْنُ الْمُنْذِرِ قَالَ
حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ فُلَيْحٍ قَالَ حَدَّثَنِي أَبِي قَالَ حَدَّثَنِي هِشَامُ بْنُ عَلِيٍّ عَنْ عَطَاءِ بْنِ
يَسَارٍ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ قَالَ بَيْنَمَا النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي مَجْلِسٍ يُحَدِّثُ
الْقَوْمَ جَاءَهُ أَعْرَابِيٌّ فَقَالَ مَتَى السَّاعَةُ فَمَضَى رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ
يُحَدِّثُ فَقَالَ بَعْضُ الْقَوْمِ سَمِعَ مَا قَالَ فَكَّرَهُ مَا قَالَ وَقَالَ بَعْضُهُمْ بَلْ لَمْ يَسْمَعْ حَتَّى
إِذَا قُضِيَ حَدِيثُهُ قَالَ أَيْنَ أَرَاهُ السَّائِلُ عَنْ السَّاعَةِ قَالَ هَا أَنَا يَا رَسُولَ اللَّهِ قَالَ فَإِذَا
ضِيَعَتِ الْأَمَانَةُ فَانْتَظِرُ السَّاعَةَ قَالَ كَيْفَ إِضَاعَتُهَا قَالَ إِذَا وَسَدَّ الْأَمْرُ إِلَى غَيْرِ
أَهْلِهِ فَانْتَظِرُ السَّاعَةَ

56 - Әбу Хурайра (р.а.) айтты: «Бір күні Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өзінің Сахабаларымен сөйлесіп отырған болатын. Бір бәдәуи арап келіп: «Қиямет қашан болады?»,- деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оған мән бермей сөзін ары қарай жалғастыра берді. Сонда кейбір Сахабалар: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оның сөзін естуін естіді, бірақ жақтырмаған сияқты», - деп ойлады.

³⁶ 58. «әл-Мүжадәла», 11 аят.

³⁷ 20. «Таһа», 114 аят.

Ал, енді кейбіреулері болса: «Оның сөзін естімеді»,- десті. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сөзін бітіргеннен соң: «Қиямет туралы сұраған адам қане?»,- деді. Әлгі арап: «Мен мұндамын, Я Расулулла»,- деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Аманат (адалдық) орталарынан кеткенде қияметті күте бер!»,- деді. Арап: «Оны қалай білсе болады?»,- деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ісің (күнің) қабілетсіз адамдарға түскенде қияметті күте бер!»,- деді

3-бап. Бірер ілімді көтеріңкі дауыспен айтудың мүмкіндігі туралы

57- حَدَّثَنَا أَبُو النُّعْمَانِ عَارِمُ بْنُ الْفَضْلِ قَالَ حَدَّثَنَا أَبُو عَوَانَةَ عَنْ أَبِي بَشِيرٍ عَنْ يُونُسَ بْنِ مَاهَكَ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَمْرٍو قَالَ تَخَلَّفَ عَنَّا النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي سَفَرَةٍ سَافَرْنَاهَا فَأَدْرَكَنَا وَقَدْ أَرْهَقْنَا الصَّلَاةَ وَنَحْنُ نَتَوَضَّأُ فَجَعَلْنَا نَمْسَحُ عَلَى أَرْجُلِنَا فَنَادَى بِأَعْلَى صَوْتِهِ وَيْلٌ لِلْأَعْقَابِ مِنَ النَّارِ مَرَّتَيْنِ أَوْ ثَلَاثًا

57 - Сахаба Абдулла ибн Амр (р.а.) айтты: «Бірде сапар кезінде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) біздің арт жағымызда қалды. Аср намазды оқитын уақытта бізге жетіп алды. Біз дәрет алып жатқан едік. Біздің кейбіріміз суды ысырап етпеуді ойлап, аяғымызды дымқыл қолымызбен сипап жатқан едік. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) даусын қаттырақ шығарып: «Тозак отына азапталатын өкшелерге қасірет»,- деп екі рет немесе үш рет қайталап айтты»,- деді.

4-бап. Хадис айтқан адамды (мухадисті) «бізге хадис айтты, хабар берді, хабар қылды»,- деген сөздермен атау туралы

بَابُ قَوْلِ الْمُحَدِّثِ حَدَّثَنَا وَأَخْبَرَنَا وَأَنْبَأَنَا وَقَالَ لَنَا الْحُمَيْدِيُّ كَانَ عِنْدَ ابْنِ عُيَيْنَةَ حَدَّثَنَا وَأَخْبَرَنَا وَأَنْبَأَنَا وَسَمِعْتُ وَاحِدًا وَقَالَ ابْنُ مَسْعُودٍ حَدَّثَنَا رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَهُوَ الصَّادِقُ الْمَصْدُوقُ وَقَالَ شَقِيقٌ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ سَمِعْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَكَلِمَةً وَقَالَ حُدَيْفَةُ حَدَّثَنَا رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ حَدِيثَيْنِ وَقَالَ أَبُو الْعَالِيَةِ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ عَنْ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِيمَا يَرُوي عَنْ رَبِّهِ وَقَالَ أَنَسٌ عَنْ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِيمَا يَرُويهِ عَنْ رَبِّهِ عَزَّ وَجَلَّ وَقَالَ أَبُو هُرَيْرَةَ عَنْ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَرُويهِ عَنْ رَبِّكُمْ عَزَّ وَجَلَّ

Сахабалар мен табиғиндер³⁸ хадистерді риуаят қылғандарында: «Бізге хабар қылды, айтты, пәленшеден естіп айтып берді, естідім», - деген сөздермен келтірген. Мысалы: «Сахаба ибн Масғуд (р.а.) хадис айтпақшы болса: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бізге айтып берген» немесе «Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) естігенмін», - деп басталатын сөздер сияқты.

5-бап. Имамның кісілердің ілімін сынау мақсатында біреп мәселені ортаға тастауы туралы

58- حَدَّثَنَا قُنَيْبَةُ بْنُ سَعِيدٍ حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ بْنُ جَعْفَرٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ دِينَارٍ عَنْ ابْنِ عُمَرَ قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِنَّ مِنَ الشَّجَرِ شَجْرَةً لَا يَسْفُطُ وَرَفْهَا وَإِنَّهَا مَثَلُ الْمُسْلِمِ فَحَدَّثُونِي مَا هِيَ فَوَقَعَ النَّاسُ فِي شَجَرِ الْبَوَادِي قَالَ عَبْدُ اللَّهِ وَوَقَعَ فِي نَفْسِي أَنَّهَا النَّخْلَةُ فَاسْتَحْيَيْتُ ثُمَّ قَالُوا حَدَّثْنَا مَا هِيَ يَا رَسُولَ اللَّهِ قَالَ هِيَ النَّخْلَةُ

58 - Ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Ағаштардың ішінде жапырағы түспейтін бір ағаш бар, ол шындығында мұсылманға ұқсайды. Ал, енді маған айтыңдаршы, ол қандай ағаш?», - деп сұрады. Адамдар шөл жерлерде өсетін ағаштарды естеріне түсіре бастады. Абдулла ибн Омар (р.а.): «Бұл құрма ағашы болса керек деген ойыма келді, бірақ айтуға ұялдым», - деді. Сонда адамдар: «Я Расуллұлла, өзіңіз айтып беріңіз», - десті. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ол - құрма ағашы», - деді.

6-бап. Алла тағаланың ілім турасында нәзіл еткен аяттары туралы

قَوْلِهِ تَعَالَى وَقُلْ رَبِّ زِدْنِي عِلْمًا

Алла тағала Құран кәрімінде: «Раббым, білімімді арттыр!³⁹», - дейді.

7-бап. Құран қираатын тексеруден өткізіп алу керектігі туралы

وَرَأَى الْحَسَنَ وَالثَّوْرِيَّ وَمَالِكُ الْقُرَاءَةَ جَائِزَةً وَاحْتَجَّ بَعْضُهُمْ فِي الْقِرَاءَةِ عَلَى الْعَالِمِ بِحَدِيثِ ضِمَامِ بْنِ ثَعْلَبَةَ قَالَ لِلنَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَللَّهُ أَمْرَكَ أَنْ نُصَلِّيَ الصَّلَوَاتِ قَالَ نَعَمْ قَالَ فَهَذِهِ قِرَاءَةٌ عَلَى النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَخْبَرَ

³⁸ Табиғин – Сахабаларды көрген адамды осылай атайды.

³⁹ 20. «Taha», 114 аят.

ضِمَامٌ قَوْمَهُ بِذَلِكَ فَأَجَازُوهُ وَاحْتَجَّ مَالِكٌ بِالصَّكِّ يُقْرَأُ عَلَى الْقَوْمِ فَيَقُولُونَ أَشْهَدْنَا
فُلَانٌ وَيُقْرَأُ ذَلِكَ قِرَاءَةً عَلَيْهِمْ وَيُقْرَأُ عَلَى الْمُقْرَأِ فَيَقُولُ الْقَارِئُ أَقْرَأَنِي فُلَانٌ حَدَّثَنَا
مُحَمَّدُ بْنُ سَلَامٍ حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ الْحَسَنِ الْوَاسِطِيُّ عَنْ عَوْفٍ عَنِ الْحَسَنِ قَالَ لَمَّا
بَأَسَ بِالْقِرَاءَةِ عَلَى الْعَالِمِ وَأَخْبَرَنَا مُحَمَّدُ بْنُ يُوسُفَ الْقَرَبْرِيُّ وَحَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ
إِسْمَاعِيلَ الْبُخَارِيُّ قَالَ حَدَّثَنَا عُبَيْدُ اللَّهِ بْنُ مُوسَى عَنْ سُفْيَانَ قَالَ إِذَا قُرِئَ عَلَى
الْمُحَدِّثِ فَلَا بَأْسَ أَنْ يَقُولَ حَدَّثَنِي قَالَ وَسَمِعْتُ أَبَا عَاصِمٍ يَقُولُ عَنْ مَالِكٍ وَسُفْيَانَ
الْقِرَاءَةَ عَلَى الْعَالِمِ وَقِرَاءَتُهُ سَوَاءٌ

Хасан Басрий (р.а.), Суфян әс-Сафарий және Имам Мәлік (р.а.):
«Бұлай істеу - дұрыс», - деп айтқан.

Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдына Димам ибн Сағлаба деген сахаба келіп : «Алла тағала сізге бес уақыт намаз оқуды бұйырды ма?»,- деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Иә»,- деп жауап берді. Осы сөзді Димам (р.а.) өзінің қауымына барып, Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) деп риуаят етті. Адамдар оны Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) деп қабыл етті. Кейбір кісілер өздері білетін аяттарын мұғалімдеріне оқып беріп, (емтиханнан) өткеннен соң пәленшеден Құран үйрендім, деп оған сілтеме береді (төмендегі хадис осыған дәлел).

63- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ حَدَّثَنَا اللَّيْثُ عَنْ سَعِيدِ هُوَ الْمُقْبَرِيُّ عَنْ شَرِيكَ
بْنِ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ أَبِي نَمْرٍ أَنَّهُ سَمِعَ أَنَسَ بْنَ مَالِكٍ يَقُولُ بَيْنَمَا نَحْنُ جُلُوسٌ مَعَ النَّبِيِّ
صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي الْمَسْجِدِ دَخَلَ رَجُلٌ عَلَى جَمَلٍ فَأَنَاحَهُ فِي الْمَسْجِدِ ثُمَّ
عَقَلَهُ ثُمَّ قَالَ لَهُمْ أَيُّكُمْ مُحَمَّدٌ وَالنَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مُتَكِيٌّ بَيْنَ ظَهْرَانِيهِمْ
فَقُلْنَا هَذَا الرَّجُلُ الْأَبْيَضُ الْمُتَكِيُّ فَقَالَ لَهُ الرَّجُلُ يَا ابْنَ عَبْدِ الْمُطَّلِبِ فَقَالَ لَهُ النَّبِيُّ
صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَدْ أَجَبْتِكَ فَقَالَ الرَّجُلُ لِلنَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِنِّي
سَأَلْتُكَ فَمَشَدَّدٌ عَلَيْكَ فِي الْمَسْأَلَةِ فَلَا تَجِدُ عَلَيَّ فِي نَفْسِكَ فَقَالَ سَلْ عَمَّا بَدَا لَكَ فَقَالَ
أَسْأَلُكَ بِرَبِّكَ وَرَبِّ مَنْ قَبْلَكَ اللَّهُ أَرْسَلَكَ إِلَى النَّاسِ كُلِّهِمْ فَقَالَ اللَّهُمَّ نَعَمْ قَالَ
أَنْشُدُكَ بِاللَّهِ أَلَا اللَّهُ أَمْرَكَ أَنْ نُصَلِّيَ الصَّلَوَاتِ الْحَمْسَ فِي الْيَوْمِ وَاللَّيْلَةِ قَالَ اللَّهُمَّ
نَعَمْ قَالَ أَنْشُدُكَ بِاللَّهِ أَلَا اللَّهُ أَمْرَكَ أَنْ نَصُومَ هَذَا الشَّهْرَ مِنَ السَّنَةِ قَالَ اللَّهُمَّ نَعَمْ قَالَ

أُنْسُدَكَ بِاللَّهِ أَلَلَهُ أَمْرَكَ أَنْ تَأْخُذَ هَذِهِ الصَّدَقَةَ مِنْ أَعْيَانِنَا فَتَقْسِمَهَا عَلَيَّ فَقَرَأْنَا
فَقَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ اللَّهُمَّ نَعَمْ فَقَالَ الرَّجُلُ آمَنْتُ بِمَا جِئْتَ بِهِ وَأَنَا
رَسُولٌ مِنْ وَرَائِي مِنْ قَوْمِي وَأَنَا ضِمَامٌ بِنُ تَعْلَبَةَ أَخُو بَنِي سَعْدِ بْنِ بَكْرٍ

63- Әнас ибн Мәлік (р.а.) айтты: «Бір күні Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге мешітке отырғанымызда, бір кісі түйеге мініп келді де, түйесін мешітке шөктіріп тұсады да, одан кейін: «Қайсың Мұхаммедсің (с.ғ.с.)?»,- деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Сахабалардың ортасында қолына сүйеніп отырған болатын. Біз: «Ана шынтақтап жатқан ақ жүзді адам», - деп көрсеттік. Ол Пайғамбарымызға қарап: «Сіз Муталлибтың ұлымысыз?»,- деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Иә», - деп жауап берді. Сонда ол Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) қарап: «Мен сізден бірер мәселе туралы дұрысын (тура, анықтап) сұраймын, сіз ренжімессіз», - деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Қалағаныңды сұрай бер», - деді. Ол: «Сіздің және сізден бұрынғылардың Раббысымен ант етіп сұраймын, сізді Алла тағала барша адам баласына Пайғамбар етіп жіберді ме?»,- деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Иә», - деп жауап берді. Ол: «Алламен ант етіп сұраймын, бес уақыт намаз оқуымызды Алла тағала бұйырды ма?»,- деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Иә», - деп айтты. Ол: «Алламен ант етіп сұраймын, байлардан зекетті алып, кедейлерге үлестіріп беруді Алла тағала сізге бұйырды ма?»,- деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Иә», - деді. Ол: «Алла тағаламен ант етіп сұраймын, жылына бір рет ораза тұтуды Алла тағала бұйырды ма?»,- деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Иә», - деді. Сонда ол кісі: «Мен сіз алып келген нәрселерге иман келтірдім. Мен өз қауымым жіберген өкілімін, есімім Димама ибн Сағлаба, Сағд ибн Бәкір тайпасынанмын», - деп айтты»- деді.

8-бап. Құран мен хадисті басқа мемлекеттерге таратудың дұрыстығы туралы

بَاب مَا يُذَكَّرُ فِي الْمُنَاوَلَةِ وَكِتَابِ أَهْلِ الْعِلْمِ بِالْعِلْمِ إِلَى الْبُلْدَانِ وَقَالَ أَنَسُ بْنُ مَالِكٍ
نَسَخَ عُثْمَانُ بْنُ عَفَّانَ الْمَصَاحِفَ فَبَعَثَ بِهَا إِلَى الْإِفَاقِ وَرَأَى عَبْدُ اللَّهِ بْنُ عُمَرَ
وَيَحْيَى بْنَ سَعِيدٍ وَمَالِكُ بْنُ أَنَسٍ ذَلِكَ جَائِزًا وَاحْتَجَّ بَعْضُ أَهْلِ الْحِجَازِ فِي
الْمُنَاوَلَةِ بِحَدِيثِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ حَيْثُ كَتَبَ لِأَمِيرِ السَّرِيَّةِ كِتَابًا وَقَالَ لَا
تَقْرَأْهُ حَتَّى تَبْلُغَ مَكَانَ كَذَا وَكَذَا فَلَمَّا بَلَغَ ذَلِكَ الْمَكَانَ قَرَأَهُ عَلَى النَّاسِ وَأَخْبَرَهُمْ
بِأَمْرِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

Сахаба Әнас (р.а.) айтты: « Хазреті Осман (р.а.) Мұсхаф Құранды көбейттіріп, жан-жақтағы мемлекеттерге жіберді. Абдулла ибн Омар (р.а.),

Яхия ибн Саъид және Имам Мәлік (р.а.): «Солай істеу дұрыс»,- деді. Бірнеше Хижаз ғұламалары Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадистерін хатқа қосып, құпия істер бастығына беріп «Пәлен жерге барғаннан кейін оқисың»,- деді. Дайындалған жерге барғаннан соң ол жазуды адамдарға оқып берді және оларды Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) әмірлерінен хабардар етті.

64- حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ حَدَّثَنِي إِبْرَاهِيمُ بْنُ سَعْدٍ عَنْ صَالِحٍ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ عُبَيْدِ اللَّهِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُثْبَةَ بْنِ مَسْعُودٍ أَنَّ عَبْدَ اللَّهِ بْنَ عَبَّاسٍ أَخْبَرَهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بَعَثَ بِكِتَابِهِ رَجُلًا وَأَمَرَهُ أَنْ يَدْفَعَهُ إِلَى عَظِيمِ الْبَحْرَيْنِ فَدَفَعَهُ عَظِيمُ الْبَحْرَيْنِ إِلَى كِسْرَى فَلَمَّا قَرَأَهُ مَرَّقَهُ فَحَسِبْتُ أَنَّ ابْنَ الْمُسَيَّبِ قَالَ فَدَعَا عَلَيْهِمْ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنْ يُمَزَّقُوا كُلُّ مُمَزَّقٍ

64- Абдулла ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) хат жазып, оны Бахрейн басшылығы арқылы Парсы басшысына жеткізуді бұйырды. Парсының патшасы хатты оқып, оны жыртып тастады. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Олардың өздері де күл-талқан болсын!»,-деп дұға қылды»,- деді.

9-бап. Дөнгелене отырғандардың арасынан бос орынды көріп, сол жерге барып отырған адам туралы

66- حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ قَالَ حَدَّثَنِي مَالِكٌ عَنْ إِسْحَاقَ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ أَبِي طَلْحَةَ أَنَّ أَبَا مَرْةَ مَوْلَى عَقِيلِ بْنِ أَبِي طَالِبٍ أَخْبَرَهُ عَنْ أَبِي وَقْدِ اللَّيْثِيِّ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بَيْنَمَا هُوَ جَالِسٌ فِي الْمَسْجِدِ وَالنَّاسُ مَعَهُ إِذْ أَقْبَلَ ثَلَاثَةٌ نَفَرٍ فَأَقْبَلَ اثْنَانِ إِلَى رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَدَهَبَ وَاحِدٌ قَالَ فَوَقَّافًا عَلَى رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَأَمَّا أَحَدُهُمَا فَرَأَى فُرْجَةَ فِي الْحَلَقَةِ فَجَلَسَ فِيهَا وَأَمَّا الْآخَرُ فَجَلَسَ خَلْفَهُمْ وَأَمَّا الثَّلَاثُ فَأَدْبَرَ دَاهِبًا فَلَمَّا فَرَغَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ أَلَا أُخْبِرُكُمْ عَنْ النَّفَرِ الثَّلَاثَةِ أَمَّا أَحَدُهُمْ فَأَوَى إِلَى اللَّهِ فَأَوَاهُ اللَّهُ وَأَمَّا الْآخَرُ فَاسْتَحْيَا فَاسْتَحْيَا اللَّهُ مِنْهُ وَأَمَّا الْآخَرُ فَأَعْرَضَ فَأَعْرَضَ اللَّهُ عَنْهُ

66 - Бір күні Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мешітте адамдармен бірге отырған болатын. Үш кісі кіріп келді. Оның екеуі пайғабарымыздың (с.ғ.с.) жанына келді. Ал, біреуі кері қайтып кетті. Қалған екеудің бірі адамдардың қатарындағы бос орынды көріп, сол жерге барып отырды.

Екіншісі болса, олардың арт жағына келіп отырды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сөйлеп болғаннан кейін: «Мына үш кісі туралы сендерге хабар етейін бе? Біріншісі Алла тағаладан пана тіледі.. Алла тағала оны өзінің панасына алып, оған орын берді. Екіншісі болса, кері қайтып кетуден ұялды, Алла тағала да оны азаптаудан ұялар. Ал, үшіншісі Алла тағаладан жүзін теріс бұрды, Алла тағала да одан да жүзін теріс бұрды»,- деді.

10-бап. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Менен естіген адамнан гөрі, кейін одан естіген адам есінде сақтайтын болса»,- деген сөздері туралы

67- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا بَشْرٌ قَالَ حَدَّثَنَا ابْنُ عَوْنٍ عَنْ ابْنِ سِيرِينَ عَنْ عَبْدِ الرَّحْمَنِ بْنِ أَبِي بَكْرَةَ عَنْ أَبِيهِ ذَكَرَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَعَدَ عَلَيَّ بِعَيْرِهِ وَأَمْسَكَ إِنْسَانٌ بِخِطَامِهِ أَوْ بِرِمَامِهِ قَالَ أَيُّ يَوْمٍ هَذَا فَسَكَتْنَا حَتَّى ظَنَّنَا أَنَّهُ سَيُسَمِّيهِ سِوَى اسْمِهِ قَالَ أَلَيْسَ يَوْمَ النَّحْرِ قُلْنَا بَلَى قَالَ فَأَيُّ شَهْرٍ هَذَا فَسَكَتْنَا حَتَّى ظَنَّنَا أَنَّهُ سَيُسَمِّيهِ بِغَيْرِ اسْمِهِ فَقَالَ أَلَيْسَ بِذِي الْحِجَّةِ قُلْنَا بَلَى قَالَ فَإِنَّ دِمَاءَكُمْ وَأَمْوَالَكُمْ وَأَعْرَاضَكُمْ بَيْنَكُمْ حَرَامٌ كَحُرْمَةِ يَوْمِكُمْ هَذَا فِي شَهْرِكُمْ هَذَا فِي بَلَدِكُمْ هَذَا لِيُبْلَغَ الشَّاهِدُ الْغَائِبَ فَإِنَّ الشَّاهِدَ عَسَى أَنْ يُبْلَغَ مَنْ هُوَ أَوْعَى لَهُ مِنْهُ

67 - Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) тізгінін бір кісі ұстап тұрған түйенің үстінде отырған бойы уағыз айтты. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Бұл қандай күн?»,- деп сұрады. Барлығымыз үндемедік, бүгінгі күннің атын басқаша айтар деп ойладық. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Бұл Құрбан айты күні емес пе?»,- деді. Біз: «Иә, солай»,- дестік. Содан кейін: «Бұл қайсы ай?»,- деп сұрады. Біз тағы да үндемей қалдық. Біз бұл айдың атын басқаша айтатын шығар деп ойладық Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Бұл Зу-л-хижжа айы емес пе?»,- деді. Біз: «Иә, солай»,- дедік. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Өзара қан төгулерің, мал-мүліктеріңді талан-тараж қылуларың, абыройларыңды төгулерін, тура сол күні сол айда сол қалада жамандық қылу қандай харам болса, сондай харам болып есептеледі. Естігендер естімегендерге тура осындай етіп жеткізсін! Содан кейін ол жерде болған кісі өзінен гөрі хадисті жақсырақ жатқа алатын адамға жеткізсін»,- деді.

11-бап. Бір істі істеуден және сөйлеуден бұрын ілім үйрену туралы

لَقَوْلِ اللَّهِ تَعَالَى فَاعْلَمُوا أَنَّهُ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ فَبَدَأَ بِالْعِلْمِ وَأَنَّ الْعُلَمَاءَ هُمْ وَرَثَةُ الْأَنْبِيَاءِ وَرَثَتُوا الْعِلْمَ مَنْ أَخَذَهُ أَخَذَ بِحِظِّ وَافِرٍ وَمَنْ سَلَكَ طَرِيقًا يَطْلُبُ بِهِ عِلْمًا سَهَّلَ اللَّهُ لَهُ

طريقًا إلى الجنة وقال جل ذكره إِنَّمَا يَخْشَى اللَّهَ مِنْ عِبَادِهِ الْعُلَمَاءُ وَقَالَ وَمَا يَعْقِلُهَا إِلَّا الْعَالِمُونَ وَقَالُوا لَوْ كُنَّا نَسْمَعُ أَوْ نَعْقِلُ مَا كُنَّا فِي أَصْحَابِ السَّعِيرِ وَقَالَ هَلْ يَسْتَوِي الَّذِينَ يَعْلَمُونَ وَالَّذِينَ لَا يَعْلَمُونَ وَقَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَنْ يُرِدْ اللَّهُ بِهِ خَيْرًا يُفَقِّهْهُ فِي الدِّينِ وَإِنَّمَا الْعِلْمُ بِالتَّعَلُّمِ وَقَالَ أَبُو ذَرٍّ لَوْ وَضَعْتُمُ الصَّمَامَةَ عَلَى هَذِهِ وَأَشَارَ إِلَى فِقَاهُ ثُمَّ ظَنَنْتُ أَنِّي أَنْفَذْتُ كَلِمَةَ سَمِعْتُهَا مِنَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَبْلَ أَنْ تُحْيِزُوا عَلَيَّ لِأَنْفَذْتُهَا وَقَالَ ابْنُ عَبَّاسٍ كُونُوا رَبَّانِيِّنَ حُلَمَاءَ فُقَهَاءَ وَيُقَالُ الرَّبَّانِيُّ الَّذِي يُرَبِّي النَّاسَ بِصِعَارِ الْعِلْمِ قَبْلَ كِبَارِهِ

Алла тағала аят кәрімінде: «Шын мәнінде, Алладан басқа ешбір тәңір жоқ⁴⁰», - деген сөзін «біл», - деген сөз арқылы бастаған. Ғалымдар-Пайғамбарлардың ғ.с. мирасқорлары, олар ілім-білімді Пайғамбарлардан мирас етіп алды. «Кімде-кім ілімді үйренген болса, Пайғамбардан ғ.с. толық мирасқорлық алған», - деген хадисте де ілімді үйрену керектігі айтылған. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) бір хадисінде: «Кімде-кім ілімді қалап қадам басса, Алла тағала оған жәннаттың жолын жеңіл етеді», - деп айтылады. Алла тағала аят кәрімінде: «Шын мәнінде, құлдарынан ғалымдары Алладан қорқады⁴¹», - десе, және бір аятта: «Міне осы мысалдарды адамдар үшін келтіреміз. Бірақ оларды білгендер ғана түсінеді⁴²», - делінген. Ал, мына бір аятта: «Тозақтықтар: «Егер біз тыңдаған немесе ақылға салған болсақ еді, бұл жалындаған тозақтықтардың ішінде болмас едік⁴³», - деседі, және бір аятта: «Білгендер мен білмегендер тең бола ма?⁴⁴», - делінген.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кімде-кімге Алла тағала жақсылық етсе, оны дін ілімінің ғалымы етер, ілімге тек қана ілім арудың жолыменен жетеді», - деген.

Сахаба Әбу Зар (р.а.) айтты: «Егерде қылышты менің мойныма қойсандар, мойнымды кеспестен бұрын мен Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) естіген сөздерімнің біразын айтып үлгеруімнің мүмкіншілігін білсем, айтып өлер едім», - деген екен.

Ибн Аббас: «Куну раббанина!», - яғни «Раббаний бол!», - деген Алланың бұйрығын: «Жұмсақ фиқшы бол!», - деп аударды. Имам Бұхарий: «Раббаний», - деген адамдарды үлкен ілім берерден бұрын кіші іліммен тәрбиелеуші кісі», - деді.

⁴⁰ 47.«Мұхаммед», 19 аят.

⁴¹ 35.«әл-Фатыр», 28 аят.

⁴² 29.«әл-Ғанкәбұт», 43 аят.

⁴³ 67.«әл-Мүлік», 10 аят.

⁴⁴ 39. «әз-Зүмәр», 9 аят.

12-бап. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) адамдарға қиыншылық болмасын деп ыңғайлы күндерді ілім мен уағыз айту үшін белгілеп қойғаны туралы

68- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ يُوسُفَ قَالَ أَخْبَرَنَا سُفْيَانُ عَنْ الْأَعْمَشِ عَنْ أَبِي وَائِلٍ عَنْ ابْنِ مَسْعُودٍ قَالَ كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَتَّخِذُنَا بِالْمَوْعِظَةِ فِي الْأَيَّامِ كِرَاهَةَ السَّامَةِ عَلَيْنَا

68 - Ибн Масғуд (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бізге қиыншылық түспесін деп уағыз айтатын күндерді белгілеп қойған еді.

69- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ بَشَّارٍ قَالَ حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ سَعِيدٍ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ قَالَ حَدَّثَنِي أَبُو التَّيَّاحِ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ يَسْرُوا وَلَا تُعَسِّرُوا وَبَشِّرُوا وَلَا تُنْفَرُوا

69 - Әнас ибн Мәлік (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Жеңілетіндер, ауырлатпандар! Сүйіншілендер, (жақсы хабар айтындар, қызықтырындар) қорқытпандар! (өздеріңнен бездірмендер)», - деді.

13-бап. Ілім үйренушілер үшін белгілі күндерді белгілеген кісі туралы

70- حَدَّثَنَا عُثْمَانُ بْنُ أَبِي شَيْبَةَ قَالَ حَدَّثَنَا جَرِيرٌ عَنْ مَنْصُورٍ عَنْ أَبِي وَائِلٍ قَالَ كَانَ عَبْدُ اللَّهِ يُذَكِّرُ النَّاسَ فِي كُلِّ خَمِيسٍ فَقَالَ لَهُ رَجُلٌ يَا أَبَا عَبْدِ الرَّحْمَنِ لَوْ دِدْتُ أَنَّكَ ذَكَرْتَنَا كُلَّ يَوْمٍ قَالَ أَمَا إِنَّهُ يَمْنَعُنِي مِنْ ذَلِكَ أَنِّي أَخْرَهُ أَنْ أَمْلِكُمْ وَإِنِّي أَتَخَوَّلَكُمْ بِالْمَوْعِظَةِ كَمَا كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَتَّخِذُنَا بِهَا مَخَافَةَ السَّامَةِ عَلَيْنَا

70 - Абдулла ибн Масғуд (р.а.) адамдарға бейсенбі күні уағыз айтатын еді. Бір кісі оған: «Ей, Абдулла, сенің әр күні уағыз айтқаныңды қалаймын», - деді. Сонда Абдулла (р.а.): «Сендерге қиыншылықты қаламағандығым себепті сендерге күнде уағыз айтуды қаламаймын. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бізге уақыт-уақытымен уағыз айтқанындай, мен де сендерге уақыт-уақытымен уағыз айтамын», - деді.

14-бап. Алла тағала кімге жақсылық қаласа, соны дін ілімінің ғалымы етер

71- حَدَّثَنَا سَعِيدُ بْنُ عَفِيرٍ قَالَ حَدَّثَنَا ابْنُ وَهْبٍ عَنْ يُونُسَ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ قَالَ قَالَ حُمَيْدُ بْنُ عَبْدِ الرَّحْمَنِ سَمِعْتُ مُعَاوِيَةَ خَطِيبًا يَقُولُ سَمِعْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَقُولُ مَنْ يُرِدْ اللَّهُ بِهِ خَيْرًا يُفَقِّهْهُ فِي الدِّينِ وَإِنَّمَا أَنَا قَاسِمٌ وَاللَّهُ يُعْطِي وَلَنْ تَزَالَ هَذِهِ الْأُمَّةُ قَائِمَةٌ عَلَى أَمْرِ اللَّهِ لَا يَضُرُّهُمْ مَنْ خَالَفَهُمْ حَتَّى يَأْتِيَ أَمْرُ اللَّهِ

71 - Муғауия (р.а.) хұтпада тұрып мына сөзді Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) естігенмін деп айтты: «Алла тағала кімге жақсылықты нәсіп етсе, оны дін ілімінің ғалымы етер. Ант етіп айтамын, Ислам үмбеті Хақ діннің жолында Алла тағаланың әмірімен жүрсе, Алла тағаланың өзі қаламайынша, оларға дұшпандық етіп қарсы тұратындардың еш зияны тимейді», - деді.

15-бап. Ілімді терең түсіну туралы

72- حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ قَالَ قَالَ لِي ابْنُ أَبِي نَحِيحٍ عَنْ مُجَاهِدٍ قَالَ صَحِبْتُ ابْنَ عُمَرَ إِلَى الْمَدِينَةِ فَلَمْ أَسْمَعْهُ يُحَدِّثُ عَنْ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِلَّا حَدِيثًا وَاحِدًا قَالَ كُنَّا عِنْدَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَأَتَى بِجُمَّارٍ فَقَالَ إِنَّ مِنَ الشَّجَرِ شَجَرَةً مِثْلَهَا كَمَثَلِ الْمُسْلِمِ فَأَرَدْتُ أَنْ أَقُولَ هِيَ النَّخْلَةُ فَإِذَا أَنَا أَصْغَرُ الْقَوْمِ فَسَكَتُ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ هِيَ النَّخْلَةُ

72 - Мужахид (р.а.) айтты: «Ибн Омармен Мединеге бірге бардым. Ол кісі жолда Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадистерінің бірін айтып берді. Ол былай деді: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) жанында едік, құрма (жуммар⁴⁵) әкелінді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ағаштардың ішінде бір ағаш бар, ол мұсылмандарға ұқсайды», - деді. Мен: «Ол-құрма ағашы», - деп айтпақшы болдым, бірақ бәрінен жасым кіші болғандықтан үндемедім. Содан соң Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) өзі: «Ол - құрма ағашы», - деді.

⁴⁵ Жуммар- Құрма ағашының желінетін өзегі.

16-бап. Ілім хикметіне қызығу және қызғану туралы

قَالَ عُمَرُ تَفَقَّهُوا قَبْلَ أَنْ تُسَوِّدُوا قَالَ أَبُو عَبْدِ اللَّهِ وَبَعَدَ أَنْ تُسَوِّدُوا وَقَدْ تَعَلَّمَ
أَصْحَابُ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي كِبَرِ سِنِّهِمْ

Хазреті Омар (р.а.) айтты: «Басшы болмастан бұрын бірінші білімді терең оқып үйрен! Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) Сахабалары жастары ұлғайған кездерінде де ілім үйренген болатын.

73- حَدَّثَنَا الْحُمَيْدِيُّ قَالَ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ قَالَ حَدَّثَنِي إِسْمَاعِيلُ بْنُ أَبِي خَالِدٍ عَلَى
غَيْرِ مَا حَدَّثَنَا الزُّهْرِيُّ قَالَ سَمِعْتُ قَيْسَ بْنَ أَبِي حَازِمٍ قَالَ سَمِعْتُ عَبْدَ اللَّهِ بْنَ
مَسْعُودٍ قَالَ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَا حَسَدَ إِلَّا فِي اثْنَتَيْنِ رَجُلٌ آتَاهُ اللَّهُ
مَالًا فَسَلَّطَ عَلَى هَلَكَتِهِ فِي الْحَقِّ وَرَجُلٌ آتَاهُ اللَّهُ الْحِكْمَةَ فَهُوَ يَقْضِي بِهَا وَيُعَلِّمُهَا

73 - Абдулла ибн Масғуд (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Екі нәрседе ғана қызғаныш бар: оның біріншісі - Алла тағала бір кісіге халалдан мал-дүние берсе, ол оны хақ жолында жұмсап жатқан болса, екіншісі - бір кісіге Алла тағала ілім-ғылымды нәсіп етсе, ол хукім сұрап жатқан адамдарға білгенін үйретіп жатқан болса», - деді.

17-бап. Мұсаның ғ.с. теңізді жағалап Қызырдың ғ.с. алдына баруы

74- حَدَّثَنِي مُحَمَّدُ بْنُ غُرَيْرٍ الزُّهْرِيُّ قَالَ حَدَّثَنَا يَعْقُوبُ بْنُ إِبْرَاهِيمَ قَالَ حَدَّثَنِي
أَبِي عَنْ صَالِحٍ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ حَدَّثَهُ أَنَّ عُبَيْدَ اللَّهِ بْنَ عَبْدِ اللَّهِ أَخْبَرَهُ عَنْ ابْنِ
عَبَّاسٍ أَنَّهُ تَمَارَى هُوَ وَالْحُرُّ بْنُ قَيْسٍ بْنِ حِصْنِ الْفَزَارِيِّ فِي صَاحِبِ مُوسَى قَالَ
ابْنُ عَبَّاسٍ هُوَ خَضِرٌ فَمَرَّ بِهِمَا أَبِي بْنُ كَعْبٍ فَدَعَاهُ ابْنُ عَبَّاسٍ فَقَالَ إِنِّي تَمَارَيْتُ
أَنَا وَصَاحِبِي هَذَا فِي صَاحِبِ مُوسَى الَّذِي سَأَلَ مُوسَى السَّبِيلَ إِلَى لُقْيِهِ هَلْ
سَمِعْتَ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَذْكُرُ شَأْنَهُ قَالَ نَعَمْ سَمِعْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى
اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَقُولُ بَيْنَمَا مُوسَى فِي مَلَأٍ مِنْ بَنِي إِسْرَائِيلَ جَاءَهُ رَجُلٌ فَقَالَ هَلْ
تَعْلَمُ أَحَدًا أَعْلَمَ مِنْكَ قَالَ مُوسَى لَا فَأَوْحَى اللَّهُ عَزَّ وَجَلَّ إِلَى مُوسَى بَلَى عَبْدُنَا

خَضِرٌ فَسَأَلَ مُوسَى السَّبِيلَ إِلَيْهِ فَجَعَلَ اللَّهُ لَهُ الْحُوتَ آيَةً وَقِيلَ لَهُ إِذَا فَقَدْتَ
 الْحُوتَ فَارْجِعْ فَإِنَّكَ سَتَلْقَاهُ وَكَانَ يَتَّبِعُ أَثَرَ الْحُوتِ فِي الْبَحْرِ فَقَالَ لِمُوسَى فَتَاهُ
 أَرَأَيْتَ إِذْ أُوْتِينَا إِلَى الصَّخْرَةِ فَإِنِّي نَسِيتُ الْحُوتَ وَمَا أَنسَانِيهِ إِلَّا الشَّيْطَانُ أَنْ
 أَذْكَرَهُ قَالَ ذَلِكَ مَا كُنَّا نَبْغِي فَارْتَدَّا عَلَى آثَارِهِمَا قَصَصًا فَوَجَدَا خَضِرًا فَكَانَ مِنْ
 شَأْنِهِمَا الَّذِي قَصَّ اللَّهُ عَزَّ وَجَلَّ فِي كِتَابِهِ

74 - Мұсаның ғ.с. Қызырмен ғ.с. жолыққаны туралы Құран кәрімде
 былай делінеді: «Саған үйретілген даналықтан маған да үйретуің үшін
 саған ерейін бе?»⁴⁶,- деді.

Ибн Аббас пен әл-Харр ибн Қайс Мұсамен ғ.с. жолыққан кісі (яғни
 Қызыр ғ.с.) туралы тартысып қалды. Ибн Аббас (р.а.): «Қызырмен
 жолыққан»,- деді. Сол кезде олардың жанынан Убай ибн Кағб (р.а.) өтіп
 бара жатыр еді. Ибн Аббас (р.а.) оны шақырып алып: «Біз Харр екеуіміз
 Мұсаға ғ.с. жолыққан адам туралы тартысып қалдық, Пайғамбарымыздан
 (с.ғ.с.) бұл туралы естігенбісіз?»,- деп сұрады. Сонда Убай (р.а.): «Иә
 естігенмін»,- деді. Мұса ғ.с. Бәний Исраил қауымынан бір топтың ішінде
 тұрған екен. Бір кісі келіп: «Өзіңізден артығырақ білетін басқа бір адамды
 білесіз бе?»,- деп сұрапты. Сонда Мұса Пайғамбар: «Жоқ, білмеймін»,- деп
 жауап беріпті. Сонда Алла тағала Мұсаға ғ.с.: «Жоқ, сенен де басқа Қызыр
 деген пендем бар»,- деп уәхи етті. Мұса ғ.с. Алла тағаладан Қызырмен ғ.с.
 жолығудың жолын сұрады Алла тағала жолығудың ғаламат белгілерін
 білдірді. «Көзінен ғайып болған соң, артыңа кері қайт, Қызырмен ғ.с.
 жолығасың»,- делінді. Мұса ғ.с. теңізді бойлап, артына қарай жүрді. Бір
 кезде Мұсаға ғ.с. қызметшісі: «Қойтастың алдына барып тоқтағанымызда,
 мені шайтан адастырып, балықты жоғалттым»,- деді. Мұса ғ.с.: «Бізге
 керегі де тұп-тура осы еді»,- деді. Қызырды ғ.с. іздеп, артқа қарай қойтас
 жаққа жүрді. Ол жерден Қызырды ғ.с. тапты. Құран кәрімде Алла тағала
 айтқан Мұсамен ғ.с. Қызырдың ғ.с. уақиғасы баян етілді.

**18-бап. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Иләһи, бұл жігітке Құран
 кәрімді жатқа алып, оны терең түсінуді нәсіп еткейсің!»,- деп дұға етуі
 туралы**

75- حَدَّثَنَا أَبُو مَعْمَرٍ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْوَارِثِ قَالَ حَدَّثَنَا خَالِدٌ عَنْ عِكْرَمَةَ عَنْ ابْنِ
 عَبَّاسٍ قَالَ ضَمَّنِي رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَقَالَ اللَّهُمَّ عَلِّمَهُ الْكِتَابَ

75 - Абдулла ибн Аббас (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мені
 құшақтап тұрып: «Иләһи, бұған Құран кәрімді жатқа алуын және оны
 терең түсінуін жеңілдікпен нәсіп еткейсің !»,- деп дұға етті»,- деді.

⁴⁶ 18. «әл-Кәһф», 66 аят.

19-бап. Қандай жағдайда жас балаға ескерту беру дұрыс болады

76- حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ بْنُ أَبِي أُوَيْسٍ قَالَ حَدَّثَنِي مَالِكٌ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ عُبَيْدِ اللَّهِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُثْبَةَ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَبَّاسٍ قَالَ أَقْبَلْتُ رَاكِبًا عَلَى حِمَارٍ أَنَا وَأَنَا يَوْمَئِذٍ قَدْ نَاهَزْتُ الْإِحْتِلَامَ وَرَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُصَلِّي بَيْنِي إِلَى غَيْرِ جِدَارٍ فَمَرَرْتُ بَيْنَ يَدَيْ بَعْضِ الصَّفِّ وَأُرْسَلْتُ الْآتَانَ تَرْتَعُ فَدَخَلْتُ فِي الصَّفِّ فَلَمْ يُنْكَرْ ذَلِكَ عَلَيَّ

76 - Абдулла ибн Аббас (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Минада (Меккедегі құрбан шалатын жер) намаз оқып жатқан болатын, қыбла жағына ешқандай (сутра) белгі қойылмаған еді. Мен Балағат жасына жетейін деп қалған уақытым болатын. Бір ұрғашы есекке мініп, намаз оқып жатқандардың алдынан өттім, кейін есекті жайылсын деп шүйгін жерге жібердім де, өзім келіп сапқа тұрдым. Осы ісім үшін маған ешкім ескерту жасамады», - деді.

77- حَدَّثَنِي مُحَمَّدُ بْنُ يُوسُفَ قَالَ حَدَّثَنَا أَبُو مُسْهَرٍ قَالَ حَدَّثَنِي مُحَمَّدُ بْنُ حَرْبٍ حَدَّثَنِي الزُّبَيْدِيُّ عَنْ الزُّهْرِيِّ عَنْ مَحْمُودِ بْنِ الرَّبِيعِ قَالَ عَقَلْتُ مِنَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَجَّةً مَجَّهَا فِي وَجْهِي وَأَنَا ابْنُ خَمْسِ سِنِينَ مِنْ دَلْوٍ

77 - Сахаба Махмуд ибн Рабиғ (р.а.) айтты: «Менің бес жасымда Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) аузымен шелектен бір ұрттам су алып, менің бетіме бүркіп шашып жібергені есімде қалыпты», - деді.

20-бап. Білім алу ниетімен жолға шығу туралы

Бұл туралы Құран кәрімде Мұса мен ғ.с. Қызырдың ғ.с.киссасы баян етілген.

21-бап. Ілім үйренудің және оны басқаға үйретудің артықшылығы туралы

79- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ الْعَلَاءِ قَالَ حَدَّثَنَا حَمَّادُ بْنُ أُسَامَةَ عَنْ بُرَيْدِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ عَنْ أَبِي بُرْدَةَ عَنْ أَبِي مُوسَى عَنْ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ مَثَلُ مَا بَعَثَنِي اللَّهُ

بِهِ مِنَ الْهُدَى وَالْعِلْمِ كَمَثَلِ الْغَيْثِ الْكَثِيرِ أَصَابَ أَرْضًا فَكَانَ مِنْهَا نَقِيَّةٌ قَبِلَتْ الْمَاءَ فَأَنْبَتَتْ الْكَلَأَ وَالْعُشْبَ الْكَثِيرَ وَكَانَتْ مِنْهَا أَجَادِبُ أُمْسَكْتِ الْمَاءِ فَنَفَعَ اللَّهُ بِهَا النَّاسَ فَشَرِبُوا وَسَقَوْا وَزَرَعُوا وَأَصَابَتْ مِنْهَا طَائِفَةٌ أُخْرَى إِيْمًا هِيَ قَبِيحَةٌ لَا تُمْسِكُ مَاءً وَلَا تُنْبِتُ كَلَأً فَذَلِكَ مَثَلُ مَنْ فُقِيَ فِي دِينِ اللَّهِ وَنَفَعَهُ مَا بَعَثَنِي اللَّهُ بِهِ فَعَلِمَ وَعَلِمَ وَمَثَلُ مَنْ لَمْ يَرْفَعْ بِذَلِكَ رَأْسًا وَلَمْ يَقْبَلْ هُدَى اللَّهِ الَّذِي أُرْسِلْتُ بِهِ قَالَ أَبُو عَبْدِ اللَّهِ قَالَ إِسْحَاقُ وَكَانَ مِنْهَا طَائِفَةٌ قَبِلَتْ الْمَاءَ فَأَخْرَجَتْهُ الْمَاءُ وَالصَّفْصَفُ الْمُسْتَوِي مِنْ الْأَرْضِ

79 - Әбу Мұса (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Алла тағаланың маған жіберген тура жолы сияқты ілім көп жауған жауынға ұқсайды. Кейбір жер саф, құнарлы болып, жауған жаңбырды өзіне сіңіріп алып, сан алуан өсімдіктер мен көк шөптерді өсіреді. Ал, кейбір жер құрғақ, қатты болып, суды өзіне сіңірмей, көлшік қылып бетіне жинайды. Оны Алла тағала пенделеріне пайдаландырады. Адамдар ол судан ішер, малдарын, егіндерін суғаруға пайдаланар. Ал, енді кейбір жерлер тегіс болып, суды өзінде ұстап қалмайды, ешнәрсе өспейді, көгалдарды да көгертпейді. Бұны төмендегіше түсіндірсе болады: Бір кісі Алла тағаланың ілімін (Исламды) терең оқып үйренеді, терең түсінеді және оны пайдаланады. Алла тағаланың жіберген ілімін өзі үйреніп басқаларға да үйретеді. Екінші бір кісі ілімді үйреніп адамдарға да үйретер, бірақ өзі амал етпейді. Кейбіреу өркөкіректік етіп, өзі де үйренбейді, өзгеге де үйретпейді.».

22-бап. Ілімді жоғалту және надандықтың пайда болуы

80- حَدَّثَنَا عِمْرَانُ بْنُ مَيْسِرَةَ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْوَارِثِ عَنْ أَبِي النَّيَّاحِ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِنَّ مِنْ أَسْرَاطِ السَّاعَةِ أَنْ يُرْفَعَ الْعِلْمُ وَيَنْبُتَ الْجَهْلُ وَيَشْرَبَ الْخَمْرُ وَيَظْهَرَ الزُّنَا

80 - Әнас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Ілімге құштарсыздық, надандық, араққорлық, және зинақорлықтың кеңінен етек алуы - қияметтің ғаламат белгілерінен»,- деді.

81- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا يَحْيَى عَنْ شُعْبَةَ عَنْ قَتَادَةَ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ قَالَ لَأُحَدِّثَنَّكُمْ حَدِيثًا لَا يُحَدِّثُكُمْ أَحَدٌ بَعْدِي سَمِعْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

يَقُولُ مِنْ أَشْرَاطِ السَّاعَةِ أَنْ يَقِلَّ الْعِلْمُ وَيَظْهَرَ الْجَهْلُ وَيَظْهَرَ الزُّنَا وَتَكْثُرَ النِّسَاءُ وَيَقِلَّ الرَّجَالُ حَتَّى يَكُونَ لِخَمْسِينَ امْرَأَةً الْقِيَمُ الْوَاحِدُ

81 - Хазреті Әнас (р.а.) айтты: «Мен сендерге бір хадис айтып берейін, менен кейін бұл хадисті сендерге ешкім айтып бермейді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) төмендегілерді қияметтің ғаламат белгілері деп айтқанын естіген едім :

- Ілім-ғылымның азаюы;
- Надандықтың белең алуы;
- Зинақорлықтың етек жаюы;
- Әйелдердің көбеюі;
- Ер адамдардың азаюы, тіпті елу әйелге бір ер адамнан болмағы.

23-бап. Ілімнің артықшылықтары туралы

82- حَدَّثَنَا سَعِيدُ بْنُ عَفِيرٍ قَالَ حَدَّثَنِي اللَّيْثُ قَالَ حَدَّثَنِي عُقَيْلٌ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ حَمْرَةَ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ أَنَّ ابْنَ عُمَرَ قَالَ سَمِعْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ بَيْنَا أَنَا نَائِمٌ أُتَيْتُ بِقَدَحٍ لَبَنٍ فَشَرِبْتُ حَتَّى إِنِّي لَأَرَى الرَّيَّ يَخْرُجُ فِي أَظْفَارِي ثُمَّ أُعْطِيتُ فَضْلِي عُمَرَ بْنَ الْخَطَّابِ قَالُوا فَمَا أَوْلَتْهُ يَا رَسُولَ اللَّهِ قَالَ الْعِلْمُ

82 - Абдулла ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Түсімде маған бір ыдыспен сүт әкелінді. Одан тырнақтарымның астынан сүт шыққанын көргенімше қанып іштім», - деді. Сонда Сахабалар: «Я Расулалла, оны не нәрсеге жорыдыңыз?», - деп сұрасты. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Оны ілімге жорыдым», - деді.

24-бап. Түйенің немесе басқа бір нәрсенің үстінде тұрып пәтуа айту туралы

83- حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ قَالَ حَدَّثَنِي مَالِكٌ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ عِيسَى بْنِ طَلْحَةَ بْنِ عُبَيْدِ اللَّهِ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَمْرٍو بْنِ الْعَاصِ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَقَفَ فِي حَجَّةِ الْوَدَاعِ بِمِئَى لِلنَّاسِ يَسْأَلُونَهُ فَجَاءَهُ رَجُلٌ فَقَالَ لَمْ أَشْعُرْ فَحَلَفْتُ قَبْلَ أَنْ أُدْبِحَ فَقَالَ ادْبَحْ وَلَا حَرَجَ فَجَاءَ آخَرُ فَقَالَ لَمْ أَشْعُرْ فَفَحَرْتُ قَبْلَ أَنْ أُرْمِيَ قَالَ

أَرْمَ وَلَا حَرَجَ فَمَا سَأَلَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَنْ شَيْءٍ قَدَّمَ وَلَا آخَرَ إِلَّا قَالَ
أَفْعَلْ وَلَا حَرَجَ

83 - Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) адамдардың сұрақтарына жауап беру үшін Минадағы (кұрбандық шалатын жер) Хажжат ул-Уадағта біраз кідіріп қалды. Сонда бір кісі келіп: «Я Расулулла, құрбанды шалмай тұрып шашымды алдырып жіберіппін», - деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ештеңе етпейді, құрбандығыңды соя бер, оның еш зияны жоқ», - деді. Басқа бір кісі келіп: «Шайтанға тас атпастан бұрын, білмей құрбандықты шалып қойыппын», - деп сұрады. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ештеңе етпейді, тасты ата бер, оның ешбір зияны жоқ», - деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) адамдардың «Олай істеп қойыппын, бұлай істеп қойыппын», - деген сауалдарының бәріне осылай деп жауап берді.

25-бап. Пәтуа сұраған адамға баспен немесе қолмен ишара белгі қылып жауап берудің дұрыстығы туралы

84- حَدَّثَنَا مُوسَى بْنُ إِسْمَاعِيلَ قَالَ حَدَّثَنَا وَهَيْبٌ قَالَ حَدَّثَنَا أَيُّوبُ عَنْ عِكْرِمَةَ
عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ سُئِلَ فِي حَجَّتِهِ فَقَالَ دَبَحْتُ قَبْلَ أَنْ
أُرْمِيَ فَأَوْمَأَ بِيَدِهِ قَالَ وَلَا حَرَجَ قَالَ حَلَفْتُ قَبْلَ أَنْ أُدْبِحَ فَأَوْمَأَ بِيَدِهِ وَلَا حَرَجَ

84 - Хажжат ул-Уадағта тұрғанында Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.): «Шайтанға тас атпастан бұрын құрбандыққа атаған қойымды сойып қойыппын?», - деп сұрады. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Оның еш зияны жоқ», - деді. (Қолымен ишара етті) Бір кісі: «Құрбандық қойды соймастан бұрын шашымды алдырып қойыппын?», - деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Оның зияны жоқ», - деп қолымен ишара етіп көрсетті.

85- حَدَّثَنَا الْمَكِّيُّ بْنُ إِبْرَاهِيمَ قَالَ أَخْبَرَنَا حَنْظَلَةُ بْنُ أَبِي سُفْيَانَ عَنْ سَالِمٍ قَالَ
سَمِعْتُ أَبَا هُرَيْرَةَ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ يُقْبَضُ الْعِلْمُ وَيَظْهَرُ الْجَهْلُ
وَالْفِتْنُ وَيَكْتُرُ الْهَرَجُ قِيلَ يَا رَسُولَ اللَّهِ وَمَا الْهَرَجُ فَقَالَ هَكَذَا بِيَدِهِ فَحَرَفَهَا كَأَنَّهُ
يُرِيدُ الْقَتْلَ

85 - Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Лімі жоғалады, надандық күшейеді, бүліктер пайда болады, хараж (қан төгу) көбейеді», - деді. «Я Расулулла, хараж деген не нәрсе?», - деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Мерт қылу», - деген мағынада қолдарын тамағына тақап, ишара етіп көрсетті.

86- حَدَّثَنَا مُوسَى بْنُ إِسْمَاعِيلَ قَالَ حَدَّثَنَا وَهَيْبٌ قَالَ حَدَّثَنَا هِشَامٌ عَنْ فَاطِمَةَ عَنْ
أَسْمَاءَ قَالَتْ أَتَيْتُ عَائِشَةَ وَهِيَ تُصَلِّي فَقُلْتُ مَا شَأْنُ النَّاسِ فَأَشَارَتْ إِلَى السَّمَاءِ
فَإِذَا النَّاسُ قِيَامٌ فَقَالَتْ سُبْحَانَ اللَّهِ قُلْتُ آيَةٌ فَأَشَارَتْ بِرَأْسِهَا أَيَّ نَعَمْ فَقُمْتُ حَتَّى
تَجَلَّانِي الْعَيْشِيُّ فَجَعَلْتُ أَصْبُ عَلَى رَأْسِي الْمَاءَ فَحَمِدَ اللَّهُ عَزَّ وَجَلَّ النَّبِيَّ صَلَّى
اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَأَتَنَى عَلَيْهِ ثُمَّ قَالَ مَا مِنْ شَيْءٍ لَمْ أَكُنْ أُرِيئُهُ إِلَّا رَأَيْتُهُ فِي مَقَامِي
حَتَّى الْجَنَّةُ وَالنَّارُ فَأَوْحِيَ إِلَيَّ أَنْكُمْ تُفْتَنُونَ فِي قُبُورِكُمْ مِثْلَ أَوْ قَرِيبَ لَا أُدْرِي أَيَّ
ذَلِكَ قَالَتْ أَسْمَاءُ مِنْ فِتْنَةِ الْمَسِيحِ الدَّجَالِ يُقَالُ مَا عَلِمَكَ بِهَذَا الرَّجُلِ فَأَمَّا الْمُؤْمِنُ
أَوْ الْمُؤَقِنُ لَا أُدْرِي بِأَيِّهِمَا قَالَتْ أَسْمَاءُ فَيَقُولُ هُوَ مُحَمَّدٌ رَسُولُ اللَّهِ جَاءَنَا بِالْبَيِّنَاتِ
وَالْهُدَى فَأَجَبْنَا وَاتَّبَعْنَا هُوَ مُحَمَّدٌ ثَلَاثًا فَيُقَالُ نَمَّ صَالِحًا قَدْ عَلِمْنَا إِنْ كُنْتَ لِمُوقِنًا بِهِ
وَأَمَّا الْمُنَافِقُ أَوْ الْمُرْتَابُ لَا أُدْرِي أَيَّ ذَلِكَ قَالَتْ أَسْمَاءُ فَيَقُولُ لَا أُدْرِي سَمِعْتُ
النَّاسَ يَقُولُونَ شَيْئًا فَقُلْتُ

86 - Асма (Әбу Бәкірдің қызы) айтты: «Айшәнікіне бардым, ол намаз оқып жатыр екен. Адамдарға не болды десем, аспанға ишара-белгі қылды (мешіт жаққа қарасам, адамдар күн тұтылды деп қорыққандарынан намаз оқып жатқан екен) Мен: «Бұл қиямет белгісі ме?»,- деп сұрадым. Ол: «Иә»,- деп басын изеді. Мен де көзім қарауытып, есімнен танғанша, намаз оқыдым. Содан соң (есімді жинау үшін) басыма су құя бастадым. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Аллаға мадақ айтып болып: «Біреу болса да көрмеген нәрсем қалмады. Мына осы тік тұрған жерімде барша нәрсені, тіптен, жәннат пен тозақты да көрдім. Маған: «Сендер қабірлеріңде Дәжжалдың бүлігіндей немесе соған ұқсас бір сынақтан өтесіндер»,- деген уәхи келді. Сынақ уақытында: «Бұл кісіні танысың ба?»,- деп сұрайды. Сұраққа алынып жатқан адам шын иманды болса: «Бұл Мұхаммед (с.ғ.с.) бізге Алла тағаланың тура жолын алып келген, мұғжизалар көрсеткен, біз қабыл қылғанбыз»,- деп және үш мәрте «Бұл Мұхаммед (с.ғ.с.)»,- деп қайталар. «Біз сенің шын иманды екенінді білгенбіз, қылған жақсылықтарыңның рахатын көріп ұйықтай бер»,- дейді. Ал, жауап беруші Мунафиқ болса, «Білмеймін, адамдардан не естіген болсам, соны айтқан болатынмын» (яғни, бұл кісіні Пайғамбар ғ.с. деп анық айта алмайды)»,- дейді.

26-бап. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) Әбд ул-Қайс тайпасынан келген меймандарға иман мен ілімді сақтау керектігін айтқаны және бұл туралы отбасыларын да хабардар қылындар!»,- дегені туралы

87- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ بَشَّارٍ قَالَ حَدَّثَنَا غُنْدَرٌ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ أَبِي جَمْرَةَ قَالَ كُنْتُ أُتْرَجِمُ بَيْنَ ابْنِ عَبَّاسٍ وَبَيْنَ النَّاسِ فَقَالَ إِنَّ وَقَدَ عَبْدُ الْقَيْسِ أَتَوْا النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ مَنْ الْوَفْدُ أَوْ مَنْ الْقَوْمُ قَالُوا رَبِيعَةُ فَقَالَ مَرَحَبًا بِالْقَوْمِ أَوْ بِالْوَفْدِ غَيْرَ خَزَايَا وَلَا نَدَامَى قَالُوا إِنَّا نَأْتِيكَ مِنْ شِقَّةٍ بَعِيدَةٍ وَبَيْنَنَا وَبَيْنَكَ هَذَا الْحَيُّ مِنْ كَفَّارٍ مُضِرٍّ وَلَا نَسْتَطِيعُ أَنْ نَأْتِيكَ إِلَّا فِي شَهْرِ حَرَامٍ فَمُرْنَا بِأَمْرٍ نُخْبِرُ بِهِ مَنْ وَرَاءَنَا نَدْخُلُ بِهِ الْجَنَّةَ فَأَمَرَهُمْ بِأَرْبَعٍ وَنَهَاهُمْ عَنْ أَرْبَعٍ أَمَرَهُمْ بِالْإِيمَانِ بِاللَّهِ عَزَّ وَجَلَّ وَحَدُّهُ قَالَ هَلْ تَدْرُونَ مَا الْإِيمَانُ بِاللَّهِ وَحَدُّهُ قَالُوا اللَّهُ وَرَسُولُهُ أَعْلَمُ قَالَ شَهَادَةُ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَأَنَّ مُحَمَّدًا رَسُولُ اللَّهِ وَإِقَامُ الصَّلَاةِ وَإِيتَاءُ الزَّكَاةِ وَصَوْمُ رَمَضَانَ وَتُعْطُوا الْخُمْسَ مِنَ الْمَعْتَمِ وَنَهَاهُمْ عَنِ الدُّبَاءِ وَالْحَنْتَمِ وَالْمُرْقَاتِ قَالَ شُعْبَةُ رُبَّمَا قَالَ النَّقِيرُ وَرُبَّمَا قَالَ الْمُفَيْرُ قَالَ أَحْفَظُوهُ وَأَخْبِرُوهُ مَنْ وَرَاءَكُمْ

87 - Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдына Әбдул Қайс тайпасынан өкілдер келіп, Рабийға қауымы бізге кедергі келтіруде, алдыңызға қажылық айынан басқа уақытта келуімізге мүмкіндігіміз жоқ. Бізге бір нәрсе бұйырсаңыз, (үйретсеңіз) біз оны сізден үйреніп, үйіміздегілерге барып үйретсек!»,- десті. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Сендерге төрт түрлі нәрсені үйренуге бұйырамын;

- 1). Алла тағалаға иман келтірмек (яғни, **Лә иләһа илла Алла** деу);
- 2). Мені Алла тағаланың елшісі деп сену;
- 3). Намаз оқуларыңа;
- 4). Зекет берулеріне.
- 5) Рамазан оразасын ұстау;

Ал мына төрт түрлі нәрсені жасауға тиым салды:

- 1). **дуббоғь**, кептірілген асқабақтан ішімдікті құйып қою үшін істелген ыдыс.
- 2). **Хантам**, Қыл мен қан араластырып саз балшықтан істелген ыдыс.
- 3). **Муқайяр**, ішімдікті құю үшін Құрма ағашынан қашалып істелген ыдыс

4). **Накийр**, ішімдікті (арақ) құю үшін істеліп қара маймен (смола) майланған ыдыс. Осыларды қолдануға тиым саламын»,- деді.

27-бап. Көңілге келген мәселені сұрап, біліп алу үшін сапарға шығу және одан қайтып келіп, отбасын үйрету туралы

88- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ مِقَاتٍ أَبُو الْحَسَنِ قَالَ أَخْبَرَنَا عَبْدُ اللَّهِ قَالَ أَخْبَرَنَا عُمَرُ بْنُ سَعِيدِ بْنِ أَبِي حُسَيْنٍ قَالَ حَدَّثَنِي عَبْدُ اللَّهِ بْنُ أَبِي مُلَيْكَةَ عَنْ عُبَيْةِ بْنِ الْحَارِثِ أَنَّهُ تَزَوَّجَ ابْنَتَهُ لِأَبِي إِهَابِ بْنِ عَزِيزٍ فَأَتَتْهُ امْرَأَةٌ فَقَالَتْ إِنِّي قَدْ أَرْضَعْتُ عُبَيْةَ وَالَّتِي تَزَوَّجَ فَقَالَ لَهَا عُبَيْةُ مَا أَعْلَمُ أَنَّكَ أَرْضَعْتِنِي وَلَا أَخْبَرْتِنِي فَرَكِبَ إِلَى رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِالْمَدِينَةِ فَسَأَلَهُ فَقَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَيْفَ وَقَدْ قِيلَ فَفَارَقَهَا عُبَيْةٌ وَنَكَحَتْ زَوْجًا غَيْرَهُ

88- Ғукба ибн Харс (р.а.) Сахаба Әбу Ихабтың (р.а.) қызына үйленді. Сол кезде бір әйел келіп Ғукбаға: «Мен сені де және үйленейін деп жатқан қызыңды да емізгенмін»,- деді. Сонда Ғукба: «Мен сіздің мені емізгеніңізді білмегенмін және бұл туралы маған бұрын айтқан емессіз»,- деді. Содан соң Ғукба (р.а.) Мединеге Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдына барып, бұл жағдай туралы сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Оны қалай әйелдікке аласың, саған сүт (емшектес) қарындас деп айтыпты ғой?!»,- деді. Кейіннен Ғукба оны қоя берді, ол қыз басқа адамға тұрмысқа шығып кетті.

28-бап. Кезектесіп ілім алу туралы

89- حَدَّثَنَا أَبُو الْيَمَانِ أَخْبَرَنَا شُعَيْبٌ عَنْ الزُّهْرِيِّ ح قَالَ أَبُو عَبْدِ اللَّهِ وَقَالَ ابْنُ وَهْبٍ أَخْبَرَنَا يُونُسُ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ عُبَيْدِ اللَّهِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ أَبِي ثَوْرٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَبَّاسٍ عَنْ عُمَرَ قَالَ كُنْتُ أَنَا وَجَارٌ لِي مِنَ الْأَنْصَارِ فِي بَنِي أُمَيَّةَ بْنِ زَيْدٍ وَهِيَ مِنْ عَوَالِي الْمَدِينَةِ وَكُنَّا نَتَنَاقَبُ التَّرْوَلَ عَلَى رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَنْزِلُ يَوْمًا وَأَنْزَلَ يَوْمًا فَإِذَا نَزَلَتْ جِئْتُهُ بِخَبَرِ ذَلِكَ الْيَوْمِ مِنَ الْوَحْيِ وَغَيْرِهِ وَإِذَا نَزَلَ فَعَلَ مِثْلَ ذَلِكَ فَنَزَلَ صَاحِبِي الْأَنْصَارِيُّ يَوْمَ نُوْبَيْتِهِ فَضْرَبَ بَابِي فَضْرَبًا شَدِيدًا فَقَالَ أَتَمَّ هُوَ فَفَزَعْتُ فَخَرَجْتُ إِلَيْهِ فَقَالَ قَدْ حَدَّثَ أَمْرٌ عَظِيمٌ قَالَ

فَدَخَلْتُ عَلَى حَفْصَةَ فَإِذَا هِيَ تَبْكِي فَقُلْتُ طَلَّقَنَّ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ
قَالَتْ لَا أُدْرِي ثُمَّ دَخَلْتُ عَلَى النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقُلْتُ وَأَنَا قَائِمٌ أَطَلَّقْتَ
نِسَاءَكَ قَالَ لَا فَقُلْتُ اللَّهُ أَكْبَرُ

89 - Омар (р.а.) айтты: «Мен және Бәний Умайя тайпасынан болған бір ансарий көршім екеуміз Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдына кезек-кезек баратын едік. Бір күні мен баратынмын, екінші күні ол баратын. Мен барсам, қайтып келгеннен соң көршіме осы күні Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) келген уәхи және де басқа хабарларды айтып беретінмін. Егерде ол барса, келіп маған айтып беретін еді. Бір күні сол көршімнің кезегі болатын, ол есігімді қаттырақ қағып, «Омар бар ма?»,- деді. Мен қорқынқырап қалып, асығыс шықтым. Ол: «Мынандай маңызды оқиға болды»,- деді. Омар (р.а.) айтты: Мединеге барып, қызым Хафсаға кірсем, ол жылап отыр екен. Мен оған: «Расулулла сендерді талақ етті ме?»,- дедім. Ол: «Білмеймін»,- деді. Мен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдына кірдім де отырмастан: «Әйелдеріңізді талақ еттіңіз бе?»,- деп сұрадым. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Жоқ»,- деді. Мен: «Аллаһу Акбар»,- дедім.

29-бап. Уағыз айтып және ілім үйреніп жатқан кісінің жақтырмаған нәрсені байқағанда ашуланудың дұрыс екендігі туралы

90- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ كَثِيرٍ قَالَ أَخْبَرَنَا سُفْيَانُ عَنْ ابْنِ أَبِي خَالِدٍ عَنْ قَيْسِ بْنِ أَبِي حَازِمٍ عَنْ أَبِي مَسْعُودٍ الْأَنْصَارِيِّ قَالَ قَالَ رَجُلٌ يَا رَسُولَ اللَّهِ لَا أَكَادُ أُدْرِكُ الصَّلَاةَ مِمَّا يُطَوَّلُ بِنَا فَلَانٌ فَمَا رَأَيْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي مَوْعِظَةٍ أَشَدَّ غَضَبًا مِنْ يَوْمِئِذٍ فَقَالَ أَيُّهَا النَّاسُ إِنَّكُمْ مُنْقَرُونَ فَمَنْ صَلَّى بِالنَّاسِ فَلْيُخَفِّفْ فَإِنَّ فِيهِمُ الْمَرِيضَ وَالضَّعِيفَ وَدَا الْحَاجَةَ

90 - Әбу Масғуд (р.а.) (Ансарий) айтты: «Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) бір кісі: «Я, Расулулла, пәленше (имам) намазды тым созып жіберетіндігінен кейде намазға келе алмаймын»,- деді. Ибн Масғуд: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сол күні уағыз айтып жатқанда ашуланған түрін ешқашан көрген емеспін. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ей, адамдар, кейбіреулерің халықты намаздан бездірудесіндер, енді кімде-кім адамдарға имам болып намаз оқыса, жеңіл етіп оқысын, өйткені олардың ішінде ауру, әлсіз және зәру істі адамдар бар!»,- деді.

91- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مُحَمَّدٍ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْمَلِكِ بْنُ عَمْرٍو الْعَقَدِيُّ قَالَ حَدَّثَنَا سُلَيْمَانُ بْنُ بِلَالٍ الْمَدِينِيُّ عَنْ رَيْبَعَةَ بْنِ أَبِي عَبْدِ الرَّحْمَنِ عَنْ يَزِيدَ مَوْلَى الْمُتَّبِعِ عَنْ زَيْدِ بْنِ خَالِدِ الْجُهَنِيِّ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ سَأَلَهُ رَجُلٌ عَنْ اللَّقْطَةِ فَقَالَ اعْرِفْ وَكَأَنَّهَا أَوْ قَالَ وَعَاءُهَا وَعِفَاصُهَا ثُمَّ عَرَفَهَا سَنَةً ثُمَّ اسْتَمْتِعَ بِهَا فَإِنْ جَاءَ رَبُّهَا فَأَدِّهَا إِلَيْهِ قَالَ فَضَالَةٌ الْبَابِ لِفَعْضِ حَتَّى احْمَرَّتْ وَجَنَّتَاهُ أَوْ قَالَ احْمَرَّ وَجْهُهُ فَقَالَ وَمَا لَكَ وَلَهَا مَعَهَا سِقَاؤُهَا وَحِدَاؤُهَا تَرُدُّ الْمَاءَ وَتَرْعَى الشَّجَرَ فَدَرَّهَا حَتَّى يَلْقَاهَا رَبُّهَا قَالَ فَضَالَةٌ الْعَنَمِ قَالَ لَكَ أَوْ لِأَخِيكَ أَوْ لِلدُّنْبِ

91 - Зәйд ибн Халид әл-Жуһани (р.а.) риуаят етти: «Бір кісі Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) тауып алған нәрсенің үкімі туралы сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Тауып алған нәрсе байланған жіптің немесе ішіне бір нәрсе салынған ыдыстың кімге тиесілі екенін біл. Содан соң табылған нәрсе туралы бір жыл бойы адамдарға жарияла, бірақ иесі табылса, өзіне қайтарып бер, егерде иесі табылмаса, өзің пайдалана бер», - деді. Ол кісі: «Жоғалған түйені не істейміз?»,- деп сұрады. Сонда Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) қатты ашуланғандығынан беті қызарған күйі: «Түйеге тиме, ол сусыз да ұзақ жүре алады, аяғы бар, су мен шөпті (ағаштың жапырақтарын) өзі тауып ішіп-жейді. Иесі тауып алғанша оған тиме!»,- деді. Өлгі кісі тағы да: «Жоғалған қой ше?»-деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ол саған бұйырады немесе сенің бауырыңа бұйырар, не болмаса бөріге бұйырады», - деп жауап берді.

92- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ الْعَلَاءِ قَالَ حَدَّثَنَا أَبُو أُسَامَةَ عَنْ بُرَيْدٍ عَنْ أَبِي بُرْدَةَ عَنْ أَبِي مُوسَى قَالَ سَأَلَ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَنْ أَشْيَاءَ كَرِهَهَا فَلَمَّا أُكْثِرَ عَلَيْهِ غَضِبَ ثُمَّ قَالَ لِلنَّاسِ سَلُونِي عَمَّا شِئْتُمْ قَالَ رَجُلٌ مَنْ أَبِي قَالَ أَبُوكَ حُدَاقَةٌ فَقَامَ آخَرَ فَقَالَ مَنْ أَبِي يَا رَسُولَ اللَّهِ فَقَالَ أَبُوكَ سَالِمٌ مَوْلَى شَيْبَةَ فَلَمَّا رَأَى عُمَرُ مَا فِي وَجْهِهِ قَالَ يَا رَسُولَ اللَّهِ إِنَّا نَتُوبُ إِلَى اللَّهِ عَزَّ وَجَلَّ

92 - Әбу Мұса (р.а.) айтты: «Адамдар Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) жауап бергісі келмеген сұрақтарды қойып, қайта-қайта сұрай берді. Қоярда-қоймай сұрай бергеннен соң, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) ашуы келіп: «Қалаған нәрселеріңді сұрай беріңдер!»,- деді. Сонда бір кісі тұрып: «Я Расулудла, менің атам кім?»,- деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Сенің әкең - Хузафа», - деді. Екінші бір кісі тұрып: «Менің атам ше?»,- деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Сенің атаң - Шайбаның азат еткен құлы Сәлім», - деді. Сонда Хазреті Омар (р.а.) Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) ашулы

түрін байқап: «Біз құдреті күшті Алла тағалаға тәубе қыламыз (Сізді ренжітіп алғанымыз үшін)», - деді.

30-бап. Имамның немесе хадисшінің алдында тізерлеп отырудың абзалдығы туралы

93- حَدَّثَنَا أَبُو الْيَمَانِ قَالَ أَخْبَرَنَا شُعَيْبٌ عَنْ الزُّهْرِيِّ قَالَ أَخْبَرَنِي أَنَسُ بْنُ مَالِكٍ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ خَرَجَ فَقَامَ عَبْدُ اللَّهِ بْنُ حُدَافَةَ فَقَالَ مَنْ أَبِي فَقَالَ أَبُوكَ حُدَافَةُ ثُمَّ أَكْثَرَ أَنْ يَقُولَ سَلُونِي فَبَرَكَ عُمَرُ عَلَى رُكْبَتَيْهِ فَقَالَ رَضِينَا بِاللَّهِ رَبًّا وَيَا لِسَلَامٍ دِينًا وَيُحَمَّدٍ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ نَبِيًّا فَسَكَتَ

93 - Әнас ибн Мәлік (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жамағаттың алдына шықты. Адамдар көптеген сұрақтарды қоя берді. Абдулла ибн Хузафа тұрып: «Менің атам кім?»,- деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Сенің атаң-Хузафа», - деді. Кейін Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Сұрай беріңдер, сұрай беріңдер!»,- деді. Сонда Омар ибн әл-Хаттаб (р.а.) тізерлеп отырды да: «Алла тағаланы Раббымыз деп білдік, Исламды дініміз деп таныдық, Мұхаммедті (с.ғ.с.) Пайғамбарымыз деп таныдық», - деді. Содан кейін Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) көңілі жайланды», - деді.

31-бап. Түсінікті болу үшін әрбір сөзді үш реттен қайталап айтудың абзалдығы туралы

94- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ الصَّفَّارُ حَدَّثَنَا عَبْدُ الصَّمَدِ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ الْمُتَنَّى قَالَ حَدَّثَنَا ثُمَامَةُ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ عَنْ أَنَسٍ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنَّهُ كَانَ إِذَا تَكَلَّمَ بِكَلِمَةٍ أَعَادَهَا ثَلَاثًا حَتَّى تُفْهَمَ عَنْهُ وَإِذَا أَتَى عَلَى قَوْمٍ فَسَلَّمَ عَلَيْهِمْ سَلَّمَ عَلَيْهِمْ ثَلَاثًا

94 - Әнас ибн Мәлік (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бірер сөз айтатын болса, түсінікті болу үшін үш рет қайталап айтатын. Ал, егерде біреуге баратын болса, үш рет қайталап сәлемдесетін», - деді

95- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الصَّمَدِ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ الْمُتَنَّى قَالَ حَدَّثَنَا ثُمَامَةُ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ عَنْ أَنَسٍ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنَّهُ كَانَ إِذَا سَلَّمَ سَلَّمَ ثَلَاثًا وَإِذَا تَكَلَّمَ بِكَلِمَةٍ أَعَادَهَا ثَلَاثًا

95- Әнас ибн Мәлік (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бірер сөз айтатын болса, түсінікті болу үшін үш рет қайталап айтатын. Ал, егерде біреуге баратын болса, үш рет қайталап сәлемдесетін», - деді.

96- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا أَبُو عَوَانَةَ عَنْ أَبِي بَشِيرٍ عَنْ يُونُسَ بْنِ مَاهَكَ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَمْرٍو قَالَ تَخَلَّفَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي سَفَرٍ سَافَرْتَاهُ فَأُذِرْكَنَا وَقَدْ أَرْهَقْنَا الصَّلَاةَ صَلَاةَ الْعَصْرِ وَنَحْنُ نَتَوَضَّأُ فَجَعَلْنَا نَمْسُحُ عَلَى أَرْجُلِنَا فَنَادَى بِأَعْلَى صَوْتِهِ وَيْلٌ لِلْأَعْقَابِ مِنَ النَّارِ مَرَّتَيْنِ أَوْ ثَلَاثًا

96- Абдулла ибн Амр (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір сапар кезінде біздің арт жағымызда қалды. Аср намазын оқитын уақытта бізге жетіп алды. Біз дәрет алып жатқан едік. Біздің кейбіріміз суды ысрап етпеуді ойлап аяғымызды дымқыл қолымызбен сипап жатқан едік. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) дауысын қаттырақ шығарып: «Тозақ отында азапталатын өкшелерге қасірет!», - деп үш рет қайталап айтты», - деді.

32-бап. Адамның өзінің отбасына, құлы мен күніне ілім үйретудің артықтығы туралы

97.1- أَخْبَرَنَا مُحَمَّدٌ هُوَ ابْنُ سَلَامٍ حَدَّثَنَا الْمُحَارِبِيُّ قَالَ حَدَّثَنَا صَالِحُ بْنُ حَيَّانَ قَالَ قَالَ عَامِرُ الشَّعْبِيِّ حَدَّثَنِي أَبُو بُرْدَةَ عَنْ أَبِيهِ قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ ثَلَاثَةٌ لَهُمْ أَجْرَانِ رَجُلٌ مِنْ أَهْلِ الْكِتَابِ آمَنَ بِنَبِيِّهِ وَأَمَنَ بِمُحَمَّدٍ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَالْعَبْدُ الْمَمْلُوكُ إِذَا أَدَّى حَقَّ اللَّهِ وَحَقَّ مَوْلِيهِ وَرَجُلٌ كَانَتْ عِنْدَهُ أُمَةٌ فَأَدَّبَهَا فَأَحْسَنَ تَأْدِيبَهَا وَعَلَّمَهَا فَأَحْسَنَ تَعْلِيمَهَا ثُمَّ أَعْتَقَهَا فَتَرَوَّجَهَا فَلَهُ أَجْرَانِ ثُمَّ قَالَ عَامِرٌ أَعْطَيْنَاكَهَا بِغَيْرِ شَيْءٍ قَدْ كَانَ يُرْكَبُ فِيهَا دُونَهَا إِلَى الْمَدِينَةِ

97.1 - Әбу Бурда (р.а.) атасынан естіп риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Алла тағала үш кісіге екі есе артық сауап жазады:

- Әһли кітап бола тұрып, өзінің Пайғамбарына да, Мұхаммед Пайғамбарға да (с.ғ.с.) иман келтіргенге;

- Алла тағаланың және өзінің қожайынының алдындағы борышын өтеген құлға;

- Өзінің күніне ілім-ғылым, әдептілікті үйретіп, сосын азаттық беріп, оған үйленгенге, бұлардың әрқайсына екі есе сауап беріледі», - деді.

33-бап. Имамның әйелдерге уағыз айтуы және оларға дінді үйретуі туралы

97.2- حَدَّثَنَا سُلَيْمَانُ بْنُ حَرْبٍ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ أَيُّوبَ قَالَ سَمِعْتُ عَطَاءً قَالَ سَمِعْتُ ابْنَ عَبَّاسٍ قَالَ أَشْهَدُ عَلَى النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَوْ قَالَ عَطَاءٌ أَشْهَدُ عَلَى ابْنِ عَبَّاسٍ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ خَرَجَ وَمَعَهُ بِلَالٌ فَظَنَّ أَنَّهُ لَمْ يُسْمِعْ فَوَعَّظَهُنَّ وَأَمَرَهُنَّ بِالصَّدَقَةِ فَجَعَلَتْ الْمَرْأَةُ تُلْقِي الْفُرْطَ وَالْحَاتِمَ وَبِلَالَ يَأْخُذُ فِي طَرْفِ ثَوْبِهِ

97.2 - Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Менің айтқан сөздерімді әйелдер естімей қалды ма», - деген ойменен Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Біләлмен бірге мешіттен шығып, әйелдерге уағыз айтып, оларға садақа беруді бұйырды. Сонда әйелдер сырғаларын, жүзіктерін шешіп, Біләлдің шапанының етегіне тастай бастады», - деді.

34-бап. Хадис ілімін үйренуге тырысудың артықшылығы туралы

98- حَدَّثَنَا عَبْدُ الْعَزِيزِ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ حَدَّثَنِي سُلَيْمَانُ عَنْ عَمْرٍو بْنِ أَبِي عَمْرٍو عَنْ سَعِيدِ بْنِ أَبِي سَعِيدٍ الْمَقْبُرِيِّ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ أَنَّهُ قَالَ قِيلَ يَا رَسُولَ اللَّهِ مَنْ أَسْعَدَ النَّاسَ بِشَفَاعَتِكَ يَوْمَ الْقِيَامَةِ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَقَدْ ظَنَنْتُ يَا أَبَا هُرَيْرَةَ أَنْ لَا يَسْأَلُنِي عَنْ هَذَا الْحَدِيثِ أَحَدٌ أَوْلُ مِنْكَ لِمَا رَأَيْتُ مِنْ حِرْصِكَ عَلَى الْحَدِيثِ أَسْعَدُ النَّاسَ بِشَفَاعَتِي يَوْمَ الْقِيَامَةِ مَنْ قَالَ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ خَالِصًا مِنْ قَلْبِهِ أَوْ نَفْسِهِ

98 - Әбу Хурайра (р.а.) айтты: «Бір күні мен Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.): «Я Расулулла, қиямет күнінде сенің шапағатыңа қандай адам лайықты болады?»,- деп сұрадым. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ей, Әбу Хурайра, менен бұл туралы сенен бұрын ешкім сұрамайтынын білгенмін, өйткені сен менің сөздерімді ден қойып тыңдайтыныңды көргенмін. Кімде-кім шын ниетімен, жан жүрегімен «Лә иләһа илла Алла Мұхаммадун расулулла», - деп айтса, қиямет күні менің шапағатыма бөленер», - деді.

35-бап. Ілім қалай жоғалады?

بَابُ كَيْفَ يُقْبَضُ الْعِلْمُ وَكَتَبَ عُمَرُ بْنُ عَبْدِ الْعَزِيزِ إِلَى أَبِي بَكْرٍ بْنِ حَزْمٍ
انظُرْ مَا كَانَ مِنْ حَدِيثِ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَانْكُتِبُهُ فَإِنِّي خِفْتُ
دُرُوسَ الْعِلْمِ وَذَهَابَ الْعُلَمَاءِ وَلَا تَقْبَلْ إِلَّا حَدِيثَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ
وَلتُقَشُوا الْعِلْمَ وَلتَجْلِسُوا حَتَّى يُعَلَّمَ مَنْ لَا يَعْلَمُ فَإِنَّ الْعِلْمَ لَا يَهْلِكُ حَتَّى يَكُونَ سِرًّا

Омар ибн Абдулазиз Өбу Бәкір ибн Хазмға былай деп жазған болатын: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтқан сөздерден не нәрсе болса да бәрін көріп шығып, жазып жібер, өйткені мен ғалымдардың өлімінен соң ілімнің жоғалып кетуінен қорқып жатырмын. Тек қана Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадистері қабыл етілсін! Ғалымдар ілім үйретуге, ілімді таратуға кіріссін, білмейтіндерге үйретсін, өйткені ілім жасырынға айналғанға дейін жоғалмайды!»,- деді.

99 - حَدَّثَنَا الْعَلَاءُ بْنُ عَبْدِ الْجَبَّارِ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْعَزِيزِ بْنُ مُسْلِمٍ عَنْ عَبْدِ

اللَّهِ بْنِ دِينَارٍ بِذَلِكَ يَعْنِي حَدِيثَ عُمَرَ بْنِ عَبْدِ الْعَزِيزِ إِلَى قَوْلِهِ ذَهَابَ الْعُلَمَاءُ

99 – Абдулла ибн Динар Омар ибн Абдулазиздің осы хабарын жеткізді.

100- حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ بْنُ أَبِي أُوَيْسٍ قَالَ حَدَّثَنِي مَالِكٌ عَنْ هِشَامِ بْنِ عُرْوَةَ عَنْ

أَبِيهِ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَمْرٍو بْنِ الْعَاصِ قَالَ سَمِعْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ

وَسَلَّمَ يَقُولُ إِنَّ اللَّهَ لَا يَقْبِضُ الْعِلْمَ انْتِزَاعًا يَنْتَزِعُهُ مِنَ الْعِبَادِ وَلَكِنْ يَقْبِضُ الْعِلْمَ

بِقَبْضِ الْعُلَمَاءِ حَتَّى إِذَا لَمْ يُبْقِ عَالِمًا اتَّخَذَ النَّاسُ رُءُوسًا جُهَالًا فَسُئِلُوا فَأَفْتَوْا بِغَيْرِ

عِلْمٍ فَضَلُّوا وَأَضَلُّوا قَالَ الْفِرْبَرِيُّ حَدَّثَنَا عَبَّاسٌ قَالَ حَدَّثَنَا فُتَيْبَةُ حَدَّثَنَا جَرِيرٌ عَنْ

هِشَامِ نَحْوَهُ

100 - Абдулла ибн Ғамр (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Алла тағала ілімді пенделерден тартып алмайды, оны ғалымдарды о дүниелік қылу жолымен тартып алар. Бірде-бір ғалымды тірі қалдырмағандықтан, адамдар өздеріне дінді түсінбейтіндерді бастық қылар, содан соң олардан сұрақ сұрар. Олар өздері білместен пәтуа айтып, өздері де адасар, өзгелерді де адастырар»,- дегенін естігенмін»,- деді.

36-бап. Әйелдерге ілім үйрету үшін арнайы бір күнді белгілеуге бола ма?

101- حَدَّثَنَا آدَمُ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ قَالَ حَدَّثَنِي ابْنُ الْأَصْبَهَانِيِّ قَالَ سَمِعْتُ أَبَا صَالِحٍ ذُكْوَانَ يُحَدِّثُ عَنْ أَبِي سَعِيدٍ الْخُدْرِيِّ قَالَتْ النَّسَاءُ لِلنَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ غَلَبْنَا عَلَيْكَ الرَّجَالَ فَاجْعَلْ لَنَا يَوْمًا مِنْ نَفْسِكَ فَوَعَدَهُنَّ يَوْمًا لَفِيهِنَّ فِيهِ فَوَاعَظَهُنَّ وَأَمَرَهُنَّ فَكَانَ فِيمَا قَالَ لَهُنَّ مَا مِنْكُنَّ امْرَأَةٌ تُفَدِّمُ ثَلَاثَةَ مِنْ وَلَدِهَا إِلَّا كَانَ لَهَا حِجَابًا مِنَ النَّارِ فَقَالَتْ امْرَأَةٌ وَاثْنَتَيْنِ فَقَالَ وَاثْنَتَيْنِ

101 - Әбу Саъид әл-Худрий (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) әйелдер: «Я Расулалла, сізбенен сөйлесіп дидарласуға ер кісілер мүмкіншілік бермейді. (Ер кісілер топ-топ болып Пайғамбарымыздың қасынан шықпайтын). Бізге де бір күнді белгілесеніз»,- десті. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) арнайы бір күнді белгілеп, сол күні келгендерге уағыз-насихат айтты, кейбір діни істерді бұйырды. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Сендердің араларында үш баласы шетінегендерің болса, олар перде болып, сендерді тозақ отынан қорғар»,- деді. Сонда бір әйел: «Ал, егер де екеу болса ше?»,- деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Екеу болса да перде болар»,- деп жауап берді.

102 - حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ بَشَّارٍ قَالَ حَدَّثَنَا عُذْرٌ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ عَبْدِ الرَّحْمَنِ بْنِ الْأَصْبَهَانِيِّ عَنْ ذُكْوَانَ عَنْ أَبِي سَعِيدٍ الْخُدْرِيِّ عَنْ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِهَذَا وَعَنْ عَبْدِ الرَّحْمَنِ بْنِ الْأَصْبَهَانِيِّ قَالَ سَمِعْتُ أَبَا حَازِمٍ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ قَالَ ثَلَاثَةٌ لَمْ يَبْلُغُوا الْحَيْثَ

102 - Абдуррахман ибн әл-Әсфәһани Әбу Хазмның Әбу Хурайрадан «Балағатқа жетпеген үш перзент» дегенін естігенін жеткізеді. Әбу Саъид әл-Худрий (р.а.) осы мағынада басқа да риуаят етті.

37-бап. Естігенін жақсылап ұғып алу үшін қайталап сұраудың дұрыстығы туралы

103- حَدَّثَنَا سَعِيدُ بْنُ أَبِي مَرْيَمَ قَالَ أَخْبَرَنَا نَافِعُ بْنُ عُمَرَ قَالَ حَدَّثَنِي ابْنُ أَبِي مُلَيْكَةَ أَنَّ عَائِشَةَ زَوْجَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَتْ لَا تَسْمَعُ شَيْئًا لَا تَعْرِفُهُ إِلَّا

رَاجَعَتْ فِيهِ حَتَّى تَعْرِفَهُ وَأَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ مَنْ حُوسِبَ عَدَبَ
قَالَتْ عَائِشَةُ فَقُلْتُ أَوْلَيْسَ يَقُولُ اللَّهُ تَعَالَى فَسَوْفَ يُحَاسَبُ حِسَابًا يَسِيرًا قَالَتْ فَقَالَ
إِنَّمَا ذَلِكَ الْعَرَضُ وَلَكِنْ مَنْ نُوقِشَ الْحِسَابَ يَهْلِكُ

103 - Ибн Әбу Мулайка (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) әйелі Айша анамыз (р.а.) Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) бір нәрсені естісе, жақсылап ұғып алу үшін қайталап сұрайтын еді. Бір күні Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кімде -кімнің ахиретте есеп кітабы толық сұралса, азап тартар», - деді. Сонда Айша анамыз (р.а.): «**Алла тағала аят кәрімінде: «Сонда ол, дереу жеңіл есеппен есептеледі⁴⁷**», - деген емес пе?»,- дедім. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ол деген пенделерге күнәларын жай ғана көрсетіп қана қою ғой, бірақ кімде-кім есеп кітабынан толық сұралатын болса, ол пәлекетке ұшырайды», - деді.

38-бап. Хадис естігендер естімегендерге жеткізуінің керектігі туралы

104 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ حَدَّثَنِي اللَّيْثُ قَالَ حَدَّثَنِي سَعِيدٌ هُوَ ابْنُ أَبِي سَعِيدٍ عَنْ أَبِي شَرِيحٍ أَنَّهُ قَالَ لِعَمْرٍو بْنِ سَعِيدٍ وَهُوَ يَبْعَثُ الْبُعُوثَ إِلَى مَكَّةَ أُنْذِنَ لِي أَيُّهَا الْأَمِيرُ أُحَدِّثُكَ قَوْلًا قَامَ بِهِ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ الْعَدَمَ مِنْ يَوْمِ الْفَتْحِ سَمِعْتُهُ أُذْنًا وَي وَعَاهُ قَلْبِي وَأَبْصَرْتُهُ عَيْنَايَ حِينَ تَكَلَّمَ بِهِ حَمْدَ اللَّهِ وَأَنْتَى عَلَيْهِ ثُمَّ قَالَ إِنَّ مَكَّةَ حَرَّمَهَا اللَّهُ وَلَمْ يُحَرِّمْهَا النَّاسُ فَلَا يَحِلُّ لِأَمْرٍي يُؤْمِنُ بِاللَّهِ وَالْيَوْمِ الْآخِرِ أَنْ يَسْفِكَ بِهَا دَمًا وَلَا يَعْضِدَ بِهَا شَجْرَةً فَإِنْ أَحَدٌ تَرَخَّصَ لِقِتَالِ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِيهَا فَقُولُوا إِنَّ اللَّهَ قَدْ أذِنَ لِرَسُولِهِ وَلَمْ يَأْذِنْ لَكُمْ وَإِنَّمَا أذِنَ لِي فِيهَا سَاعَةً مِنْ نَهَارٍ ثُمَّ عَادَتْ حُرْمَتُهَا الْيَوْمَ كَحُرْمَتِهَا بِالْأَمْسِ وَلْيُبَلِّغِ الشَّاهِدُ الْغَائِبَ قَوْلِي لِأَبِي شَرِيحٍ مَا قَالَ عَمْرٍو قَالَ أَنَا أَعْلَمُ مِنْكَ يَا أَبَا شَرِيحٍ لَا يُعِيدُ عَاصِيًا وَلَا قَارًا بِدَمٍ وَلَا قَارًا بِخَرْبَةٍ

104 - Сахаба Әбу Шурайх (р.а.) айтты: «Әбу Шурайх Амр ибн Сабидқа, ол Меккеге уәкіл жіберіп жатқанда, былай деді: «Ей, әмір, сөйлеуге мүрсат бер! Меккені азат еткен күннің ертесінде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтқан сөздерді саған айтып берейін. Ол бұл сөздерді айтып жатқанында екі көзіммен көріп, екі құлағыммен естіп, жүрегіммен

⁴⁷ 84. «әл-Иншиқак», 8 аят.

кабылдағанмын. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бірінші Аллаға мақтау айтып, содан кейін: «Меккені Алла тағала қасиетті етті. Бұл жерде адамдар күнә істемейді. Сол себептен Алла тағалаға және ахирет күніне иман келтіргендердің бұл жерде қан төкпегі, ағаштарды сындырмағы күнә болып есептеледі. Егерде бір кісі: «Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) Алла тағала соғыс қылуға рұқсат берген ғой?!»,- десе, оған: «Алла тағала оны сендерге емес, өзінің Пайғамбарына ғана рұқсат берген»,- деп айтыңдар!»,- деді. Алла тағала маған бұл жерде күндіз белгілі бір сағатқа ғана соғыс қылуға рұқсат берді, кейін Меккенің бұрынғы (кешегі) қасиет-құрметі бүгін қайтадан орнады. Бұны естігендер естімегендерге жеткізсін! Әбу Шурайхтан (р.а.): «Сонда Әмір саған не айтты?»,- деп сұрасты. Әмір: «Ей, Әбу Шурайх, мен оны сенен жақсырақ білемін. Мекке кұнаһарды құтқармас, әдейі қашқан қашқынды құтылдырмас, ұрлықшыны да жазадан тыс қалдырмас, деп айтты»,- деді.

105 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ عَبْدِ الْوَهَّابِ قَالَ حَدَّثَنَا حَمَّادٌ عَنْ أَيُّوبَ عَنْ مُحَمَّدٍ عَنْ ابْنِ أَبِي بَكْرَةَ عَنْ أَبِي بَكْرَةَ ذَكَرَ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ فَإِنَّ دِمَاءَكُمْ وَأَمْوَالَكُمْ قَالَ مُحَمَّدٌ وَأَحْسِبُهُ قَالَ وَأَعْرَاضُكُمْ عَلَيْكُمْ حَرَامٌ كَحُرْمَةِ يَوْمِكُمْ هَذَا فِي شَهْرِكُمْ هَذَا أَلَا لِيُبَلِّغَ الشَّاهِدُ مِنْكُمْ الْغَائِبَ وَكَانَ مُحَمَّدٌ يَقُولُ صَدَقَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ ذَلِكَ أَلَا هَلْ بَلَغْتُ مَرَّتَيْنِ

105 - Әбу Бәкрата (р.а.) Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) есіне алып, Ол кісі (с.ғ.с.) былай деген еді: «Осы күн мен айдың құрметі үшін бір-біріңнің мал-мүліктеріңді таламандар, қан мен абыройларыңды төкпеңдер. Бұл сөзді естігендер естімегендерге жеткізсін!»

39-бап. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) туралы жалған сөз сөйлеген адамның күнәсі туралы

106 - حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ الْجَعْدِ قَالَ أَخْبَرَنَا شُعْبَةُ قَالَ أَخْبَرَنِي مَنصُورٌ قَالَ سَمِعْتُ رَبِيعَ بْنَ حِرَاشٍ يَقُولُ سَمِعْتُ عَلِيًّا يَقُولُ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَا تَكْذِبُوا عَلِيَّ فَإِنَّهُ مَنْ كَذَبَ عَلِيَّ فَلْيَلِجِ النَّارَ

106 - Хазреті Әли (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Менің атымнан жалған сөз айтпаңдар, кімде-кім айтса, өзіне тозақтан орын дайындасын!»,- деп айтқанын естігенмін.

107- حَدَّثَنَا أَبُو الْوَلِيدِ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ جَامِعِ بْنِ شَدَّادٍ عَنْ عَامِرِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ الزُّبَيْرِ عَنْ أَبِيهِ قَالَ قُلْتُ لِلزُّبَيْرِ إِنِّي لَا أَسْمَعُكَ تُحَدِّثُ عَنْ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَمَا يُحَدِّثُ فُلَانٌ وَفُلَانٌ قَالَ أَمَا إِنِّي لَمْ أَفَارِقْهُ وَلَكِنْ سَمِعْتُهُ يَقُولُ مَنْ كَذَبَ عَلَيَّ فَلْيَبْتَوِ مَفْعَدَهُ مِنَ النَّارِ

107 - Абдулла ибн Зубайр (р.а.) атасына: «Сіз Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) туралы пәленше-түгенше сияқты сөйлемей жатырсыз», - депті. Сонда Зубайр: «Шындығында, мен Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) ажырамай бірге жүргенмін, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) өзінен естігенмін: «Кімде-кім менің атымнан жалған сөйлесе, өзіне тозақтан орын дайындай берсін!», - деп айтқан», - деді.

108- حَدَّثَنَا أَبُو مَعْمَرٍ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْوَارِثِ عَنْ عَبْدِ الْعَزِيزِ قَالَ أَنَسُ إِنَّهُ لَيَمْنَعُنِي أَنْ أُحَدِّثَكُمْ حَدِيثًا كَثِيرًا أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ مَنْ تَعَمَّدَ عَلَيَّ كَذِبًا فَلْيَبْتَوِ مَفْعَدَهُ مِنَ النَّارِ

108 - Әнас ибн Мәлік (р.а.) айтты: «Мен сендерге көп хадис айтып беруші едім ғой, бірақ Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтқан бір сөз мені бетімнен қайтарады, ол кісі: «Кімде-кім менің атымнан жалған сөйлесе, өзіне тозақтан орын дайындай берсін!», - деп айтқан», - деді.

109- حَدَّثَنَا مَكِّيُّ بْنُ إِبْرَاهِيمَ قَالَ حَدَّثَنَا يَزِيدُ بْنُ أَبِي عُبَيْدٍ عَنْ سَلَمَةَ قَالَ سَمِعْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَقُولُ مَنْ يُقُلْ عَلَيَّ مَا لَمْ أَقُلْ فَلْيَبْتَوِ مَفْعَدَهُ مِنَ النَّارِ

109 - Сәлама (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кімде-кім менің атымнан айтпағанымды айтса, ол еш күмәнсіз өзінің тозақтағы орнына жайғасады!», - деді.

110- حَدَّثَنَا مُوسَى قَالَ حَدَّثَنَا أَبُو عَوَانَةَ عَنْ أَبِي حَصِينٍ عَنْ أَبِي صَالِحٍ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ عَنْ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ تَسَمَّوْا بِاسْمِي وَلَا تَكْتُمُوا بِكُنْيَتِي وَمَنْ رَأَى فِي الْمَنَامِ فَقَدْ رَأَى فَإِنَّ الشَّيْطَانَ لَا يَنْمَلُ فِي صُورَتِي وَمَنْ كَذَبَ عَلَيَّ مُتَعَمِّدًا فَلْيَبْتَوِ مَفْعَدَهُ مِنَ النَّارِ

110 - Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) «Менің есімімді перзенттеріңе қоя беріндер, бірақ менің жанам атымды қоймаңдар! Кімде-кім мені түсінде көрсе, онда шынымен мені көргені,

өйткені шайтан менің бейнеме кіре алмайды, кімде-кім менің атымнан жалған сөз сөйлесе, өзіне тозақтан орын даярлай берсін!»,- деді.

40-бап. Дін ілімін кітап етіп жазу туралы

111- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ سَلَامٍ قَالَ أَخْبَرَنَا وَكَيْعٌ عَنْ سُفْيَانَ عَنْ مُطَرِّفٍ عَنِ الشَّعْبِيِّ عَنْ أَبِي جُحَيْفَةَ قَالَ قُلْتُ لِعَلِيِّ بْنِ أَبِي طَالِبٍ هَلْ عِنْدَكُمْ كِتَابٌ قَالَ لَا إِلَّا كِتَابُ اللَّهِ أَوْ فَهْمٌ أُعْطِيَهُ رَجُلٌ مُسْلِمٌ أَوْ مَا فِي هَذِهِ الصَّحِيفَةِ قَالَ قُلْتُ فَمَا فِي هَذِهِ الصَّحِيفَةِ قَالَ الْعَقْلُ وَفَكَأَكُ الْأَسِيرِ وَلَا يُقْتَلُ مُسْلِمٌ بِكَافِرٍ

111 - Әбу Жухайфадан (р.а.): «Хазреті Әлиден (р.а.): «Сізде Алла тағаланың кітабынан басқа кітап бар ма?»,- деп сұрады. Әли (р.а.): «Жоқ, тек қана Алла тағаланың Кітабы, мұсылманға берілетін түсінік және парактағы нәрсе ғана бар»,- деді. Әбу Жухайфа: «Бұл парактағы не?»,- деп сұрады. Әли (р.а.): «Құн үкімі, құлды азат қылу және көпір үшін мұсылманнан кек алудың харамдығы туралы»,- деді.

112- حَدَّثَنَا أَبُو نُعَيْمٍ الْفَضْلُ بْنُ دُكَيْنٍ قَالَ حَدَّثَنَا شَيْبَانُ عَنْ يَحْيَى عَنْ أَبِي سَلَمَةَ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ أَنَّ خُزَاعَةَ قَتَلُوا رَجُلًا مِنْ بَنِي لَيْثٍ عَامَ فَتْحِ مَكَّةَ بِقَتِيلٍ مِنْهُمْ قَتَلُوهُ فَأَخْبَرَ بِذَلِكَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَرَكِبَ رَاحِلَتَهُ فَخَطَبَ فَقَالَ إِنَّ اللَّهَ حَبَسَ عَنَّا مَكَّةَ الْقَتْلَ أَوْ الْفَيْلَ قَالَ أَبُو عَبْدِ اللَّهِ كَذَا قَالَ أَبُو نُعَيْمٍ وَاجْعَلُوهُ عَلَى الشَّكِّ الْفَيْلَ أَوْ الْقَتْلَ وَغَيْرُهُ يَقُولُ الْفَيْلَ وَسَطَ عَلَيْهِمْ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَالْمُؤْمِنِينَ أَلَا وَإِنَّهَا لَمْ تَحِلَّ لِأَحَدٍ قَبْلِي وَلَمْ تَحِلَّ لِأَحَدٍ بَعْدِي أَلَا وَإِنَّهَا حَلَّتْ لِي سَاعَةً مِنْ نَهَارٍ أَلَا وَإِنَّهَا سَاعَتِي هَذِهِ حَرَامٌ لَا يُخْتَلَى شَوْكُهَا وَلَا يُعْضَدُ شَجَرُهَا وَلَا تُنْقَطُ سَاقُطُهَا إِلَّا لِمُنْشِدٍ فَمَنْ قَتَلَ فَهُوَ بِخَيْرِ النَّظَرَيْنِ إِمَّا أَنْ يُعْقَلَ وَإِمَّا أَنْ يُقَادَ أَهْلُ الْقَتِيلِ فَجَاءَ رَجُلٌ مِنْ أَهْلِ الْيَمَنِ فَقَالَ أَكْتُبْ لِي يَا رَسُولَ اللَّهِ فَقَالَ اكْتُبُوا لِأَبِي فَلَانَ فَقَالَ رَجُلٌ مِنْ فُرَيْشٍ إِلَّا الْبَادِخِرَ يَا رَسُولَ اللَّهِ فَإِنَّا نَجْعَلُهُ فِي بَيْوتِنَا وَفُجُورِنَا فَقَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِلَّا الْبَادِخِرَ إِلَّا الْبَادِخِرَ قَالَ أَبُو عَبْدِ اللَّهِ يُقَالُ يُقَادُ بِالْقَافِ قَقِيلٌ لِأَبِي عَبْدِ اللَّهِ أَيُّ شَيْءٍ كَتَبَ لَهُ قَالَ كَتَبَ لَهُ هَذِهِ الْخُطْبَةَ

112 - Әбу Хурайра (р.а.) айтты: «Мекке азат етілген жылы Хузоға тайпасы Бәний Лайс тайпасынан бір кісіні өлтірді (Жаһил кездеріндегі өлтірілген бір адамдары үшін кек алысты). Бұл хабар Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) жетті, сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) түйесіне мініп тұрып уағыз айтты: «Алла тағала Мекке Мұқаррамада өлімге немесе (Піл әскерлеріне) жол бермеді. Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) және мұьминдерді оларға үстем етті. Шындығында, Меккеде соғысу, өлтіру менен бұрын бірде-бір кісіге рұқсат етілмеген және менен кейін де ешкімге рұқсат етілмейді. Маған күндіз бір сағатқа ғана рұқсат берілді, соғысуды, өлтіруді сол сағаттан бастап тиды. (Харам етілді). Меккенің тікені де жұлынбайды, ағашы да кесілмейді. Түсіп жоғалып қалған нәрсесі де алынбайды. Тек қана адамдарға (кімнің дүниесі деп) жариялау үшін алынады. Кімде-кім өлтірілген болса, оның бауыры, туысы мына екі жолдың бірін таңдасын не құнын алсын немесе кегін алсын», - деді. Иемендіктердің бірі келіп: «Я Расулулла, маған бұл сөзді жазып беріңіз!», - деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Пәленшеге жазып беріңдер!», - деді. Құрайыш тайпасынан бір кісі: «Я Расулуллаһ, тікендер жұлынбайды, ағаштар кесілмейді, бірақ *изхир* (хош иісті қамыс) орылса мейлі дедіңіз! Я Расулулла, біз изхирді орып, үйімізге апарамыз, қабірлерімізге қоямыз ғой», - деп сұрады. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Мейлі, изхир орылса болады», - деді.

113 - حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ قَالَ حَدَّثَنَا عَمْرُو قَالَ أَخْبَرَنِي وَهْبُ بْنُ مُنْبَهٍ عَنْ أَخِيهِ قَالَ سَمِعْتُ أَبَا هُرَيْرَةَ يَقُولُ مَا مِنْ أَصْحَابِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَحَدٌ أَكْثَرَ حَدِيثًا عَنْهُ مِنِّي إِلَّا مَا كَانَ مِنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَمْرٍو فَإِنَّهُ كَانَ يَكْتُبُ وَلَا أَكْتُبُ تَابَعَهُ مَعْمَرٌ عَنْ هَمَامٍ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ

113 - Әбу Хурайра (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) Сахабаларының арасында хадисті менен гөрі көбірек білетіні жоқ еді. Жалғыз Абдулла ибн Ғамр ғана көбірек білетін, өйткені ол жазуды білетін, ал мен білмейтінмін», - деді.

114 - حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ سُلَيْمَانَ قَالَ حَدَّثَنِي ابْنُ وَهْبٍ قَالَ أَخْبَرَنِي يُوْسُ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ عُبَيْدِ اللَّهِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ قَالَ لَمَّا اشْتَدَّ بِالنَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَجَعُهُ قَالَ ائْتُونِي بِكِتَابٍ أَكْتُبُ لَكُمْ كِتَابًا لَا تَضِلُّوْا بَعْدَهُ قَالَ عَمْرُ بْنُ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ غَلَبَهُ الْوَجَعُ وَعِنْدَنَا كِتَابُ اللَّهِ حَسْبُنَا فَاخْتَلَفُوا وَكَلَرَّ اللَّغَطُ قَالَ قَوْمُوا عَنِّي وَلَا يَنْبَغِي عِنْدِي التَّنَازُعُ فَخَرَجَ ابْنُ عَبَّاسٍ يَقُولُ إِنَّ الرِّزْيَةَ كُلَّ الرِّزْيَةِ مَا حَالَ بَيْنَ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَبَيْنَ كِتَابِهِ

114 - Ибн Аббас (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) науқасы күшейген соң: «Қағаз-қалам беріңдер, сендерге бірер нәрсе жазып (айтып) беремін, сол арқылы сендер кейін адаспайсыңдар», - деді. Хазреті Омар (р.а.) жанындағы Сахабаларға: «Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) ауру жеңді, бізде Алла тағаланың кітабы бар ғой, бізге сол жеткілікті болар», - деді. Сонда Сахабалар арасында абыр-сабыр сөз көбейіп кетті. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Барыңдар, менің қасымда жанжалдасып бәстеспендер!», - деді. Ибн Аббас сыртқа шығып: «Бұл зор бақытсыздық, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) жазып берейін деген нәрсесіне кедергі қылу - зор бақытсыздық!», - деп айтты.

41-бап. Түнде ілім (үйрету) мен уағыз айту туралы

115 - حَدَّثَنَا صَدَقَةُ أَخْبَرَنَا ابْنُ عُيَيْنَةَ عَنْ مَعْمَرٍ عَنِ الرَّهْرِيِّ عَنْ هُنْدٍ عَنْ أُمِّ سَلْمَةَ وَعَمْرٍو وَيَحْيَى بْنِ سَعِيدٍ عَنِ الرَّهْرِيِّ عَنْ هُنْدٍ عَنْ أُمِّ سَلْمَةَ قَالَتْ اسْتَيْقِظَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ ذَاتَ لَيْلَةٍ فَقَالَ سُبْحَانَ اللَّهِ مَاذَا أَنْزَلَ اللَّيْلَةَ مِنَ الْفِتَنِ وَمَاذَا فَتِحَ مِنَ الْخَزَائِنِ أُيْقِظُوا صَوَاحِبَاتِ الْحَجَرِ قُرْبًا كَاسِيَةٍ فِي الدُّنْيَا عَارِيَةً فِي الْآخِرَةِ

115 - Үмму Сәлама (р.а.) айтты: «Бір күні түнде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) ұйқыдан оянып, былай деп айтты: «Субханалла, бұл түні қанша бүліктер нәзіл болып, қанша рахмет қазынасының есіктері ашылды екен. Бөлмелерде ұйықтап жатқандарды (құлшылыққа) оятыңыз, бұл дүниеде киімді болғанымен ахиретте жалаңаш болуы мүмкін!», - деді.

* Бұл жерде Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) әйелдері айтылып тұр.

42-бап. Түнде ілім жайлы сұхбаттасу туралы

116 - حَدَّثَنَا سَعِيدُ بْنُ عَفِيرٍ قَالَ حَدَّثَنِي اللَّيْثُ قَالَ حَدَّثَنِي عَبْدُ الرَّحْمَنِ بْنُ خَالِدِ بْنِ مُسَافِرٍ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ سَالِمٍ وَأَبِي بَكْرٍ بْنِ سُلَيْمَانَ بْنِ أَبِي حَتْمَةَ أَنَّ عَبْدَ اللَّهِ بْنَ عَمْرٍو قَالَ قَالَ صَلَّى بِنَا النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ الْعِشَاءَ فِي آخِرِ حَيَاتِهِ فَلَمَّا سَلَّمَ قَامَ فَقَالَ أَرَأَيْتَكُمْ لِيَلْتَكُمُ هَذِهِ فَإِنَّ رَأْسَ مِائَةِ سَنَةٍ مِنْهَا لَا يَبْقَى مِمَّنْ هُوَ عَلَى ظَهْرِ الْأَرْضِ أَحَدٌ

116 - Абдулла ибн Омар (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өмірінде соңғы рет бізбен бірге құфтан намазын оқыды. Екі жағына (иығына) сәлем бергеннен кейін, орнынан тұрып: «Бұл түнді білесіңдер

ме? Осы түннен бастап түп-тура жүз жыл өткенде, жер жүзінде (қазір осы жерде отырған) адамдардың бірде- бірі қалмайды»,- деді.

117- حَدَّثَنَا آدَمُ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ قَالَ حَدَّثَنَا الْحَكَمُ قَالَ سَمِعْتُ سَعِيدَ بْنَ جُبَيْرٍ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ قَالَ بَتُّ فِي بَيْتِ خَالَتِي مَيْمُونَةَ بِنْتِ الْحَارِثِ زَوْجِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَكَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عِنْدَهَا فِي لَيْلَتِهَا فَصَلَّى النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ الْعِشَاءَ ثُمَّ جَاءَ إِلَى مَنْزِلِهِ فَصَلَّى أَرْبَعَ رَكَعَاتٍ ثُمَّ نَامَ ثُمَّ قَامَ ثُمَّ قَالَ نَامَ الْعُلَيْمُ أَوْ كَلِمَةً تُشْبِهُهَا ثُمَّ قَامَ فَفُتُّ عَنْ يَسَارِهِ فَجَعَلَنِي عَنْ يَمِينِهِ فَصَلَّى خَمْسَ رَكَعَاتٍ ثُمَّ صَلَّى رَكَعَتَيْنِ ثُمَّ نَامَ حَتَّى سَمِعْتُ غَطِيطَهُ أَوْ خَطِيطَهُ ثُمَّ خَرَجَ إِلَى الصَّلَاةِ

117 - Ибн Аббас (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) әйелі- апайым Мәймунаның үйінде қондым. Пайғамбарымыздың да (с.ғ.с.) сол үйде болатын түні екен. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бізбен бірге құфтанды оқып болған соң, үйіне кіріп, төрт рәкат намаз оқыды да, кейін ұйықтады. Кейіннен тұрып: «Бала ұйықтап қалды ма?»,- деді немесе соған ұқсас бір сөзді айтты (Ибн Аббасты айтып тұр). Кейін намаз оқуға тұрды, мен сол жағына келіп тұрып едім, мені оң жағына қарай өткізіп қойды. Әуелі бес рәкат, кейін екі рәкат намаз оқыды. Одан кейін жатып біраз ұйықтады, тіпті мен оның қорылдағанын естідім. Кейін тұрып намазға шығып кетті»,- деді.

43-бап. Ілімді (хадисті) жатқа алу туралы

118- حَدَّثَنَا عَبْدُ الْعَزِيزِ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ حَدَّثَنِي مَالِكٌ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ الْأَعْرَجِ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ قَالَ إِنَّ النَّاسَ يَقُولُونَ أَكْثَرَ أَبُو هُرَيْرَةَ وَلَوْ لَأَيَّتَانِ فِي كِتَابِ اللَّهِ مَا حَدَّثْتُ حَدِيثًا ثُمَّ يَثْلُو إِنَّ الَّذِينَ يَكْتُمُونَ مَا أَنْزَلْنَا مِنَ الْبَيِّنَاتِ وَالْهُدَىٰ إِلَىٰ قَوْلِهِ الرَّحِيمِ إِنَّ إِخْوَانَنَا مِنَ الْمُهَاجِرِينَ كَانُوا يَشْتَغَلُهُمُ الصَّقُّقُ بِالْأَسْوَاقِ وَإِنَّ إِخْوَانَنَا مِنَ الْأَنْصَارِ كَانُوا يَشْتَغَلُهُمُ الْعَمَلُ فِي أَمْوَالِهِمْ وَإِنَّ أَبَا هُرَيْرَةَ كَانَ يَلْزَمُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِشِبَعِ بَطْنِهِ وَيَحْضُرُ مَا لَا يَحْضُرُونَ وَيَحْفَظُ مَا لَا يَحْفَظُونَ

118 - әл-Ағраж (р.а.) айтты: «Әбу Хурайра (р.а.) хадисті көп айтады»,- деседі. Әбу Хурайра (р.а.): «Егерде Құран кәрімдегі екі аят болмағанда, бірде-бір хадис айтпаған болар едім»,- деп, мына аятты:

«Негізінен, біз ап-ашық үкімдерді әрі тура жолды Кітапта адамдарға баян еткеннен кейін жасырғандар...» деген жерден «ар-рахим⁴⁸» деген сөзге дейін оқыды.

Содан соң: «Шындығында, Мұхажир бауырларымыз базарларда сауда-саттықпен шұғылданумен болса, ал Ансарлық бауырларымыз өздерінің қожалықтарының шаруаларымен айналысып қолдары тимеді. Ал, Әбу Хурайра болса, мал-дүние жинауды тәрк етіп, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) жанынан қалмайтын. Қарның бір тойғызып алып, олар (Мұхажирлер, Ансарлар) әзір болмаған жерлерде Әбу Хурайра әрқашанда әзір болатын. Олар жаттамаған нәрсені (хадистерді) Әбу Хурайра (р.а.) жаттайтын еді»

119 - حَدَّثَنَا أَحْمَدُ بْنُ أَبِي بَكْرٍ أَبُو مُصْعَبٍ قَالَ حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ إِبْرَاهِيمَ بْنِ دِينَارٍ عَنْ ابْنِ أَبِي زَيْبٍ عَنْ سَعِيدِ الْمَقْبُرِيِّ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ قَالَ قُلْتُ يَا رَسُولَ اللَّهِ إِنِّي أَسْمَعُ مِنْكَ حَدِيثًا كَثِيرًا أُنْسَاهُ قَالَ ابْسُطْ رِدَائِكَ فَبَسَطْتُهُ قَالَ فَغَرَفَ بِيَدَيْهِ ثُمَّ قَالَ ضُمَّهُ فَضَمَّمْتُهُ فَمَا نَسِيتُ شَيْئًا بَعْدَهُ

119 - Әбу Хурайра (р.а.) айтты: «Мен Пайғамбарымызға (с.ғ.с.): «Я Расулудла, мен сізден көп хадис естіп тындаймын, бірақ соны ұмытып қаламын»,- дедім. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Шапаныңды жай»,- деді. Содан соң мүбарак қолдарымен (бір нәрсені уыстап алғандай) Алла тағаланың берекетінен (шапаныма) уыстап салды. Кейін, «Бауырыңа бас!»,- деді. Мен бауырыма бастым, содан кейін еш нәрсені (хадистерді) естен шығарып ұмытпайтын болдым»,- деді.

120 - حَدَّثَنَا إِبْرَاهِيمُ بْنُ الْمُنْذِرِ قَالَ حَدَّثَنَا ابْنُ أَبِي فُدَيْكٍ بِهَذَا أَوْ قَالَ غَرَفَ بِيَدِهِ فِيهِ

120 - Ибн Әби Фудейк дәл осы хабарды жеткізген болатын.

121 - حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ قَالَ حَدَّثَنِي أَخِي عَنْ ابْنِ أَبِي زَيْبٍ عَنْ سَعِيدِ الْمَقْبُرِيِّ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ قَالَ حَفِظْتُ مِنْ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَعَاءَيْنِ قَامًا أَحَدُهُمَا فَبَتَّنْتُهُ وَأَمَّا الْآخَرُ فَلَوْ بَتَّنْتُهُ فُطِعَ هَذَا الْبُلْعُومُ

121 - Әбу Хурайра (р.а.) айтты: «Мен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) айтқандарынан екі түрлі ілімді есіме сақтадым. Біріншісін адамдарға айтып жеткіздім, ал екіншісін айтсам, онда міндетті түрде мені бауыздар

⁴⁸ 2. «әл-Бақара», 159-160 аят.

еді»,- деді. (Оның біріншісі хадистер, ал екіншісі болса болашақта болатын бүліктер туралы айтылған хабарлар еді).

44-бап. Ғұламаларды көңіл бөліп тындаудың дұрыстығы туралы

122- حَدَّثَنَا حَجَّاجٌ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ قَالَ أَخْبَرَنِي عَلِيُّ بْنُ مُدْرِكٍ عَنْ أَبِي زُرْعَةَ بْنِ عَمْرٍو عَنْ جَرِيرٍ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ لَهُ فِي حَجَّةِ الْوَدَاعِ اسْتَنْصِتِ النَّاسَ فَقَالَ لَا تَرْجِعُوا بَعْدِي كَقَارًا يَضْرِبُ بَعْضُكُمْ رِقَابَ بَعْضٍ

122 - Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Хажжат ул-Уадағта тұрғанында Жәрир ибн Абдуллаға: «Адамдарды тыныштандыр!»,- деді. Содан соң: «Менен кейін бір-бірінді өлтіретін кәпір болып кетпеңдер!»,- деп қосып қойды.

45-бап. «Адамдардың ең ғалымы кім?»,- деп сұрағанда, «Ғалым кісіні Алла біледі»,- деп жауап берудің дұрыстығы туралы

123- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مُحَمَّدٍ قَالَ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ قَالَ حَدَّثَنَا عَمْرٌو قَالَ أَخْبَرَنِي سَعِيدُ بْنُ جُبَيْرٍ قَالَ قُلْتُ لِابْنِ عَبَّاسٍ إِنَّ نَوْفًا الْبِكَالِيِّ يَزْعُمُ أَنَّ مُوسَى لَيْسَ بِمُوسَى بَنِي إِسْرَائِيلَ إِنَّمَا هُوَ مُوسَى آخَرُ فَقَالَ كَذَبَ عَدُوُّ اللَّهِ حَدَّثَنَا أَبِيُّ بْنُ كَعْبٍ عَنْ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَامَ مُوسَى النَّبِيُّ خَطِيبًا فِي بَنِي إِسْرَائِيلَ فَسُئِلَ أَيُّ النَّاسِ أَعْلَمُ فَقَالَ أَنَا أَعْلَمُ فَعَتَبَ اللَّهُ عَلَيْهِ إِذْ لَمْ يَرِدَّ الْعِلْمَ إِلَيْهِ فَأَوْحَى اللَّهُ إِلَيْهِ أَنَّ عَبْدًا مِنْ عِبَادِي بِمَجْمَعِ الْبَحْرَيْنِ هُوَ أَعْلَمُ مِنْكَ قَالَ يَا رَبِّ وَكَيْفَ بِهِ فَقِيلَ لَهُ احْمِلْ حُوتًا فِي مِكْتَلٍ فَإِذَا فَدَّتَهُ فَهُوَ تَمَّ فَانْطَلِقْ وَانْطَلِقْ بِفَتَاهُ يُوشِعُ بَنَ نُونٍ وَحَمَلًا حُوتًا فِي مِكْتَلٍ حَتَّى كَانَا عِنْدَ الصَّخْرَةِ وَضَعَا رُءُوسَهُمَا وَنَامَا فَانْسَلَّ الْحُوتُ مِنْ الْمِكْتَلِ فَاتَّخَذَ سَبِيلَهُ فِي الْبَحْرِ سَرَبًا وَكَانَ لِمُوسَى وَفَتَاهُ عَجَبًا فَانْطَلَقَا بِفَيْئِهِ لِيَلْتَهُمَا وَيَوْمَهُمَا فَلَمَّا أَصْبَحَ قَالَ مُوسَى لِفَتَاهُ آتِنَا غَدَاءَنَا لَقَدْ لَقِينَا مِنْ سَفَرِنَا هَذَا نَصَبًا وَلَمْ يَجِدْ مُوسَى مَسًّا مِنْ النَّصَبِ حَتَّى جَاوَزَ الْمَكَانَ الَّذِي أَمَرَ بِهِ فَقَالَ لَهُ فَتَاهُ أَرَأَيْتَ إِذْ أَوْيْنَا إِلَى الصَّخْرَةِ فَإِنِّي نَسِيتُ الْحُوتَ وَمَا أَنْسَانِيهِ إِلَّا الشَّيْطَانُ قَالَ مُوسَى ذَلِكَ مَا كُنَّا نَبْغِي فَارْتَدَّا عَلَى آثَارِهِمَا قَصَصًا فَلَمَّا ائْتَاهَا إِلَى الصَّخْرَةِ إِذَا رَجُلٌ

مُسَجَّى بِتَوْبٍ أَوْ قَالَ تَسَجَّى بِتَوْبِهِ فَسَلَّمَ مُوسَى فَقَالَ الْخَضِرُ وَأَتَى بِأَرْضِكَ السَّلَامُ
فَقَالَ أَنَا مُوسَى فَقَالَ مُوسَى بَنِي إِسْرَائِيلَ قَالَ نَعَمْ قَالَ هَلْ أَتَيْكَ عَلَى أَنْ تُعَلِّمَنِي
مِمَّا عَلَّمْتَ رَشَدًا قَالَ إِنَّكَ لَنْ تَسْتَطِيعَ مَعِيَ صَبْرًا يَا مُوسَى إِنِّي عَلَى عِلْمٍ مِنْ عِلْمِ
اللَّهِ عَلَّمَنِيهِ لَا تَعْلَمُهُ أَنْتَ وَأَنْتَ عَلَى عِلْمٍ عَلَّمَكَهُ لَا أَعْلَمُهُ قَالَ سَتَجِدُنِي إِنْ شَاءَ
اللَّهُ صَابِرًا وَلَا أَعْصِي لَكَ أَمْرًا فَانْطَلَقَا يَمْشِيَانِ عَلَى سَاحِلِ الْبَحْرِ لَيْسَ لَهُمَا
سَفِينَةٌ فَمَرَّتْ بِهِمَا سَفِينَةٌ فَكَلَّمُوهُمْ أَنْ يَحْمِلُوهُمَا فَعَرَفَ الْخَضِرُ فَحَمَلُوهُمَا بِغَيْرِ
نَوْلٍ فَجَاءَ عُصْفُورٌ فَوَقَعَ عَلَى حَرْفِ السَّفِينَةِ فَنَقَرَ نَقْرَةً أَوْ نَقَرَتَيْنِ فِي الْبَحْرِ فَقَالَ
الْخَضِرُ يَا مُوسَى مَا نَقَصَ عِلْمِي وَعِلْمُكَ مِنْ عِلْمِ اللَّهِ إِلَّا كَنَقْرَةِ هَذَا الْعُصْفُورِ
فِي الْبَحْرِ فَعَمَدَ الْخَضِرُ إِلَى لَوْحٍ مِنَ الْأَوْحِ السَّفِينَةِ فَنَزَعَهُ فَقَالَ مُوسَى قَوْمٌ
حَمَلُونَا بِغَيْرِ نَوْلٍ عَمَدْتَ إِلَى سَفِينَتِهِمْ فَخَرَقْنَاهَا لِتُغْرَقَ أَهْلُهَا قَالَ أَلَمْ أَقُلْ إِنَّكَ لَنْ
تَسْتَطِيعَ مَعِيَ صَبْرًا قَالَ لَا تُؤَاخِذْنِي بِمَا نَسِيتُ وَلَا تُرْهِقْنِي مِنْ أَمْرِي عُسْرًا
فَكَانَتْ الْأُولَى مِنْ مُوسَى نَسِيَانًا فَانْطَلَقَا فَإِذَا غُلَامٌ يَلْعَبُ مَعَ الْغُلَمَانِ فَأَخَذَ الْخَضِرُ
بِرَأْسِهِ مِنْ أَعْلَاهُ فَأَقْتَلَعَ رَأْسَهُ بِيَدِهِ فَقَالَ مُوسَى أَقْتَلْتَ نَفْسًا زَكِيَّةً بِغَيْرِ نَفْسٍ قَالَ أَلَمْ
أَقُلْ لَكَ إِنَّكَ لَنْ تَسْتَطِيعَ مَعِيَ صَبْرًا قَالَ ابْنُ عُبَيْبَةَ وَهَذَا أَوْكَدٌ فَانْطَلَقَا حَتَّى إِذَا أَتَيَا
أَهْلَ قَرْيَةٍ اسْتَطَعَمَا أَهْلُهَا فَأَبَوْا أَنْ يُضَيِّفُوهُمَا فَوَجَدَا فِيهَا جِدَارًا يُرِيدُ أَنْ يَنْقُضَ
فَأَقَامَهُ قَالَ الْخَضِرُ بِيَدِهِ فَأَقَامَهُ فَقَالَ لَهُ مُوسَى لَوْ شِئْتَ لَاتَّخَذْتَ عَلَيْهِ أَجْرًا قَالَ
هَذَا فِرَاقُ بَيْنِي وَبَيْنِكَ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَرْحَمُ اللَّهُ مُوسَى لَوَدِدْنَا لَوْ
صَبَرَ حَتَّى يُقْصَّ عَلَيْنَا مِنْ أَمْرِهِمَا

123 - Сабыд ибн Жұбайр (р.а.) Абдулла ибн Аббасқа (р.а.): «Науфал Бакалий: «Қызырмен жолыққан) Мұса Бәний Исраил Пайғамбары емес, бәлкім, басқа Мұса болған деп айтып жатыр», - дегенде, Абдулла ибн Аббас (р.а.): «Жалған айтыпты, ол - Алланың дұшпаны екен», - депті.

Убай ибн Кағб (р.а.) Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) былай деп риуаят етті: «Мұса ғ.с. Бәний Исраил қауымына уағыз айтып тұрған еді. «Адамдардың ең ғалымы кім?», - деп сұрасты. Сонда Мұса ғ.с.: «Мен-бәрінен де білгірмін», - деді. «Алла тағала біледі», - деп айтпағаны үшін Алла тағала ол кісіге ескерту беріп: «Екі теңіздің қосылатын жерінде бір пендем бар, ол сенен гөрі артығырақ біледі», - деген уәхиді нәзіл етті. Мұса

ғ.с.: «О, Раббым, ол кісімен қалай жолығамын?»,- деді. Алла тағала: «Бір себетке балықты салып ал да, жолға шық, балықты қай жерде жоғалтсаң, Қызыр ғ.с. сол жерде болар»,- деді. Мұса ғ.с. Юшағ деген қызметшісімен себетке балықты салып алып, жолға шықты. Үлкен қой тастың жанына келгенде, себетті жерге қойып ұйқыға кетті. Балық себеттен сырғып түсіп, теңізге жүзе жөнеліпті⁴⁹. Хазіреті Мұса мен ғ.с. қызметшісі екеуі таңғалысты, (өйткені себеттегі балық өлі болатын). Одан кейін олар жолға шығып, түннің қалған бөлігіне қоса күні бойы жол жүрді. Ертеңіне таң атқан соң, Мұса ғ.с. қызметші балаға: «Екеуі судан өтеді. «Азығымызды әкелші, осы сапарымызда шаршадық⁵⁰»,- деді. Мұса ғ.с. бұйырылған жерге жеткенше шаршаған жоқ, қызметші бала: «Қара басқанын қараңызшы, қой тастың жанында демалғанымызда балық есімнен шығып кетіпті⁵¹»,- деді. Сонда Мұса ғ.с.: «Міне, іздегеніміз осы»,- деп, екеуі ізінше қайта қайтты⁵². Ол жерге жеткенде, киімін жамылып жатқан кісіні көріп, Мұса ғ.с. оған сәлем берді. Сонда Қызыр ғ.с.: «Сенің елінде бұлай сәлем беруді қайдан біледі?»,- деп сұрады.. Мұса ғ.с.: «Мен Мұсамын ғ.с.»,- деді. Қызыр ғ.с.: «Бәний Исрайлдың Мұсасы ма?»,- деді. Мұса ғ.с.: «Ол кісіге, саған үйретілген даналықтан маған да үйретуің үшін саған ерейін бе?⁵³»,- деді. Қызыр ғ.с.: «Расында, сен менімен бірге болуға шыдай алмайсың⁵⁴»,- деді. Мұса ғ.с.: «Алла тағаланың саған үйреткен ілімі маған белгісіз. Ал маған үйреткен ілімі болса, саған белгісіз. «Алла қаласа, мені сабырлы табарсың. Сондай-ақ саған ешбір істе қарсы келмеймін⁵⁵»,- деді. Содан соң екеуі теңізді жағалап жүріп кетті. Кемелері болмағандықтан өтіп бара жатқан кемедегілерге өздерімен бірге алып кетулерін өтінді. Олар Қызырды ғ.с. танып, оларды ешқандай ақы-пұлсыз кемеге отырғызып алып кетті. Кеменің шетіне бір шымшық келіп қонып, бір екі шоқып су ішті. Қызыр ғ.с. Мұсаға ғ.с.: «Сені мен мен білген ілім шымшық теңіздегі суды шоқып ішіп азайта алмаған сияқты нәрсе, Алла тағаланың ілімі еш кемімейді». Содан соң Қызыр ғ.с. кемені тесіп тастады. Сол кезде Мұса ғ.с.: «Бізді ешқандай ақы-пұлсыз алып кеткендердің кемесін әдейі тесіп, адамдар суға батсын дегенің бе?»,- деді. Сонда Қызыр ғ.с.: «Мен саған менімен бірге әсте сабыр ете алмайсың демедім бе?⁵⁶»,- деді. Сонда Мұса ғ.с.: «Ұмытқан нәрсемді есепке алма⁵⁷»,- деді. Содан екеуі ары қарай жүрді. Бір жерге келгенде Қызыр ғ.с. ойнап отырған балалардың ішіндегі бір ұл баланың басын қолымен ұстап жұлып тастады. Сонда Мұса ғ.с.: «Адам өлтірмеген бейкүнә бір жанды өлтіріп тастадың»,- деді. Қызыр ғ.с.: «Менімен бірге жүруге төзімділігін жетпейді деп айтпап па едім?»,- деді.

⁴⁹ 18. «әл-Кәһф», 61 аят.

⁵⁰ 18. «әл-Кәһф», 62 аят.

⁵¹ 18. «әл-Кәһф», 63 аят.

⁵² 18. «әл-Кәһф», 64 аят.

⁵³ 18. «әл-Кәһф», 66 аят.

⁵⁴ 18. «әл-Кәһф», 67 аят.

⁵⁵ 18. «әл-Кәһф», 69 аят.

⁵⁶ 18. «әл-Кәһф», 72 аят.

⁵⁷ 18. «әл-Кәһф», 73 аят.

Екеуі тағы да бірге жүріп, бір ауылға жетті. Әркімнен тамақ сұрап еді, олар қонақжайлық көрсете қоймады. Кезіп жүріп бір құлағалы тұрған ескі үйге жолықты. Қызыр ғ.с. ол үйді жөндеп қойды. Сонда Мұса ғ.с.: «Егерде қаласаң, сенің бұған ақы сұрауға хақын бар», - деді. Сол кезде Қызыр ғ.с.: «Сен екеуіміздің айрылысатын сәтіміз осы», - деді. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.): «Алла тағала Мұсаға ғ.с. рахмет етсін, егерде сәл сабырлық еткенде (неше түрлі ғажайып нәрселерді көрер еді). Екеуінің арасында болған істерден біз көбірек білген болар едік», - деді.

46-бап. Отырған ғалым кісіден тік тұрып сұрақ сұраудың дұрыстығы туралы

125 - حَدَّثَنَا عُمَانُ قَالَ أَخْبَرَنَا جَرِيرٌ عَنْ مَنْصُورٍ عَنْ أَبِي وَائِلٍ عَنْ أَبِي مُوسَى قَالَ جَاءَ رَجُلٌ إِلَى النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ يَا رَسُولَ اللَّهِ مَا الْقِتَالُ فِي سَبِيلِ اللَّهِ فَإِنِ أَحَدَنَا يُقَاتِلُ غَضَبًا وَيُقَاتِلُ حَمِيَّةً فَرَفَعَ إِلَيْهِ رَأْسَهُ قَالَ وَمَا رَفَعَ إِلَيْهِ رَأْسَهُ إِلَّا أَنَّهُ كَانَ قَائِمًا فَقَالَ مَنْ قَاتَلَ لِيَتَكُونَ كَلِمَةً لِلَّهِ هِيَ الْعُلْيَا فَهُوَ فِي سَبِيلِ اللَّهِ عَزَّ وَجَلَّ

125 - Әбу Мұса әл-Ашғарий (р.а.) риуаят етті: «Бір кісі Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдына келіп: «Я Расулалла, қайсы соғыс Алла жолындағы қылынған соғыс болып саналады? Біріміз қорланғанымыздан соғыссақ, енді біріміз туған-туысымызды қорғаймыз деп соғысамыз», - деп сұрады. Сұрақ қоюшы адам тік тұрып сұрап тұрғандықтан Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) басын жоғары көтеріп қарады да: «Кімде-кім Алла тағаланың сөзін жоғары (үстем) болсын деп соғысатын болса, міне сол Алла жолындағы соғыс болып есептеледі», - деді.

47-бап. Рамил-Жұммарда (шайтанға тас ататын жер) сауал мен пәтуа сұрау туралы

126 - حَدَّثَنَا أَبُو نُعَيْمٍ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْعَزِيزِ بْنُ أَبِي سَلَمَةَ عَنْ الزُّهْرِيِّ عَنْ عَيْسَى بْنِ طَلْحَةَ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَمْرٍو قَالَ رَأَيْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عِنْدَ الْجَمْرَةِ وَهُوَ يُسْأَلُ فَقَالَ رَجُلٌ يَا رَسُولَ اللَّهِ نَحَرْتُ قَبْلَ أَنْ أُرْمِيَ قَالَ أَرْمِ وَلَا حَرَجَ قَالَ آخِرُ يَا رَسُولَ اللَّهِ حَلَفْتُ قَبْلَ أَنْ أَنْحَرَ قَالَ أَنْحَرَ وَلَا حَرَجَ فَمَا سُئِلَ عَنْ شَيْءٍ فُدِّمَ وَلَا أُخِّرَ إِلَّا قَالَ أَفْعَلْ وَلَا حَرَجَ

126 - Абдулла ибн Ғамр (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) Жамрат ул-Ақабада (шайтанға тас ататын жер) көрдім. Сонда бір кісі: «Я

Расулулла, шайтанға тас атпастан бұрын құрбан шалып қойыппын?»,- деп сұрап еді, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ата бер, зияны жоқ»,- деді. Тағы бір кісі: «Я Расулулла, құрбан шалмастан бұрын шашымды алдырып қойыппын?»,- деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Соя бер, оның еш зарары жоқ»,- деді. Содан соң әуелі не кейін қылынған қажылық амалдары туралы қойылған барлық сауалдарға «Істей бер, оның зарары жоқ»,- деп жауап берді»,- деді.

48-бап. Алла тағаланың: «Сендерге өте аз ілім берілді»,- деген аят кәрімі туралы

127 - حَدَّثَنَا قَيْسُ بْنُ حَفْصٍ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْوَاحِدِ قَالَ حَدَّثَنَا الْأَعْمَشُ سُلَيْمَانُ بْنُ مَهْرَانَ عَنْ إِبْرَاهِيمَ عَنْ عَلْقَمَةَ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ بَيْنَا أَنَا أَمْشِي مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي خَرِبِ الْمَدِينَةِ وَهُوَ يَتَوَكَّأُ عَلَى عَسِيبٍ مَعَهُ فَمَرَّ بِفَقْرٍ مِنَ الْيَهُودِ فَقَالَ بَعْضُهُمْ لِبَعْضٍ سَلُوهُ عَنِ الرُّوحِ وَقَالَ بَعْضُهُمْ لَا تَسْأَلُوهُ لَا يَجِيءُ فِيهِ بَشِيءٌ تَكْرَهُونَهُ فَقَالَ بَعْضُهُمْ لِنَسَائِلَتِهِ فَقَامَ رَجُلٌ مِنْهُمْ فَقَالَ يَا أَبَا الْقَاسِمِ مَا الرُّوحُ فَسَكَتَ فَقُلْتُ إِنَّهُ يُوحَى إِلَيْهِ فَقُمْتُ فَلَمَّا انْجَلَى عَنْهُ قَالَ وَيَسْأَلُونَكَ عَنِ الرُّوحِ قُلِ الرُّوحُ مِنْ أَمْرِ رَبِّي وَمَا أُوتُوا مِنَ الْعِلْمِ إِلَّا قَلِيلًا قَالَ الْأَعْمَشُ هَكَذَا فِي قِرَاءَتِنَا

127 - Абдулла ибн Масғуд (р.а.) айтты: «Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге Мединенің ойлы-шұңқыр жерімен кетіп бара жатыр едік. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қолына құрма ағашынан жасалған аса таяқ ұстап алған еді. Бізге бір топ яһудилер жолықты. Олардың кейбірі: «Ол кісіден рух туралы сұраңдаршы»,- десті. Ал, кейбірі болса: «Сұрамаңдар, оның айтқаны бәрібір сендерге ұнамайды»,- десті. Енді біреулері: «Әлбетте сұраймыз»,- деді. Солардың бірі тұрып: «Ей, Әбулқасым, рух деген не нәрсе?»,- деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) үн қатпады. Мен өзімше ол кісіге уәхи нәзіл болып жатыр»,- дедім. Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) яһудилерден паналап (кедергі етпесін деп) ортада тұрдым. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өз-өзіне келген соң: «(Мұхаммед ғ.с.) олар сеннен (рух) жан туралы сұрайды: «Ол, Раббымың әмірінен. Сендерге өте аз мәлімет берілді»⁵⁸»,- деді. Әл-Ағмаш (р.а.): «Біздегі (нұсқада) солай оқылады»,- деген.

49-бап. Кейбіреулер дұрыс түсінбей қалмасын деп өзі қалаған нәрселерден безіну туралы

⁵⁸ 17. «әл-Исра», 85 аят.

128 - حَدَّثَنَا عُبَيْدُ اللَّهِ بْنُ مُوسَى عَنْ إِسْرَائِيلَ عَنْ أَبِي إِسْحَاقَ عَنِ الْأَسْوَدِ قَالَ قَالَ لِي ابْنُ الزُّبَيْرِ كَانَتْ عَائِشَةُ تُسِرُّ إِلَيْكَ كَثِيرًا فَمَا حَدَّثْتِكَ فِي الْكَعْبَةِ قُلْتَ قَالَتْ لِي قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَا عَائِشَةُ لَوْلَا قَوْمُكَ حَدِيثُ عَهْدِهِمْ قَالَ ابْنُ الزُّبَيْرِ بِكُفْرٍ لَنَفَضْتُ الْكَعْبَةَ فَجَعَلْتُ لَهَا بَابَيْنِ بَابٌ يَدْخُلُ النَّاسُ وَبَابٌ يَخْرُجُونَ فَفَعَلَهُ ابْنُ الزُّبَيْرِ

128 - Әсуад ән-Нахл (р.а.) риуаят етті: «Абдулла ибн Зубайр (р.а.) маған: «Айша анамыз саған көп сыр айтады, Қағба туралы саған қандай хадис айтты»,- деп сұрады. Мен оған: «Айша анамыз былай деп айтқан»,- дедім. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ей, Айша (р.а.), егерде қауым енді ғана күпірліктен шықпағанда (Енді ғана Исламды қабылдамағанда) еді, Қағбаны тесіп, есігін екеу қылып, адамдардың біреуінен кіріп, екіншісінен шығатындай ететін едім»,- деді. Кейіннен Абдулла ибн Зубайр (р.а.) Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) ойын жүзеге асырды.

50-бап. Ілімді ұғуды қаламаған қауымнан гөрі ұғатын қауымға үйрету туралы

وَقَالَ عَلِيٌّ حَدَّثُوا النَّاسَ بِمَا يَعْرِفُونَ أَنْحِبُونَ أَنْ يُكَذِّبَ اللَّهُ وَرَسُولَهُ

Хазреті Әли (р.а.): «Адамдарға ақылдары жететін нәрсені айтындар. Алла тағала мен оның Пайғамбарын (с.ғ.с.) жалғанға шығаруларын қалайсындар ма?»,- деген екен.

129 - حَدَّثَنَا عُبَيْدُ اللَّهِ بْنُ مُوسَى عَنْ مَعْرُوفِ بْنِ خَرَبُودٍ عَنْ أَبِي الطُّفَيْلِ عَنْ عَلِيٍّ بِذَلِكَ

129 - Әбу Туфейл имам Әлиден осы мағынадағы хадисті жеткізді.

130 - حَدَّثَنَا إِسْحَاقُ بْنُ إِبْرَاهِيمَ قَالَ حَدَّثَنَا مُعَاذُ بْنُ هِشَامٍ قَالَ حَدَّثَنِي أَبِي عَنْ قَتَادَةَ قَالَ حَدَّثَنَا أَنَسُ بْنُ مَالِكٍ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَمُعَاذُ رَدِيفُهُ عَلَى الرَّحْلِ قَالَ يَا مُعَاذُ بْنُ جَبَلٍ قَالَ لَبَّيْكَ يَا رَسُولَ اللَّهِ وَسَعْدَيْكَ قَالَ يَا مُعَاذُ قَالَ لَبَّيْكَ يَا رَسُولَ اللَّهِ وَسَعْدَيْكَ ثَلَاثًا قَالَ مَا مِنْ أَحَدٍ يَشْهَدُ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَأَنَّ مُحَمَّدًا رَسُولُ اللَّهِ صِدْقًا مِنْ قَلْبِهِ إِلَّا حَرَّمَهُ اللَّهُ عَلَى النَّارِ قَالَ يَا رَسُولَ اللَّهِ أَفَلَا أُخْبِرُ بِهِ النَّاسَ فَيَسْتَبْشِرُوا قَالَ إِذَا يَتَّكَلَمُوا وَأُخْبِرَ بِهَا مُعَاذٌ عِنْدَ مَوْتِهِ تَأْتِمًا

130 - Энас ибн Мәлік (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Муғаз ибн Жәбалды (р.а.) түйесіне мінгестіріп алып келе жатқанында: «Ей, Муғаз ибн Жәбал!», - депті. Сонда Муғаз: «Я Расулулла, ләббайкә, мен осындамын, қызметіңізге әзірмін», - деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) тағы да: «Ей, Муғаз!», - деді. Муғаз (р.а.): «Иә, Расулулла, мен мұндамын, қызметіңізге әзірмін», - деді. Осы сөзді үш рет айтқаннан кейін: «**Әшһаду ән лә иләһа илла Алла Уа әшһаду әнна Мұхаммедан ғабдуһу уа расулуһу**», - деп шын жүрегімен айтқан адамға ғана Алла тағала тозақ отын харам етер», - деді. Сонда Муғаз (р.а.): «Я Расулулла, бұны адамдардың қуануы үшін соларға жеткізсем қайтеді?», - деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Олай етсең, адамдар тек қана осыған арқа сүйеп үміттеніп қалады», - деді. Хазреті Муғаз (р.а.) адамдарға бұл хадисті өзінің қайтыс болар шағында ғана (Хадисті жасырып күнәһар болып қалуынан қорқып) толық қылып айтып берген екен.

131 - حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا مَعْتَمِرٌ قَالَ سَمِعْتُ أَبِي قَالَ سَمِعْتُ أَنَسَ بْنَ مَالِكٍ قَالَ ذُكِرَ لِي أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ لِمُعَاذِ بْنِ جَبَلٍ مَنْ لَقِيَ اللَّهَ لَا يُشْرِكُ بِهِ شَيْئًا دَخَلَ الْجَنَّةَ قَالَ أَلَا أُبَشِّرُ النَّاسَ قَالَ لَا إِنِّي أَخَافُ أَنْ يَتَكَلَّبُوا

131 - Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Муғазға: «Кімде-кім Алла тағалаға серік қоспастан жолықса, ол жәннатқа кірер», - деді. Сонда Муғаз (р.а.): Бұл жақсы хабарды адамдарға айтайын ба?», - дегенде, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Жоқ, қатты үміттеніп қалуларынан қорқамын», - деген екен. (Яғни, адамдар: «Алла тағалаға серік қоспасақ болды, жәннатқа кіреді екенбіз», - деп дұрыс түсінбей қалмасын дегені).

51-бап. Ілімді үйренуден ұялу туралы

Мужаһид айтқан: «Ұялған кісі ілімді ала алмайды. Ұялған кісі мен өркөкірек адам ілім алмайды. Айша анамыз (р.а.) айтқан: «Әйелдердің жақсысы - Ансарий әйелдер, өйткені оларға дінді терең түсініп үйренулері үшін ұят кедергі бола алмады», - деді.

132 - حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ سَلَامٍ قَالَ أَخْبَرَنَا أَبُو مُعَاوِيَةَ قَالَ حَدَّثَنَا هِشَامُ بْنُ عُرْوَةَ عَنْ أَبِيهِ عَنْ زَيْنَبَ ابْنَةِ أُمِّ سَلَمَةَ عَنْ أُمِّ سَلَمَةَ قَالَتْ جَاءَتْ أُمُّ سُلَيْمٍ إِلَى رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَتْ يَا رَسُولَ اللَّهِ إِنَّ اللَّهَ لَا يَسْتَحْيِي مِنَ الْحَقِّ فَهَلْ عَلَى الْمَرْأَةِ مِنْ غُسْلِ إِذَا احْتَلَمَتْ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا رَأَتْ الْمَاءَ

فَعَطَّتْ أُمُّ سَلَمَةَ تَعْنِي وَجْهَهَا وَقَالَتْ يَا رَسُولَ اللَّهِ أَوْتَحْتَلِمُ الْمَرْأَةُ قَالَ نَعَمْ تَرَبَّتْ
بِمِيمَتِكَ فِيمَ يُشْبِهُهَا وَلَدُهَا

132 - Үмму Сәлама (р.а.) айтты: «Үмму Сүләйм Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдына келіп: «Я Расуллулла, Алла тағала ақиқатты айтудан ұялмайды (Сол себепті, мен де ұялмаспын). Егерде әйел адам жүніп болып қалса, оған ғұсыл құйыну уәжіп бола ма?»,- деп сұрады. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Әрине, егерде судың шыққаның көрсе, уәжіп болады»,- деді. Бұны естіген Үмму Сәлама бетін жауып (ұялғанынан): «Я Расуллулла, әйелде де ихтилам бола ма?»,- деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Әрине болады, әйтпесе баласы анасына қалай ұқсайды?!»,- деді.

133 - حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ قَالَ حَدَّثَنِي مَالِكٌ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ دِينَارٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ
عُمَرَ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ إِنَّ مِنَ الشَّجَرِ شَجْرَةً لَا يَسْفُطُ
وَرَقَهَا وَهِيَ مِثْلُ الْمُسْلِمِ حَدَّثُونِي مَا هِيَ فَوَقَعَ النَّاسُ فِي شَجَرِ الْبَادِيَةِ وَوَقَعَ فِي
نَفْسِي أَنَّهَا النَّخْلَةُ قَالَ عَبْدُ اللَّهِ فَاسْتَحْيَيْتُ فَقَالُوا يَا رَسُولَ اللَّهِ أَخْبَرْنَا بِهَا فَقَالَ
رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ هِيَ النَّخْلَةُ قَالَ عَبْدُ اللَّهِ فَحَدَّثْتُ أَبِي بِمَا وَقَعَ فِي
نَفْسِي فَقَالَ لَأَنْ تَكُونَ فُلْتُنَهَا أَحَبُّ إِلَيَّ مِنْ أَنْ يَكُونَ لِي كَذَا وَكَذَا

133 - Абдулла ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Ағаштардың ішінде жапырағы түспейтін бір ағаш бар, шындығында, ол мұсылманға ұқсайды. Ал енді айтыңдаршы, ол қандай ағаш?»,- деп сұрады. Адамдар шөл жерлерде өсетін ағаштарды естеріне түсіре бастады. Абдуллаһ ибн Омар (р.а.) айтты: «Бұл құрма ағашы болса керек деген ойыма келді, бірақ айтуға ұялдым»,- деді. Сонда адамдар: «Я Расуллулла, өзіңіз айтып беріңіз»,- десті. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ол - құрма ағашы»,- деді. Мен көңілімдегі баяғы ойымды атам Омарға айттым. Сонда атам Омар: «Сонда айтқаныңда ғой, маған пәлен-түген істер нәсіп болып, жақсы болар еді»,- деді.

52-бап. Сауалды сұраудан өзі ұялса, басқа біреу арқылы сұратудың дұрыстығы туралы

134 - حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ دَاوُدَ عَنْ الْأَعْمَشِ عَنْ مُنْذِرِ النَّوْزِيِّ
عَنْ مُحَمَّدِ بْنِ الْحَفْصِيِّ عَنْ عَلِيِّ بْنِ أَبِي طَالِبٍ قَالَ كُنْتُ رَجُلًا مَدَاءً فَأَمَرْتُ الْمِقْدَادَ
بْنَ الْأَسْوَدِ أَنْ يَسْأَلَ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَسَأَلَهُ فَقَالَ فِيهِ الْوُضُوءُ

134 - Хазреті Әли (р.а.) риуаят етті: «Мен өте шаһуатты адам едім.(Менен мәзи көп шығатын) Әл-Микдатқа: «Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) шыққан мәзидің үкімін сұра»,- деп бұйырдым. Ол кісі кіріп сұрады. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Мәзи келген болса, онда дәрет алу ләзім болады»,- деді.

53-бап. Мешітте ілім туралы сөйлесу мен пәтуа айтудың дұрыстығы туралы

135 - حَدَّثَنِي قُتَيْبَةُ بْنُ سَعِيدٍ قَالَ حَدَّثَنَا اللَّيْثُ بْنُ سَعْدٍ قَالَ حَدَّثَنَا نَافِعٌ مَوْلَى عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ بْنِ الْخَطَّابِ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ أَنَّ رَجُلًا قَامَ فِي الْمَسْجِدِ فَقَالَ يَا رَسُولَ اللَّهِ مِنْ أَيْنَ تَأْمُرُنَا أَنْ نُهَلَّ فَقَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُهَلُّ أَهْلُ الْمَدِينَةِ مِنْ ذِي الْحُلَيْفَةِ وَيُهَلُّ أَهْلُ الشَّامِ مِنَ الْجُحْفَةِ وَيُهَلُّ أَهْلُ نَجْدٍ مِنْ قَرْنٍ وَقَالَ ابْنُ عُمَرَ وَيَزْعُمُونَ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ وَيُهَلُّ أَهْلُ الْيَمَنِ مِنْ يَلْمَمَ وَكَانَ ابْنُ عُمَرَ يَقُولُ لَمْ أَفْقَهُ هَذِهِ مِنْ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

135 - Абдулла ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Бір кісі мешітте орнынан тұрып: «Я Расулулла, қай жерден бастап ихрамға кіруімізді (таһлил айтуымызды) бұйырасың?»,- деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Мединенің халқы Зүл-Хулайфадан бастап, Шам (Сирия) халқы әл-Жухфадан бастап, Нажд (Ирак) халқы Қарн деген жерден бастап кірсін»,- деді. Ибн Омар (р.а.): «Кейбір адамдар: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Иеменнің халқы Яламламнан бастап кірсін»,- деп айтты»,- десті. Бірақ ибн Омар (р.а.): «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) бұлай деп айтқаны менің есімде жоқ»,- деді.

54-бап. Шариғаттан мәселе сұраған адамға сұрағанынан да көбірек жауап берудің дұрыстығы туралы

136 - حَدَّثَنَا آدَمُ قَالَ حَدَّثَنَا ابْنُ أَبِي زَيْبٍ عَنْ نَافِعٍ عَنْ ابْنِ عُمَرَ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَعَنِ الزُّهْرِيِّ عَنْ سَالِمٍ عَنْ ابْنِ عُمَرَ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنَّ رَجُلًا سَأَلَهُ مَا يَلْبَسُ الْمُحْرَمُ فَقَالَ لَا يَلْبَسُ الْقَمِيصَ وَلَا الْعِمَامَةَ وَلَا

السَّرَاوِيلَ وَلَا الْبُرُئْسَ وَلَا ثَوْبًا مَسَّهُ الْوَرَسُ أَوْ الزَّرْعَفَرَانُ فَإِنْ لَمْ يَجِدْ التَّلْعَيْنَ
فَلْيَلْبَسْ الْخُفَيْنِ وَلْيَقْطَعْهُمَا حَتَّى يَكُونَ تَحْتَ الْكَعْبَيْنِ

136 - Абдулла ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Бір кісі Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.): «Ихрамға кіруші адам (қажылық уақытында) не киеді?», - деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Көйлек кимейді, сәлде орамайды, шалбар (сым) кимейді, *бурнус* (шапанға ұқсас киім) кимейді, уарс (сары түсті ағаш) зағфранмен боялған киімді де кимейді (ақ матамен денесін орайды). Егерде тобықтан төмен тұратын аяқ киім таппаса, онда мәсісін тобықтан төменірек қылып кесіп тастасын, киген аяқ киімі тобықтан төмен болсын!», - деді.

ТАХАРАТ КІТАБЫ

БИСМИЛЛӘҢИР РАХМАНИР РАХИМ

1-бап. Алла тағаланың мына аят кәрімінің мазмұны туралы

قَوْلِ اللَّهِ تَعَالَى إِذَا فُئِمْتُمْ إِلَى الصَّلَاةِ فَاغْسِلُوا وُجُوهَكُمْ وَأَيْدِيَكُمْ إِلَى الْمَرَافِقِ
وَأَمْسَحُوا بِرُءُوسِكُمْ وَأَرْجُلَكُمْ إِلَى الْكَعْبَيْنِ

Алла тағала аят кәрімінде: «Әй, мүміндер! Қашан намазға тұрсандар, (тұрарда) жүздеріңді және шынтақтарға дейін қолдарыңды жуыңдар. Бастарыңа масих тартыңдар. (сипандар). Және екі тобықтарға дейін аяқтарыңды жуыңдар⁵⁹», - деді.

قَالَ أَبُو عَبْدِ اللَّهِ وَبَيَّنَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنَّ فَرَضَ الْوُضُوءِ مَرَّةً مَرَّةً
وَتَوَضُّأً أَيْضًا مَرَّتَيْنِ وَتَلَاثًا وَلَمْ يَزِدْ عَلَى ثَلَاثٍ وَكَرِهَ أَهْلُ الْعِلْمِ الْإِسْرَافَ فِيهِ وَأَنْ
يُجَاوِزُوا فِعْلَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

Әбу Абдулла (имам Бұхарий) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) дәреттің парызы-бір реттен жуу», - деп түсіндірген. Өзі дәрет алғанда екі, үш реттен жуған, бірақ бұдан артық асырмаған. Қызметшілеріне суды ысрап етпеуді бұйырған (яғни, үш реттен артық жуудан тиған).

2-бап. Дәретсіз намаз қабыл болмайды

⁵⁹ 5. «әл-Мәйида», 6 аят.

137- حَدَّثَنَا إِسْحَاقُ بْنُ إِبْرَاهِيمَ الْحَنْظَلِيُّ قَالَ أَخْبَرَنَا عَبْدُ الرَّزَّاقِ قَالَ أَخْبَرَنَا مَعْمَرٌ عَنْ هَمَّامِ بْنِ مُنَبِّهٍ أَنَّهُ سَمِعَ أَبَا هُرَيْرَةَ يَقُولُ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَا تُقْبَلُ صَلَاةٌ مِنْ أَحَدٍ حَتَّى يَتَوَضَّأَ قَالَ رَجُلٌ مِنْ حَضْرَمَوْتٍ مَا الْحَدَثُ يَا أَبَا هُرَيْرَةَ قَالَ فُسَاءٌ أَوْ ضُرَاطٌ

137 - Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Дәреті бұзылған адамның намазы қайтадан дәрет алғанына дейін қабыл болмайды», - деді. Хадрамауттік бір кісі Әбу Хурайрадан: «Дәреті бұзылуы дегені не?»,- деп сұрады. Сонда Әбу Хурайра (р.а.): «Дауыссыз немесе дауысы естіліп шыққан жел», - деді.

3-бап. Дәрет алудың артықшылығы және (Қиямет күнінде) дәрет алғанда жуылған жерлердің жарқырауы (әл-ғурр ул-мухажжалун)

138- حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ بُكَيْرٍ قَالَ حَدَّثَنَا اللَّيْثُ عَنْ خَالِدٍ عَنْ سَعِيدِ بْنِ أَبِي هِلَالٍ عَنْ نُعَيْمِ الْمُجَمَّرِ قَالَ رَقِيتُ مَعَ أَبِي هُرَيْرَةَ عَلَى ظَهْرِ الْمَسْجِدِ فَنَوَضَّأُ فَقَالَ إِنِّي سَمِعْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَقُولُ إِنَّ أُمَّتِي يُدْعَوْنَ يَوْمَ الْقِيَامَةِ عُرًّا مُحَجَّلِينَ مِنْ آثَارِ الْوُضُوءِ فَمَنْ اسْتَطَاعَ مِنْكُمْ أَنْ يُطِيلَ عُرَّتَهُ فَلْيَفْعَلْ

138 - Мужмир (р.а.) айтты: «Әбу Хурайрамен бірге мешіттің арт жағына өттік. Әбу Хурайра (р.а.) дәрет алды. Кейін ол кісі былай деді: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Қиямет күні үмбетімді дәрет алған жерлерінің жарқырауымен *ғұрран мухажжалин* деп шақырар. Қайсы бірің жарқырауды көбейтуге шамасы жетсе, көбейтсін», - деді.

4-бап. Дәретінің бұзылғаның анық білгенге дейін қайтадан дәрет алмайтындығы туралы

139- حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ أَبِي رَبِيعٍ قَالَ حَدَّثَنَا سُهَيْبَانُ قَالَ حَدَّثَنَا الرَّهْرِيُّ عَنْ سَعِيدِ بْنِ الْمُسَيَّبِ ح وَعَنْ عَبَادِ بْنِ تَمِيمٍ عَنْ عَمِّهِ أَنَّهُ شَكَاَ إِلَى رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ الرَّجُلُ الَّذِي يُخَيَّلُ إِلَيْهِ أَنَّهُ يَجِدُ الشَّيْءَ فِي الصَّلَاةِ فَقَالَ لَا يَنْقُتِلُ أَوْ لَا يَنْصَرِفُ حَتَّى يَسْمَعَ صَوْتًا أَوْ يَجِدَ رِيحًا

139 - Ибад ибн Тамимнің көкесі Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) бір кісінің үстінен шағымданып: «Намаз уақытында оның артынан жел шыққандай

болды»,- деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Бұндай жағдайда шыққан желдің дауысын естіп, иісін сезбегенінше намазды бұзбау керек»,- деді.

5-бап. Дәрет алуды жеңілдету туралы

140- حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ عَنْ عَمْرٍو قَالَ أَخْبَرَنِي كُرَيْبٌ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ نَامَ حَتَّى نَفَخَ ثُمَّ صَلَّى وَرَبَّمَا قَالَ اضْطَجَعَ حَتَّى نَفَخَ ثُمَّ قَامَ فَصَلَّى ثُمَّ حَدَّثَنَا بِهِ سُفْيَانُ مَرَّةً بَعْدَ مَرَّةٍ عَنْ عَمْرٍو عَنْ كُرَيْبٍ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ قَالَ بَتُّ عِنْدَ خَالَتِي مَيْمُونَةَ لَيْلَةً فَقَامَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مِنَ اللَّيْلِ فَلَمَّا كَانَ فِي بَعْضِ اللَّيْلِ قَامَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَتَوَضَّأَ مِنْ شَنْ مَعْلَقٍ وَضُوءًا خَفِيفًا يُخَفِّفُهُ عَمْرٍو وَيُقَلِّلُهُ وَقَامَ يُصَلِّي فَتَوَضَّأَتْ نَحْوًا مِمَّا تَوَضَّأَ ثُمَّ جِئْتُ فُقِمْتُ عَنْ يَسَارِهِ وَرَبَّمَا قَالَ سُفْيَانُ عَنْ شِمَالِهِ فَحَوْلَنِي فَجَعَلَنِي عَنْ يَمِينِهِ ثُمَّ صَلَّى مَا شَاءَ اللَّهُ ثُمَّ اضْطَجَعَ فَنَامَ حَتَّى نَفَخَ ثُمَّ أَتَاهُ الْمُنَادِي فَأَذَنَهُ بِالصَّلَاةِ فَقَامَ مَعَهُ إِلَى الصَّلَاةِ فَصَلَّى وَلَمْ يَتَوَضَّأْ فَلْنَا لِعَمْرٍو إِنَّ نَاسًا يَقُولُونَ إِنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ تَنَامُ عَيْنُهُ وَلَا يَنَامُ قَلْبُهُ قَالَ عَمْرٍو سَمِعْتُ عُبَيْدَ بْنَ عُمَيْرٍ يَقُولُ رُؤْيَا الْأَنْبِيَاءِ وَحْيٍ ثُمَّ قَرَأَ إِنِّي أَرَى فِي الْمَنَامِ أَنِّي أَذْبَحُكَ

140 - Ибн Аббас (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) ұйықтады, тіптен қорылдады, кейін тұрып намаз оқыды. Мүмкін, Суфян: «Расуллулла жамбастады, тіптен қорылдады да»,- деп айтқан сияқты еді. Кейіннен Суфян осы хадисті бізге бірнеше рет риуаят етіп айтып берген болатын.

Ибн Аббас (р.а.) және былай деді: «Апайым Мәймунакінде бір күні қонып қалдым. Түннің бір бөлігі өткенде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) намазға тұрды. Қабырғада ілініп тұрған суды алып, жеңіл дәрет алды. Кейін тұрып намаз оқи бастады. Одан кейін мен де дәрет алып, сол жағына келіп тұрып едім, мені оң жағына өткізіп қойды, кейін Алла тағала қалағанша намаз оқыды. Кейін жамбастап жатты, тіптен қорылдаған дауысына дейін естілді. Кейін азаншы келіп, азан айтты. Содан бәрі бірге намаз оқыды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қайтадан дәрет алмады.⁶⁰ Амр ибн Динар (р.а.): Адамдар Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) көзі ұйықтағанымен, бірақ жүрегі ұйықтамайды деседі»,- деп бізге айтқан еді. Амр солай дейді: «Губайд ибн Гумайр: «Пайғамбарлардың түсінің өзі де уәхи»,- деп, «Түсімде мен сені құрбандық қылып жатқан екенмін (Ибраһимнің ғ.с. баласы Исмайлға ғ.с. солай деді)»,- деген аятты оқыды»

⁶⁰ Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) көзі ұйқыда болғанымен, жүрегі ұйықтамайды.

6-бап. Дәретті толық алу туралы

141- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مَسْلَمَةَ عَنْ مَالِكٍ عَنْ مُوسَى بْنِ عُقْبَةَ عَنْ كُرَيْبِ مَوْلَى ابْنِ عَبَّاسٍ عَنْ أُسَامَةَ بْنِ زَيْدٍ أَنَّهُ سَمِعَهُ يَقُولُ دَفَعَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مِنْ عَرَفَةَ حَتَّى إِذَا كَانَ بِالشَّعْبِ نَزَلَ فَبَالَ ثُمَّ تَوَضَّأَ وَلَمْ يُسَبِّحِ الوُضُوءَ فَقُلْتُ الصَّلَاةَ يَا رَسُولَ اللَّهِ فَقَالَ الصَّلَاةُ أَمَامَكَ فَرَكِبَ فَلَمَّا جَاءَ الْمُزْدَلِفَةَ نَزَلَ فَتَوَضَّأَ فَأَسْبَغَ الوُضُوءَ ثُمَّ أُقِيمَتِ الصَّلَاةُ فَصَلَّى المَعْرَبَ ثُمَّ أَنَاخَ كُلُّ إِنْسَانٍ بَعِيرَهُ فِي مَنْزِلِهِ ثُمَّ أُقِيمَتِ العِشَاءُ فَصَلَّى وَلَمْ يُصَلِّ بَيْنَهُمَا

141 - Ибн Аббас (р.а.) Усама ибн Зәйдтан былай деп естіген екен: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Арафаттан қайтып бара жатып, Шаъб деген жерге келгенде (түйесінен) түсіп, асығыс кіші дәрет сындырды, кейін жеңіл-желпі дәрет алды, толық алған жоқ. Мен: «Намазға ма, Я Расулулла?»,- дедім. Ол кісі (с.ғ.с.): «Намаз әлі алдыңда»,- деді. Содан соң түйесіне мінді. Муздалифа деген жерге келгенде (түйесінен) түсіп, толық дәрет алды. Кейін намазға шақырылды. Шам намазын оқыды, адамдар өз түйелерін орындарына шөктірді. Кейін құфтанға шақырылды. Құфтан намазын оқыды. Шам менен құфтанның арасында басқа намаз оқымады»,- деді.

7-бап. Бір уыс сумен екі қолдап бетті жуу туралы

244 - Әбу Хазим (р.а.) айтты: «Адамдар Саһл ибн Сағд әс-Сағдидан: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) жарақаты не нәрсемен емделді? », - деп сұрағанда, қасында тұрған едім. Сонда Саһл (р.а.): «Бұл туралы менен артығырақ білетін адам қалмады. Әли (р.а.) қалқанымен су тасып тұрды, ал

⁶⁸ Набиз – құрмдан ашытылып істелген ішімдік

Фатима болса, Расулулланың (с.ғ.с.) мұбарак жүзіндегі қанын жуды, содан соң киізді күйдіріп, күлін жарاقاتына басты»,- деді.

77-бап. Мисуакпен тіс тазалау туралы

بَابُ السُّوَاكِ وَقَالَ ابْنُ عَبَّاسٍ بَدَأَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَاسْتَنَّ

Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) үйінде қонып қалдым. Ол мисуакпенен тісін тазалады»,- деді.

245- حَدَّثَنَا أَبُو النُّعْمَانِ قَالَ حَدَّثَنَا حَمَّادُ بْنُ زَيْدٍ عَنْ عَيْلَانَ بْنِ جَرِيرٍ عَنْ أَبِي بُرْدَةَ عَنْ أَبِيهِ قَالَ أَتَيْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَوَجَدْتُهُ يَسْتَنَّ بِسِوَاكِ يَبْدِهِ يَقُولُ أَعْ أَعْ وَالسُّوَاكِ فِي فِيهِ كَأَنَّهُ يَتَهَوَّعُ

245 - Әбу Мұса (р.а.) төмендегі хадисті ұлы Әбу Бұрдаға айтып берген екен: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдына барсам, мисуакпенен ух-ух деп тісін тазалап жатыр екен. Мисуак аузында тұрған бойы жүрегі айнып, локсыған адамның дауысындай дыбыс естілді»,- деді.

246- حَدَّثَنَا عُثْمَانُ بْنُ أَبِي شَيْبَةَ قَالَ حَدَّثَنَا جَرِيرٌ عَنْ مَنْصُورٍ عَنْ أَبِي وَائِلٍ عَنْ حُدَيْفَةَ قَالَ كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا قَامَ مِنَ اللَّيْلِ يَشُوصُ فَاَهُ بِالسُّوَاكِ

246 - Хузайфа (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) түнде тұратын болса, мисуакпенен тісін тазалайтын»,- деді.

78-бап. Мисуакты (екі кісі тұрған болса) жасы үлкеніне беру туралы

بَابُ دَفْعِ السُّوَاكِ إِلَى الْكَبِيرِ وَقَالَ عَقَانُ حَدَّثَنَا صَخْرُ بْنُ جُوَيْرِيَةَ عَنْ نَافِعٍ عَنْ ابْنِ عُمَرَ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ أَرَانِي أَنْتَسُوَكِ بِسِوَاكِ فَجَاءَنِي رَجُلَانِ أَحَدُهُمَا أَكْبَرُ مِنَ الْآخَرِ فَنَاولْتُ السُّوَاكَ الْأَصْغَرَ مِنْهُمَا فَقِيلَ لِي كَبِّرْ فَدَفَعْتُهُ إِلَى الْكَبِيرِ مِنْهُمَا

Ибн Омарға (р.а.) Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай депті: «Түсімде тіс тазалайын деп жатқанымда қасыма екі кісі келді. Бірінің жасы екіншісінен үлкенірек екен. Мисуакты жасы кішісіне беріп едім, сонда маған:

«Үлкеніне бер!»,- деп айтылды. Содан соң мисуакты олардың үлкеніне бердім»,- деді.

79-бап. Дәрет алып жатудың абзалдығы туралы

247- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ مِقَاتٍ قَالَ أَخْبَرَنَا عَبْدُ اللَّهِ قَالَ أَخْبَرَنَا سُفْيَانُ عَنْ مَنْصُورٍ عَنْ سَعْدِ بْنِ عُبَيْدَةَ عَنِ الْبَرَاءِ بْنِ عَازِبٍ قَالَ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا أَتَيْتَ مَضْجَعَكَ فَتَوَضَّأْ وَضُوءَكَ لِلصَّلَاةِ ثُمَّ اضْطَجِعْ عَلَى شِقِّكَ الْأَيْمَنِ ثُمَّ قُلْ اللَّهُمَّ أَسْلَمْتُ وَجْهِي إِلَيْكَ وَفَوَّضْتُ أَمْرِي إِلَيْكَ وَأَلْجَأْتُ ظَهْرِي إِلَيْكَ رَغْبَةً وَرَهْبَةً إِلَيْكَ لَا مَلْجَأَ وَلَا مَنَاجَا مِنْكَ إِلَّا إِلَيْكَ اللَّهُمَّ أَمَنْتُ بِكِتَابِكَ الَّذِي أَنْزَلْتَ وَبِنَبِيِّكَ الَّذِي أُرْسَلْتَ فَإِنْ مِتُّ مِنْ لَيْلَتِكَ فَأَنْتَ عَلَى الْفِطْرَةِ وَاجْعَلْهُنَّ آخِرَ مَا تَتَكَلَّمُ بِهِ قَالَ فَرَدَدْتُهَا عَلَى النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَلَمَّا بَلَغْتُ اللَّهُمَّ أَمَنْتُ بِكِتَابِكَ الَّذِي أَنْزَلْتَ قُلْتُ وَرَسُولِكَ قَالَ لَا وَنَبِيِّكَ الَّذِي أُرْسَلْتَ

247 - Барра ибн Азиб (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) маған: «Орнына жататын болсаң, намазға дәрет алғандай дәрет алып, оң жағыңмен жатып: «Аллаһумма асламту уажхи илайка уа фаууадту әмри илайка уалжаәту заһри илайка рағбатан уа раһбатан илайка ла малжаә уа ла манжа минка илла илайка Аллаһумма әманту бикитабика әлләзи әнзалта уа бинабиййика әлләзи әрсалта»,- деп айт!»,- деді. Егерде сол түнде өлетін болсаң, Ислам дінінде, Ибраһимнің миллетінде болып өлген боласың. Бұл сөздерді ең соңына дейін айт!»,- деді. Мен Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) ең басынан бастап айтып келе жатып: «Аллаһумма әманту бикитабика әлләзи әнзалта»,-деген жеріне келгенімде «Расуликалләзи»,-деп жібердім. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Олай емес, «Нәбиййикалләзи»,-деп айт!»,- деді.

Бұл дұғаның мағынасы: «Иләһи, өзімді және істерімді бір өзіңе тапсырдым. Сауабыңнан үміт етіп, азабыңнан қорқып, бір өзіңе сүйендім. Сенің құтқаруыңнан басқа құтқару жоқ, сенің панаңнан басқа пана жоқ. Иләһи, нәзіл қылған кітабыңа және жіберген Пайғамбарыңа иман келтірдім».

БИСМИЛЛӘҺИР РАХМАНИР РАХИМ

ҒҮСЫЛ КІТАБЫ

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ كِتَابُ الْغُسْلِ وَقَوْلُ اللّٰهِ تَعَالٰی وَاِنْ كُنْتُمْ جُنُبًا قَاطِئِرًا
وَاِنْ كُنْتُمْ مَرْضٰی اَوْ عَلٰی سَفَرٍ اَوْ جَاءَ اَحَدٌ مِّنْكُمْ مِنَ الْغَآئِطِ اَوْ لَمَسْتُمُ النِّسَاءَ فَلَمْ
تَجِدُوْا مَآءً فَتَيَمَّمُوْا صَعِيْدًا طَيِّبًا فَاَمْسَحُوْا بِوُجُوْهِكُمْ وَاَيْدِيْكُمْ مِنْهُ مَا يُرِيْدُ اللّٰهُ
لِيَجْعَلَ عَلَيْنَكُمْ مِنْ حَرَجٍ وَلٰكِنْ يُرِيْدُ لِيُطَهِّرَكُمْ وَاَلَيْتُمْ نِعْمَتَهُ عَلَيْكُمْ لَعَلَّكُمْ تَشْكُرُوْنَ

Алла тағала Құран кәрімде айтты: «Әй, мүміндер! Қашан намазға түрсандар, (тұрарда) жүздеріңді және шынтақтарға дейін қолдарыңды жуыңдар. Бастарыңа масих тартыңдар. (сипандар) Және екі тобықтарға дейін аяқтарыңды жуыңдар. Егерде жүніп болсаңдар, (бой дәретсіз болсаңдар,) толық тазаланыңдар. (Шомылыңдар). Егерде науқас не сапарда болсаңдар немесе сендерден біреу түзге отырып келсе не әйелге жақындассаңдар, сонда су таба алмасаңдар таза жерге тәяммүм соғыңдар; онымен беті қолдарыңды сипандар. Өйткені, Алла сендерге ауыршылық қаламайды. Бірақ, сендерді тазартуды сондай-ақ шүкірлік етулерің үшін сендерге нығметтерін тамамдауды қалайды⁶⁹», - деді.

وَقَوْلِهِ جَلَّ ذِكْرُهُ يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا لَا تَقْرَبُوا الصَّلَاةَ وَأَنْتُمْ سُكَارَى حَتَّى تَعْلَمُوا مَا تَقُولُونَ وَلَا جُنُبًا إِلَّا عَابِرِي سَبِيلٍ حَتَّى تَغْتَسِلُوا وَاِنْ كُنْتُمْ مَرْضٰی اَوْ عَلٰی سَفَرٍ اَوْ جَاءَ اَحَدٌ مِّنْكُمْ مِنَ الْغَآئِطِ اَوْ لَمَسْتُمُ النِّسَاءَ فَلَمْ تَجِدُوْا مَآءً فَتَيَمَّمُوْا صَعِيْدًا طَيِّبًا
فَاَمْسَحُوْا بِوُجُوْهِكُمْ وَاَيْدِيْكُمْ اِنَّ اللّٰهَ كَانَ عَفُوًّا غَفُوْرًا

Алла тағала және бір аят кәрімінде: «Әй, мүміндер! Сендер мас болып, не айтқандарыңды білгенге шейін намазға жақындамаңдар. Сондай-ақ жүніп күйінде шомылмайынша, (бой дәретсіз намаз оқымаңдар.) Бірақ, жол жүргенде болады. Ал егер ауыру немесе сапарда болсаңдар не сендерден біреу түзге отырып келсе, яки әйелдерге жақындассаңдар да су таба алмасаңдар, сонда таза жер жынысына (тәяммүм соғып) беттеріңді, қолдарыңды сипандар. Расында, Алла аса кешірімді, тым жарылқаушы⁷⁰», - деді.

⁶⁹ 5. «әл-Майида», 6 аят.

⁷⁰ 4. «ән-Ниса», 43 аят.

1-бап. Ғұсыл құйындан бұрын дәрет алу туралы

248- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ هِشَامِ بْنِ عُرْوَةَ عَنْ أَبِيهِ عَنْ عَائِشَةَ زَوْجِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ إِذَا اغْتَسَلَ مِنَ الْجَنَابَةِ بَدَأَ فَعَسَلَ يَدَيْهِ ثُمَّ يَتَوَضَّأُ كَمَا يَتَوَضَّأُ لِلصَّلَاةِ ثُمَّ يَدْخُلُ أَصَابِعَهُ فِي الْمَاءِ فَيُخَلِّلُ بِهَا أُصُولَ شَعْرِهِ ثُمَّ يَصُبُّ عَلَى رَأْسِهِ ثَلَاثَ عُرْفٍ بِيَدَيْهِ ثُمَّ يُفِيضُ الْمَاءَ عَلَى جِلْدِهِ كُلِّهِ

248 - Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) әйелі Айша анамыз (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жақындық (жүніп) қылғаннан кейінгі ғұсылды бірінші қолын жуудан бастайтын. Кейін намазға дәрет алғандай етіп дәрет алатын. Содан соң қолдарын суға салып сулап, шашының арасына саусақтарын кіргізіп ысқылап, басына үш шөміш су құятын. Содан кейін денесінің барлық жеріне су құйып жуатын», - деді.

249- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ يُوسُفَ قَالَ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ عَنْ الْأَعْمَشِ عَنْ سَالِمِ بْنِ أَبِي الْجَعْدِ عَنْ كُرَيْبٍ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ عَنْ مَيْمُونَةَ زَوْجِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَتْ تَوَضَّأَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَضُوءَهُ لِلصَّلَاةِ غَيْرَ رَجْلَيْهِ وَغَسَلَ فَرْجَهُ وَمَا أَصَابَهُ مِنَ الْأَدَى ثُمَّ أَقَاضَ عَلَيْهِ الْمَاءَ ثُمَّ نَحَى رَجْلَيْهِ فَعَسَلَهُمَا هَذِهِ غُسْلُهُ مِنَ الْجَنَابَةِ

249 - Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) әйелі Мәймуна анамыз (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) намазға дәрет алғандай етіп дәрет алды. Бірақ аяқтарын жумады. (мұстахаб етті). Содан соң мәни тиген жерді жуып тастады. Одан кейін үстіне су құйып, денесінің барлық жерін жуды да, шетке шығып тұрып екі аяғын жуды. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) жақындық қылғаннан кейінгі еткен ғұсылы, міне, осылай», - деді.

2-бап. Ері мен әйелінің бірге ғұсыл қылуы туралы

250- حَدَّثَنَا آدَمُ بْنُ أَبِي إِيَاسٍ قَالَ حَدَّثَنَا ابْنُ أَبِي زَيْنَبٍ عَنْ الزُّهْرِيِّ عَنْ عُرْوَةَ عَنْ عَائِشَةَ قَالَتْ كُنْتُ أُغْتَسِلُ أَنَا وَالنَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مِنْ إِنَاءٍ وَاحِدٍ مِنْ قَدَحٍ يُقَالُ لَهُ الْفَرَقُ

250 - Айша анамыз (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) екеуміз бір ыдыстан су алып ғұсыл қылатынбыз. Ол нәрсе 5-7 литрге дейін су сиятын ыдыс болатын».

3-бап. Бір сағ (3-6 литр) немесе осыған жақын сумен ғұсыл құйыну туралы

251- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مُحَمَّدٍ قَالَ حَدَّثَنِي عَبْدُ الصَّمَدِ قَالَ حَدَّثَنِي شُعْبَةُ قَالَ حَدَّثَنِي أَبُو بَكْرٍ بْنُ حَفْصٍ قَالَ سَمِعْتُ أَبَا سَلَمَةَ يَقُولُ دَخَلْتُ أَنَا وَأَخُو عَائِشَةَ عَلَى عَائِشَةَ فَسَأَلَهَا أَخُوهَا عَنْ غُسْلِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَدَعَتْ بِإِنَاءٍ نَحْوًا مِنْ صَاعٍ فَأَغْتَسَلَتْ وَأَفَاضَتْ عَلَى رَأْسِهَا وَبَيْنَنَا وَبَيْنَهَا حِجَابٌ

251 - Әбу Бәкір ибн Хафс Әбу Сәламаның (р.а.) былай дегенін естіген екен: «Мен және Айшаның ағасы екеуміз Айша анамыздың (р.а.) алдына кірдік. Ағасы Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) қалай ғұсыл құйынатынын сұрады. Сонда Айша анамыз (р.а.) бір сағ су сиятындай ыдыспен су әкелуді бұйырды. Суды әкелгеннен соң толық ғұсыл құйынып, артылған суды басынан құйды. Сонда олар мен біздің арамызда перде бар болатын»,- деді.

252- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مُحَمَّدٍ قَالَ حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ أَدَمَ قَالَ حَدَّثَنَا زُهَيْرٌ عَنْ أَبِي إِسْحَاقَ قَالَ حَدَّثَنَا أَبُو جَعْفَرٍ أَنَّهُ كَانَ عِنْدَ جَابِرِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ هُوَ وَأَبُوهُ وَعِنْدَهُ قَوْمٌ فَسَأَلُوهُ عَنِ الْغُسْلِ فَقَالَ يَكْفِيكَ صَاعٌ فَقَالَ رَجُلٌ مَا يَكْفِينِي فَقَالَ جَابِرٌ كَانَ يَكْفِي مَنْ هُوَ أَوْفَى مِنْكَ شَعْرًا وَخَيْرٌ مِنْكَ تَمَّ أَمَّا فِي تَوْبٍ

252 - Әбу Жағфар айтты: «Жабирдің алдында бір топ адамдар бар еді. Солардың бірі ғұсыл туралы сұрады. Сонда Жәбир: «Саған бір сағ су жеткілікті»,- деді. Сонда біреуі: «Ол су маған жетпейді»,- деді. Сонда Жәбир (р.а.): «Сенікінен де шашы көбірек әрі сенен артығырақ адамға да (Пайғамбарымызды ғ.с. айтып тұр) жеткен болатын»,- деді. Кейін жұпыны киінген бойы имамдыққа өтті.

253- حَدَّثَنَا أَبُو نُعَيْمٍ قَالَ حَدَّثَنَا ابْنُ عُيَيْنَةَ عَنْ عَمْرٍو عَنْ جَابِرِ بْنِ زَيْدٍ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَمِيمُونَةَ كَانَا يَغْتَسِلَانِ مِنْ إِنَاءٍ وَاحِدٍ قَالَ

أَبُو عَبْدِ اللَّهِ كَانَ ابْنُ عُبَيْنَةَ يَقُولُ أَحْيَرًا عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ عَنْ مَيْمُونَةَ وَالصَّحِيحُ مَا رَوَى أَبُو نُعَيْمٍ

253 - Ибн Аббастан (р.а.): «Пайғамбарымыз бен (с.ғ.с.) Мәймуна анамыз екеуі бір ыдыстағы суға ғұсыл қылатын еді. Имам Бұхарий (р.а.): «Ибн Аббас Мәймунадан (р.а.) хадис тыңдап, басқаларға айтып беретін», - деді.

4-бап. Басқа үш шөміш су құю туралы

254 - حَدَّثَنَا أَبُو نُعَيْمٍ قَالَ حَدَّثَنَا زُهَيْرٌ عَنْ أَبِي إِسْحَاقَ قَالَ حَدَّثَنِي سُلَيْمَانُ بْنُ صُرَدٍ قَالَ حَدَّثَنِي جُبَيْرُ بْنُ مُطْعِمٍ قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَمَّا أَنَا فَأُفِيضُ عَلَى رَأْسِي ثَلَاثًا وَأَشَارَ بِيَدَيْهِ كِلْتَيْهِمَا

254 - Жұбайр ибн Мутғимнан (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Егерде мен ғұсыл құйынатын болсам, басыма үш шөміш су құямын», - деп екі қолымен көрсетті.

255 - حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ بَشَّارٍ قَالَ حَدَّثَنَا عُذْرٌ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ مِخْوَلِ بْنِ رَاشِدٍ عَنْ مُحَمَّدِ بْنِ عَلِيٍّ عَنْ جَابِرِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُفْرِغُ عَلَى رَأْسِهِ ثَلَاثًا

255 - Жәбир ибн Абдулладан (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) ғұсыл алса, басына үш шөміш су құятын», - деді.

256 - حَدَّثَنَا أَبُو نُعَيْمٍ قَالَ حَدَّثَنَا مَعْمَرُ بْنُ يَحْيَى بْنِ سَامٍ حَدَّثَنِي أَبُو جَعْفَرٍ قَالَ قَالَ لِي جَابِرُ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ وَأَتَانِي ابْنُ عَمَّكَ يُعَرِّضُ بِالْحَسَنِ بْنِ مُحَمَّدِ بْنِ الْحَقْفِيَّةِ قَالَ كَيْفَ الْغُسْلُ مِنَ الْجَنَابَةِ فَقُلْتُ كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَأْخُذُ ثَلَاثَةَ أَكْفٍ وَيُفِيضُهَا عَلَى رَأْسِهِ ثُمَّ يُفِيضُ عَلَى سَائِرِ جَسَدِهِ فَقَالَ لِي الْحَسَنُ إِنِّي رَجُلٌ كَثِيرُ الشَّعْرِ فَقُلْتُ كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَكْثَرَ مِنْكَ شَعْرًا

256 - Әбу Жағфарға Жәбир (р.а.) былай деген екен: «Жаныма көкеңнің баласы (Хасан ибн Мұхаммед, Хазреті Әлидің Фатимадан басқа әйелінен туылған бала) келді. Ол: «Жақындық қылғаннан кейін ғұсыл қалай алынады?», - деп сұрады. Мен: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) үш шөміш суды алып, басынан құятын, содан кейін денесінің барлық жерін

жуатын»,- дедім. Хасан: «Менің шашым көп (қалын)»,- деді. Мен оған: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) шашы сенікінен де көбірек болатын»,- дедім.

5-бап. Бір рет жуу туралы

257- حَدَّثَنَا مُوسَى بْنُ إِسْمَاعِيلَ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْوَاحِدِ عَنِ الْأَعْمَشِ عَنْ سَالِمِ بْنِ أَبِي الْجَعْدِ عَنْ كُرَيْبٍ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ قَالَ قَالَتْ مَيْمُونَةُ وَضَعْتُ لِلنَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَاءً لِلْغُسْلِ فَعَسَلَ يَدَيْهِ مَرَّتَيْنِ أَوْ ثَلَاثًا ثُمَّ أَفْرَعُ عَلَى شِمَالِهِ فَعَسَلَ مَذَاكِيرَهُ ثُمَّ مَسَحَ يَدَهُ بِالْأَرْضِ ثُمَّ مَضَمَضَ وَاسْتَنْشَقَ وَغَسَلَ وَجْهَهُ وَيَدَيْهِ ثُمَّ أَقْضَى عَلَى جَسَدِهِ ثُمَّ تَحَوَّلَ مِنْ مَكَانِهِ فَعَسَلَ قَدَمَيْهِ

257 - Мәймуна анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) ғұсыл құйынуы үшін су құйдым. Сонда екі қолын буынына дейін екі-үш рет жуды. Кейін сол қолына су алып, мұстахап қылды. Содан соң ол қолын жерге ысқылап сүртті де, жуып тастады. Содан кейін аузы мен мұрнын шайды. Бетін, екі қолын шынтағына дейін жуып, бүтін денесіне су құйды. Кейін шетке шығып, аяқтарын жуды»,- деді.

6-бап. Ғұсыл құйынуды хош иістерді себуден бастау туралы

258- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ الْمُثَنَّى قَالَ حَدَّثَنَا أَبُو عَاصِمٍ عَنْ حَنْظَلَةَ عَنِ الْقَاسِمِ عَنْ عَائِشَةَ قَالَتْ كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا اغْتَسَلَ مِنَ الْجَنَابَةِ دَعَا بِشِيءٍ نَحْوِ الْجَلَابِ فَأَخَذَ بِكَفِّهِ فَبَدَأَ بِشِقِّ رَأْسِهِ الْأَيْمَنِ ثُمَّ الْأَيْسَرَ فَقَالَ بِهِمَا عَلَى وَسْطِ رَأْسِهِ

258 - Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жақындық қылғаннан кейін ғұсыл құйынатын болса, хилаб (хош иісті су) алып келуді бұйыратын. Оны алақанына құйып, алдымен басының оң жағына, кейін сол жағына сүртетін»,- деді. (Кейде екі алақанымен де сүртетін делінеді)

7-бап. Ғұсыл құйынғанда ауыз бен мұрынды шаюдың үкімі туралы

259- حَدَّثَنَا عُمَرُ بْنُ حَفْصٍ بْنُ غِيَاثٍ قَالَ حَدَّثَنَا أَبِي حَدَّثَنَا الْأَعْمَشُ قَالَ حَدَّثَنِي سَالِمٌ عَنْ كُرَيْبٍ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ قَالَ حَدَّثَنَا مَيْمُونَةُ قَالَتْ صَبَبْتُ لِلنَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ

عَلَيْهِ وَسَلَّمَ غُسْنَا فَأَفْرَعُ بِيَمِينِهِ عَلَى يَسَارِهِ فَعَسَلَهُمَا ثُمَّ غَسَلَ فَرْجَهُ ثُمَّ قَالَ بِيَدِهِ
الْأَرْضَ فَمَسَحَهَا بِالْثَّرَابِ ثُمَّ غَسَلَهَا ثُمَّ تَمَضَّمْضَ وَاسْتَنْشَقَ ثُمَّ غَسَلَ وَجْهَهُ
وَأَقَاضَ عَلَى رَأْسِهِ ثُمَّ تَنَحَّى فَعَسَلَ قَدَمَيْهِ ثُمَّ أَتَى بِمَنْدِيلٍ فَلَمْ يَنْفُضْ بِهَا

259 - Ибн Аббасқа (р.а.) Мәймуна анамыз былай деп риуаят еткен екен: «Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) ғұсыл кұйынуы үшін су кұйып бердім. Қолын жуды, кейін әуретін жуды. Содан соң қолын жерге ысқылап сүртті де, жуып тастады. Содан кейін аузы мен мұрнын шайды. Бетін жуып басынан су кұйды. Кейін шетке шығып аяқтарын жуды. Сүртінетін орамал беріп едім, онымен сүртінуді қажетсінбеді.

8-бап. Қолды тазалау үшін жерге ысқылау туралы

260 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ الزُّبَيْرِ الْحُمَيْدِيُّ قَالَ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ قَالَ حَدَّثَنَا الْأَعْمَشُ
عَنْ سَالِمِ بْنِ أَبِي الْجَعْدِ عَنْ كُرَيْبٍ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ عَنْ مَيْمُونَةَ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى
اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ اغْتَسَلَ مِنَ الْجَنَابَةِ فَعَسَلَ فَرْجَهُ بِيَدِهِ ثُمَّ دَلَكَ بِهَا الْحَائِطَ ثُمَّ غَسَلَهَا
ثُمَّ تَوَضَّأَ وَضُوءَهُ لِلصَّلَاةِ فَلَمَّا فَرَغَ مِنْ غُسْلِهِ غَسَلَ رِجْلَيْهِ

260 - Мәймуна анамыз (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жақындық қылғаннан кейін ғұсыл кұйынды. Бірінші әурет жерін жуды. Содан кейін қолдарын дуалға ысқылап, жуып тастады. Кейін намазға дәрет алғандай етіп дәрет алды. Дәрет алып болған соң аяқтарын жуды», - деді.

9-бап. Әйеліне жақындық қылған кісі қолына лас нәрсе тимеген болса, қолын жумай тұрып суға салса бола ма?

بَابُ هَلْ يُدْخَلُ الْجُنْبُ يَدَهُ فِي الْإِنَاءِ قَبْلَ أَنْ يَغْسِلَهَا إِذَا لَمْ يَكُنْ عَلَى يَدِهِ قَدْرٌ
غَيْرُ الْجَنَابَةِ وَأَدْخَلَ ابْنُ عُمَرَ وَالْبَرَاءُ بْنُ عَازِبٍ يَدَهُ فِي الطَّهْوَرِ وَلَمْ يَغْسِلَهَا ثُمَّ
تَوَضَّأَ وَلَمْ يَرَ ابْنَ عُمَرَ وَابْنَ عَبَّاسٍ بِأَسَا يَمَّا يَنْتَضِحُ مِنْ غُسْلِ الْجَنَابَةِ

Ибн Омар мен Барра ибн Азиб (р.а.) қолдарын жумастан суға салды, кейін дәрет алды. Ибн Омар мен Ибн Аббас ғұсыл кұйынып жатқанда, денеден шашырап түсіп жатқан судың бір бөлігі таза суға түссе, оның еш зияны жоқ», - деп есептеді.

261 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مَسْلَمَةَ أَخْبَرَنَا أَفْلَحُ بْنُ حُمَيْدٍ عَنِ الْقَاسِمِ عَنْ عَائِشَةَ قَالَتْ كُنْتُ أَعْتَسِلُ أَنَا وَالنَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مِنْ إِنَاءٍ وَاحِدٍ تَخْتَلِفُ أَيْدِينَا فِيهِ

261 - Айша анамыз (р.а.) айтты: «Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) екеуміз қолымызды кезек-кезек салып бір ыдыстан су алып жуынатынбыз», - деді.

262 - حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا حَمَّادٌ عَنْ هِشَامٍ عَنْ أَبِيهِ عَنْ عَائِشَةَ قَالَتْ كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا اغْتَسَلَ مِنَ الْجَنَابَةِ غَسَلَ يَدَهُ

262 - Айша анамыз (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жақындық қылғаннан кейін ғұсыл құйынса, бірінші қолдарын жуатын», - деді.

263 - حَدَّثَنَا أَبُو الْوَلِيدِ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ أَبِي بَكْرٍ بْنِ حَفْصٍ عَنْ عُرْوَةَ عَنْ عَائِشَةَ قَالَتْ كُنْتُ أَعْتَسِلُ أَنَا وَالنَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مِنْ إِنَاءٍ وَاحِدٍ مِنَ الْجَنَابَةِ

263 - Айша анамыз (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) екеуміз жақындықтан соң бір ыдыстан су алып жуынатын едік», - деп айтты.

264 - حَدَّثَنَا أَبُو الْوَلِيدِ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ جَبْرِ قَالَ سَمِعْتُ أَنَسَ بْنَ مَالِكٍ يَقُولُ كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَالْمَرْأَةُ مِنْ نِسَائِهِ يَغْتَسِلَانِ مِنْ إِنَاءٍ وَاحِدٍ زَادَ مُسْلِمٌ وَوَهَبُ بْنُ جَرِيرٍ عَنْ شُعْبَةَ مِنَ الْجَنَابَةِ

264 - Абдулла ибн Абдулла ибн Жубайр (р.а.) айтты: «Мен Әнас ибн Мәліктің: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) әйелдерімен бірге бір ыдыстан су алып ғұсыл құйынатын», - деп айтқанын естідім. Сонда Мүслим (р.а.): «Жақындық қылғаннан соң», - деп қосып қойды.

10-бап. Ғұсыл мен дәретті жеке-жеке алу дұрыс па?

بَابُ تَفْرِيقِ الْغُسْلِ وَالْوُضُوءِ وَيُذَكَّرُ عَنْ ابْنِ عُمَرَ أَنَّهُ غَسَلَ قَدَمَيْهِ بَعْدَ مَا جَفَّ وَضُوءُهُ

Ибн Омар (р.а.) туралы: «Ол кісі дәрет алғанында денесіндегі су кеуіп болғаннан кейін ғана аяқтарын жуды», - деп риуаят етісетін.

265- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ مَحْبُوبٍ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْوَاحِدِ قَالَ حَدَّثَنَا الْأَعْمَشُ عَنْ سَالِمِ بْنِ أَبِي الْجَعْدِ عَنْ كُرَيْبِ مَوْلَى ابْنِ عَبَّاسٍ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ قَالَ قَالَتْ مَيْمُونَةُ وَضَعْتُ لِرَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَاءً يَغْتَسِلُ بِهِ فَأَفْرَعُ عَلَى يَدَيْهِ فَعَسَلُهُمَا مَرَّتَيْنِ مَرَّتَيْنِ أَوْ ثَلَاثًا ثُمَّ أَفْرَعُ يَمِينِهِ عَلَى شِمَالِهِ فَعَسَلَ مَذَاكِيرَهُ ثُمَّ ذَلِكَ يَدَهُ بِالْأَرْضِ ثُمَّ مَضْمَضَ وَاسْتَنْشَقَ ثُمَّ غَسَلَ وَجْهَهُ وَيَدَيْهِ وَغَسَلَ رَأْسَهُ ثَلَاثًا ثُمَّ أَفْرَعُ عَلَى جَسَدِهِ ثُمَّ تَنَحَّى مِنْ مَقَامِهِ فَعَسَلَ قَدَمَيْهِ

265 - Мәймуна анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) ғұсыл құйынуы үшін су құйып бердім. Сонда қолдарын екі немесе үш рет жуды. Кейін оң әуретін жуды. Содан соң қолын жерге ысқылап сүртті де жуып тастады. Содан кейін аузы мен мұрнын шайды. Содан соң беті мен қолын жуды. Басын үш рет жуды. Содан кейін бүтін денесіне су құйды. Кейін шетке шығып аяқтарын жуды», - деді.

11-бап. Ғұсыл құйынғанда бірінші оң алақанына су алып, кейін сол алақанына құю туралы

266- حَدَّثَنَا مُوسَى بْنُ إِسْمَاعِيلَ قَالَ حَدَّثَنَا أَبُو عَوَانَةَ حَدَّثَنَا الْأَعْمَشُ عَنْ سَالِمِ بْنِ أَبِي الْجَعْدِ عَنْ كُرَيْبِ مَوْلَى ابْنِ عَبَّاسٍ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ عَنْ مَيْمُونَةَ بِنْتِ الْحَارِثِ قَالَتْ وَضَعْتُ لِرَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ غُسْلًا وَسَتْرُئُهُ فَصَبَّ عَلَى يَدِهِ فَعَسَلَهَا مَرَّةً أَوْ مَرَّتَيْنِ قَالَ سُلَيْمَانُ لَا أُدْرِي أَذَكَرَ الثَّلَاثَةَ أَمْ لَا ثُمَّ أَفْرَعُ يَمِينِهِ عَلَى شِمَالِهِ فَعَسَلَ فَرْجَهُ ثُمَّ ذَلِكَ يَدَهُ بِالْأَرْضِ أَوْ بِالْحَائِطِ ثُمَّ تَمَضْمَضَ وَاسْتَنْشَقَ وَغَسَلَ وَجْهَهُ وَيَدَيْهِ وَغَسَلَ رَأْسَهُ ثُمَّ صَبَّ عَلَى جَسَدِهِ ثُمَّ تَنَحَّى فَعَسَلَ قَدَمَيْهِ فَنَاولَتْهُ خِرْقَةً فَقَالَ بِيَدِهِ هَكَذَا وَلَمْ يُرِدْهَا

266 - Мәймуна (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) ғұсыл құйынып жатқанында бөтен көзден қалқалап су құйып беріп тұрдым. Бір-екі рет қолдарын жуды.(Сүлеймен: «Сонда үш рет деді ма, жоқ па, білмеймін», - деді). Кейін Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оң қолымен алған суды сол қолына алып әуретін жуды. Содан соң қолдарын дуалға немесе жерге ысқылап жуып тастады. Содан кейін аузы мен мұрнын шайқады. Беті қолын, басын жуды. Кейін бүтін денесіне су құйды. Артынан шетке шығып аяқтарын жуды. Кейіннен орамал беріп едім, қолдарымен «керек емес» деп ишара қылды, сүртінуді қаламады».

12-бап. Кісі әйелімен бір рет жақындық қылып, кейін ғұсыл құйынбастан тағыда жақындық қылуына немесе барлық әйелдерін бірақ айналып шығып бір рет қана ғұсыл қылса бола ма?

267- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ بَشَّارٍ قَالَ حَدَّثَنَا ابْنُ أَبِي عَدِيٍّ وَيَحْيَى بْنُ سَعِيدٍ عَنْ شُعْبَةَ عَنْ إِبْرَاهِيمَ بْنِ مُحَمَّدِ بْنِ الْمُنْتَشِرِ عَنْ أَبِيهِ قَالَ ذَكَرْتُهُ لِعَائِشَةَ فَقَالَتْ يَرْحَمُ اللَّهُ أَبَا عَبْدِ الرَّحْمَنِ كُنْتُ أُطِيبُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَيَطُوفُ عَلَيَّ نِسَائِهِ ثُمَّ يُصْبِحُ مُحْرَمًا يَنْضَحُ طِيبًا

267 - Ибраһим ибн Мұхаммедтің атасы Айша анамызға (р.а.): «Ибн Омар хош иісті суларды сеуіп, ихрамға кіруді жақтырмайтын еді», - депті. Сонда Айша анамыз (р.а.): «Алла тағала Әбу Абдуррахман ибн Омарды рахмет етсін! Мен Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) хош иісті сулардан себетінмін, кейін әйелдеріне жақындық қылу үшін кіріп шығатын еді. Шыққаннан соң, хош иіс аңқып тұрған бойы ихрамға кіретін еді», - деді.

268- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ بَشَّارٍ قَالَ حَدَّثَنَا مُعَاذُ بْنُ هِشَامٍ قَالَ حَدَّثَنِي أَبِي عَنْ قَتَادَةَ قَالَ حَدَّثَنَا أَنَسُ بْنُ مَالِكٍ قَالَ كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَدُورُ عَلَيَّ نِسَائِهِ فِي السَّاعَةِ الْوَاحِدَةِ مِنَ اللَّيْلِ وَالنَّهَارِ وَهِنَّ إِحْدَى عَشْرَةَ قَالَ قُلْتُ لِأَنْسٍ أَوْكَانَ يُطِيفُهُ قَالَ كُنَّا نَتَحَدَّثُ أَنَّهُ أُعْطِيَ قُوَّةَ ثَلَاثِينَ وَقَالَ سَعِيدٌ عَنْ قَتَادَةَ إِنَّ أَنْسًا حَدَّثَهُمْ تَسْعُ نِسْوَةً

268 - Әнас (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) түнде мейлі күндіз болсын, бір уақыттың өзінде барлық әйелдеріне барып шығатын еді, ойланып қарасаң, олар он бір болатын», - деді. Сонда Қатада (р.а.) Әнастан (р.а.): «Әйелдерінің барлығын бір уақытта аралап шығуына шамасы жете ма?», - деп сұрапты. Сонда Әнас: «Біз Сахабалар, Расулуллада отыз адамның күш қуаты берілген деп айтатын едік», - деді.

Саьид (р.а.) айтты: «Әнас бізге Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) тоғыз әйелі бар, деп айтты», - деді. (демек, он бір әйелдің екеуі күң болған).

13-бап. Мәзий келгенде дәрет алса жеткілікті бола ма?

269- حَدَّثَنَا أَبُو الْوَلِيدِ قَالَ حَدَّثَنَا زَائِدَةُ عَنْ أَبِي حَصِينٍ عَنْ أَبِي عَبْدِ الرَّحْمَنِ عَنْ عَلِيٍّ قَالَ كُنْتُ رَجُلًا مَذَاءً فَأَمَرْتُ رَجُلًا أَنْ يَسْأَلَ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لِمَكَانِ ابْنَتِهِ فَسَأَلَ فَقَالَ تَوَضَّأَ وَاعْسَلَ ذَكَرَكَ

269 - Хазреті Әли (р.а.) айтты: «Шаһуатым өте көп адам едім. Бұл туралы Расулулладан сұрашы деп басқа бір адамға бұйырдым. Өйткені Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) қызы менің әйелім болғандықтан, өзім ол кісіден сұрай алмадым. Сонда Расулулла (с.ғ.с.): «Алдыңды жуып, дәрет ал!»,- деп айтыпты»,- деді.

14-бап. Өзіне хош иісті нәрселерді сеуіп, кейін ғұсыл қылса, бірақ денесінде иісі қалса болады ма?

270- حَدَّثَنَا أَبُو النُّعْمَانِ قَالَ حَدَّثَنَا أَبُو عَوَانَةَ عَنْ إِبْرَاهِيمَ بْنِ مُحَمَّدِ بْنِ الْمُنتَشِرِ عَنْ أَبِيهِ قَالَ سَأَلْتُ عَائِشَةَ فَذَكَرْتُ لَهَا قَوْلَ ابْنِ عُمَرَ مَا أَحَبُّ أَنْ أَصْبِحَ مُحْرَمًا أَنْضَخَ طَيِّبًا فَقَالَتْ عَائِشَةُ أَنَا طَيِّبْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ ثُمَّ طَافَ فِي نِسَائِهِ ثُمَّ أَصْبَحَ مُحْرَمًا

270 - Ибраһим ибн Мұхаммедтің атасы Айша анамыздан бір мәселе туралы сұрап, Ибн Омардың (р.а.): «Денемде хош иістің аңқып тұрған бойы ихрамға кіруді жақтырмаймын»,- деген сөзін есіне түсіріп айтты. Сонда Айша анамыз (р.а.): «Мен Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) хош иісті нәрселерді септім, кейін ол кісі барлық әйелдеріне барып аралап шықты, содан соң ихрамға кірді»,- деді.

271- حَدَّثَنَا آدَمُ بْنُ أَبِي إِيَاسٍ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ قَالَ حَدَّثَنَا الْحَكَمُ عَنْ إِبْرَاهِيمَ عَنِ الْأَسْوَدِ عَنْ عَائِشَةَ قَالَتْ كَأَنِّي أَنْظِرُ إِلَى وَبَيْصِ الطَّيِّبِ فِي مَفْرَقِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَهُوَ مُحْرَمٌ

271- Айша анамыз (р.а.) айтты: «Мен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) ихрамда болған кезінде мандайының жарқырағанын көргендей болтынмын»,- деді. (яғни, денесіне жағылған хош иісті май жылтырап тұрған).

15-бап. Денемнің барлық жерін жуып болдым деп есептегеннің өзінде де шаштын арасын саусақтармен ысқылап жуу туралы

272- حَدَّثَنَا عَبْدَانُ قَالَ أَخْبَرَنَا عَبْدُ اللَّهِ قَالَ أَخْبَرَنَا هِشَامُ بْنُ عُرْوَةَ عَنْ أَبِيهِ عَنْ عَائِشَةَ قَالَتْ كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا اغْتَسَلَ مِنَ الْجَنَابَةِ غَسَلَ يَدَيْهِ وَتَوَضَّأَ وَضُوءَهُ لِلصَّلَاةِ ثُمَّ اغْتَسَلَ ثُمَّ يُخَلِّلُ بِيَدِهِ شَعْرَهُ حَتَّى إِذَا ظَنَّ أَنَّهُ قَدْ

أَرَوَى بَشْرَتَهُ أَفَاضَ عَلَيْهِ الْمَاءَ ثَلَاثَ مَرَّاتٍ ثُمَّ غَسَلَ سَائِرَ جَسَدِهِ وَقَالَتْ كُنْتُ
أَغْتَسِلُ أَنَا وَرَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مِنْ إِنَاءٍ وَاحِدٍ نَعْرِفُ مِنْهُ جَمِيعًا

272 - Айша анамыз (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жыныстық қатынастан соң ғұсыл қылғанында, бірінші қолдарын жуып, содан кейін намазға дәрет алғандай дәрет алатын. Содан кейін ғана ғұсыл құйынуға кірісетін. Барлық жерімді жуып болдым деп ойлағанының өзінде де шашының арасына саусақтарын тығып, ысқылап төбесінен үш рет су құйып жуатын. Содан соң денесінің қалған жерлерін жуатын. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) екеуміз бір ыдыстан су алып жуынатын едік», - деді.

16-бап. Бір кісі жыныстық қатынастан соң дәрет алса, кейін денесінің қалған жерлерін жуса, дәрет алғандағы жуған жерлерін қайтадан жумаса болады ма?

273 - حَدَّثَنَا يُوسُفُ بْنُ عَيْسَى قَالَ أَخْبَرَنَا الْفَضْلُ بْنُ مُوسَى قَالَ أَخْبَرَنَا الْأَعْمَشُ
عَنْ سَالِمٍ عَنْ كُرَيْبِ مَوْلَى ابْنِ عَبَّاسٍ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ عَنْ مَيْمُونَةَ قَالَتْ وَضَعَ
رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَضُوءًا لِحَنَابَةِ فَأَكْفَأَ بِيَمِينِهِ عَلَى شِمَالِهِ مَرَّتَيْنِ
أَوْ ثَلَاثًا ثُمَّ غَسَلَ فَرْجَهُ ثُمَّ ضَرَبَ يَدَهُ بِالْأَرْضِ أَوْ الْحَائِطِ مَرَّتَيْنِ أَوْ ثَلَاثًا ثُمَّ
مَضْمَضَ وَاسْتَنْشَقَ وَغَسَلَ وَجْهَهُ وَزِرَاعَيْهِ ثُمَّ أَفَاضَ عَلَى رَأْسِهِ الْمَاءَ ثُمَّ غَسَلَ
جَسَدَهُ ثُمَّ تَنَحَّى فَعَسَلَ رِجْلَيْهِ قَالَتْ فَأَتَيْتُهُ بِخِرْقَةٍ فَلَمْ يُرِدْهَا فَجَعَلَ يَنْفُضُ بِيَدِهِ

273 - Мәймуна анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) жақындықтан соң ғұсыл құйынуы үшін су құйдым. Оң қолына алған суын сол қолына алып екі немесе үш рет мұстахап қылды. Содан соң қолын жерге немесе дуалға ысқылап сүртті де, жуып тастады. Содан кейін аузы мен мұрнын шайды. Бетін, екі қолын шынтағына дейін жуып, басына су құйды. Кейін бүтін денесін жуды. (алғашқы дәрет алғанда жуған мүшелерден бөлек жерлерді) Содан кейін шетке шығып, аяқтарын жуды. Кейін орамал беріп едім, сүртінуді қаламай, үстіндегі суды қолымен сыдыра бастады», - деді.

17-бап. Егерде бір кісінің мешітте тұрғанында жақындық қылғаннан соң жуынбағаны есіне түссе, сол кезде мешіттен шығып кетеді ме әлде таяммум қылады ма?

274- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مُحَمَّدٍ قَالَ حَدَّثَنَا عُمَانُ بْنُ عُمَرَ قَالَ أَخْبَرَنَا يُونُسُ عَنْ الزُّهْرِيِّ عَنْ أَبِي سَلَمَةَ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ قَالَ أَقِيمَتِ الصَّلَاةَ وَعَدَلْتُ الصُّفُوفُ قِيَامًا فَخَرَجَ إِلَيْنَا رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَلَمَّا قَامَ فِي مُصَلَّاهُ ذَكَرَ أَنَّهُ جُنُبٌ فَقَالَ لَنَا مَكَانَكُمْ ثُمَّ رَجَعَ فَأَعْتَسَلَ ثُمَّ خَرَجَ إِلَيْنَا وَرَأْسُهُ يَغْطُرُ فَكَبَّرَ فَصَلَّيْنَا مَعَهُ

274 - Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Намазға тәкбір айтылды, саптар тураланды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жамағаттың алдына шықты. Намаз оқитын жерге келгенінде жүніп екендігі есіне түсіп кетті. Сонда бізге: «Орындарыңда тұра тұрыңдар!»,- деп қайтып (үйіне) кіріп кетті. Біраздан соң шашынан суы тамған күйі шықты. Кейін тәкбір тахрима айтты. Біз ол кісімен бірге намаз оқыдық»,- деді.

18-бап. Жақындықтан соң ғұсыл құйынғанда қолда қалған суды сілку туралы

275- حَدَّثَنَا عَبْدَانُ قَالَ أَخْبَرَنَا أَبُو حَمْرَةَ قَالَ سَمِعْتُ الْأَعْمَشَ عَنْ سَالِمِ بْنِ أَبِي الْجَعْدِ عَنْ كُرَيْبٍ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ قَالَ قَالَتْ مَيْمُونَةُ وَضَعْتُ لِلنَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ غُسْلًا فَسَنَرْتُهُ بِثَوْبٍ وَصَبَّ عَلَى يَدَيْهِ فَغَسَلَهُمَا ثُمَّ صَبَّ بِيَمِينِهِ عَلَى شِمَالِهِ فَغَسَلَ فَرَجَهُ فَضْرَبَ بِيَدِهِ الْأَرْضَ فَمَسَحَهَا ثُمَّ غَسَلَهَا فَمَضْمَضَ وَاسْتَنْشَقَ وَغَسَلَ وَجْهَهُ وَذِرَاعَيْهِ ثُمَّ صَبَّ عَلَى رَأْسِهِ وَأَفَاضَ عَلَى جَسَدِهِ ثُمَّ تَنَحَّى فَغَسَلَ قَدَمَيْهِ فَنَاولَتْهُ ثَوْبًا فَلَمْ يَأْخُذْهُ فَانْطَلَقَ وَهُوَ يَنْفُضُ يَدَيْهِ

275 - Мәймуна анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) бөтен біреудің көзіне түспеуі үшін киіммен қалқалап тұрып, ғұсыл құйынуы үшін су құйып бердім Алдымен қолын жуды. Кейін оң қолына алған суын сол қолына алып мұстахап қылды. Содан соң қолын жерге ысқылап сүртті де, жуып тастады. Содан кейін аузы мен мұрнын шайды. Бетін, екі қолын шынтағына дейін жуып, бүтін денесіне су құйды. Кейін орнынан тұрып, шетке шығып аяқтарын жуды. Орамал беріп едім алмады. Қолдарындағы суды сілکیدі де шығып кетті»,- деді. (Қасталоний айтты: «Егер де өте зәрулік кезде болмаса, қолды сілкімеу керек»,- деді.)

19-бап. Ғұсыл құйынуды оң жақтан бастау керектігі туралы

276- حَدَّثَنَا خَلَادُ بْنُ يَحْيَى قَالَ حَدَّثَنَا إِبْرَاهِيمُ بْنُ نَافِعٍ عَنِ الْحَسَنِ بْنِ مُسْلِمٍ عَنْ صَفِيَّةِ بِنْتِ شَيْبَةَ عَنْ عَائِشَةَ قَالَتْ كُنَّا إِذَا أَصَابَتْ إِحْدَانَا جَنَابَهُ أَخَذَتْ بِيَدَيْهَا ثَلَاثًا فَوْقَ رَأْسِهَا ثُمَّ تَأْخُذُ بِيَدِهَا عَلَى شِقِّهَا الْأَيْمَنِ وَبِيَدِهَا الْأُخْرَى عَلَى شِقِّهَا الْأَيْسَرِ

276 - Айша анамыз (р.а.) айтты: «Біреумізге ғұсыл құйыну керек болып қалса, қолымызға су алып, басымызға үш рет құятынбыз. Одан соң қолымызға су алып, бірінші оң иыққа, кейін сол иыққа құятын едік»,- деді.

БИСМИЛЛӘҢИР РАХМАНИР РАХИМ

20-бап. Хилуатта (онаша жерде) жалаңаш шомылуға болады ма? Хилуатта да, қалқа жер де шомылған дұрыс!

قَالَ بَهْرُ بْنُ حَكِيمٍ عَنْ أَبِيهِ عَنْ جَدِّهِ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ اللَّهُ أَحَقُّ أَنْ يُسْتَحْيَا مِنْهُ مِنَ النَّاسِ

Бахз ибн Хақимнің бабасына Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай деген екен: «Алла тағала үшін кісінің адамдардан гөрі, өзінен ұялғаны дұрыс»,- деді.

277- حَدَّثَنَا إِسْحَاقُ بْنُ نَصْرِ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الرَّزَّاقِ عَنْ مَعْمَرٍ عَنْ هَمَّامِ بْنِ مُنَبِّهِ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ كَانَتْ بَنُو إِسْرَائِيلَ يَغْتَسِلُونَ عُرَاءً يَنْظُرُ بَعْضُهُمْ إِلَى بَعْضٍ وَكَانَ مُوسَى صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَغْتَسِلُ وَحْدَهُ فَقَالُوا وَاللَّهِ مَا يَمْنَعُ مُوسَى أَنْ يَغْتَسِلَ مَعَنَا إِلَّا أَنَّهُ آدَرُ فَذَهَبَ مَرَّةً يَغْتَسِلُ فَوَضَعَ تَوْبَهُ عَلَى حَجَرٍ فَفَرَّ الْحَجَرُ بِتَوْبِهِ فَخَرَجَ مُوسَى فِي إِثْرِهِ يَقُولُ تَوْبِي يَا حَجَرُ حَتَّى نَظَرْتَ بَنُو إِسْرَائِيلَ إِلَى مُوسَى فَقَالُوا وَاللَّهِ مَا بِمُوسَى مِنْ بَأْسٍ وَأَخَذَ تَوْبَهُ فَطَفِقَ بِالْحَجَرِ ضَرْبًا فَقَالَ أَبُو هُرَيْرَةَ وَاللَّهِ إِنَّهُ لَنَدَبٌ بِالْحَجَرِ سِتَّةً أَوْ سَبْعَةَ ضَرْبًا بِالْحَجَرِ

277 - Әбу Хурайраға (р.а.) Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мына хадисті айтып берген екен: «Бәний Исраил қауымы бір-біріне қарап жалаңаш күйі шомыла беретін. Ал Мұса ғ.с. жалғыз өзі жуынатын. Сондықтан да олар

айтатын: «Мұсаның ғ.с. бізбен бірге шомылатынына кедергі болатын оның ұятты жерінің кемшілігі бар», - десетін.

Бір күні Мұса ғ.с. шомылғалы барып, киімдерін бір тастың үстіне шешіп қойса, тас киімдерін (Алла тағаланың әмірімен) алып қашыпты. Мұса ғ.с.: «Ей, тас, менің киімдерімді бер, киімдерімді бер!», - деп артынан қуа жөнеліпті. Сол уақытта Мұсаның ғ.с. жалаңаш денесіне көздері түскен Бәний Исраил қауымы: «Алла тағаламен ант етеміз, Мұсаның ғ.с. тәнінде еш айып жоқ екен», - десіпті. Мұса ғ.с. киімін ала салып, тасты төмпештеп ұра бастапты. Әбу Хурайра (р.а.) айтты: «Алла тағаламен ант етемін, сонда ол кісінің ұруынан таста алты ма әлде жеті ме із қалды⁷¹», - деді.

وَعَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ بَيْنَا أَيُّوبُ يَغْتَسِلُ عُرْيَانًا فَخَرَّ عَلَيْهِ جَرَادٌ مِنْ ذَهَبٍ فَجَعَلَ أَيُّوبُ يَحْتَتِي فِي تَوْبِهِ فَنَادَاهُ رَبُّهُ يَا أَيُّوبُ أَلَمْ أَكُنْ أَعْنَيْتُكَ عَمَّا تَرَى قَالَ بَلَى وَعِزَّتِكَ وَلَكِنْ لَأُغْنِيَنِي بِي عَنْ بَرَكَتِكَ

Әбу Хурайраға (р.а.) Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай деп айтып берген екен: «Бір күні Аюб Пайғамбар ғ.с. жалаңаш күйі шомылып жатқан еді. Үстінен алтын шегірткелер төгіле бастады. Аюб ғ.с. шегірткелерді киіміне жинай бастады. Сонда Алла тағала: «Ей, Аюб, сені көріп тұрғаныңа (яғни, байлыққа) мұқтаж емес қылмап па едім?!», - деді. Сонда Аюб ғ.с.: «Сенің құдіретіңмен ант етемін, мені мұқтажсыз қылдың, бірақ сенің маған берген беретіңе әлі мұқтажбын», - деді

21-бап. Адамдар бар жерде ғұсылды өзін қалқалап тұрып құйыну туралы

278- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مَسْلَمَةَ بْنِ قَعْنَبٍ عَنْ مَالِكٍ عَنْ أَبِي النَّضْرِ مَوْلَى عُمَرَ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ أَنَّ أَبَا مُرَّةَ مَوْلَى أُمِّ هَانِئِ بِنْتِ أَبِي طَالِبٍ أَخْبَرَهُ أَنَّهُ سَمِعَ أُمَّ هَانِئِ بِنْتِ أَبِي طَالِبٍ تَقُولُ ذَهَبْتُ إِلَى رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَامَ الْفَتْحِ فَوَجَدْتُهُ يَغْتَسِلُ وَقَاطِمَةُ تَسْتُرُهُ فَقَالَ مَنْ هَذِهِ فَقُلْتُ أَنَا أُمُّ هَانِئِ

278 - Әбу Тәліптің қызы Үмму Ханиғ (р.а.) былай деді: «Меккені қаратып жеңіске жеткен жылы Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) үйіне бардым. Пайғамбарымыз (с.ғ.с. ғұсыл құйынып жатыр екен. Қызы Фатима ол кісіні қалқалап тұр екен. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Бұл кім?», - деді. Мен: «Үмму Ханымын», - дедім.

⁷¹ Бұл жерде Әбу Хурайра (р.а.) Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) айтқанын меңзеп тұр.

279- حَدَّثَنَا عَبْدَانُ قَالَ أَخْبَرَنَا عَبْدُ اللَّهِ قَالَ أَخْبَرَنَا سُفْيَانُ عَنِ الْأَعْمَشِ عَنْ سَالِمِ بْنِ أَبِي الْجَعْدِ عَنْ كُرَيْبٍ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ عَنْ مَيْمُونَةَ قَالَتْ سَتَرْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَهُوَ يَغْتَسِلُ مِنَ الْجَنَابَةِ فَعَسَلَ يَدَيْهِ ثُمَّ صَبَّ بِيَمِينِهِ عَلَى شِمَالِهِ فَعَسَلَ فَرْجَهُ وَمَا أَصَابَهُ ثُمَّ مَسَحَ بِيَدِهِ عَلَى الْحَائِطِ أَوْ الْأَرْضِ ثُمَّ تَوَضَّأَ وَضُوءَهُ لِلصَّلَاةِ غَيْرَ رَجُلِيهِ ثُمَّ أَقَاضَ عَلَى جَسَدِهِ الْمَاءَ ثُمَّ تَنَحَّى فَعَسَلَ قَدَمَيْهِ تَابِعَهُ أَبُو عَوَانَةَ وَابْنُ فُضَيْلٍ فِي السَّيْرِ

279 - Мәймуна анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) жақындықтан соң ғұсыл құйынып жатқанында қалқалап тұрдым. Алдымен қолын жуды. Оң қолына алған суын сол қолына алып, әурет жерін жуды. Содан соң қолын жерге немесе дуалға ысқылап сүртті де жуып тастады. Кейін намазға дәрет алғандай дәрет алды. Аяқтарын жумады. Содан соң бүтін денесіне су құйып жуынды да, шетке шығып аяқтарын жуды», - деді.

Әбу Ғауана мен Ибн Фудайл да (р.а.) ғұсыл құйынғанда өзін қалқалап алу керектігі туралы осы хадисті естеріне алған.

22-бап. Әйел кісі ихтилам болып (былғанып) қалса...

280- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ هِشَامِ بْنِ عُرْوَةَ عَنْ أَبِيهِ عَنْ زَيْنَبَ بِنْتِ أَبِي سَلَمَةَ عَنْ أُمِّ سَلَمَةَ أُمِّ الْمُؤْمِنِينَ أَنَّهَا قَالَتْ جَاءَتْ أُمَّ سُلَيْمٍ امْرَأَةُ أَبِي طَلْحَةَ إِلَى رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَتْ يَا رَسُولَ اللَّهِ إِنَّ اللَّهَ لَا يَسْتَحْيِي مِنَ الْحَقِّ هَلْ عَلَى الْمَرْأَةِ مِنْ غُسْلِ إِذَا هِيَ احْتَلَمَتْ فَقَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ نَعَمْ إِذَا رَأَتْ الْمَاءَ

280 - Үмму Сәлама (р.а.) айтты: «Әбу Талханың әйелі Үмму Сұлайм Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдына келіп: «Я Расулулла, шындығында, Алла тағала хақ нәрседен ұялуды бұйырмайды. Егерде әйел кісі ихтилам болып қалса, ғұсыл алу керек пе?», - сұрады. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Әрине, егерде суланғанын көрсе немесе сезсе, ғұсыл алу керек», - деді.

23-бап. Дәрәтсиз кісінің (ұялғанынан) терлегені және мұьмин кісінің дәрәтсиз жүрмейтіндігі туралы

281- حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ حَدَّثَنَا يَحْيَى قَالَ حَدَّثَنَا حُمَيْدٌ قَالَ حَدَّثَنَا بَكْرٌ عَنْ أَبِي رَافِعٍ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَقِيَهُ فِي بَعْضِ طَرِيقِ الْمَدِينَةِ وَهُوَ جُنْبٌ فَأَنْخَسَتْ مِنْهُ فَذَهَبَ فَأَعْتَسَلَ ثُمَّ جَاءَ فَقَالَ أَيْنَ كُنْتَ يَا أَبَا هُرَيْرَةَ قَالَ كُنْتُ جُنْبًا فَكَرِهْتُ أَنْ أُجَالِسَكَ وَأَنَا عَلَى غَيْرِ طَهَارَةٍ فَقَالَ سُبْحَانَ اللَّهِ إِنَّ الْمُسْلِمَ لَا يَنْجُسُ

281 - Әбу Рафиғ (р.а.) былай деп риуаят етеді: «Әбу Хурайра (р.а.) жүніп халде Мединенің көшелерінің бірінде Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) жолығып қалды. Ол өзін Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) алысырақ ұстап, ақырын ғана кетіп қалды. Біраздан соң ғұсыл құйынып келді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ей, Әбу Хурайра, қайда болдың?»,- деді. Әбу Хурайра (р.а.): «Менің ғұсылым жоқ еді. Таза болмай тұрып сізбен бірге отыруды дұрыс көрмедім»,- деді. Сол кезде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Субханалла, мұьмин кісі еш уақытта лас (нәжіс) болмайды»,- деді.

24-бап. Жүніп күйі үйден шығып, базар немесе басқа жерлерде жүруге болады ма?

Ғата (р.а.) айтты: «Ғұсылы жоқ кісі қан және шаш алдырса, тырнақ алса болады»,- деді.

282- حَدَّثَنَا عَبْدُ الْأَعْلَى بْنُ حَمَّادٍ قَالَ حَدَّثَنَا يَزِيدُ بْنُ زُرَيْعٍ قَالَ حَدَّثَنَا سَعِيدٌ عَنْ قَتَادَةَ أَنَّ أَنَسَ بْنَ مَالِكٍ حَدَّثَهُمْ أَنَّ نَبِيَّ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ يَطُوفُ عَلَى نِسَائِهِ فِي اللَّيْلَةِ الْوَاحِدَةِ وَلَهُ يَوْمَئِذٍ تِسْعُ نِسْوَةٍ

282 - Әнас ибн Мәлік (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір түнде барлық әйелдеріне барып шығатын, сол уақытта тоғыз әйелі бар болатын»,- деді.

283- حَدَّثَنَا عِيَّاشُ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْأَعْلَى حَدَّثَنَا حُمَيْدٌ عَنْ بَكْرٍ عَنْ أَبِي رَافِعٍ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ قَالَ لَقِينِي رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَأَنَا جُنْبٌ فَأَخَذَ بِيَدِي فَمَشَيْتُ مَعَهُ حَتَّى قَعَدَ فَأَنْسَلْتُ فَأَتَيْتُ الرَّحْلَ فَأَعْتَسَلْتُ ثُمَّ جِئْتُ وَهُوَ قَاعِدٌ فَقَالَ أَيْنَ كُنْتَ يَا أَبَا هُرَيْرَةَ فَقُلْتُ لَهُ فَقَالَ سُبْحَانَ اللَّهِ يَا أَبَا هُرَيْرَةَ إِنَّ الْمُؤْمِنَ لَا يَنْجُسُ

283 - Әбу Хурайра (р.а.) айтты: «Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) ғұсылым жоқ кезде жолығып қалдым. Ол кісі менің қолымнан ұстады. Ол кісі бір жерге барып отырғанынша бірге бардым да, кейін ақырын ғана кетіп қалдым. Ғұсыл құйынып қайтып келдім. Ол кісі әлі отыр екен. Кейін: «Ей, Әбу Хурайра қайда болдың?»,- деді. Мен не істегенімді айтып бердім. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Субханалла, ей, Әбу Хурайра, мұьмин адам лас (нәжіс) болмайды»,- деді.

25-бап. Жүніп болған адам ғұсыл құйынбай тек қана дәрет алып жатса болады ма?

284 - حَدَّثَنَا أَبُو نُعَيْمٍ قَالَ حَدَّثَنَا هِشَامٌ وَشَيْبَانُ عَنْ يَحْيَى بْنِ أَبِي كَثِيرٍ عَنْ أَبِي سَلَمَةَ قَالَ سَأَلْتُ عَائِشَةَ أَكَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَرِفُّدُ وَهُوَ جُنْبٌ قَالَتْ نَعَمْ وَيَتَوَضَّأُ

284 - Әбу Сәлама (р.а.) айтты: «Айша анамыздан (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жүніп болған күйі жататын ба еді?»,- деп сұрадым»,- деді. Айша анамыз (р.а.): «Иә, дәрет алып жататын»,- деп жауап берді.

285 - حَدَّثَنَا قُتَيْبَةُ قَالَ حَدَّثَنَا اللَّيْثُ عَنْ نَافِعٍ عَنْ ابْنِ عُمَرَ أَنَّ عُمَرَ بْنَ الْخَطَّابِ سَأَلَ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَيْرِفُّدُ أَحَدُنَا وَهُوَ جُنْبٌ قَالَ نَعَمْ إِذَا تَوَضَّأَ أَحَدُكُمْ فَلَيْرِفُّدُ وَهُوَ جُنْبٌ

285 - Омар ибн әл-Хаттаб (р.а.): «Ғұсыл құйынбай жатсақ болады ма?»,- деп Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) сұрады. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Иә, егерде біреулерің жүніп болсаңыз, дәрет алып жатса болады»,- деді.

26-бап. Ғұсылы жоқ адам дәрет алып, содан соң ұйықтайды

286 - حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ بُكَيْرٍ قَالَ حَدَّثَنَا اللَّيْثُ عَنْ عُبَيْدِ اللَّهِ بْنِ أَبِي جَعْفَرٍ عَنْ مُحَمَّدِ بْنِ عَبْدِ الرَّحْمَنِ عَنْ عُرْوَةَ عَنْ عَائِشَةَ قَالَتْ كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا أَرَادَ أَنْ يَنَامَ وَهُوَ جُنْبٌ غَسَلَ فَرْجَهُ وَتَوَضَّأَ لِلصَّلَاةِ

286 - Айша анамыз (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (р.а.) көрпе қимылынан соң ұйықтамақшы болса, алдымен намазға дәрет алғандай дәрет алып, содан кейін жататын»,- деді.

287- حَدَّثَنَا مُوسَى بْنُ إِسْمَاعِيلَ قَالَ حَدَّثَنَا جُوَيْرِيَةُ عَنْ نَافِعٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ اسْتَفْتَى عُمَرُ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَيْنَامُ أَحَدُنَا وَهُوَ جُنُبٌ قَالَ نَعَمْ إِذَا تَوَضَّأَ

287 - Абдулла ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Омар ибн әл-Хаттаб (р.а.): «Ғұсылсыз жатсақ болады ма?», - деп Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) сұрады. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Иә, егерде дәрет алып жатсаң болады», - деді.

288- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ دِينَارٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ أَنَّهُ قَالَ ذَكَرَ عُمَرُ بْنُ الْخَطَّابِ لِرَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنَّهُ نُصِيْبُهُ الْجَنَابَةُ مِنَ اللَّيْلِ فَقَالَ لَهُ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ تَوَضَّأَ وَاعْسَلَ ذَكَرَكَ ثُمَّ نَمَّ

288 - Абдулла ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Хазреті Омар ибн әл-Хаттаб (р.а.) Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) түндерде былғанып қалу туралы айтты. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Әурет жеріңді жуып дәрет ал, содан кейін ұйықта!», - деді.

27-бап. Ері мен әйелінің ұятты жерлері бір біріне тисе...

289- حَدَّثَنَا مُعَاذُ بْنُ فَضَالَةَ قَالَ حَدَّثَنَا هِشَامٌ ح وَحَدَّثَنَا أَبُو نُعَيْمٍ عَنْ هِشَامٍ عَنْ قَتَادَةَ عَنْ الْحَسَنِ عَنْ أَبِي رَافِعٍ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ إِذَا جَلَسَ بَيْنَ شَعْبَيْهَا الْأَرْبَعِ ثُمَّ جَهَدَهَا فَقَدْ وَجَبَ الْعَسَلُ

289 - Әбу Хурайра (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Егерде ер адам әйелінің екі аяғының арасына кіріп, әрекет істесе, оған ғұсыл парыз болады», - деп айтқан», - деді.

28-бап. Әйел кісінің әуретіне тиген ылғалды жуу туралы

291- حَدَّثَنَا أَبُو مَعْمَرٍ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْوَارِثِ عَنِ الْحُسَيْنِ قَالَ يَحْيَى وَأَخْبَرَنِي أَبُو سَلْمَةَ أَنَّ عَطَاءَ بْنَ يَسَارٍ أَخْبَرَهُ أَنَّ زَيْدَ بْنَ خَالِدٍ الْجُهَنِيَّ أَخْبَرَهُ أَنَّهُ سَأَلَ عُثْمَانَ بْنَ عَفَّانَ فَقَالَ أَرَأَيْتَ إِذَا جَامَعَ الرَّجُلُ امْرَأَتَهُ فَلَمْ يُمْنِ قَالَ عُثْمَانُ يَتَوَضَّأُ كَمَا يَتَوَضَّأُ لِلصَّلَاةِ وَيَعْسَلُ ذَكَرَهُ قَالَ عُثْمَانُ سَمِعْتُهُ مِنْ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَسَأَلْتُ عَنْ ذَلِكَ عَلِيَّ بْنَ أَبِي طَالِبٍ وَالزُّبَيْرِ بْنَ الْعَوَّامِ وَطَلْحَةَ بْنَ عُبَيْدِ اللَّهِ

وَأَبِيَّ بَنَ كَعْبٍ رَضِيََ اللَّهُ عَنْهُمْ فَأَمَرُوهُ بِذَلِكَ قَالَ يَحْيَى وَأَخْبَرَنِي أَبُو سَلَمَةَ أَنَّ
عُرْوَةَ بِنَ الرَّبِيعِ أَخْبَرَهُ أَنَّ أَبَا أَيُّوبَ أَخْبَرَهُ أَنَّهُ سَمِعَ ذَلِكَ مِنْ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى
اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

291 - Осман ибн Аффаннан (р.а.) Зәйд ибн Халид: «Ер адам әйелімен қосылса, бірақ ұрық шықпаса, не істеуі керек?»,- деп сұрады. Сонда Осман ибн Аффан (р.а.): «Әурет жерін жуып, намазға дәрет алғандай дәрет алады. Мен бұны Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) естігенмін»,- деді.

Зәйд ибн Халид (р.а.): «Әли, Зубайр ибн Аууам, Талха ибн Ғубайдулла және Убай ибн Кағбтан (р.а.) сұрағанымда, оларда тура осылай десті»,- деді.

Ғұруа ибн Зубайр (р.а.): «Әбу Аюб та тура осы сөзді Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) естіпті»,- деді.

Ескерту: Ханафи мәзһабы бойынша бұл хадиске амал етілмейді. Ханафи мәзһабында Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) мына хадисі негізге алынады: «Екі сүннет жер бір-біріне тиіп мәни шықпаса да ғұсыл алу парыз болады», (Тирмизи, Таһара-80, Ибн Мажа, Таһара-111. Бұхарий-Ғұсыл-289)

292- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ حَدَّثَنَا يَحْيَى عَنْ هِشَامِ بْنِ عُرْوَةَ قَالَ أَخْبَرَنِي أَبِي قَالَ أَخْبَرَنِي
أَبُو أَيُّوبَ قَالَ أَخْبَرَنِي أَبِي بَنُ كَعْبٍ أَنَّهُ قَالَ يَا رَسُولَ اللَّهِ إِذَا جَامَعَ الرَّجُلُ الْمَرْأَةَ
فَلَمْ يُنْزِلْ قَالَ يَغْسِلُ مَا مَسَّ الْمَرْأَةَ مِنْهُ ثُمَّ يَتَوَضَّأُ وَيُصَلِّي قَالَ أَبُو عَبْدِ اللَّهِ الْغَسْلُ
أَحْوَطُ وَذَلِكَ الْآخِرُ وَإِنَّمَا بَيَّنَّا لِإِخْتِلَافِهِمْ

292 - Убай ибн Кағб (р.а.): «Я Расулулла, егерде кісі әйеліне жақындық қылса, бірақ ұрық шықпаса, не істеуі керек?»,- деп сұрады. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Әйелінен жұққан дымқыл нәрсені жуып тастап, дәрет алып, кейін намаз оқи береді»,- деп жауап берді.

Имам Бұхарий айтты: «Ғұсыл алу ықтият үшін, ең дұрысы - сол. Жоғарыдағы хадистерді осы мәселедегі Сахабалардың арасындағы қарама-қайшылықтарды білдіру үшін баяндадық»,- деді.

БИСМИЛЛӘҺИР РАХМАНИР РАХИМ

ХАЙЫЗ КИТАБЫ

قَوْلُ اللَّهِ تَعَالَى وَيَسْأَلُونَكَ عَنِ الْمَحِيضِ قُلْ هُوَ أَدَى فَأَعْتَرَلُوا النِّسَاءَ فِي الْمَحِيضِ إِلَى قَوْلِهِ وَيُحِبُّ الْمُتَطَهِّرِينَ

Алла тағала аят кәрімінде: «(Мұхаммед ғ.с.) олар сенен етеккір жайынан сұрайды. Оларға: «Ол жиренішті нәрсе, етеккір кезінде әйелдерден аулақ болындар. Оларға тазарғанға дейін жақындаспандар. Қашан олар нақ тазарса, оларға Алланың өздеріне бұйырған жерінен жақындасындар де. Шексіз, Алла тәубе етушілерді жақсы көреді әрі таза болушыларды да жақсы көреді⁷²», - деді.

1-бап. Әйелдер қашаннан бастап Хайыз (етеккір) көре бастайды?

قَوْلُ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ هَذَا شَيْءٌ كَتَبَهُ اللَّهُ عَلَى بَنَاتِ آدَمَ وَقَالَ بَعْضُهُمْ كَانَ أَوَّلُ مَا أُرْسِلَ الْحَيْضُ عَلَى بَنِي إِسْرَائِيلَ قَالَ أَبُو عَبْدِ اللَّهِ وَحَدِيثُ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَكْثَرُ

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Бұл Адам ғалайхиссаламның қыздарының мандайына әуелден жазылған», - деді.

Кейбір Сахабалар: «Хайыз бірінші Бәний Ибраилға жіберілген болатын», - дейтін. Имам Бұхари (р.а.): «Ең дұрысы- Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) айтқаны», - деді.

2-бап. Хайыз (етеккір) көрген әйелдерге бұйрық

293- حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ قَالَ سَمِعْتُ عَبْدَ الرَّحْمَنِ بْنَ الْقَاسِمِ قَالَ سَمِعْتُ الْقَاسِمَ بْنَ مُحَمَّدٍ يَقُولُ سَمِعْتُ عَائِشَةَ تَقُولُ خَرَجْنَا لَا نَرَى إِلَّا الْحَجَّ فَلَمَّا كُنَّا بِسَرْفَ حِضْتُ فَدَخَلَ عَلَيَّ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَأَنَا أَبْجِي قَالَ مَا لِكَ أَنْفُسْتِ قُلْتُ نَعَمْ قَالَ إِنَّ هَذَا أَمْرٌ كَتَبَهُ اللَّهُ عَلَى بَنَاتِ آدَمَ فَأَقْضِي

⁷² 2. «Әл-Бақара», 222 аят.

مَا يَقْضِي الْحَاجُّ غَيْرَ أَنْ لَا تَطُوفِي بِالْبَيْتِ قَالَتْ وَضَحَى رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَنْ نِسَائِهِ بِالْبَقَرِ

293 - Айша анамыз (р.а.) айтты: «Тек қана қажылықты ниет етіп жолға шықтық. Сараф (Меккенің жанындағы ауыл) деген жерге келгенімізде, маған Хайыз келді. Жылап отырғаным да Расулулла кіріп келді де: «Саған не болды, Хайызың келді ме?»,- деді. Мен: «Иә»,- дедім. Хайыз - Алла тағала Адамның ғ.с. қыздарының мандайына жазған нәрсесі, қажылықтың барлық амалдарын істей бер, бірақ Кағбатулланы тауаф етпе!»,- деді. Айша анамыз (р.а.) айтты: «Содан соң Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) әйелдерінің атынан бір сиырды құрбандыққа шалды»,- деді.

3-бап. Хайыз (етеккір) көрген әйел күйеуінің басын жуып, шашын тарап қоюына болады

294- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ حَدَّثَنَا مَالِكٌ عَنْ هِشَامِ بْنِ عُرْوَةَ عَنْ أَبِيهِ عَنْ عَائِشَةَ قَالَتْ كُنْتُ أُرَجِّلُ رَأْسَ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَأَنَا حَائِضٌ

294 - Айша анамыз (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) шашын Хайыз көргенімде де тарап қоятынмын»,- деді.

295- حَدَّثَنَا إِبْرَاهِيمُ بْنُ مُوسَى قَالَ أَخْبَرَنَا هِشَامُ بْنُ يُوسُفَ أَنَّ ابْنَ جُرَيْجٍ أَخْبَرَهُمْ قَالَ أَخْبَرَنِي هِشَامُ بْنُ عُرْوَةَ عَنْ عُرْوَةَ أَنَّ سَيْلَ اتَّخَذُمْنِي الْحَائِضُ أَوْ تَدْنُو مِنِّي الْمَرْأَةُ وَهِيَ جُنْبٌ فَقَالَ عُرْوَةُ كُلُّ ذَلِكَ عَلَيَّ هَيِّنٌ وَكُلُّ ذَلِكَ تَخَذُمْنِي وَلَيْسَ عَلَيَّ أَحَدٌ فِي ذَلِكَ بَأْسٌ أَخْبَرَنِي عَائِشَةُ أَنَّهَا كَانَتْ تُرَجِّلُ تَعْنِي رَأْسَ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَهِيَ حَائِضٌ وَرَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ حِينَئِذٍ مُجَاوِرٌ فِي الْمَسْجِدِ يُدْنِي لَهَا رَأْسَهُ وَهِيَ فِي حُجْرَتِهَا فَتُرَجِّلُهُ وَهِيَ حَائِضٌ

295 - Ғұруадан (р.а.): «Хайыз (етеккір) көрген немесе ғұсылсыз әйел маған қызмет қылуы мүмкін бе?»,- деп сұрасты. Сонда Ғұруа: «Мен бұларға соншалық мән бермеймін. Хайыз көріп те, ғұсылсыз да маған қызмет қыла беретін. Менен басқа Сахабалар да бұл туралы бір пікірде болатын. Маған Айша анамыз (р.а.): «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) шаштарын Хайыз көрген кезінде де тарап қоятыны туралы айтып берген болатын. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мешітте иғтикафта отырған кезінде басын терезеден ішке кіргізеді екен (үйінің терезесі мешіттің ішіне қараған болатын) сонда Айша анамыз өзінің бөлмесінде тұрып, Хайыз көрген болса да, шашын тарап қояды екен»,- деді.

4-бап. Хайыз көрген әйелдің құшағында тұрып Құран оқу туралы

بَاب قِرَاءَةِ الرَّجُلِ فِي حَجْرِ امْرَأَتِهِ وَهِيَ حَائِضٌ وَكَانَ أَبُو وَائِلٍ يُرْسِلُ خَادِمَهُ وَهِيَ حَائِضٌ إِلَى أَبِي رَزِينٍ فَتَأْتِيهِ بِالْمُصْحَفِ فَنُصِّغُهُ بِعِلَاقَتِهِ

Әбу Уайл (р.а.) өзінің күнін Хайыз көрген болса да, Әбу Разийға қызмет қылуы үшін жіберетін. Күңі Құран кәрімді салынған дорбасының бауынан ұстап апарып беретін еді.

296- حَدَّثَنَا أَبُو نُعَيْمٍ الْفَضْلُ بْنُ دُكَيْنٍ سَمِعَ زُهَيْرًا عَنْ مَنْصُورِ بْنِ صَفِيَّةَ أَنَّ أُمَّه حَدَّثَتْهُ أَنَّ عَائِشَةَ حَدَّثَتْهَا أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ يَتَكَبَّرُ فِي حَجْرِي وَأَنَا حَائِضٌ ثُمَّ يقرأ القرآنَ

296 - Айша анамыз (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мен Хайыз көрген болсам да, маған сүйеніп отырып құран оқи беретін еді», - деді.

5-бап. «Хайыз көру» деген сөздің орнына «ай көру» деген сөзді қолдану туралы

297- حَدَّثَنَا الْمَكِّيُّ بْنُ إِبْرَاهِيمَ قَالَ حَدَّثَنَا هِشَامٌ عَنْ يَحْيَى بْنِ أَبِي كَثِيرٍ عَنْ أَبِي سَلَمَةَ أَنَّ زَيْنَبَ بِنْتَ أُمِّ سَلَمَةَ حَدَّثَتْهُ أَنَّ أُمَّ سَلَمَةَ حَدَّثَتْهَا قَالَتْ بَيْنَا أَنَا مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مُضْطَجِعَةً فِي خَمِيصَةٍ إِذْ حَضَتْ فَأَنْسَلْتُ فَأَخَذْتُ ثِيَابَ حَيْضَتِي قَالَ أَنْفَسْتُ قُلْتُ نَعَمْ فَدَعَانِي فَأَضْطَجَعْتُ مَعَهُ فِي الْخَمِيصَةِ

297 - Үмму Сәлама (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) екеуіміз жанбастап жатқанымызда менің Хайызым келіп қалды. Ақырын ғана құшағынан суырылып шығып, Хайыз киімдерімді алдым. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ай көрдің бе?»,- деп сұрады. Мен: «Иә», - дедім. Сол кезде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мені қасына шақырды. Сонда мен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) жанында Хайыз киіміммен жаттым», - деді.

6-бап. Хайыз көрген әйелді күйеуі құшақтаса болады ма?

298- حَدَّثَنَا قَبِيصَةُ قَالَ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ عَنْ مَنْصُورٍ عَنْ إِبْرَاهِيمَ عَنِ الْأَسْوَدِ عَنْ عَائِشَةَ قَالَتْ كُنْتُ أَعْتَسِلُ أَنَا وَالنَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مِنْ إِنَاءٍ وَاحِدٍ كِلَانَا

جُنُبٌ وَكَانَ يَأْمُرُنِي فَأَنْزَرُ فَيُبَاشِرُنِي وَأَنَا حَائِضٌ وَكَانَ يُخْرِجُ رَأْسَهُ إِلَيَّ وَهُوَ مُعْتَكِفٌ فَأَغْسِلُهُ وَأَنَا حَائِضٌ

298 - Айша анамыз (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) екеуіміз ғұсылсыз болғанымызда бір ыдыстан ғұсыл алатынбыз. Хайыз көргенімде маған Хайыз киімімді киіп алуымды бұйыратын. Мен киіп алатынмын. Кейіннен мені құшақтайтын еді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мешітте иғтикафта отырған кезінде басын терезеден шығаратын, сонда мен Хайыз көрген болсам да, басын жуып қоятынмын», - деді.

299- حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ بْنُ خَلِيلٍ قَالَ أَخْبَرَنَا عَلِيُّ بْنُ مُسْهِرٍ قَالَ أَخْبَرَنَا أَبُو إِسْحَاقَ هُوَ الشَّيْبَانِيُّ عَنْ عَبْدِ الرَّحْمَنِ بْنِ الْأَسْوَدِ عَنْ أَبِيهِ عَنْ عَائِشَةَ قَالَتْ كَانَتْ إِحْدَانَا إِذَا كَانَتْ حَائِضًا فَأَرَادَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنْ يُبَاشِرَهَا أَمَرَهَا أَنْ تَنْزِرَ فِي قَوْرٍ حَيْضَتِهَا ثُمَّ يُبَاشِرُهَا قَالَتْ وَأَيْكُمُ يَمْلِكُ إِرْبَهُ كَمَا كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَمْلِكُ إِرْبَهُ تَابِعَهُ خَالِدٌ وَجَرِيرٌ عَنِ الشَّيْبَانِيِّ

299 - Айша анамыз (р.а.) айтты: «Егерде біздің біреуіміз⁷³ Хайыз көретін болсақ, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) құшақтағысы келсе, бізге Хайыз киімімізді киюімізді бұйыратын. Содан кейін ғана құшақтайтын. Қайсы бірің Пайғамбарымыздай (с.ғ.с.) шаһуаттарыңды тиып тұра аласыңдар!», - деді.

300- حَدَّثَنَا أَبُو النُّعْمَانَ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْوَاحِدِ قَالَ حَدَّثَنَا الشَّيْبَانِيُّ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ شَدَّادٍ قَالَ سَمِعْتُ مَيْمُونَةَ تَقُولُ كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا أَرَادَ أَنْ يُبَاشِرَ امْرَأَةً مِنْ نِسَائِهِ أَمَرَهَا فَأَنْزَرَتْ وَهِيَ حَائِضٌ

300- Абдулла ибн Шаддад (р.а.) риуаят етті: «Мәймуна анамыздан естідім: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) әйелдерінің бірін Хайыз кездерінде құшақтамақшы болса, оларға Хайыз киімдерін киіп алуларын бұйыратын», - деді.

7-бап. Хайызы келген әйел ораза ұстамағаны дұрыс

301- حَدَّثَنَا سَعِيدُ بْنُ أَبِي مَرْيَمَ قَالَ أَخْبَرَنَا مُحَمَّدُ بْنُ جَعْفَرٍ قَالَ أَخْبَرَنِي زَيْدٌ هُوَ ابْنُ أَسْلَمَ عَنْ عِيَّاضِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ عَنْ أَبِي سَعِيدِ الْخُدْرِيِّ قَالَ خَرَجَ رَسُولُ اللَّهِ

⁷³ Бұл жерде Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) әйелдері айтылып тұр.

صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي أضحَى أَوْ فِطْرَ إِلَى الْمُصَلَّى فَمَرَّ عَلَى النِّسَاءِ فَقَالَ يَا مَعْشَرَ النِّسَاءِ تَصَدَّقْنَ فَإِنِّي أُرِيكُنَّ أَكْثَرَ أَهْلِ النَّارِ فَقُلْنَ وَيَمَّ يَا رَسُولَ اللَّهِ قَالَ نُكْثِرُنَّ اللَّعْنَ وَتُكْفِرُنَّ الْعَشِيرَ مَا رَأَيْتُ مِنْ نَاقِصَاتِ عَقْلِ وَدِينٍ أَذْهَبَ لِلْبَّ الرَّجُلِ الْحَازِمِ مِنْ إِحْدَاكُنَّ قُلْنَ وَمَا نُقْصَانُ دِينِنَا وَعَقْلِنَا يَا رَسُولَ اللَّهِ قَالَ أَلَيْسَ شَهَادَةُ الْمَرْأَةِ مِثْلَ نِصْفِ شَهَادَةِ الرَّجُلِ قُلْنَ بَلَى قَالَ فَذَلِكَ مِنْ نُقْصَانِ عَقْلِهَا أَلَيْسَ إِذَا حَاضَتْ لَمْ تُصَلِّ وَلَمْ تَصُمْ قُلْنَ بَلَى قَالَ فَذَلِكَ مِنْ نُقْصَانِ دِينِهَا

301 - Әбу Саьид әл-Худрий риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Құрбан айтында ма, әлде Ораза айтында ма намазға шықты. Әйелдердің жанынан өтіп бара жатып: «Ей, әйелдер жамағаты, садақа беріңдер! Тозак иелерінің көбірегі әйелдер деп маған аян етілді»,- деді. Сонда әйелдер: «Не себепті, я Расулулла?»,- деп сұрасты. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Өйткені сендер көп қарғайсыңдар, ерлеріңнің жақсылығын білмейсіңдер, ерлеріңнің істеген жақсылықтарын кемсітесіңдер, қадірлемейсіңдер, сендерден гөрі ойы қысқа және сенімі аз, әр қандай иманды кісіні жолдан аздырушы қауымды көрмедім»,- деді. Сонда әйелдер: «Сеніміміз бен ақылымыздың қандай кемшілігі бар, Я Расулулла?»,- деп сұрасты. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Бір әйел кісінің куәлығы жарты еркектің куәлығына тең емес пе?»,- деді. Әйелдер: «Әрине»,- деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Міне, осы ақылдарыңның кемшілігі емес пе? Хайыз көргендеріңде намаз оқымайтындарың, ораза тұтпайтындарың да сендердің кемшіліктерің емес пе?»,- деді. Әйелдер: «Иә, дұрыс айттыңыз»,- деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Міне, осылар әйелдердің діндегі кемшілігі екенін білдіреді»,- деді.

8-бап. Хайыз көрген әйел қажылықтың амалдарының барлығын істей береді, тек қана Қағбаны тәуеп етпейтіндігі туралы

بَاب تَقْضِي الْحَائِضِ الْمَنَاسِكَ كُلِّهَا إِلَّا الطَّوَّافَ بِالْبَيْتِ وَقَالَ إِبْرَاهِيمُ لِمَا بَأْسَ أَنْ تَقْرَأَ آيَةَ وَلَمْ يَرَ ابْنَ عَبَّاسٍ بِالْقِرَاءَةِ لِلْجُنُبِ بِأَسَا وَكَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَذْكُرُ اللَّهُ عَلَى كُلِّ أَحْيَانِهِ قَالَتْ أُمُّ عَطِيَّةٍ كُنَّا نُؤْمَرُ أَنْ يَخْرُجَ الْحَيْضُ فَيُكَبِّرُنَ بِتَكْبِيرِهِمْ وَيَدْعُونَ وَقَالَ ابْنُ عَبَّاسٍ أَخْبَرَنِي أَبُو سُفْيَانَ أَنَّ هِرْقَلَ دَعَا بِكِتَابِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَرَأَ فَإِذَا فِيهِ بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ وَيَا أَهْلَ الْكِتَابِ تَعَالَوْا إِلَى كَلِمَةٍ آيَةٍ عَنْ جَابِرٍ حَاضَتْ عَائِشَةُ فَتَسَكَّتْ الْمَنَاسِكَ غَيْرَ

الطَّوَافِ بِالْبَيْتِ وَلَا تُصَلِّيْ قَالَ الْحَكْمُ إِنِّي لَأَذْبَحُ وَأَنَا جُنُبٌ وَقَالَ اللَّهُ عَزَّ وَجَلَّ
وَلَا تَأْكُلُوا مِمَّا لَمْ يُذَكَّرْ اسْمُ اللَّهِ عَلَيْهِ

Ибраһим ән-Нахий (р.а.) айтты: «Хайызы (етеккір) келген әйелдің Құран аяттарын оқуының зияны жоқ», - деді. (Ханафий және Ханбалий мәзһабтарын ұстанған ғалымдар бұлай істеуден қайтарған).

Ибн Аббаста (р.а.) ғұсылсыз адамның құранды оқуының еш зияны жоқ деп есептеген. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Алла тағаланы әр уақытта зікір ететін.

Үмму Атияа (р.а.) айтты: «Біз-әйелдерге, Хайыз көрген болсақ та, айт намазына шығуды бұйыратын. Ер адамдар оқитын тәкбірлермен дұғаларды айтатынбыз, бірақ намаз оқымайтынбыз», - деді.

Әбу Суфян айтты: «Һирақл (Рум патшасы) Пайғамбарамыздың (с.ғ.с.) жазған хатын алып келуді бұйырды. Содан оқып қараса, **«Бисмилләһир рахманир рахим, я аһли әл-Китаб, тағалуу ила калимати ил-аят»** «Бисмилләһир рахманир рахим, ей аһли китап, иман келтіріңіз!») деп жазылған екен», - деді.

Жабир (р.а.) риуаят етті: «Айша анамыздың (р.а.) Хайызы келді. Содан қажылықтың барлық амалдарын орындай берді. Бірақ-та Қағбатулланы тауаф етпеді, намаз оқымады», - деді.

Хакам (р.а.) айтты: «Мен ғұсылсыз кезімде де **«Бисмилла, Аллаху Акбар»**,- деп малды соя беретінмін», - деді.

Алла тағала: «Алланың аты айтылып сойылмаған малдың етін жемендер!»,- деген.

302- حَدَّثَنَا أَبُو نُعَيْمٍ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْعَزِيزِ بْنُ أَبِي سَلَمَةَ عَنْ عَبْدِ الرَّحْمَنِ بْنِ الْقَاسِمِ عَنْ الْقَاسِمِ بْنِ مُحَمَّدٍ عَنْ عَائِشَةَ قَالَتْ خَرَجْنَا مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَا نَذْكُرُ إِلَّا الْحَجَّ فَلَمَّا جِئْنَا سَرَفَ طَمِئْتُ فَدَخَلَ عَلَيَّ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَأَنَا أَبْكِي فَقَالَ مَا يُبْكِيكِ قُلْتُ لَوَدِدْتُ وَاللَّهِ أَنِّي لَمْ أَحُجَّ الْعَامَ قَالَ لَعَلَّكَ نُفِسْتِ قُلْتُ نَعَمْ قَالَ فَإِنَّ ذَلِكَ شَيْءٌ كَتَبَهُ اللَّهُ عَلَى بَنَاتِ آدَمَ فَافْعَلِي مَا يَفْعَلُ الْحَاجُّ غَيْرَ أَنْ لَا تَطُوفِي بِالْبَيْتِ حَتَّى تَطْهُرِي

302 - Айша анамыз (р.а.) айтты: «Тек қана қажылықты ниет етіп Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге жолға шықтық. Сараф (Меккенің жанындағы ауыл) деген жерге келгенімізде маған Хайыз келді. Жылап отырғаным да Расулулла кіріп келді де: «Неге жылап отырсың?»,- деді. Мен: «Құдай хақы, бұл жылы қажылыққа шыққаным өкінемін», - дедім. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Хайыз көріп қалдың ба?»,- деді. Мен: «Иә», - дедім. Хайыз - Алла тағала Адамның ғ.с. қыздарының мандайына жазған

нәрсесі, қажылықтың барлық амалдарын істей бер, бірақ тазарғаныңша Қағбатулланы тауаф етпе!»,- деді.

9-бап. Истихаза (тамырдан тоқтаусыз келетін қан) туралы

303- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ هِشَامِ بْنِ عُرْوَةَ عَنْ أَبِيهِ عَنْ عَائِشَةَ أَنَّهَا قَالَتْ قَالَتْ فَاطِمَةُ بِنْتُ أَبِي حُبَيْشٍ لِرَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَا رَسُولَ اللَّهِ إِنِّي لَا أَطْهَرُ أَفَادَعُ الصَّلَاةَ فَقَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِنَّمَا ذَلِكَ عِرْقٌ وَلَيْسَ بِالْحَيْضَةِ فَإِذَا أَقْبَلْتَ الْحَيْضَةَ فَاتْرُكِي الصَّلَاةَ فَإِذَا ذَهَبَ قَدْرُهَا فَاغْسِلِي عَنْكَ الدَّمَ وَصَلِّي

303 - Айша анамыз (р.а.) айтты: «Фатима бинти Хубайш Пайғамбарымызға (с.ғ.с.): «Я Расулулла, мен тазалана алмаймын (тоқтаусыз қан келеді де тұрады), намаз оқымаймын ба?»,- деп сұрады. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Бұл тамырдан келетін қан, Хайыз емес, егерде Хайыз келсе, намазды тоқтат, Хайыздың келуі тоқтаса, ғұсыл алып тазаланып, намаз оқи бер!»,- деді.

10-бап. Хайыз қанын жуу туралы

304- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ هِشَامِ بْنِ عُرْوَةَ عَنْ فَاطِمَةَ بِنْتِ الْمُنْذِرِ عَنْ أَسْمَاءَ بِنْتِ أَبِي بَكْرٍ الصِّدِّيقِ أَنَّهَا قَالَتْ سَأَلْتُ امْرَأَةً رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَتْ يَا رَسُولَ اللَّهِ أَرَأَيْتَ إِحْدَانَا إِذَا أَصَابَ تَوْبَهَا الدَّمُ مِنَ الْحَيْضَةِ كَيْفَ تَصْنَعُ فَقَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا أَصَابَ تَوْبَ إِحْدَاكُنَّ الدَّمُ مِنَ الْحَيْضَةِ فَانْقُرْصُهُ ثُمَّ لَتْنِضْخُهُ بِمَاءٍ ثُمَّ لَتْصَلِّي فِيهِ

304 - Асма бинти Әбу Бәкір (р.а.) айтты: «Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) бір әйел: «Я Расулулла, біреуміздің киімімізге Хайыздың қаны жұғып қалса, не қыламыз?»,- деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Егерде біреулеріңнің киімдеріңе Хайыздың қаны жұғып қалса, қатып қалған қанды ысқылап үгіп тастап, содан соң сумен жуыңдар, кейін осы киіммен намаз оқи беріңдер!»,- деді.

11-бап. Истихаза болған әйелдің мешітке иғтикафта отыруы туралы

305- حَدَّثَنَا أَصْبَغُ قَالَ أَخْبَرَنِي ابْنُ وَهْبٍ قَالَ أَخْبَرَنِي عَمْرُو بْنُ الْحَارِثِ عَنْ عَبْدِ الرَّحْمَنِ بْنِ الْقَاسِمِ حَدَّثَهُ عَنْ أَبِيهِ عَنْ عَائِشَةَ قَالَتْ كَانَتْ إِحْدَانَا تَحِيضُ ثُمَّ تَقْرِصُ الدَّمَ مِنْ ثَوْبِهَا عِنْدَ طُهْرِهَا فَتَغْسِلُهُ وَتَنْضِحُ عَلَى سَائِرِهِ ثُمَّ تُصَلِّي فِيهِ

305 - Айша анамыз (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мешітке иғтикаф қылып отыруға кіретін болса, әйелдерінің кейбірі истихаза болғанына қарамастан бірге кіретін», - деді.

306- حَدَّثَنَا إِسْحَاقُ قَالَ حَدَّثَنَا خَالِدُ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ عَنْ خَالِدٍ عَنْ عِكْرَمَةَ عَنْ عَائِشَةَ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ اعْتَكَفَ مَعَهُ بَعْضُ نِسَائِهِ وَهِيَ مُسْتَحَاضَةٌ تَرَى الدَّمَ قُرْبَمَا وَضَعَتْ الطَّسْتُ تَحْتَهَا مِنَ الدَّمَ وَزَعَمَ أَنَّ عَائِشَةَ رَأَتْ مَاءَ الْعُصْفُرِ فَقَالَتْ كَانَ هَذَا شَيْءٌ كَانَتْ فُلَانَةٌ تَجِدُهُ

306 - Акрама былай деп жорамалдайды: «Айша анамыз (ыдыстағы) сарғыш сұйықтықты көріп: «Бұл пәленше әйелден түскен истихаза қаны болса керек», - деп ойлаған», - деді.

307- حَدَّثَنَا فُتَيْبَةُ قَالَ حَدَّثَنَا يَزِيدُ بْنُ زُرَيْعٍ عَنْ خَالِدٍ عَنْ عِكْرَمَةَ عَنْ عَائِشَةَ قَالَتْ اعْتَكَفْتُ مَعَ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ امْرَأَةً مِنْ أَزْوَاجِهِ فَكَانَتْ تَرَى الدَّمَ وَالصُّفْرَةَ وَالطَّسْتُ تَحْتَهَا وَهِيَ تُصَلِّي

307 - Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) әйелдерінің бірі ол кісімен бірге иғтикаф қылуға отырды. Ол әйел Хайызға қоса сарғыш қан көретін. Сол үшін де намаз оқып жатқанында отыратын орнына ыдыс қойып алған еді.

308- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا مُعْتَمِرٌ عَنْ خَالِدٍ عَنْ عِكْرَمَةَ عَنْ عَائِشَةَ أَنَّ بَعْضَ أُمَّهَاتِ الْمُؤْمِنِينَ اعْتَكَفَتْ وَهِيَ مُسْتَحَاضَةٌ

308 - Айша анамыз (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) әйелдерінің бірі истихаза⁷⁴ көрген бойы иғтикаф қылуға отырды», - деді.

(Әйел адам истихаза болса да мешітке кіріп, құлшылық қылуы мүмкін болған).

⁷⁴ Истихаза-етеккір келіп болғаннан соң да тоқтамай (тамырдан) келетін қан.

12-бап. Әйел адам Хайыз көрген киімінде намаз оқиды ма?

309- حَدَّثَنَا أَبُو نُعَيْمٍ قَالَ حَدَّثَنَا إِبْرَاهِيمُ بْنُ نَافِعٍ عَنْ ابْنِ أَبِي نَجِيحٍ عَنْ مُجَاهِدٍ قَالَ قَالَتْ عَائِشَةُ مَا كَانَ لِإِحْدَانَا إِلَّا تَوْبٌ وَاحِدٌ تَحِيضُ فِيهِ فَإِذَا أَصَابَهُ شَيْءٌ مِنْ دَمٍ قَالَتْ بِرَيْقِهَا فَفَصَعَتْهُ بِظَفْرِهَا

309 - Айша анамыз (р.а.) айтты: «Бірде-біреумізде бір қабат киімнен басқа киім жоқ болатын. Сол киімді киіп жүріп, Хайыз көретінбіз. Егерде оған қан жұғып қалса, ысқылап үгіп, жуып тастап намаз оқи беретінбіз», - деді.

13-бап. Әйел адам Хайыздан кейін ғұсыл құйынғаннан соң өзіне хош иісті нәрселерді себу туралы

310- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ عَبْدِ الْوَهَّابِ قَالَ حَدَّثَنَا حَمَّادُ بْنُ زَيْدٍ عَنْ أَيُّوبَ عَنْ حَفْصَةَ قَالَ أَبُو عَبْدِ اللَّهِ أَوْ هِشَامُ بْنُ حَسَّانَ عَنْ حَفْصَةَ عَنْ أُمِّ عَطِيَّةَ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَتْ كُنَّا نُنْهَى أَنْ نُحَدِّ عَلَى مَيِّتٍ فَوْقَ ثَلَاثٍ إِلَّا عَلَى زَوْجٍ أَرْبَعَةَ أَشْهُرٍ وَعَشْرًا وَلَا نَكْتَجِلُ وَلَا نَنْطِيبُ وَلَا نَلْبَسُ تَوْبًا مَصْبُوعًا إِلَّا تَوْبَ عَصَبٍ وَقَدْ رُحِّصَ لَنَا عِنْدَ الطُّهْرِ إِذَا اغْتَسَلْتَ إِحْدَانَا مِنْ مَحِيضِهَا فِي نُبْدَةٍ مِنْ كُسْتٍ أَظْفَارٍ وَكُنَّا نُنْهَى عَنْ اتِّبَاعِ الْجَنَائِزِ قَالَ أَبُو عَبْدِ اللَّهِ رَوَاهُ هِشَامُ بْنُ حَسَّانَ عَنْ حَفْصَةَ عَنْ أُمِّ عَطِيَّةَ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

310 - Үмму Атияа (р.а.) айтты: «Қайтыс болған адамға үш күннен артық аза тұтпайтынбыз. Тек қана ер адамымыз (күйеуі) қайтыс болса ғана төрт ай он күн аза тұтатынбыз. Көзімізге сүрме жақпайтынбыз, хош иіс сеппейтін едік. Гүлді киім кимейтінбіз. Бір түсті киімді ғана киетінбіз. Етеккірден соң ғұсыл құйынып, тазаланғаннан кейін ғана жеңіл- желпі иіс суларды себінуге рұқсат етілген еді. Жаназаға ілесіп (бейіт басына) баруымызға рұқсат бермейтін», - деді.

14-бап. Әйелдің Хайыздан тазаланған кезінде денесін ысқылап жуынуы туралы

311- حَدَّثَنَا يَحْيَى قَالَ حَدَّثَنَا ابْنُ عُيَيْنَةَ عَنْ مَنْصُورِ بْنِ صَفِيَّةَ عَنْ أُمِّهِ عَنْ عَائِشَةَ أَنَّ امْرَأَةً سَأَلَتِ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَنْ غُسْلِهَا مِنَ الْمَحِيضِ

فَأَمَرَهَا كَيْفَ تَغْتَسِلُ قَالَ خُذِي فِرْصَةً مِنْ مَسَكٍ فَتَطَهَّرِي بِهَا قَالَتْ كَيْفَ أَتَطَهَّرُ
قَالَ تَطَهَّرِي بِهَا قَالَتْ كَيْفَ قَالَ سُبْحَانَ اللَّهِ تَطَهَّرِي فَاجْتَنِبْهَا إِلَيَّ فَقُلْتُ تَتَّبِعِي
بِهَا أَثَرَ الدَّمِّ

311 - Айша анамыз (р.а.) айтты: «Бір әйел Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) хайыздан қалай тазалану туралы сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қалай ғұсыл құйынуды айтып, содан соң: «Әтірленген мақтаменен тазалан!», - деді. Әйел: «Онымен қалай тазаланамын», - деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Субханалла, тазалан!», - деді. Айша анамыз (р.а.) айтты: «Сол кезде мен ол әйелді өзіме қарай тарттым да оған: «Қаныңның іздері қалған жерлеріңді сонымен сүртіп тазала!», - дедім.

15-бап. Хайыз келген жерді жуу туралы

312- حَدَّثَنَا مُسْلِمُ بْنُ أَبِرَاهِيمَ قَالَ حَدَّثَنَا وَهَيْبُ حَدَّثَنَا مَنْصُورٌ عَنْ أُمِّهِ عَن
عَائِشَةَ أَنَّ امْرَأَةً مِنَ الْأَنْصَارِ قَالَتْ لِلنَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَيْفَ أُغْتَسِلُ مِنَ
الْمَحِيضِ قَالَ خُذِي فِرْصَةً مُمَسَّكَةً فَتَوَضَّئِي ثَلَاثًا ثُمَّ إِنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ
وَسَلَّمَ اسْتَحْيَا فَأَعْرَضَ بِوَجْهِهِ أَوْ قَالَ تَوَضَّئِي بِهَا فَأَخَذَتْهَا فَجَذَبَتْهَا فَأَخْبَرَتْهَا بِمَا
يُرِيدُ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

312 - Айша анамыз (р.а.) айтты: «Ансарийлардан болған бір әйел Пайғамбарымызға (с.ғ.с.): «Етеккірден соң қалай ғұсыл құйынамын ?», - деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ғұсыл құйынғаннан соң әтірленген мақтаны алып, тазалан!», - деп үш рет айтты. Кейін Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) ұялғанынан мүбәрак жүзін бұрып: «Оныменен сүрт!», - деді. Айша анамыз (р.а.) айтты: «Сол кезде мен ол әйелді өзіме қарай тарттым да, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) не деп айтпақшы болғанын айтып бердім», - деді.

16-бап. Әйелдің етеккірден соң ғұсыл құйынып жатқанында шашын тарауы туралы

313- حَدَّثَنَا مُوسَى بْنُ إِسْمَاعِيلَ حَدَّثَنَا إِبْرَاهِيمُ حَدَّثَنَا ابْنُ شِهَابٍ عَنْ عُرْوَةَ
أَنَّ عَائِشَةَ قَالَتْ أَهْلَتُ مَعَ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي حَجَّةِ الْوَدَاعِ
فَكُنْتُ مِمَّنْ تَمَّتْ وَلَمْ يَسُقِ الْهَدْيَ فَرَعَمَتْ أَثْمًا حَاضَتْ وَلَمْ تَطَهَّرْ حَتَّى دَخَلْتُ
لَيْلَةَ عَرَفَةَ فَقَالَتْ يَا رَسُولَ اللَّهِ هَذِهِ لَيْلَةُ عَرَفَةَ وَإِنَّمَا كُنْتُ تَمَّتْ بِعُمْرَةٍ فَقَالَ لَهَا

رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنْفَضِي رَأْسَكَ وَأَمْتَشِطِي وَأَمْسِكِي عَنْ عُمْرَتِكَ
فَفَعَلْتُ فَلَمَّا قَضَيْتُ الْحَجَّ أَمَرَ عَبْدَ الرَّحْمَنِ لَيْلَةَ الْحَصْبَةِ فَأَعْمَرَنِي مِنَ التَّنْعِيمِ
مَكَانَ عُمْرَتِي الَّتِي نَسَكْتُ

313 - Айша анамыз (р.а.) Ғұруа ибн Зубайрге былай деген екен: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) екеуміз қоштасу қажылық кезінде ихрам байладық. Мен таматтуғ қажылықты ниет еткендердің бірі едім, бірақ құрбандық үшін қой алмаған болатынмын. Сол кезде менің етеккірім келіп қалды. Одан тек қана Арафат түні кіргенде ғана тазардым да, Пайғамбарымызға (с.ғ.с.): «Я Расулалла, Арафат түні болды, мен о баста кіші қажылыққа ниет етіп едім»,- деп сұрадым. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Шашыңды жайып тара да, ғұсыл құйын, кіші қажылықты қоя тұр!»,- деді. Мен солай істеп үлкен қажылықты бітірдім. Түнде әл-Хасбада аялдағанымызда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) ағам Абдуррахманға Танғимға (осы жерде қайтадан ихрам кідім) менімен бірге барып кіші қажылықты өтетіп келуге бұйырды»,- деді.

17-бап. Етеккір көрген әйел ғұсыл құйынуынан бұрын алдымен шашын жайып тарауы туралы

314 - حَدَّثَنَا عُبَيْدُ بْنُ إِسْمَاعِيلَ قَالَ حَدَّثَنَا أَبُو أُسَامَةَ عَنْ هِشَامٍ عَنْ أَبِيهِ عَنْ عَائِشَةَ قَالَتْ خَرَجْنَا مَوَافِينَ لِإِهْلَالِ ذِي الْحِجَّةِ فَقَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَنْ أَحَبَّ أَنْ يُهَلََّ بِعُمْرَةٍ فَلْيُهَلِّ فَإِنِّي لَوَلَا أَنِّي أَهْدَيْتُ لَأَهْلَلْتُ بِعُمْرَةٍ فَأَهَلَّ بَعْضُهُمْ بِعُمْرَةٍ وَأَهَلَّ بَعْضُهُمْ بِحَجٍّ وَكُنْتُ أَنَا مِمَّنْ أَهَلََّ بِعُمْرَةٍ فَأَذْرَكَنِي يَوْمَ عَرَفَةَ وَأَنَا حَائِضٌ فَشَكَوْتُ إِلَى النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ دَعِي عُمْرَتَكَ وَأَنْفَضِي رَأْسَكَ وَأَمْتَشِطِي وَأَهْلِي بِحَجٍّ فَفَعَلْتُ حَتَّى إِذَا كَانَ لَيْلَةُ الْحَصْبَةِ أَرْسَلَ مَعِيَ أَخِي عَبْدَ الرَّحْمَنِ بْنَ أَبِي بَكْرٍ فَخَرَجْتُ إِلَى التَّنْعِيمِ فَأَهْلَلْتُ بِعُمْرَةٍ مَكَانَ عُمْرَتِي قَالَ هِشَامٌ وَلَمْ يَكُنْ فِي شَيْءٍ مِنْ ذَلِكَ هَدْيٍ وَلَا صَوْمٍ وَلَا صَدَقَةٍ

314 - Ғұруа ибн Зубайрға Айша анамыз былай деген екен: «Зу-л-хижжа айының келуімен Мединеден қажылық қылуға шықтық. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кімде-кім кіші қажылыққа ниет етсе, етсін, егерде мен құрбандыққа мал алып келмегенімде кіші қажылыққа мен де ниет етер едім»,- деді. Сонда кейбіреулер кіші қажылыққа, ал кейбіреулер үлкен қажылыққа ниет етісті. Мен кіші қажылыққа ниет еткендерден едім. Арафат күні басталғанда әлі менің етеккірім тоқтамаған болатын. Мен Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) жағдайымды айттым. Ол кісі: «Кіші

кажылыкты коя тұр. Шашыңды жайып тара да, ғұсыл құйын, содан соң үлкен қажылыққа ниет ет!»,- деді. Мен солай істедім. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) үлкен қажылық біткеннен соң Хасба түні келіп бауырым Абдуррахманды менімен бірге жіберді. Мен Танғим деген жерге барып, қайтадан кіші қажылыққа ниет еттім.

Хашим ибн Ғұруа (р.а.) айтты: «Айша анамыз құрбандық та шалмады, ораза да тұтпады, садақа да бермеді»,- деді.

18-бап. Ай-күні жетіп туылған бала мен шала туылған бала туралы

315- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا حَمَّادٌ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ أَبِي بَكْرٍ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ إِنَّ اللَّهَ عَزَّ وَجَلَّ وَكَلَّ بِالرَّحِمِ مَلَكًا يَقُولُ يَا رَبُّ نُطْفَأَ يَا رَبُّ عِلْقَةٌ يَا رَبُّ مُضْغَةٌ فَإِذَا أَرَادَ أَنْ يَقْضِيَ خَلْقَهُ قَالَ أَذْكَرٌ أَمْ أُنْثَى شَقِيٌّ أَمْ سَعِيدٌ فَمَا الرِّزْقُ وَالْأَجَلُ فَيُكْتَبُ فِي بَطْنِ أُمِّهِ

315 - Әнәс ибн Мәлікке (р.а.) Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай деп айтқан екен: «Алла тағала ішке (жатырға) бір періштені уәкіл қылып бекітеді. Ұрық құрсаққа түсе салысымен әлгі періште айтар: «Я Раббым, бұл ұрыққа айналды, я Раббым, бұл қою қанға айналды, я Раббым, бұл бір парша етке айналды»,- деп айтар. Алла тағала: «Бұл бала ай-күні жетіп, дүниеге келсін!»,- десе, періште: «Ұл ма әлде қыз ба, бақытты ма әлде бақытсыз ба, рыздығы, сүретін өмірі қанша?»,- деп сұрайды. Бұлардың барлығы бала анасының ішінде жатқанында маңдайына жазылады»,- деді.

19-бап. Етеккір көрген әйел үлкен қажылық пен кіші қажылыққа қалай ихрам киеді

316- حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ بُكَيْرٍ قَالَ حَدَّثَنَا اللَّيْثُ عَنْ عُقَيْلٍ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ عُرْوَةَ عَنْ عَائِشَةَ قَالَتْ خَرَجْنَا مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي حَجَّةِ الْوَدَاعِ فَمِنَّا مَنْ أَهَلَ بِعُمْرَةٍ وَمِنَّا مَنْ أَهَلَ بِحَجٍّ فَقَدِمْنَا مَكَّةَ فَقَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَنْ أَحْرَمَ بِعُمْرَةٍ وَلَمْ يَهْدِ فَلْيُحِلِّلْ وَمَنْ أَحْرَمَ بِعُمْرَةٍ وَأَهْدَى فَلَا يُحِلُّ حَتَّى يُحِلَّ بِنَحْرِ هَدْيِهِ وَمَنْ أَهَلَ بِحَجٍّ فَلْيُتِمِّمْ حَجَّهُ قَالَتْ فَحَضْتُ فَلَمْ أَزَلْ حَائِضًا حَتَّى كَانَ يَوْمَ عَرَفَةَ وَلَمْ أَهْلِلْ إِلَّا بِعُمْرَةٍ فَأَمَرَنِي النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنْ أَنْفِضَ رَأْسِي وَأَمْتَشِطُ وَأَهْلِلَ بِحَجٍّ وَأَتْرِكَ الْعُمْرَةَ فَقَعَلْتُ ذَلِكَ حَتَّى قَضَيْتُ حَجِّي

فَبَعَثَ مَعِيَ عَبْدَ الرَّحْمَنِ بْنَ أَبِي بَكْرٍ الصِّدِّيقِ وَأَمْرَنِي أَنْ أَعْتَمِرَ مَكَانَ عُمْرَتِي
مِنَ التَّنْعِيمِ

316 - Айша анамыз (р.а.) айтты: «Қоштасу қажылыққа Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге жолға шықтық. Кейбіріміз кіші қажылыққа, ал кейбіріміз үлкен қажылыққа ниет етіп ихрам кидік. Біраз уақытта Меккеге келдік. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кімде-кім кіші қажылыққа ниет еткен болса, бірақ шалатын құрбандығы болмаса, ихрамын шешсін. Ал кімде-кім кіші қажылыққа ниет етіп, құрбандығын бірге алып келген болса, құрбандығын шалғанға дейін ихрамын шешпесін! Кімде-кім үлкен қажылыққа ниет етіп ихрам киген болса, қажылықты аяғына дейін жеткізсін (ихрамын шешпесін)!», - деді. Сараф деген жерде менің етеккірім келді. Арафат күніне дейін одан тазармадым. Арафа күні кіші қажылыққа ниет еткен едім, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) маған шашымды жайып тарап, ғұсыл құйынуымды, және кіші қажылықты қоя тұрып үлкен қажылыққа ниет етіп ихрам киюімді бұйырды. Мен солай істеп үлкен қажылықты бітіргенімде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) менімен бірге бауырым Абдуррахманды жіберіп Танғим деген жерге барып, қайтадан кіші қажылыққа ниет етіп ихрам киюімді бұйырды», - деді.

20-бап. Етеккірдің келуі және тоқтауы туралы

بَابُ إِقْبَالِ الْمَحِيضِ وَإِدْبَارِهِ وَكُنَّ نِسَاءً يَبْعَثْنَ إِلَى عَائِشَةَ بِالذُّرَجَةِ فِيهَا
الْكُرْسِيُّ فِيهِ الصُّفْرَةُ فَتَقُولُ لَا تَعَجَلْنَ حَتَّى تَرَيْنَ الْقِصَّةَ الْبَيْضَاءَ تُرِيدُ بِذَلِكَ
الطُّهْرَ مِنَ الْحَيْضَةِ وَبَلَغَ بِنْتُ زَيْدِ بْنِ ثَابِتٍ أَنَّ نِسَاءً يَدْعُونَ بِالْمَصَابِيحِ مِنْ
جَوْفِ اللَّيْلِ يَنْظُرْنَ إِلَى الطُّهْرِ فَقَالَتْ مَا كَانَ النِّسَاءُ يَصْنَعْنَ هَذَا وَعَابَتْ عَلَيْهِنَّ

Әйелдер етеккірдің қаны жұққан мақтаны шүберекке орап Айша анамызға жіберетін. Сонда Айша анамыз (р.а.): «Ағарғаның көргендерінше, етеккірден әбден тазарғандарынша асықпасын!», - дейтін.

Зәйд ибн Сәбит қызы Үмму Күлсімге «Әйелдер кешкісін шырақ жағып етеккірдің шүберегін тексеріп көретін (тазаланды ма деп)», - деген хабарды айтты. Үмму Күлсім: «Бұрынғы әйелдер олай істемейтін еді», - деп түнгі уақытта шүберектерін тексеріп жүрген әйелдерді айыптады. (яғни, күндіз көрмесе, түнде шырақтың жарығымен көріп білу мүмкін емес)

317- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مُحَمَّدٍ قَالَ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ عَنْ هِشَامٍ عَنْ أَبِيهِ عَنْ
عَائِشَةَ أَنَّ فَاطِمَةَ بِنْتَ أَبِي حَبِيبٍ كَانَتْ تُسْتَحَاضُ فَسَأَلَتْ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ

وَسَلَّمَ فَقَالَ ذَلِكَ عِرْقٌ وَلَيْسَتْ بِالْحَيْضَةِ فَإِذَا أَهْبَلَتْ الْحَيْضَةَ فَدَعِيَ الصَّلَاةَ وَإِذَا
أَدْبَرَتْ فَأَغْتَسِلِي وَصَلِّي

317 - Айша анамыз (р.а.) айтты: «Фатима бинти Хубайш истихаза көретін еді. Бұл туралы Пайғамбарымызан (с.ғ.с.) сұрады. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Бұл - тамырдан келетін қан, Хайыз емес, егерде Хайыз келсе, намазды тоқтат, Хайыздың келуі тоқтаса, ғұсыл алып тазаланып, намаз оқи бер!»,- деді.

21-бап. Етеккір көрген әйел намазының қазасын оқымайды

بَابُ لَا تَقْضِي الْحَائِضُ الصَّلَاةَ وَقَالَ جَابِرُ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ وَأَبُو سَعِيدٍ عَنِ النَّبِيِّ
صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ تَدْعُ الصَّلَاةَ

Жәбир ибн Абдулла мен Әбу Саьид әл-Худрий (р.а.) Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жайында риуаят етіп тұрып: «Етеккір көрген әйел намаз оқымайды»,- деді. (яғни, намаздың қазасын өтемейді).

318- حَدَّثَنَا مُوسَى بْنُ إِسْمَاعِيلَ قَالَ حَدَّثَنَا هَمَّامٌ قَالَ حَدَّثَنَا قَتَادَةُ قَالَ
حَدَّثَنِي مُعَاذَةُ أَنَّ امْرَأَةً قَالَتْ لِعَائِشَةَ أَتَجْزِي إِحْدَانًا صَلَاتَهَا إِذَا طَهَّرَتْ فَقَالَتْ
أَحْرُورِيَّةُ أَنْتِ كُنَّا نَحِيضُ مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَلَا يَأْمُرُنَا بِهِ أَوْ قَالَتْ
فَلَا نَفْعَلُهُ

318 - Муғаз (р.а.) риуаят етті: «Бір әйел Айша анамыздан (р.а.): «Біреуіміз етеккірден тазалансақ, намаздың қазасын оқымыз ба?»,- деп сұрады. Сонда Айша анамыз (р.а.): «Хауарыждарданбысың?⁷⁵»,- деді.

Муғаз (р.а.) айтты: Айша анамыз (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) тіршілігінде біздің етеккір кезіміздегі оқылмай қалған намаздарымыздың қазасын оқуға бұйырмайтын немесе қазасын оқымайтынбыз»,- деп айтқан секілді»,- деді.

22-бап. Етеккір көрген әйелмен егерде ол етеккір киімінде болса, бірге жатудың дұрыстығы туралы

319- حَدَّثَنَا سَعْدُ بْنُ حَفْصٍ قَالَ حَدَّثَنَا شَيْبَانُ عَنْ يَحْيَى عَنْ أَبِي سَلَمَةَ عَنْ
زَيْنَبَ بِنْتِ أَبِي سَلَمَةَ حَدَّثَتْهُ أَنَّ أُمَّ سَلَمَةَ قَالَتْ حِضْتُ وَأَنَا مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ

⁷⁵ Хауарыж- тура жолдан тайып, шектен шыққан топ.

عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي الْخَمِيلَةِ فَأَسْأَلْتُ فَخَرَجْتُ مِنْهَا فَأَخَذْتُ ثِيَابَ حَيْضَتِي فَلَبِسْتُهَا فَقَالَ لِي رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنْفَسْتَ قُلْتُ نَعَمْ فَدَعَانِي فَأَدْخَلَنِي مَعَهُ فِي الْخَمِيلَةِ قَالَتْ وَحَدَّثَنِي أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ يُقْبَلُهَا وَهُوَ صَائِمٌ وَكُنْتُ أَعْتَسِلُ أَنَا وَالنَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مِنْ إِنَاءٍ وَاحِدٍ مِنَ الْجَنَابَةِ

319 - Зейнеп бинти Әбу Сәламаға Үмму Сәлама (р.а.) былай деп айтқан екен: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) екеуміз бірге жатқанымызда менің етеккірім келіп қалды. Ақырын ғана құшағынан суырылып шығып, Хайыз киімдерімді алдым. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Етеккір көрдің бе?»,- деп сұрады. Мен: «Иә»,- дедім. Сол кезде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мені қасына шақырды. Сонда мен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) жанында етеккір келгенде киетін киіммен жаттым»,- деді. Зейнепке Үмму Сәлама және былай депті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) аузы ораза бола тұрып, мені өбіп сүйетін еді. Түнде жақындықтан соң ол кісімен бірге бір ыдыстан ғұсыл алатын едік»,- деді.

23-бап. Әйел кісінің етеккір көрмеген кезінде киетін киімінен бөлек, етеккір кезінде киетін киім дайындап қою туралы

320- حَدَّثَنَا مُعَاذُ بْنُ فَضَالَةَ قَالَ حَدَّثَنَا هِشَامٌ عَنْ يَحْيَى عَنْ أَبِي سَلَمَةَ عَنْ زَيْنَبَ بِنْتِ أَبِي سَلَمَةَ عَنْ أُمِّ سَلَمَةَ قَالَتْ بَيْنَا أَنَا مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مُضْطَجِعَةً فِي خَمِيلَةٍ حِضْتُ فَأَسْأَلْتُ فَأَخَذْتُ ثِيَابَ حَيْضَتِي فَقَالَ أَنْفَسْتَ فَقُلْتُ نَعَمْ فَدَعَانِي فَأَضْطَجَعْتُ مَعَهُ فِي الْخَمِيلَةِ

320- Зейнеп бинти Әбу Сәламаға Үмму Сәлама (р.а.) былай деп айтқан екен: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) екеуміз бір көрпенің астында бірге жатқанымызда менің етеккірім келіп қалды. Ақырын ғана етеккір кезде киетін киімді алып, құшағынан суырылып шығып кеттім. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Етеккір көрдің бе?»,- деп сұрады. Мен: «Иә»,- дедім. Сол кезде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мені қасына шақырды. Сонда мен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) жанында етеккір келгенде киетін киімді киіп жаттым»,- деді.

24-бап. Етеккір көрген әйелдің екі айтта және мұсылмандардың тілек дұғаларында (мысалы тасаттық бергенде) шеткерірек жерде тұрып қатынасуы туралы

321- حَدَّثَنَا مُحَمَّدٌ هُوَ ابْنُ سَلَامٍ قَالَ أَخْبَرَنَا عَبْدُ الْوَهَّابِ عَنْ أُيُوبَ عَنْ حَفْصَةَ قَالَتْ كُنَّا نَمْنَعُ عَوَاتِقَنَا أَنْ يَخْرُجْنَ فِي الْعِيدَيْنِ فَقَدِمَتْ امْرَأَةٌ فَتَزَلَّتْ قَصْرَ بَنِي خَلْفٍ فَحَدَّثَتْ عَنْ أُخْتِهَا وَكَانَ زَوْجُ أُخْتِهَا غَزَا مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ ثِنْتَيْ عَشْرَةَ غَزْوَةً وَكَانَتْ أُخْتِي مَعَهُ فِي سِتِّ قَالَتْ كُنَّا نُدَاوِي الْكَلْمَى وَنَقُومُ عَلَى الْمَرْضَى فَسَأَلْتُ أُخْتِي النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَعْلَى إِحْدَانَا بَأْسٌ إِذَا لَمْ يَكُنْ لَهَا جِلْبَابٌ أَنْ لَا تَخْرُجَ قَالَ لِلنَّبِيِّ سَأَلْتُهَا مِنْ جِلْبَابِهَا وَلَيْسَ تَشْهَدُ الْخَيْرَ وَدَعْوَةَ الْمُسْلِمِينَ فَلَمَّا قَدِمَتْ أُمُّ عَطِيَّةَ سَأَلْتُهَا أَسْمَعْتَ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَتْ بِأَبِي نَعَمْ وَكَانَتْ لَا تَذْكُرُهُ إِلَّا قَالَتْ بِأَبِي سَمِعْتُهُ يَقُولُ يَخْرُجُ الْعَوَاتِقُ وَدَوَاتُ الْخُدُورِ أَوْ الْعَوَاتِقُ دَوَاتُ الْخُدُورِ وَالْحَيْضُ وَلَيْسَ تَشْهَدْنَ الْخَيْرَ وَدَعْوَةَ الْمُؤْمِنِينَ وَيَعْتَرِلُ الْحَيْضُ الْمُصَلَّى قَالَتْ حَفْصَةُ فَقُلْتُ الْحَيْضُ فَقَالَتْ أَلَيْسَ تَشْهَدُ عَرَفَةَ وَكَذَا وَكَذَا

321 - Хафса бинти Сириннан (р.а.): «Бойжеткен қыздарымызды екі айт намазына қатынарудан тиятын едік. Бір әйел Басрадағы Бәний Халаф ауласына келіп түсті. Кейіннен өзінің апасы туралы айтып берді. Апасының күйеуі Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге он екі рет соғысқа қатынасқан екен. Соның алтауына апайы да бірге қатысқан екен. Апасы: «Біз жаралыларды емдеп, ауру адамдарға қарайтынбыз», - деген екен. Бір күні апасы Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.): «Біреуміздің жамылғымыз болмаса, айт намазына қатыспасақ, оның еш зияны жоқ шығар?», - деп сұрапты. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кімде-кімнің жамылғысы болмаса, танысының жамылғыларының бірін ала тұрып жақсы мәжілістерге, мұсылмандардың тілек дұғаларына қатынасын!», - депті.

Хафса (р.а.) айтты: «Үмму Атияа келгенде одан: «Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) осы туралы естігенбісіз?», - деп сұрадым. Хафса (р.а.): «Иә естігенмін», - деді. Бойжеткен қыздар да, шымылдықтың ішінде отырған қыздар да, етеккір көргендер де шығып, жақсы мәжілістерге, мұсылмандардың тілек-дұғаларына қатынасын. Ал етеккір көргендер болса, жайнамаздан алысырақ тұрсын», - деп айтқан», - деді. Хафса : «Мен Үмму Атияаға: «Етеккір көрген әйелдер де ма?», - деп айтқанымда, ол: «Етеккір көрген әйелдер Арафатта қатынаспаушы ма еді деп, олардың істейтін істерінің аттарын тізіп санап кетті», - деді.

بَابُ إِذَا حَاضَتْ فِي شَهْرٍ ثَلَاثَ حِيضٍ وَمَا يُصَدِّقُ النِّسَاءُ فِي الْحَيْضِ وَالْحَمْلِ فِيمَا يُمَكِّنُ مِنَ الْحَيْضِ لِقَوْلِ اللَّهِ تَعَالَى وَلَا يَحِلُّ لهنَّ أَنْ يَكْتُمْنَ مَا خَلَقَ اللَّهُ فِي أَرْحَامِهِنَّ وَيَذْكُرْنَ عَنْ عَلِيٍّ وَشَرِيحٍ إِنَّ امْرَأَةً جَاءَتْ بِبَيِّنَةٍ مِنْ بَطَانَةِ أَهْلِهَا مِمَّنْ يُرْضَى دِيْنُهُ أَنَّهَا حَاضَتْ ثَلَاثًا فِي شَهْرٍ صَدَّقَتْ وَقَالَ عَطَاءٌ أَقْرَأُهَا مَا كَانَتْ وَبِهِ قَالَ إِبْرَاهِيمُ وَقَالَ عَطَاءٌ الْحَيْضُ يَوْمٌ إِلَى خَمْسَ عَشْرَةَ وَقَالَ مُعْتَمِرٌ عَنْ أَبِيهِ سَأَلْتُ ابْنَ سَيْرِينَ عَنِ الْمَرْأَةِ تَرَى الدَّمَ بَعْدَ فُرَيْهَا بِخَمْسَةِ أَيَّامٍ قَالَ النِّسَاءُ أَعْلَمُ بِذَلِكَ

Алла тағала Құранда : " Талақ болған әйелдер үш етеккір мерзімі күтеді. Оларға жатырларындағы Алланың жаратқанын жасырулары дұрыс емес" деген.

322- حَدَّثَنَا أَحْمَدُ بْنُ أَبِي رَجَاءٍ قَالَ حَدَّثَنَا أَبُو أُسَامَةَ قَالَ سَمِعْتُ هِشَامَ بْنَ عُرْوَةَ قَالَ أَخْبَرَنِي أَبِي عَنْ عَائِشَةَ أَنَّ فَاطِمَةَ بِنْتَ أَبِي حُبَيْشٍ سَأَلَتْ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَتْ إِنِّي أُسْتَحَاضُ فَلَا أَطْهَرُ أَفَادَعُ الصَّلَاةَ فَقَالَ لَا إِنَّ ذَلِكَ عِرْقٌ وَلَكِنْ دَعِيَ الصَّلَاةَ قَدْرَ الْأَيَّامِ الَّتِي كُنْتِ تَحِيضِينَ فِيهَا ثُمَّ اغْتَسَلِي وَصَلِّي

322 - Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Фатима бинти Әбу Хубайш Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.): «Мен истихаза көремін , еш тазалана алмаймын, намазды оқымайын ба?»,- деп сұрады. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Жоқ, намазды тоқтатпа, бұл - тамырдан келетін қан, Хайыз емес, егерде Хайыз келсе, намазды тоқтат, Хайыздың келуі тоқтаса, ғұсыл алып тазаланып намаз оқи бер!»,- деді.

26-бап. Етеккір келетін күндерден басқа уақытта келетін сарғыш және бұлыңғыр түсті сұйықтық туралы

323- حَدَّثَنَا فُتَيْبَةُ بْنُ سَعِيدٍ قَالَ حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ عَنْ أَيُّوبَ عَنْ مُحَمَّدٍ عَنْ أُمِّ عَطِيَّةٍ قَالَتْ كُنَّا لَا نَعُدُّ الْكُدْرَةَ وَالصُّفْرَةَ شَيْئًا

323 - Үмму Атияа (р.а.) айтты: «Бұлыңғыр және сарғыш түсті сұйықтықты (қанды) етеккір деп есептемейтінбіз», - деді.

27-бап. Истихаза - тамырдан келетін қан

324- حَدَّثَنَا إِبْرَاهِيمُ بْنُ الْمُنْذِرِ قَالَ حَدَّثَنَا مَعْنُ قَالَ حَدَّثَنِي ابْنُ أَبِي زَيْبٍ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ عُرْوَةَ وَعَنْ عَمْرَةَ عَنْ عَائِشَةَ زَوْجِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنَّ أُمَّ حَبِيبَةَ اسْتَحْيِضَتْ سَبْعَ سِنِينَ فَسَأَلَتْ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَنْ ذَلِكَ فَأَمَرَهَا أَنْ تَغْتَسِلَ فَقَالَ هَذَا عِرْقٌ فَكَأَنْتِ تَغْتَسِلِينَ لِكُلِّ صَلَاةٍ

324 - Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Үмму Хабиба жеті жыл бойы истихаза көрді. Ол Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) истихаза туралы сұрағанда, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оған етеккір тоқтағаннан соң ғұсыл құйынуды бұйырып: «Истихаза, бұл тамырдан келетін қан», - деді.

Үмму Хабиба (р.а.) әр намазды оқырдың алдында ғұсыл құйынатын.

28-бап. Қажылықта Арафат тауынан түскеннен кейін етеккір көріп қалған әйел туралы

325- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ أَبِي بَكْرٍ بِنِ مُحَمَّدِ بْنِ عَمْرٍو بْنِ حَزْمٍ عَنْ أَبِيهِ عَنْ عَمْرَةَ بِنْتِ عَبْدِ الرَّحْمَنِ عَنْ عَائِشَةَ زَوْجِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنَّهَا قَالَتْ لِرَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَا رَسُولَ اللَّهِ إِنَّ صَفِيَّةَ بِنْتَ حُبَيْبٍ قَدْ حَاضَتْ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَعَلَّهَا تَحْبِسُنَا أَلَمْ تَكُنْ طَافَتْ مَعَكُنَّ فَقَالُوا بَلَى قَالَ فَأَخْرَجِي

325 - Айша анамыз (р.а.) Пайғамбарымызға (с.ғ.с.): «Я Расулулла, Сафийя бинти Хуайиддың етеккірі келіп қалды», - деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ол біздің Мединеге қайтуымыздан бөгер ме екен! Сендермен бірге тауаф етпеп пе еді?», - деді. Олар: «Иә, тауаф еткен», - десті. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Онда ол қайта берсін, айтындар!», - деді.

326- حَدَّثَنَا مُعَلَّى بْنُ أُسْدٍ قَالَ حَدَّثَنَا وَهَيْبٌ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ طَاوُسٍ عَنْ أَبِيهِ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ قَالَ رُحِّصَ لِلْحَائِضِ أَنْ تَنْفِرَ إِذَا حَاضَتْ

326 - Ибн Аббас (р.а.) айтты: «Әйел адам етеккір көріп қалса, (қоштасу тауафын істемей-ақ) еліне қайта берулеріне рұқсат етілген», - деді.

وَكَانَ ابْنُ عُمَرَ يَقُولُ فِي أَوَّلِ أَمْرِهِ إِنَّهَا لَا تَنْفِرُ نَمَّ سَمِعْتُهُ يَقُولُ تَنْفِرُ إِنَّ
رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ رَخَّصَ لَهُنَّ

Ибн Омар, ілгеріректе: «Етеккір көрген әйел (қоштасу тауафын қалмастан) қайтпайды», - дейтін, ал енді: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оларға рұқсат беріпті, (қоштасу тауафын қалмастан) қайта береді екен», - деді.

29-бап. Истихаза көретін әйел тазаланса...

قَالَ ابْنُ عَبَّاسٍ تَغْتَسِلُ وَتُصَلِّي وَكَوْ سَاعَةً وَيَأْتِيهَا زَوْجُهَا إِذَا صَلَّتِ الصَّلَاةَ
أَعْظَمُ

Ибн Аббас (р.а.): «Бұндай әйел ғұсыл құйынады, намаз оқиды, кейін күйеуі де жақындық қыла береді. Намаз деген - ұлық нәрсе», - деді.

327 - حَدَّثَنَا أَحْمَدُ بْنُ يُونُسَ عَنْ زُهَيْرٍ قَالَ حَدَّثَنَا هِشَامُ بْنُ عُرْوَةَ عَنْ
عُرْوَةَ عَنْ عَائِشَةَ قَالَتْ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا أَفْبَلَتْ الْحَيْضَةَ فَدَعِي
الصَّلَاةَ وَإِذَا أُدْبِرَتْ فَأَغْسِلِي عَنكَ الدَّمَ وَصَلِّي

327 - Айша анамыз (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «егерде етеккірің келсе, намаз оқуды тоқтат, етеккірің тоқтаса, ғұсыл құйынып, жұққан қанды жуып таста, содан кейін намаз оқи бер!», - деді.

30-бап. Босана алмай өлген әйелге жаназа оқу және оның сүннеті

328 - حَدَّثَنَا أَحْمَدُ بْنُ أَبِي سُرَيْجٍ قَالَ أَخْبَرَنَا شَيْبَابَةُ قَالَ أَخْبَرَنَا شُعْبَةُ عَنْ
حُسَيْنِ الْمُعَلَّمِ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ بُرَيْدَةَ عَنْ سَمُرَةَ بْنِ جُنْدُبٍ أَنَّ امْرَأَةً مَاتَتْ فِي
بَطْنِ فَصَلَى عَلَيْهَا النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَامَ وَسَطَهَا

328 - Сумра ибн Жундуб (р.а.) риуаят етті: «Бір әйел босана алмай өлді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жаназаны мәйіттің белінің тұсында тұрып оқиды», - деді. (Әйел кісі өлсе, белінің тұсында, ал ер кісі өлсе көкірегінің тұсында тұрып жаназа оқиды).

329 - حَدَّثَنَا الْحَسَنُ بْنُ مُدْرِكٍ قَالَ حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ حَمَّادٍ قَالَ أَخْبَرَنَا أَبُو عَوَانَةَ اسْمُهُ الْوَضَّاحُ مِنْ كِتَابِهِ قَالَ أَخْبَرَنَا سُلَيْمَانُ الشَّيْبَانِيُّ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ شَدَّادٍ قَالَ سَمِعْتُ خَالَتِي مَيْمُونَةَ زَوْجَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنَّهَا كَانَتْ تَكُونُ حَائِضًا لَمْ تُصَلِّيْ وَهِيَ مُفْتَرِشَةٌ بِحِذَاءِ مَسْجِدِ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَهُوَ يُصَلِّي عَلَى خُمْرَتِهِ إِذَا سَجَدَ أَصَابَنِي بَعْضُ ثَوْبِهِ

329 - Абдулла ибн Шаддад (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) әйелі апайым Мәймуна (р.а.) етеккір көргенде , намаз оқымайтын еді. Апайым Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) жайнамазының қарсысында жатса да, ол кісі намаз оқи береді екен. Маймұна анамыз (р.а.) айтты: «Расулулла, сәжде қылғанда киімдері маған тиетін», - деді.

(Имам Бұхарий (р.а.) осы хадиске сүйеніп, етеккір көрген әйел мэкрух саналмай, оған тиген нәрселер де харам болмайды екен деген мағынаны түсіндіреді).

БИСМИЛЛАҒИР РАХМАНИР РАХИМ

ТАЯММУМ КІТАБЫ

وَقَوْلُ اللَّهِ تَعَالَى فَلَمْ تَجِدُوا مَاءً فَتَيَمَّمُوا صَعِيدًا طَيِّبًا فَامْسَحُوا بِوُجُوهِكُمْ وَأَيْدِيكُمْ مِنْهُ

Алла тағала Құран кәрімде: «...Су таба алмасандар таза жерге таяммум соғындар; онымен беті қолдарынды сипандар.⁷⁶», - деді.

330 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ عَبْدِ الرَّحْمَنِ بْنِ الْقَاسِمِ عَنْ أَبِيهِ عَنْ عَائِشَةَ زَوْجِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَتْ خَرَجْنَا مَعَ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي بَعْضِ أَسْفَارِهِ حَتَّى إِذَا كُنَّا بِالْبَيْدَاءِ أَوْ بَدَاتِ الْجَيْشِ انْقَطَعَ عَقْدٌ لِي فَأَقَامَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَلَى التَّمَاسِيهِ وَأَقَامَ النَّاسُ مَعَهُ وَلَيْسُوا عَلَى مَاءٍ فَأَتَى النَّاسُ إِلَى أَبِي بَكْرٍ الصِّدِّيقِ فَقَالُوا أَلَا تَرَى مَا صَنَعَتْ عَائِشَةُ أَقَامَتْ بِرَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَالنَّاسُ وَلَيْسُوا عَلَى مَاءٍ وَلَيْسَ مَعَهُمْ مَاءٌ فَجَاءَ أَبُو بَكْرٍ وَرَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَأَضِعَ رَأْسَهُ عَلَى فَخْذِي قَدْ نَامَ فَقَالَ حَبَسَتْ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَالنَّاسُ وَلَيْسُوا عَلَى مَاءٍ وَلَيْسَ مَعَهُمْ مَاءٌ فَقَالَتْ عَائِشَةُ فَعَاتَبَنِي أَبُو بَكْرٍ وَقَالَ مَا شَاءَ اللَّهُ أَنْ يُوَلَّوْا وَجْهَهُمْ لِي فَأَصْبَحَ عَلَى غَيْرِ مَاءٍ فَأَنْزَلَ اللَّهُ آيَةَ التَّيَمُّمِ فَتَيَمَّمُوا فَقَالَ أُسَيْدُ بْنُ الْحَضِيرِ مَا هِيَ بِأَوْلَ بَرَكَتِكُمْ يَا آلَ أَبِي بَكْرٍ قَالَتْ فَبِعَنَّا الْبَعِيرَ الَّذِي كُنْتُ عَلَيْهِ فَأَصْبَحْنَا الْعَقْدَ تَحْتَهُ

330 - Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) әйелі Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге сапарға шықтық. Байдағ әлде Зат ул-Жайш деген жерге келгенімізде менің маржан моншағымның жібі үзіліп кетті. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) тоқтап, оны іздей бастады. Адамдарда

⁷⁶ 5. «әл-Майида», 6 аят.

тоқтап, бірге іздесе бастады. Тоқтаған жерімізде су жоқ болатын. Сонда адамдар Әбу Бәкірге (р.а.) келіп: «Айшаның істеген ісін қараңыз, Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) және қаншама адамдарды тоқтатып, жолдан бөгеді. Бұл маңда су жоқ, ең болмағанда, адамдардың өздерінде де жоқ», - десті. Әбу Бәкір (р.а.) қасымызға келді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) басын менің тіземе қойып ұйықтап қалған болатын. Әкем Әбу Бәкір (р.а.) маған: «Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) және адамдарды жолдан бөгеп қалдың, олар ең құрмаса суы бар жерде емес, не өздерінде де су жоқ», - деп қатты ұрысты. Ол кісі Алла қалағанша не дегісі келсе деді. Содан кейін менің бүйірімнен қолыменен нұқи бастады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) басын менің тіземе қойып жатқандықтан қимылдамауға тырыстым. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) таң сахарда тұрды. Айналада су жоқ еді, адамдар: «Дәретсіз қалай намаз оқимыз?»,- деп тартысты. Сол кезде Алла тағала: «Таяммум қылындар!»,- деп, «Тәяммум⁷⁷» аятын нәзіл етті. Усайд ибн Хұзайр (р.а.) дауыстап: «Ей, Әбу Бәкірдің әулеті, бұл сендердің әулеттеріңнен келген бірінші берекеттерің емес», - деді. Айша анамыз (р.а.) айтты: «Кейіннен мен мініп келе жатқан түйені шөгіп жатқан орнынан тұрғызғанымызда, менің маржан моншағым соның астынан табылды», - деді.

331 - حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ سِنَانَ هُوَ الْعَوْقِيُّ قَالَ حَدَّثَنَا هُشَيْمٌ قَالَ ح وَ حَدَّثَنِي

سَعِيدُ بْنُ النَّضْرِ قَالَ أَخْبَرَنَا هُشَيْمٌ قَالَ أَخْبَرَنَا سَيَّارٌ قَالَ حَدَّثَنَا يَزِيدُ هُوَ ابْنُ صُهَيْبٍ الْفَقِيرُ قَالَ أَخْبَرَنَا جَابِرُ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ أُعْطِيتُ خَمْسًا لَمْ يُعْطَهُنَّ أَحَدٌ قَبْلِي نُصِرْتُ بِالرُّعْبِ مَسِيرَةَ شَهْرٍ وَجُعِلَتْ لِي الْأَرْضُ مَسْجِدًا وَطَهُورًا فَأَيُّمَا رَجُلٍ مِنْ أُمَّتِي أَدْرَكْتُهُ الصَّلَاةَ فَلْيُصَلِّ وَأَحَلَّتْ لِي الْمَعَانِمُ وَلَمْ تَحِلَّ لِأَحَدٍ قَبْلِي وَأُعْطِيتُ الشَّفَاعَةَ وَكَانَ النَّبِيُّ يُبْعَثُ إِلَى قَوْمِهِ خَاصَّةً وَبُعِثْتُ إِلَى النَّاسِ عَامَّةً

331 - Жәбир ибн Абдулла (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Алла тағала маған бұрынғы Пайғамбарлардың бірде-біріне берілмеген бес түрлі қасиет берді :

1. Бір айлық алыс жерде жүрсем де, Алла тағала дұшпандарымның жүрегіне қорқу салып қояды;
2. Жер жүзі маған мешіт етіп берілген, үмбетімнің қайсы біріне қай жерде намаз уақыты келіп қалса, сол жерде оқи береді;
3. Олжалар маған халал етілген, менен бұрынғы еш Пайғамбарға халал етілмеген болатын;
4. Маған үмбетіме шапағат ету құқығы берілген;

⁷⁷ 4. «ән-Ниса»-43 аят. және 5. «әл-Майида», 6 аят.

5. Бұрынғы Пайғамбарлар тек қана өзінің қауымына Пайғамбар етіліп жіберілген болса, ал мен дүние жүзіндегі адамдардың барлығына Пайғамбар етіліп жіберілдім», - деді.

1- бап. Егерде дәрет алуға су, ал таяммум соғуға таза топырақ табылмаса не істейді?

332 - حَدَّثَنَا زَكَرِيَاءُ بْنُ يَحْيَى قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ نُمَيْرٍ قَالَ حَدَّثَنَا هِشَامُ بْنُ عُرْوَةَ عَنْ أَبِيهِ عَنْ عَائِشَةَ أَنَّهَا اسْتَعَارَتْ مِنْ أَسْمَاءَ قِلَادَةً فَهَلَكَتْ فَبَعَثَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ رَجُلًا فَوَجَدَهَا فَأَدْرَكَهُمْ الصَّلَاةَ وَلَيْسَ مَعَهُمْ مَاءٌ فَصَلُّوا فَشَكَرُوا ذَلِكَ إِلَى رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَأَنْزَلَ اللَّهُ آيَةَ النَّيْمِ فَقَالَ أَسِيدُ بْنُ حُضَيْرٍ لِعَائِشَةَ جَزَاكَ اللَّهُ خَيْرًا فَوَاللَّهِ مَا نَزَلَ بِكَ أَمْرٌ تَكْرَهِيئُهُ إِلَّا جَعَلَ اللَّهُ ذَلِكَ لَكَ وَالْمُسْلِمِينَ فِيهِ خَيْرًا

332 - Хишам ибн Ғұруаның (р.а.) атасынан риуаят болды: «Айша анамыз апасы Асмадан оның маржан моншағын аманатқа алған болатын. Оны жоғалтып алды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оны іздеуге адам жіберді. Кейіннен ол оны тауып келді. Сол уақыттың арасында намаз уақыты болды. Адамдар айналада не өздерінде су болмағандықтан, дәретсіз намаз оқыды. Бұны көріп Пайғамбарымызға арызданды. Сонда Алла тағала: «Таяммум аятын» нәзіл етті. Усайд ибн Хұзайр (р.а.) Айша анамызға: «Алла тағала сізге жақсылықты нәсіп етсін, Алламен ант етіп айтайын, сіз қоштамаған нәрсе нәзіл етілген жоқ.. Алла тағала сіз және барлық мұсылмандар үшін деп қылды. Бұнда тек қана жақсылық көзделген», - деді.

2-бап. Бір жерде тоқтап қалған адам су табылмады деп намазын қаза қылып алудан қорықса, таяммум соғып оқиды

بَابُ النَّيْمِ فِي الْحَضَرِ إِذَا لَمْ يَجِدْ الْمَاءَ وَخَافَ قَوْتَ الصَّلَاةِ وَبِهِ قَالَ عَطَاءٌ وَقَالَ الْحَسَنُ فِي الْمَرِيضِ عِنْدَهُ الْمَاءُ وَلَا يَجِدُ مَنْ يُنَاوِلُهُ يَتَيْمَمٌ وَأَقْبَلَ ابْنُ عُمَرَ مِنْ أَرْضِهِ بِالْجُرْفِ فَحَضَرَتْ الْعَصْرُ بِمَرِيدِ النَّعَمِ فَصَلَّى ثُمَّ دَخَلَ الْمَدِينَةَ وَالشَّمْسُ مُرْتَفِعَةٌ فَلَمْ يُعِدْ

Ғата (р.а.) бұл туралы мына пікірді білдірген: «Ауру адам су бола тұрып, оны құйып беретін жәрдемші таппаса, таяммум соғады. Бір күні Хасан Басрий (р.а.): «Ибн Омар (р.а.) Журуф деген жерден келе жатып, бір қойқораның жанына келгенінде Аср намазының уақыты болды.

Таяммум соғып Аср оқыды. Кейіннен Мединеге келді. Күн әлі батпаған болатын, бірақ Аср намазын қайтадан оқымады»,- деді

333 - حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ بُكَيْرٍ قَالَ حَدَّثَنَا اللَّيْثُ عَنْ جَعْفَرِ بْنِ رَبِيعَةَ عَنْ

الْأَعْرَجِ قَالَ سَمِعْتُ عُمَيْرًا مَوْلَى ابْنِ عَبَّاسٍ قَالَ أَقْبَلْتُ أَنَا وَعَبْدُ اللَّهِ بْنُ يَسَارٍ مَوْلَى مَيْمُونَةَ زَوْجِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ حَتَّى دَخَلْنَا عَلَى أَبِي جُهَيْمِ بْنِ الْحَارِثِ بْنِ الصَّمَّةِ الْأَنْصَارِيِّ فَقَالَ أَبُو الْجُهَيْمِ الْأَنْصَارِيُّ أَقْبَلَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مِنْ نَحْوِ بئرِ جَمَلٍ فَلَقِيَهُ رَجُلٌ فَسَلَّمَ عَلَيْهِ فَلَمْ يَرُدَّ عَلَيْهِ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ حَتَّى أَقْبَلَ عَلَى الْجِدَارِ فَمَسَحَ بِوَجْهِهِ وَيَدَيْهِ ثُمَّ رَدَّ عَلَيْهِ السَّلَامَ

333 - Әл-Ағражға Ибн Аббастың азат етілген құлы Ғумайр былай деген екен: «Мәймуна анамыздың азат етілген құлы Абдулла ибн Ясар екеуміз Әбу Жұхайм ибн әл-Харс ибн әс-Симманидікіне бардық. Әбу Жахм бізге мынаны айтып берді: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Бир Жамал⁷⁸ жақтан келді. Сонда ол кісіге бір адам жолығып сәлем берді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сәлемін алмастан бетін шаң басқан дуалға барып таяммум қылып, бетін және екі қолдарын сипады, содан кейін ғана ол кісінің сәлемін алды»,- деді.

3-бап. Таяммум соққан кісі қолдарын топыраққа ұрғаннан кейін, үрлеп тастайды ма?

334 - حَدَّثَنَا آدَمُ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ حَدَّثَنَا الْحَكَمُ عَنْ نُرٍّ عَنْ سَعِيدِ بْنِ عَبْدِ

الرَّحْمَنِ بْنِ أَبِزَى عَنْ أَبِيهِ قَالَ جَاءَ رَجُلٌ إِلَى عُمَرَ بْنِ الْخَطَّابِ فَقَالَ إِنِّي أَجَنَّبْتُ فَلَمْ أَصِْبِ الْمَاءَ فَقَالَ عَمَّارُ بْنُ يَاسِرٍ لِعُمَرَ بْنِ الْخَطَّابِ أَمَا تَذْكُرُ أَنَا كُنَّا فِي سَفَرٍ أَنَا وَأَنْتَ فَأَمَّا أَنْتَ فَلَمْ تُصَلِّ وَأَمَّا أَنَا فَتَمَعَّكَتْ فَصَلَّيْتُ فَذَكَرْتُ لِلنَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِنَّمَا كَانَ يَكْفِيكَ هَكَذَا فَضْرَبَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِكَفَيْهِ الْأَرْضَ وَنَفَخَ فِيهِمَا ثُمَّ مَسَحَ بِهِمَا وَجْهَهُ وَكَفَيْهِ

334 - Саъид ибн Абдурахман Абзидің аталары риуаят етті: «Омар ибн әл-Хаттабтың (р.а.) алдына бір адам келіп: «Мен жүніп болып қалдым, бірақ тазалануға су таппадым?»,- деп сұрады. Сонда Аммар ибн Ясир Омар ибн әл-Хаттабқа (р.а.) қарап: «Есіңізде ме, екеуміз сапарда болғанымызда, сіз намаз оқымадыңыз (дәретінің жоқтығынан), ал мен

⁷⁸ Бир-Жамаль-Мединенің маңындағы құдықтың атауы.
WWW.ISL178IDIN.RU

топыраққа ары-бері домалап алып, кейін намаз оқыдым. Бұны Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) айтқанымда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) алақандарын жерге соғып, үрлеп (жабысқан топырақты түсіру үшін) тастады да, кейін екі алақанымен бірінші бетін, кейін екі қолын сипады да: «Міне, осылай етсең, жеткілікті еді»,- деді.

4-бап. Таяммум бетке және екі қолға соғылады

335- حَدَّثَنَا حَجَّاجُ قَالَ أَخْبَرَنَا شُعْبَةُ أَخْبَرَنِي الْحَكَمُ عَنْ دُرِّ عَنْ سَعِيدِ بْنِ عَبْدِ الرَّحْمَنِ بْنِ أَبِيهِ قَالَ قَالَ عَمَّارٌ يَهْدًا وَضَرَبَ شُعْبَةُ بِيَدَيْهِ الْأَرْضَ ثُمَّ أَذْنَاهُمَا مِنْ فِيهِ ثُمَّ مَسَحَ بِهِمَا وَجْهَهُ وَكَفَيْهِ

335 - Саъид ибн Абдуррахман ибн Абзий (р.а.) риуаят етті: «Аммар да жоғарыдағы хадисті айтып берді-да, қолын жерге соғып, кейін ауызына жақындатып үрлеп тастады. Содан соң бетін және екі қолын сипады»,- деді.

336 - حَدَّثَنَا سُلَيْمَانُ بْنُ حَرْبٍ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ الْحَكَمِ عَنْ دُرِّ عَنْ ابْنِ عَبْدِ الرَّحْمَنِ بْنِ أَبِيهِ عَنْ أَبِيهِ أَنَّهُ شَهِدَ عُمَرَ وَقَالَ لَهُ عَمَّارٌ كُنَّا فِي سَرِيَّةٍ فَأَجْنَبْنَا وَقَالَ تَقَلَّ فِيهِمَا

336 - Аммар (р.а.) Омар әл-Хаттабқа (р.а.): «Сарияда жүргенімізде жүніп болып қалдық деп төмендегі хадисті айтып берген екен: «Мен топыраққа ары-бері домаландым, кейін бұны Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) айттым. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Бетінді және екі қолынды сипасаң, саған жеткілікті болатын еді»,- деді.

5-бап. Таза топырақ - мұсылман адам үшін (су жоқта) судың орнына жүретін дәреттің тәсілі

بَابُ الصَّعِيدِ الطَّيِّبِ وَضَوْءِ الْمُسْلِمِ يَكْفِيهِ مِنَ الْمَاءِ وَقَالَ الْحَسَنُ يُجْزئُهُ التَّيْمُ مَا لَمْ يُحْدِثْ وَأَمَّ ابْنُ عَبَّاسٍ وَهُوَ مُتَيْمٌ وَقَالَ يَحْيَى بْنُ سَعِيدٍ لَا بَأْسَ بِالصَّلَاةِ عَلَى السَّبَخَةِ وَالتَّيْمِ بِهَا

Хасан Басрий (р.а.) айтты: «Бой дәреті жоқ адамға таяммум соқса болады»,- деді. Ибн Аббас (р.а.) таяммум соғып, имамдыққа өтті»,- деді.

340 - حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنِي يَحْيَى بْنُ سَعِيدٍ قَالَ حَدَّثَنَا عَوْفٌ قَالَ حَدَّثَنَا

أَبُو رَجَاءٍ عَنْ عِمْرَانَ قَالَ كُنَّا فِي سَفَرٍ مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَإِنَّا
أُسْرَيْنَا حَتَّى كُنَّا فِي آخِرِ اللَّيْلِ وَقَعْنَا وَقَعَةً وَلَا وَقَعَةَ أَحْلَى عِنْدَ الْمُسَافِرِ مِنْهَا فَمَا
أَبْقَيْنَا إِلَّا حَرُّ الشَّمْسِ وَكَانَ أَوَّلَ مَنْ اسْتَيْقِظَ فُلَانٌ ثُمَّ فُلَانٌ ثُمَّ فُلَانٌ يُسَمِّيهِمْ أَبُو
رَجَاءٍ فَنَسِيَ عَوْفٌ ثُمَّ عُمَرُ بْنُ الْخَطَّابِ الرَّابِعُ وَكَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ
إِذَا نَامَ لَمْ يُوقِظْ حَتَّى يَكُونَ هُوَ يَسْتَيْقِظُ لِأَنَّا لَا نَدْرِي مَا يَحْدُثُ لَهُ فِي نَوْمِهِ فَلَمَّا
اسْتَيْقِظَ عُمَرُ وَرَأَى مَا أَصَابَ النَّاسَ وَكَانَ رَجُلًا جَلِيدًا فَكَبَّرَ وَرَفَعَ صَوْتَهُ
بِالنَّكْبِيرِ فَمَا زَالَ يُكَبِّرُ وَيَرْفَعُ صَوْتَهُ بِالنَّكْبِيرِ حَتَّى اسْتَيْقِظَ بِصَوْتِهِ النَّبِيُّ صَلَّى
اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَلَمَّا اسْتَيْقِظَ شَكُوا إِلَيْهِ الَّذِي أَصَابَهُمْ قَالَ لَا ضَيْرَ أَوْ لَا يَضِيرُ
ارْتَحِلُوا فَارْتَحِلْ فَسَارَ غَيْرَ بَعِيدٍ ثُمَّ نَزَلَ فَدَعَا بِالْوَضُوءِ فَتَوَضَّأَ وَتَوَدَّى بِالصَّلَاةِ
فَصَلَّى بِالنَّاسِ فَلَمَّا انْفَتَلَ مِنْ صَلَاتِهِ إِذَا هُوَ بِرَجُلٍ مُعْتَزِلٍ لَمْ يُصَلِّ مَعَ الْقَوْمِ قَالَ
مَا مَنَعَكَ يَا فُلَانُ أَنْ تُصَلِّيَ مَعَ الْقَوْمِ قَالَ أَصَابَنِي جَنَابَةٌ وَلَا مَاءَ قَالَ عَلَيْكَ
بِالصَّعِيدِ فَإِنَّهُ يَكْفِيكَ ثُمَّ سَارَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَاسْتَكَى إِلَيْهِ النَّاسُ مِنْ
الْعَطَشِ فَنَزَلَ فَدَعَا فُلَانًا كَانَ يُسَمِّيهِ أَبُو رَجَاءٍ نَسِيَهُ عَوْفٌ وَدَعَا عَلِيًّا فَقَالَ اذْهَبَا
فَابْتِغِيَا الْمَاءَ فَأَنْطَلِقَا فَتَلَقِيَا امْرَأَةً بَيْنَ مَرَادَتَيْنِ أَوْ سَطِيحَتَيْنِ مِنْ مَاءٍ عَلَى بَعِيرٍ لَهَا
فَقَالَا لَهَا أَيْنَ الْمَاءُ قَالَتْ عَهْدِي بِالْمَاءِ أُمْسُ هَذِهِ السَّاعَةَ وَتَفَرُّنَا خُلُوقًا قَالَا لَهَا
انْطَلِقِي إِذَا قَالَتْ إِلَى أَيْنَ قَالَا إِلَى رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَتْ الَّذِي
يُقَالُ لَهُ الصَّابِيُّ قَالَا هُوَ الَّذِي تَعْنِينِ فَأَنْطَلِقِي فَجَاءَا بِهَا إِلَى النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ
وَسَلَّمَ وَحَدَّثَاهُ الْحَدِيثَ قَالَ فَاسْتَنْزَلُوهَا عَنْ بَعِيرِهَا وَدَعَا النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ
وَسَلَّمَ بِإِنَاءٍ فَفَرَّغَ فِيهِ مِنْ أَفْوَاهِ الْمَرَادَتَيْنِ أَوْ سَطِيحَتَيْنِ وَأَوْكَأَ أَفْوَاهَهُمَا وَأَطْلَقَ
الْعِزَالِيَّ وَتَوَدَّى فِي النَّاسِ اسْتَفُوا وَاسْتَفُوا فَسَقَى مَنْ شَاءَ وَاسْتَقَى مَنْ شَاءَ وَكَانَ
آخِرُ ذَلِكَ أَنْ أُعْطِيَ الَّذِي أَصَابَتْهُ الْجَنَابَةُ إِنَاءً مِنْ مَاءٍ قَالَ اذْهَبْ فَأَفْرِغْهُ عَلَيْكَ
وَهِيَ قَائِمَةٌ تَنْظُرُ إِلَى مَا يُفْعَلُ بِمَائِهَا وَابْتِغَى اللَّهُ لِقَدْ أُفْلِعَ عَلَيْهَا وَإِنَّهُ لِيُخَيَّلُ إِلَيْنَا أَنَّهَا

أَشَدُّ مِلْأَةً مِنْهَا حِينَ ابْتَدَأَ فِيهَا فَقَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ اجْمَعُوا لَهَا فَجَمَعُوا لَهَا مِنْ بَيْنِ عَجْوَةٍ وَدَقِيقَةٍ وَسَوْيْقَةٍ حَتَّى جَمَعُوا لَهَا طَعَامًا فَجَعَلُوهَا فِي تَوْبٍ وَحَمَلُوهَا عَلَى بَعِيرِهَا وَوَضَعُوا التَّوْبَ بَيْنَ يَدَيْهَا قَالَ لَهَا تَعْلَمِينَ مَا رَزَيْنَا مِنْ مَائِكَ شَيْئًا وَلَكِنَّ اللَّهَ هُوَ الَّذِي أَسْقَانَا فَأَنْتِ أَهْلُهَا وَقَدْ احْتَبَسْتِ عَنْهُمْ قَالُوا مَا حَبَسَكَ يَا فُلَانَةَ قَالَتْ الْعَجَبُ لِقَيْنِي رَجُلَانِ فَذَهَبَا بِي إِلَى هَذَا الَّذِي يُقَالُ لَهُ الصَّابِيُّ فَفَعَلَ كَذَا وَكَذَا فَوَاللَّهِ إِنَّهُ لَأَسْحَرُ النَّاسَ مِنْ بَيْنِ هَذِهِ وَهَذِهِ وَقَالَتْ بِإِصْبَعَيْهَا الْوُسْطَى وَالسَّبَابَةَ فَرَفَعَتْهُمَا إِلَى السَّمَاءِ تَعْنِي السَّمَاءَ وَالْأَرْضَ أَوْ إِنَّهُ لِرَسُولِ اللَّهِ حَقًّا فَكَانَ الْمُسْلِمُونَ بَعْدَ ذَلِكَ يُغَيِّرُونَ عَلَى مَنْ حَوْلَهَا مِنَ الْمُشْرِكِينَ وَلَا يُصِيبُونَ الصِّرْمَ الَّذِي هِيَ مِنْهُ فَقَالَتْ يَوْمًا لِقَوْمِهَا مَا أَرَى أَنْ هَؤُلَاءِ الْقَوْمِ يَدْعُونَكُمْ عَمْدًا فَهَلْ لَكُمْ فِي الْإِسْلَامِ فَأَطَاعُوهَا فَدَخَلُوا فِي الْإِسْلَامِ قَالَ أَبُو عَبْدِ اللَّهِ صَبَأٌ خَرَجَ مِنْ دِينَ إِلَى غَيْرِهِ وَقَالَ أَبُو الْعَالِيَةِ الصَّابِيُّنَ فِرْقَةٌ مِنْ أَهْلِ الْكِتَابِ يَفْرَعُونَ الزَّبُورَ

340 - Яхя ибн Саъид (р.а.) айтты: «Сорланып жатқан жерде намаз оқудың және сол жердің топырағымен таяммум соғудың еш зияны жоқ», - деді.

Имран (р.а.) айтты: «Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге сапарда болатынбыз. Түнімен жол жүрдік. Таңға жуық бәрімізді ұйқы қысқаннан кейін жатып ұйықтадық. Тәтті ұйқыменен ұйықтап қалғандығымыз соншалық, күннің қатты ыстықтығынан ғана ояндық. Бірінші болып пәленше, одан кейін пәленше, одан кейін түгенше, одан кейін төртінші болып Омар ибн әл-Хаттаб оянды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) ұйықтайтын болса, ол кісіні ешкім оятпайтын. Ол кісі өзі оянатын. Ол кісі ұйықтап жатқанында не нәрселер болып жатқанынан⁷⁹ біз хабарсыз болатынбыз. Хазреті Омар (р.а.) өте қайратты да шыдамды адам болатын. Өзі оянғаннан кейін адамдардың қандай күйге түскенің пайымдап, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) оянғанына дейін қаттырақ дауыстап тәкбір айта берді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оянғаннан соң, адамдар ол кісіге бастарына түскен жағдайды айтып шағымданды. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ешқандай зияны жоқ, жолға шығындар!», - деп айтып өзі де жолға шықты. Біраз жүргеннен кейін тоқтап түйесінен түсіп, дәрет алуға су сұрады. Кейін дәрет алды. Намазға азан айтылды. Адамдармен бірге намаз оқыды. Намазды оқып болып артқа қарай бұрылды. Сонда жамағатқа қосылмай бірге намаз оқымай шеткерек тұрған бір кісіні байқады. Пайғамбарымыз

⁷⁹ Бұл жерде Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) ұйықтап жатқанында ол кісіге түсінде уәхи нәзіл болуы мүмкін екендігі айтылып тұр.

(с.ғ.с.) оған: «Ей, пәленше, жамағатпенен бірге намаз оқымауыңа не кедергі болды?»,- деп сұрады. Сонда ол: «Я Расулулла, мен жүніп болып қалдым, ал ғұсыл құйынуға су жоқ»,- деді. Сол кезде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ондай жағдайда саған топырақ та жарайды. Таза топырақпен таяммум етсең, бола береді»,- деді. Содан соң қайтадан жолға шықты. Біраз жүргеннен кейін адамдар қатты шөлдегендіктерін айтып, Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) шағымданды. Сол уақытта Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір жерге келгенде тоқтап түйесінен түсіп, пәленшені шақырды. Одан кейін Әлиді шақырып: «Барып су іздендер!»,- деді. Ол екеуі су іздеп кетті. Олар жолда түйенің үстінде екі жағына торсық бөктеріп алып кетіп бара жатқан әйелге кездесті. Олар әйелден: «Қай жерде су бар?»,- деп сұрады. Ол әйел: «Бұл суды кеше осы уақытта жолдан алғанмын, ал ер адамдарымыз бізді қалдырып, өздері су іздеп кеткен»,- деді. Олар әйелге: «Егерде су өте алыста болса, онда бізбенен жүр!»,- деді. Сонда әйел: «Қайда?»,- деп сұрады. Олар: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдына»,- деді. Әйел: «Әлгі ескі дінді тастап, жаңа дінді алып келген адамның алдына ма?»,- деді. Олар: «Иә, сол өзің айтып тұрған адамның алдына жүр деп, оны Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдына ертіп келді. Келгеннен соң болған сөздерді ол кісіге айтып берді. Имран (р.а.) айтты: «Әйелді түйесінен түсірді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) түйенің үстіндегі екі торсықты алып келуді бұйырды. Алып келгеннен соң, оның ауызын шешіп, одан уыстап су алып қайтадан құйып, ауызын байлап қойды. Кейіннен торсықтың төменгі жағындағы үлкендеу ауызын шешіп, адамдарды су ішулеріне шақырып: «Су ішіңдер және түйелерді де суғарыңдар!»,- деді. Адамдар қанғандарынша судан ішіп, түйелерін де қанғандарынша суғарды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) баяғы ғұсылы жоқ адамға бір ыдыспен су беріп: «Бар, шомылып ал!»,- деді. Әлгі әйел бір биіктеу жерде тұрып адамдардың суменен не істеп жатқандарына қарап көріп тұрды. Имран (р.а.) айтты: «Алламенен ант етіп айтамын, адамдардың барлығы су алып болып торсықтың аузын қайтадан байлаған кезде, торсықтағы су бізге бұрынғысынан да көп болып көрінді»,- деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Әйелге бірер нәрсе жинап беріңдер!»,- деді. Адамдар ол әйелге құрма ма, ұн ба, талқан ба әйтеуір бірімұнша азық жиып, жерде жайылып жатқан киімге түйіп, түйесіне артып берді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) ол әйелге: «Біліп қой, біздің пайдаланғанымыздан сенің суың азайып қалған жоқ, себебі Алла тағала бізге суынан ішкізіп, шөлімізді қандырды»,- деді. Әлгі әйел өзінің адамдарына кешігінкіреп жетті. Сонда олар: «Ей, пәленше қайда болдың, сонша кешіккеніңнің себебі не?»,- деп сұрасты. Сонда ол әйел: «Мен бір ғажайып оқиғаның куәсі болдым. Жолда келе жатып екі кісіге жолықтым. Олар мені ана бір жаңа дінді алып келген адамның алдына алып барды. Ол кісі анандай-мынандай істерді істеді деп көргендерінің бәрін айтып берді. Кейіннен былай деді: «Алламен ант етіп айтамын, ол кісі анау мен мынаның арасындағы ең мықты сиқыршы деп сұқ саусағымен жермен көкті ишара қылып көрсетті. Әйтпесе Алланың хақ Пайғамбары болса керек»,- деді. Осыдан кейін мұсылмандар сол әйелдің айналасында тұратын мүшіріктердің ауылдарына шабуыл қыла

бастады. Бірақ әлгі әйел тұратын ауылға тиіспеді. Бұны көрген әйел өзінің ауылдастарына: «Ол адамдардың сендерге тиіспей жүргендері бекерден бекер емес, мүмкін сендердің Ислам дінін қабылдайтын ниеттерің бар шығар?»,- деді. Олар ол әйелдің айтқан сөзіне құлақ асып, Исламды қабылдап, түгелдей мұсылман болды».

6-бап. Ғұсылсыз адам, егерде ғұсыл құйынсам ауырып немесе өліп қаламын деп қорықса, әйтпесе суды жұмсап қойып сусыз қалармын деп ойласа, таяммум соғады

بَاب إِذَا خَافَ الْجُنْبُ عَلَى نَفْسِهِ الْمَرَضَ أَوْ الْمَوْتَ أَوْ خَافَ الْعَطَشَ تَيَمَّمَ وَيُذَكِّرُ أَنَّ عَمْرَو بْنَ الْعَاصِ أَجْتَبَ فِي لَيْلَةٍ بَارِدَةٍ فَتَيَمَّمَ وَتَلَا وَلَا تَقُولُوا أَنْفُسَكُمْ إِنَّ اللَّهَ كَانَ بِكُمْ رَحِيمًا فَذَكَرَ لِلنَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَلَمْ يُعَنَّفَ

Амр ибн әл-Ғас қатты суық түндердің бірінде (соғыс уақытында) жүніп болып қалды. Сонда ол таяммум соғып, намаз оқыды. Кейін: «...**Бір-біріңді өлтірмеңдер. Расында, Алла сендерге ерекше мейірімді**⁸⁰»,- деген аятты оқыды. Бұл туралы Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) айтқанда, ол кісі оны айыптамады ».

341 - حَدَّثَنَا بَشْرُ بْنُ خَالِدٍ قَالَ قَالَ حَدَّثَنَا مُحَمَّدٌ هُوَ عُنْدَ أَخْبَرَنَا شُعْبَةُ عَنْ سُلَيْمَانَ عَنْ أَبِي وَائِلٍ قَالَ قَالَ أَبُو مُوسَى لِعَبْدِ اللَّهِ بْنِ مَسْعُودٍ إِذَا لَمْ يَجِدْ الْمَاءَ لَمْ يُصَلِّ قَالَ قَالَ عَبْدُ اللَّهِ لَوْ رَخَّصْتُ لَهُمْ فِي هَذَا كَانَ إِذَا وَجَدَ أَحَدُهُمُ الْبَرْدَ قَالَ هَكَذَا يَعْنِي تَيَمَّمَ وَصَلَّى قَالَ قُلْتُ فَأَيْنَ قَوْلُ عَمَّارٍ لِعُمَرَ قَالَ إِيَّيْ لَمْ أَرَ عُمَرَ قَنِعَ يَقُولُ عَمَّارٌ

341 - Әбу Мұса (р.а.) Абдулла ибн Масғудтан (р.а.): «Жүніп адам су таба алмаса, намаз оқымайды ма?»,- деп сұрады. Абдулла ибн Масғуд (р.а.): «Егерде адамдарға таяммум қылуға рұқсат берсең, олардың біреулері сәл сескенсе де, Әбу Мұса солай деген еді деп таяммум соғып намаз оқи беретін еді»,- деді.

Әбу Мұса (р.а.): «Аммардың Омарға (р.а.) айтқан сөзі сонда қайда қалды»,- деді. Сонда Абдулла (р.а.): «Аммардың сөзіне Омар қанағаттанған жоқ деп ойлаймын»,- деді.

⁸⁰ 4. «ән-Ниса», 29 аят.

342 - حَدَّثَنَا عُمَرُ بْنُ حَفْصٍ قَالَ حَدَّثَنَا أَبِي قَالَ حَدَّثَنَا الْأَعْمَشُ قَالَ سَمِعْتُ

شَقِيقَ بْنِ سَلَمَةَ قَالَ كُنْتُ عِنْدَ عَبْدِ اللَّهِ وَأَبِي مُوسَى فَقَالَ لَهُ أَبُو مُوسَى أَرَأَيْتَ يَا
أَبَا عَبْدِ الرَّحْمَنِ إِذَا أَجْنَبَ فَلَمْ يَجِدْ مَاءً كَيْفَ يَصْنَعُ فَقَالَ عَبْدُ اللَّهِ لَا يُصَلِّي حَتَّى
يَجِدَ الْمَاءَ فَقَالَ أَبُو مُوسَى فَكَيْفَ تَصْنَعُ يَقُولُ عَمَّارٌ حِينَ قَالَ لَهُ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ
عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ يَكْفِيكَ قَالَ أَلَمْ تَرَ عَمْرَ لَمْ يَقْنَعْ بِذَلِكَ فَقَالَ أَبُو مُوسَى فَدَعْنَا مِنْ
قَوْلِ عَمَّارٍ كَيْفَ تَصْنَعُ بِهَذِهِ الْآيَةِ فَمَا دَرَى عَبْدُ اللَّهِ مَا يَقُولُ فَقَالَ إِنَّا لَوْ رَخَّصْنَا
لَهُمْ فِي هَذَا لَأَوْشَكْنَا إِذَا بَرَدَ عَلَى أَحَدِهِمُ الْمَاءُ أَنْ يَدَعَهُ وَيَتَيَمَّمُ فَوَلَّتْ لِشَقِيقٍ فَإِنَّمَا
كَرِهَ عَبْدُ اللَّهِ لِهَذَا قَالَ نَعَمْ

342 - эл-Ағмаш мына хадисті Шақиқ ибн Саламадан естіген екен: «Әбу Мұса (р.а.) мен Абдулла ибн Масғудтың жанында едім. Әбу Мұса (р.а.): «Ей, Әбу Абдурахман, егерде ғұсылсыз адам су таппаса не істейді?», - деп сұрады. Сонда Абдулла: «Су тапқанша, намаз оқымайды», - деді. Сонда Әбу Мұса (р.а.): «Аммардың айтқан сөзі сонда не болды? Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) оған: «Саған таяммум соғу жеткілікті», - деп айтқаны шы?»,- деді. Абдулла (р.а.): «Омардың бұған қанағаттанбағанын сезген жоқсың ба?»,- деді. Әбу Мұса (р.а.): «Мейлі, жақсы, Аммардың сөзін қоя тұр, «Егерде су таппасаң таяммум соқ», - деген аят туралы не айтасың?»,- деді. Сонда Абдулла ибн Масғуд (р.а.) не айтарын білмей қалды. Содан кейін: «Егерде біз оларға таяммум қылуға рұқсат берсек, олардың біріне су суықтық етсе, суды қойып қойып таяммум соға береді», - деп баяғы сөзін қайталады.

Эл-Ағмаш (р.а.) Шақиқтан: «Абдулла ибн Масғуд (р.а.) сол үшін ғана таяммумға рұқсат бермеу керек, деген ба?»,- деп сұрады. Ол: «Иә», - деп жауап берді.

7-бап. Таяммум - қолды топыраққа бір рет ұру

343 - حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ سَلَامٍ قَالَ أَخْبَرَنَا أَبُو مُعَاوِيَةَ عَنِ الْأَعْمَشِ عَنْ شَقِيقِ

قَالَ كُنْتُ جَالِسًا مَعَ عَبْدِ اللَّهِ وَأَبِي مُوسَى الْأَشْعَرِيِّ فَقَالَ لَهُ أَبُو مُوسَى لَوْ أَنَّ
رَجُلًا أَجْنَبَ فَلَمْ يَجِدْ الْمَاءَ شَهْرًا أَمَا كَانَ يَتَيَمَّمُ وَيُصَلِّي فَكَيْفَ تَصْنَعُونَ بِهَذِهِ الْآيَةِ
فِي سُورَةِ الْمَائِدَةِ فَلَمْ تَجِدُوا مَاءً فَتَيَمَّمُوا صَعِيدًا طَيِّبًا فَقَالَ عَبْدُ اللَّهِ لَوْ رُخِّصَ لَهُمْ
فِي هَذَا لَأَوْشَكُوا إِذَا بَرَدَ عَلَيْهِمُ الْمَاءُ أَنْ يَتَيَمَّمُوا الصَّعِيدَ فُلْتُ وَإِنَّمَا كَرِهْتُمْ هَذَا لِذَا

قَالَ نَعَمْ فَقَالَ أَبُو مُوسَى أَلَمْ تَسْمَعْ قَوْلَ عَمَّارٍ لِعُمَرَ بَعَثَنِي رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي حَاجَةٍ فَأَجْنَبْتُ فَلَمْ أَجِدَ الْمَاءَ فَتَمَرَّعْتُ فِي الصَّعِيدِ كَمَا تَمَرَّعَ الدَّابَّةُ فَذَكَرْتُ ذَلِكَ لِلنَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ إِنَّمَا كَانَ يَكْفِيكَ أَنْ تَصْنَعَ هَكَذَا فَضَرَبَ بِكَفِّهِ ضَرْبَةً عَلَى الْأَرْضِ ثُمَّ نَفَضَهَا ثُمَّ مَسَحَ بِهِمَا ظَهْرَ كَفِّهِ بِشِمَالِهِ أَوْ ظَهْرَ شِمَالِهِ بِكَفِّهِ ثُمَّ مَسَحَ بِهِمَا وَجْهَهُ فَقَالَ عَبْدُ اللَّهِ أَفَلَمْ تَرَ عُمَرَ لَمْ يَقْنَعْ بِقَوْلِ عَمَّارٍ وَزَادَ يَعْلَى

343 - Шакиқ (р.а.) айтты: «Әбу Мұса мен Абдулла ибн Масғудтың жанында отыр едім. Әбу Мұса (р.а.) Абдулла ибн Масғудқа: «Егер де адам, жүніп болып қалып бір айға дейін су таппаса, таяммум соғып намаз оқи береді ма? Мәйида сүресіндегі: «Су таппасаң, таза топыраққа таяммум қыл!», - деген аят туралы не айтасыз?», - деп сұрады. Абдулла ибн Масғуд (р.а.): «Егерде біз оларға таяммум қылуға рұқсат берсек, олардың біріне су суықтық қылса болды, топыраққа таяммум соға береді», - деді. Мен: «Сіз сол себептен ғана таяммум соғуға рұқсат беруді қаламайсыз ба?», - деп сұрасам, ол: «Иә», - деді. Әбу Мұса (р.а.) Абдулла ибн Масғудқа (р.а.): «Аммардың сөзіне Омар Аммардың (р.а.) Омарға (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мені бір жұмысты бітіріп келуім үшін бір жерге жіберді. Сонда мен жүніп болып қалдым. Содан топыраққа хайуан аунағандай ары-бері аунадым, кейіннен бұл туралы Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) айтып бергенімде, ол кісі маған: «Міне, былай қылсаң, саған жеткілікті еді деп, қолын жерге бір рет соқты. Содан соң қолын қақты. Содан кейін оң қолының алақанын сол қолына, ал сол қолының алақанын оң қолына сипады. Одан кейін екі алақанымен бетін сипады», - дегенің естімегенсіз бе?», - деді. Сонда Абдулла (р.а.): «Омар (р.а.) Аммардың айтқан сөзіне қанағаттанбағанын сезбедің бе?», - деді.

عَنْ الْأَعْمَشِ عَنْ شَقِيقِ كُنْتُ مَعَ عَبْدِ اللَّهِ وَأَبِي مُوسَى فَقَالَ أَبُو مُوسَى أَلَمْ تَسْمَعْ قَوْلَ عَمَّارٍ لِعُمَرَ إِنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بَعَثَنِي أَنَا وَأَنْتَ فَأَجْنَبْتُ فَتَمَعَّكْتُ بِالصَّعِيدِ فَأَتَيْنَا رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَأَخْبَرْتَاهُ فَقَالَ إِنَّمَا كَانَ يَكْفِيكَ هَكَذَا وَمَسَحَ وَجْهَهُ وَكَفَّيْهِ وَاحِدَةً

Шакиқ әл-Ағмаш (р.а.) айтты: «Абдулла мен Әбу Мұсаның жанында едім. Сонда Әбу Мұса (р.а.) Абдуллаға: «Аммардың Омарға айтқан мына бір риуаятын естімегенбісің», - деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) екеумізді бір жұмысқа жіберді. Сонда мен жүніп болып қалдым-да топыраққа аунадым. Қайтып келгеннен кейін Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) топыраққа аунағанымды айттым. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Сен былай істесең

де жетер еді»,- деп бетіне және қолдарына бір рет масих тартып қойды»,- деді.

8-бап.

344 - حَدَّثَنَا عَبْدَانُ قَالَ أَخْبَرَنَا عَبْدُ اللَّهِ قَالَ أَخْبَرَنَا عَوْفٌ عَنْ أَبِي رَجَاءٍ قَالَ حَدَّثَنَا عِمْرَانُ بْنُ حُصَيْنٍ الْخُزَاعِيُّ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ رَأَى رَجُلًا مُعْتَزِلًا لَمْ يُصَلِّ فِي الْقَوْمِ فَقَالَ يَا فُلَانُ مَا مَنَعَكَ أَنْ تُصَلِّيَ فِي الْقَوْمِ فَقَالَ يَا رَسُولَ اللَّهِ أَصَابَنِي جَنَابَةٌ وَلَا مَاءَ قَالَ عَلَيْكَ بِالصَّعِيدِ فَإِنَّهُ يَكْفِيكَ

344 - Имран ибн Хусайннан (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жамағатпен бірге намаз оқымай, шетке шығып тұрған бір адамды көрді. Сонда оған: «Ей, пәленше, саған жамағатпенен бірге намаз оқымауыңа не кедергі болды?»,- деп сұрады. Ол: «Я Расулулла, мен жүніп болып қалдым, тазалануға су жоқ»,- деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Топыраққа таяммум соқсаң, сол саған жеткілікті болады»,- деді.

БИСМИЛЛӘҢИР РАХМАНИР РАХИМ

НАМАЗ КІТАБЫ

1- бап. Миғраж түнінде намаз қалай парыз болды ?

بَابُ كَيْفَ فُرِضَتِ الصَّلَاةُ فِي الْإِسْرَاءِ وَقَالَ ابْنُ عَبَّاسٍ حَدَّثَنِي أَبُو سُفْيَانَ فِي حَدِيثِ هِرْقَلٍ فَقَالَ يَأْمُرُنَا يَعْنِي النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِالصَّلَاةِ وَالصَّدَقِ وَالْعَقَافِ

Әбу Суфян Хирақлға: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бізге намаз оқуды, шыншыл және пәк болуды бұйырады»,- деп айтқан екен.

345 - حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ بُكَيْرٍ قَالَ حَدَّثَنَا اللَّيْثُ عَنْ يُوْسُفَ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ قَالَ كَانَ أَبُو دَرٍّ يُحَدِّثُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ فَرَجَ عَنْ سَقْفِ بَيْتِي وَأَنَا بِمَكَّةَ فَنَزَلَ جِبْرِيلُ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَفَرَجَ صَدْرِي ثُمَّ غَسَلَهُ بِمَاءٍ زَمَزَمَ ثُمَّ جَاءَ بِطَسْتٍ مِنْ ذَهَبٍ مُمْتَلِئٍ حِكْمَةً وَإِيمَانًا

فَأَفْرَعُهُ فِي صَدْرِي ثُمَّ أَطْبَقَهُ ثُمَّ أَخَذَ بِيَدِي فَعَرَجَ بِي إِلَى السَّمَاءِ الدُّنْيَا فَلَمَّا جِئْتُ إِلَى السَّمَاءِ الدُّنْيَا قَالَ جِبْرِيلُ لِخَازِنِ السَّمَاءِ افْتَحْ قَالَ مَنْ هَذَا قَالَ هَذَا جِبْرِيلُ قَالَ هَلْ مَعَكَ أَحَدٌ قَالَ نَعَمْ مَعِيَ مُحَمَّدٌ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ أُرْسِلْ إِلَيْهِ قَالَ نَعَمْ فَلَمَّا فَتَحَ عَلُونَا السَّمَاءِ الدُّنْيَا فَإِذَا رَجُلٌ قَاعِدٌ عَلَى يَمِينِهِ أَسْوَدَةٌ وَعَلَى يَسَارِهِ أَسْوَدَةٌ إِذَا نَظَرَ قَبْلَ يَمِينِهِ ضَحِكٌ وَإِذَا نَظَرَ قَبْلَ يَسَارِهِ بَكَى فَقَالَ مَرْحَبًا بِالنَّبِيِّ الصَّالِحِ وَالْبَائِنِ الصَّالِحِ فُلْتُ لِجِبْرِيلَ مَنْ هَذَا قَالَ هَذَا آدَمُ وَهَذِهِ الْأَسْوَدَةُ عَنْ يَمِينِهِ وَشِمَالِهِ نَسَمُ بَنِيهِ فَأَهْلُ الْيَمِينِ مِنْهُمْ أَهْلُ الْجَنَّةِ وَالْأَسْوَدَةُ الَّتِي عَنْ شِمَالِهِ أَهْلُ النَّارِ فَإِذَا نَظَرَ عَنْ يَمِينِهِ ضَحِكٌ وَإِذَا نَظَرَ قَبْلَ شِمَالِهِ بَكَى حَتَّى عَرَجَ بِي إِلَى السَّمَاءِ الثَّانِيَةِ فَقَالَ لِخَازِنِهَا افْتَحْ فَقَالَ لَهُ خَازِنُهَا مِثْلَ مَا قَالَ الْأَوَّلُ فَفَتَحَ قَالَ أَنْسُ فَذَكَرَ أَنَّهُ وَجَدَ فِي السَّمَوَاتِ آدَمَ وَإِدْرِيسَ وَمُوسَى وَعِيسَى وَإِبْرَاهِيمَ صَلَّواتُ اللَّهِ عَلَيْهِمْ وَلَمْ يُثَبِّتْ كَيْفَ مَنَازِلَهُمْ غَيْرَ أَنَّهُ ذَكَرَ أَنَّهُ وَجَدَ آدَمَ فِي السَّمَاءِ الدُّنْيَا وَإِبْرَاهِيمَ فِي السَّمَاءِ السَّادِسَةِ قَالَ أَنْسُ فَلَمَّا مَرَّ جِبْرِيلُ بِالنَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِإِدْرِيسَ قَالَ مَرْحَبًا بِالنَّبِيِّ الصَّالِحِ وَالْأَخِ الصَّالِحِ فُلْتُ مَنْ هَذَا قَالَ هَذَا إِدْرِيسُ ثُمَّ مَرَرْتُ بِمُوسَى فَقَالَ مَرْحَبًا بِالنَّبِيِّ الصَّالِحِ وَالْأَخِ الصَّالِحِ فُلْتُ مَنْ هَذَا قَالَ هَذَا مُوسَى ثُمَّ مَرَرْتُ بِعِيسَى فَقَالَ مَرْحَبًا بِالْأَخِ الصَّالِحِ وَالنَّبِيِّ الصَّالِحِ فُلْتُ مَنْ هَذَا قَالَ هَذَا عِيسَى ثُمَّ مَرَرْتُ بِإِبْرَاهِيمَ فَقَالَ مَرْحَبًا بِالنَّبِيِّ الصَّالِحِ وَالْبَائِنِ الصَّالِحِ فُلْتُ مَنْ هَذَا قَالَ هَذَا إِبْرَاهِيمُ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ ابْنُ شِهَابٍ فَأَخْبَرَنِي ابْنُ حَزْمٍ أَنَّ ابْنَ عَبَّاسٍ وَأَبَا حَبَّةَ الْأَنْصَارِيِّ كَانَا يَقُولَانِ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ ثُمَّ عُرِجَ بِي حَتَّى ظَهَرْتُ لِمُسْتَوَى أَسْمَعُ فِيهِ صَرِيْفَ الْأَقْلَامِ قَالَ ابْنُ حَزْمٍ وَأَنْسُ بْنُ مَالِكٍ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَفَرَضَ اللَّهُ عَزَّ وَجَلَّ عَلَى أُمَّتِي خَمْسِينَ صَلَاةً فَرَجَعْتُ بِذَلِكَ حَتَّى مَرَرْتُ عَلَى مُوسَى فَقَالَ مَا فَرَضَ اللَّهُ لَكَ عَلَى أُمَّتِكَ فُلْتُ فَرَضَ خَمْسِينَ صَلَاةً قَالَ فَارْجِعْ إِلَى رَبِّكَ فَإِنَّ أُمَّتَكَ لَا تُطِيقُ ذَلِكَ فَارْجَعْتُ فَوَضَعَ شَطْرَهَا فَارْجَعْتُ إِلَى مُوسَى فُلْتُ وَضَعَ شَطْرَهَا فَقَالَ رَاجِعْ رَبِّكَ فَإِنَّ

أَمَّاكَ لَا تُطِيقُ فَرَاجَعْتُ فَوَضَعَ شَطْرَهَا فَرَجَعْتُ إِلَيْهِ فَقَالَ ارْجِعْ إِلَى رَبِّكَ فَإِنَّ
أَمَّاكَ لَا تُطِيقُ ذَلِكَ فَرَاجَعْتُهُ فَقَالَ هِيَ خَمْسٌ وَهِيَ خَمْسُونَ لَا يُبَدِّلُ الْقَوْلُ لَدَيَّ
فَرَجَعْتُ إِلَى مُوسَى فَقَالَ رَاجِعْ رَبِّكَ فَقُلْتُ اسْتَحْيَيْتُ مِنْ رَبِّي ثُمَّ انْطَلَقَ بِي حَتَّى
انْتَهَى بِي إِلَى سِدْرَةِ الْمُنْتَهَى وَغَشِيَهَا الْوَأْنُ لَا أُدْرِي مَا هِيَ ثُمَّ أُدْخِلْتُ الْجَنَّةَ فَإِذَا
فِيهَا حَبَائِلُ الْوَأْنِ وَإِذَا تُرَابُهَا الْمَسْكُ

345 - Әнас ибн Мәлік (р.а.) риуаят етті: «Әбу Зарға Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай деген екен: «Меккеде үйімде жатқанымда үйімнің төбесі ашылып, Жебірейіл ғ.с түсті. Көкірегімді жарып ашты да, ішін зәм-зәм суымен жуды, кейіннен алтын табақпен ақыл- хикмет пен иманды әкеліп, менің кеудеме құйып, оны қайтадан жапты. Содан кейін Жебірейіл ғ.с. қолымнан ұстап, ең жақын бірінші қабат аспанға алып шықты. Бірінші қабат аспанға шыққанымызда Жебірейіл ғ.с. сақшыға «қақпаны аш!»- деп айтты. Ол: « бұл кім?» - деді. «Жебірейілмін»- деді. Қақпа сақшысы: Сенімен бірге біреу бар ма?»- деді. «Жебірейіл ғ.с. айтты: Иә, менімен бірге Мұхаммед (с.ғ.с.) бар»- деді. Қақпа сақшысы: «Мұхаммедтің (с.ғ.с.) аспанға шығуына рұқсат етілді ме?»- деп сұрады. Жебірейіл ғ.с.: « Иә », - деді. Қақпа ашылғаннан кейін бірінші қат аспанның ішіне кірдік. Ол жерде бір адамды көрдік. Оның оң жағында да, сол жағында да қаптаған адамдар. Ол кісі оң жағына қараса, шаттанып күледі, ал сол жағына қараса, қайғырып жылайды. Ол кісі маған қарап : Қош келдің, о, абзал Пайғамбар, абзал ұрпағым!»,- деді. Мен Жебірейілден ғ.с. бұл кісі кім ?»,- деп сұрадым. Жебірейіл ғ.с. айтты : «Бұл кісі - Адам ғ.с. бағанағы бұл кісінің айналасындағы қаптаған кісілер - Адам балаларының рухтары. Бұлардың оң жағындағылары - жәннәтқа баратын, ал сол жағындағылары - тозаққа түсетін ұрпақтары»,- деді. Адамның ғ.с. оң жағына қарағанда күліп, ал сол жағына қарағанда жылайтыны содан»,- деді. Содан кейін мені екінші қабат аспанға алып шықты да, қақпа сақшысына: «Қақпаны аш!»,- деді. Екінші қабат аспандағы сақшы да, бірінші қабаттағы сақшы айтқан сөздерді айтты да, содан соң қақпаны ашты ».

Әнас (р.а.) бізге: « Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) аспан қабаттарында Адам ғ.с. Пайғамбарды, Ідірісті ғ.с. , Мұсаны ғ.с. , Исаны ғ.с. және Ибраһим сәләуатуллахи ғалайхимдерді көрді », - деп айтты.

Бірақ оларды аспанның қай қабаттарынан көргенін анық айтпады. Тек қана Адамды ғ.с. аспанның бірінші қабатынан, ал Ибраһимді ғ.с. аспанның алтыншы қабатынан көргенін айтты, осымен бітті»,- деді.

Әнас (р.а.) айтты: Жебірейіл ғ.с. Пайғамбарымыз Мұхаммедті (с.ғ.с.) Ідіріс ғ.с. Пайғамбардың жанынан алып өтіп бара жатқанында, Ідіріс ғ.с. : «Қош келдің, абзал Пайғамбар, абзал бауыр!»,- деді. Сонда Мұхаммед (с.ғ.с.) : « Бұл кім? », - деп сұрады. Жебірейіл ғ.с. « Бұл Ідіріс ғ.с.»,- деді. Кейін Мұсаның ғ.с. қасынан алып өткен кезде , ол кісі : « Қош келіпсің, абзал Пайғамбар, жақсы бауыр!»,- деді. Мұхаммед (с.ғ.с.) : «Бұл

кісі кім?»,- деп сұрады. Жебірейіл ғ.с.: « Бұл кісі Мұса ғ.с. »,,- деді. Бұдан кейін Исаның ғ.с. жанынан алып өтті. Сонда Иса ғ.с.: «Қош келдің, абзал бауыр , абзал Пайғамбар!»,- деп айтты. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) : «Бұл кім?»,- деп сұрады. Жебірейіл ғ.с. : «Бұл Иса ғ.с.»,- деді. Бұдан соң Ибраһимнің ғ.с. жанынан алып өтті. Ол кісі де : «Қош келдің, абзал Пайғамбар, абзал ұрпағым!»,- деді. «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): « Бұл кісі кім? »,,- деп сұрады. Жебірейіл ғ.с.: «Бұл кісі Ибраһим ғ.с. »,,- деп жауап берді.

Ибн Аббас және Әбу Хабба әл – Ансари ол екеуіне де (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай деп айтып еді»,- деді: « Кейін мені (Жебірейіл ғ.с.) сондай биікке алып шыққандығы соншалық сол жерде (жазып-сызып жатқан) қалам дауыстарын естідім»,- деді.

Ибн Хазм мен Әнәс ибн Мәлік айтты : «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) : «Алла тағала менің үмбетіме күніне елу уақыт намазды парыз етті, мен сол бұйырықпен кері қайттым. Мұсаның ғ.с. жанына келгенімде ол: «Үмбетіне Алла тағала сен арқылы не нәрселерді парыз етті? »,,- деп сұрады. «Мен күніне елу уақыт намаз оқуды»,- дедім. Сонда Мұса ғ.с.: «Раббыңның алдына қайтып бар, себебі сенің үмбетін бұған (50 уақыт намазға) шыдамайды»,- деді. Мен Раббымның алдына қайта бардым, елу уақыт намаздың жарымын кешті. Содан соң Мұсаның ғ.с. алдына келіп: «Жарымын кешті (қысқартты)»,- дедім. Сонда Мұса ғ.с. : «Қайтадан Раббыңның алдына бар, себебі үмбетіннің бұған да шамасы келмейді»,- деді. Мен Раббымның алдына қайтадан бардым, жарымын және кешті. Мұсаның ғ.с. жанына қайтып келіп, Раббымның және жарымын қысқартқандығын айттым. Сонда Мұса ғ.с.: « Раббыңның алдына тағы да бар, үмбетіннің бұған да шамасы келмейді»,- деді. Раббымның алдына және қайта бардым. Сол кезде Раббым : «Бес уақыт намазды парыз еттім, бірақ та сауабы елу уақыт намазбен пара-пар, ендігі сөзім осы еш өзгермес»,- деді. Содан соң Мұсаның ғ.с. қасына қайтып келдім. Мұса ғ.с.: «Раббыңның алдына қайта бар»,- деп айтып еді. Мен: «Енді қайта баруға Раббымнан ұяламын»,- дедім.

« Бұдан кейін Жебірейіл періште мені Сидрат-ул мұнтаһа деген жерге алып шықты. Сидрат- ул мұнтаһаны тілмен айтып жеткізгісіз, түрлі-түсті тұман қаптап алған, оның не нәрсе екенін біле алмадым. Кейіннен гауһар тастардан мисктен алқалары бар жәннатқа кірдім. Оның топырағы екен»,- деді.

346 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ صَالِحِ بْنِ كَيْسَانَ

عَنْ عُرْوَةَ بْنِ الزُّبَيْرِ عَنْ عَائِشَةَ أُمِّ الْمُؤْمِنِينَ قَالَتْ فَرَضَ اللَّهُ الصَّلَاةَ حِينَ

فَرَضَهَا رَكَعَتَيْنِ رَكَعَتَيْنِ فِي الْحَضَرِ وَالسَّفَرِ فَأَقْرَبَتْ صَلَاةَ السَّفَرِ وَزَيْدَ فِي صَلَاةِ

الْحَضَرِ

346 - Айша анамыз (р.а.) айтты: «Алла тағала намазды парыз қылған кезде екі-екі рәкаттан парыз етті. Мүсәпір үшін екі рәкат, мұқим (Тұрғылықты) үшін екі рәкат. Сапарда оқылатын намазда осы екі рәкат сияқты.

Бірақ та мұқим кісілер намазы (3-4 рәкат) болып көбейтілді»,- деді.

2-бап. Киім киіп намаз оқымақтың уәжіптігі, Алла тағаланың «Әрбір намаз оқығаныңда және тәуеп еткеніңде киім киген болыңыз!»- деген аяты және бір ғана матаны оранып намаз оқымау туралы

عَنْ سَلْمَةَ بْنِ الْأَكْوَعِ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ يَزُرُّهُ وَلَوْ بِشَوْكَةٍ فِي إِسْنَادِهِ نَظْرٌ وَمَنْ صَلَّى فِي النَّوْبِ الَّذِي يُجَامِعُ فِيهِ مَا لَمْ يَرَ أَدَى وَأَمَرَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنْ لَا يَطُوفَ بِالنَّبِيِّتِ عُرْيَانٌ

Сәлама ибн әл-Акуа былай деп айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ең құрмаса, бір түйрегішпен (ұятты жерлерің көрінбеуі үшін) оны (матаны) қадап түйреп алындар»,- деген Мазкүр хадисте де «Әйелі мен жақындық қылатын киімде (егер оған бір нәрсе тиіп жүкпаған болса) онда намаз оқыса, болады деген пікір бар».

« Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қағбаны жалаңаш тәуеп етуден тиған »

347 - حَدَّثَنَا مُوسَى بْنُ إِسْمَاعِيلَ قَالَ حَدَّثَنَا يَزِيدُ بْنُ إِبْرَاهِيمَ عَنْ مُحَمَّدٍ عَنْ أُمِّ عَطِيَّةَ قَالَتْ أَمِرْنَا أَنْ نُخْرَجَ الْحَيْضَ يَوْمَ الْعِيدَيْنِ وَدَوَاتِ الْخُدُورِ فَيَشْهَدَنَ جَمَاعَةَ الْمُسْلِمِينَ وَدَعَوْتَهُمْ وَيَعْتَزِلُ الْحَيْضُ عَنْ مُصَلَّاهُنَّ قَالَتْ امْرَأَةٌ يَا رَسُولَ اللَّهِ إِحْدَانَا لَيْسَ لَهَا جِلْبَابٌ قَالَ لِنُلْبِسْهَا صَاحِبَتُهَا مِنْ جِلْبَابِهَا وَقَالَ عَبْدُ اللَّهِ بْنُ رَجَاءٍ حَدَّثَنَا عِمْرَانُ حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ سَيْرِينَ حَدَّثَنَا أُمُّ عَطِيَّةَ سَمِعْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِهَذَا

347 - Умму Атияа (р.а.) айтты : «Екі айтта етеккірі келгендер де, Балағат жасына жеткен қыз балалар да намазға қатысуға бұйырылды. Олар ер адамдардың арт жақтарында тұрып, олардың оқып жатқан намаздарына (тағат-ғибадаттарына) қатысты, ал етеккір көрген әйелдер намаз оқып жатқандарға жақындамай шеткерірек жерде тұрды»,- деді.

Бір әйел: «Я Расулулла (с.ғ.с.) біздің кейбіреуімізде паранжамыз (бас жамылғы) болмаса, қатынаспай-ақ қойсақ бола ма?»,- деп сұрады. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Танысының паранжаларының бірін алып киіп тұрсын»,- деді.

Абдулла ибн Өбу Ражағ, Умму Атияа айтып берген осы хадисті басқаша етіп риуаят еткен.

3- бап. Намаз оқудан бұрын изарды белге байлап алу туралы

بَابُ عَقْدِ الْإِزَارِ عَلَى الْفَقَا فِي الصَّلَاةِ وَقَالَ أَبُو حَازِمٍ عَنْ سَهْلِ بْنِ سَعْدٍ
صَلُّوا مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَاقِدِي أَرْزُهُمْ عَلَى عَوَاتِقِهِمْ

Саһл (а.р.) риуаят етеді: «Сахабалар Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге изарларын белдеріне оралған күйде намаз оқыған»,- деді.

348 - حَدَّثَنَا أَحْمَدُ بْنُ يُونُسَ قَالَ حَدَّثَنَا عَاصِمُ بْنُ مُحَمَّدٍ قَالَ حَدَّثَنِي وَاقِدُ
بْنُ مُحَمَّدٍ عَنْ مُحَمَّدِ بْنِ الْمُكَدَّرِ قَالَ صَلَّى جَابِرٌ فِي إِزَارٍ قَدْ عَقَدَهُ مِنْ قَبْلِ قَفَاهُ
وَيَثَابُهُ مَوْضُوعَةٌ عَلَى الْمَشْجَبِ قَالَ لَهُ قَائِلٌ نُصَلِّي فِي إِزَارٍ وَاحِدٍ فَقَالَ إِنَّمَا
صَنَعْتُ ذَلِكَ لِيرَانِي أَحْمَقُ مِثْلَكَ وَأَيُّنَا كَانَ لَهُ ثَوْبَانِ عَلَى عَهْدِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ
عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

348 - Мұхаммед ибн әл-Мункадир айтты: «Жабир киімін қазыққа іліп қойып, **изарын** беліне байлап алды да, намаз оқыды. Бір кісі оған: «Бір ғана **изарда** намаз оқисың ба?»,- деді. Жабир: «Саған ұқсаған надандар көрсін деп әдейі солай еттім. Қайсы біріңнің Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) заманында ауыстырып киетін екі киімдерін болған»,- деді.

349 - حَدَّثَنَا مُطَرِّفُ أَبُو مُصْعَبٍ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الرَّحْمَنِ بْنُ أَبِي الْمَوَالِي
عَنْ مُحَمَّدِ بْنِ الْمُكَدَّرِ قَالَ رَأَيْتُ جَابِرَ بْنَ عَبْدِ اللَّهِ يُصَلِّي فِي ثَوْبٍ وَاحِدٍ وَقَالَ
رَأَيْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُصَلِّي فِي ثَوْبٍ

349 - Мұхаммед ибн әл-Мункадир: «Жабир ибн Абдулла мен Пайғамбарымыздың да (с.ғ.с.) бір киімде намаз оқығандарын көргенмін»,- деді.

4- бап. Бір киімге (матаға) оранып намаз оқудың үкімі

بَابُ الصَّلَاةِ فِي الثَّوْبِ الْوَاحِدِ مُلْتَحِفًا بِهِ قَالَ الزُّهْرِيُّ فِي حَدِيثِهِ الْمُتَلَحِّفِ
الْمُتَوَشِّحُ وَهُوَ الْمُخَالَفُ بَيْنَ طَرَفَيْهِ عَلَى عَاتِقَيْهِ وَهُوَ الْإِسْتِمَالُ عَلَى مَنْكِبَيْهِ

Өз-зуһрий айтты: «Бір киімге (матаға) оранып дегені - екі желкеге матаның оң жақ үшін сол жағына айқастыра орау»,- деді.

قَالَ قَالَتْ أُمُّ هَانِيٍّ التَّحَفَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِتُوبٍ وَخَالَفَ بَيْنَ طَرَفَيْهِ عَلَى عَاتِقَيْهِ

Умму Хани айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір киімге(матаға) оранды.Киімінің (матасының) бір шетін иығынан айландырып, бұ шетінен ана шетіне, ана шетінен бұ шетіне қайтара орады»,- деді.

350 - حَدَّثَنَا عُبَيْدُ اللَّهِ بْنُ مُوسَى قَالَ حَدَّثَنَا هِشَامُ بْنُ عُرْوَةَ عَنْ أَبِيهِ عَنْ عُمَرَ بْنِ أَبِي سَلَمَةَ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ صَلَّى فِي تَوْبٍ وَاحِدٍ قَدْ خَالَفَ بَيْنَ طَرَفَيْهِ

350 - Омар ибн Умму Салама айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір киіммен (матамен) намаз оқитын еді, Киімінің бір шетін бұ жағын о жағына о жағын бұ жағына айналдырып намаз оқитын»,- деді.

351 - حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ الْمُثَنَّى قَالَ حَدَّثَنَا يَحْيَى قَالَ حَدَّثَنَا هِشَامٌ قَالَ حَدَّثَنِي أَبِي عَنْ عُمَرَ بْنِ أَبِي سَلَمَةَ أَنَّهُ رَأَى النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُصَلِّي فِي تَوْبٍ وَاحِدٍ فِي بَيْتِ أُمِّ سَلَمَةَ قَدْ أَلْقَى طَرَفَيْهِ عَلَى عَاتِقَيْهِ

351 - Омар ибн Салама айтты: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) Умму Саламаның үйінде бір киіммен намаз оқып жатқанын көрдім. Киімнің (матаның) екі ұшын мойнына тастап алған»,- деді.
Уруа ибн Зубайр айтты: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) бір киімге (матаға) оранып намаз оқып жатқаның көрдім, киімінің екі ұшын мойнынан асырып ораған»,- деді.

353 - حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ بْنُ أَبِي أُوَيْسٍ قَالَ حَدَّثَنِي مَالِكُ بْنُ أَنَسٍ عَنْ أَبِي النَّضْرِ مَوْلَى عُمَرَ بْنِ عُبَيْدِ اللَّهِ أَنَّ أَبَا مَرْثَةَ مَوْلَى أُمِّ هَانِيٍّ بِنْتِ أَبِي طَالِبٍ أَخْبَرَهُ أَنَّهُ سَمِعَ أُمَّ هَانِيٍّ بِنْتِ أَبِي طَالِبٍ تَقُولُ دَهَبْتُ إِلَى رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَامَ الْفَتْحِ فَوَجَدْتُهُ يَغْتَسِلُ وَقَاطِمَةُ ابْنَتُهُ نَسْرُهُ قَالَتْ فَسَلَّمْتُ عَلَيْهِ فَقَالَ مَنْ هَذِهِ فَقُلْتُ أَنَا أُمُّ هَانِيٍّ بِنْتُ أَبِي طَالِبٍ فَقَالَ مَرْحَبًا يَا هَانِيٍّ فَلَمَّا فَرَغَ مِنْ غُسْلِهِ قَامَ فَصَلَّى ثَمَانِي رَكَعَاتٍ مُتَّحِفًا فِي تَوْبٍ وَاحِدٍ فَلَمَّا انْصَرَفَ قُلْتُ يَا رَسُولَ اللَّهِ

زَعَمَ ابْنُ أُمِّی أَنَّهُ قَاتِلٌ رَجُلًا قَدْ أَجْرْتُهُ فُلَانُ ابْنُ هُبَيْرَةَ فَقَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَدْ أَجْرْنَا مَنْ أَجْرْتَ يَا أُمَّ هَانِئِ قَالَتْ أُمَّ هَانِئِ وَذَلِكَ ضَحَى

353 - Умму Хани былай деді: « Мекке қаласы алынған (жеңіске жеткен) жылы Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдына бардым. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сол кезде ғұсыл алып жатыр екен. Ал қызы Фатима болса, бір нәрсемен қалқалап жауып тұр екен. Мен Пайғамбарымызға сәлем бердім. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) «Бұл кім?»,- деді. Мен: «Әбу Тәлібтің қызы Үмму Ханимін»,-дедім. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Қош келдің, Үмму Хани!»,- деді.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) ғұсыл алып болғаннан соң бір киімге (матаға) оранған күйі сегіз рәкат намаз оқыды. Намаз оқып болып бұрылды. Сол кезде мен: «Я Расулулла мен өзімнің панама алған пәлен ибн Хұбайраны ағам өлтіремін, дейді»,- дедім. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) «Ей, Үмму Хани, сен кімді панаңа алған болсаң, біз де соны панамызға алдық»,- деді. Сол сөзді айтқан кезде күндіз (сәске уақыты) болатын деді.

354 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ

سَعِيدِ بْنِ الْمُسَيَّبِ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ أَنَّ سَائِلًا سَأَلَ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَنْ الصَّلَاةِ فِي تَوْبٍ وَاحِدٍ فَقَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَوْلَاكُمْ تَوْبَانِ

354 - Әбу Хурайра (р.а.) айтты: «Бір кісі Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) бір киімде намаз оқу туралы сұрады. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Барлықтарыңның (ауыстырып киетін) екіден киімдерің бар ма еді?»,- деді.

5- бап. Егерде бір киімде намаз оқыса, екі нығынан асыра орап алсын

355 - حَدَّثَنَا أَبُو عَاصِمٍ عَنْ مَالِكٍ عَنْ أَبِي الزِّنَادِ عَنْ عَبْدِ الرَّحْمَنِ

الْأَعْرَجِ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ قَالَ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَا يُصَلِّي أَحَدُكُمْ فِي التَّوْبِ الْوَاحِدِ لَيْسَ عَلَى عَاتِقَيْهِ شَيْءٌ

355 - Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Біреулерің бір киімде, екі нығының ашық күйінде намаз оқымасын!»,- деді.

356 - حَدَّثَنَا أَبُو نُعَيْمٍ قَالَ حَدَّثَنَا شَيْبَانُ عَنْ يَحْيَى بْنِ أَبِي كَثِيرٍ عَنْ عِكْرَمَةَ قَالَ سَمِعْتُهُ أَوْ كُنْتُ سَأَلْتُهُ قَالَ سَمِعْتُ أَبَا هُرَيْرَةَ يَقُولُ أَشْهَدُ أَنِّي سَمِعْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَقُولُ مَنْ صَلَّى فِي تَوْبٍ وَاحِدٍ فَلْيُخَالِفْ بَيْنَ طَرَفَيْهِ

356 - Икрма (р.а.) риуаят етті: Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Кімде- кім бір киімде намаз оқыса, екі аяғын жауып алсын!», - деді.

6- бап. Егер киімдік мата еңсіз болса, не істейді?

357 - حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ صَالِحٍ قَالَ حَدَّثَنَا فُلَيْحُ بْنُ سُلَيْمَانَ عَنْ سَعِيدِ بْنِ الْحَارِثِ قَالَ سَأَلْنَا جَابِرَ بْنَ عَبْدِ اللَّهِ عَنْ الصَّلَاةِ فِي التَّوْبِ الْوَاحِدِ فَقَالَ خَرَجْتُ مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي بَعْضِ أَسْفَارِهِ فَجِئْتُ لَيْلَةً لِبَعْضِ أَمْرِي فَوَجَدْتُهُ يُصَلِّي وَعَلَيَّ تَوْبٌ وَاحِدٌ فَاشْتَمَلْتُ بِهِ وَصَلَّيْتُ إِلَى جَانِبِهِ فَلَمَّا انْصَرَفَ قَالَ مَا السُّرَى يَا جَابِرُ فَأَخْبَرْتُهُ بِحَاجَتِي فَلَمَّا فَرَعْتُ قَالَ مَا هَذَا الْإِشْتِمَالُ الَّذِي رَأَيْتُ فُلْتُ كَانَ تَوْبٌ يَعْنِي ضَاقَ قَالَ فَإِنْ كَانَ وَاسِعًا فَالْتَحِفْ بِهِ وَإِنْ كَانَ ضَيِّقًا فَاتَّزِرْ بِهِ

357 - Сағд ибн Харс (р.а.) былай деді: «Жабир ибн Абдулладан бір киімдік (матаға) оранып намаз оқу турасында сұрадым. Ол кісі: «Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге бір жолы сапарға шықтым. Кешкісін бір мәселе туралы Пайғамбарымыздың алдына бардым. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) намаз оқып жатыр екен. Мен денемді ені тарлау матамен орап алған едім. Пайғамбарымыздың қасына тұрып намаз оқыдым.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) намазын бітіріп: «Келгеніңнің мәнісі не, ей Жабир?», - деп сұрады. Мен келген жұмысымды айттым. Сонда Пайғамбарымыз маған қарап: «Бұл өзі қалай оралған киім?», - деді. Мен: «Ілгеріректе жөні түзу киім еді», - дедім. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Егерде мата ендірек болса, онда жақсылап орап ал, егерде ені тарлау болса, онда бір нәрсені жалғап түйреп ал!», - деді.

358 - حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا يَحْيَى عَنْ سُفْيَانَ قَالَ حَدَّثَنِي أَبُو حَازِمٍ عَنْ سَهْلِ بْنِ سَعْدٍ قَالَ كَانَ رَجُلًا يُصَلُّونَ مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَاقِدِي أَرْزِهِمْ عَلَى أَعْنَاقِهِمْ كَهَيْئَةِ الصَّبِيَّانِ وَيُقَالُ لِلنِّسَاءِ لَا تَرْفَعْنَ رُءُوسَكُنَّ حَتَّى يَسْتَوِيَ الرَّجَالُ جُلُوسًا

358 - Саһл ас- Саъид айтты: «Кейбір ер адамдар киімдерін жас балалар сияқты мойындарына байлап алып, Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге намаз оқитын еді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) ер адамдардың артында намаз оқушы әйелдерге: «Ер адамдар толық отырып болғандарынша, бастарыңды (сәждеден) көтермендер!», - деп айтты.

7- бап. Шамда (мәжуси тоқыған) киімде намаз оқу туралы

قَالَ الْحَسَنُ فِي الثِّيَابِ يَنْسُجُهَا الْمَجُوسِيُّ لَمْ يَرَ بِهَا بَأْسًا

Хасан Басри айтты: «Мәжуси тоқыған (тіккен) киімде намаз оқығанның зияны (зарары) жоқ», - деді.

وَقَالَ مَعْمَرٌ رَأَيْتُ الزُّهْرِيَّ يَلْبَسُ مِنْ ثِيَابِ الْيَمَنِ مَا صُبِغَ بِالْبَوْلِ وَصَلَّى
عَلَيْ بَنُ أَبِي طَالِبٍ فِي ثَوْبٍ غَيْرِ مَقْصُورٍ

Мағмар болса айтты: « Еті желінетін хайуанның зәріне (нәжісіне) тиіп былғанған жаман киімді Аз- Зухрийдің кигенін және Хазреті Әлидің ұзын (етек женді) киімде намаз оқығанын көргенмін», - деді.

359 - حَدَّثَنَا يَحْيَى قَالَ حَدَّثَنَا أَبُو مُعَاوِيَةَ عَنِ الْأَعْمَشِ عَنْ مُسْلِمٍ عَنْ

مَسْرُوقٍ عَنْ مُغِيرَةَ بْنِ شُعْبَةَ قَالَ كُنْتُ مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي سَفَرٍ
فَقَالَ يَا مُغِيرَةُ خُذِ الْإِدَاوَةَ فَأَخَذْتُهَا فَأَنْطَلَقَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ حَتَّى
تَوَارَى عَنِّي فَفَضَى حَاجَتَهُ وَعَلَيْهِ جُبَّةٌ شَامِيَّةٌ فَدَهَبَ لِيُخْرِجَ يَدَهُ مِنْ كُمِّهَا فَضَافَتْ
فَأَخْرَجَ يَدَهُ مِنْ أَسْفَلِهَا فَصَبَبْتُ عَلَيْهِ فَتَوَضَّأَ وَضُوءَهُ لِلصَّلَاةِ وَمَسَحَ عَلَى خُفَيْهِ ثُمَّ
صَلَّى

359 - Муғира ибн Шуғба айтты: «Сапарда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ей, Муғира, құмғанды ал!», - деді. Мен құмғанды алдым. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сыртқа шығып кетті. Тіптен ұзақ уақыт бойы көрінбей қажетін өтеді. Үстінде Шамда тоқылған шапаны бар болатын. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) дәрет алу үшін қолдарын шапанының жеңінен шығармақшы болып еді, ол тарлық етті. Содан кейін оны жеңінен тартып шешті. Мен су құйып беріп тұрдым. Ол кісі намазға күндегідей дәрет алып және мәсісіне масих тартты. Содан соң намаз оқыды.

8- бап. Намаз уақытында және қасиетті жерлерде жалаңаш болудың мәкрухтігі туралы

360 - حَدَّثَنَا مَطْرُ بْنُ الْفَضْلِ قَالَ حَدَّثَنَا رَوْحٌ قَالَ حَدَّثَنَا زَكَرِيَاءُ بْنُ إِسْحَاقَ حَدَّثَنَا عَمْرُو بْنُ دِينَارٍ قَالَ سَمِعْتُ جَابِرَ بْنَ عَبْدِ اللَّهِ يُحَدِّثُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ يَنْفُلُ مَعَهُمُ الْحِجَارَةَ لِلْكَعْبَةِ وَعَلَيْهِ إِزَارُهُ فَقَالَ لَهُ الْعَبَّاسُ عُمَّهُ يَا ابْنَ أَخِي لَوْ حَلَلْتَ إِزَارَكَ فَجَعَلْتَ عَلَى مَنْكِبَيْكَ دُونَ الْحِجَارَةِ قَالَ فَحَلَّهُ فَجَعَلَهُ عَلَى مَنْكِبَيْهِ فَسَقَطَ مَعْشِيًّا عَلَيْهِ فَمَا رُئِيَ بَعْدَ ذَلِكَ عُرْيَانًا صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

360 - Жабыр ибн Абдулла (р.а.) осы хадисті риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Құрайыш тайпасымен бірге Қағбаны жөндеу кезінде тас тасысып жатқан болатын. Үстінде изары бар еді. Сол кезде туыстас ағасы Аббас: «Ей, бауырымның баласы, изарыңды шешіп, тастың астынан өткізіп, иығыңа іліп алғаныңда дұрыс болар еді», - деді.

Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) изарын шешіп, оның айтқанындай иығына іліп алды. Бірақ әлі кетіп, әлсіреп жығылып түсті. Содан кейін ешуақытта жалаңаш жүргенін ешкім көрген емес».

9- бап. Көйлек-шалбар немесе қысқа шалбар мен шапан киіп намаз оқу туралы

361 - حَدَّثَنَا سُلَيْمَانُ بْنُ حَرْبٍ قَالَ حَدَّثَنَا حَمَادُ بْنُ زَيْدٍ عَنْ أَيُّوبَ عَنْ مُحَمَّدٍ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَسَأَلَهُ عَنْ الصَّلَاةِ فِي الثَّوْبِ الْوَاحِدِ فَقَالَ أَوْكُلُّكُمْ يَجِدُ ثَوْبَيْنِ ثُمَّ سَأَلَ رَجُلٌ عُمَرَ فَقَالَ إِذَا وَسَّعَ اللَّهُ فَأَوْسِعُوا جَمَعَ رَجُلٌ عَلَيْهِ ثِيَابُهُ صَلَّى رَجُلٌ فِي إِزَارٍ وَرَدَاءٍ فِي إِزَارٍ وَقَمِيصٍ فِي إِزَارٍ وَقَبَاءٍ فِي سَرَائِيلَ وَرَدَاءٍ فِي سَرَائِيلَ وَقَمِيصٍ قَالَ وَأَحْسِبُهُ قَالَ فِي ثُبَّانٍ وَرَدَاءٍ

361 - Әбу Хурайра (р.а.) айтты: «Бір кісі тұрып Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) бір киіммен намаз оқу жайында сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) «Біреулеріңнің екіден киімдерің бар ма еді?», - деді.

Кейін бір кісі тұрып, бір киімде намаз оқу туралы Хазіреті Омардан сұрады. «Алла тағала жеңілдік бергеннен кейін, жеңілдетіңіз де! (ауыстырып киетін киімі болмаған адам, сол бір киімде намаз оқи береді, егерде екі киімі болса, ауыстырып киіп оқыса, абзалырақ болады) егерде

киімі көп болса, изар мен ридода, изар мен көйлекте, **изар** мен шапанда, шалбар мен **ридода**, шалбар мен көйлекте, шалбар мен шапанда, қысқа шалбар мен шапанда оқысын!»,- деді.

«Әбу Хурайра (р.а.) айтты: « Хазреті Омардың қысқа шалбар мен **ридода** оқысын деп айтқанына күмәнім бар»,- деді.

Шихабуддин Қасталони (р.а.) айтты: « Егер **ридо** ұзын болып, тізені жауып тұрса, келте шалбарда намаз оқыса болады»,- деді.

362- حَدَّثَنَا عَاصِمُ بْنُ عَلِيٍّ قَالَ حَدَّثَنَا ابْنُ أَبِي زَيْبٍ عَنِ الزُّهْرِيِّ عَنْ سَالِمٍ عَنِ ابْنِ عُمَرَ قَالَ سَأَلَ رَجُلٌ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ مَا يَلْبَسُ الْمُحْرَمُ فَقَالَ لَا يَلْبَسُ الْقَمِيصَ وَلَا السَّرَاوِيلَ وَلَا الْبُرْنُسَ وَلَا تَوْبًا مَسَّهُ الزَّعْفَرَانُ وَلَا وَرْسٌ فَمَنْ لَمْ يَجِدِ النَّعْلَيْنِ فَلْيَلْبَسِ الْخُفَيْنِ وَلْيَقِطْهُمَا حَتَّى يَكُونَا أَسْفَلَ مِنْ الْكَعْبَيْنِ

362 - Ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Бір кісі Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) «Қажылыққа ихрам байлаған кісі не қылады?»,- деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) «Көйлек-шалбар, *бурнусты* да кимейді. Зағфран мен сарық ренді матаны да орамайды. Кімде-кім тобықтан төмен аяқ киім таппаса, онда мәсісінің қонышын тобығынан төмен қылып кесіп тастасын!»,-деді.

10- бап. Әурет жабушы киімдер туралы

363- حَدَّثَنَا قُتَيْبَةُ بْنُ سَعِيدٍ قَالَ حَدَّثَنَا لَيْثٌ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُثْبَةَ عَنْ أَبِي سَعِيدٍ الْخُدْرِيِّ أَنَّهُ قَالَ قَالَ نَهَى رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَنْ اسْتِمَالِ الصَّمَاءِ وَأَنْ يَحْتَبِيَ الرَّجُلُ فِي تَوْبٍ وَاحِدٍ لَيْسَ عَلَى فَرْجِهِ مِنْهُ شَيْءٌ

363 - Әбу Саъид әл-Худрийдан риуаят болды: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жеңі жоқ тар киім киюден, тізені құшақтап алдын ашып отырудан қатаң тиды»

364- حَدَّثَنَا قُبَيْصَةُ بْنُ عُقْبَةَ قَالَ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ عَنْ أَبِي الزِّنَادِ عَنِ الْأَعْرَجِ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ قَالَ قَالَ نَهَى النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَنْ بَيْعَتَيْنِ عَنِ اللَّمَّاسِ وَالنَّبَادِ وَأَنْ يَسْتَمِلَ الصَّمَاءَ وَأَنْ يَحْتَبِيَ الرَّجُلُ فِي تَوْبٍ وَاحِدٍ

364 - Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) екі түрлі сауда - саттықтан тиды:

- 1) Айтқаны осы деп тексермей, саудаласпай ала салудан;
- 2) Болғаны осы деп бағасын түсірмей алудан.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жеңі жоқ тар киім кимектен, тізені құшақтап, әуретін ашып отырудан тиған»,- деді.

365- حَدَّثَنَا إِسْحَاقُ قَالَ حَدَّثَنَا يَعْقُوبُ بْنُ إِبْرَاهِيمَ قَالَ حَدَّثَنَا ابْنُ أَخِي ابْنِ شِهَابٍ عَنْ عَمِّهِ قَالَ أَخْبَرَنِي حُمَيْدُ بْنُ عَبْدِ الرَّحْمَنِ بْنِ عَوْفٍ أَنَّ أَبَا هُرَيْرَةَ قَالَ بَعَثَنِي أَبُو بَكْرٍ فِي تِلْكَ الْحَجَّةِ فِي مُؤَدِّينَ يَوْمَ النَّحْرِ نُودُنُ بِمِئَى أَنْ لَا يَحُجَّ بَعْدَ الْعَامِ مُشْرِكٌ وَلَا يَطُوفَ بِالْبَيْتِ عُرْيَانٌ قَالَ حُمَيْدُ بْنُ عَبْدِ الرَّحْمَنِ ثُمَّ أُرْدَفَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَلَيَّا فَأَمَرَهُ أَنْ يُؤَدِّنَ بِبِرَاءَةٍ قَالَ أَبُو هُرَيْرَةَ فَأَدَّنَ مَعَنَا عَلِيٌّ فِي أَهْلِ مِئَى يَوْمَ النَّحْرِ لَا يَحُجُّ بَعْدَ الْعَامِ مُشْرِكٌ وَلَا يَطُوفُ بِالْبَيْتِ عُرْيَانٌ

365 - Әбу Хурайра Хумайд ибн Абдурахманға айтты: «Сол қажылық уақытында Әбу Бәкір мені «Осы жылдан кейін бірде-бір мүшірік қажылыққа келмесін және Қағбаны жалаңаш күйде тәуеп етпесін!»,- деп айт күні Минада адамдарға жар салып ескертетін адамдармен бірге жіберген еді»,- деді.

Хумайд ибн Абдурахман айтты: « Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) хазреті Әлиді Әбу Бәкірге жіберді және нәзіл болған «Бараат» сүресін адамдарға хабарлауды бұйырды»,- деді.

Әбу Хурайра айтты: « Құрбан айт күні Минада жиналғандарға бізбен бірге хазреті Әли «Осы жылдан кейін бірде-бір мүшірік қажылыққа келмесін және Қағбаны жалаңаш күйде тәуеп етпесін!»,- деп жар салды»,- деді.

11-бап. Ридосыз намаз оқу.

366- حَدَّثَنَا عَبْدُ الْعَزِيزِ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ حَدَّثَنِي ابْنُ أَبِي الْمَوَالِي عَنْ مُحَمَّدِ بْنِ الْمُكَدَّرِ قَالَ دَخَلْتُ عَلَى جَابِرِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ وَهُوَ يُصَلِّي فِي ثَوْبٍ مُلْتَحِقًا بِهِ وَرَدَاؤُهُ مَوْضُوعٌ فَلَمَّا انْصَرَفَ قُلْنَا يَا أَبَا عَبْدِ اللَّهِ تُصَلِّي وَرَدَاؤُكَ مَوْضُوعٌ قَالَ نَعَمْ أَحْبَبْتُ أَنْ يَرَانِي الْجُهَالُ مِثْلَكُمْ رَأَيْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُصَلِّي هَكَذَا

366 - Мұхаммед ибн Мункадир риуаят етті: «Жабир ибн Абдулланың алдына кірдік, ол кісі бір ғана киіммен (матаға) оранған күйі намаз оқып жатыр екен. **Ридосы** жерге тиіп тұр екен. Намазын оқып болғаннан соң" ей, Әбу Абдулла, **ридонды** жерге тастап қойып, намаз оқып жатырсың ба?»,- дедік. Ол: «Иә, сізге ұқсаған білмейтіндерге (надандарға) бір рет көрсетіп қояйын дегенім ғой! Мен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) осылай намаз оқығанын көргенмін»,- деді.

12-бап. Адамның саны әурет екендігі туралы

بَاب مَا يُذَكَّرُ فِي الْفَخْدِ قَالَ أَبُو عَبْدِ اللَّهِ وَيُرْوَى عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ وَجَرَاهِدٍ وَمُحَمَّدِ بْنِ جَحْشٍ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ الْفَخْدُ عَوْرَةٌ وَقَالَ أَنَسُ بْنُ مَالِكٍ حَسَرَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَنْ فَخْدِهِ قَالَ أَبُو عَبْدِ اللَّهِ وَحَدِيثُ أَنَسٍ أَسْنَدٌ وَحَدِيثُ جَرَاهِدٍ أَحْوْطٌ حَتَّى يُخْرَجَ مِنْ اخْتِلَافِهِمْ وَقَالَ أَبُو مُوسَى غَطَّى النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ رُكْبَتَيْهِ حِينَ دَخَلَ عُمَانُ وَقَالَ زَيْدُ بْنُ ثَابِتٍ أَنْزَلَ اللَّهُ عَلَى رَسُولِهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَفَخْدُهُ عَلَى فَخْدِي فَتَقُلْتُ عَلَيَّ حَتَّى خِفْتُ أَنْ تَرْضَى فَخْدِي

Жархад (а.р.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): « Сан - әурет деген»,- деді.

Әнас (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) изарын тізеден жоғары тартып отырғанында саны көрініп қалды»,- деді.

Әнас (р.а.) айтты: « Бұл хадис дұрысырақ, бірақ та Жархад болса, ғұламалар арасында пікір қайшылығы (ихтилаф) болмау үшін осы хадисті мұқияттылықпен айтқан»,- деді.

Әбу Мұса айтты: « Хазреті Оспан, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдына барып кіргенде, ол кісі тізесін жапты»,- деді.

Әбу Зар айтты: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) саны менің саныма тиіп тұрғанда (көпшіліктің ішінде тығыз отырғанда) ол кісіге аят нәзіл болды. Сонда ол кісінің сандарының ауырлағандығы соншалық, тіпті, аяғым сынып кете ме деп қорықтым»,- деді.

367- حَدَّثَنَا يَعْقُوبُ بْنُ إِبْرَاهِيمَ قَالَ حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ بْنُ عَلِيَّةَ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ

الْعَزِيزِ بْنِ صُهَيْبٍ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ غَزَا خَيْبَرَ فَصَلَّيْنَا عِنْدَهَا صَلَاةَ الْغَدَاةِ بَعَثَ نَبِيُّ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَرَكِبَ أَبُو طَلْحَةَ وَأَنَا رَدِيفُ أَبِي طَلْحَةَ فَأَجْرَى نَبِيُّ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

فِي رُفَاقِ خَيْبَرَ وَإِنَّ رُكْبَتِي لَتَمَسُّ فِخْذَ نَبِيِّ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ ثُمَّ حَسَرَ
الْبِزَارَ عَنْ فَخْذِهِ حَتَّى إِنِّي أَنْظَرُ إِلَى بَيَاضِ فِخْذِ نَبِيِّ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ
فَلَمَّا دَخَلَ الْقَرْيَةَ قَالَ اللَّهُ أَكْبَرُ خَرِبَتْ خَيْبَرُ إِنَّا إِذَا نَزَلْنَا بِسَاحَةِ قَوْمٍ فَسَاءَ صَبَاحُ
الْمُنْذَرِينَ قَالَهَا ثَلَاثًا قَالَ وَخَرَجَ الْقَوْمُ إِلَى أَعْمَالِهِمْ فَقَالُوا مُحَمَّدٌ قَالَ عَبْدُ الْعَزِيزِ
وَقَالَ بَعْضُ أَصْحَابِنَا وَالْخَمِيسُ يَعْنِي الْجَيْشَ قَالَ فَأَصْبَنَاهَا عَنُودًا فَجُمِعَ السَّبْيُ
فَجَاءَ دِحْيَةُ الْكَلْبِيُّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ فَقَالَ يَا نَبِيَّ اللَّهُ أَعْطِنِي جَارِيَةً مِنْ السَّبْيِ قَالَ
أَذْهَبَ فَخَذُ جَارِيَةٍ فَأَخَذَ صَفِيَّةَ بِنْتَ حَبِيٍّ فَجَاءَ رَجُلٌ إِلَى النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ
وَسَلَّمَ فَقَالَ يَا نَبِيَّ اللَّهُ أَعْطَيْتَ دِحْيَةَ صَفِيَّةَ بِنْتَ حَبِيٍّ سَيِّدَةَ فَرِيضَةَ وَالنَّضِيرَ لِمَا
تَصْلُحُ إِلَّا لَكَ قَالَ ادْعُوهُ بِهَا فَجَاءَ بِهَا فَلَمَّا نَظَرَ إِلَيْهَا النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ
قَالَ خُذْ جَارِيَةً مِنَ السَّبْيِ غَيْرَهَا قَالَ فَأَعْتَقَهَا النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ
وَتَزَوَّجَهَا فَقَالَ لَهُ تَابِتُ يَا أَبَا حَمْزَةَ مَا أَصْدَقَهَا قَالَ نَفْسَهَا أَعْتَقَهَا وَتَزَوَّجَهَا حَتَّى
إِذَا كَانَ بِالطَّرِيقِ جَهَّزْتَهَا لَهُ أُمُّ سَلِيمٍ فَأَهْدَتْهَا لَهُ مِنَ اللَّيْلِ فَأَصْبَحَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ
عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَرُوسًا فَقَالَ مَنْ كَانَ عِنْدَهُ شَيْءٌ فَلْيَجِئْ بِهِ وَبَسَطَ نِطْعًا فَجَعَلَ الرَّجُلُ
يَجِيءُ بِالنَّمْرِ وَجَعَلَ الرَّجُلُ يَجِيءُ بِالسَّمْنِ قَالَ وَأَحْسِبُهُ قَدْ ذَكَرَ السَّوِيْقَ قَالَ
فَحَاسُوا حَيْسًا فَكَانَتْ وَلِيْمَةً رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

367 - Әнәс риуаят етті: « Хайбар соғысы кезінде елең-аланда таң намазын оқыдық. Кейін Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) Әбу Талха түйелеріне мінді. Мен Әбу Талханың артына мінгестім. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Хайбар көшесінде түйенің үстінде кетіп бара жатқанда, менің тізем ол кісінің санына тиді. (Себебі көше өте тар болатын) Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) (түйені тебініп жүргізу үшін) изарын жоғары тартты. Мен Пайғамбарымыздың « с.ғ.с.» санының әппақтығын көріп қалдым. Хайбарға кірген кезде көпшіліктің алдында: «Аллаһу Акбар, Хайбар ойран болды. Шындығында, бізбен жауласып жатқандардың жұртына келгенімізде, олардың (ескерту алғандардың) атар таңы қараң болар», - деп үш рет қайталады.

Әнас айтты: « Адамдар өз жұмыс шаруаларымен шыға бастады», - деді. Абдулазиз айтты: « Сонда кейбір Сахабалар: «Мұхаммед (с.ғ.с.) өзінің

бестігімен келді деп айтты», - деді

(Бестік – мұсылмандардың әскері 5 бөліктен тұрған).

Әнас айтты: «Хайбарды күшпен қолға қараттық, қолға түскен тұтқындарды жинаған кезде, Дихья келіп: «Я Расулалла, әйел тұтқындардың біреуін маған сыйлыққа беріңіз!»,- деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Барып қалаған біреуінді ал!»,- деді. Ол барып, Сафия бинти Хуайнды алды. Сонда бір кісі Пайғамбарымызға (с.ғ.с.): «О, Расулалла, сіз Дихьяға Бәни назир мен Бәни Құрайза тайпаларының құрметті ханымы Сафия бинти Хуайнды бердіңіз, Сафия тек қана сізге лайықты!»,- деді. Бұны естігеннен соң Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Маған Дихьяны онымен бірге шақырыңыз!»,- деді. Дихья Сафияны өзімен бірге ертіп келді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Сафияға қараған күйі, Дихьяға: « Тұтқын әйелдердің бұдан басқа кез-келген қалаған біреуінді ал!»,- деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) кейін Сафияны азат етіп, оған өзі үйленді. Сәбит Әнастан: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оған маһрге не сыйлады?»,- деп сұрады. Сонда Әнас: «Оның өзін, себебі оған бостандық беріп, оған үйленді ғой!»,- деп жауап берді. Әнас айтты: « Қайтар жолда (Хайбардан қайтқанда) Үмму Сұлайм Сафияны дайындап, оны түнде Пайғамбарымызға ертіп келді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) таңертең тұрған соң: «Кімде қандай да тамақ болса, осында әкелсін»,- деп өзі жерге теріден істелген төсеніш төседі. Содан соң адамдардың кейбіреуі құрма, кейбірі май әкелді. Тойғандарыңша ішіп-жеңдер!»,-деді. Міне Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) тойы осылай болған»,- деді.

13-бап. Әйел кісінде намаз оқығанында неше киімі болуы керек

قَالَ عِكْرِمَةُ لَوْ وَاَرَتْ جَسَدَهَا فِي ثَوْبٍ لَأَجْرَتْهُ

Икрима айтты: «Әйел адам басқа киімі жоқ болса, онда қысқа киімде де намаз оқуына болады»,- деді.

368- حَدَّثَنَا أَبُو الْيَمَانِ قَالَ أَخْبَرَنَا شُعَيْبٌ عَنْ الزُّهْرِيِّ قَالَ أَخْبَرَنِي عُرْوَةُ

أَنَّ عَائِشَةَ قَالَتْ لَقَدْ كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُصَلِّيَ الْفَجْرَ فَيَسْتَهْدُ مَعَهُ نِسَاءً مِنَ الْمُؤْمِنَاتِ مُتَلَفَعَاتٍ فِي مِرْطَاهُنَّ ثُمَّ يَرْجِعْنَ إِلَى بَيْوتِهِنَّ مَا يَعْرِفُهُنَّ أَحَدٌ

368 - Айша анамыз (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) таң намазын оқитын (мешітте). Ол кісіге ұйып, паранжы жамылған мүмин әйелдер де намазға тұратын. Содан кейін үйлеріне қайтып кететін. Оларды ешкім танымайтын да еді»,- деді.

14-бап. Егер де ою-өрнегі бар көйлек кесе, оның өрнегіне көзі түсіп жаңылысса, осы киімде намаз оқуға болама?

369 - حَدَّثَنَا أَحْمَدُ بْنُ يُونُسَ قَالَ حَدَّثَنَا إِبْرَاهِيمُ بْنُ سَعْدٍ قَالَ حَدَّثَنَا ابْنُ شِهَابٍ عَنْ عُرْوَةَ عَنْ عَائِشَةَ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ صَلَّى فِي خَمِيصَةٍ لَهَا أَعْلَامٌ فَنَظَرَ إِلَى أَعْلَامِهَا نَظْرَةً فَلَمَّا انْصَرَفَ قَالَ اذْهَبُوا بِخَمِيصَتِي هَذِهِ إِلَى أَبِي جَهْمٍ وَأَتُونِي بِأَنْبِجَانِيَّةِ أَبِي جَهْمٍ فَإِنَّهَا أَلْهَتْنِي أَنْفًا عَنْ صَلَاتِي

369 - Айша анамыз (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз бірде ою-өрнегі бар көйлекпен намаз оқыды. Сонда оның ою- өрнегіне көзі түсті. Намазын оқып болған соң бұрылып: «Менің бұл көйлегімді Әбу Жахмға апарып беріңіз, орнына оның ою-өрнексіз киімін (матасын) алып келіңіз, себебі бұл (ою-өрнекті) көйлек мені намазымнан жанылыстырды», - деді.

370 - قَالَ هِشَامُ بْنُ عُرْوَةَ عَنْ أَبِيهِ عَنْ عَائِشَةَ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كُنْتُ أَنْظُرُ إِلَى عِلْمِهَا وَأَنَا فِي الصَّلَاةِ فَأَخَافُ أَنْ تَقْتِنَنِي

370 - Хишам ибн Ғұруа (р.а.) айтты: « Айша анамызға Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): « Намаз оқып жатқанымда киімімнің ою-өрнегіне көзім түсті. Мені намазда шатастырар деп қауіптенемін деп айтқан екен», - деді.

15-бап. Егер әртүрлі суреттер салынған киімде намаз оқыса, намаз бұзылады ма?

371 - حَدَّثَنَا أَبُو مَعْمَرٍ عَبْدُ اللَّهِ بْنُ عَمْرٍو قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْوَارِثِ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْعَزِيزِ بْنُ صُهَيْبٍ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ كَانَ قِرَامٌ لِعَائِشَةَ سَتَرَتْ بِهِ جَانِبَ بَيْتِهَا فَقَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَمِيطِي عَنَّا قِرَامَكَ هَذَا فَإِنَّهُ لَا تَزَالُ تُصَاوِيرُهُ تَعْرِضُ فِي صَلَاتِي

371 - Әнас айтты: «Айша анамыздың гүлді өрнекті перделері бар болатын. Оны үйінің бір жақ қабырғасына іліп қойған еді. Бір күні Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): « Мына пердеді бұл жерден алып таста, себебі ондағы суреттер намаз оқыған кезімде әрдәйім көз алдымда тұрады», - деді. (Яғни көзім түсіп, намаздан шатасамын дегені).

16-бап. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) жібек шапанда намаз оқып, кейін оны шешіп тастағаны туралы

372- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ حَدَّثَنَا اللَّيْثُ عَنْ يَزِيدَ بْنِ أَبِي حَبِيبٍ عَنْ أَبِي الْخَيْرِ عَنْ عُقْبَةَ بْنِ عَامِرٍ قَالَ أَهْدَيْتَنِي إِلَى النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَرُوجُ حَرِيرٍ فَلَيْسَهُ فَصَلَّى فِيهِ ثُمَّ انْصَرَفَ فَنَزَعَهُ نَزْعًا شَدِيدًا كَالكَارِهِ لَهُ وَقَالَ لَا يَنْبَغِي هَذَا لِلْمُتَّقِينَ

372 - ҒҒұқба ибн Амир (р.а) айтты: «Бір күні Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) жібек шапан сыйлады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оны киіп, намаз оқыды. Кейін намаздан тұрғаннан соң ренжіген кейіпте асығыс-үсігіс оны шешіп тастап: « Бұл жібектен тігілген киімді кию тақуаларға (ер адамдарға) жармайды»,- деді.

17-бап. Қызыл түсті киімде намаз оқудың үкімі

373- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ عَرَعَةَ قَالَ حَدَّثَنِي عُمَرُ بْنُ أَبِي زَائِدَةَ عَنْ عَوْنِ بْنِ أَبِي جُحَيْفَةَ عَنْ أَبِيهِ قَالَ رَأَيْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي قُبَّةِ حَمْرَاءَ مِنْ أَدَمٍ وَرَأَيْتُ بِلَالًا أَخَذَ وَضُوءَ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَرَأَيْتُ النَّاسَ يَبْتَدِرُونَ ذَلِكَ الْوَضُوءَ فَمَنْ أَصَابَ مِنْهُ شَيْئًا تَمَسَّحَ بِهِ وَمَنْ لَمْ يُصِبْ مِنْهُ شَيْئًا أَخَذَ مِنْ بَلَلِ يَدِ صَاحِبِهِ ثُمَّ رَأَيْتُ بِلَالًا أَخَذَ عَنزَةً فَرَكَّزَهَا وَخَرَجَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي حُلَّةٍ حَمْرَاءَ مُشَمَّرًا صَلَّى إِلَى الْعَنزَةِ بِالنَّاسِ رَكْعَتَيْنِ وَرَأَيْتُ النَّاسَ وَالِدَوَابَّ يَمْرُونَ مِنْ بَيْنِ يَدَيْ الْعَنزَةِ

373 - Ғаун ибн Әбу Жухайфа (р.а) айтты: «Мен Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) қызыл түсті теріден жасалған шатырдан көрдім. Хазреті Біләл (р.а.) ол кісіге дәрет алуы үшін су құйып беріп жатқанын көрдім. Айналадағы адамдар болса, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) дәрет алғанынан артылған суға таласатын еді. Кімге нәсіп болса, суды үстіне (денесіне) сүртетін еді, ал нәсіп болмағандар , нәсіп болған бауырларының қолындағы қалған судың жұғының өзіне сүрткендерін көрдім. Кейін Біләлдің үшкір ұшы бар темір қазықты алып, жерге шаңшығанын көрдім. Содан соң Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қызыл түсті киім киіп, шатырдан шығып, әлгі қадалған қазық жаққа қарап адамдармен бірге екі рәкат намаз оқыды. Адамдар және хайуандар қадалған қазықты айналып өтіп жатқандарын көрдім»,- деді.

18-бап. Үйдің немесе мінбердің және ағаштан жасалған нәрселердің үстінде намаз оқудың үкімі

بَابُ الصَّلَاةِ فِي السُّطُوحِ وَالْمِنْبَرِ وَالْخَشَبِ قَالَ أَبُو عَبْدِ اللَّهِ وَلَمْ يَرَ الْحَسَنُ
بِأَسَا أَنْ يُصَلِّيَ عَلَى الْجُمْدِ وَالْفَنَاطِرِ وَإِنْ جَرَى تَحْتَهَا بَوْلٌ أَوْ فَوْقَهَا أَوْ أَمَامَهَا إِذَا
كَانَ بَيْنَهُمَا سُرَّةٌ وَصَلَّى أَبُو هُرَيْرَةَ عَلَى سَفْفِ الْمَسْجِدِ بِصَلَاةِ الْإِمَامِ وَصَلَّى ابْنُ
عُمَرَ عَلَى الثَّلْجِ

Имам Бұхари (р.а.) айтты: «Хасан Басрий мұз немесе көпірдің үстінде егер оның астынан немесе үстінен немесе алдынан нәжіс ағып тұрған болса да, намаз оқуға еш зияны жоқ, тек қана намаз оқушы мен нәжіс арасында бір нәрсе тосылып тұрса болды», - деді.

Әбу Хурайра (р.а.) мешітте имам болып намаз оқыды. Ибн Омар қар үстінде намаз оқыды.

374 - حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ قَالَ حَدَّثَنَا أَبُو حَازِمٍ قَالَ
سَأَلُوا سَهْلَ بْنَ سَعْدٍ مِنْ أَيِّ شَيْءٍ الْمِنْبَرُ فَقَالَ مَا بَقِيَ بِالنَّاسِ أَعْلَمُ مِنِّي هُوَ مِنْ
أَثْلِ الْعَابَةِ عَمَلُهُ فَلَانُ مَوْلَى قُلَانَةَ لِرَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَقَامَ عَلَيْهِ
رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ حِينَ عُمِلَ وَوُضِعَ فَاسْتَقْبَلَ الْقِبْلَةَ كَبَّرَ وَقَامَ
النَّاسُ خَلْفَهُ فَفَرَأَ وَرَكَعَ وَرَكَعَ النَّاسُ خَلْفَهُ ثُمَّ رَفَعَ رَأْسَهُ ثُمَّ رَجَعَ الْقَهْقَرَى فَسَجَدَ
عَلَى الْأَرْضِ ثُمَّ عَادَ إِلَى الْمِنْبَرِ ثُمَّ رَكَعَ ثُمَّ رَفَعَ رَأْسَهُ ثُمَّ رَجَعَ الْقَهْقَرَى حَتَّى
سَجَدَ بِالْأَرْضِ فَهَذَا شَأْنُهُ قَالَ أَبُو عَبْدِ اللَّهِ قَالَ عَلِيُّ بْنُ الْمَدِينِيِّ سَأَلَنِي أَحْمَدُ بْنُ
حَبْلٍ رَحِمَهُ اللَّهُ عَنْ هَذَا الْحَدِيثِ قَالَ فَإِنَّمَا أَرَدْتُ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ
كَانَ أَعْلَى مِنَ النَّاسِ فَلَا بِأَسَ أَنْ يَكُونَ الْإِمَامُ أَعْلَى مِنَ النَّاسِ بِهَذَا الْحَدِيثِ قَالَ
فَقُلْتُ إِنَّ سُفْيَانَ بْنَ عُيَيْنَةَ كَانَ يُسْأَلُ عَنْ هَذَا كَثِيرًا فَلَمْ تَسْمَعْهُ مِنْهُ قَالَ لَا

374 - Әбу Хазим айтты: «Адамдар Сәхл ибн Сағдтан (р.а.): «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) мінбері неден жасалған?»,- деп сұрады. Сахл (р.а.) айтты: « Адамдардың арасында оны меннен артық білетін кісі қалмады. Ол (мінбер) «Юлғун» деген орман ағашынан жасалған. Оны пәленшенің азат болған құлы пәлен жасаған. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) ұста мінберді жасап әкеліп қойған соң, оған шықты да қыбылаға қарап: «Аллаһу акбар», - деді. Адамдар ол кісіге ұйыды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қираат етіп, рүкүғ қылды. Адамдар да артынан рүкүғ қылды. Кейін

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) басын көтерді. Мінберден артқа қарай шегініп түсіп, жерде сәжде қылды. Кейін қайтадан мінберге шықты да, қираат етті, содан соң рүкүғ етті. Кейін басын көтеріп, мінберден артқа шегініп түсіп және жерде сәжде қылды. Міне Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) істеген істері осы»,- деді.

Имам Бұхариға Әли ибн Абдулла (р.а.): «Ахмед ибн Ханбал сол хадис турасында сұрады»,- деді. Ахмед ибн Ханбал: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) адамдардан биікте тұрғандар және сол хадиске байланысты, имам адамдардан биікте тұрса, зияны жоқ, демекшісіз бе?»,- деді. Әли ибн Абдулла: «Суфян ибн Ғұяйна сол хадис туралы көп сұраушы еді, сіз еш естімегенсіз ба?»,- деп сұрады. Ахмед ибн Ханбалдан. Ахмед: «Жоқ»,- деп жауап берді.

375 - حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ عَبْدِ الرَّحِيمِ قَالَ حَدَّثَنَا يَزِيدُ بْنُ هَارُونَ قَالَ أَخْبَرَنَا

حُمَيْدُ الطَّوِيلُ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ سَقَطَ عَنْ فَرَسِهِ فَجَحِشَتْ سَاقُهُ أَوْ كَتِفُهُ وَأَلَى مِنْ نِسَائِهِ شَهْرًا فَجَلَسَ فِي مَشْرَبَةٍ لَهُ دَرَجَتُهَا مِنْ جُدُوعٍ فَأَنَاهُ أَصْحَابُهُ يَعُودُونَهُ فَصَلَّى بِهِمْ جَالِسًا وَهُمْ قِيَامٌ فَلَمَّا قَالَ إِنَّمَا جُعِلَ الْإِمَامُ لِيُؤْتَمَّ بِهِ فَإِذَا كَبَّرَ فَكَبِّرُوا وَإِذَا رَكَعَ فَارْكَعُوا وَإِذَا سَجَدَ فَاسْجُدُوا وَإِنْ صَلَّى قَائِمًا فَصَلُّوا قِيَامًا وَنَزَلَ لِتِسْعِ وَعِشْرِينَ فَقَالُوا يَا رَسُولَ اللَّهِ إِنَّكَ آئِنْتَ شَهْرًا فَقَالَ إِنَّ الشَّهْرَ تِسْعٌ وَعِشْرُونَ

375 - Әнас ибн Мәлік айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) хижраның 5-ші жылы, Зу-л-хижжа айында аттан жығылып, балтыры ма әлде жаурыны ма сырылып кетті Бір ай бойы әйелдерінің жандарына бармауға серт етті. Ағаш тіреулері бар бөлмеде отырғанында, Сахабалар ол кісіні көріп көңілін сұрауға келді.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) отырған бойы намазға имаметшілік етті. Ал Сахабалар болса тік тұрған бойы намаз оқыды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сәлем бергеннен соң. (имамға ұю керек). Сол үшін имам «Аллаһу Акбар» дегенде сізде такбір айтыңыз, рүкүғ қылса сізде рүкүғ қылыңыз, сәжде етсе, сізде сәжде етіңіз. Егер де тік тұрып намаз оқыса, сізде тік тұрып оқыңыз!»,- деді.

(Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) науқас болғандығы себепті барлық намазға отырған күйі имаметшілік етті. Сахабалар болса тік тұрып оқи берместен, өздері біліп үйй берулері керек еді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) 29-күн болғанда әйелдеріне барды. Олар: « Сіз бір айға серт еткен едіңіз ғой?»,- десті. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Бұл ай 29-күнге толады»,- деді.

19-бап. Намаз оқушы сәжде еткен уақытта киімі әйелге тиіп кетсе, намазы бұзыла ма?

376 - حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ عَنْ خَالِدٍ قَالَ حَدَّثَنَا سُلَيْمَانُ الشَّيْبَانِيُّ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ شَدَّادٍ عَنْ مَيْمُونَةَ قَالَتْ كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُصَلِّي وَأَنَا حِذَاءَهُ وَأَنَا حَائِضٌ وَرُبَّمَا أَصَابَنِي ثَوْبُهُ إِذَا سَجَدَ قَالَتْ وَكَانَ يُصَلِّي عَلَى الْخُمْرَةِ

376 - Мәймуна анамыз (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) намаз оқитын еді, мен болсам етеккір көрген бойы, ол кісінің қарсы алдында отырған едім, сәжде еткенде кейде киімдері маған тиіп кететін. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Хұмра үстінде намаз оқитын», - деді. (Хұмра – құрма жапырағынан тоқылған жайнамаз).

20-бап. Бойра⁸¹ үстінде намаз оқудың үкімі

بَابُ الصَّلَاةِ عَلَى الْحَصِيرِ وَصَلَّى جَابِرُ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ وَأَبُو سَعِيدٍ فِي السَّفِينَةِ قَائِمًا وَقَالَ الْحَسَنُ قَائِمًا مَا لَمْ تَشُقَّ عَلَى أَصْحَابِكَ تَدُورُ مَعَهَا وَإِلَّا فَقَاعِدًا

Жәбір және Әбу Сағид кемеді тік тұрып намаз оқыды. Хасан Басри: «Кемеді кетіп бара жатқанында серіктеріне қиыншылық етпесе, тік тұрып намаз оқи бересің және кемемен бірге айнала бересің. (Қыбла қай жақта деп отырмайсың) Егер де серіктеріңе қиыншылық етсе, отырып оқисың», - деген.

377 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ إِسْحَاقَ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ أَبِي طَلْحَةَ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ أَنَّ جَدَّتَهُ مَلِيكَةَ دَعَتْ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لِبَطْنِهَا لِيَأْكُلَ مِنْهُ ثُمَّ قَالَ قَوْمُوا فَلِأَصْلٍ لَكُمْ قَالَ أَنَسٌ فَفُئِمْتُ إِلَى حَصِيرٍ لَنَا قَدْ اسْوَدَّ مِنْ طَوْلٍ مَا لَيْسَ فَنَضَحْتُهُ بِمَاءٍ فَقَامَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَصَفَّقْتُ وَالْيَتِيمَ وَرَأَاهُ وَالْعَجُوزُ مِنْ وَرَائِنَا فَصَلَّى لَنَا رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَرَكْعَتَيْنِ ثُمَّ انْصَرَفَ

377 - Әнас ибн Мәлік айтты: «Әжем Мулайка тамақ даярлап Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) шақырды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өзіне арналып әзірленген тамақтан жеді. Содан соң: «Тұрыңыздар, бірге намаз оқимыз, мен имамдық қыламын», - деді. Мен тұрып, көп қолданылғаннан ескіріп қарайып тозып кеткен бойраға су шашып тазаладым. Содан кейін

⁸¹ Бойра-шиден тоқылған алаша.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бойраның үстіне шықты. Мен және бір жетім бала артына тұрдық. Әжем болса біздің артымызға тұрды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) екі рәкат намаз оқыды. Содан кейін намазын аяқтап қайтты.

21-бап. Хұмра⁸² үстінде намаз оқу туралы

378 - حَدَّثَنَا أَبُو الْوَلِيدِ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ قَالَ حَدَّثَنَا سُلَيْمَانُ الشَّيْبَانِيُّ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ شَدَّادٍ عَنْ مَيْمُونَةَ قَالَتْ كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُصَلِّي عَلَى الْخُمْرَةِ

378 - Мәймуна анамыз айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) хұмраның үстінде намаз оқитын», - деді.

22-бап. Төсек орынның үстінде намаз оқудың үкімі

بَابِ الصَّلَاةِ عَلَى الْفِرَاشِ وَصَلَّى أَنَسٌ عَلَى فِرَاشِهِ وَقَالَ أَنَسٌ كُنَّا نُصَلِّي مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَيَسْجُدُ أَحَدُنَا عَلَى ثَوْبِهِ

Әнас (а.р.) төсек-орын үстінде намаз оқыды. «Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге намаз оқитын едік. Сонда кейбіріміз киіміміздің үстінде намаз оқитын едік», - деді.

379 - حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ قَالَ حَدَّثَنِي مَالِكٌ عَنْ أَبِي النَّضْرِ مَوْلَى عُمَرَ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ عَنْ أَبِي سَلَمَةَ بْنِ عَبْدِ الرَّحْمَنِ عَنْ عَائِشَةَ زَوْجِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنَّهَا قَالَتْ كُنْتُ أَنَامُ بَيْنَ يَدَيْ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَرَجُلَايَ فِي قِبْلَتِهِ فَإِذَا سَجَدَ غَمَزَنِي فَفَبَضْتُ رَجْلِي فَإِذَا قَامَ بَسَطْتُهُمَا قَالَتْ وَالْيُبُوتُ يَوْمَئِذٍ لَيْسَ فِيهَا مَصَابِيحُ

379 - Айша анамыз айтты: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) қарсы алдында жататынымын, аяқтарым болса ол кісінің қыбла жағына созылып жататын еді. Сәжде еткен кезінде қолымен түртетін еді, мен аяғымды жинап (бүгіп) алатын едім. Егер тұрса, қайтадан аяғымды созатын едім. Сол уақыттарда үйлерде шам (жарық) жоқ болатыны», - деді.

⁸² Хұмра-құрма ағашының жапырағынан тоқылып істелінген жайнамаз.

380 - حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ بُكَيْرٍ قَالَ حَدَّثَنَا اللَّيْثُ حَدَّثَنِي عَقِيلٌ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ قَالَ أَخْبَرَنِي عُرْوَةُ أَنَّ عَائِشَةَ أَخْبَرَتْهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ يُصَلِّي وَهِيَ بَيْنَهُ وَبَيْنَ الْقِبْلَةِ عَلَى فِرَاشٍ أَهْلُهُ اعْتِرَاضَ الْجَنَازَةِ

380 - Айша анамыздан Ғұруа (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) әйелдерінің көрпесінде намаз оқитын еді. Айша анамыз болса, ол кісімен (с.ғ.с.) қыбланың ортасында жаназаға қойылған табыт сияқты ұзынынан жататын еді», - деді.

381 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ حَدَّثَنَا اللَّيْثُ عَنْ يَزِيدَ عَنْ عِرَاكِ عَنْ عُرْوَةَ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ يُصَلِّي وَعَائِشَةُ مُعْتَرِضَةٌ بَيْنَهُ وَبَيْنَ الْقِبْلَةِ عَلَى الْفِرَاشِ الَّذِي يَنَامَانِ عَلَيْهِ

381 - Ғұруа (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) намаз оқитын еді. Айша анамыз болса (екеуі жамылатын) көрпенің үстінде Пайғамбарымыз бен (с.ғ.с.) қыбланың ортасында көлденеңінен жататын», - деді.

23-бап. Қатты ыстықта киімнің үстіне сәжде ету туралы

قَالَ الْحَسَنُ كَانَ الْقَوْمُ يَسْجُدُونَ عَلَى الْعِمَامَةِ وَالْقَلَنْسُوتِ وَيَدَاهُ فِي كُمَّه

Хасан Басрий айтты: «Сахабалар сәждеге бас қоятын жердің ыстықтығынан қолдарын киімдерінің жендерінен шығармай, сәлделерін, бас киімдерін алдыларына қойып сәжде ететін», - деді.

382 - حَدَّثَنَا أَبُو الْوَلِيدِ هِشَامُ بْنُ عَبْدِ الْمَلِكِ قَالَ حَدَّثَنَا بَشْرُ بْنُ الْمُفَضَّلِ قَالَ حَدَّثَنِي غَالِبُ الْقَطَّانُ عَنْ بَكْرِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ قَالَ كُنَّا نُصَلِّي مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَيَضَعُ أَحَدُنَا طَرْفَ النَّوْبِ مِنْ شِدَّةِ الْحَرِّ فِي مَكَانِ السُّجُودِ

382 - Әнас ибн Мәлік (р.а.) айтты: «Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге намаз оқитынбыз. Сонда кейбіреуіміз сәждеге бас қоятын жердің ыстықтығынан киіміміздің бір шетіне (етегін не жеңін тартып қойып) сәждеге бас қоятынбыз», - деді.

24-бап. Аяқ киіммен намаз оқудың үкімі

383 - حَدَّثَنَا آدَمُ بْنُ أَبِي إِيَاسٍ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ قَالَ أَخْبَرَنَا أَبُو مَسْلَمَةَ سَعِيدُ بْنُ يَزِيدَ الْأَزْدِيُّ قَالَ سَأَلْتُ أَنَسَ بْنَ مَالِكٍ أَكَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُصَلِّي فِي نَعْلَيْهِ قَالَ نَعَمْ

383 -Саъид ибн Язид (р.а.) айтты: « Мен Әнас ибн Мәліктен: « Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) аяқ киімінде тұрып намаз оқушы ма еді?», -деп сұрадым. Әнас: «Иә», - деді.

Ескерту: (Бұл туралы Имам Әбу Ханифа: «Аяқ киімнің табаны құрғақ және таза болса, онда намаз оқуға болады, ал егер табаны ылғал немесе нәжіс тиген болса, оны жуып тазалау керек», - деді)

25-бап. Мәсіде намаз оқудың үкімі

384 - حَدَّثَنَا آدَمُ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنِ الْأَعْمَشِ قَالَ سَمِعْتُ إِبْرَاهِيمَ يُحَدِّثُ عَنْ هَمَّامِ بْنِ الْحَارِثِ قَالَ رَأَيْتُ جَرِيرَ بْنَ عَبْدِ اللَّهِ بَالَ ثُمَّ تَوَضَّأَ وَمَسَحَ عَلَى خُفَيْهِ ثُمَّ قَامَ فَصَلَّى فَسُئِلَ فَقَالَ رَأَيْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ صَنَعَ مِثْلَ هَذَا قَالَ إِبْرَاهِيمُ فَكَانَ يُعْجِبُهُمْ لِأَنَّ جَرِيرًا كَانَ مِنْ آخِرِ مَنْ أَسْلَمَ

384 - Һаммам ибн Харис (р.а.) айтты: « Жарир ибн Абдулланы көрдім, ол кіші дәрет сындырды, кейіннен дәрет алды, мәсісіне масих тартып, содан соң намаз оқыды. Одан мәсих тарту туралы сұрағанымда ол: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) осылай істегенін көрдім», - деді. Ибраһим айтты: «Жарир ибн Абдулланың бұл сөзі қауымға ұнады. Өйткені ол кісі иман келтіріп, дінге кірген сахабалардың ең соңғысы еді», - деді.

385 - حَدَّثَنَا إِسْحَاقُ بْنُ نَصْرِ قَالَ حَدَّثَنَا أَبُو أُسَامَةَ عَنِ الْأَعْمَشِ عَنِ مُسْلِمٍ عَنِ مَسْرُوقٍ عَنِ الْمُغِيرَةِ بْنِ شُعْبَةَ قَالَ وَضَّأَتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَمَسَحَ عَلَى خُفَيْهِ وَصَلَّى

385 - Муғира ибн Шуғба айтты: « Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) дәрет алуы үшін су бердім (ол кісі дәрет алды). Мәсісіне мәсих тартып, намаз оқыды», - деді.

26-бап. Намаз оқушы қиямға жеткізіп сәжде етпесе, (намазы қабыл болмайды)

أَخْبَرَنَا الصَّلْتُ بْنُ مُحَمَّدٍ أَخْبَرَنَا مَهْدِيُّ عَنْ وَاصِلٍ عَنْ أَبِي وَائِلٍ عَنْ حَدِيثِهِ رَأَى رَجُلًا لَا يُنْمِ رُكُوعَهُ وَلَا سُجُودَهُ فَلَمَّا قَضَى صَلَاتَهُ قَالَ لَهُ حَدِيثُهُ مَا صَلَّيْتَ قَالَ وَأَحْسِبُهُ قَالَ لَوْ مِتَّ مَتَّ عَلَى غَيْرِ سُنَّةِ مُحَمَّدٍ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

Әбу Уайл (р.а.) айтты: «Һұзайфа бір кісінің рүкүғ және сәждені кемеліне (қиямына) жеткізбей намаз оқығанын көріп, ол намазын бітіргеннен соң, оған: « Сен намаз оқымадың»,- деді. Кейін менің көзімше оған: « Егер өлсең, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сүннеттерін орындамай (құрметтемей) өлген боласың»,- деді.

27-бап. Екі білекті жерге тигізбей, қолтығын көрінетіндей дәрежеде сәжде ету туралы

أَخْبَرَنَا يَحْيَى بْنُ بُكَيْرٍ حَدَّثَنَا بَكْرُ بْنُ مُضَرَ عَنْ جَعْفَرِ بْنِ رَبِيعَةَ عَنْ ابْنِ هُرْمُزَ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ مَالِكِ ابْنِ بُحَيْنَةَ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ إِذَا صَلَّى فَرَّجَ بَيْنَ يَدَيْهِ حَتَّى يَبْدُوَ بَيَاضُ إِبْطِيهِ وَقَالَ اللَّيْثُ حَدَّثَنِي جَعْفَرُ بْنُ رَبِيعَةَ نَحْوَهُ

Абдулла ибн Мәлік ибн Бухайна (р.а.) айтты: « Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) намаз оқыса, сәждеде қолын өзінен алыстау (ұзағырақ) қоятын, тіптен, қолтықтарының әппақтығы көрінетін»,- деді.

Ләйс ибн Сағд (р.а.) айтты: « Жағфар ибн Рабиға да сол хадиске ұқсас хадисті риуаят қылып берген болатын»,- деді.

ҚЫБЛА БӨЛІМІ

28-бап. Намаз оқығанда аяқты қыбла жаққа қаратудың абзалдығы туралы

386- حَدَّثَنَا عَمْرُو بْنُ عَبَّاسٍ قَالَ حَدَّثَنَا ابْنُ الْمَهْدِيِّ قَالَ حَدَّثَنَا مَنْصُورُ بْنُ سَعْدٍ عَنْ مَيْمُونِ بْنِ سِيَاهٍ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَنْ صَلَّى صَلَاتَنَا وَاسْتَقْبَلَ قِبْلَتَنَا وَأَكَلَ ذَبِيحَتَنَا فَذَلِكَ الْمُسْلِمُ الَّذِي لَهُ ذِمَّةُ اللَّهِ وَذِمَّةُ رَسُولِهِ فَلَا تُخْفَرُوا اللَّهَ فِي ذِمَّتِهِ

386 - Әнас ибн Мәлік (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): « Кімде-кім біздің намазымызды оқыса, біздің қыбламызды қыбла етсе және біздің құрбанға шалынатын халал малымыздың етін жесе, ол Алла тағаланың және оның Пайғамбарының (с.ғ.с.) панасындағы (қорғауындағы) нағыз мұсылман болып есептеледі. Алла тағаланың панасындағыларды сату арқылы Алла тағалаға да қиянат етпеңдер», - деді.

387- حَدَّثَنَا نُعَيْمٌ قَالَ حَدَّثَنَا ابْنُ الْمُبَارَكِ عَنْ حُمَيْدِ الطَّوِيلِ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَمَرْتُ أَنْ أَقَاتِلَ النَّاسَ حَتَّى يَقُولُوا لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ فَإِذَا قَالُوهَا وَصَلُّوا صَلَاتَنَا وَاسْتَقْبَلُوا قِبْلَتَنَا وَدَبَّحُوا ذَبِيحَتَنَا فَقَدْ حَرُمَتْ عَلَيْنَا دِمَاؤُهُمْ وَأَمْوَالُهُمْ إِلَّا بِحَقِّهَا وَحِسَابُهُمْ عَلَى اللَّهِ

387 - Әнас ибн Мәлік (р.а.): « Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) маған айтты: «Мен адамдар: «Лә иләһа илла Алла»- дегендерінше күресуге (соғысуға, қарсы шығуға) бұйырылдым. Егер олар Кәлима Тайбаны айтса, біздің намазымызды оқыса, біздің қыбланы қыбла етсе және біз ұнатқан халал малдың етін жесе, олардың қанын төгу, малын тартып алу - бізге харам болады, ал ахирет есебі - Алланың ықтиярында», - деді.

قَالَ ابْنُ أَبِي مَرْيَمَ أَخْبَرَنَا يَحْيَى بْنُ أَيُّوبَ حَدَّثَنَا حُمَيْدٌ حَدَّثَنَا أَنَسٌ عَنْ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَقَالَ عَلِيُّ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ حَدَّثَنَا خَالِدُ بْنُ الْحَارِثِ قَالَ حَدَّثَنَا حُمَيْدٌ قَالَ سَأَلَ مَيْمُونُ بْنُ سِيَاهٍ أَنَسَ بْنَ مَالِكٍ قَالَ يَا أَبَا حَمْزَةَ مَا يُحْرِمُ دَمَ الْعَبْدِ

وَمَالُهُ فَقَالَ مَنْ شَهِدَ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَاسْتَقْبَلَ قِبَلَتَنَا وَصَلَّى صَلَاتَنَا وَأَكَلَ ذَبِيحَتَنَا فَهُوَ الْمُسْلِمُ لَهُ مَا لِلْمُسْلِمِ وَعَلَيْهِ مَا عَلَى الْمُسْلِمِ

Әнас ибн Мәліктен Мәймүн ибн Сиях (р.а.) риуят етті: « Ей, Әбу Хамза, мұһмин пенделерге қандай адамдардың малын таламақ және қанын төкпек харам?»,- деп сұрады. Сонда Әнас айтты : «Кімде-кім “лә иләһа илла Алла” десе, біздің қыбламызды қыбла етсе, намазымызды оқыса, біз ұнатқан халал малдың етін жесе, ол адам - мұсылман. Мұсылманға қандай құқық берілсе, оған да сондай құқық берілер және мұсылманға қандай уәзипа (міндет) жүктелсе, оған да сондай уәзипа жүктелер»,- деді.

29-бап. Медине, Шам және Машриқ тұрғындарының қыбласы; қыбла шығыста да, батыста да емес

388- حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ قَالَ حَدَّثَنَا الزُّهْرِيُّ عَنْ عَطَاءِ بْنِ يَزِيدَ اللَّيْثِيِّ عَنْ أَبِي أَيُّوبَ الْأَنْصَارِيِّ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ إِذَا أَنْتُمْ الْعَائِطُ فَلَا تَسْتَقْبِلُوا الْقِبْلَةَ وَلَا تَسْتَدِيرُواهَا وَلَكِنْ شَرُّوْا أَوْ غَرَّبُوا

388 - Әбу Аюб (р.а.) айтты: « Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Дәрет сындырмақ болсаңыз, қыблаға қарап немесе арқаңызды беріп отырмаңыз, шығысқа әлде батысқа қарап отырыңыз!»,- деді.

قَالَ أَبُو أَيُّوبَ فَقَدِمْنَا الشَّامَ فَوَجَدْنَا مَرَا حِيضَ بِنَيْتِ قِبَلِ الْقِبْلَةِ فَنَحَرَفُ وَنَسْتَعْفِرُ اللَّهَ تَعَالَى

Әбу Аюб және айтты: « Шамға келдік, дәретханалар қыбла жаққа қаратылып салынған екен. Сәл бұрылып (қиғаштап) отырдық да, Алла тағаладан истиғфар тіледік»,- деді.

30-бап. Алла тағала: « Мақам Ибраһимде намаз оқы!»,-деп бұйырды

389 - حَدَّثَنَا الْحُمَيْدِيُّ قَالَ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ قَالَ حَدَّثَنَا عَمْرُو بْنُ دِينَارٍ قَالَ سَأَلْنَا ابْنَ عُمَرَ عَنْ رَجُلٍ طَافَ بِالْبَيْتِ الْعُمْرَةَ وَلَمْ يَطْفُ بِبَيْنِ الصَّفَا وَالْمَرْوَةِ أَيَّاتِي امْرَأَتُهُ فَقَالَ قَدِمَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَطَافَ بِالْبَيْتِ سَبْعًا وَصَلَّى خَلْفَ الْمَقَامِ رَكْعَتَيْنِ وَطَافَ بَيْنَ الصَّفَا وَالْمَرْوَةِ وَقَدْ كَانَ لَكُمْ فِي رَسُولِ اللَّهِ

أُسُوَّةٌ حَسَنَةٌ وَسَأَلْنَا جَابِرَ بْنَ عَبْدِ اللَّهِ فَقَالَ لَا يَفْرَبَتْهَا حَتَّى يَطُوفَ بَيْنَ الصَّفَا وَالْمَرْوَةِ

389 - Ғамр ибн Динар (р.а.) айтты: «Ибн Омардан кіші қажылық уақытында Қағбаны айналып тәуеп етіп, бірақ та Сафа мен Мәруаның арасына жүгірмеген адам әйелімен жақындық қылса болады ма?»,- деп сұрадық.. Сонда ол айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Меккеге келгенде Қағбаны жеті рет айналып тәуеп етіп, Мақам Ибраһимнің артында екі рәкат намаз оқып және Сафа-Мәруаның арасында жүгірген болатын. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өзінің осылай істеуі арқылы сендерге көркем үлгі-өнеге көрсетпеді ме?!»,- деді.

Жәбир ибн Абдулладан осы мәселе турасында сұрағанымызда ол: « Сафа мен Мәруаның арасында жүгіріп, тәуеп етпегенге дейін (некелі әйеліне де) жақындауға болмайды»,- деді.

390 - حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا يَحْيَى عَنْ سَيْفِ يَعْنِي ابْنَ سُلَيْمَانَ قَالَ

سَمِعْتُ مُجَاهِدًا قَالَ أَتَى ابْنُ عُمَرَ فَقِيلَ لَهُ هَذَا رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ دَخَلَ الْكَعْبَةَ فَقَالَ ابْنُ عُمَرَ فَأَقْبَلْتُ وَالنَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَدْ خَرَجَ وَأَجِدُ بِلَالًا قَائِمًا بَيْنَ الْبَابَيْنِ فَسَأَلْتُ بِلَالًا فَقُلْتُ أَصَلَى النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي الْكَعْبَةِ قَالَ نَعَمْ رَكَعَتَيْنِ بَيْنَ السَّارِيَتَيْنِ اللَّتَيْنِ عَلَى يَسَارِهِ إِذَا دَخَلْتَ ثُمَّ خَرَجَ فَصَلَّى فِي وَجْهِ الْكَعْبَةِ رَكَعَتَيْنِ

390 - Сайф (р.а.) айтты: «Мына хадисті Мұжахидтен естідім деді: «Ибн Омар келгенде, оған « Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Қағбаға кіріп кетті»,- десті. Ибн Омар: “Мен барсам, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Қағбадан шыққан екен, Біләл болса, Қағбаның екі есігінің арасында тұр екен. Мен Біләлдан: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Қағбаның ішінде намаз оқыды ма?»,- деп сұрадым. Біләл: «Кіре берістегі екі тіреудің оң жағында екі рәкат намаз оқыды, содан соң шықты да, Қағбаға қарап тағы да екі рәкат намаз оқыды.

391 - حَدَّثَنَا إِسْحَاقُ بْنُ نَصْرِ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الرَّزَّاقِ أَخْبَرَنَا ابْنُ جُرَيْجٍ

عَنْ عَطَاءٍ قَالَ سَمِعْتُ ابْنَ عَبَّاسٍ قَالَ لَمَّا دَخَلَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ الْبَيْتَ دَعَا فِي نَوَاحِيهِ كُلِّهَا وَلَمْ يُصَلِّ حَتَّى خَرَجَ مِنْهُ فَلَمَّا خَرَجَ رَكَعَ رَكَعَتَيْنِ فِي قُبُلِ الْكَعْبَةِ وَقَالَ هَذِهِ الْقِبْلَةُ

391 - Ибн Аббас: “Пайғамбар (с.ғ.с.) Қағбаға кірген кезде намаз оқымады, сосын одан шығып, қыбылаға қарап тұрып екі рәкат намаз оқыды. “Қыбла, міне - осы”,-деп айтты.

31-бап. Қай жерде болса да қыблаға қарап намаз оқу керек

قَالَ أَبُو هُرَيْرَةَ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ اسْتَقْبِلَ الْقِبْلَةَ وَكَبِّرْ

Әбу Хурайра (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Қай жерде болсаң да, қыблаға қарап тәкбір айт!»,- деген болатын»,- деді.

392 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ رَجَاءٍ قَالَ حَدَّثَنَا إِسْرَائِيلُ عَنْ أَبِي إِسْحَاقَ عَنْ

الْبَرَاءِ بْنِ عَازِبٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ صَلَّى نَحْوَ بَيْتِ الْمَقْدِسِ سِتَّةَ عَشَرَ أَوْ سَبْعَةَ عَشَرَ شَهْرًا وَكَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُحِبُّ أَنْ يُوجَّهَ إِلَى الْكَعْبَةِ فَأَنْزَلَ اللَّهُ قَدْ نَرَى تَقْلَبَ وَجْهَكَ فِي السَّمَاءِ فَتَوَجَّهَ نَحْوَ الْكَعْبَةِ وَقَالَ السُّفَهَاءُ مِنَ النَّاسِ وَهُمْ الْيَهُودُ مَا وَلَاهُمْ عَنْ قِبَلَتِهِمُ الَّتِي كَانُوا عَلَيْهَا فُلْ لِلَّهِ الْمَشْرِقُ وَالْمَغْرِبُ يَهْدِي مَنْ يَشَاءُ إِلَى صِرَاطٍ مُسْتَقِيمٍ فَصَلَّى مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ رَجُلٌ ثُمَّ خَرَجَ بَعْدَ مَا صَلَّى فَمَرَّ عَلَى قَوْمٍ مِنَ الْأَنْصَارِ فِي صَلَاةِ الْعَصْرِ نَحْوَ بَيْتِ الْمَقْدِسِ فَقَالَ هُوَ يَشْهَدُ أَنَّهُ صَلَّى مَعَ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَأَنَّهُ تَوَجَّهَ نَحْوَ الْكَعْبَةِ فَتَحَرَّفَ الْقَوْمُ حَتَّى تَوَجَّهُوا نَحْوَ الْكَعْبَةِ

392 - әл-Барра ибн Азиб (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) алғашқы кезде Бәйтүл-Мақдис жаққа қарап (қыбла етіп) он алты немесе он жеті ай бойы намаз оқыған болатын. Негізінде, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Қағбаға қарап намаз оқуды ұнататын. Алла тағала Пайғамбарымызға (с.ғ.с.): «Біз сенің аспанға қарап, қыбла іздей бергенінді көріп тұрмыз⁸³»,- деген аятты нәзіл қылды. Адамдардың ең ақылсызы – яхудилер: “Оларды ілгерідегі қыбланы өзгерттірмекке не мәжбүрлік қылыпты.”,-деді. Сен: «Шығыс та, батыс та Аллаға тән»,- де оларға. Қалаған адамын Алла тура бағытқа бұра алады!⁸⁴»,- деді. Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге бір кісі намаз оқыды, кейін ол Аср намазын Бәйтүл Мақдис жаққа қарап оқып жатқан бір ансарий қауымының жанынан өтіп бара жатып, оларға өзінің Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге

⁸³ 2. «әл-Бақара», 144 аят.

⁸⁴ 2. «әл-Бақара», 142 аят.

Қағбаға қарап намаз оқығанын және соған қуәлік ететінін айтты. Бұл сөзді естігеннен кейін намаз оқып жатқан жамағаттың бәрі жүздерін Қағба жаққа бұрды», - деді.

393 - حَدَّثَنَا مُسْلِمٌ بْنُ أَبِرَاهِيمَ قَالَ حَدَّثَنَا هِشَامُ بْنُ أَبِي عَبْدِ اللَّهِ قَالَ حَدَّثَنَا

يَحْيَى بْنُ أَبِي كَثِيرٍ عَنْ مُحَمَّدِ بْنِ عَبْدِ الرَّحْمَنِ عَنْ جَابِرِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُصَلِّي عَلَى رَأْسِهِ حَيْثُ تَوَجَّهَتْ فَإِذَا أَرَادَ الْفَرِيضَةَ نَزَلَ فَاسْتَقْبَلَ الْقِبْلَةَ

393 - Жәбир (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өзінің түйесіне мініп бара жатқанында ол (түйе) қай жаққа қарап бұрылса да, сол жаққа қарап намаз оқи беретін. Ал, бірақ парыз намазын оқымақшы болса, түйеден түсіп, қыблаға қарап оқитын», - деді.

394 - حَدَّثَنَا عُثْمَانُ قَالَ حَدَّثَنَا جَرِيرٌ عَنْ مَنْصُورٍ عَنْ إِبْرَاهِيمَ عَنْ عَلْقَمَةَ

قَالَ قَالَ عَبْدُ اللَّهِ صَلَّى النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ إِبْرَاهِيمُ لَأُذْرِي زَادَ أَوْ نَقَصَ فَلَمَّا سَلَّمَ قِيلَ لَهُ يَا رَسُولَ اللَّهِ أَحَدَتْ فِي الصَّلَاةِ شَيْءٌ قَالَ وَمَا ذَلِكَ قَالُوا صَلَّيْتَ كَذَا وَكَذَا فَتَنَى رَجُلِيهِ وَاسْتَقْبَلَ الْقِبْلَةَ وَسَجَدَ سَجْدَتَيْنِ ثُمَّ سَلَّمَ فَلَمَّا أَقْبَلَ عَلَيْنَا بَوَّجَهُ قَالَ إِنَّهُ لَوْ حَدَّثَ فِي الصَّلَاةِ شَيْءٌ لَنَبَأْتُكُمْ بِهِ وَلَكِنْ إِنَّمَا أَنَا بَشَرٌ مِثْلَكُمْ أَنَسَى كَمَا تَنْسَوْنَ فَإِذَا نَسِيتُ فَذَكِّرُونِي وَإِذَا شَكَّ أَحَدُكُمْ فِي صَلَاتِهِ فَلْيُحَرِّرَ الصَّوَابَ فَلْيَيْمَّ عَلَيْهِ ثُمَّ لِيُسَلِّمْ ثُمَّ يَسْجُدْ سَجْدَتَيْنِ

394 - Абдулла ибн Масғуд айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бесін әлде аср намазын оқыды». Осы хадисті Ибн Масғудтан естіген Алқамадан бізге жеткізуші Ибраһим (р.а.) айтты: «Сол кезде көбірек оқыды ма әлде кемітіп азырақ оқыды ма, анық айта алмаймын», - деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) екі жағына сәлем бергеннен кейін: «Я Расулулла, намазға бірер жаңалық енгізілді ме?», - деп сұрасты. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Неге бұлай дейсіңдер?», - деп сұрады. Олар: «Сіз намазды былай оқыдыңыз», - деп айтты. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) тізерлеп отырды да, қыблаға қарап екі рет сәжде қылып, содан соң сәлем берді. Кейін бізге бұрылып: «Намазда бірер нәрсе өзгеріс болса, мен, әлбетте, сендерді хабардар еткен болар едім. Бірақ мен де сендер сияқты адаммын, сендер ұмытқандай, мен де ұмытамын (жаңылысамын). Егерде мен жаңылыссам, маған ескертіңіз, егерде біреуіңіз намаз оқып жатып, неше рәкат оқығаныңызды ұмытып күмәндансаңыз, өзіңіздің ойлағаныңыз бойынша намазды аяғына дейін

жеткізіп, содан соң сәлем беріңіз, одан кейін және қосымша (сәһу сәжде) екі рет сәжде етіңіз!»,- деді.

ҚЫБЛА ТУРАЛЫ АЙТЫЛҒАН ХАДИСТЕР

32-бап. Қыбладан жаңылысып, басқа жаққа қарап намаз оқыған кісі намазын қайтадан оқымайтындығы туралы

بَاب مَا جَاءَ فِي الْقِبْلَةِ وَمَنْ لَمْ يَرَ الْإِعَادَةَ عَلَى مَنْ سَهَا فَصَلَّى إِلَى غَيْرِ
 الْقِبْلَةِ وَقَدْ سَلَّمَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي رَكْعَتَيْ الظُّهْرِ وَأَقْبَلَ عَلَى النَّاسِ
 بوجْهَهُ ثُمَّ أَنْتَمَّ مَا بَقِيَ

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) екі рәкат намаз оқып, қыбланы жаңылыстырып алғанын сезіп, адамдарға бұрылып, кейін қалған екі рәкатын қыблаға қарап оқып, намазын толықтырды.

395 - حَدَّثَنَا عَمْرُو بْنُ عَوْنٍ قَالَ حَدَّثَنَا هُشَيْمٌ عَنْ حُمَيْدٍ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ
 قَالَ قَالَ عُمَرُ بْنُ الْخَطَّابِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ وَأَفْقَتُ رَبِّي فِي ثَلَاثٍ فُقُلْتُ يَا رَسُولَ
 اللَّهِ لَوْ اتَّخَذْنَا مِنْ مَقَامِ إِبْرَاهِيمَ مُصَلًّى فَنَزَلْتُ وَأَخَذُوا مِنْ مَقَامِ إِبْرَاهِيمَ مُصَلًّى
 وَآيَةُ الْحِجَابِ قُلْتُ يَا رَسُولَ اللَّهِ لَوْ أَمَرْتَ نِسَاءَكَ أَنْ يَحْتَجِينَ فَإِنَّهُ يُكَلِّمُهُنَّ الْبِرَّ
 وَالْفَاجِرُ فَنَزَلَتْ آيَةُ الْحِجَابِ وَاجْتَمَعَ نِسَاءُ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي الْغَيْرَةِ
 عَلَيْهِ فُقُلْتُ لَهُنَّ عَسَى رَبُّهُ إِنْ طَلَّقَنَّ أَنْ يُبَدِّلَهُنَّ أَزْوَاجًا خَيْرًا مِنْكَ فَنَزَلَتْ هَذِهِ
 الْآيَةُ قَالَ أَبُو عَبْدِ اللَّهِ وَ حَدَّثَنَا ابْنُ أَبِي مَرْيَمَ قَالَ أَخْبَرَنَا يَحْيَى بْنُ أَيُّوبَ قَالَ
 حَدَّثَنِي حُمَيْدٌ قَالَ سَمِعْتُ أَنَسًا بِهَذَا

395 - Хазреті Омар (р.а.) айтты: «Раббым менің үш түрлі ниетімді шындыққа шығарды: «Я Расулулла, мақам Ибраһимда намаз оқуды әдет қылсақ болар еді!»,- дегенімде, «Мақам Ибраһимде намаз оқы!»,- деген аят нәзіл болды, «Я Расулулла, әйелдеріңізге жамылып жүруді (хижаб) бұйырсаңыз, өйткені олармен жақсы адам да, жаман адам да сөйлесер»,- дегенімде, «Хижаб» аяты нәзіл болды. Бір күні Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) әйелдерінің бойларында ол кісіге деген қызғаныш пайда болды. Сонда мен оларға: «Егерде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сендерді қоя берсе, Алла

тағала орындарыңа сендерден гөрі жақсырақ әйелді нәсіп қылуы мүмкін»,- дегенімде, шынында, осы мазмұндас аят нәзіл болды.

Хумайд (р.а.) айтты: «Жоғарыдағы хадисті мен де Өнастан естігенмін»,- деді.

397 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ أَخْبَرَنَا مَالِكُ بْنُ أَنَسٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ

بْنِ دِينَارٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ قَالَ بَيْنَا النَّاسُ بِقُبَاءٍ فِي صَلَاةِ الصُّبْحِ إِذْ جَاءَهُمْ
أَتِي فَقَالَ إِنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَدْ نُزِلَ عَلَيْهِ اللَّيْلَةَ فَرَأَى وَقَدْ أَمَرَ
أَنْ يَسْتَقْبَلَ الْكَعْبَةَ فَاسْتَقْبَلُوهَا وَكَانَتْ وَجُوهُهُمْ إِلَى الشَّامِ فَاسْتَدَارُوا إِلَى الْكَعْبَةِ

397 - Абдулла ибн Омар (р.а.) айтты: «Құба мешітінде адамдар таң намазын оқып жатқан уақытта, бір кісі келіп айтты: «Сол кеште Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) Құран аяты нәзіл болып, Қағба жаққа қарап намаз оқу бұйырылды»,- деді. Адамдар жүздерін Қағба жаққа қаратты. Олар алғашқы уақытта жүздерін Шам жаққа қаратып намаз оқып жатқан болатын»,- деді.

398 - حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا يَحْيَى عَنْ شُعْبَةَ عَنْ الْحَكَمِ عَنْ إِبْرَاهِيمَ عَنْ

عَلْقَمَةَ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ قَالَ صَلَّى النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ الظُّهْرَ خَمْسًا فَقَالُوا
أَزِيدَ فِي الصَّلَاةِ قَالَ وَمَا ذَاكَ قَالُوا صَلَّيْتَ خَمْسًا فَتَنَّى رَجُلِيهِ وَسَجَدَ سَجْدَتَيْنِ

398 - Абдулла ибн Масғуд (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бесін намазында бес рәкат намаз оқыды. Сонда Сахабалар: «Намаздың рәкаты көбейтілді ме?»,- деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Неге бұлай сұрадыңыздар?»,- деді. Сахабалар: «Парызды бес рәкат етіп оқыдыңыз»,- десті. Сол кезде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) екі аяғымен тізерлеп отырып, тағы да екі мәрте (сәһу) сәжде етті.

МЕШІТ БӨЛІМІ

33-бап. Мешіт қабырғасындағы түкірікті сүртіп тазалау туралы

399 - حَدَّثَنَا قُتَيْبَةُ قَالَ حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ بْنُ جَعْفَرٍ عَنْ حُمَيْدٍ عَنْ أَنَسِ بْنِ

مَالِكٍ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ رَأَى نُخَامَةً فِي الْوَيْلَةِ فَشَقَّ ذَلِكَ عَلَيْهِ حَتَّى
رُئِيَ فِي وَجْهِهِ فَقَامَ فَحَكَهُ بِيَدِهِ فَقَالَ إِنَّ أَحَدَكُمْ إِذَا قَامَ فِي صَلَاتِهِ فَإِنَّهُ يُنَاجِي رَبَّهُ
أَوْ إِنَّ رَبَّهُ بَيْنَهُ وَبَيْنَ الْوَيْلَةِ فَلَا يَبْزُقَنَّ أَحَدُكُمْ قَبْلَ قِبْلَتِهِ وَلَكِنْ عَنْ يَسَارِهِ أَوْ تَحْتَ

قَدَمَيْهِ ثُمَّ أَخَذَ طَرَفَ رِدَائِهِ فَبَصَقَ فِيهِ ثُمَّ رَدَّ بَعْضَهُ عَلَى بَعْضٍ فَقَالَ أَوْ يَفْعَلُ
هَكَذَا

399 - Әнас (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мешіттің қыбла жағындағы қабырғасында (кеуіп қалған) сіңбірікті көрді. Бұл іс Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) жанына батқандығы соншалық, жүзінен реніш табы білінді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) орнынан тұрып, сіңбірікті қолымен тазалап сүртіп тастады, содан соң: «Қайсы біріңіз намаз оқысаңыз, Раббыңызбен сөйлескендейсіз (мінәжәт етесіз), Раббыңыз алдыңызда, қыбла жақта болар, сол себепті біреулеріңіз қыбла жаққа қарап түкірмеңіздер, егерде өте қажет болса, онда сол жағына немесе аяқ астыңызға түкіріңіз!», - деді. Кейін Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) шапанының бір шетін ұстап, оған түкіріп бүктеп қойды да: «Немесе міне, осылай етіңіздер!», - деді.

400 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ نَافِعٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ رَأَى بُصَاقًا فِي جِدَارِ الْقِبْلَةِ فَحَكَّهُ ثُمَّ أَقْبَلَ عَلَى النَّاسِ فَقَالَ إِذَا كَانَ أَحَدُكُمْ يُصَلِّي فَلَا يَبْصُقْ قِبَلَ وَجْهِهِ فَإِنَّ اللَّهَ قِبَلَ وَجْهِهِ إِذَا صَلَّى

400 - Абдулла ибн Омар (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мешіттің қыбла жағындағы қабырғасынан түкірікті көріп, тазалап тастады, кейін адамдарға қарап: «Егерде біреулеріңіз намаз оқып жатқан болса, қыбла жағына түкірмесін. Өйткені Алла тағала пендесі намаз оқып жатқанда қыбла жағында болады», - деді.

401 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ هِشَامِ بْنِ عُرْوَةَ عَنْ أَبِيهِ عَنْ عَائِشَةَ أُمِّ الْمُؤْمِنِينَ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ رَأَى فِي جِدَارِ الْقِبْلَةِ مَخَاطًا أَوْ بُصَاقًا أَوْ نُخَامَةً فَحَكَّهُ

401 - Айша анамыз (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мешіттің қыбла жағындағы қабырғасынан сіңбірік немесе түкірікті көріп, оны қырып тазалап тастады», - деді.

34-бап. Мешіттегі түкірікті (қақырық) майда таспен тазалап тастау туралы

قَالَ ابْنُ عَبَّاسٍ إِنْ وَطِئْتَ عَلَى قَدْرٍ رَطْبٍ فَاغْسِلْهُ وَإِنْ كَانَ يَابِسًا فَلَا

Ибн Аббас (р.а.) айтты: «Егер ылғалды нәжіс басып кетсең, оны сумен жу, егер құрғақ нәжіс болса, онда жұқпаса жумай-ақ қой!»,- деді.

402 - حَدَّثَنَا مُوسَى بْنُ إِسْمَاعِيلَ قَالَ أَخْبَرَنَا إِبْرَاهِيمُ بْنُ سَعْدٍ أَخْبَرَنَا ابْنُ شِهَابٍ عَنْ حُمَيْدِ بْنِ عَبْدِ الرَّحْمَنِ أَنَّ أَبَا هُرَيْرَةَ وَأَبَا سَعِيدٍ حَدَّثَاهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ رَأَى نُخَامَةً فِي جِدَارِ الْمَسْجِدِ فَتَنَاولَ حَصَاةً فَحَكَّهَا فَقَالَ إِذَا تَنَحَّمَ أَحَدُكُمْ فَلَا يَتَنَحَّمَنَّ قَبْلَ وَجْهِهِ وَلَا عَنْ يَمِينِهِ وَلْيَبْصُقْ عَنْ يَسَارِهِ أَوْ تَحْتَ قَدَمِهِ الْيُسْرَى

402 - Әбу Хурайра мен Әбу Саъид (р.а.) екеуі айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мешіттің қабырғасындағы сіңбірікті көріп, оны таспен қырып тастады, кейін: «Егерде біреулеріңіз түкірмекші болса, алдына және оң жағына түкірмесін. Сол жағына немесе сол аяғының астына түкірсін»,- деді.

35-бап. Намаз оқушы оң жағына түкірмесін!

403 - حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ بُكَيْرٍ قَالَ حَدَّثَنَا اللَّيْثُ عَنْ عَقِيلٍ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ حُمَيْدِ بْنِ عَبْدِ الرَّحْمَنِ أَنَّ أَبَا هُرَيْرَةَ وَأَبَا سَعِيدٍ أَخْبَرَاهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ رَأَى نُخَامَةً فِي حَائِطِ الْمَسْجِدِ فَتَنَاولَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ حَصَاةً فَحَكَّهَا ثُمَّ قَالَ إِذَا تَنَحَّمَ أَحَدُكُمْ فَلَا يَتَنَحَّمَنَّ قَبْلَ وَجْهِهِ وَلَا عَنْ يَمِينِهِ وَلْيَبْصُقْ عَنْ يَسَارِهِ أَوْ تَحْتَ قَدَمِهِ الْيُسْرَى

403 - Әбу Хурайра мен Әбу Саъид (р.а.) екеуі айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мешіттің қабырғасындағы сіңбірікті көріп, оны майда таспен қырып тазалады, кейін: «Егер біреулеріңіздің түкіргісі келсе, ешқашан алдына және оң жағына түкірмесін. Сол жағына немесе сол аяғының астына түкірсін!»,- деді.

404 - حَدَّثَنَا حَفْصُ بْنُ عُمَرَ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ قَالَ أَخْبَرَنِي قَتَادَةُ قَالَ سَمِعْتُ أَنَسَ بْنَ مَالِكٍ قَالَ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَا يَنْفُلَنَّ أَحَدُكُمْ بَيْنَ يَدَيْهِ وَلَا عَنْ يَمِينِهِ وَلَكِنْ عَنْ يَسَارِهِ أَوْ تَحْتَ رِجْلِهِ

404 - Қатада (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Біреулеріңіз алдына да, оң жағына да түкірмесін, ал бірақ та сол жағына немесе аяғының астына түкірсе болады»,- деп айтқанын Әнастан естідім»,- деді.

36-бап. Сол жағына немесе сол аяғының астына түкірсін!

405 - حَدَّثَنَا آدَمُ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ قَالَ حَدَّثَنَا قَتَادَةُ قَالَ سَمِعْتُ أَنَسَ بْنَ مَالِكٍ قَالَ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِنَّ الْمُؤْمِنَ إِذَا كَانَ فِي الصَّلَاةِ فَأَيَّمَا يُنَاجِي رَبَّهُ فَلَا يَبْزُقَنَّ بَيْنَ يَدَيْهِ وَلَا عَنْ يَمِينِهِ وَلَكِنْ عَنْ يَسَارِهِ أَوْ تَحْتَ قَدَمِهِ

405 - Қатада (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Мұғмин кісі намаз оқып жатқанда Раббысымен сөйлеседі (оған мінәжәт етеді), сол себепті алдына және оң жағына мүлде түкірмесін, сол жағына немесе аяғының астына түкірсін!», - деді.

406 - حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ حَدَّثَنَا الزُّهْرِيُّ عَنْ حُمَيْدِ بْنِ عَبْدِ الرَّحْمَنِ عَنْ أَبِي سَعِيدٍ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَبْصَرَ نُخَامَةً فِي قِبْلَةِ الْمَسْجِدِ فَحَكَّهَا بِحَصَاةٍ ثُمَّ نَهَى أَنْ يَبْزُقَ الرَّجُلُ بَيْنَ يَدَيْهِ أَوْ عَنْ يَمِينِهِ وَلَكِنْ عَنْ يَسَارِهِ أَوْ تَحْتَ قَدَمِهِ الْيُسْرَى وَعَنْ الزُّهْرِيِّ سَمِعَ حُمَيْدًا عَنْ أَبِي سَعِيدٍ نَحْوَهُ

406 - Әбу Саъид әл-Худрийдан (р.а.) риуаят болды: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мешіттің қыбла жағынан сіңбірікті көріп, оны майда таспен тазалап тастады. Кейін адамдарға алды жағы мен оң жақтарына түкірулеріне тиым салды. Бірақ та сол жағы мен сол аяқтарының астына түкіруден тимады», - деді.

әз-Зухрий Әбу Саъид айтып берген осы хадиске ұқсас хадисті Хумайдтан естіген екен.

37-бап. Мешітте түкіргеннің күнәсінің кешірімі

407 - حَدَّثَنَا آدَمُ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ قَالَ حَدَّثَنَا قَتَادَةُ قَالَ سَمِعْتُ أَنَسَ بْنَ مَالِكٍ قَالَ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ الْبُرَاقُ فِي الْمَسْجِدِ خَطِيئَةٌ وَكَفَّارُهَا دَفْنُهَا

407 - Қатада (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Мешітте түкіру - күнә, ал оның кешірімі - оны (түкірікті) көміп тастау», - деді.

38-бап. Мешіттегі түкірікті көму

408 - حَدَّثَنَا إِسْحَاقُ بْنُ نَصْرِ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الرَّزَّاقِ عَنْ مَعْمَرٍ عَنْ هَمَّامٍ سَمِعَ أَبَا هُرَيْرَةَ عَنْ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ إِذَا قَامَ أَحَدُكُمْ إِلَى الصَّلَاةِ فَلَا

يَبْصُقُ أَمَامَهُ فَإِنَّمَا يُنَاجِي اللَّهَ مَا دَامَ فِي مُصَلَّاهُ وَلَا عَنْ يَمِينِهِ فَإِنَّ عَنْ يَمِينِهِ مَلَكًا
وَلْيَبْصُقْ عَنْ يَسَارِهِ أَوْ تَحْتَ قَدَمِهِ فَيَدْفِنُهَا

408 - Хаммам (р.а.) риуаят етті: «Қайсы біріңіз намазда тұрсаңыз, алды жағыңызға түкірмеңіз, өйткені сіз Раббыңызбен сөйлесіп жатқандай боласыз. Ал, намазда тұрған екенсіз, оң жағыңызға да түкірмеңіз, өйткені оң жағыңызда періште болар. Сол жағына немесе сол аяғыңыздың астына түкіріп, содан кейін оны көміп тастаныз!»,- деді.

39-бап. Егер келіп қалған түкірікті қайта жұта алмаса, онда киімінің бір шетіне түкірсін

409 - حَدَّثَنَا مَالِكُ بْنُ إِسْمَاعِيلَ قَالَ حَدَّثَنَا زُهَيْرٌ قَالَ حَدَّثَنَا حُمَيْدٌ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ رَأَى نُخَامَةً فِي الْقِبْلَةِ فَحَكَّهَا بِيَدِهِ وَرُئِيَ مِنْهُ كَرَاهِيَةٌ أَوْ رُئِيَ كَرَاهِيَتُهُ لِذَلِكَ وَشِدَّتُهُ عَلَيْهِ وَقَالَ إِنَّ أَحَدَكُمْ إِذَا قَامَ فِي صَلَاتِهِ فَإِنَّمَا يُنَاجِي رَبَّهُ أَوْ رَبُّهُ بَيْنَهُ وَبَيْنَ قِبْلَتِهِ فَلَا يَبْزُقَنَّ فِي قِبْلَتِهِ وَلَكِنْ عَنْ يَسَارِهِ أَوْ تَحْتَ قَدَمِهِ ثُمَّ أَخَذَ طَرْفَ رِدَائِهِ فَبَزَقَ فِيهِ وَرَدَّ بَعْضَهُ عَلَى بَعْضٍ قَالَ أَوْ يَفْعَلُ هَكَذَا

409 - Әнас (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қыбла жақтағы қабырғадан сіңбірікті көріп, оны қырып тазалап тастады. Бұл көрініс Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) қатты батқандығы сонша, тіпті, жүзінен ренжігені білініп тұрды. Содан соң айтты: «Қайсы біріңіз намаз оқитын болса, ол Раббысымен сөйлесіп жатқандай болады. Раббысы оның алды жағы мен қыбла жағының арасында болады. Сол себепті мүлде қыбла жағына түкірмесін. Бірақ та сол жағына, әйтпесе сол аяғының астына түкірсе болады»,- деді. Кейін шапанының бір шетін ұстап, оған түкірді де, бүктеп қойды. (Тіптен болмаса осылай істеңіз дегені).

40-бап. Имамның намазды толық оқуы және қыбланы естен шығармау керектігі туралы жамағатқа уағыз айтуы

410 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ أَبِي الزِّنَادِ عَنِ الْأَعْرَجِ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ هَلْ تَرَوْنَ قِبْلَتِي هَا هُنَا فَوَاللَّهِ مَا يَخْفَى عَلَيَّ خُشُوعُكُمْ وَلَا رُكُوعُكُمْ إِنِّي لَأَرَاكُمْ مِنْ وَرَاءِ ظَهْرِي

410 - Әбу Хурайра (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Қыбланы көріп тұрсындар ма? Алла тағалаға ант етіп айтамын, сендердің

сәжделерің де, рүкүғтарың да маған жасырын емес, сендер менің арт жағымда тұрсаңдар да (не істеп жатқандарынды) көріп тұрамын»,- деді.

411 - حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ صَالِحٍ قَالَ حَدَّثَنَا فُلَيْحُ بْنُ سُلَيْمَانَ عَنْ هِلالِ بْنِ

عَلِيٍّ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ قَالَ صَلَّى بِنَا النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ صَلَاةً ثُمَّ رَفِيَ الْمِنْبَرَ فَقَالَ فِي الصَّلَاةِ وَفِي الرُّكُوعِ إِنِّي لَأَرَاكُمْ مِنْ وَرَائِي كَمَا أَرَاكُمْ

411 - Әнас (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бізбен бірге намаз оқыды. Содан соң мінберге шығып, намаз және оның рүкүндері (тіректері) туралы сөйлеп: «Мен сендерді алдымнан көргенімдей, арт (желке) жағымнан да көремін»,- деді.

41-бап. Пәлен қауымның мешіті деп айту дұрыс па?

412 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ نَافِعٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ

بْنِ عُمَرَ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ سَابَقَ بَيْنَ الْخَيْلِ الَّتِي أُضْمِرَتْ مِنْ الْحَفِيَاءِ وَأَمْدَهَا تَنِيَّةُ الْوَدَاعِ وَسَابِقَ بَيْنَ الْخَيْلِ الَّتِي لَمْ تُضْمَرْ مِنَ التَّنِيَّةِ إِلَى مَسْجِدِ بَنِي زُرَيْقٍ وَأَنَّ عَبْدَ اللَّهِ بْنَ عُمَرَ كَانَ فِيْمِنْ سَابِقَ بِهَا

412 - Абдулла ибн Омар (р.а.) айтты: «Бір күні Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) суытылған аттармен әл-Хафия деген жерден Сәнийаат ул-Уадағ деген жерге дейін суытылмаған (жаратылмаған) аттардың арасында Сәнийат ул Уадағтан Бәни Зұрайқ мешітіне дейін бәйге жарыстыруды бұйырды»,- деді. Бәйгешілер арасында Абдулла ибн Омар да бар болатын.

42-бап.

413 - قَالَ أَبُو عَبْدِ اللَّهِ الْقِنُؤُ الْعِدْقُ وَالْبَائِثَانُ قِنُؤَانُ وَالْجَمَاعَةُ أَيْضًا قِنُؤَانُ

مِثْلَ صِنُؤٍ وَصِنُؤَانٍ وَقَالَ إِبْرَاهِيمُ يَعْنِي ابْنَ طَهْمَانَ عَنْ عَبْدِ الْعَزِيزِ بْنِ صُهَيْبٍ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ قَالَ أَتَيْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِمَالٍ مِنَ الْبَحْرَيْنِ فَقَالَ انْتَرُوهُ فِي الْمَسْجِدِ وَكَانَ أَكْثَرَ مَالٍ أَتَيْتُ بِهِ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَخَرَجَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِلَى الصَّلَاةِ وَلَمْ يَلْتَفِتْ إِلَيْهِ فَلَمَّا قَضَى الصَّلَاةَ جَاءَ فَجَلَسَ إِلَيْهِ فَمَا كَانَ يَرَى أَحَدًا إِلَّا أَعْطَاهُ إِذْ جَاءَهُ الْعَبَّاسُ فَقَالَ يَا رَسُولَ اللَّهِ أَعْطِنِي فَإِنِّي قَادَيْتُ نَفْسِي وَقَادَيْتُ عَقِيلًا فَقَالَ لَهُ رَسُولُ اللَّهِ

صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ خُذْ فَحْتًا فِي تَوْبِهِ ثُمَّ ذَهَبَ يُقْلَهُ فَلَمْ يَسْتَطِعْ فَقَالَ يَا رَسُولَ اللَّهِ أَوْمُرْ بَعْضَهُمْ بِرَفْعِهِ إِلَيَّ قَالَ لَا قَالَ فَارْفَعُهُ أَنْتَ عَلَيَّ قَالَ لَا فَفَنَّتَرَ مِنْهُ ثُمَّ ذَهَبَ يُقْلَهُ فَقَالَ يَا رَسُولَ اللَّهِ أَوْمُرْ بَعْضَهُمْ بِرَفْعِهِ عَلَيَّ قَالَ لَا قَالَ فَارْفَعُهُ أَنْتَ عَلَيَّ قَالَ لَا فَفَنَّتَرَ مِنْهُ ثُمَّ احْتَمَلَهُ فَأَلْقَاهُ عَلَى كَاهِلِهِ ثُمَّ انْطَلَقَ فَمَا زَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَثْبَعُهُ بَصْرَهُ حَتَّى خَفِيَ عَلَيْنَا عَجَبًا مِنْ حِرْصِهِ فَمَا قَامَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَتَمَّ مِنْهَا دِرْهَمٌ

413 - Энас (р.а.) айтты: «Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) Бахрейіннен мал-дүние (алтын-күміс) келтірілді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оны мешіттің ішіне төгіндер», - деп бұйырды. Бұл Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) бұрынырақта жіберілген дүние-мүлікке (алтын-күміс) қарағанда көбірек еді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) үйіліп жатқан ақша-дүние жаққа қарамастан, намазға шықты. Намазды оқып бітіргеннен кейін ғана мал-дүниенің қасына келіп отырып, оны көзіне көрінгендердің бәріне үлестіре бастады. Сол кезде Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) жанына әл-Аббас келіп айтты: «О, Алланың елшісі, маған да бір нәрсе берсеңіз, өйткені мен (Бәдір соғысында) өзіме және інім Ғақил үшін фидия берген болатынмын», - деді.

Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Алыңыз!», - деді. Сода Аббас (р.а.) шапанына толтырып күмістен салды. Кейін кетер кезде оны көтере алмады. Сонда ол: «Я Расулулла, біреуіне айтсаңыз, оны көтеріп менің арқама салып жіберсін!», - деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Жоқ!», - деді. Сонда Аббас: «Онда өзіңіз көтерісіп жіберіңіз!», - деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Жоқ», - деді. Сол кезде Аббас алған дүниесінің бір бөлігін қайтадан төгіп, қалғанын көтеріп еді, тағы да көтере алмады. Содан ол қайтадан: «О, Алланың елшісі, біреуіне айтсаңыз, мынаны көтеріп, арқама салып жіберсін!», - деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Жоқ!», - деді. Аббас тағы да: «Онда өзіңіз көтерісіп жіберіңіз!», - деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Жоқ!», - деді. Осыдан кейін Аббасқа күмістің тағы бір бөлігін төгіп тастауына тура келді. Содан кейін ғана Аббас иығына көтеріп, арқалап алып шығып кетті. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Аббастың мал-дүниеге (ақшаға) көрсе қызарлық еткеніне қайран қалып, көзіне көрінбей кеткеніне дейін оның артынан қарап тұрды. Ал, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) дүние-мүлік ақшаның барлығының ең соңғы дирхемін таратып бергенге дейін орнынан қозғалмады.

43-бап

414 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ إِسْحَاقَ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ أَبِي طَلْحَةَ سَمِعَ أَنَسًا قَالَ وَجَدْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي الْمَسْجِدِ مَعَهُ

نَاسٌ فَفَمْتُ فَقَالَ لِي أَرْسَلَكْ أَبُو طَلْحَةَ فَأُتِ نَعَمْ فَقَالَ لَطَعَامٍ فَأُتِ نَعَمْ فَقَالَ لِمَنْ مَعَهُ
فَوْمُوا فَأَنْطَلَقَ وَأَنْطَلَقْتُ بَيْنَ أَيْدِيهِمْ

414 - Исхақ ибн Абдуллаға Әнас (р.а.) айтып берген екен: «Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) мешітте бір топ жамағаттардың арасынан таптым да, қасына бардым. Сонда маған: «Сені Әбу Талха жіберді ме?»,- деп сұрады. Мен: «Иә»,- дедім. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Тамаққа ма?»,- деді. Мен: «Иә»,- дедім. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қасындағы кісілерге: «Тұрыңыздар, кеттік»,- деп орнынан тұрды. Мен де олармен бірге бардым.

44-бап. Ер мен әйелдің арасына мешітте қазылық ету және бір-біріне лағынет айтқызу

415 - حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ مُوسَى قَالَ أَخْبَرَنَا عَبْدُ الرَّزَّاقِ قَالَ أَخْبَرَنَا ابْنُ جُرَيْجٍ قَالَ أَخْبَرَنِي ابْنُ شِهَابٍ عَنْ سَهْلِ بْنِ سَعْدٍ أَنَّ رَجُلًا قَالَ يَا رَسُولَ اللَّهِ أَرَأَيْتَ رَجُلًا وَجَدَ مَعَ امْرَأَتِهِ رَجُلًا أَيَقْتُلُهُ فَنَلَّأَعْنَا فِي الْمَسْجِدِ وَأَنَا شَاهِدٌ

415 - Саһл ибн Сағд (р.а.) айтты: «Бір кісі: «Я Расулулла егерде бір кісі өзінің әйелімен басқа бір бөтен еркектің жатқанын көрсе, оны өлтіреді ме?»,- деп сұрады. Осы кісі мен әйелі мешітте бір-біріне лағынет айтты. (яғни, әр қайсы өз дәлелін айтып, «Егер жалған сөйлесем, маған Алланың лағнеті болсын!»,- десті. Мен оған куәмін»,- деді.

45-бап. Шақырған біреудің үйіне барса, оның үйінің таза әлде лас екенін көрмей, намазын өзі қалаған жерде оқи береді ме әлде үйдің иесі көрсеткен жерде оқиды ма?

416 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مَسْلَمَةَ قَالَ حَدَّثَنَا إِبْرَاهِيمُ بْنُ سَعْدٍ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ مَحْمُودِ بْنِ الرَّبِيعِ عَنْ عِثْبَانَ بْنِ مَالِكٍ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَتَاهُ فِي مَنْزِلِهِ فَقَالَ أَيْنَ نُحِبُّ أَنْ أُصَلِّيَ لَكَ مِنْ بَيْتِكَ قَالَ فَأَشْرَفْتُ لَهُ إِلَى مَكَانٍ فَكَبَّرَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَصَفَّقْنَا خَلْفَهُ فَصَلَّى رَكَعَيْنِ

416 - Ғұтбан ибн Мәлік (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) менің үйіме келді де, былай деді: «Үйіңнің қай жерінде намаз оқығанымды қалайсың?»,- деді. Мен Пайғамбарымызға бір жерді көрсеттім. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) тәкбір айтып, намаз оқи бастады. Біз артында сапқа тұрып ұйыдық. Ол кісі екі рәкат намаз оқыды»,- деді.

46-бап. Үйлерді (мешіт) сияқты намаз оқитын жерге
айналдырып алу туралы

الْبِرَاءُ بْنُ عَازِبٍ فِي مَسْجِدِهِ فِي دَارِهِ جَمَاعَةً

Барра ибн Азиб (р.а.) өз ауласындағы мешітінде жамағатпен намаз оқыды.

417 - حَدَّثَنَا سَعِيدُ بْنُ عَفِيرٍ قَالَ حَدَّثَنِي اللَّيْثُ قَالَ حَدَّثَنِي عُقَيْلٌ عَنْ ابْنِ

شِهَابٍ قَالَ أَخْبَرَنِي مَحْمُودُ بْنُ الرَّبِيعِ الْأَنْصَارِيُّ أَنَّ عَثْبَانَ بْنَ مَالِكٍ وَهُوَ مِنْ أَصْحَابِ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مِمَّنْ شَهِدَ بَدْرًا مِنَ الْأَنْصَارِ أَنَّهُ أَتَى رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ يَا رَسُولَ اللَّهِ قَدْ أَتَيْتُ بِبَصْرِي وَأَنَا أَصْلِي لِقَوْمِي فَإِذَا كَانَتْ الْأَمْطَارُ سَالَ الْوَادِي الَّذِي بَيْنِي وَبَيْنَهُمْ لَمْ أُسْتَطِعْ أَنْ أَتِيَ مَسْجِدَهُمْ فَأَصَلِّيَ بِهِمْ وَوَدِدْتُ يَا رَسُولَ اللَّهِ أَنَا أَتَيْتُ فِي بَيْتِي فَأَتَيْتُهُ مُصَلِّيًّا قَالَ فَقَالَ لَهُ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ سَأَفْعَلُ إِنْ شَاءَ اللَّهُ قَالَ عَثْبَانُ فَعَدَا رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَأَبُو بَكْرٍ حِينَ ارْتَفَعَ النَّهَارُ فَاسْتَأْذَنَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَأَذِنْتُ لَهُ فَلَمْ يَجْلِسْ حَتَّى دَخَلَ الْبَيْتَ ثُمَّ قَالَ أَيْنَ تُحِبُّ أَنْ أُصَلِّيَ مِنْ بَيْتِكَ قَالَ فَأَشْرَفْتُ لَهُ إِلَى نَاحِيَةِ مِنَ الْبَيْتِ فَقَامَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَكَبَّرَ فَفَعَّمْنَا فَصَفَّنَا فَصَلَّى رَكَعَيْنِ ثُمَّ سَلَّمَ قَالَ وَحَبَسْنَا عَلَى خَزِيرَةٍ صَنَعْنَاهَا لَهُ قَالَ فَأَبَى فِي الْبَيْتِ رَجُلًا مِنْ أَهْلِ الدَّارِ ذُوو عَدَدٍ فَاجْتَمَعُوا فَقَالَ قَائِلٌ مِنْهُمْ أَيْنَ مَالِكُ بْنُ الدُّخَيْشِنِ أَوْ ابْنُ الدُّخَيْشِنِ فَقَالَ بَعْضُهُمْ ذَلِكَ مُنَافِقٌ لَا يُحِبُّ اللَّهَ وَرَسُولَهُ فَقَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَا تَقُلْ ذَلِكَ أَلَا تَرَاهُ قَدْ قَالَ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ يُرِيدُ بِذَلِكَ وَجْهَ اللَّهِ قَالَ اللَّهُ وَرَسُولُهُ أَعْلَمُ قَالَ فَإِنَّا نَرَى وَجْهَهُ وَنَصِيحَتَهُ إِلَى الْمُنَافِقِينَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَإِنَّ اللَّهَ قَدْ حَرَّمَ عَلَى النَّارِ مَنْ قَالَ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ يَتَّبِعِي بِذَلِكَ وَجْهَ اللَّهِ قَالَ ابْنُ شِهَابٍ ثُمَّ سَأَلْتُ الْحُصَيْنَ بْنَ مُحَمَّدٍ الْأَنْصَارِيَّ وَهُوَ أَحَدُ بَنِي سَالِمٍ وَهُوَ مِنْ سَرَاتِهِمْ عَنْ حَدِيثِ مَحْمُودِ بْنِ الرَّبِيعِ الْأَنْصَارِيِّ فَصَدَّقَهُ بِذَلِكَ

417 - Махмуд ибн әр-Рабиғ (р.а.) риуаят етті: «Ғұтбан ибн Мәлік - Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) Бәдір соғысына бірге қатысқан ансарлардан болған Сахабасы еді. Ол Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) келіп: «Я Расулулла, көзімнің көруі нашарлады, мен өз қауымыммен намаз оқимын. Жаңбыр жауғанда менің үйім мен қауымымның арасындағы құрғақ жерде су жиналып, олардың мешітіне барып, намаз оқып бере алмай жатырмын. Я Расулулла, сізден өтінемін, менің үйіме барып, намаз оқысаңыз, мен сол жерді өзіме намаз оқитын жер етіп алайын», - деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оған: «Иншалла, солай етермін», - деді. Ғұтба айтты: «Пайғамбарымыз бен (с.ғ.с.) Әбу Бәкір Сыддық (р.а.) ертеменен күн біраз көтерілгеннен кейін келді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) үйге кіруге рұқсат сұрады. Оларды үйге кіргіздім. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) үйге кіргеннен соң отырмастан: «Үйіңнің қай жеріне намаз оқып беруімді қалайсың?», - деді Мен үйімнің бір жерін Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) көрсеттім. Ол кісі сол жерде намазға тәкбір тахрима айтты. Біз арт жағында сапқа тұрып ұйыдық, екі рәкат намаз оқып, кейін сәлем берді. Біз Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) арнайы өзіне дайындалған «Хазира» деген тамақтан дәм татып кетуін өтіндік. Соның арасында Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) келіпті деп өзімнің туыскандарымнан біраз адам жиналып қалды. Олардың бірі «Мәлік ибн Дұхшин қайда?», - деді. Сонда біреу: «Ол - Мунафиқ, Алланы және оның елшісін жақсы көрмейді», - деді. Бұл сөзді естіп қалған Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Олай деменіз, ол Алланың разылығын тілеп, «Лә иләһа илла алла», - деді ғой, білмей тұрсыз ба?», - деді. Ол адам: «Алла және оның елшісі жақсы біледі», - дей отырып: «Бірақ та оның Мунафиқтарға көмектесіп, ақыл айтқанын көреміз», - деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Алланың ризалығын тілеп, Лә иләһа илла алла», - деп айтқан кісіге Алла тағала тозақ отын харам етер», - деді.

Ибн Шихаб әз-Зухрий (р.а.) айтты: «Кейін осы хадисті әл-Хусейн ибн Мұхаммедтен сұрадым. Ол Бәний Сәлім қауымының қадірлі кісілерінің бірі бола тұрып, осы хадисті растады», - деді.

47-бап. Мешітке және басқа жерлерге оң аяқпен кіру туралы

وَكَانَ ابْنُ عُمَرَ يَبْدَأُ بِرِجْلِهِ الْيُمْنَى فَإِذَا خَرَجَ بَدَأُ بِرِجْلِهِ الْيُسْرَى

Ибн Омар (р.а.) мешітке оң аяқпен кіріп, сол аяқпен шығатын.

418 - حَدَّثَنَا سُلَيْمَانُ بْنُ حَرْبٍ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ الْأَشْعَثِ بْنِ سُلَيْمٍ عَنْ

أَبِيهِ عَنْ مَسْرُوقٍ عَنْ عَائِشَةَ قَالَتْ كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُحِبُّ التَّيْمَانَ
مَا اسْتَطَاعَ فِي شَأْنِهِ كُلِّهِ فِي طُهُورِهِ وَتَرَجُّلِهِ وَتَعَلُّهِ

418 - Айша анамыз (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) барлық істі амалы барынша оң жағынан бастауды жақсы көретін», - деді. (дәрет алғанда, шаш тарағанда, аяқ киім кигенде).

48-бап. Жаһили кездегі (исламнан бұрынғы кез) мүшіріктердің қабірін бұзып орнына мешіт салса, болады ма?

لِقَوْلِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَعَنَ اللَّهُ الْيَهُودَ اتَّخَذُوا قُبُورَ أَنْبِيَائِهِمْ مَسَاجِدَ وَمَا يُكْرَهُ مِنَ الصَّلَاةِ فِي الْقُبُورِ

Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Яһудилерге Алланың лағнеті болсын!. Олар өз Пайғамбарларының қабірлерін мешітке айналдырды», - дегеніне байланысты қабірлердің үстіне және айналасына намаз оқудың мәкрұх екендігі туралы.

وَرَأَى عُمَرُ بْنُ الْخَطَّابِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَسَ بْنَ مَالِكٍ يُصَلِّي عِنْدَ قَبْرِ فَقَالَ الْقَبْرَ الْقَبْرَ وَلَمْ يَأْمُرْهُ بِالْإِعَادَةِ

Хазреті Омар (р.а.), Әнас ибн Мәліктің қабірдің алдында намаз оқып жатқанын көріп: «Ей, бұның дұрыс емес, бұл қабір ғой!», - деді, бірақ намазын қайтадан оқуды бұйырмады.

419 - حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ الْمُثَنَّى قَالَ حَدَّثَنَا يَحْيَى عَنْ هِشَامٍ قَالَ أَخْبَرَنِي أَبِي عَنْ عَائِشَةَ أُمِّ الْمُؤْمِنِينَ أَنَّ أُمَّ حَبِيبَةَ وَأُمَّ سَلَمَةَ ذَكَرْنَا كَنِيْسَةَ رَأَيْنَاهَا بِالْحَبَشَةِ فِيهَا تَصَاوِيرُ فَذَكَرْنَا لِلنَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ إِنَّ أَوْلِيكَ إِذَا كَانَ فِيهِمُ الرَّجُلُ الصَّالِحُ فَمَاتَ بَنَوْا عَلَى قَبْرِهِ مَسْجِدًا وَصَوَّرُوا فِيهِ تِلْكَ الصُّورَ فَأَوْلِيكَ شِرَارُ الْخَلْقِ عِنْدَ اللَّهِ يَوْمَ الْقِيَامَةِ

419 - Айша анамыз (р.а.) айтты: «Үмму Хабиба мен Үмму Сәлама Хабашстанда (Эфиопия) өздері көрген шіркеу мен оның ішіндегі әртүрлі салынған суреттерін еске алып, сөйлесіп отырды. Содан соң бұл туралы Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) айтты. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Егерде олардың арасынан бір құрметті адам өлсе, оның қабірінің үстіне мешіт салып, сол суреттермен әшекейлеп салады. Олар қиямет күні Алла тағаланың алдында ең жаман халық болады», - деді.

420 - حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْوَارِثِ عَنْ أَبِي النَّيَّاحِ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ قَالَ قَالَ قَدِمَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ الْمَدِينَةَ فَنَزَلَ أَعْلَى الْمَدِينَةِ فِي حَيٍّ يُقَالُ لَهُمْ بَنُو عَمْرٍو بْنِ عَوْفٍ فَأَقَامَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِيهِمْ أَرْبَعَ عَشْرَةَ لَيْلَةً ثُمَّ أُرْسِلَ إِلَى بَنِي النَّجَّارِ فَجَاءُوا مُنْقَلِدِي السُّيُوفِ كَأَنِّي أَنْظِرُ إِلَى النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ

عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَلَى رَاحِلَتِهِ وَأَبُو بَكْرٍ رَدَفُهُ وَمَلَأَ بَنِي النَّجَّارِ حَوْلَهُ حَتَّى أُلْقِيَ بِفِنَاءِ أَبِي أَيُّوبَ وَكَانَ يُحِبُّ أَنْ يُصَلِّيَ حَيْثُ أَدْرَكَتُهُ الصَّلَاةُ وَيُصَلِّيَ فِي مَرَابِضِ الْغَنَمِ وَأَنَّهُ أَمَرَ بِنَاءِ الْمَسْجِدِ فَأَرْسَلَ إِلَى مَلَأٍ مِنْ بَنِي النَّجَّارِ فَقَالَ يَا بَنِي النَّجَّارِ تَأْمِنُونِي بِحَائِطِكُمْ هَذَا قَالُوا لَا وَاللَّهِ لَا نَطْلُبُ ثَمَنَهُ إِلَّا إِلَى اللَّهِ فَقَالَ أَنَسٌ فَكَانَ فِيهِ مَا أَقُولُ لَكُمْ فُبُورُ الْمُشْرِكِينَ وَفِيهِ خَرِبٌ وَفِيهِ نَخْلٌ فَأَمَرَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِفُبُورِ الْمُشْرِكِينَ فَنُبِشَتْ ثُمَّ بِالْخَرِبِ فَسُوِّيَتْ وَبِالنَّخْلِ فَقُطِعَ فَصَفُّوا النَّخْلَ قِبَلَةَ الْمَسْجِدِ وَجَعَلُوا عِضَادَتَيْهِ الْحِجَارَةَ وَجَعَلُوا يَنْفُلُونَ الصَّخْرَ وَهُمْ يَرْتَجِزُونَ وَالنَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَعَهُمْ وَهُوَ يَقُولُ اللَّهُمَّ لَا خَيْرَ إِلَّا خَيْرُ الْآخِرَةِ فَاعْفُورٌ لِلْأَنْصَارِ وَالْمُهَاجِرَةِ

420 - Энас ибн Мәлік (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Мединеге келгеннен кейін Мединенің жоғарғы бөлігіндегі Бәну Әмр ибн Ауф қауымының тұратын жеріне келіп түсті. Олардың арасында Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) он төрт күн тұрды. Кейін Бәну Нәжжарға адам жіберді. Олар қылыштарын тағынып, дайындалып келді. Қазірдің өзінде де дәл көз алдымда, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) түйесінің үстінде отыр. Әбу Бәкір болса арт жағына мінгесіп алыпты, айнала толған Бәну Нәжжарлықтар, тіптен, Әбу Аюб даласына сыймай кеткен. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) намаз уақыты қай жерде тура кеп қалса, сол жерде намаз оқуды жақсы көретін. Тіптен қой қорада да оқи беретін. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мешіт салуды бұйырып, Бәну Нәжжар қауымына адам жіберді. Олар келген соң «Ей, Бәни Нәжжар, маған мына жерлеріңді (қоршалған аула) сатыңыз!»,- деді. Олар: «Жоқ, Аллаға ант етіп айтамыз, оның ақысын Алла тағаладан сұраймыз, Алла жолында береміз»,- десті.

Энас (р.а.) айтты: «Ол жерде мүшіріктердің қабірі, үйінділер мен құрма ағаштары бар болатын. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) бұйрығымен мүшіріктердің қабірлері тегістелді. Үйінділерді жермен бірдей қылып түзеттірді. Ал, құрма ағаштарын кесуге бұйырды және өзі де кесісті. Құрма ағаштары болашақ мешіттің қыбла жағына қойылды. Адамдар мешіт қабырғасына арнап тас теріп, өре бастады. Олар бәйіт (өлең шумақтарын) айтып, тас таситын. Пайғамбарымыз да (с.ғ.с.) олармен бірге жұмыс істейтін. Әрқашан: «Ахирет жақсылығынан басқа жақсылық жоқ, мұхажирлер мен ансарларды кешіргейсің!»,- дейтін.

49- бап. Қой қораларда намаз оқудың үкімі

421 - حَدَّثَنَا سُلَيْمَانُ بْنُ حَرْبٍ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ أَبِي التَّيَّاحِ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ قَالَ كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُصَلِّي فِي مَرَابِضِ الْغَنَمِ ثُمَّ سَمِعْتُهُ بَعْدُ يَقُولُ كَانَ يُصَلِّي فِي مَرَابِضِ الْغَنَمِ قَبْلَ أَنْ يُبْنَى الْمَسْجِدُ

421 - Әбу Таийахтан (р.а.) риуаят болды: «Әнас (р.а.) айтты. «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қой қораларда да намаз оқитын», - деді.

Кейіннен оның «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мешіт салынбаған уақытта қой қораларда да намаз оқитын еді», - дегенін де естігенмін», - деді.

50-бап. Түйе қораларда намаз оқудың үкімі

422 - حَدَّثَنَا صَدَقَةُ بْنُ الْفَضْلِ قَالَ أَخْبَرَنَا سُلَيْمَانُ بْنُ حَيَّانَ قَالَ حَدَّثَنَا عُبَيْدُ اللَّهِ عَنْ نَافِعٍ قَالَ رَأَيْتُ ابْنَ عُمَرَ يُصَلِّي إِلَى بَعِيرِهِ وَقَالَ رَأَيْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَفْعَلُهُ

422 - Нафиғ (р.а.) айтты: «Ибн Омар жүзін түйесі жаққа қаратып намаз оқып жатқанын көрдім. Пайғамбарымыздың да (с.ғ.с.) солай істегенін көргенмін», - деді. (Түйе қыбла жағында тоспа белгі болып тұрған).

51-бап. Алдында таңдыр пеш немесе от сияқты әр нәрсеге сыйнбай, тек Алла тағаланы назарына ұстап намаз оқыған кісі туралы

قَالَ الزُّهْرِيُّ أَخْبَرَنِي أَنَسُ بْنُ مَالِكٍ قَالَ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عُرِضَتْ عَلَيَّ النَّارُ وَأَنَا أُصَلِّي

Әнас (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Мен намаз оқып жатқанымда көзіме тозақ оты көрсетілді», - деп айтты».

423 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مَسْلَمَةَ عَنْ مَالِكٍ عَنْ زَيْدِ بْنِ أَسْلَمَ عَنْ عَطَاءِ بْنِ يَسَارٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَبَّاسٍ قَالَ انْخَسَفَتِ الشَّمْسُ فَصَلَّى رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ ثُمَّ قَالَ أَرَيْتُ النَّارَ فَلَمْ أَرَ مِنْظَرًا كَالْيَوْمِ قَطُّ أَفْطَعُ

423 - Абдулла ибн Аббас (р.а.) айтты: «Бірде күн тұтылды, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) намаз оқыды. Кейін: «Намаз оқып жатқанымда

маған тозақ оты көрсетілді. Бүгінгі күнге дейін бұндай қорқынышты көріністі көрген емеспін»,- деді.

52-бап. Қабірстанда намаз оқымау туралы

424 - حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا يَحْيَى عَنْ عُبَيْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ قَالَ أَخْبَرَنِي نَافِعٌ عَنْ ابْنِ عُمَرَ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ اجْعَلُوا فِي بُيُوتِكُمْ مِنْ صَلَاتِكُمْ وَلَا تَتَّخِذُوهَا فُيُورًا

424 - Ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Үйіңізде (нәпіл) намаз оқыңыз. Үйіңізді мазарға айналдырмаңыз!»,- деді.

53-бап. Адам қорлыққа ұшыраған жерлерде және азап жіберілген жерлерде намаз оқымау туралы

أَنَّ عَلِيًّا رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ كَرِهَ الصَّلَاةَ بِخَسْفِ بَابِلَ

Хазреті Әли (р.а.): «Бабылдағы адам қорланған жерде намаз оқудан тиды»,- деді.

425 - حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ حَدَّثَنِي مَالِكٌ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ دِينَارٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ لَا تَدْخُلُوا عَلَى هَؤُلَاءِ الْمُعَدَّبِينَ إِلَّا أَنْ تَكُونُوا بَاكِينَ فَإِنْ لَمْ تَكُونُوا بَاكِينَ فَلَا تَدْخُلُوا عَلَيْهِمْ لَا يُصِيبُكُمْ مَا أَصَابَهُمْ

425 - Абдулла ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Анау бір басына азап жіберілген қауымның жеріне кірмеңіз. Егер кірсеңіз, онда жылап кіріңіз. Егерде жылай алмасаңыз, кірмеңіз, өйткені олардың басына түскен қайғы-қиыншылық сенің де басыңа түспесін!»,- деді.

54-бап. Шіркеуде намаз оқудың үкімі

قَالَ عُمَرُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ إِنَّا لَا نَدْخُلُ كَنَائِسَكُمْ مِنْ أَجْلِ التَّمَائِيلِ الَّتِي فِيهَا الصُّورُ وَكَانَ ابْنُ عَبَّاسٍ يُصَلِّي فِي الْبَيْعَةِ إِلَّا بَيْعَةَ فِيهَا تَمَائِيلٌ

Омар (р.а.) айтты: «Біз сендердің шіркеулеріңе ондағы суреттердің себебінен кірмейміз»,- деді.

«Ибн Аббас (р.а.) суреті жоқ шіркеуде намаз оқитын. Егерде суреті болса, онда оқымайтын».

426 - حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ سَلَامٍ قَالَ أَخْبَرَنَا عَبْدُهُ عَنْ هِشَامِ بْنِ عُرْوَةَ عَنْ أَبِيهِ

عَنْ عَائِشَةَ أَنَّ أُمَّ سَلَمَةَ ذَكَرَتْ لِرَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَنِيْسَةَ رَأَتْهَا بِأَرْضِ الْحَبَشَةِ يُقَالُ لَهَا مَارِيَةُ فَذَكَرَتْ لَهُ مَا رَأَتْ فِيهَا مِنَ الصُّورِ فَقَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَوْلَيْكَ قَوْمٌ إِذَا مَاتَ فِيهِمُ الْعَبْدُ الصَّالِحُ أَوْ الرَّجُلُ الصَّالِحُ بَنَوْا عَلَى قَبْرِهِ مَسْجِدًا وَصَوَّرُوا فِيهِ تِلْكَ الصُّورَ أَوْلَيْكَ شِرَارُ الْخَلْقِ عِنْدَ اللَّهِ

426 - Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Үмму Сәләма Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) Хабашстанда (Эфиопия) көрген Мәрия шіркеуі және оның ішіндегі суреттер туралы айтып берді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Олар сондай бір қауым, егерде араларынан бір құрметті адамы өлсе, оның қабірінің үстіне мешіт салып, оған сол суреттерді әшекейлеп салады. Олар Алла тағаланың алдында ең жаман халық болып есептеледі», - деді.

55-бап.

427 - حَدَّثَنَا أَبُو الْيَمَانِ قَالَ أَخْبَرَنَا شُعَيْبٌ عَنْ الزُّهْرِيِّ أَخْبَرَنِي عَبْدُ اللَّهِ

بْنُ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُنَيْبَةَ أَنَّ عَائِشَةَ وَعَبْدَ اللَّهِ بْنَ عَبَّاسٍ قَالَا لَمَّا نَزَلَ بِرَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ طَفِقَ يَطْرَحُ خَمِيصَةَ لَهُ عَلَى وَجْهِهِ فَإِذَا اغْتَمَّ بِهَا كَشَفَهَا عَنْ وَجْهِهِ فَقَالَ وَهُوَ كَذَلِكَ لَعْنَةُ اللَّهِ عَلَى الْيَهُودِ وَالنَّصَارَى اتَّخَذُوا قُبُورَ أَنْبِيَائِهِمْ مَسَاجِدَ يُحَدِّثُونَ مَا صَنَعُوا

427 - Айша анамыз бен Абдулла ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Алла тағаланың алдына баратын кез жақындағанда мүбәрак жүзін гүлді матамен жапты, кейін ыстықтап кеткен соң ашып тастады. Сондай халде бола тұрып: «Яһудилер мен Насараларға Алла тағаланың лағнеті болсын!. Олар Пайғамбарларының қабірлерін мешіт қылып алған», - деді. (Пайғамбарымыз ғ.с. осы хадисі арқылы өз үмбеттерін яһуди мен насаралардың істегендерін істеуден аулақ болу керектігін меңзеп тұр,- дейді хадисші).

428 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مَسْلَمَةَ عَنْ مَالِكٍ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ سَعِيدِ بْنِ الْمُسَيَّبِ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ قَاتِلَ اللَّهُ الْيَهُودَ اتَّخَذُوا قُبُورَ أَنْبِيَائِهِمْ مَسَاجِدَ

428 - Әбу Хурайра (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Алла тағала яһудилерге лағынет айтты! Олар Пайғамбарларының қабірлерін мешіт етіп алған», - деді

56-бап. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) «Жер маған сәжде мен дәрет құралы етіп берілді»,- дегені туралы.

429 - حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ سِنَانَ قَالَ حَدَّثَنَا هُشَيْمٌ قَالَ حَدَّثَنَا سَيَّارٌ هُوَ أَبُو الْحَكَمِ قَالَ حَدَّثَنَا يَزِيدُ الْفَقِيرُ قَالَ حَدَّثَنَا جَابِرُ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أُعْطِيتُ خَمْسًا لَمْ يُعْطَهُنَّ أَحَدٌ مِنَ الْأَنْبِيَاءِ قَبْلِي نُصِرْتُ بِالرُّعْبِ مَسِيرَةَ شَهْرٍ وَجُعِلَتْ لِي الْأَرْضُ مَسْجِدًا وَطَهُورًا وَأَيُّمَا رَجُلٍ مِنْ أُمَّتِي أَدْرَكْتُهُ الصَّلَاةَ فَلْيُصَلِّ وَأَحِلَّتْ لِي الْعَنَائِمُ وَكَانَ النَّبِيُّ يُبْعَثُ إِلَى قَوْمِهِ خَاصَّةً وَبُعِثْتُ إِلَى النَّاسِ كَافَّةً وَأُعْطِيتُ الشَّفَاعَةَ

429 - Жәбир ибн Абдулла (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Алла тағала маған бұрынғы Пайғамбарлардың бірде-біреуіне бермеген бес түрлі қасиет берді.

- 1) Бір айлық жерде тұрғанымның өзінде дұшпандарымның жүрегіне қорқыныш салып, оларды қатты қобалжытамын.
- 2) Бүтін жер жүзі маған жайнамаз етіп берілді. Үмбетіме намаз уақыты қай жерде келсе, сол жерде намаз оқи берсін!
- 3) Соғыста алынған олжа маған халал етілді.
- 4) Барша Пайғамбар тек өз қауымына ғана Пайғамбар етіп жіберілді. Ал, мен барша адамзат баласына Пайғамбар болып жіберілдім.
- 5) Маған тағы да шапағат ету мүмкіндігі де берілді»,- деді.

57-бап. Әйел адамның мешітте ұйықтауы

430 - حَدَّثَنَا عُبَيْدُ بْنُ إِسْمَاعِيلَ قَالَ حَدَّثَنَا أَبُو أُسَامَةَ عَنْ هِشَامِ بْنِ عُرْوَةَ عَنْ أَبِيهِ عَنْ عَائِشَةَ أَنَّ وَابِدَةَ كَانَتْ سَوْدَاءَ لِحِيٍّ مِنَ الْعَرَبِ فَأَعْتَفَوْهَا فَكَانَتْ مَعَهُمْ قَالَتْ فَخَرَجَتْ صَبِيَّةً لَهُمْ عَلَيْهَا وَشَاحٌ أَحْمَرٌ مِنْ سُبُورٍ قَالَتْ فَوَضَعَتْهُ أَوْ

وَقَعَ مِنْهَا فَمَرَّتْ بِهِ حُدَيَّاهُ وَهُوَ مُلْقَى فَحَسِبْتَهُ لَحْمًا فَخَطِفَتْهُ قَالَتْ فَالْتَمَسُوهُ فَلَمْ يَجِدُوهُ قَالَتْ فَاتَّهَمُونِي بِهِ قَالَتْ فَطَفِقُوا يُفْتَشُونَ حَتَّى فَتَّشُوا فُبَلَّهَا قَالَتْ وَاللَّهِ إِنِّي لَقَائِمَةٌ مَعَهُمْ إِذْ مَرَّتْ الْحُدَيَّاهُ فَالْقَتْهُ قَالَتْ فَوَقَعَ بَيْنَهُمْ قَالَتْ فَقُلْتُ هَذَا الَّذِي اتَّهَمْتُونِي بِهِ زَعَمْتُمْ وَأَنَا مِنْهُ بَرِيئَةٌ وَهُوَ ذَا هُوَ قَالَتْ فَجَاءَتْ إِلَى رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَاسْأَلْتُمْ قَالَتْ عَائِشَةُ فَكَانَ لَهَا خِבَاءٌ فِي الْمَسْجِدِ أَوْ حِفْشٌ قَالَتْ فَكَانَتْ تَأْتِينِي فَتَحَدَّثُ عِنْدِي قَالَتْ فَلَا تَجْلِسُ عِنْدِي مَجْلِسًا إِلَّا قَالَتْ وَيَوْمَ الْوَشَّاحِ مِنْ أَعَاجِيبِ رَبَّنَا أَلَا إِنَّهُ مِنْ بَلَدَةِ الْكُفْرِ أَنْجَانِي قَالَتْ عَائِشَةُ فَقُلْتُ لَهَا مَا شَأْنُكَ لَا تَقْعُدِينَ مَعِيَ مَقْعَدًا إِلَّا قُلْتَ هَذَا قَالَتْ فَحَدَّثْتَنِي بِهِذَا الْحَدِيثِ

430 - Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Арап қауымдарының бірі қара нәсілді жас қызды құлдықтан азат етті. Ол азаттық алғаннан кейін де солармен бірге қалды. Сол қара қыз айтты: «Бір күні бір жас қыз үйінен ойнауға шықты. Оның қызыл түсті теріден жасалып, маржанмен апталған моншағы бар болатын. Ол моншақты жерге қойып қойды ма, әлде одан жерге түсіп қалды ма, әйтеуір сол кезде оның төбесіндегі ұшып жүрген қара құс келіп, қызыл моншақты ет екен деп іліп алып кетті. Адамдар жоғалған нәрсені іздеді, бірақ еш таба алмады. Содан кейін “сен ұрлап алдың” деп маған кінә тағып, менің кез-келген жерімді тінте бастады, тіптен, менің ұятты жерлеріме дейін қарап тексерді.

Содан соң қара қыз айтты: «Алла тағаламен ант етемін, мен олардың арасында сол күйімде тұрғанымда, біздің үстімізден сол баяғы қара құс ұшып жүріп, қызыл моншақты тура олардың ортасына түсіріп алды. Сонда мен оларға айттым: «Бағана сіздер маған “ұрлап алдың” деп жала жапқан нәрселерің, міне алдыларыңда жатыр, менің бұл күнәлі іске қатысым жоқ», - дедім.

Айша анамыз (р.а.) айтты: «Осыдан кейін ол қара нәсілді қыз Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдына келіп, ислам дінін қабылдады. Мешітте оның шатыры немесе кішкене ғана үйшігі бар болатын. Ол ылғи да маған келіп тұратын. Мен онымен сұхбаттасып отыратын едім. Моншақ оқиғасы болған күн Раббымыздың ғажайыптарынан, ол күн мені күпірлік әлемінен құтқарды», - деп қоятын. Бір күні мен: «Саған не болған өзі, менімен жолыққан сайын тек осы сөздерді қайталап айта бересің?», - дегенімде, ол осы болған оқиғаны айтып берген болатын», - деді.

58-бап. Мешітте ер кісілердің ұйықтауы туралы

عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ قَدِمَ رَهْطٌ مِنْ عُكْلٍ عَلَى النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَكَانُوا فِي الصُّقَّةِ وَقَالَ عَبْدُ الرَّحْمَنِ بْنُ أَبِي بَكْرٍ الصَّدِيقِ كَانَ أَصْحَابُ الصُّقَّةِ الْفُقَرَاءَ

Әнас (р.а.) айтты: «Ғүкл тайпасынан бір топ кісілер Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдына келді, олар Нәбәуи- мешітінде тұратын. Абдуррахман ибн Әбу Бәкір: «Саффада тұратын кісілер кедейлер еді»,- деді.

431 - حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا يَحْيَى عَنْ عُبَيْدِ اللَّهِ قَالَ حَدَّثَنِي نَافِعٌ قَالَ أَخْبَرَنِي عَبْدُ اللَّهِ بْنُ عُمَرَ أَنَّهُ كَانَ يَنَامُ وَهُوَ شَابٌّ أُعْزِبُ لَا أَهْلَ لَهُ فِي مَسْجِدِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

431 - Нафиғ (р.а.) айтты: «Абдулла ибн Омар жас кезінде Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) мешітінде жатып ұйықтап қалатын»,- деді.

432 - حَدَّثَنَا فُتَيْبَةُ بْنُ سَعِيدٍ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْعَزِيزِ بْنُ أَبِي حَازِمٍ عَنْ أَبِي حَازِمٍ عَنْ سَهْلِ بْنِ سَعْدٍ قَالَ جَاءَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بَيْتَ فَاطِمَةَ فَلَمْ يَجِدْ عَلِيًّا فِي الْبَيْتِ فَقَالَ أَيْنَ ابْنُ عَمِّكَ قَالَتْ كَانَ بَيْنِي وَبَيْنَهُ شَيْءٌ فَعَاضَبَنِي فَخَرَجَ فَلَمْ يَقُلْ عِنْدِي فَقَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لِإِنْسَانٍ انْظُرْ أَيْنَ هُوَ فَجَاءَ فَقَالَ يَا رَسُولَ اللَّهِ هُوَ فِي الْمَسْجِدِ رَاقِدٌ فَجَاءَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَهُوَ مُضْطَجِعٌ قَدْ سَقَطَ رِدَاؤُهُ عَنْ شِقِّهِ وَأَصَابَهُ ثُرَابٌ فَجَعَلَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَمْسَحُهُ عَنْهُ وَيَقُولُ فَمَ أَبَا ثُرَابٍ فَمَ أَبَا ثُرَابٍ

432 - Саһл ибн Сағд (р.а.) айтты: «Бірде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қызы Фатиманың үйіне келді. Күйеу баласы Әлиді үйінен таппады. Сонда Фатимаға: “Ағаңның ұлы қайда?»,- деп сұрады. Сонда Фатима: «Арамызда бір кикілжің болып еді, маған ашуланып шығып кетті. Намаздан кейін де демалған жоқ»,- деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қасындағы кісіге : «Сен іздеп қарашы, ол қайда екен»,- деді.Ол кісі біраз уақыттан кейін келіп: «Я Расулулла, ол мешітте ұйықтап жатыр екен»,- деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мешітке келді. Хазреті Әли болса, мешітте шапандары иығынан түсіп кеткен,иықтарына шаң топырақ жұққан хәлде

жатыр екен. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Әлидің үстіне жұққан топырақты қағып жатып: «Тұр я, Әбу тураб (яғни, тұр топырақтың әкесі!),»,- деді.

433 - حَدَّثَنَا يُونُسُ بْنُ عَيْسَى قَالَ حَدَّثَنَا ابْنُ فُضَيْلٍ عَنْ أَبِيهِ عَنْ أَبِي حَازِمٍ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ قَالَ لَقَدْ رَأَيْتُ سَبْعِينَ مِنْ أَصْحَابِ الصُّفَّةِ مَا مِنْهُمْ رَجُلٌ عَلَيْهِ رِذَاءٌ إِلَّا إِزَارٌ وَإِمَّا كِسَاءٌ قَدْ رَبَطُوا فِي أَعْنَاقِهِمْ فَمِنْهَا مَا يَبْلُغُ نِصْفَ السَّافِينِ وَمِنْهَا مَا يَبْلُغُ الْكَعْبَيْنِ فَيَجْمَعُهُ بِيَدِهِ كَرَاهِيَةً أَنْ تُرَى عَوْرَتُهُ

433 - Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Әһли суффа (мешітте жатып жүргендер) бірде жетпістей адамды көрдім, кейбіреулерінің киімі жоқ, не бір жапырақ матаны немесе көйлекті (кішкенелігінен) мойнына асып алған, кейбірінің балтырына дейін, кейбіреуінікі тобығына дейін жетпейді. «Әуретім көрініп қалмасын»,- деп ылғи қолдарымен киімдерін ұстап жүретін»,- деді.

59-бап. Сапардан келген соң оқылатын намаз

قَالَ كَعْبُ بْنُ مَالِكٍ كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا قَدِمَ مِنْ سَفَرٍ بَدَأَ بِالْمَسْجِدِ فَصَلَّى فِيهِ

Қағб ибн Мәлік (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сапардан келсе, ең әуелі мешітке кіріп намаз оқитын»,- деді.

434 - حَدَّثَنَا خَلَادُ بْنُ يَحْيَى قَالَ حَدَّثَنَا مِسْعَرٌ قَالَ حَدَّثَنَا مُحَارِبُ بْنُ دِينَارٍ عَنْ جَابِرِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ أَتَيْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَهُوَ فِي الْمَسْجِدِ قَالَ مِسْعَرٌ أَرَاهُ قَالَ صَلَّى فَقَالَ صَلَّى رَكَعَتَيْنِ وَكَانَ لِي عَلَيْهِ دَيْنٌ فَقَضَانِي وَزَادَنِي

434 – Жәбир ибн Абдулла риуаят етті: « Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдына келдім, ол кісі мешітте екен. Есімде сәске уақыты еді. Сонда Мисуар: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) маған: «Сапардан қайтып келіп тұрсың, (шүкірлігіне) екі рәкат намаз оқып ал!»,- деді. Кейін маған қарыз еді, оны да қайтарып, оған қоса сыйылық ақша қоса берді»,- деді.

60-бап. Кімде-кім мешітке кірсе, екі рәкат намаз оқысын!

435 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ عَمْرِو بْنِ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ الزُّبَيْرِ عَنْ عَمْرٍو بْنِ سُلَيْمِ الزُّرْقِيِّ عَنْ أَبِي قَتَادَةَ السَّلْمِيِّ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ إِذَا دَخَلَ أَحَدُكُمْ الْمَسْجِدَ فَلْيَرْكَعْ رَكَعَتَيْنِ قَبْلَ أَنْ يَجْلِسَ

435 - Әбу Қатада (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Сендердің біреулерің мешітке кіретін болса, отырмастан бұрын екі рәкат (нәпіл) намаз оқысын!», - деді.

61-бап. Мешікте дәрет сындыру туралы

436 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ أَبِي الزِّنَادِ عَنِ الْأَعْرَجِ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ الْمَلَائِكَةُ تُصَلِّي عَلَى أَحَدِكُمْ مَا دَامَ فِي مُصَلَّاهُ الَّذِي صَلَّى فِيهِ مَا لَمْ يُحْدِثْ تَقُولُ اللَّهُمَّ اغْفِرْ لَهُ اللَّهُمَّ ارْحَمْهُ

436 - Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Қайсы бірің намаз оқысаңыз, періштелер сіз үшін истиғфар айтып тұрар, олай болса (намаз уақытында мешітке дәрет сындырмаңыз!). Періштелер айтар: «Я Раббым, бұл кісінің күнәларын кешіре гөр, Я Раббым, бұл кісіге рахым ет!-деп тұрар», - деді.

62-бап. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) мешітінің салынуы туралы

قَالَ أَبُو سَعِيدٍ كَانَ سَقْفُ الْمَسْجِدِ مِنْ جَرِيدِ النَّخْلِ وَأَمَرَ عُمَرُ بِنَاءِ الْمَسْجِدِ وَقَالَ أَكِنَّ النَّاسَ مِنَ الْمَطَرِ وَإِيَّاكَ أَنْ تُحْمَرَ أَوْ تُصْفَرَ فَتَقْتِنَ النَّاسَ وَقَالَ أَنَسُ يَنْبَاهُونَ بِهَا ثُمَّ لَا يَعْمُرُونَهَا إِلَّا قَلِيلًا وَقَالَ ابْنُ عَبَّاسٍ لَنُزَخِرْفَتِهَا كَمَا زَخِرْفَتُ الْيَهُودُ وَالنَّصَارَى

Әбу Сағид (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) мешітінің төбесі құрма бұтақтарынан еді. Хазреті Омар халифа кезінде мешіттің құрлысын түзетуді бұйырды. Ұстаға: «Адамдарды жаңбырдан панала, бірақ та мешітті, қызартып, сарғайтып бояма, адамдардың көңілін бұзбасын!», - деді.

Әнас (р.а.) айтты: «(Кейінірек) адамдар мешіт құрлысымен бәсекелесіп, онда аз ғана ғибадат етер », - деді.

Ибн Аббас (р.а.) айтты: «Алламен ант етіп айтайын, яһуди мен насаралар ғибадатханаларын безендіріп сәндегендей, сендер де мешіттерді безендіріп сәндерсіңдер»,- деді.

437 - حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ حَدَّثَنَا يَعْقُوبُ بْنُ إِبْرَاهِيمَ بْنِ سَعْدٍ قَالَ حَدَّثَنِي أَبِي عَنْ صَالِحِ بْنِ كَيْسَانَ قَالَ حَدَّثَنَا نَافِعٌ أَنَّ عَبْدَ اللَّهِ بْنَ عُمَرَ أَخْبَرَهُ أَنَّ الْمَسْجِدَ كَانَ عَلَى عَهْدِ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَبْنِيًّا بِاللَّيْنِ وَسَقْفُهُ الْجَرِيدُ وَعُمْدُهُ خَشَبُ النَّخْلِ فَلَمْ يَزِدْ فِيهِ أَبُو بَكْرٍ شَيْئًا وَزَادَ فِيهِ عُمَرُ وَبَنَاهُ عَلَى بُدْيَانِهِ فِي عَهْدِ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِاللَّيْنِ وَالْجَرِيدِ وَأَعَادَ عُمْدَهُ خَشَبًا ثُمَّ غَيَّرَهُ عُثْمَانُ فَرَادَ فِيهِ زِيَادَةً كَثِيرَةً وَبَنَى جِدَارَهُ بِالْحِجَارَةِ الْمَقْشُوشَةِ وَالْقَصَّةِ وَجَعَلَ عُمْدَهُ مِنْ حِجَارَةٍ مَقْشُوشَةٍ وَسَقْفَهُ بِالسَّاجِ

437 - Абдулла ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) кезінде нәбәуи мешітінің қабырғасы күйдірілмеген қыштан, төбесі құрма ағашының сабақтарынан, тіреулері болса, құрма ағашының дінінен еді. Хазреті Әбу Бәкір (р.а.) халифа болған кезде мешітке еш өзгеріс енбеді. Хазреті Омар халифа болған кезеңде мешіттің биіктігін де, ұзындығын да қосты. Бірақ негізгі құрлысты өзгертпеді. Қабырғасы күйдірілмеген қыш, төбесі құрма бұтақтарымен жабылған күйі қалды, алайда тіреулерін ауыстыртты, өйткені олар шіріген еді. Кейіннен Хазреті Оспан мешіт құрлысын әжептәуір кеңейтіп, өзгеріс енгізді. Мешіттің қабырғаларын өрнекті тастармен қалап, әкпен ағартып, бояп безендірді, тіреулерін де өрнекті тастардан қалатты, төбесін болса үнді терегі ағашынан жасаттырды».

63-бап. Мешіт салуға асар қылу туралы

بَابُ التَّعَاوُنِ فِي بِنَاءِ الْمَسْجِدِ مَا كَانَ لِلْمُشْرِكِينَ أَنْ يَعْمُرُوا مَسَاجِدَ اللَّهِ شَاهِدِينَ عَلَى أَنْفُسِهِمْ بِالْكَفْرِ أُولَئِكَ حَبِطَتْ أَعْمَالُهُمْ وَفِي النَّارِ هُمْ خَالِدُونَ إِنَّمَا يَعْمُرُ مَسَاجِدَ اللَّهِ مَنْ آمَنَ بِاللَّهِ وَالْيَوْمِ الْآخِرِ وَأَقَامَ الصَّلَاةَ وَآتَى الزَّكَاةَ وَلَمْ يَخْشَ إِلَّا اللَّهَ فَعَسَى أُولَئِكَ أَنْ يَكُونُوا مِنَ الْمُهْتَدِينَ

Алла тағала Құран кәрімде айтты: «Көпқұдайшылдар өздерінің Құдайға қарсы екендерін біле тұрып, Алланың мешіттерін ұстауына болмайды, олардың (мұндай ниетте) жасаған істерінде қайыр жоқ, бәрібір тозақта мәңгі қалады. Алланың мешіттерін Тәңірге табынған, қиямет күніне сенген, намаз оқыған, зекет берген, Құдайдан басқадан

коруыкпаған адамдар ғана ұстайды (безендіреді). Міне, осындайлар ғана тура жол табамыз деп үміт етеді⁸⁵», - деді.

438 - حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْعَزِيزِ بْنُ مُحَمَّدٍ قَالَ حَدَّثَنَا خَالِدُ الْحَدَّادُ

عَنْكَرْمَةَ قَالَ لِي ابْنُ عَبَّاسٍ وَلِابْنِهِ عَلِيُّ انْطَلَقَا إِلَى أَبِي سَعِيدٍ فَاسْمَعَا مِنْ حَدِيثِهِ فَانْطَلَقْنَا فَإِذَا هُوَ فِي حَائِطٍ يُصَلِّحُهُ فَأَخَذَ رِدَاءَهُ فَاحْتَبَى ثُمَّ أَنْشَأَ يُحَدِّثُنَا حَتَّى أَتَى زَكَرُ بِنَاءِ الْمَسْجِدِ فَقَالَ كُنَّا نَحْمِلُ لَبْنَةَ لَبْنَةَ وَعَمَّارٌ لِبَنَيْنِ لِبَنَيْنِ فَرَأَاهُ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَيَبُغِضُ التُّرَابَ عَنْهُ وَيَقُولُ وَيَحِ عَمَّارٍ تَقْتُلُهُ الْفِئَةُ الْبَاغِيَّةُ يَدْعُوهُمْ إِلَى الْجَنَّةِ وَيَدْعُوهُمْ إِلَى النَّارِ قَالَ يَقُولُ عَمَّارٌ أَعُوذُ بِاللَّهِ مِنَ الْفِتَنِ

438 - Икрима (р.а.) былай деп риуаят етті: «Ибн Аббас ұлы Әли мен маған : «Барындар, Әбу Сағидтан хадис естіңдер!», - деді. Біз бардық, ол кісі дуалды дұрыстап жатыр екен, шапанын алып, оған оранды да, бізге хадис айта бастады. Бәрін айтып, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) мешітінің қалай салынғанына дейін айтып берді. Содан соң: «Біз күйдірілмеген қышты бір-бірден көтеретін едік. Ал, Ғаммар болса, екіден көтеретін еді. Сол кезде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оны байқап қалды да, оның үстіндегі шаңын қағып жатып: «Ғаммар оларды жәннатқа үгіт қылады, ал олар болса, тозаққа үгіт қылмақта», - деді. Сонда Ғаммар айтты; « Мен бүліктердің пәлесінен бір Алланың өзі сақтасын!», - деп айттым деді.

64-бап. Ұста мен шеберлерден мешіт пен мінберді жасауға жәрдем сұрау

439 - حَدَّثَنَا قُتَيْبَةُ بْنُ سَعِيدٍ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْعَزِيزِ حَدَّثَنِي أَبُو حَازِمٍ عَنْ

سَهْلِ قَالَ بَعَثَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِلَى امْرَأَةٍ مُرِي غُلَامَكَ النَّجَّارَ يَعْمَلُ لِي أَعْوَادًا أَجْلِسُ عَلَيْهَا

439 - Сәһл ибн Сағд (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с) бір әйелге кісі жіберіп, оған : «Шебер баласына бұйырсын, маған орындық жасап берсін!», - деді .

⁸⁵ 9. «әт-Тәубе», 17-18 аят.

440 - حَدَّثَنَا خَلَادٌ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْوَاحِدِ بْنُ أَيْمَنَ عَنْ أَبِيهِ عَنْ جَابِرِ بْنِ

عَبْدِ اللَّهِ أَنَّ امْرَأَةً قَالَتْ يَا رَسُولَ اللَّهِ أَلَا أَجْعَلُ لَكَ شَيْئًا تَقْعُدُ عَلَيْهِ فَإِنِّي لِي عُلَمَاءُ
نَجَّارًا قَالَ إِنْ شِئْتَ فَعَمِلْتَ الْمُنْبَرَ

440 - Жәбир (р.а.) айтты: «Бір әйел Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) «Я Расллулла, менің балам ағаш шебері, сізге бір отыратын орындық жасатып берейін бе?»,- деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Мейлі, жасатсаң да болады»,- деді. Кейін ол әйел орындық жасатып берді.

65-бап. Мешіт салған адамның жақсылығы туралы

441 - حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ سُلَيْمَانَ حَدَّثَنِي ابْنُ وَهَبٍ أَخْبَرَنِي عَمْرُو أَنَّ بُكَيْرًا

حَدَّثَهُ أَنَّ عَاصِمَ بْنَ عُمَرَ بْنِ قَتَادَةَ حَدَّثَهُ أَنَّهُ سَمِعَ عُبَيْدَ اللَّهِ الْخَوْلَانِيَّ أَنَّهُ سَمِعَ
عُثْمَانَ بْنَ عَفَّانَ يَقُولُ عِنْدَ قَوْلِ النَّاسِ فِيهِ حِينَ بَنَى مَسْجِدَ الرَّسُولِ صَلَّى اللَّهُ
عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِنَّكُمْ أَكْثَرْتُمْ وَإِنِّي سَمِعْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَقُولُ مَنْ بَنَى
مَسْجِدًا قَالَ بُكَيْرٌ حَسِبْتُ أَنَّهُ قَالَ يَبْتَغِي بِهِ وَجَهَ اللَّهِ بَنَى اللَّهُ لَهُ مِثْلَهُ فِي الْجَنَّةِ

441 - Хазреті Осман (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) мешітін қайтадан жөндеуден өткізу керек деген ұсынысына адамдар әртүрлі сөздерді айта бастады. Сонда Осман (р.а.) оларға: «Сендер сөзді көбейтіп жібердіңдер, мен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) «Кімде-кім Алла разылығы үшін мешіт салса, оған Алла тағала жәннәттан сондай бір үй тұрғызар»,- дегенін естігенмін,- деді.

66-бап. Мешітке кірген адам (садақ) оғының ұшынан қолымен ұстап жүруі керек

442 - حَدَّثَنَا قُنَيْبَةُ بْنُ سَعِيدٍ قَالَ حَدَّثَنَا سُوْفْيَانُ قَالَ قُلْتُ لِعَمْرٍو أَسْمِعْتَ

جَابِرَ بْنَ عَبْدِ اللَّهِ يَقُولُ مَرَّ رَجُلٌ فِي الْمَسْجِدِ وَمَعَهُ سِهَامٌ فَقَالَ لَهُ رَسُولُ اللَّهِ
صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَمْسِكْ بِنِصَالِهَا

442 - Сұфьян (р.а.) айтты: «Мен Ғамрге: «Сен Жәбир ибн Абдулланың «Бір кісі мешітте (садақ) оғымен жүрген еді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оған: «Оғыңның үшкір үшінен ұстап жүр!»,- деп айтқанын естігенсің бе?»,- дедім. Ғамр (р.а.): «Иә, естігенмін»,- деді.

67- бап. Мешітте жүрудің тәртібі

443 - حَدَّثَنَا مُوسَى بْنُ إِسْمَاعِيلَ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْوَاحِدِ قَالَ حَدَّثَنَا أَبُو بُرْدَةَ
بْنُ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ سَمِعْتُ أَبَا بُرْدَةَ عَنْ أَبِيهِ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ مَنْ
مَرَّ فِي شَيْءٍ مِنْ مَسَاجِدِنَا أَوْ أَسْوَاقِنَا بِنَبْلِ فَلْيَأْخُذْ عَلَيَّ نِصَالِهَا لَا يَعْقُرُ بِكَفِّهِ
مُسْلِمًا

443 - Әбу Мұса (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) «Кімде-кім біздің мешіттерімізде немесе базарларымызда ұшы үшкір (садақ) оқпен жүретін болса, мұсылмандардың біреуін жарақаттап алмауы үшін оның ұшынан ұстап жүрсін», - деді.»

68-бап. Мешітте өлең оқу туралы

444 - حَدَّثَنَا أَبُو الْيَمَانِ الْحَكَمُ بْنُ نَافِعٍ قَالَ أَخْبَرَنَا شُعَيْبٌ عَنِ الزُّهْرِيِّ قَالَ
أَخْبَرَنِي أَبُو سَلَمَةَ بْنُ عَبْدِ الرَّحْمَنِ بْنُ عَوْفٍ أَنَّهُ سَمِعَ حَسَانَ بْنَ ثَابِتِ الْأَنْصَارِيِّ
يَسْتَشْهَدُ أَبَا هُرَيْرَةَ أَنَشُدَكَ اللَّهُ هَلْ سَمِعْتَ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَقُولُ يَا
حَسَّانُ أَحِبَّ عَنِ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ اللَّهُمَّ أَيِّدْهُ بِرُوحِ الْقُدُسِ قَالَ أَبُو
هُرَيْرَةَ نَعَمْ

444 - Әбу Сәлама ибн Абдурахман Ауф (р.а.) айтты: «Хасан ибн Сәбит (р.а.) Әбу Хурайрадан куәгер болуын сұрап: «Алла тағаланың разылығы үшін айтыңызшы, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Ей, Хассан, Я Раббым, Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) Рухул-Құддұсты (Жебірейілді) медеткер ет, деп (өлең) айт!», - дегенін естігенбісің», - деді. Әбу Хурайра: «Иә, естігенмін», - деді.

69-бап. Адамдардың мешітке найзамен кіруіне болады

445 - حَدَّثَنَا عَبْدُ الْعَزِيزِ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ حَدَّثَنَا إِبْرَاهِيمُ بْنُ سَعْدٍ عَنِ
صَالِحِ بْنِ كَيْسَانَ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ قَالَ أَخْبَرَنِي عُرْوَةُ بْنُ الزُّبَيْرِ أَنَّ عَائِشَةَ قَالَتْ
لَقَدْ رَأَيْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَوْمًا عَلَى بَابِ حُجْرَتِي وَالْحَبَشَةُ
يَلْعَبُونَ فِي الْمَسْجِدِ وَرَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَسْتُرُنِي بِرِدَائِهِ أَنْظِرُ إِلَى
لِعِبِهِمْ زَادَ إِبْرَاهِيمُ بْنُ الْمُنْذِرِ حَدَّثَنَا ابْنُ وَهْبٍ أَخْبَرَنِي يُونُسُ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنِ

عُرْوَةَ عَنْ عَائِشَةَ قَالَتْ رَأَيْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَالْحَبَشَةَ يَلْعَبُونَ
بحرَابِهِمْ

445 – Айша анамыз (р.а.) айтты: «Бір күні мешітте Хабаштықтардың соғысқа дайындалып (үйреніп) жатқан кездерінде мен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) менің бөлмемнің есігінің алдында тұрғанын көрдім. Мен олардың дайындығына қарап тұрғанымда, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мені шапанымен қалқалайтын», - деді. Бұл хадисті Ибраһим ибн Мұнзар: «Айша анамыз: «Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) көрдім, Хабаштықтар ол жерде найзаменен дайындалып жатқан екен», - деп біраз өзгертіп айтып берді», - деді

70-бап. Мешіт мінберінде тұрып сату мен сатып алу туралы сөйлеу

446 - حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ عَنْ يَحْيَى عَنْ عَمْرَةَ عَنْ عَائِشَةَ قَالَتْ أَتَتْهَا بَرِيرَةُ تَسْأَلُهَا فِي كِتَابَتِهَا فَقَالَتْ إِنْ شِئْتَ أُعْطِيتُ أَهْلَكَ وَيَكُونُ الْوَلَاءُ لِي وَقَالَ أَهْلُهَا إِنْ شِئْتَ أُعْطِيتَهَا مَا بَقِيَ وَقَالَ سُفْيَانُ مَرَّةً إِنْ شِئْتَ أُعْتَقْتَهَا وَيَكُونُ الْوَلَاءُ لَنَا فَلَمَّا جَاءَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ ذَكَرْتُهُ ذَلِكَ فَقَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ ابْتِاعِيهَا فَأَعْتَقِيهَا فَإِنَّ الْوَلَاءَ لِمَنْ أَعْتَقَ ثُمَّ قَامَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَلَى الْمِنْبَرِ وَقَالَ سُفْيَانُ مَرَّةً فَصَعِدَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَلَى الْمِنْبَرِ فَقَالَ مَا بَالُ أَقْوَامٍ يَشْتَرُطُونَ شُرُوطًا لَيْسَ فِي كِتَابِ اللَّهِ مِنْ اشْتَرَطَ شَرْطًا لَيْسَ فِي كِتَابِ اللَّهِ فَلَيْسَ لَهُ وَإِنْ اشْتَرَطَ مِائَةَ مَرَّةٍ قَالَ عَلِيُّ قَالَ يَحْيَى وَعَبْدُ الْوَهَّابِ عَنْ يَحْيَى عَنْ عَمْرَةَ نَحْوَهُ وَقَالَ جَعْفَرُ بْنُ عَوْنٍ عَنْ يَحْيَى قَالَ سَمِعْتُ عَمْرَةَ قَالَتْ سَمِعْتُ عَائِشَةَ وَرَوَاهُ مَالِكٌ عَنْ يَحْيَى عَنْ عَمْرَةَ أَنَّ بَرِيرَةَ وَلَمْ يَذْكُرْ صَعِدَ الْمِنْبَرِ

446 - Айша анамыздың алдына Бәрира есімді әйел келіп, өзінің құлдықтан азат етілуі үшін төленетін қаржыға жәрдем етуін өтінді. Айша (р.а.): «Егер қаласаң, мойнындағы қарызыңды сенің иеңе беремін, бірақ онда сен менің қарамағыма өтесің», - деді. Оның иесі: «Егер солай қаласаңыз, мойнында қалған қарызын сіз бере салыңыз», - деді.

Суфян (р.а.): «Егер қаласаңыз, оны азат етіңіз, бірақ біздің қарамағымызда қалады, дескен», - деді. Айша (р.а.) анамыз Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдына келгеннен кейін болған жағдайды

айтты. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Оны сатып ал да, азат ет. Кімде-кім азат еткен болса, ол соның қарамағына өтеді»,- деді. Содан кейін Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мінберге шығып: «Адамдарға өзі не болды, Алланың кітабында жоқ нәрселерді шарт қылып қояды. Егерде ол жүз рет шарт қылып қойса да, ешқандай да есепке алынбайды»,- деп айтты»,- деді.

Суфян (р.а.) айтты: «Имам Мәлік Айша анамыз жайында риуаят еткен хадисте (мінберге шықты) деген жері жоқ»,- деді.

71-бап. Мешітте қарыз ақшасын бересін деп қысым көрсету туралы

447 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مُحَمَّدٍ قَالَ حَدَّثَنَا عُمَانُ بْنُ عُمَرَ قَالَ أَخْبَرَنَا يُونُسُ عَنْ الزُّهْرِيِّ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ كَعْبٍ بْنِ مَالِكٍ عَنْ كَعْبِ أْتَهُ تَقَاضَى ابْنَ أَبِي حَدْرَدٍ دَيْنًا كَانَ لَهُ عَلَيْهِ فِي الْمَسْجِدِ فَارْتَفَعَتْ أَصْوَاتُهُمَا حَتَّى سَمِعَهَا رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَهُوَ فِي بَيْتِهِ فَخَرَجَ إِلَيْهِمَا حَتَّى كَشَفَ سِجْفَ حُجْرَتِهِ فَنَادَى يَا كَعْبُ قَالَ لَبَيْكَ يَا رَسُولَ اللَّهِ قَالَ ضَعْ مِنْ دَيْنِكَ هَذَا وَأَوْمَأْ إِلَيْهِ أَبِي الشَّطْرَ قَالَ لَقَدْ فَعَلْتُ يَا رَسُولَ اللَّهِ قَالَ فَمُ قَاقِضِهِ

447 - Бір күні мешітте Кағб ибн Мәлік, ибн Әбу Хадрадан қарызын сұрап, оны қысымға алды. Екеуінің жанжалдасқан дауыстарын Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) үйінде (бөлмесінде) отырып естіп, бөлмесінен шығып: «Ей, Кағб»,- деді. Кағб: «Иә, Расулулла!»,- деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Мүбәрәк қолдарымен ишара белгі қылып, қарызыңның жартысын кеш!»,- деді. Кағб: «Кештім, Я Расулулла»,- деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Ибн Әбу Хадраға: «Түр, қарызыңды бер!»,- деді.

72- бап. Мешіттің ішіне түскен (шүберек) қоқым-шөп немесе басқа да тасталған нәрселерді жинау және мешітті сыпыру туралы

448 - حَدَّثَنَا سُلَيْمَانُ بْنُ حَرْبٍ قَالَ حَدَّثَنَا حَمَّادُ بْنُ زَيْدٍ عَنْ ثَابِتٍ عَنْ أَبِي رَافِعٍ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ أَنَّ رَجُلًا أَسْوَدَ أَوْ امْرَأَةً سَوْدَاءَ كَانَ يَفُكُّ الْمَسْجِدَ فَمَاتَ فَسَأَلَ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَنْهُ فَقَالُوا مَاتَ قَالَ أَفَلَا كُنْتُمْ آدِنْتُمُونِي بِهِ ذُلُونِي عَلَى قَبْرِهِ أَوْ قَالَ قَبْرَهَا فَأَتَى قَبْرَهَا فَصَلَّى عَلَيْهَا

448 - Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Бір қара нәсілді еркек (немесе әйел) мешітті сыпырып жүретін еді. Бір күні ол қайтыс болды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оны сұрағанда, «Ол қайтыс болды»,- десті. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Сөйте тұра маған айтпағансындар ма?»,- деді.

«Кейіннен маған оның қабірін көрсетіңдер»,- деді. Содан соң қабіріне барып, жаназа оқыды.

73-бап. Мешітте мас қылатын ішімдіктерді сатудан тыю туралы

449 - حَدَّثَنَا عَبْدَانُ عَنْ أَبِي حَمْزَةَ عَنِ الْأَعْمَشِ عَنْ مُسْلِمٍ عَنْ مَسْرُوقٍ عَنْ عَائِشَةَ قَالَتْ لَمَّا أُنزِلَتْ الْآيَاتُ مِنْ سُورَةِ الْبَقَرَةِ فِي الرَّبَِّا خَرَجَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِلَى الْمَسْجِدِ فَقَرَأَهُنَّ عَلَى النَّاسِ ثُمَّ حَرَّمَ تِجَارَةَ الْخَمْرِ

449 - Айша анамыз (р.а.) айтты: «Сүтқорлық (рибақорлық) харам деп айтылған әл-Бақара сүресінің аяты нәзіл болғанда, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мешітке шығып, адамдарға оны оқып берді. Содан кейін ішімдік (арақ) сатудан тиды»,- деді.

74-бап. Мешітке қызмет ету туралы

قَالَ ابْنُ عَبَّاسٍ نَدَرْتُ لَكَ مَا فِي بَطْنِي مُحَرَّرًا لِلْمَسْجِدِ يَخْدُمُهَا

Ибн Аббас (р.а.) бұл туралы Бибі Мәриямның «Иләһи, ішімдегі баламды саған бағыштадым (арнадым), ол тек қана мешітке қызмет етуші»,- деген сөздерін келтірді.

450 - حَدَّثَنَا أَحْمَدُ بْنُ وَاقِدٍ قَالَ حَدَّثَنَا حَمَّادُ بْنُ زَيْدٍ عَنْ ثَابِتٍ عَنْ أَبِي رَافِعٍ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ أَنَّ امْرَأَةً أَوْ رَجُلًا كَانَتْ تَقُمُ الْمَسْجِدَ وَلَا أَرَاهُ إِلَّا امْرَأَةً فَذَكَرَ حَدِيثَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنَّهُ صَلَّى عَلَى قَبْرِهَا

450 - Сәбит (р.а.) риуаят етті: «Әйел ма әлде еркек па, бір адам мешітте қызмет етіп жүретін»,- деді. Әбу Хурайра. Әбу Рафиғ айтты: «Көргенімде әйел адам еді»,- деді. Сосын Әбу Хурайра сол мешітте қызмет етуші адам қайтыс болғаннан кейін Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) ол кісі туралы не дегенін және оның қабіріне барып жаназа оқығаны туралы айтты.

75-бап. Қарызгер мен тұтқынды мешітте байлау туралы

حَدَّثَنَا إِسْحَاقُ بْنُ إِبْرَاهِيمَ قَالَ أَخْبَرَنَا رَوْحٌ وَمُحَمَّدُ بْنُ جَعْفَرٍ عَنْ شُعْبَةَ عَنْ مُحَمَّدِ بْنِ زِيَادٍ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ إِنَّ عَفْرِيئًا مِنَ الْجِنِّ تَقَلَّتْ عَلَيَّ الْبَارِحَةَ أَوْ كَلِمَةً نَحْوَهَا لِيَقْطَعَ عَلَيَّ الصَّلَاةَ فَأَمْكَنَنِي اللَّهُ مِنْهُ

فَأَرَدْتُ أَنْ أُرْبِطَهُ إِلَى سَارِيَةِ مِنْ سَوَارِي الْمَسْجِدِ حَتَّى تُصْبِحُوا وَتَنْظُرُوا إِلَيْهِ
 كَلُّكُمْ فَذَكَرْتُ قَوْلَ أَخِي سُلَيْمَانَ رَبِّ هَبْ لِي مُلْكَاً لَأَيَّبَنِي لِأَحَدٍ مِنْ بَعْدِي قَالَ
 رَوْحٌ فَرَدَّهُ خَاسِئاً

Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Ифрит деген жын кеше кешқұрым келіп, (алдымнан өтіп) намазымды бұзбақшы болды. Бірақ Алла тағаланың көмегімен оған жол бермедім. Таң атқаннан кейін барлығыңыз көрсін деп, оны мешіттің бағаналарының біріне байлап қоймақшы болдым. Бірақ бауырым Сүлейменнің ғ.с. «Я Раббым, мені кешіре гөр және маған сондай бір қасиет (билік) бер, ол менен кейінгілердің ешқайсысында болмасын!», - деген дұғасы есіме түсті», - деді.

Раух (р.а.) айтты: «Кейіннен Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Ифрит деген жынды жөніне қоя берді», - деді.

76-бап. Кәпірдің мұсылман болғаннан кейін ғұсыл құйынуының ләзімдігі және мешітке тұтқынды байлап қою туралы

وَكَانَ شُرَيْحٌ يَأْمُرُ الْغَرِيمَ أَنْ يُحْبَسَ إِلَى سَارِيَةِ الْمَسْجِدِ

Шурайх тұтқындарды мешіт тіреулеріне байлап қоюды бұйыратын еді.

451 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ حَدَّثَنَا اللَّيْثُ قَالَ حَدَّثَنَا سَعِيدُ بْنُ أَبِي سَعِيدٍ سَمِعَ أَبَا هُرَيْرَةَ قَالَ بَعَثَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ خَيْلاً قَبْلَ نَجْدٍ فَجَاءَتْ بِرَجُلٍ مِنْ بَنِي حَنِيفَةَ يُقَالُ لَهُ ثَمَامَةُ بْنُ أَثَالٍ فَرَبَطُوهُ بِسَارِيَةِ مِنْ سَوَارِي الْمَسْجِدِ فَخَرَجَ إِلَيْهِ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ أَطْلِفُوا ثَمَامَةَ فَانْطَلِقَ إِلَى نَخْلٍ قَرِيبٍ مِنَ الْمَسْجِدِ فَاعْتَسَلَ ثُمَّ دَخَلَ الْمَسْجِدَ فَقَالَ أَشْهَدُ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَأَنَّ مُحَمَّدًا رَسُولُ اللَّهِ

451 - Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Нәжд жаққа әскер жіберді. Олар Бәний Ханифа тайпасынан бір кісіні тұтқын ғып ұстап келді. Оның есімі Сумама ибн Асал болатын. Тұтқынды мешіттің тіреулерінің біріне байлады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) іштен шығып: «Сумаманы босатыңыз!», - деді. Сумама мешіттің жанындағы құрма баққа кіріп, ғұсыл қылды. Содан соң мешітке кіріп: «Әшһаду ән лә иләһа илла аллаһ уа әннә Мұхаммедун расулулла», - деп иман келтірді.

77-бап. Мешітке ауру адамдар мен басқалар үшін шатыр тігудің дұрыстығы туралы

452 - حَدَّثَنَا زَكَرِيَّا بْنُ يَحْيَى قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ نُمَيْرٍ قَالَ حَدَّثَنَا هِشَامٌ عَنْ أَبِيهِ عَنْ عَائِشَةَ قَالَتْ أُصِيبَ سَعْدٌ يَوْمَ الْخَنْدَقِ فِي الْأَكْحَلِ فَضْرَبَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ خَيْمَةً فِي الْمَسْجِدِ لِيَعُودَهُ مِنْ قَرِيبٍ فَلَمْ يَرَعْهُمْ وَفِي الْمَسْجِدِ خَيْمَةٌ مِنْ بَنِي غِفَارٍ إِلَّا الدَّمُ يَسِيلُ إِلَيْهِمْ فَقَالُوا يَا أَهْلَ الْخَيْمَةِ مَا هَذَا الَّذِي يَأْتِينَا مِنْ قِبَلِكُمْ فَإِذَا سَعْدٌ يَعْدُو جُرْحُهُ دَمًا فَمَاتَ فِيهَا

452 – Айша анамыз (р.а.) айтты: «Хандақ соғысында Сағд (ибн Муғаз) қолының күре тамырынан жаралынды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) ол үшін мешіттің жанына шатыр тігіп берді.. Жақын адамдары оны жиі-жиі көріп тұрулары үшін солай етті. Ауру адамның мешітке жатқанына Сахабалар ренжімеді. Мешітке Бәни Ғаффар тайпасына тиесілі тағы бір шатыр бар еді. Олар да бұған ренжімеді. Тек қана Сағдтың шатырдың ішінен шығып жатқан қаны оларға қарай аққан кезде, олар «Ей, шатырдағылар, не болды? Сендердің шатырларыңнан бізге қарай ағып жатқан не нәрсе?»,- десті. Сөйтіп барып қараса, Сағдтың жарақатынан қан ағып, қансырап жатқан екен. Ақыры сол жарақаттан Сағд (р.а.) қайтыс болды.

78-бап. Қысылтаяң кезде мешітке түйемен кіру туралы

قَالَ ابْنُ عَبَّاسٍ طَافَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَلَى بَعِيرٍ

Ибн Аббас (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Қағбатулланы түйемен тәуеп етті»,- деді.

453 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ مُحَمَّدِ بْنِ عَبْدِ الرَّحْمَنِ بْنِ نَوْفَلٍ عَنْ عُرْوَةَ بْنِ الزُّبَيْرِ عَنْ زَيْنَبَ بِنْتِ أَبِي سَلَمَةَ عَنْ أُمِّ سَلَمَةَ قَالَتْ شَكَّوْتُ إِلَى رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنِّي أَشْتَكِي قَالَ طُوفِي مِنْ وَرَاءِ النَّاسِ وَأَنْتِ رَاكِبَةٌ فَطُفْتُ وَرَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُصَلِّي إِلَيَّ إِلَى جَنْبِ الْبَيْتِ يَقْرَأُ بِ الطُّورِ وَكِتَابِ مَسْطُورٍ

545 – Абдулла ибн Омар (р.а.) риуаят етти: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) түндердің бірінде құфтан уақытында бір жұмыспен шұғылданып қалып, намазға кешігіңкіреп қалды. Біз ол кісіні тосып отырып, мешітте ұйықтап қалдық. Бір рет оянып қайтадан ұйықтап қалып, қайта ояндық. Содан кейін ғана Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) біздің алдымызға шығып, бізге қарап: «Жер жүзінде сендерден басқа ешкім құфтан намазын оқимын деп күтіп отырған жоқ», - деді.

Ибн Омардың (р.а.) өзін ұйқы қысып, құфтанды қаза қылып қоюдан қорықпаса, одан бұрын немесе одан кейін мызғып ала берер еді.

Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) түндердің бірінде құфтан намазына кешікті, тіптен, адамдар ұйықтап қалды, оянып қайтадан бір ұйықтап тұрысты. Сонда хазреті Омар ибн әл-Хаттаб (р.а.) тұрып, «Намаз!», - деп дауыстады. Ғата және ибн Аббас (р.а.): «Сонда Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) екі қолы басында, шашынан суы тамшылаған күйі шықты да: «Егерде үмбетіме бұндай ауыр машақат болмағанда, құфтанды солай (кешірек) оқуды бұйырап едім», - деп айтты», - деді

24-бап. Құфтан намазды түннің жарымына шейін оқыса болады

قَالَ أَبُو بَرَزَةَ كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَسْتَحِبُّ تَأْخِيرَهَا

Әбу Барза (р.а.) айты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) құфтан намазын кешіктіріп оқуды жақсы көретін», - деді.

546 - حَدَّثَنَا عَبْدُ الرَّحِيمِ الْمُحَارِبِيُّ قَالَ حَدَّثَنَا زَائِدَةُ عَنْ حُمَيْدِ الطَّوِيلِ عَنْ

أَنْسِ بْنِ مَالِكٍ قَالَ أَخَّرَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ صَلَاةَ الْعِشَاءِ إِلَى نِصْفِ اللَّيْلِ
ثُمَّ صَلَّى ثُمَّ قَالَ قَدْ صَلَّى النَّاسُ وَتَأَمَّوْا أَمَا إِنَّكُمْ فِي صَلَاةٍ مَا أَنْتُمْ بِمُؤَمَّرِيهَا وَزَادَ
ابْنُ أَبِي مَرْيَمَ أَخْبَرَنَا يَحْيَى بْنُ أَيُّوبَ حَدَّثَنِي حُمَيْدٌ سَمِعَ أَنْسَ بْنَ مَالِكٍ قَالَ كَأَنِّي
أَنْظَرُ إِلَى وَبَيْصِ خَاتِمِهِ لِيَلْتَنِيذَ

546 - Әнас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) құфтан намазын түннің жарымына дейін кешіктіріп барып оқыды. Содан соң: «Адамдар әлдеқашан намаздарын оқып ұйықтады, бірақ сендер оқимыз деп күткен намаздарынды (яғни құфтанды) оқып жатырсындар», - деді.

25-бап. Таң намазының артықшылығы туралы

547 - حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا يَحْيَى عَنْ إِسْمَاعِيلَ حَدَّثَنَا قَيْسٌ قَالَ لِي

جَرِيرُ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ كُنَّا عِنْدَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذْ نَظَرَ إِلَى الْقَمَرِ لَيْلَةَ
الْبَدْرِ فَقَالَ أَمَا إِنَّكُمْ سَتَرُونَ رَبِّكُمْ كَمَا تَرُونَ هَذَا لَا تُضَامُونَ أَوْ لَا تُضَاهُونَ فِي
رُؤْيَيْهِ فَإِنْ اسْتَطَعْتُمْ أَنْ لَا تُغْلَبُوا عَلَى صَلَاةٍ قَبْلَ طُلُوعِ الشَّمْسِ وَقَبْلَ غُرُوبِهَا
فَأَفْعَلُوا ثُمَّ قَالَ فَ سَبِّحْ بِحَمْدِ رَبِّكَ قَبْلَ طُلُوعِ الشَّمْسِ وَقَبْلَ غُرُوبِهَا

547 - Жарир ибн Абдулла (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдында едік, ол кісі толған айға қарап «Сендер мына айды көріп тұрғандарындай Раббыларыңды көресіндер. Оны көремін десеңдер, бір-бірлеріңді ренжітпеңдер! Күн шығудан бұрынғы және күн батудан алдыңғы намаздарынды шайтанға бой бермеу қолдарыңнан келсе, оларды міндетті түрде оқындар!», - деді. Содан кейін: «Күн шығардан және батардан бұрын Раббыларыңды мақтап таспих айтындар», - деп айтты», - деді.

26-бап. Таң намазының оқылатын уақыты туралы

549 - حَدَّثَنَا عَمْرُو بْنُ عَاصِمٍ قَالَ حَدَّثَنَا هَمَّامٌ عَنْ قَتَادَةَ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ أَنَّ زَيْدَ بْنَ ثَابِتٍ حَدَّثَهُ أَنَّهُمْ تَسَحَّرُوا مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ ثُمَّ قَامُوا إِلَى الصَّلَاةِ قُلْتُ كَمْ بَيْنَهُمَا قَالَ قَدْرُ خَمْسِينَ أَوْ سِتِّينَ يَعْنِي آيَةً

549 – Зәйд ибн Сәбит (р.а.) риуаят етті: «Біз Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге сәресі іштік. Кейіннен тұрып таң намазын оқыдық. Мен: «Таң намазы мен сәресінің арасында қанша уақыт бар?»,- деп сұрадым. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Елу немесе алпыс аят оқитындай уақыт бар»,- деп жауап берді.

550 - حَدَّثَنَا حَسَنُ بْنُ صَبَّاحٍ سَمِعَ رَوْحَ بْنَ عَبْدِ اللَّهِ حَدَّثَنَا سَعِيدٌ عَنْ قَتَادَةَ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ أَنَّ نَبِيَّ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَزَيْدَ بْنَ ثَابِتٍ تَسَحَّرَا فَلَمَّا فَرَغَا مِنْ سَحُورِهِمَا قَامَ نَبِيُّ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِلَى الصَّلَاةِ فَصَلَّى فُلْنَا لِنَاسٍ كَمْ كَانَ بَيْنَ فَرَغِهِمَا مِنْ سَحُورِهِمَا وَدُخُولِهِمَا فِي الصَّلَاةِ قَالَ قَدْرُ مَا يَقْرَأُ الرَّجُلُ خَمْسِينَ آيَةً

550 - Әнас ибн Мәлік (р.а.) айтты: «Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) Зәйд ибн Сәбит екеуі бірге сәресі ішті. Сәрелік ішіп болғаннан соң, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) таң намазын оқыды»,- деді.

Қатада (р.а.) айтты: «Мен Әнастан сәрелік ішіп болғаннан соң таң намазын оқырға дейін қанша уақыт өтті»,- деп сұрадым деді.

Сонда Әнас (р.а.): «Кісі елу аят оқырлықтай уақыт»,- деп жауап берді.

551 - حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ بْنُ أَبِي أُوَيْسٍ عَنْ أَخِيهِ عَنْ سُلَيْمَانَ عَنْ أَبِي حَازِمٍ أَنَّهُ سَمِعَ سَهْلَ بْنَ سَعْدٍ يَقُولُ كُنْتُ أَتَسَحَّرُ فِي أَهْلِي ثُمَّ يَكُونُ سُرْعَةً بِي أَنْ أُدْرِكَ صَلَاةَ الْفَجْرِ مَعَ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

551 – Саһл ибн Сағд (р.а.) айтты: «Бала-шағаммен бірге сәрелік ішіп жатқан едім, бірден Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге таң намазын оқу керектігі есіме түсіп, асығуыма тура келді»,- деді.

552 - حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ بُكَيْرٍ قَالَ أَخْبَرَنَا اللَّيْثُ عَنْ عُفَيْلٍ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ قَالَ أَخْبَرَنِي عُرْوَةُ بْنُ الزُّبَيْرِ أَنَّ عَائِشَةَ أَخْبَرَتْهُ قَالَتْ كُنَّ نِسَاءُ الْمُؤْمِنَاتِ يَشْهَدْنَ

مَعَ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ صَلَاةَ الْفَجْرِ مُتَلَقَّاتٍ بِمُرُوطِهِنَّ ثُمَّ يَنْقَلِبْنَ
إِلَى بُيُوتِهِنَّ حِينَ يَقْضِينَ الصَّلَاةَ لَا يَعْرِفُهُنَّ أَحَدٌ مِنَ الْعُلَسَّ

552 – Айша анамыз (р.а.) айтты: «Біз мұсылман әйелдер Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге таң намазын оқу үшін үйімізге келіп, мешітке баратын едік. Кейіннен, намазды оқып болып, үйімізге қайтып бара жатқанымызда қараңғыда бізді ешкім танымайтын еді (яғни, таң намазын оқып болған кезде, әлі жарық түспейтін)», - деді.

27-бап. Таң намазын оқып жатқан адам қалған бір рәкатты күн шыққанша оқып үлгермейтіндігін ұқса...

553 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مَسْلَمَةَ عَنْ مَالِكٍ عَنْ زَيْدِ بْنِ أَسْلَمَ عَنْ عَطَاءِ بْنِ
يَسَّارٍ وَعَنْ بُسْرِ بْنِ سَعِيدٍ وَعَنْ الْأَعْرَجِ يُحَدِّثُونَهُ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ
صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ مَنْ أَدْرَكَ مِنَ الصُّبْحِ رَكْعَةً قَبْلَ أَنْ تَطْلُعَ الشَّمْسُ فَقَدْ
أَدْرَكَ الصُّبْحَ وَمَنْ أَدْرَكَ رَكْعَةً مِنَ الْعَصْرِ قَبْلَ أَنْ تَغْرُبَ الشَّمْسُ فَقَدْ أَدْرَكَ
الْعَصْرَ

553 - Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Кімде-кім таң намазының бір рәкатын күн шыққанша оқып үлгермейтінін байқап қалса, қалған рәкатын толық оқып бітірсін, ал кімде-кім аср намазының бір рәкатын күн батқанша оқып үлгермейтінін білсе, оны да толық оқып бітірсін!», - деді.

28-бап. Намаз оқып жатқан адам қалған бір рәкатты оқып үлгермейтінің біліп қалса...

554 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُسُفَ قَالَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ أَبِي
سَلْمَةَ بْنِ عَبْدِ الرَّحْمَنِ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ
مَنْ أَدْرَكَ رَكْعَةً مِنَ الصَّلَاةِ فَقَدْ أَدْرَكَ الصَّلَاةَ

554 - Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кімде-кім намазының бір рәкатын оқып үлгермейтінін байқап қалса, оны толық оқып бітірсін!», - деп айтты», - деді.

29-бап. Таң атқаннан кейін күн шығып болғанша намаз оқылмайды

555 - حَدَّثَنَا حَفْصُ بْنُ عُمَرَ قَالَ حَدَّثَنَا هِشَامٌ عَنْ قَتَادَةَ عَنْ أَبِي الْعَالِيَةِ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ قَالَ شَهِدَ عِنْدِي رَجَالٌ مَرْضِيُونَ وَأَرْضَاهُمْ عِنْدِي عُمَرُ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ نَهَى عَنِ الصَّلَاةِ بَعْدَ الصُّبْحِ حَتَّى تَشْرُقَ الشَّمْسُ وَبَعْدَ الْعَصْرِ حَتَّى تَغْرُبَ حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا يَحْيَى عَنْ شُعْبَةَ عَنْ قَتَادَةَ سَمِعْتُ أَبَا الْعَالِيَةَ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ قَالَ حَدَّثَنِي نَاسٌ بِهَذَا

555 – Хазреті Омар (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) таң атқаннан кейін күн шығып болғанша және асрдан кейін күн батқанша намаз оқудан тиды», - деді.

556 - حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ سَعِيدٍ عَنْ هِشَامٍ قَالَ أَخْبَرَنِي أَبِي قَالَ أَخْبَرَنِي ابْنُ عُمَرَ قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَا تَحْرَوْا بِصَلَاتِكُمْ طُلُوعَ الشَّمْسِ وَلَا غُرُوبَهَا وَقَالَ حَدَّثَنِي ابْنُ عُمَرَ قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا طَلَعَ حَاجِبُ الشَّمْسِ فَأَخْرُوا الصَّلَاةَ حَتَّى تَرْتَفِعَ وَإِذَا غَابَ حَاجِبُ الشَّمْسِ فَأَخْرُوا الصَّلَاةَ حَتَّى تُغِيبَ تَابِعَهُ عَبْدُهُ

556 – Ибн Омардың айтуынша (р.а.) Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) «Күн шығып келе жатқанда және батып бара жатқан уақытта оқыған намазыңнан сауап үміт етпегейсің!», - деп айтқан екен.

Ибн Омардың (р.а.) айтқан және де басқа бірнеше риуаяттарға байланысты, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Егер күн жүзінен пердесін алып жатқан болса, (күн шығып келе жатқанда) толық алып болғанша немесе пердесін тартып жатқан болса, толық тартып болғанша намазыңды кешіктірі», - деді. (яғни күн толық көтерілгенше оқымай тұра тұр дегені).

558 - حَدَّثَنَا عُبَيْدُ بْنُ إِسْمَاعِيلَ عَنْ أَبِي أُسَامَةَ عَنْ عُبَيْدِ اللَّهِ عَنْ خُبَيْبِ بْنِ عَبْدِ الرَّحْمَنِ عَنْ حَفْصِ بْنِ عَاصِمٍ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ نَهَى عَنِ بَيْعَتَيْنِ وَعَنْ لِبْسَتَيْنِ وَعَنْ صَلَاتَيْنِ نَهَى عَنِ الصَّلَاةِ بَعْدَ الْفَجْرِ حَتَّى تَطْلُعَ الشَّمْسُ وَبَعْدَ الْعَصْرِ حَتَّى تَغْرُبَ الشَّمْسُ وَعَنْ اسْتِثْمَالِ الصَّمَاءِ وَعَنْ الْإِحْتِبَاءِ فِي تَوْبٍ وَاحِدٍ يُفْضِي بِفَرْجِهِ إِلَى السَّمَاءِ وَعَنْ الْمُنَابَذَةِ وَالْمُلَامَسَةِ

558 - Әбу Хурайраның (р.а.) айтуынша, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) екі түрлі сауда келісімінен, екі түрлі киім киюден және екі түрлі намазды оқудан тиған екен: «Таң атқаннан кейін күн шығып болғанша және асрдан кейін күн батып болғанға дейін намаз оқудан; Денеге жабысып тұратын және денесі көрініп тұратын киімдерді киюден; Біреумен сөз байластырып, дұшпандық қылудан», - деді.

30-бап. Күн батпай тұрып оқылған намаздың сауабы жоқ

559 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ نَافِعٍ عَنْ ابْنِ عُمَرَ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ لَا يَتَحَرَّى أَحَدُكُمْ فَيُصَلِّيَ عِنْدَ طُلُوعِ الشَّمْسِ وَلَا عِنْدَ غُرُوبِهَا

559 – Ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Күн шығып келе жатқанда және батып бара жатқан уақытта намаз оқысаңдар, оның сауабынан құр қаласыңдар!», - деп айтқан», - деді..

560 - حَدَّثَنَا عَبْدُ الْعَزِيزِ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ حَدَّثَنَا إِبْرَاهِيمُ بْنُ سَعْدٍ عَنْ صَالِحِ بْنِ أَبِي شَهَابٍ قَالَ أَخْبَرَنِي عَطَاءُ بْنُ يَزِيدَ الْجُنْدَعِيُّ أَنَّهُ سَمِعَ أَبَا سَعِيدٍ الْخُدْرِيَّ يَقُولُ سَمِعْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَقُولُ لَا صَلَاةَ بَعْدَ الصُّبْحِ حَتَّى تَرْتَفَعَ الشَّمْسُ وَلَا صَلَاةَ بَعْدَ الْعَصْرِ حَتَّى تَغِيبَ الشَّمْسُ

560 - Әбу Сағид Хұдри (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Таң атқаннан кейін күн шығып болғанша, асрдан кейін күн батып болғанша намаз оқылмайды» деген», - деді..

561 - حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ أَبِي أَنَانَ قَالَ حَدَّثَنَا عُذْرَةُ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ أَبِي التَّيَّاحِ قَالَ سَمِعْتُ حُمْرَانَ بْنَ أَبِي أَنَانَ يُحَدِّثُ عَنْ مُعَاوِيَةَ قَالَ إِنَّكُمْ لَتُصَلُّونَ صَلَاةً لَقَدْ صَحَبْنَا رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَمَا رَأَيْنَاهُ يُصَلِّيَهَا وَلَقَدْ نَهَى عَنْهُمَا يَعْني الرَّكْعَتَيْنِ بَعْدَ الْعَصْرِ

561 – Химран ибн Абан (р.а.) риуаят етті: «Мұғауия бір күні: «Сендер оқып жатқан намазды Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге жүргенімізде бір рет те оқығанын көрмегенбіз, ол кісі асрдан кейін екі рәкат намаз оқудан тиған болатын», - деп айтты.

562 - حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ سَلَامٍ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُهُ عَنْ عُبَيْدِ اللَّهِ عَنْ خُبَيْبٍ عَنْ

حَقِّصِ بْنِ عَاصِمٍ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ قَالَ قَالَ نَهَى رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَنْ صَلَاتَيْنِ بَعْدَ الْفَجْرِ حَتَّى تَطْلُعَ الشَّمْسُ وَبَعْدَ الْعَصْرِ حَتَّى تَغْرُبَ الشَّمْسُ

562 – Хафс ибн Асимнің (р.а.) Әбу Хурайрадан риуаят етуінше: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) таң атқаннан кейін күн шыққанша және асрдан кейін күн батқанша намаз оқуды мәкрүх еткен болатын», - деді.

31-бап. Аср мен таң атқаннан кейінгі намаздардан басқасынан тиылмаған кісі туралы

563 - حَدَّثَنَا أَبُو النُّعْمَانِ حَدَّثَنَا حَمَّادُ بْنُ زَيْدٍ عَنْ أَيُّوبَ عَنْ نَافِعٍ عَنْ ابْنِ

عُمَرَ قَالَ قَالَ أَصْلِي كَمَا رَأَيْتُ أَصْحَابِي يُصَلُّونَ لَا أَنَّهُى أَحَدًا يُصَلِّي بِلَيْلٍ وَلَا نَهَارَ مَا شَاءَ غَيْرَ أَنْ لَا تَحْرَوْا طُلُوعَ الشَّمْسِ وَلَا غُرُوبَهَا

563 - Ибн Омар (р.а.) айтты: «Мен бауырларымның қалай намаз оқығанын көрген болсам, солай намаз оқимын. Мен бірер кісінің түнде немесе күндізгі уақытта намаз оқуларына қарсы емеспін, күн шығып келе жатқанда және батып бара жатқан уақытта оқымаса болды», - деді.

32-бап. Асрдан кейін оқылатын қосымша және соған ұқсас намаздар туралы

بَاب مَا يُصَلَّى بَعْدَ الْعَصْرِ مِنَ الْفَوَائِتِ وَنَحْوَهَا قَالَ أَبُو عَبْدِ اللَّهِ وَقَالَ

كُرَيْبٌ عَنْ أُمِّ سَلَمَةَ صَلَّى النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بَعْدَ الْعَصْرِ رَكَعَتَيْنِ وَقَالَ شَعْلَانِي نَاسٌ مِنْ عَبْدِ الْفَيْسِ عَنْ الرِّكَعَتَيْنِ بَعْدَ الظُّهْرِ

Үмму Сәлама (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) асрдан кейін екі рәкат намаз оқыды да, «Әлгі Абд ул-Қайс тайпасынан келген кісілер менің бесіннен кейін екі рәкат намаз оқуыма кедергі етті», - деді.

564 - حَدَّثَنَا أَبُو نُعَيْمٍ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْوَاحِدِ بْنُ أَيُّمَانَ قَالَ حَدَّثَنِي أَبِي أَنَّهُ

سَمِعَ عَائِشَةَ قَالَتْ وَالَّذِي ذَهَبَ بِهِ مَا تَرَكْتُهُمَا حَتَّى لَقِيَ اللَّهَ وَمَا لَقِيَ اللَّهَ تَعَالَى حَتَّى تَقُولَ عَنْ الصَّلَاةِ وَكَانَ يُصَلِّي كَثِيرًا مِنْ صَلَاتِهِ قَاعِدًا تَعْنِي الرِّكَعَتَيْنِ بَعْدَ

العَصْرُ وَكَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُصَلِّيهِمَا وَلَا يُصَلِّيهِمَا فِي الْمَسْجِدِ
مَخَافَةَ أَنْ يُثْقَلَ عَلَى أُمَّتِهِ وَكَانَ يُحِبُّ مَا يُخَفِّفُ عَنْهُمْ

564 – Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Алла тағаламен ант етемін, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Алла тағалаға жолыққанға дейін (қайтыс болғанға дейін) бесін мен асрдан кейін оқитын екі рәкат намаздарын мүлде тәрк етпеді. Ол кісі науқастанып қалып, намаздарын көбінесе отырып оқитын болып қалғанында, Аллаға жолықты (қайтыс болды). Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қосымша екі рәкат намазды үмбеттерім де үйреніп алып, қиналып қалмасын деп, мешітте оқымайтын еді, керісінше үмбеттеріне жеңілдік жасауға ынтық болатын», - деді.

565 - حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا يَحْيَى قَالَ حَدَّثَنَا هِشَامٌ قَالَ أَخْبَرَنِي أَبِي قَالَتْ

عَائِشَةُ ابْنِ أُخْتِي مَا تَرَكَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ السَّجْدَتَيْنِ بَعْدَ الْعَصْرِ
عِنْدِي قَطُّ

565 – Хишамның атасы (р.а.) риуаят етті: «Айша анамыз (р.а.) айтты: «Ей, бауырымның ұлы (жиенім)! Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) асрдан кейінгі екі рәкат намазды менің алдымда оқымайтын күндері болмайтын», - деді.

566 - حَدَّثَنَا مُوسَى بْنُ إِسْمَاعِيلَ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْوَاحِدِ قَالَ حَدَّثَنَا

الشَّيْبَانِيُّ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الرَّحْمَنِ بْنُ الْأَسْوَدِ عَنْ أَبِيهِ عَنْ عَائِشَةَ قَالَتْ رَكْعَتَانِ لَمْ
يَكُنْ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَدْعُهُمَا سِرًّا وَلَا عَلَانِيَةً رَكْعَتَانِ قَبْلَ صَلَاةِ
الصُّبْحِ وَرَكْعَتَانِ بَعْدَ الْعَصْرِ

566 – Айша анамыз (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) таң намазынан алдыңғы және асрдан кейінгі оқитын екі рәкат намаздарын жасырмайтын да, жария да қылмайтын», - деді.

567 - حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ عَرُورَةَ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ أَبِي إِسْحَاقَ قَالَ رَأَيْتُ

الْأَسْوَدَ وَمَسْرُوقًا شَهَدَا عَلَى عَائِشَةَ قَالَتْ مَا كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ
يَأْتِينِي فِي يَوْمٍ بَعْدَ الْعَصْرِ إِلَّا صَلَّى رَكْعَتَيْنِ

567 – Асуад пен Масрұқ (р.а.) екеуі риуаят етті: «Айша анамыз (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) күнде асрдан кейінгі екі рәкат намазын оқымай менің алдыма келмейтін», - деді.

33-бап. Күн бұлтты болған күні намазды ертерек оқу туралы

568 - حَدَّثَنَا مُعَاذُ بْنُ فَضَالَةَ قَالَ حَدَّثَنَا هِشَامٌ عَنْ يَحْيَى هُوَ ابْنُ أَبِي كَثِيرٍ

عَنْ أَبِي قَلَابَةَ أَنَّ أَبَا الْمَلِيحِ حَدَّثَهُ قَالَ كُنَّا مَعَ بُرَيْدَةَ فِي يَوْمٍ ذِي غَيْمٍ فَقَالَ بَكَرُوا
بِالصَّلَاةِ فَإِنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ مَنْ تَرَكَ صَلَاةَ الْعَصْرِ حَبِطَ عَمَلُهُ

568 - Әбу Мүләйх (р.а.) риуаят етті: «Күн бұлтты болған күні Бұрайдамен бірге едік. Ол: «Намазды ертерек оқыңыз! Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Кімде-кім аср намазын оқымаса, оның амалының барлығы бекерге зая кетеді!», - деген», - деді.

34-бап. Азан уақыты өткен болса да, азан айтылғаны туралы

569 - حَدَّثَنَا عِمْرَانُ بْنُ مَيْسَرَةَ قَالَ حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ فُضَيْلٍ قَالَ حَدَّثَنَا

حُصَيْنٌ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ أَبِي قَتَادَةَ عَنْ أَبِيهِ قَالَ سِرْنَا مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ
وَسَلَّمَ لَيْلَةً فَقَالَ بَعْضُ الْقَوْمِ لَوْ عَرَسْتَ بِنَا يَا رَسُولَ اللَّهِ قَالَ أَخَافُ أَنْ تَنَامُوا عَنْ
الصَّلَاةِ قَالَ بِلَالٌ أَنَا أَوْقِظُكُمْ فَاضْطَجَعُوا وَأَسْنَدَ بِلَالٌ ظَهْرَهُ إِلَى رَاحِلَتِهِ فَعَلِبَتْهُ
عَيْنَاهُ فَنَامَ فَاسْتَيْقِظَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَقَدْ طَلَعَ حَاجِبُ الشَّمْسِ فَقَالَ يَا
بِلَالُ أَيْنَ مَا أَثَلْتَ قَالَ مَا أَثَلْتُ عَلَيَّ نَوْمُهُ مِثْلَهَا قَطُّ قَالَ إِنَّ اللَّهَ قَبِضَ أَرْوَاحَكُمْ
حِينَ شَاءَ وَرَدَّهَا عَلَيْكُمْ حِينَ شَاءَ يَا بِلَالُ فَمَ فَاذَنْ بِالنَّاسِ بِالصَّلَاةِ فَنَوَضًا فَلَمَّا
ارْتَفَعَتِ الشَّمْسُ وَابْيَاضَتْ قَامَ فَصَلَّى

569 - Әбу Қатада (р.а.) аталарынан риуаят етті: «Біз Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге түнде жолға шықтық. Жолда кездескен қауымдардың бірі: «Я Расулулла, бізге бір рет қонақ болып кетсеңіз!», - десті. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ұйықтап қалып, намазға тұрмай қаласыздар ма, деп қорқамын», - деді. Сонда Біләл (р.а.): «Мен сіздерді оятып қоярмын», - деді. Қонақжайлықтан кейін ұйықтауға жатты. Хазреті Біләл (р.а.) түйесіне жастанып ұйықтап қалды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оянған кезде күн жиегінен көтеріліп қалған еді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ей, Біләл! Қәне айтқаныңды қылғаның?», - деді. Біләл: «Ұйқы мені жеңіп қойды, ешқашан бұлай қатты ұйықтамағанмын», - деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Алла тағала өзі қалаған уақытында жандарынды алып, қалаған уақытында сендерге жан берер, ей Біләл, тұр, азан айтып, адамдарды намазға шақыр!», - деді. Кейін тұрып дәрет алды. Таң атып, күн толық көтеріліп кеткенде намаз оқыды», - деді.

35-бап. Уақыты өткен болса да адамдар мен бірге жамағат болып намаз оқу туралы

570 - حَدَّثَنَا مُعَاذُ بْنُ فَضَالَةَ قَالَ حَدَّثَنَا هِشَامٌ عَنْ يَحْيَى عَنْ أَبِي سَلَمَةَ عَنْ جَابِرِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ أَنَّ عُمَرَ بْنَ الْخَطَّابِ جَاءَ يَوْمَ الْخَنْدَقِ بَعْدَ مَا غَرَبَتْ الشَّمْسُ فَجَعَلَ يَسُبُّ كُفَّارَ فُرَيْشٍ قَالَ يَا رَسُولَ اللَّهِ مَا كِدْتُ أُصَلِّيَ الْعَصْرَ حَتَّى كَادَتْ الشَّمْسُ تَغْرُبُ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَاللَّهِ مَا صَلَّيْتُهَا فُقُمْنَا إِلَى بَطْحَانَ فَنَوَضَّأَ لِلصَّلَاةِ وَتَوَضَّأْنَا لَهَا فَصَلَّى الْعَصْرَ بَعْدَ مَا غَرَبَتْ الشَّمْسُ ثُمَّ صَلَّى بَعْدَهَا الْمَغْرِبَ

570 - Жәбір ибн Абдулла (р.а.) риуаят етті: «Хандақ күні, күн батқан соң, Омар ибн әл-Хаттаб (р.а.) келіп, Құрайыш кәпірлерін сөге бастады. Содан соң: «О, Расул Алла, күн батайын деп бара жатқанда асрды зорға оқып үлгердім», - деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Алламен ант етемін, мен (оны) әлі оқығаным жоқ», - деді. Кейін, Бұтханға жүрдік, жеткеннен соң Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) дәрет алды, біз де дәрет алдық. Содан кейін күн батқаннан соң Аср намазын оқыды, одан кейін шам намазын оқыды», - деді.

36-бап. Бірер намазды естен шығарып оқымаған адам есіне түскенде сол намазды ғана қайта оқиды

قَالَ إِبْرَاهِيمُ مَنْ تَرَكَ صَلَاةً وَاحِدَةً عِشْرِينَ سَنَةً لَمْ يُعِدْ إِلَّا تِلْكَ الصَّلَاةَ الْوَاحِدَةَ

Ибраһим (р.а.) айтты: «Кімде-кім жиырма жыл бойы бірде намаз оқымаған болса, сол оқымаған намазын ғана қайтадан оқиды», - деді.

571 - حَدَّثَنَا أَبُو نُعَيْمٍ وَمُوسَى بْنُ إِسْمَاعِيلَ قَالَا حَدَّثَنَا هَمَّامٌ عَنْ قَنَادَةَ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ مَنْ نَسِيَ صَلَاةً فَلْيُصَلِّ إِذَا ذَكَرَهَا لَا كَفَّارَةَ لَهَا إِلَّا ذَلِكَ وَأَقِمِ الصَّلَاةَ لِذِكْرِي قَالَ مُوسَى قَالَ هَمَّامٌ سَمِعْتُهُ يَقُولُ بَعْدُ وَأَقِمِ الصَّلَاةَ لِلذِّكْرِ قَالَ أَبُو عَبْدِ اللَّهِ وَقَالَ حَبَّانُ حَدَّثَنَا هَمَّامٌ حَدَّثَنَا قَنَادَةُ حَدَّثَنَا أَنَسٌ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ نَحْوَهُ

571 - Әнас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Кімде-кім бірер намазын ұмытып оқымаған болса, есіне түскенде оқиды, оқылмай қалған намаз үшін, намаздың өзін қайта оқымақтан басқа

каффарат жоқ, Алла тағала: «Алланы еске алып намаз оқы!»,- деп айтты»,- деді.

37-бап. Бірінші қаза болған намаз оқылады

572 - حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا يَحْيَى الْقَطَّانُ أَخْبَرَنَا هِشَامٌ قَالَ حَدَّثَنَا يَحْيَى

هُوَ ابْنُ أَبِي كَثِيرٍ عَنْ أَبِي سَلَمَةَ عَنْ جَابِرِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ جَعَلَ عُمَرُ يَوْمَ الْخَنْدَقِ يَسُبُّ كُفَّارَهُمْ وَقَالَ مَا كِدْتُ أُصَلِّي الْعَصْرَ حَتَّى غَرَبَتْ قَالَ فَتَزَلْنَا بِطَحَانَ فَصَلَّى بَعْدَ مَا غَرَبَتْ الشَّمْسُ ثُمَّ صَلَّى الْمَغْرِبَ

572 – Жәбир ибн Абдулла (р.а.) риуаят етті: «Хандақ күні, күн батқан соң, Омар ибн әл-Хаттаб (р.а.) келіп, Құрайыш кәпірлерін сөге бастады. Содан соң: «Я Расулулла, күн батайын деп бара жатқанда асрды зорға оқып үлгердім»,- деді. Кейін, Бұтханға бардық, күн батқаннан соң Аср намазын оқып, содан кейін шам намазын оқыды»,- деді.

38- бап. Құфтаннан кейін сөйлесіп отыруды жақтырмағандары туралы

573 - حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا يَحْيَى قَالَ حَدَّثَنَا عَوْفٌ قَالَ حَدَّثَنَا أَبُو الْمِنْهَالِ

قَالَ انْطَلَقْتُ مَعَ أَبِي إِلَى أَبِي بَرْزَةَ الْأَسْلَمِيِّ فَقَالَ لَهُ أَبِي حَدَّثَنَا كَيْفَ كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُصَلِّي الْمَكْتُوبَةَ قَالَ كَانَ يُصَلِّي الْهَجِيرَ وَهِيَ الَّتِي تَدْعُونَهَا الْأُولَى حِينَ تَدْحَضُ الشَّمْسُ وَيُصَلِّي الْعَصْرَ ثُمَّ يَرْجِعُ أَحَدُنَا إِلَى أَهْلِهِ فِي أَقْصَى الْمَدِينَةِ وَالشَّمْسُ حَيَّةٌ وَنَسِيْتُ مَا قَالَ فِي الْمَغْرِبِ قَالَ وَكَانَ يَسْتَحِبُّ أَنْ يُؤَخَّرَ الْعِشَاءَ قَالَ وَكَانَ يَكْرَهُ النَّوْمَ قَبْلَهَا وَالْحَدِيثَ بَعْدَهَا وَكَانَ يَنْقُتِلُ مِنْ صَلَاةِ الْعَدَاةِ حِينَ يَعْرِفُ أَحَدُنَا جَلِيْسَهُ وَيَقْرَأُ مِنَ السُّنَنِ إِلَى الْمِائَةِ

573 - Әбу Минһал (р.а.) риуаят етті: «Атам екеуміз Әбу Барзаның алдына кірдік. Атам ол кісіден: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бес уақыт намазды қалай оқитын еді?»,- деп сұрады. Ол кісі: «Сіздер үйле деп атайтын бесін намазды күн ауған уақытта, аср намазды біреуміз шаһардың ең шетіне барып қайтқанымызда күннің ыстық табы әлі басылмаған уақытта оқитын. (Шам намазы туралы сөздер есімнен шығып кетіпті), сіздер атама деп атайтұғын Құфтан намазды кешіктіріп оқуды дұрыс көретін еді. Бірақ құфтаннан бұрын ұйықтауды және одан кейін бекерден бекер сөйлесіп отыруды ұнатпайтын. Таң намазды кісі жанында отырған

намаз оқушыны танитындай дәрежеге жеткенде оқып болатын, және алпыстан жүзге дейін аяттарды тилауат қылып оқитын»,- деді.

39-бап. Құфтаннан кейін фикһ және сауап жайында сөйлесіп отыру туралы

574 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ الصَّبَّاحِ قَالَ حَدَّثَنَا أَبُو عَلِيٍّ الْحَنْفِيُّ حَدَّثَنَا فَرُّهُ بْنُ خَالِدٍ قَالَ انْتَضَرْنَا الْحَسَنَ وَرَأَتْ عَلَيْنَا حَتَّى قَرُبْنَا مِنْ وَقْتِ قِيَامِهِ فَجَاءَ فَقَالَ دَعَانَا حَيْرَانًا هَوْلَاءِ ثُمَّ قَالَ قَالَ أَنَسُ بْنُ مَالِكٍ انْتَضَرْنَا النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ ذَاتَ لَيْلَةٍ حَتَّى كَانَ شَطْرُ اللَّيْلِ يَبْلُغُهُ فَجَاءَ فَصَلَّى لَنَا ثُمَّ خَطَبَنَا فَقَالَ أَلَا إِنَّ النَّاسَ قَدْ صَلَّوْا ثُمَّ رَقَدُوا وَإِنَّكُمْ لَمْ تَزَالُوا فِي صَلَاةٍ مَا انْتَضَرْتُمْ الصَّلَاةَ قَالَ الْحَسَنُ وَإِنَّ الْقَوْمَ لَا يَزَالُونَ بِخَيْرٍ مَا انْتَضَرُوا الْخَيْرَ قَالَ فَرُّهُ هُوَ مِنْ حَدِيثِ أَنَسٍ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

574 - Әнас (р.а.) риуаят етті : «Бір күні жарым түнге жақындап қалған уақытта, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) келіп, бізбен бірге намаз оқыды, содан соң: «Адамдар намаз оқып болып, әлде қашан ұйықтады, солай емес пе?. Ал, сендер болсаңдар, әлі намазды тәрк еткен жоқсындар, сауаптан үміт етіп құлшылық қылудасыз, сауаптан үміт ете беріңіз!»,- деп құтпа айтты»,- деді.

575 - حَدَّثَنَا أَبُو الْيَمَانِ قَالَ أَخْبَرَنَا شُعَيْبٌ عَنِ الزُّهْرِيِّ قَالَ حَدَّثَنِي سَالِمُ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ وَأَبُو بَكْرِ ابْنُ أَبِي حَتْمَةَ أَنَّ عَبْدَ اللَّهِ بْنَ عُمَرَ قَالَ صَلَّى النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ صَلَاةَ الْعِشَاءِ فِي آخِرِ حَيَاتِهِ فَلَمَّا سَلَّمَ قَامَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ أَرَأَيْتُمْ لَيْلَتَكُمْ هَذِهِ فَإِنَّ رَأْسَ مِائَةٍ لَا يَبْقَى مِمَّنْ هُوَ الْيَوْمَ عَلَى ظَهْرِ الْأَرْضِ أَحَدٌ فَوَهَلَ النَّاسُ فِي مَقَالَةِ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِلَى مَا يَحَدَّثُونَ مِنْ هَذِهِ الْأَحَادِيثِ عَنْ مِائَةِ سَنَةٍ وَإِنَّمَا قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَا يَبْقَى مِمَّنْ هُوَ الْيَوْمَ عَلَى ظَهْرِ الْأَرْضِ يُرِيدُ بِذَلِكَ أَنَّهَا تَحْرُمُ ذَلِكَ الْقَرْنَ

575 – Абдулла ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өмірінің соңғы бір күндерінде бізбен бірге құфтан намазын оқыды. Екі жағына сәлем бергеннен кейін тұрып: «Мына осы көріп тұрған түніңізден бастап, жүз жыл өткен соң жер жүзінде қазіргі бар адамдардан бірде-біреуі де қалмайды»,- деді. Адамдар Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) жүз жыл ішінде ешкім қалмас деген сөзін дұрыс түсінбей қорқынышқа түсті.

Шындығында, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бүгін осы жерде отырған өзін көрген Сахабалардың бірде-біреуінің қалмайтынын мысал қылып айтқан еді.

40- бап. Құфтаннан кейін бала шағалары және қонақтар мен сөйлесіп отыру туралы

576 - حَدَّثَنَا أَبُو الثُّعْمَانِ قَالَ حَدَّثَنَا مُعْتَمِرُ بْنُ سُلَيْمَانَ قَالَ حَدَّثَنَا أَبِي حَدَّثَنَا أَبُو عُمَانَ عَنْ عَبْدِ الرَّحْمَنِ بْنِ أَبِي بَكْرٍ أَنَّ أَصْحَابَ الصُّفَّةِ كَانُوا أَنَا سَاءَ فُقَرَاءَ وَأَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ مَنْ كَانَ عِنْدَهُ طَعَامٌ اثْنَيْنِ فَلْيَذْهَبْ بِثَالِثٍ وَإِنْ أَرْبَعٍ فَخَامِسٍ أَوْ سَادِسٍ وَأَنَّ أَبَا بَكْرٍ جَاءَ بِثَلَاثَةٍ فَأَنْطَلَقَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِعَشْرَةٍ قَالَ فَهُوَ أَنَا وَأَبِي وَأُمِّي فَلَا أُدْرِي قَالَ وَأَمْرَاتِي وَخَادِمٌ بَيْنَنَا وَبَيْنَ بَيْتِ أَبِي بَكْرٍ وَإِنَّ أَبَا بَكْرٍ تَعَسَى عِنْدَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ ثُمَّ لَبِثَ حَيْثُ صَلَّيْتُ الْعِشَاءَ ثُمَّ رَجَعْتُ فَلَبِثْتُ حَتَّى تَعَسَى النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَجَاءَ بَعْدَ مَا مَضَى مِنَ اللَّيْلِ مَا شَاءَ اللَّهُ قَالَتْ لَهُ امْرَأَتُهُ وَمَا حَبَسَكَ عَنْ أَضْيَافِكَ أَوْ قَالَتْ ضَيْفِكَ قَالَ أَوْ مَا عَشَيْتِيهِمْ قَالَتْ أَبَوَا حَتَّى تَحْيَى فَمَا عَرَضُوا فَأَبَوْا قَالَ فَذَهَبْتُ أَنَا فَاخْتَبَأْتُ فَقَالَ يَا غُنْتَرُ فَجَدَّعَ وَسَبَّ وَقَالَ كُلُوا لَا هَنِيئًا فَقَالَ وَاللَّهِ لَا أَطْعَمُهُ أَبَدًا وَإِيمَ اللَّهُ مَا كُنَّا نَأْخُذُ مِنْ لُقْمَةٍ إِلَّا رَبًّا مِنْ أَسْفَلِهَا أَكْثَرُ مِنْهَا قَالَ يَعْنِي حَتَّى شَبِعُوا وَصَارَتْ أَكْثَرُ مِمَّا كَانَتْ قَبْلَ ذَلِكَ فَنَظَرَ إِلَيْهَا أَبُو بَكْرٍ فَإِذَا هِيَ كَمَا هِيَ أَوْ أَكْثَرُ مِنْهَا فَقَالَ لِامْرَأَتِهِ يَا أُخْتَ بَنِي فِرَاسٍ مَا هَذَا قَالَتْ لَا وَفِرَّةَ عَيْنِي لَهِيَ الْآنَ أَكْثَرُ مِنْهَا قَبْلَ ذَلِكَ بِثَلَاثِ مَرَّاتٍ فَأَكَلَ مِنْهَا أَبُو بَكْرٍ وَقَالَ إِنَّمَا كَانَ ذَلِكَ مِنْ الشَّيْطَانِ يَعْنِي يَمِينَهُ ثُمَّ أَكَلَ مِنْهَا لُقْمَةً ثُمَّ حَمَلَهَا إِلَى النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَأَصْبَحَتْ عِنْدَهُ وَكَانَ بَيْنَنَا وَبَيْنَ قَوْمٍ عَقْدٌ فَمَضَى الْأَجَلَ فَفَرَقْنَا اثْنَا عَشَرَ رَجُلًا مَعَ كُلِّ رَجُلٍ مِنْهُمْ أَنَا اللَّهُ أَعْلَمُكُمْ مَعَ كُلِّ رَجُلٍ فَأَكَلُوا مِنْهَا أَجْمَعُونَ أَوْ كَمَا قَالَ

576 - Абдурахман ибн Әбу Бәкір (р.а.) риуаят етті: «Асхаб ус-суфа, яғни мешіттің ауласындағы қалқада өмір сүретін үйсіз кембағал кісілер еді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Кімде-кімнің үйінде екі кісіге жетерлік тамақ болса, үшіншісін, төрт кісіге жетерлік тамақ болса, бесіншісімен алтыншы адамды өзімен алып барып, тойғызсын!», - деді. Әбу Бәкір (р.а.)

үйіне үш кісіні ертіп келді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) болса, өзімен бірге он кісіні алып кетті. (Олардың ішінде мен, атам, анам, және әйелім, Әбу Бәкір мен біздің үйдің арасында жүретін қызметші)»

Әбу Бәкір (р.а.) Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) үйінде тамақтанып, кейін түнгі намазға қалды. Содан кейін Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) тамақтанып алғанға дейін біраз кідірді. Түннің бір бөлігі өткеннен кейін үйіне қайтты. Сонда әйелі: «Қонақтарды тастап қайда жүрдіңіз?», - деді. Әбу Бәкір (р.а.): «Оларды тамақтандырмадың ба?», - деді. Әйелі: «Олар сіз келгенше тамақ жеуден бас тартты», - деді. Әбу Бәкір дауыстап сөкті де: «Өздерің жей беріндер. Алламен ант етемін, мен бұл тамақтан жемеспін!», - деді.

Аллаға ант етіп айтамын, тамақты қанша жесек те, азаюдың орнына көбейіп барады. Біз тойғанымызша жедік, бірақ тамақ бұрынғысынан да көбейіп кетті. Әбу Бәкір (р.а.) мұны көріп, әйеліне: «Ей, Бәни Фиросының сіңлісі, неге бұлай болды?!», - деп сұрады. Сонда әйелі: «Өз көзіме сенгім келмейді, тамақ бұрынғысынан үш есе көбейіп кетті», - деді.

Әбу Бәкір (р.а.) тамақтан жеді да: «Бұл - шайтанның ісі деді», - деді. (Яғни тамақ жемеймін деп ішкен антын бұзғанын айтып тұр).

Кейін және бір алып жеп, қалғанын Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдына алып кетті. Мен сол жерде қалып таңды атырдым. Бізбен бір қауым ортасында келісім жасалған болатын, оның уақыты біткен еді. Біз он екі кісі болып бөлініп шығып кеттік. Олардың әрбірімен қанша адам келгенін білетін едім барлығы біркелкі сол тамақтан жеді.

БИСМИЛЛӘҺИР РАХМАНИР РАХИМ

АЗАН КІТАБЫ

**1-бап. Азан айтудың басталуы (тарихы) және Алла тағаланың :
«Егер намазға азан айтсаңыз, олар оны ойын қылып келекеге алды.
Осы, олардың шынайы түрде түсінбейтін халық
болғандықтарынан⁸⁹» және «Жұма күні намаз үшін азан айтылған
кезде⁹⁰» - дегені туралы**

577 - حَدَّثَنَا عِمْرَانُ بْنُ مَيْسِرَةَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْوَارِثِ حَدَّثَنَا خَالِدُ الْحَدَّاءُ عَنْ

أَبِي قَلَابَةَ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ قَالَ ذَكَرُوا النَّارَ وَالنَّافُوسَ فَذَكَرُوا الْيَهُودَ وَالنَّصَارَى
فَأَمَرَ بِلَالٌ أَنْ يَشْفَعَ الْأَذَانَ وَأَنْ يُوتِرَ الْإِقَامَةَ

577 - Әнәс (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) адамдарды намазға шақыру үшін (әуелі) от жағу, (занг) қоңырау шалу керектігін айтты. Содан соң яхуди мен насаралардың құлышылыққа қалай шақыратындарын есіне түсіп, Біләлға азан сөздерін екі реттен, тақбир сөздерін болса бір реттен айтуды бұйырды».

578 - حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ غَيْلَانَ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الرَّزَّاقِ قَالَ أَخْبَرَنَا ابْنُ

جُرَيْجٍ قَالَ أَخْبَرَنِي نَافِعٌ أَنَّ ابْنَ عُمَرَ كَانَ يَقُولُ كَانَ الْمُسْلِمُونَ حِينَ قَدِمُوا الْمَدِينَةَ
يَجْتَمِعُونَ فَيَتَحَيَّيْتُونَ الصَّلَاةَ لَيْسَ يُنَادَى لَهَا فَتَكَلَّمُوا يَوْمًا فِي ذَلِكَ فَقَالَ بَعْضُهُمْ
اتَّخَذُوا نَافُوسًا مِثْلَ نَافُوسِ النَّصَارَى وَقَالَ بَعْضُهُمْ بَلْ بُوَقًا مِثْلَ قَرْنِ الْيَهُودِ فَقَالَ
عُمَرُ أَوْلَا تَبْعَتُونَ رَجُلًا يُنَادِي بِالصَّلَاةِ فَقَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَا
بِلَالُ فَمَنْ فَنَادِ بِالصَّلَاةِ

578 – Ибн Омар айтты: «Мұсылмандар Мединеге келгенде бір жерге жиналып, намаз уақытын белгілеп алысатын. Намазға азан айтпайтын еді. Бір күні намазға шақыру туралы ақылдасты. Кейбіреулер: «Насаралар қоңырау шалғандай қоңырау шалыңыз!» - десе, енді біреулер: «Яхудилердің мүйіз керней шалғаны сияқты бір нәрсе шалайық!»- десті. Сонда Хазіреті Омар: «Намазға шақыруға бір кісіні бекітпейсіз бе?»- деді.

⁸⁹ 5. «әл-Мәйида», 58 аят.

⁹⁰ 62. «әл-Жұма», 9 аят.

Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ей, Біләл орныңнан тұр, намазға шақыр!»- деп айтты.

2-бап. Азанның сөздері екі реттен айтылады

579 - حَدَّثَنَا سُلَيْمَانُ بْنُ حَرْبٍ قَالَ حَدَّثَنَا حَمَّادُ بْنُ زَيْدٍ عَنْ سِمَاكِ بْنِ عَطِيَّةَ عَنْ أَبِي أَيُّوبَ عَنْ أَبِي قَلَابَةَ عَنْ أَنَسٍ قَالَ قَالَ أَمِيرَ بِلَالُ أَنْ يَشْفَعَ الْأَدَانَ وَأَنْ يُوتَرَ الْإِقَامَةَ إِلَّا الْإِقَامَةَ

579 - Әнәс (р.а.) риуаят етті: «Біләлға азанның сөздерін жұп-жұп қылып, тәкбирді тақ қылып, «қад қамат-иссалат»-ті болса екі рет айту бұйырылды.

580 - حَدَّثَنَا مُحَمَّدٌ هُوَ ابْنُ سَلَامٍ قَالَ أَخْبَرَنَا عَبْدُ الْوَهَّابِ النَّقَّاشِيُّ قَالَ أَخْبَرَنَا خَالِدُ الْحَدَّاءُ عَنْ أَبِي قَلَابَةَ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ قَالَ لَمَّا كَثُرَ النَّاسُ قَالَ ذَكَرُوا أَنْ يَعْلَمُوا وَقَتَ الصَّلَاةِ بِشَيْءٍ يَعْرِفُونَهُ فَذَكَرُوا أَنْ يُورُوا نَارًا أَوْ يَضْرِبُوا نَافُوسًا فَأَمَرَ بِلَالُ أَنْ يَشْفَعَ الْأَدَانَ وَأَنْ يُوتَرَ الْإِقَامَةَ

580 - Әнәс (р.а.) риуаят етті: «Адамдар жиналған соң намаз уақытының болғандығы туралы бір нәрсемен білдіру керектігі турасында ақылдасты. Бірінші от жағу немесе қоңырау соғу керек десті. Сонда Біләлға (р.а.) азанды жұп қылып, тәкбирді болса тақ қылып айту бұйырылды»- деді.

3 – бап. Тәкбир тақ, «Қад қамат-ис-салат» жұп айтылады

581 - حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ بْنُ إِبرَاهِيمَ حَدَّثَنَا خَالِدُ عَنْ أَبِي قَلَابَةَ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ قَالَ قَالَ أَمِيرَ بِلَالُ أَنْ يَشْفَعَ الْأَدَانَ وَأَنْ يُوتَرَ الْإِقَامَةَ إِلَّا الْإِقَامَةَ

581 - Әнәс (р.а.) айтты: «Біләлға азан сөздерін жұп-жұп қылып, ал тәкбір сөздерін болса тақ айтуға бұйырылды»- деді. Исмағил айтты: «Осыны Аюбқа айтқан едім: «Бірақ, Қад қамат-ис-салат» жұп айтылады»- деді.

Ескерту: Имам Әбу Ханифа мазхабында Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) мына хадисіне амал етіп қаматты да азан секілді жұп-жұп етіп айтады. Абдулла ибн Зәйд әл-Ансарий (р.а.) Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) келіп: «Мен түсімде үстінде екі жасыл шапан киген бір кісінің дуалдың үстіне шығып

алып, екі-екі реттен қайталап азан мен қамат айтып жатқанын көрдім»,- деді. (Ибн Мажа, Азан-6, Ибн Ханбал, Y, 232)

4-бап. Азан айтудың артықшылығы туралы

582 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ أَبِي الزِّنَادِ عَنِ الْأَعْرَجِ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ إِذَا نُودِيَ لِلصَّلَاةِ أَدْبَرَ الشَّيْطَانُ وَلَهُ ضُرَاطٌ حَتَّى لَا يَسْمَعَ التَّائِبِينَ فَإِذَا قُضِيَ النَّدَاءُ أَقْبَلَ حَتَّى إِذَا تَوَبَّ بِالصَّلَاةِ أَدْبَرَ حَتَّى إِذَا قُضِيَ التَّوْبِيبَ أَقْبَلَ حَتَّى يَخْطُرَ بَيْنَ الْمَرْءِ وَنَفْسِهِ يَقُولُ ادْكُرْ كَذَا ادْكُرْ كَذَا لِمَا لَمْ يَكُنْ يَذْكُرُ حَتَّى يَظَلَّ الرَّجُلُ لَا يَذْرِي كَمْ صَلَّى

582 - Әбу Хурайра (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Намазға азан айтылған кезде шайтан артынан жел шығарып, азан естілмейтін жерге дейін қашар, азан айтылып болған соң, қайтадан қайтып келер. Тәкбир айтылғанда және артына қашар. Азаншы тәкбир айтқанын бітірген соң, намазхандардың ойына азғыру салу үшін тағы да қайтып келер. Шайтан айтар: «Пәлен нәрсені есіне түсір, мына нәрсені есіне түсір»- деп намаз оқушыны намаздан бұрын есіне түспеген нәрселерді есіне түсірер, тіпті намаз оқушы неше рәкат намаз оқығанын білмей қалар»- деді.

5- бап. Жоғары дауыспен азан айту турасында

قَالَ عُمَرُ بْنُ عَبْدِ الْعَزِيزِ أَذُنٌ أَدَانَا سَمَحًا وَإِلَّا فَاعْتَرَلْنَا

Омар ибн Абдулазиз айтты: «Азанды анық, жоғары дауыспен, созбай айт. Егер сондай етпесең, бізге азаншы болуға жарамайсың!» - деді.

583 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ عَبْدِ الرَّحْمَنِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَبْدِ الرَّحْمَنِ بْنِ أَبِي صَعْصَعَةَ الْأَنْصَارِيِّ ثُمَّ الْمَازِنِيِّ عَنْ أَبِيهِ أَنَّهُ أَخْبَرَهُ أَنَّ أَبَا سَعِيدٍ الْخُدْرِيَّ قَالَ لَهُ إِنِّي أَرَاكَ تُحِبُّ الْعَنَمَ وَالْبَادِيَةَ فَإِذَا كُنْتَ فِي غَنَمِكَ أَوْ بَادِيَتِكَ فَأَذْنَتَ بِالصَّلَاةِ فَارْفَعْ صَوْتَكَ بِالنِّدَاءِ فَإِنَّهُ لَا يَسْمَعُ مَدَى صَوْتِ الْمُؤَدِّنِ حِينَ وَلَا إِسْ وَلَا شَيْءٌ إِلَّا شَهِدَ لَهُ يَوْمَ الْقِيَامَةِ قَالَ أَبُو سَعِيدٍ سَمِعْتُهُ مِنْ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

583 – Абдуррахман ибн Абдуллаға аталары мына хадисті айтып берген екен: «Абу Сағид ал-Худри маған: «Есімде сен қойды және даланы жақсы көретін көрінесің, егер де қой бағатын болсаң немесе сол сияқты далада жүрсең намазға азан айтсаң, азанды жоғары дауыс пен айт. Өйткені төмен дауыспен айтсаң ұзақтағы жың болсын, адам болсын, жанды нәрсе болсын, жансыз нәрсе болсын даусыңды естімей қалады. Олар қияметте сенің азан айтқаныңа куәлік берер»- деді.

Әбу Сағид әл-Худрий (р.а.) айтты: «Бұны мен Пайғамбарымыздан естігенмін»,- деді.

6-бап. Азанның дауысын естумен қан төгуді тоқтатады

584 - حَدَّثَنَا فُتَيْبَةُ بْنُ سَعِيدٍ قَالَ حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ بْنُ جَعْفَرٍ عَنْ حُمَيْدٍ عَنِ

أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ إِذَا غَزَا بِنَا قَوْمًا لَمْ يَكُنْ يَعْزُو بِنَا حَتَّى يُصْبِحَ وَيَنْظُرَ فَإِنْ سَمِعَ أَذَانًا كَفَّ عَنْهُمْ وَإِنْ لَمْ يَسْمَعْ أَذَانًا أَغَارَ عَلَيْهِمْ قَالَ فَخَرَجْنَا إِلَى خَيْبَرَ فَانْتَهَيْنَا إِلَيْهِمْ لَيْلًا فَلَمَّا أَصْبَحَ وَلَمْ يَسْمَعْ أَذَانًا رَكِبَ وَرَكِبْتُ خَلْفَ أَبِي طَلْحَةَ وَإِنَّ قَدَمِي لَتَمَسُّ قَدَمَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ فَخَرَجُوا إِلَيْنَا بِمَكَاتِلِهِمْ وَمَسَاحِيهِمْ فَلَمَّا رَأَوْا النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالُوا مُحَمَّدٌ وَاللَّهِ مُحَمَّدٌ وَالْخَمِيسُ قَالَ فَلَمَّا رَأَهُمْ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ اللَّهُ أَكْبَرُ اللَّهُ أَكْبَرُ خَرَبْتُ خَيْبَرُ إِنَّا إِذَا نَزَلْنَا بِسَاحَةِ قَوْمٍ فَسَاءَ صَبَاحُ الْمُؤَدَّرِينَ

584 - Әнас ибн Мәлік (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) егер бізбен бір қауыммен соғысуға барса, таң атқанша оларға шабуыл жасамайтын. Таңғы кезде азан дауысын естісе соғысты тоқтататын. Егер де азанның дауысын естімесе, оларға шабуыл жасайтын. Бір күні Хайбарды бетке алып жолға шықтық, ол жерге түнде жеттік. Таң атқаннан соң, әлі азан айтылмаған уақытта, атам Әбу Талһа түйесіне мінді, мен ол кісінің артына мінгесіп алдым. Сол кезде менің аяғым Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) аяғына тиіп бара жатты. Хайбарлықтар себеттерімен кетпендерін көтеріп, қарсы алдымыздан шықты. Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) көріп: «Бұл Мұхаммед (с.ғ.с.), Алламен ант етеміз, бұл Мұхаммед!»,- десті. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оларды көріп: «Аллаһу Акбар, Аллаһу Акбар, Хайбар ойран болды. Шындығында, бізбен жауласып жатқандардың жұртына келгенімізде, олардың (ескерту алғандардың) атар таңы қаран болар»,- деді.

7-бап. Азан дауысын естіген кісі не айтады

585 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ عَطَاءِ بْنِ يَزِيدَ اللَّيْثِيِّ عَنْ أَبِي سَعِيدٍ الْخُدْرِيِّ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ إِذَا سَمِعْتُمُ النَّدَاءَ فَقُولُوا مِثْلَ مَا يَقُولُ الْمُؤَدِّنُ

585 - Әбу Саъид әл-Худрий риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Азан дауысын естігенінде азаншы айтып жатқан сөздерді қайталап тұрыңыз», - деді.

586 - حَدَّثَنَا مُعَاذُ بْنُ فَضَالَةَ قَالَ حَدَّثَنَا هِشَامٌ عَنْ يَحْيَى عَنْ مُحَمَّدِ بْنِ إِبْرَاهِيمَ بْنِ الْحَارِثِ قَالَ حَدَّثَنِي عَيْسَى بْنُ طَلْحَةَ أَنَّهُ سَمِعَ مُعَاوِيَةَ يَوْمًا فَقَالَ مِثْلَهُ إِلَى قَوْلِهِ وَأَشْهَدُ أَنْ مُحَمَّدًا رَسُولُ اللَّهِ

586 – Иса ибн Талһа (р.а.) айтты: «Бір күні мен Мұғауияның (р.а.) азаншы айтып жатқан сөздерді «Әшһадү әннә Мұхаммедан Расулулла» деген жерге дейін қайталап айтып тұрғаның көрдім», - деді.

587 - حَدَّثَنَا إِسْحَاقُ بْنُ رَاهُوَيْهِ قَالَ حَدَّثَنَا وَهْبُ بْنُ جَرِيرٍ قَالَ حَدَّثَنَا هِشَامٌ عَنْ يَحْيَى نَحْوَهُ قَالَ يَحْيَى وَحَدَّثَنِي بَعْضُ إِخْوَانِنَا أَنَّهُ قَالَ لَمَّا قَالَ حَيٌّ عَلَى الصَّلَاةِ قَالَ لَا حَوْلَ وَلَا قُوَّةَ إِلَّا بِاللَّهِ وَقَالَ هَكَذَا سَمِعْنَا نَبِيَّكُمْ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَقُولُ

587 – Яхя ибн Әбу Касир (р.а.) жоғарыдағы хадиске ұқсас хадисті риуаят етіп тұрып айтты: «Кейбір бауырларымыз маған айтты, Мұғауия азаншы «Хайиа ғалас-салат» дегенде, «Лә хаула уа лақууата илла билла» деп айтыпты-да: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) солай дегенің естігенмін», - деді.

8-бап. Азанды естіп болған соң дұға ету

588 - حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ عِيَّاشٍ قَالَ حَدَّثَنَا شُعَيْبُ بْنُ أَبِي حَمْرَةَ عَنْ مُحَمَّدِ بْنِ الْمُكَدَّرِ عَنْ جَابِرِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ مَنْ قَالَ

حِينَ يَسْمَعُ النِّدَاءَ اللَّهُمَّ رَبَّ هَذِهِ الدَّعْوَةَ التَّامَّةَ وَالصَّلَاةِ الْقَائِمَةَ آتِ مُحَمَّدًا الْوَسِيلَةَ وَالْفَضِيلَةَ وَابْعَثْهُ مَقَامًا مَحْمُودًا الَّذِي وَعَدْتُهُ حَلَّتْ لَهُ شَفَاعَتِي يَوْمَ الْقِيَامَةِ

588 - Жәбир ибн Абдулла (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кімде-кім азанды естіген соң, «Иләһи, осы толық шақыру мен мәңгілік намаздың иесі болған Мұхаммедтің (с.ғ.с.) дәрежесін жоғары қылып, нығметтерінді оған нәсіп ет, ол адамға өзін уәде еткен мақами махмудты (ең шарапатты орынды) бергейсің!»,- десе, қиямет күні мен оған шапағат етермін»,- деді.

9-бап. Азанды мен айтамын деп таласу туралы

بَابِ الْإِسْتِهَامِ فِي الْأَذَانِ وَيُذَكَّرُ أَنَّ أَقْوَامًا اخْتَلَفُوا فِي الْأَذَانِ فَأَفْرَعَ بَيْنَهُمْ سَعْدٌ

Бір күні қауымдар азан айтуға таласып қалды. Сонда Сағд ибн Уаққас (р.а.) шек тастады, шекке түскен кісі азан айтты.

589 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ سُمَيِّ مَوْلَى أَبِي بَكْرٍ عَنْ أَبِي صَالِحٍ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ لَوْ يَعْلَمُ النَّاسُ مَا فِي النِّدَاءِ وَالصَّفِّ الْأَوَّلِ ثُمَّ لَمْ يَجِدُوا إِلَّا أَنْ يَسْتَهْمُوا عَلَيْهِ لَاسْتَهَمُوا وَلَوْ يَعْلَمُونَ مَا فِي التَّهْجِيرِ لَاسْتَبَفُوا إِلَيْهِ وَلَوْ يَعْلَمُونَ مَا فِي الْعَتَمَةِ وَالصُّبْحِ لَأَتَوْهُمَا وَلَوْ حَبَوًّا

589 - Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Адамдар азан айтудың және бірінші сапта тұрып намаз оқудың қаншалықты сауабының бар екенің білсе ғой, тіпті болмағанда шек тастап, өз ниеттеріне жеткен болар еді. Егер адамдар жамағатпен намаз оқудың сауабын білсе, жарысып мешітке жүгіріп кеткен болар еді. Егер де адамдар таң намазы мен құфтан намазын жамағатпен бірге оқығанда не сауап бар екенің білсе, еңбектеп болса да барған болар еді»,- деді.

10-бап. Азан айтып жатып басқа сөздерді айтып жіберу туралы

تَكَلَّمَ سُلَيْمَانُ بْنُ صُرَدٍ فِي أَذَانِهِ وَقَالَ الْحَسَنُ لِمَا بَأْسَ أَنْ يَضْحَكَ وَهُوَ يُؤَدِّنُ أَوْ يُقِيمُ

Сүлеймен ибн Сурд (р.а.) азан айтып жатып басқа сөздерді де айтып жіберді. Хасан Басри (р.а.) айтты: «Азан не такбір айтып жатып күлудің еш зияны жоқ»,- деді.

590 - حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا حَمَّادٌ عَنْ أَيُّوبَ وَعَبْدِ الْحَمِيدِ صَاحِبِ الزِّيَادِيِّ وَعَاصِمِ الْأَحْوَلِ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ الْحَارِثِ قَالَ خَطَبَنَا ابْنُ عَبَّاسٍ فِي يَوْمٍ رَدَّغَ فَلَمَّا بَلَغَ الْمُؤَدَّنُ حَيَّ عَلَى الصَّلَاةِ فَأَمَرَهُ أَنْ يُنَادِيَ الصَّلَاةَ فِي الرَّحَالِ فَنَظَرَ الْقَوْمُ بَعْضُهُمْ إِلَى بَعْضٍ فَقَالَ فَعَلَ هَذَا مَنْ هُوَ خَيْرٌ مِنْهُ وَإِنَّهَا عَزْمَةٌ

590 – Абдулла ибн Харс (р.а.) риуаят етті: «Жауын-шашын болып тұрған күндердің бірінде Ибн Аббас (р.а.) бізге уағыз айтты. Азаншы «Хайиа ғалас салат» деп айтып жатқанда Ибн Аббас оны тоқтатып «Намазды әркім өз жерінде оқысын!»,- деп айқайлауды бұйырды. Бұған адамдар таңқалысып, бір-біріне қарасты. Сонда ибн Аббас (р.а.): «Ибн Аббастан да жақсырақ кісі (яғни, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) өзі солай істеген). Бүгін Жұма, сондай қылса болады»,- деді.

11-бап. Көзі әрең көретін адам, егерде оған намаз уақытының болғандығы хабар етілсе, ол азан айтуы мүмкін

591 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مَسْلَمَةَ عَنْ مَالِكٍ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ سَالِمِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ عَنْ أَبِيهِ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ إِنَّ بِلَالًا يُؤَدِّنُ بِلَيْلٍ فَكُلُّوا وَاشْرَبُوا حَتَّى يُنَادِيَ ابْنُ أُمِّ مَكْتُومٍ ثُمَّ قَالَ وَكَانَ رَجُلًا أَعْمَى لَا يُنَادِي حَتَّى يُقَالَ لَهُ أَصْبَحْتَ أَصْبَحْتَ

591 – Сәлім ибн Абдулланың атасы Абдулла ибн Омар (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Біләл (таң намазына) азанды өте ерте айтады. Сендер ибн Үмми Мактум азан айтқанша ішіп-жей беріңдер»,- деді. Ибн Үмми Мактум көзі көрмейтін адам болатын. Бірер кісі оған: «Таң атты, таң атты»,- деп айтпағанынша, азан айтпайтын»,- деді.

12-бап. Таң атқаннан кейін азан айту туралы

592 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ نَافِعٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ قَالَ أَخْبَرْتَنِي حَفْصَةُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ إِذَا اعْتَكَفَ الْمُؤَدَّنُ لِلصُّبْحِ وَبَدَأَ الصُّبْحُ صَلَّى رَكَعَتَيْنِ خَفِيفَتَيْنِ قَبْلَ أَنْ تُقَامَ الصَّلَاةُ

592 – Абдулла ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Үмму ул-Мұъминин Хафса анамыз (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) азаншы таң намазына азан айтудан кешігіп қалса, таң атып қалса мешітте намаз басталудан бұрын жеңіл ғана екі рәкат намаз оқып алатын»,- деді.

593 - حَدَّثَنَا أَبُو نُعَيْمٍ قَالَ حَدَّثَنَا شَيْبَانُ عَنْ يَحْيَى عَنْ أَبِي سَلَمَةَ عَنْ عَائِشَةَ كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُصَلِّي رَكَعَتَيْنِ خَوِيفَتَيْنِ بَيْنَ النَّدَاءِ وَالْإِقَامَةِ مِنْ صَلَاةِ الصُّبْحِ

593 – Айша анамыз (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) таң намазына айтылатын азан мен тәкбір арасында жеңіл ғана екі рәкат намаз оқып алатын», - деді.

594 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ دِينَارٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ إِنَّ بِلَالًا يُنَادِي بِلَيْلٍ فَكُلُّوا وَأَشْرَبُوا حَتَّى يُنَادِيَ ابْنُ أُمِّ مَكْتُومٍ

594 – Абдулла ибн Омар (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Біләл (р.а.) түнде өте ерте азан айтады, сендер Ибн Үмми Мактүм азан айтқанша, ішіп-жей беріндер», - дейтін», - деді.

13-бап. Таң намазынан бұрын азан айту

595 - حَدَّثَنَا أَحْمَدُ بْنُ يُونُسَ قَالَ حَدَّثَنَا زُهَيْرٌ قَالَ حَدَّثَنَا سُلَيْمَانُ التَّمِيمِيُّ عَنْ أَبِي عُمَانَ التَّهْدِيَّ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ مَسْعُودٍ عَنْ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ لَا يَمْنَعَنَّ أَحَدَكُمْ أَوْ أَحَدًا مِنْكُمْ أَذَانُ بِلَالٍ مِنْ سَحُورِهِ فَإِنَّهُ يُؤَدِّنُ أَوْ يُنَادِي بِلَيْلٍ لِيَرْجِعَ قَائِمَكُمْ وَلِيُنَبِّئَهُ نَائِمَكُمْ وَلَيْسَ أَنْ يَقُولَ الْفَجْرُ أَوْ الصُّبْحُ وَقَالَ بِأَصَابِعِهِ وَرَفَعَهَا إِلَى فَوْقِ وَطْأَطَأَ إِلَى أَسْفَلِ حَتَّى يَقُولَ هَكَذَا وَقَالَ زُهَيْرٌ بِسَبَابَتَيْهِ إِحْدَاهُمَا فَوْقَ الْأُخْرَى ثُمَّ مَدَّهَا عَنْ يَمِينِهِ وَشِمَالِهِ

595 – Абдулла ибн Масғуд айтты: Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Біләл азан айтқанда біреулерін сәрелік ішуден тоқтамаңыз, өйткені азаншы ұйықтап жатқандарды ояту үшін, ояу адамдарды намазға шақыру үшін қараңғыда азан айтады»- деді. Кейін Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) саусақтарын аспанға көтеріп төмен түсірді де: «Бұл әлі таң атқанды білдірмейді. Міне бұлай болса таң атқан болар»- деп саусақтарын енді көкжиек бойлап жүргізді» (яғни, күн нұры әуелі тігіне таралады, бұл таң атты дегені емес, нұр айналасына таралса ғана таң атқан боп есептеледі).

596 - حَدَّثَنَا إِسْحَاقُ قَالَ أَخْبَرَنَا أَبُو أُسَامَةَ قَالَ عُبَيْدُ اللَّهِ حَدَّثَنَا عَنْ الْقَاسِمِ بْنِ مُحَمَّدٍ عَنْ عَائِشَةَ وَعَنْ نَافِعٍ عَنْ ابْنِ عُمَرَ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ ح وَ حَدَّثَنِي يُوسُفُ بْنُ عِيْسَى الْمَرْوَزِيُّ قَالَ حَدَّثَنَا الْفَضْلُ بْنُ مُوسَى قَالَ حَدَّثَنَا عُبَيْدُ اللَّهِ بْنُ عُمَرَ عَنْ الْقَاسِمِ بْنِ مُحَمَّدٍ عَنْ عَائِشَةَ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنَّهُ قَالَ إِنَّ بِلَالًا يُؤَدِّنُ بِلَيْلٍ فَكُلُّوا وَاشْرَبُوا حَتَّى يُؤَدِّنَ ابْنُ أُمِّ مَكْنُومٍ

596 – Ибн Омар айтты: «Айша анамыз былай деген»,- деді: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Білел түнде азан айтады. Сіздер Ибн Умму Мактум айтқанша, жеп-іше беріндер»,- деген.

14- бап. Азан мен тәкбір арасында қанша уақыт бар?

597 - حَدَّثَنَا إِسْحَاقُ الْوَاسِطِيُّ قَالَ حَدَّثَنَا خَالِدٌ عَنْ الْجُرَيْرِيِّ عَنْ ابْنِ بُرَيْدَةَ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ مُعَقَّلٍ الْمُزَنِيِّ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ بَيْنَ كُلِّ أَذَانَيْنِ صَلَاةٌ ثَلَاثًا لِمَنْ سَاءَ

597 – Абдулла ибн Мағфал әл-Музаний риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Әрбір азан мен тәкбір арасындағы уақытта қалаған кісі бір рет намаз оқып алса да болады»,- деп үш рет қайталап айтты.

598 - حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ بَشَّارٍ قَالَ حَدَّثَنَا عُذْرٌ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ قَالَ سَمِعْتُ عَمْرَو بْنَ عَامِرٍ الْأَنْصَارِيَّ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ قَالَ قَالَ كَانَ الْمُؤَدِّنُ إِذَا أَدَّنَ قَامَ نَاسٌ مِنْ أَصْحَابِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَبْتَدِرُونَ السَّوَارِيَّ حَتَّى يَخْرُجَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَهُمْ كَذَلِكَ يُصَلُّونَ الرَّكْعَتَيْنِ قَبْلَ الْمَعْرَبِ وَلَمْ يَكُنْ بَيْنَ الْأَذَانِ وَالْإِقَامَةِ شَيْءٌ قَالَ عُثْمَانُ بْنُ جَبَلَةَ وَأَبُو دَاوُدَ عَنْ شُعْبَةَ لَمْ يَكُنْ بَيْنَهُمَا إِلَّا قَلِيلٌ

598 - Әнәс ибн Мәлік (р.а.) айтты: «Азаншы азан айтса, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сахабалары орындарынан тұрып, өздері намаз оқитын тіреулер қарсысында асығысатын еді. Тіпті Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) үйінен шыққанда олар азан мен тәкбір арасында оқитын намазды оқып жатқан болатын еді. Шам намазынан бұрын олар де екі рәкат намаз оқып алар еді. Азан мен тәкбір арасындағы уақыт онша көп болмайтын»,- деді.

Имам Бұхарий (р.а.) айтты: «Шам намазының азаны мен тәкбірі арасында ешқандай уақыт жоқ»,- деді.

Имам Навауй (р.а.) айтты: «Шам намазының азаны мен тәкбірі арасында екі рәкат намаз оқу – мұстахап»,- деді.

Имам Мәлік (р.а.) айтты: «Шам намазының азаны мен тәкбірі арасында намаз оқу – дұрыс»,- деді.

Ханафилер айтты: «Шам намазының азаны мен тәкбірі арасында үш кадам ғана жүрерлік уақыт бар»,- деді.

15-бап. Тәкбір айтылуды күтіп тұрған кісі туралы

599 - حَدَّثَنَا أَبُو الْيَمَانِ قَالَ أَخْبَرَنَا شُعَيْبٌ عَنْ الزُّهْرِيِّ قَالَ أَخْبَرَنِي عُرْوَةُ بْنُ الزُّبَيْرِ أَنَّ عَائِشَةَ قَالَتْ كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا سَكَتَ الْمُؤَدِّنُ بِأَوَّلِي مِنْ صَلَاةِ الْفَجْرِ قَامَ فَرَكَعَ رَكَعَتَيْنِ خَفِيفَتَيْنِ قَبْلَ صَلَاةِ الْفَجْرِ بَعْدَ أَنْ يَسْتَبِينَ الْفَجْرُ ثُمَّ اضْطَجَعَ عَلَى شِقِّهِ الْأَيْمَنِ حَتَّى يَأْتِيَهُ الْمُؤَدِّنُ لِلْإِقَامَةِ

599 – Айша анамыз айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) азаншы таң намазына азан айтып болған соң, орнынан тұрып, таң атқанша жеңіл ғана екі рәкат намаз оқып алатын, содан соң азаншы тәкбір айтқанша оң жағымен жанбастар еді»,- деді.

16-бап. Қалаған кісі әр бір азан мен тәкбір арасында намаз оқып алуы мүмкін

600 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يَزِيدَ قَالَ حَدَّثَنَا كَثْمَسُ بْنُ الْحَسَنِ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ بُرَيْدَةَ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ مَعْقَلٍ قَالَ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بَيْنَ كُلِّ أَدَانَيْنِ صَلَاةٌ بَيْنَ كُلِّ أَدَانَيْنِ صَلَاةٌ ثُمَّ قَالَ فِي الثَّلَاثَةِ لِمَنْ شَاءَ

600 - Абдулла ибн Мағфал (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Әрбір азан мен тәкбір арасында намаз бар, әрбір азан мен тәкбір арасында намаз бар, үшіншісі - қалаған кісіге»,- деп айтты»,- деді.

17-бап. «Біреуіңіз азан айтыңыз»,- деген кісі турасында

601 - حَدَّثَنَا مُعَلَّى بْنُ أَسَدٍ قَالَ حَدَّثَنَا وَهَيْبٌ عَنْ أَيُّوبَ عَنْ أَبِي قِلَابَةَ عَنْ مَالِكِ بْنِ الْحُوَيْرِثِ أَتَيْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي نَفَرٍ مِنْ قَوْمِي فَأَقَمْنَا عِنْدَهُ عَشْرِينَ لَيْلَةً وَكَانَ رَحِيمًا رَفِيقًا فَلَمَّا رَأَى شَوْقَنَا إِلَى أَهَالِينَا قَالَ ارْجِعُوا

فَكُونُوا فِيهِمْ وَعَلِّمُوهُمْ وَصَلُّوا فَإِذَا حَضَرَتِ الصَّلَاةُ فَلْيُؤَدِّنْ لَكُمْ أَحَدُكُمْ وَلْيُؤَمِّكُمْ أَكْبَرُكُمْ

601 – Мәлік ибн әл-Хуайрис (р.а.) риуаят етті: «Қауымға тиесілі бірнеше кісілермен бірге Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) үйіне келдім. Біз Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) қасында жиырма күндей тұрдық. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) рақымды, мейірімді екен. Отбасыларымызды сағынғанымызды біліп, «Үйлеріңізге қайтыңыздар, олармен бірге болыңыздар, оларға үйретіңіздер, намаз оқыңыздар, намаз уақыты болса, бір кісі азан айтсын, араларыңыздағы жасы үлкендеуі имамдық етсін», - деп айтқан болатын», - деді.

18-бап. Мүсәпірлер үшін азан мен тәкбір айту, содан соң Муздалифада азан мен тәкбір айту; азаншының суық түнде немесе жауынды түнде «намазды жер-жерлерінде оқындар», - деп азан шақыруы

602 - حَدَّثَنَا مُسْلِمٌ بْنُ أَبِرَاهِيمَ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ الْمُهَاجِرِ أَبِي الْحَسَنِ عَنْ زَيْدِ بْنِ وَهْبٍ عَنْ أَبِي دُرٍّ قَالَ قَالَ كُنَّا مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي سَفَرٍ فَأَرَادَ الْمُؤَدِّنُ أَنْ يُؤَدِّنَ فَقَالَ لَهُ أَبْرِدْ ثُمَّ أَرَادَ أَنْ يُؤَدِّنَ فَقَالَ لَهُ أَبْرِدْ ثُمَّ أَرَادَ أَنْ يُؤَدِّنَ فَقَالَ لَهُ أَبْرِدْ حَتَّى سَاوَى الظِّلُّ الثُّلُوثَ فَقَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِنَّ شِدَّةَ الْحَرِّ مِنْ فَيْحِ جَهَنَّمَ

602 - Әбу Зар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге едік. Азаншы азан айтпақшы болғанда, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оған: «Салқындатқыл», - деді. Кейін ол және азан айтпақшы болғанда, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) тағы да: «Салқындатқыл», - деді. . Кейін ол және азан айтпақшы болғанда, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) тағы да: «Салқындатқыл», - деді. Төбешіктердің түбіне көлеңкелер пайда болғанда, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Күннің ыстықтығы жәннамнан келіп жатқандай», - деді.

604 - حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ الْمُثَنَّى قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْوَهَّابِ قَالَ حَدَّثَنَا أَيُّوبُ عَنْ أَبِي قَلَابَةَ قَالَ حَدَّثَنَا مَالِكُ أُنْتِنَا إِلَى النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَتَحْنُ شَبِيهَةٌ مُتَقَارِبُونَ فَأَقَمْنَا عِنْدَهُ عِشْرِينَ يَوْمًا وَلَيْلَةً وَكَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ رَحِيمًا رَفِيقًا فَلَمَّا ظَنَّ أَنَّا قَدْ اسْتَهَيْبْنَا أَهْلَنَا أَوْ قَدْ اسْتَهَيْبْنَا سَأَلْنَا عَمَّنْ تَرَكَنَا بَعْدَنَا

فَأخْبَرْتَاهُ قَالَ ارْجِعُوا إِلَى أَهْلِيكُمْ فَأَقِيمُوا فِيهِمْ وَعَلِّمُوهُمْ وَمُرُوهُمْ وَذَكَرَ أَشْيَاءَ أَحْفَظَهَا أَوْ لَا أَحْفَظَهَا وَصَلُّوا كَمَا رَأَيْتُمُونِي أَصْلِي فَإِذَا حَضَرَتِ الصَّلَاةُ فَلْيُؤَدِّنْ لَكُمْ أَحَدُكُمْ وَلْيُؤَمِّمْكُمْ أَكْبَرُكُمْ

604 - Мәлік ибн әл-Хуайрис (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) үйіне барып жас жігіт кезімізде жиырма күндей тұрдық. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) рақымды, мейірімді екен. Отбасыларымызды сағынғанымызды біліп, үйлерімізде кімдерді тастап келгенімізді сұрады. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Үйлеріңізге қайтыңыздар, олармен бірге болыңыздар, оларға шариғат үкімдерін үйретіңіздер. Менің сіздерге бұйырғанымды оларға да бұйырыңыз», - деп насихат айтты. (Олардың кейбірі есімнен шығып кетіпті), кейін: «Мен қалай намаз оқыған болсам, солай намаз оқыңыз, намаз уақыты болса, бір кісі азан айтсын, араларыңыздағы жасы үлкендеуі имамдық етсін», - деп айтқан болатын», - деді.

605 - حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ أَخْبَرَنَا يَحْيَى عَنْ عُبَيْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ قَالَ حَدَّثَنِي نَافِعٌ قَالَ قَالَ ابْنُ عُمَرَ فِي لَيْلَةٍ بَارِدَةٍ بَضْجَانًا ثُمَّ قَالَ صَلُّوا فِي رِحَالِكُمْ فَأَخْبَرَنَا أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ يَأْمُرُ مُؤَدِّنًا يُؤَدِّنُ ثُمَّ يَقُولُ عَلَى إِثْرِهِ أَلَا صَلُّوا فِي الرَّحَالِ فِي اللَّيْلَةِ الْبَارِدَةِ أَوْ الْمَطِيرَةِ فِي السَّفَرِ

605 – Нафиғ (р.а.) риуаят етті: «Ибн Омар (р.а.) суық түндердің бірінде Дажнонда (төбенің аты) азан айтты, кейін бізге: «Үйлеріңе барып намаз оқыңдар, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) азан айтқаннан кейін азаншыға: «Сапардағы кезіңізде суық түнде немесе лайгершілікте, жер-жерлеріңізде намаз оқыңыздар», - деп айтуды бұйыратын», - деді.

606 - حَدَّثَنَا إِسْحَاقُ بْنُ مَنْصُورٍ قَالَ أَخْبَرَنَا جَعْفَرُ بْنُ عَوْنٍ قَالَ حَدَّثَنَا أَبُو الْعُمَيْسِ عَنْ عَوْنِ بْنِ أَبِي جُحَيْفَةَ عَنْ أَبِيهِ قَالَ رَأَيْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِالْأَبْطَحِ فَجَاءَهُ بِلَالٌ فَأَذَنَهُ بِالصَّلَاةِ ثُمَّ خَرَجَ بِلَالٌ بِالْعِزَّةِ حَتَّى رَكَزَهَا بَيْنَ يَدَيْ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِالْأَبْطَحِ وَأَقَامَ الصَّلَاةَ

606 – Гаун ибн Әбу Жухайфа (р.а.) атасынан естігенін риуаят етеді: «Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) Абтахта (жердің аты) көрдім. Біләл келіп азан айтты. Кейін үшкір найзаны алып шығып, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) қарсы алдына шаншып қойды, содан соң тәкбір айтты», - деді.

19-бап. Азаншы азан айтып жатқанда басын о жақ бұ жаққа қаратама, әлде кеудесін о жақ, бұл жаққа бұрады ма?

عَنْ بِلَالٍ أَنَّهُ جَعَلَ إِصْبَعَيْهِ فِي أُذُنَيْهِ وَكَانَ ابْنُ عُمَرَ لَا يَجْعَلُ إِصْبَعَيْهِ فِي أُذُنَيْهِ وَقَالَ ابْنُ أَبِي هَيْمٍ لَا بَأْسَ أَنْ يُؤَدَّنَ عَلَى غَيْرِ وُضوءٍ وَقَالَ عطاءُ الوُضوءِ حَقٌّ وَسُنَّةٌ وَقَالَتْ عَائِشَةُ كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَذْكُرُ اللَّهَ عَلَى كُلِّ أَحْيَانِهِ

Хазреті Білал (р.а.) азан айтып жатқанда екі саусағын екі құлағына тығатын, ал Ибн Омар (р.а.) болса екі саусағын құлағына тықпайтын еді», - делінеді.

Ибраһим (р.а.) айтты: «Дәретсіз азан айтудың зияны жоқ», - деді.

Ғата (р.а.) айтты: «Азан айту үшін дәрет алу парыз да, сүннет те», - деген. Айша анамыз айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) әр кезде Алланың зікірін айта беретін», - деді.

607 - حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ يُوسُفَ قَالَ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ عَنْ عَوْنِ بْنِ أَبِي جُحَيْفَةَ

عَنْ أَبِيهِ أَنَّهُ رَأَى بِلَالًا يُؤَدَّنُ فَجَعَلَتْ أُتْبَعُ فَأَهْ هَهُنَا وَهَهُنَا بِالْأَذَانِ

607 – Гаун ибн әбу Жухайфа (р.а.) риуаят етті: «Менің атам бір күні Білалдің азан айтып жатып басын о жақ, бұ жаққа бұрғанын көрген екен», - деді.

20-бап. Кісі: «Намаз уақыты өтіп кетіпті», - десе болады ма?

ابْنُ سِيرِينَ أَنْ يَقُولَ فَاتَتْنَا الصَّلَاةُ وَلَكِنْ لِيَقُلَ لَمْ نُذْرِكْ وَقَوْلُ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَصَحُّ

Ибн Сирин (р.а.) «Намаз уақыты өтіп кетіпті», - дегенді мәкрұх санап, оның орнына намазға жете алмай қалыппыз десін», - деді.

Имам Бұхарий болса (р.а.) Ибн Сириннің сөзін қабыл етпей, «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): («Намаз өтіп кетіпті»), - деген сөзі дұрыс», - деп айтты.

608 - حَدَّثَنَا أَبُو نُعَيْمٍ قَالَ حَدَّثَنَا شَيْبَانُ عَنْ يَحْيَى عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ أَبِي

قَتَادَةَ عَنْ أَبِيهِ قَالَ بَيْنَمَا نَحْنُ نُصَلِّي مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذْ سَمِعَ جَلْبَةَ رَجَالٍ فَلَمَّا صَلَّى قَالَ مَا شَأْنُكُمْ قَالُوا اسْتَعْجَلْنَا إِلَى الصَّلَاةِ قَالَ فَلَا تَفْعَلُوا إِذَا أَنْتُمْ الصَّلَاةَ فَعَلَيْكُمْ بِالسَّكِينَةِ فَمَا أَدْرَكْتُمْ فَصَلُّوا وَمَا فَاتَكُمْ فَأْتِمُوا

608 – Абдулла ибн Әбу Қатаданың атасы айтты: «Бір кездері біз Пайғамбарымыз бен (с.ғ.с.) бірге намаз оқып жатыр едік, бірден адамдардың абыр-дабыр дауыстары естілді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) намаз оқып болғаннан кейін: «Сендерге не болды?»,- деді. Олар: «Намазға асықтық»,- десті. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Намазға келгендеріңде олай етпендер, тыныштыққа бой ұсыныңыз. Намаздың қай жеріне үлгерсеңіз, сол жерінен қосылып оқи беріңіз, қаншасы өтіп кеткен болса да, кейін өзіңіз толықтырып оқып алыңыз!»,- деп айтты»,-деді.

21-бап. Намазға ақырын ғана жайлап келу туралы

قَالَ مَا أَدْرَاكُمْ فَصَلُّوا وَمَا فَاتَكُمْ فَأْتِمُوا قَالَ أَبُو قَتَادَةَ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

Қатада (р.а.) риуаят етті: Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Намазға қашан үлгеріп келсеңіз, келген жерден жалғастыра беріңіз, қалғанын кейін толтырып оқып алыңыз!»,- деген»,-деді.

609 - حَدَّثَنَا آدَمُ قَالَ حَدَّثَنَا ابْنُ أَبِي ذَنْبٍ قَالَ حَدَّثَنَا الزُّهْرِيُّ عَنْ سَعِيدِ بْنِ الْمُسَيَّبِ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَعَنْ الزُّهْرِيِّ عَنْ أَبِي سَلَمَةَ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ إِذَا سَمِعْتُمُ الْإِقَامَةَ فَأَمْسُوا إِلَى الصَّلَاةِ وَعَلَيْكُمْ بِالسَّكِينَةِ وَالْوَقَارِ وَلَا تُسْرِعُوا فَمَا أَدْرَاكُمْ فَصَلُّوا وَمَا فَاتَكُمْ فَأْتِمُوا

609 - Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Егер тәкбір айтылғанын естісеңіз асықпай, жәйлап қана намазға келіңіз. Намазға қай жерінен үлгеріп келсеңіз, сол жерінен жамағатқа қосылып, оқи беріңіз, қалғанын кейін өзіңіз толтырып оқып алыңыз!»,- деп айтқан»,- деді.

22-бап. Кісі имам тәкбір айтып жатқаның көрсе сапқа қашан тұрады?

610 - حَدَّثَنَا مُسْلِمُ بْنُ أَبِرَاهِيمَ قَالَ حَدَّثَنَا هِشَامٌ قَالَ كَتَبَ إِلَيَّ يَحْيَى بْنُ أَبِي كَثِيرٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ أَبِي قَتَادَةَ عَنْ أَبِيهِ قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا أُقِيمَتِ الصَّلَاةُ فَلَا تَقُومُوا حَتَّى تَرَوْنِي

610 – Абдулла ибн Әбу Қатаданың (р.а.) атасы риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Тәкбір айтылып жатқан уақытта мені көрмегеніңізге дейін сапқа тұрмаңыз!»,-деп айтқан»,- деді.

23-бап. Намазхандар сапқа асығып келіп тұрмасын, тыныштық сақтап, тәртіптілікпен тұрсын!

611 - حَدَّثَنَا أَبُو نُعَيْمٍ قَالَ حَدَّثَنَا شَيْبَانُ عَنْ يَحْيَى عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ أَبِي قَتَادَةَ عَنْ أَبِيهِ قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا أُقِيمَتِ الصَّلَاةُ فَلَا تَقُومُوا حَتَّى تَرَوْنِي وَعَلَيْكُمْ بِالسَّكِينَةِ

611 – Абдулла ибн Өбу Қатаданың (р.а.) атасы риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Тәкбір айтылып жатқанда сапқа тұрмаңыз. Тыныштық сақтаңыз!»,-деп айтқан»,-деді.

24-бап. Тәкбір айтылғаннан соң бір себеппен мешіттен шықса бола ма?

612 - حَدَّثَنَا عَبْدُ الْعَزِيزِ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ حَدَّثَنَا إِبْرَاهِيمُ بْنُ سَعْدٍ عَنْ صَالِحِ بْنِ كَيْسَانَ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ أَبِي سَلَمَةَ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ خَرَجَ وَقَدْ أُقِيمَتِ الصَّلَاةُ وَعَدَلَتْ الصُّفُوفُ حَتَّى إِذَا قَامَ فِي مُصَلَّاهُ انْتَهَرْنَا أَنْ يُكَبِّرَ انصَرَفَ قَالَ عَلَى مَكَانِكُمْ فَمَكَّنَا عَلَى هَيْبَتِنَا حَتَّى خَرَجَ إِلَيْنَا يَنْطِفُ رَأْسُهُ مَاءً وَقَدْ اغْتَسَلَ

612 - Өбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бөлмесінен шықты. Намазға тәкбір айтылды, саптар түзелді. Намазға тәкбір тахрима айтылуын күтіп тұрған едік, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Орындарыңыздан қозғалмаңыздар!»,- деп бөлмесіне кіріп кетті, біз сол бойымызда тұрып қалдық . Біраздан соң шаштары дымқыл, басынан су тамып тұрған бойы қайтып шықты, ол кісі ғұсыл алған екен»,- деді.

25-бап. Егер имам: «Орныңыздан қозғалмаңыз!»,- деп шығып кетсе, қайтып келгенше күтіп тұрады

613 - حَدَّثَنَا إِسْحَاقُ قَالَ حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ يُوسُفَ قَالَ حَدَّثَنَا الْأَوْزَاعِيُّ عَنْ الزُّهْرِيِّ عَنْ أَبِي سَلَمَةَ بْنِ عَبْدِ الرَّحْمَنِ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ قَالَ أُقِيمَتِ الصَّلَاةُ فَسَوَّى النَّاسُ صُفُوفَهُمْ فَخَرَجَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَتَقَدَّمَ وَهُوَ جُنْبٌ ثُمَّ قَالَ عَلَى مَكَانِكُمْ فَرَجَعُ فَأَغْتَسَلَ ثُمَّ خَرَجَ وَرَأْسُهُ يَقْطُرُ مَاءً فَصَلَّى بِهِمْ

613 - Өбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Намазға тәкбір айтылды, адамдар саптарын түзеді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бөлмесінен шығып,

алдыға өтті. Ол кісі жүніп халде екен: «Орындарыңыздан қозғалмаңыздар!»,- деп бөлмесіне қайта кіріп кетті. Содан кейін ғұсыл алып шықты, шаштары дымқыл, басынан су тамып тұрған еді. Кейін жамағатпен бірге намаз оқыды»,- деді.

26-бап. Кісінің «Әлі намаз оқымадық»,- деуі

614 - حَدَّثَنَا أَبُو نُعَيْمٍ قَالَ حَدَّثَنَا شَيْبَانُ عَنْ يَحْيَى قَالَ سَمِعْتُ أَبَا سَلَمَةَ يَقُولُ أَخْبَرَنَا جَابِرُ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ جَاءَهُ عُمَرُ بْنُ الْخَطَّابِ يَوْمَ الْخَنْدَقِ فَقَالَ يَا رَسُولَ اللَّهِ وَاللَّهِ مَا كِدْتُ أَنْ أُصَلِّيَ حَتَّى كَادَتْ الشَّمْسُ تَغْرُبُ وَذَلِكَ بَعْدَ مَا أَفْطَرَ الصَّائِمُ فَقَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَاللَّهِ مَا صَلَّيْتُهَا فَنَزَلَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِلَى بُطْحَانَ وَأَنَا مَعَهُ فَتَوَضَّأَ ثُمَّ صَلَّى يَغْنِي الْعَصْرَ بَعْدَ مَا غَرَبَتِ الشَّمْسُ ثُمَّ صَلَّى بَعْدَهَا الْمَغْرِبَ

614 – Жәбир ибн Абдулла (р.а.) риуаят етті: «Хандақ күні, күн батқан соң, Омар ибн әл-Хаттаб (р.а.) Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдына келіп: «Я Расулудла, Алланың хақы құрметі күн батып кетті да, аср намазын оқи алмай қалдым»,- деді. Бұл сөзді айтқанында ифтар ішіліп болған еді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Алламен ант етемін, мен де (оны) әлі оқығаным жоқ»,- деді. Кейін, Бұтханға жүрдік, жеткеннен соң Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) дәрет алды. Содан кейін күн батқаннан соң Аср намазын оқыды, одан кейін шам намазын оқыды»,- деді.

27-бап. Тәкбір айтылғаннан кейін имам бір зәрулікпен бөгеліп қалуы мүмкін бе?

615 - حَدَّثَنَا أَبُو مَعْمَرٍ عَبْدُ اللَّهِ بْنُ عَمْرٍو قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْوَارِثِ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْعَزِيزِ بْنُ صُهَيْبٍ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ قَالَ أُقِيمَتِ الصَّلَاةُ وَالنَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُنَاجِي رَجُلًا فِي جَانِبِ الْمَسْجِدِ فَمَا قَامَ إِلَى الصَّلَاةِ حَتَّى نَامَ الْقَوْمُ

615 - Әнас (р.а.) риуаят етті: «Намазға тәкбір айтылды, бірақ та Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мешіттің жанында бір кісімен сөйлесіп тұра берді, сонда кейбір намазхандар ұйықтап қалды»,- деді.

28-бап. Намазға тәкбір айтылғаннан соң (біреумен) сөйлесу туралы

616 - حَدَّثَنَا عِيَّاشُ بْنُ الْوَلِيدِ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْأَعْلَى قَالَ حَدَّثَنَا حُمَيْدٌ قَالَ سَأَلْتُ ثَابِتًا الْبُنَانِيَّ عَنِ الرَّجُلِ يَتَكَلَّمُ بَعْدَ مَا تُقَامُ الصَّلَاةُ فَحَدَّثَنِي عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ قَالَ أُقِيمَتِ الصَّلَاةُ فَعَرَضَ لِلنَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ رَجُلٌ فَحَبَسَهُ بَعْدَ مَا أُقِيمَتِ الصَّلَاةُ

616 – Хумайд (р.а.) риуаят етті: «Сәбит Бұнанидан намазға тәкбір айтылғаннан кейін (біреумен) сөйлескен кісі туралы сұрадым. Сонда ол: «Намазға тәкбір айтылғаннан кейін бір кісі келіп Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) сөзге айналдырып қалған еді», - деп, маған Әнас (р.а.) айтқан еді», - деді.

29-бап. Жамағатпен намаз оқудың уәжіптігі туралы

قَالَ الْحَسَنُ إِنْ مَنَعَتْهُ أُمُّهُ عَنِ الْعِشَاءِ فِي الْجَمَاعَةِ شَفَقَهُ لَمْ يُطْعَمَهَا

Хасан Басрийді (р.а.) анасы мейірбаншылық қылып, құфтан намазын жамағатпен оқу үшін мешітке барудан қайтарыпты, сонда ол кісіге бой ұсынбапты.

617 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ أَبِي الزِّنَادِ عَنِ الْأَعْرَجِ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ وَالَّذِي نَفْسِي بِيَدِهِ لَقَدْ هَمَمْتُ أَنْ أَمُرَ بِحَطْبٍ فَيُحْطَبُ ثُمَّ أَمُرَ بِالصَّلَاةِ فَيُؤَدَّنَ لَهَا ثُمَّ أَمُرَ رَجُلًا فَيَوْمَّ النَّاسَ ثُمَّ أَخَالَفَ إِلَى رَجَالٍ فَأَحْرَقَ عَلَيْهِمْ بُيُوتَهُمْ وَالَّذِي نَفْسِي بِيَدِهِ لَوْ يَعْلَمُ أَحَدُهُمْ أَنَّهُ يَجِدُ عَرَقًا سَمِيئًا أَوْ مِرْمَاتَيْنِ حَسَنَتَيْنِ لَشَهِدَ الْعِشَاءَ

617 - Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Алла тағаланың хақы құрметі адамдарға «Отын жиыңдар!», - деп бұйырсам, олар жияр, содан кейін «Намаз оқыңыз!», - десем, бір кісі азан айтса, екіншісі имамдық қылса, сосын намазға келмеген кісілердің үйлеріне барып, үстінен от қойып жағып жіберсем, Аллаға ант етіп айтамын, жамағатпен бірге намаз оқымаққа келмеген сол кісілердің бірері бұл жерге (мешітке) келгенде пісірілген ет жейді десе, әлбетте, құфтанға келген болар еді», - деді.

30-бап. Жамағатпен намаз оқудың артықшылығы

وَكَانَ الْأَسْوَدُ إِذَا قَاتَتْهُ الْجَمَاعَةُ ذَهَبَ إِلَى مَسْجِدٍ آخَرَ وَجَاءَ أَنَسُ بْنُ مَالِكٍ إِلَى مَسْجِدٍ قَدْ صَلَّى فِيهِ فَأَذَّنَ وَأَقَامَ وَصَلَّى جَمَاعَةً

Асуад ибн Язид (р.а.) өз жамағатымен бірге намаз оқуға үлгермей қалса, басқа мешітке баратын еді. Әнас (р.а.) намаз оқып болғанда мешітке келді, содан соң және тәкбір айтып (басқа) жамағатпен бірге намаз оқыды.

618 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ نَافِعٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ صَلَّى الْجَمَاعَةَ تَفْضُلُ صَلَاةِ الْفَدَى بِسَبْعٍ وَعِشْرِينَ دَرَجَةً

618 - Абдулла ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Жамағатпен бірге оқылған намаздың сауабы жалғыз оқылған намаздың сауабынан жиырма жеті есе (дәрежесі) артық болады», - деді.

619 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ أَخْبَرَنَا اللَّيْثُ حَدَّثَنِي ابْنُ الْهَادِ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ خَبَّابٍ عَنْ أَبِي سَعِيدٍ الْخُدْرِيِّ أَنَّهُ سَمِعَ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَقُولُ صَلَّى الْجَمَاعَةَ تَفْضُلُ صَلَاةِ الْفَدَى بِخَمْسٍ وَعِشْرِينَ دَرَجَةً

619 - Әбу Сабыд әл-Худрий Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Жамағатпен бірге оқыған намаздың сауабы жалғыз оқыған намаздың сауабынан жиырма бес мәрте артық», - дегенін естігенмін», - деді.

620 - حَدَّثَنَا مُوسَى بْنُ إِسْمَاعِيلَ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْوَاحِدِ قَالَ حَدَّثَنَا الْأَعْمَشُ قَالَ سَمِعْتُ أَبَا صَالِحٍ يَقُولُ سَمِعْتُ أَبَا هُرَيْرَةَ يَقُولُ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ صَلَّى الرَّجُلُ فِي الْجَمَاعَةِ تُضَعَّفُ عَلَى صَلَاتِهِ فِي بَيْتِهِ وَفِي سُوقِهِ خَمْسًا وَعِشْرِينَ ضِعْفًا وَذَلِكَ أَنَّهُ إِذَا تَوَضَّأَ فَأَحْسَنَ الْوُضُوءَ ثُمَّ خَرَجَ إِلَى الْمَسْجِدِ لَا يُخْرِجُهُ إِلَّا الصَّلَاةُ لَمْ يَخْطُ خَطْوَةً إِلَّا رُفِعَتْ لَهُ بِهَا دَرَجَةٌ وَحُطَّ عَنْهُ بِهَا خَطِيئَةٌ فَإِذَا صَلَّى لَمْ تَزَلْ الْمَلَائِكَةُ تُصَلِّي عَلَيْهِ مَا دَامَ فِي مُصَلَّاهُ اللَّهُمَّ صَلِّ عَلَيْهِ اللَّهُمَّ ارْحَمَهُ وَلَا يَزَالُ أَحَدُكُمْ فِي صَلَاةٍ مَا انْتَهَرَ الصَّلَاةَ

620 - Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Кісінің жамағатпен оқыған намазының сауабы, үйде жалғыз өзі оқыған намаздың және базарда оқыған намаздың сауабынан жиырма бес мәрте дәрежесі артық болады . Бұл сауапқа кісі жақсылап дәрет алып, үйден мешітке тек намаз оқимын деген ниетте шықса ғана жетуі мүмкін. Сол ниетпен басқан әрбір қадамын көтеріп үлгерместен, Алла тағала оның мәртебесін бір дәрежеге көтеріп, бір күнәсін кешіреді. Намаз оқып жатқанда болса, періштелер оның жоғарысында: «Иләһи, бұл пендені жарылқағайсың, бұл пендеңе рахым еткейсің!», - деп дұға қылып тұрар. Қайсы біріңіз намаз оқимын, деп күтіп тұрған болсаңыз, намаз оқып жатқан болып есептелесіз!», - деді.

31-бап. Таң намазын жамағатпен оқудың артықшылығы

621 - حَدَّثَنَا أَبُو الْيَمَانِ قَالَ أَخْبَرَنَا شُعَيْبٌ عَنْ الزُّهْرِيِّ قَالَ أَخْبَرَنِي سَعِيدُ بْنُ الْمُسَيَّبِ وَأَبُو سَلَمَةَ بْنُ عَبْدِ الرَّحْمَنِ أَنَّ أَبَا هُرَيْرَةَ قَالَ سَمِعْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَقُولُ تَفْضُلُ صَلَاةِ الْجَمِيعِ صَلَاةَ أَحَدِكُمْ وَحَدَهُ بِخَمْسٍ وَعِشْرِينَ جُزْءًا وَتَجْتَمِعُ مَلَائِكَةُ اللَّيْلِ وَمَلَائِكَةُ النَّهَارِ فِي صَلَاةِ الْفَجْرِ ثُمَّ يَقُولُ أَبُو هُرَيْرَةَ فَافْرَأُوا إِنْ شِئْتُمْ إِنَّ قُرْآنَ الْفَجْرِ كَانَ مَشْهُودًا قَالَ شُعَيْبٌ وَحَدَّثَنِي نَافِعٌ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ قَالَ تَفْضُلُهَا بِسَبْعٍ وَعِشْرِينَ دَرَجَةً

621 - Мына хадисті Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) естідім деп Әбу Хурайра (р.а.) айтты: «Әр біріңнің жамағатпен оқыған намаздарыңның сауабы жалғыз оқыған намаздарыңнан жиырма бес мәрте артық болады. Түнгі періштелермен бірге күндізгі періштелердің баршасы таң намазына келіп топ-топ болып жиналар», - деді.

Әбу Хурайра (р.а.) айтты: «Егер қаласаңыз, **«Әрі таң намазын оқы. Күмәнсіз таң намазына періштелер де қатынасады»⁹¹**», - деген аятты оқындар!», - деді.

Абдулла ибн Омар (р.а.) айтты: «Жамағат намазының дәрежесі жиырма жеті есе артық», - деді.

622 - حَدَّثَنَا عُمَرُ بْنُ حَفْصٍ قَالَ حَدَّثَنَا أَبِي قَالَ حَدَّثَنَا الْأَعْمَشُ قَالَ سَمِعْتُ سَالِمًا قَالَ سَمِعْتُ أُمَّ الدَّرْدَاءِ تَقُولُ دَخَلَ عَلَيَّ أَبُو الدَّرْدَاءِ وَهُوَ مُغْضَبٌ فَقُلْتُ مَا أَغْضَبَكَ فَقَالَ وَاللَّهِ مَا أَعْرَفُ مِنْ أُمَّةٍ مُحَمَّدٍ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ شَيْئًا إِلَّا أَنَّهُمْ يُصَلُّونَ جَمِيعًا

⁹¹ 17.әл-Исра-78 аят.

622 – Үмму Дарда (р.а.) риуаят етті: «Әбу Дарда алдыма ашуланып кіріп келді. Мен оған: «Неге ашуландыңыз?», - дедім. Ол. «Аллаға ант етіп айтамын, Мұхаммед (с.ғ.с.) үмбетінің жамағатпен намаз оқудан бөлек біреу сауапты іс қалмады», - деді.

623 - حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ الْعَلَاءِ قَالَ حَدَّثَنَا أَبُو أُسَامَةَ عَنْ بُرَيْدِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ عَنْ أَبِي بُرْدَةَ عَنْ أَبِي مُوسَى قَالَ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَعْظَمُ النَّاسِ أَجْرًا فِي الصَّلَاةِ أَبْعَدُهُمْ فَأَبْعَدُهُمْ مَمْسَى وَالَّذِي يَنْتَظِرُ الصَّلَاةَ حَتَّى يُصَلِّيَهَا مَعَ الْإِمَامِ أَعْظَمُ أَجْرًا مِنَ الَّذِي يُصَلِّي ثُمَّ يَنَامُ

623 - Әбу Мұса (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Намаздан ең көп сауап алатын адам – мешіттен ең ұзақта тұратын адам, өйткені ол көп жүріп, көбірек азап шегіп келеді. Жамағатпен бірге намаз оқуды күтіп жатқан кісіге тиетін сауап, өзі намазды оқып, жатып алған адамға тиетін сауаптан көбірек артық», - деді.

32-бап. Бесін намазына ертерек барудың артықшылығы

624 - حَدَّثَنَا قُتَيْبَةُ عَنْ مَالِكٍ عَنْ سُمَيٍّ مَوْلَى أَبِي بَكْرٍ بْنِ عَبْدِ الرَّحْمَنِ عَنْ أَبِي صَالِحِ السَّمَّانِ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ بَيْنَمَا رَجُلٌ يَمْشِي بِطَرِيقٍ وَجَدَ غُصْنَ شَوْكٍ عَلَى الطَّرِيقِ فَأَخْرَهُ فَشَكَرَ اللَّهُ لَهُ فَعَفَرَ لَهُ ثُمَّ قَالَ الشُّهَدَاءُ خَمْسَةَ الْمَطْعُونُ وَالْمَبْطُونُ وَالْغَرِيقُ وَصَاحِبُ الْهَذْمِ وَالشَّهِيدُ فِي سَبِيلِ اللَّهِ وَقَالَ لَوْ يَعْلَمُ النَّاسُ مَا فِي النِّدَاءِ وَالصَّفِّ الْأَوَّلِ ثُمَّ لَمْ يَجِدُوا إِلَّا أَنْ يَسْتَهْمُوا لَاسْتَهَمُوا عَلَيْهِ وَلَوْ يَعْلَمُونَ مَا فِي التَّهْجِيرِ لَاسْتَبَقُوا إِلَيْهِ وَلَوْ يَعْلَمُونَ مَا فِي الْعَتَمَةِ وَالصُّبْحِ لَأَتَوْهُمَا وَلَوْ حَبَوًّا

624 - Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Бір күні бір адам көшеде кетіп бара жатыр еді. Ол жолда жатқан тікенді көріп, шетке қарай алып тастады. Алла тағала оның қылған ісіне разы болды және күналарын кешірді. Мына бес түрлі себеппен өлген кісілер шаһид болар: «Обадан өлгендер, іш ауруымен өлгендер, суға батып өлгендер, бір нәрсенің астында қалып өлгендер және Алла тағаланың жолында жиһат қылып өлгендер. Адамдар азан айтудың және намазда бірінші сапта тұрудың қаншалықты сауап екенін білсе, еш амалын таппаса да, шек тастап өз ниеттеріне жеткен болар еді. Намазға ертерек барудың қандай сауабының бар екенін білсе, мешітке қарай бір-бірінен озып

жүгірісер еді. Құфтан мен таң намазының сауабын білген болса, еңбектеп болса да баратын еді»,- деді.

33-бап. Мешітке қарай басқан қадамдарды есептеу туралы

625 - حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ حَوْشَبٍ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْوَهَّابِ قَالَ حَدَّثَنَا حُمَيْدٌ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ قَالَ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَا بَنِي سَلَمَةَ أَلَا تَحْتَسِبُونَ آثَارَكُمْ وَقَالَ مُجَاهِدٌ فِي قَوْلِهِ وَتَكْتَبُ مَا قَدَّمُوا وَآثَارَهُمْ قَالَ خُطَاهُمْ وَقَالَ ابْنُ أَبِي مَرْيَمَ أَخْبَرَنَا يَحْيَى بْنُ أَيُّوبَ حَدَّثَنِي حُمَيْدٌ حَدَّثَنِي أَنَسُ بْنُ بَنِي سَلَمَةَ أَرَادُوا أَنْ يَتَحَوَّلُوا عَنْ مَنَازِلِهِمْ فَيَنْزِلُوا قَرِيبًا مِنَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ فَكَّرَهُ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنْ يُعْرُوا الْمَدِينَةَ فَقَالَ أَلَا تَحْتَسِبُونَ آثَارَكُمْ قَالَ مُجَاهِدٌ خُطَاهُمْ آثَارُهُمْ أَنْ يُمَشَى فِي الْأَرْضِ بِأَرْجُلِهِمْ

625 - Әнас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Ей, Бәни Салама, қадамдарыңызды есептеп жүрмейсіз бе?»,- деді.

Мұжахиж: «Қылған істерінді және іздерінді жазып қоямыз деген аяттағы «Іздерді»,- деген сөзді «Қадамдарды»,- деп тәпсірледі.

Әнас (р.а.) риуаят етті: «Бәни Саламалықтар өз жерлерін тастап, Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) жақынырақ жерге көшіп келмекші болды. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Мединенің босап қалуын қаламай: «Іздеріңізді (қадамдарынды) есептеп жүрмейсіздер?»,- деп айтты. (яғни, мешітке қанша ұзақ жол жүріп келсеңіз, сонша сауап болады деген мағынада).

Мұжаһид: «Іздеріңізді дегенді «Жерде жаяу қадам басып келу»,- деді.

34-бап. Құфтан намазын жамағатпен оқудың артықшылығы туралы

626 - حَدَّثَنَا عُمَرُ بْنُ حَفْصٍ قَالَ حَدَّثَنَا أَبِي قَالَ حَدَّثَنَا الْأَعْمَشُ قَالَ حَدَّثَنِي أَبُو صَالِحٍ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ قَالَ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَيْسَ صَلَاةٌ أَثْقَلَ عَلَى الْمُتَأَفِّقِينَ مِنَ الْفَجْرِ وَالْعِشَاءِ وَلَوْ يَعْلَمُونَ مَا فِيهِمَا لِأَتَوْهُمَا وَلَوْ حَبْوًا لَقَدْ هَمَمْتُ أَنْ أَمُرَ الْمُؤَدَّنَ فَيَقِيمَ ثُمَّ أَمَرَ رَجُلًا يَوْمَ النَّاسِ ثُمَّ أَخَذَ شَعْلًا مِنْ نَارٍ فَأَحْرَقَ عَلَى مَنْ لَا يَخْرُجُ إِلَى الصَّلَاةِ بَعْدُ

626 - Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Мунафиқтарға таң намазы мен құфтаннан гөрі ауырырақ намаз жоқ. Бұл

екі намазда қанша сауап барын білсе ғой, мешітке еңбектеп болса да келер еді. Азаншыға бұйырсам, ол азан айтса, кейін бір кісіге бұйырсам, ол адамдарға имамдық қылса, кейін азанды естіп тұрып, намазға шықпағандардың үстінен от қойсам!»,- деп айтты»,- деді.

35-бап. Екі кісі немесе одан артығы жамағат болады

627 - حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا يَزِيدُ بْنُ زُرَيْعٍ قَالَ حَدَّثَنَا خَالِدُ الْحَدَّاءُ عَنْ

أَبِي قِلَابَةَ عَنْ مَالِكِ بْنِ الْحُوَيْرِثِ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ إِذَا حَضَرَتِ الصَّلَاةُ فَأَدِّنَا وَأَقِيمَا ثُمَّ لِيَوْمَكُمَا أَكْبَرُكُمَا

627 – Мәлік ибн әл-Хуайрис (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сапарға кетіп бара жатқан екі кісіге: «Намаз уақыты болса, біреуің азан мен тәкбір айтып, жасы үлкенің имам болсын»,- деді.

36-бап. Мешікте намаз уақытының болуын күтіп отырған кісінің және мешіттердің артықшылығы туралы

628 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مَسْلَمَةَ عَنْ مَالِكِ عَنْ أَبِي الزِّنَادِ عَنِ الْأَعْرَجِ

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ الْمَلَائِكَةُ تُصَلِّي عَلَيَّ أَحَدِكُمْ مَا دَامَ فِي صَلَاتِهِ مَا لَمْ يُحْدِثِ اللَّهُمَّ اغْفِرْ لَهُ اللَّهُمَّ ارْحَمْهُ لَا يَزَالُ أَحَدُكُمْ فِي صَلَاةٍ مَا دَامَتْ الصَّلَاةُ تَحْسِبُهُ لَا يَمْنَعُهُ أَنْ يَنْقَلِبَ إِلَى أَهْلِهِ إِلَّا الصَّلَاةُ

628 - Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Дәретін бұзбай жайнамазда намаз уақыты болуын күтіп отырған әрбір кісіні періштелер «Иләһи бұл пенденің күнәларын кешіргейсін, бұл пендеңе рахымынды көрсеткейсің!»,- деп дұға етер. Намаз оқимын деген ниетте ғана үйіне кетпей мешітке отырған кісі намаз оқып жатқанмен парпар болады»,- деп айтқан»,- деді.

629 - حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ بَشَّارٍ بِنْدَارٌ قَالَ حَدَّثَنَا يَحْيَى عَنْ عُبَيْدِ اللَّهِ قَالَ

حَدَّثَنِي حُبَيْبُ بْنُ عَبْدِ الرَّحْمَنِ عَنْ حَفْصِ بْنِ عَاصِمٍ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ سَبَعَةٌ يُظِلُّهُمُ اللَّهُ فِي ظِلِّهِ يَوْمَ لَا ظِلَّ إِلَّا ظِلُّهُ الْإِمَامُ الْعَادِلُ وَشَابٌّ نَشَأَ فِي عِبَادَةِ رَبِّهِ وَرَجُلٌ قَلْبُهُ مُعَلَّقٌ فِي الْمَسَاجِدِ وَرَجُلَانِ تَحَابَّانِ فِي اللَّهِ اجْتَمَعَا عَلَيْهِ وَتَفَرَّقَا عَلَيْهِ وَرَجُلٌ طَلَبَتْهُ امْرَأَةٌ ذَاتُ مَنْصِبٍ وَجَمَالٍ فَقَالَ

إِنِّي أَخَافُ اللَّهَ وَرَجُلٌ تَصَدَّقَ أَخْفَى حَتَّى لَا تَعْلَمَ شِمَالَهُ مَا تُنْفِقُ يَمِينُهُ وَرَجُلٌ ذَكَرَ
اللَّهُ خَالِيًا فَفَاضَتْ عَيْنَاهُ

629 - Әбу Хурайра (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Алла тағала жеті топ мұминдерге ахирет күні еш сая-көлеңке қалмағанда Аршының көлеңкесінен орын берер олар: «Әділ басшыға, тақуалықпен құлшылық етіп өскен жігітке, жүрегі мешіттерге байланған кісіге, Алла үшін деп біреумен достасқанға және Алла үшін досынан ажырағанға, сұлу әйел зинақорлыққа жетелесе, оған «Мен Алладан қорқамын»,- деп айтқан адамға, оң қолымен берген садақасын сол қолы білмейтіндей еткен кісіге, мешітте Алла тағаланы есіне алып солқ-солқ жылаған кісіге»,- деп айтты»,-деді.

630 - حَدَّثَنَا قُتَيْبَةُ قَالَ حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ بْنُ جَعْفَرٍ عَنْ حُمَيْدٍ قَالَ سَأَلَ أَنَسُ بْنُ مَالِكٍ هَلْ اتَّخَذَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ خَاتِمًا فَقَالَ نَعَمْ أَخْرَ لَيْلَةً صَلَاةَ الْعِشَاءِ إِلَى شَطْرِ اللَّيْلِ ثُمَّ أَقْبَلَ عَلَيْنَا بِوَجْهِهِ بَعْدَ مَا صَلَّى فَقَالَ صَلَّى النَّاسُ وَرَفَدُوا وَلَمْ تَزَالُوا فِي صَلَاةٍ مُنْذُ انْتَهَرْتُمُوهَا قَالَ فَكَأَنِّي أَنْظِرُ إِلَى وَبَيْصِ خَاتِمِهِ

630 – Хумайд (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жүзік таққан ба еді?»,- деп Әнастан (р.а.) сұрады. Әнас (р.а.): «Иә таққан»,- деді. Бір күні Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) кұфтан намазды жарым түнге шейін кешіктірді, кейін бізбен бірге намаз оқығалы шықты. Намаздан кейін: «Адамдар әлдеқашан намаздарын оқып ұйқыға жатты, ал сендер болсаңдар Хануз намаз оқудасыздар»,- деді. Сол кезде Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) жалтыраған жүзігіне қарағаным әлі күнге дейін көз алдымда»,- деді.

37-бап. МЕШІТКЕ ЕРТЕ БАРЫП, КЕШ ҚАЙТУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ БАПТАР

631 - حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ حَدَّثَنَا يَزِيدُ بْنُ هَارُونَ قَالَ أَخْبَرَنَا مُحَمَّدُ بْنُ مُطَرِّفٍ عَنْ زَيْدِ بْنِ أَسْلَمَ عَنْ عَطَاءِ بْنِ يَسَارٍ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ عَنْ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ مَنْ غَدَا إِلَى الْمَسْجِدِ وَرَاحَ أَعَدَّ اللَّهُ لَهُ نُزْلَهُ مِنَ الْجَنَّةِ كُلَّمَا غَدَا أَوْ رَاحَ

631 - Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кімде-кім мешітке ерте барып, кеш қайтса, Алла тағала оған әр бір кеште (түнде) қайтқаны үшін жәннатта сый-сияпат дайындап қояр»,- деп айтқан»,- деді.

38-бап. Намазға тәкбір айтылса, парыз намаздан басқа намаздар тоқтатылады

632 - حَدَّثَنَا عَبْدُ الْعَزِيزِ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ حَدَّثَنَا إِبْرَاهِيمُ بْنُ سَعْدٍ عَنْ أَبِيهِ عَنْ حَفْصِ بْنِ عَاصِمٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ مَالِكٍ ابْنِ بُحَيْنَةَ قَالَ مَرَّ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِرَجُلٍ قَالَ ح وَحَدَّثَنِي عَبْدُ الرَّحْمَنِ يَعْنِي ابْنَ يَشْرٍ قَالَ حَدَّثَنَا بِهِزُ بْنُ أَسَدٍ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ قَالَ أَخْبَرَنِي سَعْدُ بْنُ إِبْرَاهِيمَ قَالَ سَمِعْتُ حَفْصَ بْنَ عَاصِمٍ قَالَ سَمِعْتُ رَجُلًا مِنَ الْأَزْدِ يُقَالُ لَهُ مَالِكُ ابْنِ بُحَيْنَةَ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ رَأَى رَجُلًا وَقَدْ أَقِيمَتِ الصَّلَاةُ يُصَلِّي رَكَعَتَيْنِ فَلَمَّا انصَرَفَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَاتَ بِهِ النَّاسُ وَقَالَ لَهُ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ الصُّبْحَ أَرْبَعًا الصُّبْحَ أَرْبَعًا تَابَعَهُ عُذْرٌ وَمُعَادٌ عَنْ شُعْبَةَ فِي مَالِكٍ وَقَالَ ابْنُ إِسْحَاقَ عَنْ سَعْدٍ عَنْ حَفْصِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ ابْنِ بُحَيْنَةَ وَقَالَ حَمَادٌ أَخْبَرَنَا سَعْدُ عَنْ حَفْصِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ ابْنِ مَالِكٍ

632 – Абдулла ибн Мәлік (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір кісінің жанынан өтті», - деп басталатын бір хадисті айтып берген екен.

Имам Бұхарий (р.а.) айтты: «Осы хадисті Азудтық Мәлік ибн Бұқайна есімді бір кісі Хафс ибн Асимға (р.а.) былай риуаят еткен екен», - деді.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) намазға тәкбір айтылғаннан кейін де, екі рәкат намаз оқыған бір кісіні көріп, ол жаққа бұрылды, оны адамдар қоршап алды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оған: «Таң намазының сүннетін төрт рәкат қылып оқимысың?», - деп оған ескертті. (Өйткені имамға ұйю керек еді).

39-бап. Ауру кісінің жамағат алдына шығуға хақысы бар ма? (имамдыққа өте ала ма?)

633 - حَدَّثَنَا عُمَرُ بْنُ حَفْصِ بْنِ غِيَاثٍ قَالَ حَدَّثَنِي أَبِي قَالَ حَدَّثَنَا الْأَعْمَشُ عَنْ إِبْرَاهِيمَ عَنِ الْأَسْوَدِ قَالَ كُنَّا عِنْدَ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا فَذَكَرْنَا الْمُوَاطَبَةَ عَلَى الصَّلَاةِ وَالتَّعْظِيمَ لَهَا قَالَتْ لَمَّا مَرَضَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَرَضَهُ الَّذِي مَاتَ فِيهِ فَحَضَرَتِ الصَّلَاةَ فَأَذَّنَ فَقَالَ مُرُوا أَبَا بَكْرٍ فَلْيُصَلِّ بِالنَّاسِ

فَقِيلَ لَهُ إِنَّ أَبَا بَكْرٍ رَجُلٌ أَسِيفٌ إِذَا قَامَ فِي مَقَامِكَ لَمْ يَسْتَطِعْ أَنْ يُصَلِّيَ بِالنَّاسِ
وَأَعَادَ فَأَعَادُوا لَهُ فَأَعَادَ الثَّلَاثَةَ فَقَالَ إِنَّكَ صَوَاحِبُ يُوسُفَ مَرُّوا أَبَا بَكْرٍ فَلْيُصَلِّ
بِالنَّاسِ فَخَرَجَ أَبُو بَكْرٍ فَصَلَّى فَوَجَدَ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مِنْ نَفْسِهِ خِفَةً
فَخَرَجَ يُهَادِي بَيْنَ رَجُلَيْنِ كَأَنِّي أَنْظِرُ رَجُلِيهِ تَخْطَانِ مِنَ الْوَجَعِ فَأَرَادَ أَبُو بَكْرٍ أَنْ
يَتَأَخَّرَ فَأَوْمَأَ إِلَيْهِ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنْ مَكَانَكَ ثُمَّ أَتَى بِهِ حَتَّى جَلَسَ إِلَى
جَنْبِهِ قِيلَ لِلْأَعْمَشِ وَكَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُصَلِّي وَأَبُو بَكْرٍ يُصَلِّي
بِصَلَاتِهِ وَالنَّاسُ يُصَلُّونَ بِصَلَاةِ أَبِي بَكْرٍ فَقَالَ بِرَأْسِهِ نَعَمْ رَوَاهُ أَبُو دَاوُدَ عَنْ شُعْبَةَ
عَنِ الْأَعْمَشِ بَعْضُهُ وَزَادَ أَبُو مُعَاوِيَةَ جَلَسَ عَنْ يَسَارِ أَبِي بَكْرٍ فَكَانَ أَبُو بَكْرٍ
يُصَلِّي قَائِمًا

633 - Асуад (р.а.) риуаят етті: «Айша анамыздың алдында отыр едік. Жамағатпен бірге намаз оқу және оның абзалдығы турасында сөйлесіп отырғанымызда, Айша анамыз (р.а.) мыналарды айтып берді: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) қайтыс боларының алдындағы науқас күндерінің бірінде азан айтылды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Әбу Бәкірге (р.а.) бұйырыңыз, имамдыққа өтсін!», - деді. «Әбу Бәкір (р.а.) көңілі өте бос адам, сіздің орныңызға имамдық ете алмас», - десті. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) баяғы айтқан сөздерін қайталады. Айша анамыз бен басқалары және айтты. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) үшінші рет: «Сіздер әйелдер Жүсіптің қиссасындағы Зылиха және оның құрбыларына ұқсаған әйелсіндер (Бұл жерде Пайғамбарымыз ғ.с. Айша анамызды айтып тұр) Әбу Бәкірге бұйырыңыз жамағаттың алдына өтіп имамдық етсін!», - деді. Әбу Бәкір (р.а.) шығып имамдыққа өтті. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өзін біраз жеңіл сезінді. Содан соң екі кісі қолтықтап намазға алып шықты. Науқастығынан аяқтарын әрен басып бара жатқаны қазірге дейін көз алдымда. Әбу Бәкір (р.а.) Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) намазға шығып келе жатқаның көріп, орын босатпақшы болды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оған: «Орнында тұр!», - деп ишара қылды. Содан соң Әбу Бәкірдің қасына келіп отырды.

Ағмаштан (р.а.): «Әбу Бәкір Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) ал адамдар Әбу Бәкірге ұйыды ма?», - деп сұрасты. Ағмаш: «Иә», - деген мағынада басын изеп қойды. Әбу Мұғауия бұған қосымша: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) намазды Әбу Бәкірдің сол жағында отырып оқыды, Әбу Бәкір болса тік тұрып оқыды», - деді.

634 - حَدَّثَنَا إِبْرَاهِيمُ بْنُ مُوسَى قَالَ أَخْبَرَنَا هِشَامُ بْنُ يُوسُفَ عَنْ مَعْمَرٍ
عَنِ الزُّهْرِيِّ قَالَ أَخْبَرَنِي عُبَيْدُ اللَّهِ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ قَالَتْ عَائِشَةُ لَمَّا ثَقُلَ النَّبِيُّ
صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَاشْتَدَّ وَجَعُهُ اسْتَأْذَنَ أَزْوَاجَهُ أَنْ يُمَرِّضَ فِي بَيْتِي فَأُذِنَ لَهُ
فَخَرَجَ بَيْنَ رَجُلَيْنِ تَحَطُّ رِجْلَاهُ الْأَرْضَ وَكَانَ بَيْنَ الْعَبَّاسِ وَرَجُلٍ آخَرَ قَالَ عُبَيْدُ
اللَّهِ فَذَكَرْتُ ذَلِكَ لِابْنِ عَبَّاسٍ مَا قَالَتْ عَائِشَةُ فَقَالَ لِي وَهَلْ تُدْرِي مَنْ الرَّجُلُ الَّذِي
لَمْ نَسَمَّ عَائِشَةُ قُلْتُ لَا قَالَ هُوَ عَلِيُّ بْنُ أَبِي طَالِبٍ

634 – Ғубайдулла ибн Абдулла (р.а.) Айша анамыздан (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) науқастанып қалған уақытта тәуір болғанға дейін менің үйімде болмақшы екенін айтып, әйелдерінен рұқсат сұрады. Олар өз ризашылықтарын білдірді. Кейін Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) екі кісінің демеуімен аяқтарын зорға басып, менің үйіме келді. Бір қолтығынан Аббас, ал екінші қолтығынан және бір кісі демеп алып шықты», - деді.

Ғубайдулла айтты: «Айша анамыз (р.а.) айтып берген хадисті Ибн Аббасқа айтып бердім», - деді. Ол менен: «Айша анамыз (р.а.) атын айтпаған адамның кім екенің білесің бе?», - деп сұрады. Мен: «Жоқ», - дедім. Ибн Аббас ол: «Әли ибн Әбу Талиб», - болатын», - деді.

40-бап. Жаңбыр немесе ауру себебінен мешітке бармай өз үйінде намаз оқуға рұқсат берілгені туралы

635 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ نَافِعٍ أَنَّ ابْنَ عُمَرَ
أَدَّنَ بِالصَّلَاةِ فِي لَيْلَةٍ ذَاتِ بَرْدٍ وَرِيحٍ ثُمَّ قَالَ أَلَا صَلُّوا فِي الرَّحَالِ ثُمَّ قَالَ إِنَّ
رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ يَأْمُرُ الْمُؤَدَّنَ إِذَا كَانَتْ لَيْلَةٌ ذَاتُ بَرْدٍ وَمَطَرٍ
يَقُولُ أَلَا صَلُّوا فِي الرَّحَالِ

635 – Нафиғ риуаят етті: «Ибн Омар суық және жел (боран) болып тұрған түнде намазға азан айтты. Кейін «Намазды үй-жайларыңызда оқи беріңіздер. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) азаншыға: «Жаңбырлы суық түндерде намазды үй-жайларыңызда оқи беріңіздер деп айтуды бұйыратын», - деді.

636 - حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ قَالَ حَدَّثَنِي مَالِكٌ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ مَحْمُودِ بْنِ
الرَّبِيعِ النَّصَارِيِّ أَنَّ عِثْبَانَ بْنَ مَالِكٍ كَانَ يَوْمَ قَوْمِهِ وَهُوَ أَعْمَى وَأَنَّهُ قَالَ لِرَسُولِ
اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَا رَسُولَ اللَّهِ إِنَّهَا تَكُونُ الظُّلْمَةُ وَالسَّيْلُ وَأَنَا رَجُلٌ

ضَرِيرُ الْبَصَرِ فَصَلَّ يَا رَسُولَ اللَّهِ فِي بَيْتِي مَكَانًا أُتْخِذُهُ مُصَلًى فَجَاءَهُ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ أَيْنَ تُحِبُّ أَنْ أُصَلِّيَ فَأَشَارَ إِلَى مَكَانٍ مِنَ الْبَيْتِ فَصَلَّى فِيهِ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

636 – Махмуд ибн әр-Рабиғ (р.а.) риуаят етті: «Ғатбан ибн Мәлік көзі көрмейтін қалде қауымға имамдық ететін еді. Бір күні ол Пайғамбарымызға (с.ғ.с.): «О, Расулалла, түн өте қараңғы болады, (гох) сел болады, мен болсам көзі көрмейтін адаммын, менің үйіме барып бір жерде намаз оқып беріңіз, сол жерді намаз оқитын жер қылып алайын»,- деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оның үйіне келіп: «Қай жерде оқып беруімді қалайсың?»- деді. Ол бір жерді көрсетті. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сол жерде намаз оқып берді.

41 – бап. Имам жұма күні, жанбыр жауып тұрған болса, әзір болғандармен намаз оқып, құтпа айта ма?

637 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ عَبْدِ الْوَهَّابِ قَالَ حَدَّثَنَا حَمَّادُ بْنُ زَيْدٍ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْحَمِيدِ صَاحِبُ الزِّيَادِيِّ قَالَ سَمِعْتُ عَبْدَ اللَّهِ بْنَ الْحَارِثِ قَالَ خَطَبْنَا ابْنَ عَبَّاسٍ فِي يَوْمٍ ذِي رَدْعٍ فَأَمَرَ الْمُؤَدِّنَ لَمَّا بَلَغَ حَيَّ عَلَى الصَّلَاةِ قَالَ قُلِ الصَّلَاةُ فِي الرَّحَالِ فَنَظَرَ بَعْضُهُمْ إِلَى بَعْضٍ فَكَأَنَّهُمْ أَنْكَرُوا فَقَالَ كَأَنَّكُمْ أَنْكَرْتُمْ هَذَا إِنَّ هَذَا فَعَلَهُ مَنْ هُوَ خَيْرٌ مِنِّي يَعْنِي النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِنَّهَا عَزَمَةٌ وَإِنِّي كَرِهْتُ أَنْ أُحْرَجَكُمْ وَعَنْ حَمَّادٍ عَنْ عَاصِمٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ الْحَارِثِ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ نَحْوَهُ غَيْرَ أَنَّهُ قَالَ كَرِهْتُ أَنْ أُؤْتَمَّكُمْ فَتَحْيِيُونَ تَدُوسُونَ الطِّينَ إِلَى رُكْبَتِكُمْ

637 – Абдулла ибн Харис (р.а.) риуаят етеді: «Ибн Аббас жанбыр жауып, лайгершілік болған күні бізге уағыз айтты. Содан соң азаншыға азанның «Хайя алас-салат» деген жеріне келгенде «намазды орын-орындарында оқи беріңдер»,- деп айтуды бұйырды. Әзір болғандар бұл сөздің жақпағандығынан бір-бірлеріне қарап қойысты. Сонда Ибн Аббас: «Сендер жақтырмаған бұл сөзді менен жақсырақ кісі, яғни Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтқан. Ол кісі солай қылуды бұйырған. Мен сендерді машақатқа салуды қаламадым»- деді.

Басқа бір хадисте Ибн Аббас айтты: «Мен сендерді күнәһар етуді қаламадым, сендер тізелеріңнен лай-батпақ кешіп келген болар едіңдер, деп айтқан еді»,- делінеді.

638 - حَدَّثَنَا مُسْلِمٌ بْنُ أَبِرَاهِيمَ قَالَ حَدَّثَنَا هِشَامٌ عَنْ يَحْيَى عَنْ أَبِي سَلَمَةَ

قَالَ سَأَلْتُ أَبَا سَعِيدٍ الْخُدْرِيَّ فَقَالَ جَاءَتْ سَحَابَةٌ فَمَطَرَتْ حَتَّى سَالَ السَّقْفُ وَكَانَ مِنْ جَرِيدِ النَّخْلِ فَأَقِيمَتِ الصَّلَاةُ فَرَأَيْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَسْجُدُ فِي الْمَاءِ وَالطَّيْنِ حَتَّى رَأَيْتُ أَثَرَ الطَّيْنِ فِي جَبْهَتِهِ

638 - Әбу Саламадан (р.а.) риуаят етіледі: «Әбу Сағид әл-Худридан Ләйлат ул-Қадір (түні) туралы сұрадым. Ол кісі айтты: «Бір бұлт келіп, мешіттің үстіне жаңбыр жауды. Мешіт құрма ағашының сабақтарымен жабылған еді, жауын төбеден өтіп кетті. Намазға тәкбір айтылды. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) лайдың үстіне сәжде қылып жатқанын және маңдайына лай тиіп жабысқанын көрдім», - деді.

639 - حَدَّثَنَا آدَمُ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ قَالَ حَدَّثَنَا أَنَسُ بْنُ سِيرِينَ قَالَ سَمِعْتُ

أَنَسَ بْنَ مَالِكٍ يَقُولُ قَالَ رَجُلٌ مِنَ الْأَنْصَارِ إِنِّي لَأَسْتَطِيعُ الصَّلَاةَ مَعَكَ وَكَانَ رَجُلًا ضَخْمًا فَصَنَعَ لِلنَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ طَعَامًا فَدَعَاهُ إِلَى مَنْزِلِهِ فَبَسَطَ لَهُ حَصِيرًا وَنَضَحَ طَرَفَ الْحَصِيرِ فَصَلَّى عَلَيْهِ رَكَعَتَيْنِ فَقَالَ رَجُلٌ مِنْ آلِ الْجَارُودِ لِأَنَسِ بْنِ مَالِكٍ أَكَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُصَلِّي الضُّحَى قَالَ مَا رَأَيْتُهُ صَلَّاهَا إِلَّا يَوْمَئِذٍ

639 - Әнәс ибн Сирин (р.а.) риуаят етті: «Ансарилардан бір кісі Пайғамбарымызға (с.ғ.с.): «Я Расулалла, мен сізбен бірге намаз оқи алмаймын», - деді. Ол (денесі) толық кісі еді. Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) тамақ әзірлеп үйіне шақырды. Су сеуіп тазалап, бір алаша (шиден тоқылған) астына салып берді. Алашаның үстінде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) екі рәкат намаз оқыды..

Алулжарудтық бір кісі Әнәсқа: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сәске намазын оқитын ба еді?» - деп сұрады. Сонда Әнәс (р.а.): «Оқығанын тек қана сол күні көрдім», - деді.

42 – бап. Тамақ дайын болғанда намазға тәкбір айтылса...

وَكَانَ ابْنُ عُمَرَ يَبْدَأُ بِالْعِشَاءِ وَقَالَ أَبُو الدَّرْدَاءِ مِنْ فِئَةِ الْمَرْءِ إِقْبَالُهُ عَلَى

حَاجَتِهِ حَتَّى يُقْبَلَ عَلَى صَلَاتِهِ وَقَلْبُهُ فَارِعُ

Ибн Омар (р.а.) тамақтанып алған соң, намаз оқитын еді. Жүрегімен беріліп намаз оқу үшін әуелі қажетін өтеп алушының кісінің білімділігінен», - деді Әбу Дарда.

640 - حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا يَحْيَى عَنْ هِشَامٍ قَالَ حَدَّثَنِي أَبِي قَالَ سَمِعْتُ

عَائِشَةَ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنَّهُ قَالَ إِذَا وُضِعَ الْعِشَاءُ وَأُقِيمَتِ الصَّلَاةُ
فَابْدَءُوا بِالْعِشَاءِ

640 – Айша анамыз риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) «Егер алдыңызға кешкі тамақты алып келген болса, сол кезде намазға тәкбір айтылса, бірінші тамақты жеп алыңыз»,- деп айтқан.

641 - حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ بُكَيْرٍ قَالَ حَدَّثَنَا اللَّيْثُ عَنْ عَقِيلٍ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ

أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ إِذَا قُدِّمَ الْعِشَاءُ فَابْدَءُوا بِهِ
قَبْلَ أَنْ تُصَلُّوا صَلَاةَ الْمَغْرِبِ وَلَا تَعْجَلُوا عَنْ عَشَائِكُمْ

641 - Әнәс ибн Мәлік риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кешкі тамағыңыз дайын болса, шам намазын оқудан бұрын тамақты жеп алыңыздар. Тамақты асықпай жеңдер»,- деді.

642 - حَدَّثَنَا عُبَيْدُ بْنُ إِسْمَاعِيلَ عَنْ أَبِي أُسَامَةَ عَنْ عُبَيْدِ اللَّهِ عَنْ نَافِعِ

عَنْ ابْنِ عُمَرَ قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا وُضِعَ عِشَاءُ أَحَدِكُمْ
وَأُقِيمَتِ الصَّلَاةُ فَابْدَءُوا بِالْعِشَاءِ وَلَا يَعْجَلْ حَتَّى يَفْرُعَ مِنْهُ وَكَانَ ابْنُ عُمَرَ يُوَضِعُ
لَهُ الطَّعَامَ وَيُقَامُ الصَّلَاةُ فَلَا يَأْتِيهَا حَتَّى يَفْرُعَ وَإِنَّهُ لَيَسْمَعُ قِرَاءَةَ الْإِمَامِ وَقَالَ زُهَيْرٌ
وَوَهَبُ بْنُ عُثْمَانَ عَنْ مُوسَى بْنِ عَقْبَةَ عَنْ نَافِعِ عَنْ ابْنِ عُمَرَ قَالَ قَالَ النَّبِيُّ
صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا كَانَ أَحَدُكُمْ عَلَى الطَّعَامِ فَلَا يَعْجَلْ حَتَّى يَقْضِيَ حَاجَتَهُ
مِنْهُ وَإِنْ أُقِيمَتِ الصَّلَاةُ رَوَاهُ إِبْرَاهِيمُ بْنُ الْمُنْذِرِ عَنْ وَهْبِ بْنِ عُثْمَانَ وَوَهَبُ
مَدِينِي

642 – Ибн Омар риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Егер кешкі тамағыңды алдыңа алып келсе және сол кезде намаз уақыты болып қалса, бірінші тамақты жеп ал, асықпастан тойып ал»,- деген. Ибн Ғұмар алдына тамақ қойылса, намазға тәкбір айтылса, тамақты тойып жеп алғанша, намазға келмейтін еді. Имамның оқығанын естіп тұрса да, тамақтануды жалғастыра беретін еді..

Ибн Омар риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Қайсы бірінші тамақтанып жатқан болсаңдар, намазға тәкбір айтылса, тамаққа тойғанша намазға асықпаңыз»,- деген.

43 – бап. Имамның қолында жейтін нәрсе болса, намазға шақырылса....

643 - حَدَّثَنَا عَبْدُ الْعَزِيزِ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ حَدَّثَنَا إِبْرَاهِيمُ عَنْ صَالِحِ عَنِ ابْنِ شِهَابٍ قَالَ أَخْبَرَنِي جَعْفَرُ بْنُ عَمْرٍو بْنِ أُمَيَّةَ أَنَّ أَبَاهُ قَالَ رَأَيْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَأْكُلُ ذِرَاعًا يَحْتَرُّ مِنْهَا فُدْعِي إِلَى الصَّلَاةِ فَقَامَ فَطَرَحَ السَّكِّينَ فَصَلَّى وَلَمْ يَتَوَضَّأْ

643 – Жағфар ибн Ғамр (р.а.) атасы Ғамр ибн Умайиадан естігенін риуаят етеді: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қойдың етін кесіп жеп жатқанын көрдім. Сол кезде намазға шақырылды. Орнынан тұрып, пышақты тастап, дәрет алмай (қолын жумай) намаз оқыды», - деді.

44 – бап. Кімде кім үйінде зәру (тығыз) іс қылып жатқанда намазға тәкбір айтылса, істі тастап, намазға барады

644 - حَدَّثَنَا آدَمُ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ قَالَ حَدَّثَنَا الْحَكَمُ عَنْ إِبْرَاهِيمَ عَنِ الْأَسْوَدِ قَالَ سَأَلْتُ عَائِشَةَ مَا كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَصْنَعُ فِي بَيْتِهِ قَالَتْ كَانَ يَكُونُ فِي مَهْنَةِ أَهْلِهِ تَعْنِي خِدْمَةَ أَهْلِهِ فَإِذَا حَضَرَتِ الصَّلَاةُ خَرَجَ إِلَى الصَّلَاةِ

644 – Асуад (р.а.) риуаят етті: «Айша анамыздан «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) үйінде не қылатын еді?»- деп сұрадым. «Үй жұмыстарымен қолы тимейтін еді (Пайғамбарымыз әйелдеріне көмек беруге көңіл бөлді), намазға шақырылған кезде, істеп жатқан жұмысын тастап шығатын», - деді.

45 – бап. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) қандай намаз оқығанын және оның бұйырған сүннеттерін үйрету ниетінде ғана адамдарға намаз оқып берген кісі

645 - حَدَّثَنَا مُوسَى بْنُ إِسْمَاعِيلَ قَالَ حَدَّثَنَا وَهَيْبٌ قَالَ حَدَّثَنَا أَيُّوبُ عَنْ أَبِي قَلَابَةَ قَالَ جَاءَنَا مَالِكُ بْنُ الْحُوَيْرِثِ فِي مَسْجِدِنَا هَذَا فَقَالَ إِنِّي لَأُصَلِّي بِكُمْ وَمَا أُرِيدُ الصَّلَاةَ أُصَلِّي كَيْفَ رَأَيْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُصَلِّي فَقُلْتُ لِأَبِي قَلَابَةَ كَيْفَ كَانَ يُصَلِّي قَالَ مِثْلَ شَيْخِنَا هَذَا قَالَ وَكَانَ شَيْخًا يَجْلِسُ إِذَا رَفَعَ رَأْسَهُ مِنَ السُّجُودِ قَبْلَ أَنْ يَنْهَضَ فِي الرَّكْعَةِ الْأُولَى

645 – Айюб (а.р.) риуаят етті: «Абу Қилаба былай деген еді», - деді: «Біздің мына осы мешітімізге Мәлік ибн Хуайрис келіп: Мен өзі намаз

оқымақшы болмасам да, сендерге Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) қалай намаз оқығанын көрген болсам, сондай намаз оқып берейін», - деді. Мен Абу Қилабадан: «Расулалла (с.ғ.с.) қалай намаз оқыр еді?» - деп сұрадым. «Мына бұл үлкен кісі (шейхы) сияқты», - деді. Шейхымыз (науқас адам еді) бірінші рәкатта сәждеден бас көтергеннен кейін азғана отырып алатын», - деді.

46 – бап. Ғалым және жақсы кісілер имамдық қылуға хақылы

646 - حَدَّثَنَا إِسْحَاقُ بْنُ نَصْرِ قَالَ حَدَّثَنَا حُسَيْنٌ عَنْ زَائِدَةَ عَنْ عَبْدِ الْمَلِكِ بْنِ عُمَيْرٍ قَالَ حَدَّثَنِي أَبُو بُرْدَةَ عَنْ أَبِي مُوسَى قَالَ مَرَضَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَاسْتَدَّ مَرَضُهُ فَقَالَ مُرُوا أَبَا بَكْرٍ فَلْيُصَلِّ بِالنَّاسِ قَالَتْ عَائِشَةُ إِنَّهُ رَجُلٌ رَقِيقٌ إِذَا قَامَ مَقَامَكَ لَمْ يَسْتَطِعْ أَنْ يُصَلِّيَ بِالنَّاسِ قَالَ مُرُوا أَبَا بَكْرٍ فَلْيُصَلِّ بِالنَّاسِ فَعَادَتْ فَقَالَ مُرِي أَبَا بَكْرٍ فَلْيُصَلِّ بِالنَّاسِ فَإِنَّكَ صَوَاحِبُ يُوسُفَ فَأَنَاهُ الرَّسُولُ فَصَلَّى بِالنَّاسِ فِي حَيَاةِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

646 - Әбу Мұса риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) науқас болып қалды. Ауруы күшейген соң: «Әбу Бәкірге бұйырыңыз, жамағат алдына шығып имамдық етсін!» - деді. Айша анамыз айтты: «Әбу Бәкір көңілі жұмсақ адам, сіздің орныңызда тұрып имамдық қыла алмайды», - деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Адамдарға бұйырыңыз, Әбу Бәкір жамағат алдына шығып, имамдық қылсын!» - деп қайталап айтты. Айша анамыз және қайталап айтты. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Әбу Бәкірге бұйырыңыз жамағат алдына шығып имамдық қылсын! Сендер әйелдер – Жүсіптің (ғ.с.) қиссасындағы әйелдердің сыңарысыңдар», - деп тағы да қайталап айтты. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бұйырығын Әбу Бәкірге жеткізді. Әбу Бәкір Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) тірі кезінде жамағат алдына шығып имамдық қылды.

647 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ هِشَامِ بْنِ عُرْوَةَ عَنْ أَبِيهِ عَنْ عَائِشَةَ أُمِّ الْمُؤْمِنِينَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا أَنَّهَا قَالَتْ إِنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ فِي مَرَضِهِ مُرُوا أَبَا بَكْرٍ يُصَلِّيَ بِالنَّاسِ قَالَتْ عَائِشَةُ قُلْتُ إِنَّ أَبَا بَكْرٍ إِذَا قَامَ فِي مَقَامِكَ لَمْ يُسْمِعِ النَّاسَ مِنَ الْبُكَاءِ فَمُرْ عُمَرَ فَلْيُصَلِّ لِلنَّاسِ فَقَالَتْ عَائِشَةُ قُلْتُ لِحَفْصَةَ قُولِي لَهُ إِنَّ أَبَا بَكْرٍ إِذَا قَامَ فِي مَقَامِكَ لَمْ يُسْمِعِ النَّاسَ مِنَ الْبُكَاءِ فَمُرْ عُمَرَ فَلْيُصَلِّ لِلنَّاسِ فَفَعَلْتُ حَفْصَةَ فَقَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

وَسَلَّمَ مَهْ إِنْ كُنَّ لَأَنْتَنَّ صَوَاحِبُ يُوسُفَ مُرُوا أَبَا بَكْرٍ فَلْيُصَلِّ لِلنَّاسِ فَقَالَتْ حَفْصَةُ
لِعَائِشَةَ مَا كُنْتُ لِأُصِيبَ مِنْكَ خَيْرًا

647 - Айша анамыз риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) науқастанып жатқанында айтты. «Әбу Бәкірге бұйырыңыз, жамағат алдына шығып имамдық қылсын!»- деді. Мен: «Әбу Бәкір орныңызға имамдық қылса, жылап жібереді, адамдар оқығанын естімей қалады. Одан гөрі Омарға бұйырыңыз, имамдық қылсын!»- дедім.

Кейін Әбу Бәкір сіздің орныңызда тұрса, жылағанынан оқығаны естілмей қалады, имамдықты Омарға бұйырыңыз деп Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) айт!»- дедім Хафсаға.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) «Тек тұр, сендер - Жүсіптің (ғ.с.) қиссасындағы әйелдердің сыңарысындар, Әбу Бәкірге бұйырыңыз, имамдық қылсын!»- деді Хафсаға. Сонда Хафса: «Сенен еш жақсылық көрмедім да!»-деп айтты Айша анамызға.

648 - حَدَّثَنَا أَبُو الْيَمَانِ قَالَ أَخْبَرَنَا شُعَيْبٌ عَنْ الزُّهْرِيِّ قَالَ أَخْبَرَنِي أَنَسُ بْنُ مَالِكٍ الْأَنْصَارِيُّ وَكَانَ تَبِعَ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَخَدَمَهُ وَصَحِبَهُ أَنَّ أَبَا بَكْرٍ كَانَ يُصَلِّي لَهُمْ فِي وَجَعِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ الَّذِي تُوقِّيَ فِيهِ حَتَّى إِذَا كَانَ يَوْمَ الْيَائِسِينَ وَهُمْ صُفُوفٌ فِي الصَّلَاةِ فَكَشَفَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ سِثْرَ الْحُجْرَةِ يَنْظُرُ إِلَيْنَا وَهُوَ قَائِمٌ كَأَنَّ وَجْهَهُ وَرَقَّةٌ مُصْحَفٍ ثُمَّ تَبَسَّمَ يَضْحَكُ فَهَمَمْنَا أَنْ نَقْتَتِنَ مِنَ الْفَرَحِ بِرُؤْيَاةِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَانْكَصَ أَبُو بَكْرٍ عَلَى عَقْبَيْهِ لِيَصِلَ الصَّفَّ وَظَنَّ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ خَارَجَ إِلَى الصَّلَاةِ فَأَشَارَ إِلَيْنَا النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنْ أْتِمُّوا صَلَاتَكُمْ وَأَرْخَى السِّتْرَ فَنُوقِّيَ مِنْ يَوْمِهِ

648 - Әнәс (а.р.) риуаят етті: «Мен Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) он жыл ілесіп жүрдім, ол кісінің қызметін қылып, сұхбаттарында бірге болдым. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қайтыс боларының алдында науқас болып жатқанда, Әбу Бәкір жамағатқа имамдық қылатын еді. Дүйсенбі күні біз сахабалар намазда сапта тұрған едік. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бөлмесінің пердесін ашып, бізге қарады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) аяғынан тік тұр еді. Жүзі кітаптың парағындай аппақ азған, бірақ әдемі еді. Кейін бізге қарап күлімсіреді. Біз Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) көріп сүйсінгенімізден саптан шықпақшы болдық. Әбу Бәкір Сыддық болса бірінші сапқа кіріп алу үшін арқасына қарай ысырыла бастады. Ол Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) намазға шықпақшы деп ойлады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) намазды жалғастыра беріңіз деген мағынада бізге ишарат қылды да, пердені жауып қойды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сол күні дүниеден өтті.

649 - حَدَّثَنَا أَبُو مَعْمَرٍ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْوَارِثِ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْعَزِيزِ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ قَالَ لَمْ يَخْرُجِ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ ثَلَاثًا قَاقِمَتِ الصَّلَاةُ فَذَهَبَ أَبُو بَكْرٍ يَتَقَدَّمُ فَقَالَ نَبِيُّ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِالْحِجَابِ فَرَفَعَهُ فَلَمَّا وَضَحَ وَجْهَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَا نَظَرْنَا مَنظَرًا كَانَ أَعْجَبَ إِلَيْنَا مِنْ وَجْهِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ حِينَ وَضَحَ لَنَا فَأَوْمَأَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِيَدِهِ إِلَى أَبِي بَكْرٍ أَنْ يَتَقَدَّمَ وَأَرَخَى النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ الْحِجَابَ فَلَمْ يُقَدِّرْ عَلَيْهِ حَتَّى مَاتَ

649 - Әнәс (а.р.) риуаят етти: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) үш күн намазға шыға алмады. Намазға тәкбір айтқанда Әбу Бәкір алдыға (имамдыққа) өтті. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бөлмесінің пердесін көтерді. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) жүзін көрген кезімізде (бүгінгідей) қатты сүйсінбеген едік. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Әбу Бәкірге: «Алдыға (имамдыққа) өт!»- деп ишарат қылды да, пердені жапты. Кейін қайтыс болғанға дейін пердені ашуға дәрмені жетпеді.

650 - حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ سُلَيْمَانَ قَالَ حَدَّثَنَا ابْنُ وَهْبٍ قَالَ حَدَّثَنِي يُونُسُ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ حَمْرَةَ بِنْتِ عَبْدِ اللَّهِ أَنَّهُ أَخْبَرَهُ عَنْ أَبِيهِ قَالَ لَمَّا اشْتَدَّ بِرَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَجَعُهُ قِيلَ لَهُ فِي الصَّلَاةِ فَقَالَ مُرُوا أَبَا بَكْرٍ فَلْيُصَلِّ بِالنَّاسِ قَالَتْ عَائِشَةُ إِنَّ أَبَا بَكْرٍ رَجُلٌ رَقِيقٌ إِذَا قُرَأَ عَلَيْهِ الْبُكَاءُ قَالَ مُرُوهُ فَيُصَلِّي فَعَاوَدَتْهُ قَالَ مُرُوهُ فَيُصَلِّي إِنْ كُنَّ صَوَاحِبُ يُوسُفَ تَابَعَهُ الزُّبَيْدِيُّ وَابْنُ أَخِي الزُّهْرِيُّ وَإِسْحَاقُ بْنُ يَحْيَى الْكَلْبِيُّ عَنْ الزُّهْرِيِّ وَقَالَ عَقِيلٌ وَمَعْمَرٌ عَنْ الزُّهْرِيِّ عَنْ حَمْرَةَ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

650 – Хамза ибн Абдулланың атасы Абдулла ибн Омар риуаят етеді: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) ауыр халде жатқанда, «Намазға шыға аласыз ба?»- десті. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Әбу Бәкірге айтыңыз, жамағатқа имамдық қылсын!»- деді. Айша анамыз: «Әбу Бәкір көңілі бос адам, оқи бастаса, жылаудан тоқтай алмайды»,- деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Оған бұйырыңыз, жамағатқа имамдық қылсын!»- деді. Айша анамыз және баяғы сөзді қайталап айтты. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) тағы да: «Оған бұйырыңыз, жамағатқа имамдық қылсын! Сендер – Жүсіптің (ғ.с.) қиссасындағы әйелдердің сыңарысындар»,- деді.

47- бап. Бірер себепке бола намазхандардың бірі имамның жанында тұруы

651 - حَدَّثَنَا زَكَرِيَاءُ بْنُ يَحْيَى قَالَ حَدَّثَنَا ابْنُ ثَمِيرٍ قَالَ أَخْبَرَنَا هِشَامُ بْنُ عُرْوَةَ عَنْ أَبِيهِ عَنْ عَائِشَةَ قَالَتْ أَمَرَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَبَا بَكْرٍ أَنْ يُصَلِّيَ بِالنَّاسِ فِي مَرَضِهِ فَكَانَ يُصَلِّي بِهِمْ قَالَ عُرْوَةُ فَوَجَدَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي نَفْسِهِ خِيفَةً فَخَرَجَ فَإِذَا أَبُو بَكْرٍ يَوْمَ النَّاسِ فَلَمَّا رَأَاهُ أَبُو بَكْرٍ اسْتَأْخَرَ فَأَشَارَ إِلَيْهِ أَنْ كَمَا أَنْتَ فَجَلَسَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ حِذَاءَ أَبِي بَكْرٍ إِلَى جَنْبِهِ فَكَانَ أَبُو بَكْرٍ يُصَلِّي بِصَلَاةِ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَالنَّاسُ يُصَلُّونَ بِصَلَاةِ أَبِي بَكْرٍ

651 – Айша анамыз риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) науқастанып жатқанда Әбу Бәкірге жамағатқа имамдық қылуын бұйырды. Әбу Бәкір (сонда) имамдық қылған еді». Ғуруа (а.р.) осы хадисті былай жалғастырады: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өзін біраз жеңіл сезініп, намазға шықты. Әбу Бәкір жамағатқа имамдық қылып жатқан еді. Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) көргеннен соң, (орын босату мақсатында) артына қарай ысырыла бастады. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оған: «Орныңнан жылжыма!»- деп ишарат қылды. Кейін Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Әбу Бәкірдің қасына келіп, жақын отырды. Әбу Бәкір Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) ұйыды. Ал адамдар болса Әбу Бәкірге ұйып намаз оқыды.

48-бап. Кешігіп қалған имамның орнына өтіп имамдық қылып жатқан адам, имам келіп қалса, жылжып орнын босатса да, босатпаса да намаз дұрыс болады

652 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ أَبِي حَازِمٍ بْنِ دِينَارٍ عَنْ سَهْلِ بْنِ سَعْدٍ السَّاعِدِيِّ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ ذَهَبَ إِلَى بَنِي عَمْرٍو بْنِ عَوْفٍ لِيُصَلِّحَ بَيْنَهُمْ فَحَانَتْ الصَّلَاةُ فَجَاءَ الْمُؤَدِّنُ إِلَى أَبِي بَكْرٍ فَقَالَ أَتُصَلِّي لِلنَّاسِ فَأَقِيمَ قَالَ نَعَمْ فَصَلَّى أَبُو بَكْرٍ فَجَاءَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَالنَّاسُ فِي الصَّلَاةِ فَتَخَلَّصَ حَتَّى وَقَفَ فِي الصَّفِّ فَصَفَّقَ النَّاسُ وَكَانَ أَبُو بَكْرٍ لَا يَلْتَفِتُ فِي صَلَاتِهِ فَلَمَّا أَكْثَرَ النَّاسُ التَّصْفِيقَ التَّفَتَ فَرَأَى رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى

اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَأَشَارَ إِلَيْهِ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنْ امْكُثْ مَكَانَكَ
فَرَفَعَ أَبُو بَكْرٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ يَدَيْهِ فَحَمِدَ اللَّهُ عَلَى مَا أَمَرَهُ بِهِ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى
اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مِنْ ذَلِكَ ثُمَّ اسْتَأْخَرَ أَبُو بَكْرٍ حَتَّى اسْتَوَى فِي الصَّفِّ وَتَقَدَّمَ رَسُولُ
اللَّهُ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَصَلَّى فَلَمَّا انْصَرَفَ قَالَ يَا أَبَا بَكْرٍ مَا مَنَعَكَ أَنْ تَنْبُتَ
إِذْ أَمَرْتُكَ فَقَالَ أَبُو بَكْرٍ مَا كَانَ لِأَبِي فُحَاقَةَ أَنْ يُصَلِّيَ بَيْنَ يَدَيِ رَسُولِ اللَّهِ
صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَا لِي رَأَيْتُكُمْ أَكْثَرْتُمْ
التَّصْفِيقَ مَنْ رَأَيْتُهُ فِي صَلَاتِهِ فَلْيُسَبِّحْ فَإِنَّهُ إِذَا سَبَّحَ التُّنْفِتَ إِلَيْهِ وَإِنَّمَا
التَّصْفِيقُ لِلنِّسَاءِ

652 - Саһл ибн Сағд (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Амр тайпасының ашу-ызаларын тыныштандыру үшін кеткен еді. Намаз уақыты болып қалған соң, азаншы Әбу Бәкірге (р.а.) келіп: «Тәкбір айтайын ба?»,- деп сұрады. Әбу Бәкір (р.а.): «Мейлі айтсаң айт»,- деді.

Әбу Бәкір (р.а.) жамағатқа имамдық қылып тұрғанда, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) келіп қалды. Адамдар саптан орын берісті. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бірінші сапқа келіп тұрды. Адамдар Әбу Бәкірге ескерту үшін шапалақ ұрды. Әбу Бәкір (р.а.) байқамады. Жамағаттар қаттырақ шапалақ ұра бастады. Сонда ғана Әбу Бәкір (р.а.) Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) келгенін көрді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Орнында тұра бер!»,- деп ишара қылды.

Әбу Бәкір (р.а.) Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) ишара қылып: «Орнында тұра бер!»,- деп бұйырғанынан қуанып, Аллаға мақтау айтып, екі қолын жоғары көтерді да, артқа қарай шегініп, бірінші сапқа тұрды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) орнына өтіп, жамағатқа имамдық қылды. Намаз оқылып болған соң Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Әбу Бәкірге: «Бұйырғанымнан кейін неге орнында тұра бермедің?»,- деді. Сонда Әбу Бәкір (р.а.): «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдында намаз оқуға Әбу Бәкірдің хақысы жоқ!»,- деп жауап берді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Сендерге не болды, көп шапалақ ұрдыңдар? Кімде-кім намазда бірер нәрсені көрсе, тасбих (Субханалла) деп айтсын, таспих айтса оған қарайды. Ал шапалақ ұру, ол - әйелдердің ісі»,- деді.

49-бап. Егер намазхандардың қирааты бірдей болса, араларындағы жасы үлкені имамдық етеді

653 - حَدَّثَنَا سُلَيْمَانُ بْنُ حَرْبٍ قَالَ حَدَّثَنَا حَمَادُ بْنُ زَيْدٍ عَنْ أَيُّوبَ عَنْ أَبِي

قَلَابَةَ عَنْ مَالِكِ بْنِ الْحُوَيْرِثِ قَالَ قَدِمْنَا عَلَى النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَنَحْنُ

شَبَّهَ فَلَبِثْنَا عِنْدَهُ نَحْوًا مِنْ عِشْرِينَ لَيْلَةً وَكَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ رَحِيمًا فَقَالَ لَوْ رَجَعْتُمْ إِلَى بِلَادِكُمْ فَعَلِمْتُمْوَهُمْ مُرُوهُمْ فَلْيَصَلُّوا صَلَاةَ كَذَا فِي حِينِ كَذَا وَصَلَاةَ كَذَا فِي حِينِ كَذَا وَإِذَا حَضَرَتِ الصَّلَاةُ فَلْيُؤَدِّنْ لَكُمْ أَحَدَكُمْ وَلْيَوْمِّكُمْ أَكْبَرُكُمْ

653 – Мәлік ибн Хуайрис (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдына келдік. Бәріміз бір келкі жас жігіттер едік. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) қасында жиырма күндей тұрдық. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) рақымды, мейірімді екен. Отбасыларымызды сағынғанымызды білді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Үйлеріңізге қайтыңыздар, оларға дінді үйретіңіздер. Пәлен уақытта пәлен намазды, пәлен уақытта пәлен намазды оқысындар деп оларға бұйырыңыздар. Намаз уақыты болса, бір кісі азан айтсын, араларыңыздағы жасы үлкендеуі имамдық етсін!», - деп айтқан болатын», - деді.

50-бап. Имам бірер қауымға қонаққа барса, намаз уақытында оларға имамдық қылар

654 - حَدَّثَنَا مُعَاذُ بْنُ أَسَدٍ أَخْبَرَنَا عَبْدُ اللَّهِ أَخْبَرَنَا مَعْمَرٌ عَنْ الزُّهْرِيِّ قَالَ أَخْبَرَنِي مُحَمَّدُ بْنُ الرَّبِيعِ قَالَ سَمِعْتُ عَثْبَانَ بْنَ مَالِكِ الْأَنْصَارِيِّ قَالَ اسْتَأْذَنَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَأَذِنْتُ لَهُ فَقَالَ أَيْنَ نُحِبُّ أَنْ أُصَلِّيَ مِنْ بَيْتِكَ فَأَشْرَفْتُ لَهُ إِلَى الْمَكَانِ الَّذِي أَحَبُّ فَقَامَ وَصَفَّقَنَا خَلْفَهُ ثُمَّ سَلَّمَ وَسَلَّمْنَا

654 – Ғатбан ибн Мәлік (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) үйіме шақырған едім. Ол кісі келіп, үйге кіруге рұқсат сұрады. Кейін: «Үйіңнің қай жеріне намаз оқып бергенімді қалайсың?», - деп сұрады. Мен үйімнің бір жерін көрсеттім. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) намазға тұрды. Біз ол кісіге ұйыдық. Намаздан кейін сәлем берді. Біз де сәлем бердік», - деді.

51-бап. Имамға ұйю керек, ол сол үшін имам қылынған!

بَابُ إِذَا جُعِلَ الْإِمَامُ لِيُؤْتَمَّ بِهِ وَصَلَّى النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي مَرَضِهِ الَّذِي تُؤْفَى فِيهِ بِالنَّاسِ وَهُوَ جَالِسٌ وَقَالَ ابْنُ مَسْعُودٍ إِذَا رَفَعَ قَبْلَ الْإِمَامِ يَعُودُ فَيَمْكُتُ بِقَدْرِ مَا رَفَعَ ثُمَّ يَتَّبِعُ الْإِمَامَ وَقَالَ الْحَسَنُ فِيمَنْ يَرْكَعُ مَعَ الْإِمَامِ رَكَعَتَيْنِ وَلَا يَقْدِرُ عَلَى السُّجُودِ يَسْجُدُ لِلرَّكَعَةِ الْآخِرَةِ سَجْدَتَيْنِ ثُمَّ يَقْضِي الرَّكَعَةَ الْأُولَى بِسُجُودِهَا وَفِيمَنْ نَسِيَ سَجْدَةً حَتَّى قَامَ يَسْجُدُ

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қайтыс боларының алдындағы науқас кезінде, отырып имамдық қылатын еді. Ибн Масғуд (р.а.) айтты: «Намаз оқушы басын имамнан бұрын көтерсе, қайтып түсіреді де, имам басын екінші рет көтергенше күтіп тұрады, кейін имамға ілеседі», - деді.

Хасан Басрий (р.а.) айтты: «Имаммен бірге екі рәкат оқып, сәжде ете алмаған адам соңғы рәкатта, екі рет сәжде етеді. Кейін бір рәкатты қайта оқиды. Сәжде қылуды ұмытып, орнынан тұрып кеткен адам қайта отырып сәжде қылады», - деді.

655 - حَدَّثَنَا أَحْمَدُ بْنُ يُونُسَ قَالَ حَدَّثَنَا زَائِدَةُ عَنْ مُوسَى بْنِ أَبِي عَائِشَةَ

عَنْ عُبَيْدِ اللَّهِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُثْبَةَ قَالَ دَخَلْتُ عَلَى عَائِشَةَ فَقُلْتُ أَلَا تُحَدِّثِينِي عَنْ مَرَضِ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَتْ بَلَى تَقُلَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ أَصَلَّى النَّاسُ فُلْنَا لَا هُمْ يَنْتَظِرُونَكَ قَالَ ضَعُوا لِي مَاءً فِي الْمِخْضَبِ قَالَتْ فَفَعَلْنَا فَأَغْتَسَلَ فَذَهَبَ لِيَبُوءَ فَأَعْمِيَ عَلَيْهِ ثُمَّ أَفَاقَ فَقَالَ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَصَلَّى النَّاسُ فُلْنَا لَا هُمْ يَنْتَظِرُونَكَ يَا رَسُولَ اللَّهِ قَالَ ضَعُوا لِي مَاءً فِي الْمِخْضَبِ قَالَتْ فَفَعَدَ فَأَغْتَسَلَ ثُمَّ ذَهَبَ لِيَبُوءَ فَأَعْمِيَ عَلَيْهِ ثُمَّ أَفَاقَ فَقَالَ أَصَلَّى النَّاسُ فُلْنَا لَا هُمْ يَنْتَظِرُونَكَ يَا رَسُولَ اللَّهِ قَالَ ضَعُوا لِي مَاءً فِي الْمِخْضَبِ فَفَعَدَ فَأَغْتَسَلَ ثُمَّ ذَهَبَ لِيَبُوءَ فَأَعْمِيَ عَلَيْهِ ثُمَّ أَفَاقَ فَقَالَ أَصَلَّى النَّاسُ فُلْنَا لَا هُمْ يَنْتَظِرُونَكَ يَا رَسُولَ اللَّهِ وَالنَّاسُ عُكُوفٌ فِي الْمَسْجِدِ يَنْتَظِرُونَ النَّبِيَّ عَلَيْهِ السَّلَامُ لِصَلَاةِ الْعِشَاءِ الْآخِرَةِ فَأَرْسَلَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِلَى أَبِي بَكْرٍ بِأَنْ يُصَلِّيَ بِالنَّاسِ فَأَتَاهُ الرَّسُولُ فَقَالَ إِنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَأْمُرُكَ أَنْ تُصَلِّيَ بِالنَّاسِ فَقَالَ أَبُو بَكْرٍ وَكَانَ رَجُلًا رَقِيقًا يَا عُمَرُ صَلِّ بِالنَّاسِ فَقَالَ لَهُ عُمَرُ أَنْتَ أَحَقُّ بِذَلِكَ فَصَلَّى أَبُو بَكْرٍ تِلْكَ النَّيَّامَ ثُمَّ إِنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَجَدَ مِنْ نَفْسِهِ خَفَةَ فَخَرَجَ بَيْنَ رَجُلَيْنِ أَحَدُهُمَا الْعَبَّاسُ لِصَلَاةِ الظُّهْرِ وَأَبُو بَكْرٍ يُصَلِّيَ بِالنَّاسِ فَلَمَّا رَأَاهُ أَبُو بَكْرٍ ذَهَبَ لِيَتَأَخَّرَ فَأَوْمَأَ إِلَيْهِ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِأَنْ لَا يَتَأَخَّرَ قَالَ أَجْلِسَانِي إِلَى جَنْبِهِ فَأَجْلَسَاهُ إِلَى جَنْبِ أَبِي بَكْرٍ قَالَ فَجَعَلَ أَبُو بَكْرٍ يُصَلِّيَ وَهُوَ

يَأْتُمْ بِصَلَاةِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَالنَّاسُ بِصَلَاةِ أَبِي بَكْرٍ وَالنَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَاعِدٌ

655 – ҒҒубайдулла ибн Абдулла (р.а.) риуаят етті: «Айша анамыздың (р.а.) алдына кірдім «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) ауыр науқастанып жатқан кездері туралы айтып берсеңіз!», - деп өтініш қылдым. Айша анамыз (р.а.): «Мейлі», - деп айта бастады: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қатты науқастанып қалғанында: «Адамдар намаз оқыды ма?», - деп сұрады. Біз: «Жоқ, сізді күтуде», - дедік. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): « Маған астауға су құйып беріңіз!», - деді. Біз айтқанын қылдық. Ол кісі толық жуынып тазаланып, орнынан тұрмақшы болып еді, күш-қуаты кетіп, есінен танып қалды. Есін жиған соң: «Адамдар намаз оқыды ма?», - деп қайтадан сұрады. Біз: «Жоқ, сізді күтуде», - дедік. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): « Тағы да маған астауға су құйып беріңіз!», - деді. Біз айтқанын қылдық. Ол кісі толық жуынып тазаланып, орнынан тұрмақшы болып еді, күш-қуаты кетіп, есінен және танып қалды. Есін жиған соң: «Адамдар намаз оқыды ма?», - деп қайтадан сұрады. Біз: «Жоқ, сізді күтуде», - дедік «Адамдар мешітте жамағат лық толы. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) құфтан намазына шығуын тосуда. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Әбу Бәкірге (р.а.) имамдық қылуды бұйырды. Бір кісі барып, Әбу Бәкірге (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сізге жамағатқа имамдық етсін деп бұйырды», - деді. Әбу Бәкір (р.а.) көңілі жұмсақ адам еді. Сол үшін де Хазреті Омарға (р.а.): «Сіз имамдық қылыңыз!», - деді. Сонда Омар (р.а.): «Өзіңіз бұған менен гөрі хақылысыз!», - деді. Әбу Бәкір (р.а.) сол күні жамағатқа имамдық етті. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өзін біраз жеңіл сезініп, екі кісінің (оның бірі Аббас болатын) көмегімен намазға шықты. Әбу Бәкір (р.а.) Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) көріп, артқа шегініп орын босатпақшы болды. Сол кезде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Артқа шегінбе, орныңнан қозғалма!», - деп ишара қылды. Кейін Аббасқа (р.а.): «Мені қасына өткізіңіз!», - деді. Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) Әбу Бәкірдің (р.а.) жанына өткізді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) отырып намаз оқыды. Әбу Бәкір (р.а.) тік тұрып Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) ұйыды. Жамағат болса Әбу Бәкірге (р.а.) ұйыды», - деді.

قَالَ عُبَيْدُ اللَّهِ فَدَخَلْتُ عَلَى عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَبَّاسٍ فَقُلْتُ لَهُ أَلَا أَعْرَضُ عَلَيْكَ مَا حَدَّثَنِي عَائِشَةُ عَنْ مَرَضِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ هَاتِ فَعَرَضْتُ عَلَيْهِ حَدِيثَهَا فَمَا أَنْكَرَ مِنْهُ شَيْئًا غَيْرَ أَنَّهُ قَالَ أَسَمَّتْ لَكَ الرَّجُلَ الَّذِي كَانَ مَعَ الْعَبَّاسِ قُلْتُ لِمَا قَالَ هُوَ عَلِيُّ بْنُ أَبِي طَالِبٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ

ҒҒубайдулла (р.а.) риуаят етті: Абдулла ибн Аббастың (р.а.) алдына кіріп, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) науқастанған кезі туралы Айша анамыздың (р.а.) маған айтып бергенін сізге айтайын ба?», - дедім. Ол: «айт!», - деді. Мен айтып бердім Бірер сөзімді қайтармады. Бірақ: «Атам

Аббаспен бірге болған екінші кісінің атын саған айтты ма?»,- деп сұрады. Мен: «Жок»,- дедім. Ол: «Әли ибн Әбу Талиб»,- болатын»,- деді.

656 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ هِشَامِ بْنِ عُرْوَةَ عَنْ

أَبِيهِ عَنْ عَائِشَةَ أُمِّ الْمُؤْمِنِينَ أَنَّهَا قَالَتْ صَلَّى رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي بَيْتِهِ وَهُوَ شَاكٍ فَصَلَّى جَالِسًا وَصَلَّى وَرَاءَهُ قَوْمٌ قِيَامًا فَأَشَارَ إِلَيْهِمْ أَنْ اجْلِسُوا فَلَمَّا انصرفت قال إنما جعل الإمام ليؤتم به فإذا ركع فاركعوا وإذا رفع فارفعوا وإذا صلى جالسًا فصلوا جالسًا

656 – Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) науқас болғандығынан үйде намазды отырып оқыды. Ал артында ұйып тұрғандар тік тұрып оқыды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.)оларға: «Отырыңдар!»,- деп ишара қылды. Намаздан кейін Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Имам ұйю үшін имам етілген, егер ол рүкүғ қылса, сендер де рүкүғ қылыңдар, рүкүғтен басын көтерсе, сендер де бастарыңды көтеріңдер, отырып намаз оқыса, отырып намаз оқыңдар!»,- деді.

657 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ أَنَسِ

بْنِ مَالِكٍ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ رَكِبَ فَرَسًا فَصُرِعَ عَنْهُ فَجَحَشَ شِقْهُ الْأَيْمَنِ فَصَلَّى صَلَاةً مِنَ الصَّلَوَاتِ وَهُوَ قَاعِدٌ فَصَلَّيْنَا وَرَاءَهُ فَعُودًا فَلَمَّا انصرفت قال إنما جعل الإمام ليؤتم به فإذا صلى قائمًا فصلوا قِيَامًا فإذا ركع فاركعوا وإذا رفع فارفعوا وإذا قال سمع الله لمن حمده فقولوا ربنا ولك الحمد وإذا صلى قائمًا فصلوا قِيَامًا وإذا صلى جالسًا فصلوا جُلُوسًا أجمعون قال أبو عبد الله قال الحميديُّ قوله إذا صلى جالسًا فصلوا جُلُوسًا هو في مرضه القديم ثم صلى بعد ذلك النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ جَالِسًا وَالنَّاسُ خَلْفَهُ قِيَامًا لَمْ يَأْمُرْهُمْ بِالْفُعُودِ وَإِنَّمَا يُؤْخَذُ بِالْآخِرِ فَالْآخِرُ مِنَ فِعْلِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

657 - Әнас ибн Мәлік (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) аттан жығылды, оң жағы сырылып кетті. Намазды отырған күйі оқыды. Сонда бізде отырып оқыдық. Намазды оқып болған соң бізге бұрылып: «Имам ұйымақ үшін имам қылынған, егер ол тік тұрып оқыса, тік тұрып оқыңыз, рүкүғ қылса, сідерде рүкүғ қылыңыздар, рүкүғтен бас көтерсе, бас көтеріңіздер, «Самиғаллаһу лиман хамидаһ»,- десе «Рәббәна

ләкалхамд»,- деп айтыңыз. Егер тік тұрып оқыса, сізде тік тұрып оқыңыз, егерде отырып оқыса сендерде отырып оқыңдар!»,- деді.

Имам Бұхари (р.а.) айтты: «Имам отырып оқыса, отырып оқыңыз!»,- деген сөздерін науқас кезінде айтқан. Соңғы ауыр науқастанғанында Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) отырып намаз оқыған, ал адамдар тік тұрып оқыған, оларға отыруды бұйырмаған. Соңғысы есепке алынады, өйткені соңғысы Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) табиғатына лайық»,- деді.

52-бап. Имамға ұйып намаз оқып жатқан адам қашан сәжде қылады

قَالَ أَنَسٌ فَإِذَا سَجَدَ فَاسْجُدُوا

Әнас (р.а.) айтты: «Имам сәжде қылса, сәжде қыл!»,- деді.

658 - حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ سَعِيدٍ عَنْ سُفْيَانَ قَالَ حَدَّثَنِي أَبُو

إِسْحَاقَ قَالَ حَدَّثَنِي عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يَزِيدَ قَالَ حَدَّثَنِي الْبَرَاءُ وَهُوَ غَيْرُ كُذُوبٍ قَالَ كَانَ

رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا قَالَ سَمِعَ اللَّهُ لِمَنْ حَمِدَهُ لَمْ يَحْنُ أَحَدٌ مِنَّا

ظَهْرَهُ حَتَّى يَقَعَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ سَاجِدًا ثُمَّ نَفَعُ سُجُودًا بَعْدَهُ حَدَّثَنَا أَبُو

نُعَيْمٍ عَنْ سُفْيَانَ عَنْ أَبِي إِسْحَاقَ نَحْوَهُ بِهَذَا

658 – Абдулла ибн Язид (р.а.) айтты: «Бұл хадисті маған Барра айтып берген болатын, ол ешқашан жалған сөйлемейді»,- деді. «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) «Самиғаллаһу лиман хамидаһ»,- деп сәждеге бармағанынша, ешқайсымыз сәждеге бармайтынбыз, ол кісі сәждеге барғаннан кейін ғана біз сәжде қылатын едік»,- деді.

53-бап. Имамнан бұрын сәждеден бас көтерудің күнәсі

660 - حَدَّثَنَا حَجَّاجُ بْنُ مِهَالٍ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ مُحَمَّدِ بْنِ زِيَادٍ سَمِعْتُ

أَبَا هُرَيْرَةَ عَنْ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ أَمَا يَخْشَى أَحَدُكُمْ أَوْ لَا يَخْشَى

أَحَدُكُمْ إِذَا رَفَعَ رَأْسَهُ قَبْلَ الْإِمَامِ أَنْ يَجْعَلَ اللَّهُ رَأْسَهُ رَأْسَ حِمَارٍ أَوْ يَجْعَلَ اللَّهُ

صُورَتَهُ صُورَةَ حِمَارٍ

660 - Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Араларыңызда кім имамнан бұрын басын сәждеден көтерсе, оның басын Алла тағала есектің басына айналдырып жіберуінен немесе көрінісін есектің түріне ұқсатып қоюынан қорықпайды ма?»,- деді.

54-бап. Құл немесе азат етілген құлдың имамдыққа өтуі турасында

بَابُ إِمَامَةِ الْعَبْدِ وَالْمَوْلَى وَكَانَتْ عَائِشَةُ يَوْمَهَا عَبْدُهَا دَكْوَانٌ مِنَ الْمُصْحَفِ
وَوَلَدِ الْبَغِيِّ وَالْأَعْرَابِيِّ وَالْعُلَامِ الَّذِي لَمْ يَحْتَلِمِ لِقَوْلِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ
يَوْمُهُمْ أَقْرَبُهُمْ لِكِتَابِ اللَّهِ

Айша анамызға (р.а.) Закуан деген құлы имамдық ететін. Некесіз туған бала да, бәдәуи де, Балағатқа жетпеген бала да имам болуы дұрыс. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Имамдыққа Құран Кәрімді толық білген кісі өтеді дегенін имам Бұхари мысал ете отырып айтты: «Құлдың бірер айыбы болмаса, жамағатқа қатынасудан махрум етілмейді», - деді.

661 - حَدَّثَنَا إِبْرَاهِيمُ بْنُ الْمُنْذِرِ قَالَ حَدَّثَنَا أَنَسُ بْنُ عِيَاضٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ
عَنْ نَافِعٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ قَالَ لَمَّا قَدِمَ الْمُهَاجِرُونَ الْأَوْلُونَ الْعُصْبَةَ مَوْضِعُ
بُقْبَاءٍ قَبْلَ مَقْدَمِ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ يَوْمُهُمْ سَالِمٌ مَوْلَى أَبِي
حُدَيْفَةَ وَكَانَ أَكْثَرَهُمْ قُرْآنًا

661 – Ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Құбадағы Асаба деген жерге келген алғашқы мұхажирлерге (Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) келуінен бұрын) Әбу Хузайфаның азат етілген құлы Сәлім имамдық қылатын еді. Ол Құранды бәрінен жақсырақ білетін», - деді.

662 - حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ بَشَّارٍ حَدَّثَنَا يَحْيَى حَدَّثَنَا شُعْبَةُ قَالَ حَدَّثَنِي أَبُو
الْتَّيَّاحِ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ اسْمَعُوا وَأَطِيعُوا
وَإِنْ اسْتَعْمِلَ حَبَشِيٌّ كَانَ رَأْسَهُ زَبِيئَةً

662 - Әнас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Егерде сендерге басы мейіздей қап-қара түсті құл (эфиоптық) бастық болып тағайындалса да, оны құлақ салып, тыңдап, оған бойұсыныңдар!», - деді.

55-бап. Имам жаман имамдық қылса, күнәсі өзіне

663 - حَدَّثَنَا الْفَضْلُ بْنُ سَهْلٍ قَالَ حَدَّثَنَا الْحَسَنُ بْنُ مُوسَى الْأَشْيَبِيُّ قَالَ
حَدَّثَنَا عَبْدُ الرَّحْمَنِ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ دِينَارٍ عَنْ زَيْدِ بْنِ أَسْلَمَ عَنْ عَطَاءِ بْنِ يَسَارٍ

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ يُصَلُّونَ لَكُمْ فَإِنْ أَصَابُوا
فَلَكُمْ وَإِنْ أَخْطَأُوا فَلَكُمْ وَعَلَيْهِمْ

663 - Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Имамдар сендерге имамдық қылып намаз оқиды. Егерде дұрыс та толық оқыса, сендерге де, өзіне де сауап болады. Ал егерде қате оқыса, онда сауабы сендерге, ал күнәсі өзіне болады»,- деді.

56-бап. Жолдан азған және бидғатшы адамның имамдығы туралы

قَالَ الْحَسَنُ صَلَّى وَعَلَيْهِ بِدْعُهُ

Хасан Басри (р.а.): «Бидғатшының артында да (ұйып) намаз оқи бер, бидғатшының зияны өзіне»,- деп айтқан.

قَالَ أَبُو عَبْدِ اللَّهِ وَقَالَ لَنَا مُحَمَّدُ بْنُ يُوسُفَ حَدَّثَنَا الْأَوْزَاعِيُّ حَدَّثَنَا الزُّهْرِيُّ
عَنْ حُمَيْدِ بْنِ عَبْدِ الرَّحْمَنِ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَدِيٍّ بْنِ خِيَارٍ أَنَّهُ دَخَلَ عَلَى عُثْمَانَ
بْنَ عَفَّانَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ وَهُوَ مَحْصُورٌ فَقَالَ إِنَّكَ إِمَامٌ عَامَّةٌ وَنَزَلَ بِكَ مَا نَرَى
وَيُصَلِّي لَنَا إِمَامٌ فِتْنَةٌ وَتَتَحَرَّجُ فَقَالَ الصَّلَاةُ أَحْسَنُ مَا يَعْمَلُ النَّاسُ فَإِذَا أَحْسَنَ
النَّاسُ فَأَحْسَنَ مَعَهُمْ وَإِذَا أَسَاءُوا فَاجْتَنِبْ إِسَاءَتَهُمْ وَقَالَ الزُّبَيْدِيُّ قَالَ الزُّهْرِيُّ لَأ
نَرَى أَنْ يُصَلِّيَ خَلْفَ الْمُخْتَلَبِ إِلَّا مِنْ ضَرُورَةٍ لَأ بُدَّ مِنْهَا

Имам Бұхарий: «(Осы хадисті) бізге Мұхаммед ибн Юсуф айтып берді»,- деді.

ҒҒубайдулла ибн Ғадий ибн Хиари Осман ибн Аффанның алдына кірді. Хазреті Осман қысылып отырған екен. Османға (р.а.): «Сіз жамағат имамысыз, басыңызға не іс түсті, өзіңіз көргендей, бізге фитнашы кісілер имам болып алды. Біз оларға ұйып, күнаһар болудан қорқамыз»,- деді.

Сонда Осман (р.а.): «Намаз - адамдардың қылып жатқан сауапты істердің ең жақсысы. Егер адамдар қайырлы істер істеп жатқан болса, сен де олардың жақсы ісіне үлесінді қос, ал егерде жаман іске қол салған болса, онда олардың жамандығынан қаш!»,- деді.

Зухрий (р.а.) айтты: «Өте зәру болмаса, қызтеке (хунаса) адамға ұйып намаз оқуға болмайды»,- деді.

664 - حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ أَبَانَ حَدَّثَنَا عُذْرٌ عَنْ شُعْبَةَ عَنْ أَبِي التَّيَّاحِ أَنَّهُ سَمِعَ

أَنَسَ بْنَ مَالِكٍ قَالَ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لِأَبِي دُرٍّ اسْمَعْ وَأَطِعْ وَلَوْ لِحَبَشِيٍّ
كَأَنَّ رَأْسَهُ زَبِيْبَةٌ

664 - Әнас ибн Мәлік (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Әбу Зарға айтты: «Егер басы мейіздей қап-қара түсті адам имам болса да, оған құлақ салып, бойұсын!»,- деді.

57-бап. Егер намаз оқып жатқандар екі кісі болса, бірі имам болып, екіншісі оның оң жағына тұрып оқиды

665 - حَدَّثَنَا سُلَيْمَانُ بْنُ حَرْبٍ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ الْحَكَمِ قَالَ سَمِعْتُ

سَعِيدَ بْنَ جُبَيْرٍ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ بَثُّ فِي بَيْتِ خَالَتِي مَيْمُونَةَ فَصَلَّى رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ الْعِشَاءَ ثُمَّ جَاءَ فَصَلَّى أَرْبَعَ رَكَعَاتٍ ثُمَّ نَامَ ثُمَّ قَامَ فَحِجَّتْ فَفُتُّتُ عَنْ يَسَارِهِ فَجَعَلَنِي عَنْ يَمِينِهِ فَصَلَّى خَمْسَ رَكَعَاتٍ ثُمَّ صَلَّى رَكَعَتَيْنِ ثُمَّ نَامَ حَتَّى سَمِعْتُ غَطِيْطَهُ أَوْ قَالَ خَطِيْطَهُ ثُمَّ خَرَجَ إِلَى الصَّلَاةِ

665 – Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Маймунаның үйінде түнеп қалдым. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) құфтан намазын мешітте оқыды. Кейін үйіне келіп төрт рәкат намаз оқыды. Содан соң ұйықтады, кейін орнынан тұрып, дәрет алып намаз оқи бастады. Мен сол жағына барып тұрып едім мені оң жағына өткізіп қойды. Әуелі бес рәкат, кейін екі рәкат намаз оқыды. Содан соң қайтадан ұйықтады. Тіптен қорылдағанына дейін естідім. Кейін таң намазын оқуға шығып кетті»,- деді.

58-бап. Егер ұюшы біреу болып, имамның сол жағында тұрса, имам оны оң жағына өткізіп қойса, намазы бұзылмайды

666 - حَدَّثَنَا أَحْمَدُ قَالَ حَدَّثَنَا ابْنُ وَهْبٍ قَالَ حَدَّثَنَا عَمْرُو عَنْ عَبْدِ رَبِّهِ بْنِ

سَعِيدٍ عَنْ مَخْرَمَةَ بِنِ سُلَيْمَانَ عَنْ كُرَيْبِ مَوْلَى ابْنِ عَبَّاسٍ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ قَالَ نِمْتُ عِنْدَ مَيْمُونَةَ وَالنَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عِنْدَهَا تِلْكَ اللَّيْلَةَ فَتَوَضَّأْتُ ثُمَّ قَامَ يُصَلِّي فَفُتُّتُ عَلَى يَسَارِهِ فَأَخَذَنِي فَجَعَلَنِي عَنْ يَمِينِهِ فَصَلَّى ثَلَاثَ عَشْرَةَ رَكَعَةً ثُمَّ نَامَ حَتَّى نَفَخَ وَكَانَ إِذَا نَامَ نَفَخَ ثُمَّ أَتَاهُ الْمُؤَدِّنُ فَخَرَجَ فَصَلَّى وَلَمْ يَتَوَضَّأْ قَالَ عَمْرُو فَحَدَّثْتُ بِهِ بُكَيْرًا فَقَالَ حَدَّثَنِي كُرَيْبٌ بِذَلِكَ

666 – Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «: «Маймунаның (нағашымдікінде) үйінде түнеп қалдым. Сол түні Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) осы үйде екен. Дәрет алып намаз оқыды. Мен сол жағына барып тұрып едім, мені оң жағына өткізіп қойды. Сонда он үш рәкат намаз оқыды. Кейін ұйықтады. Тіпті қорылдады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) ұйықтаса, қорылдайтын еді. Кейін ол кісіні азаншы келіп шақырды. Ол жамағатқа имамдық қылды, дәрет алмады. (Жантайып дем алғанында, жүрегі ояу болғаны үшін дәреті бұзылмас еді»,- деді.

59-бап. Кісінің имамдық қылайын деген ниеті болмаса, адамдар келіп оған ұйыса.....

667 - حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ بْنُ إِبْرَاهِيمَ عَنْ أَيُّوبَ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ سَعِيدٍ بْنِ جُبَيْرٍ عَنْ أَبِيهِ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ قَالَ بَتُّ عِنْدَ خَالَتِي فَقَامَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُصَلِّي مِنَ اللَّيْلِ فَقُمْتُ أَصَلِّي مَعَهُ فَقُمْتُ عَنْ يَسَارِهِ فَأَخَذَ بِرَأْسِي فَأَقَامَنِي عَنْ يَمِينِهِ

667 – Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Маймұна нағашымдікінде түнеп қалдым. Сол түні Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) осы үйде екен. Түнде тұрып намаз оқыды. Мен де тұрып ол кісімен бірге намаз оқыдым. Сол жағына барып тұрып едім, ол мені белімнен ұстап, оң жағына өткізіп қойды»,- деді.

60-бап. Егер имам намазды созып жіберсе, үюшының біреу асығыс шаруасы болса, ол саптан шығып, өзі тездетіп оқып алса...

669 - حَدَّثَنِي مُحَمَّدُ بْنُ بَشَّارٍ قَالَ حَدَّثَنَا عُثْمَرُ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ عَمْرِو قَالَ سَمِعْتُ جَابِرَ بْنَ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ كَانَ مُعَاذُ بْنُ جَبَلٍ يُصَلِّي مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ ثُمَّ يَرْجِعُ فَيَوْمُهُ فَصَلَّى الْعِشَاءَ فَقَرَأَ بِالْبَقَرَةِ فَأَنْصَرَفَ الرَّجُلُ فَكَانَ مُعَاذًا تَنَاولَ مِنْهُ فَبَلَغَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ فَنَانُ فَنَانُ ثَلَاثَ مَرَّاتٍ أَوْ قَالَ فَاتِنًا فَاتِنًا فَاتِنًا وَأَمْرَهُ بِسُورَتَيْنِ مِنْ أَوْسَطِ الْمُفَصَّلِ قَالَ عَمْرُو لَأُحْفَظَهُمَا

669 – Жәбір ибн Абдулла (р.а.) риуаят етті: «Муғаз ибн Жабал (р.а.) Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге құфтан намазын оқып, содан соң барып қауымға имамдық қылатын. Бір күні қауымына имамдық етіп жатып, әл-Бақара сүресін зәм қылып оқыды. Сонда бір кісі саптан ажырап шықты да, өз алдына намаз оқып кетті»,- деді. Муғаз (р.а.) ол кісіні жамандағандай болды. Бұны Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) жеткізді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Муғазға: «Сен-фитнашысың, фитнашысың, фитнашысың! Немесе

«Бұндай хәлде фитнашы болып қалғайсың, фитнашы болып қалғайсың, фитнашы болып қалғайсың!»,- деп үш мәрте айтты да, бұдан кейін орташа екі сүрені зәм қылып оқуға бұйырды»,- деді.

Ғамр (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) бұйырған сол сүренің қайсы екенін есіме түсіре алмай отырмын

61-бап. Имамның қиямды жеңілдірек рүкүғ пен сәждені толығырақ қылуы туралы

670 - حَدَّثَنَا أَحْمَدُ بْنُ يُونُسَ قَالَ حَدَّثَنَا زُهَيْرٌ قَالَ حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ قَالَ

سَمِعْتُ قَيْسًا قَالَ أَخْبَرَنِي أَبُو مَسْعُودٍ أَنَّ رَجُلًا قَالَ وَاللَّهِ يَا رَسُولَ اللَّهِ إِنِّي لَأَتَأَخَّرُ عَنْ صَلَاةِ الْغَدَاةِ مِنْ أَجْلِ فُلَانٍ مِمَّا يُطِيلُ بِنَا فَمَا رَأَيْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي مَوْعِظَةٍ أَشَدَّ غَضَبًا مِنْهُ يَوْمَئِذٍ ثُمَّ قَالَ إِنَّ مِنْكُمْ مُنْفَرِينَ فَأَيُّكُمْ مَا صَلَّى بِالنَّاسِ فَلْيَتَجَوَّزْ فَإِنَّ فِيهِمُ الضَّعِيفَ وَالْكَبِيرَ وَذَا الْحَاجَةِ

670 - Әбу Масғуд (р.а.) риуаят етті: «Бір кісі Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) мен пәленше имамның намазды созып жіберетіні үшін таң намазына бармай жатырмын»,- деді. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) уағыз айтып жатып, бұлай ашуланғанын көрген емеспін. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сонда: «Сендердің араларында адамдарды жамағат намазынан бездіретіндер бар. Қайсы бірің жамағатқа имамдық қылсаңыз, намазды жеңілдетіңіз, өйткені намазхандардың арасында әлсіз, ауру және тығыз шаруасы бар адамдар бар!»,- деді.

62-бап. Егер кісі намазды жалғыз өзі оқыса қалағанынша ұзақ оқи берсін!

671 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ أَبِي الزِّنَادِ عَنْ

الْأَعْرَجِ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ إِذَا صَلَّى أَحَدُكُمْ لِلنَّاسِ فَلْيُخَفِّفْ فَإِنَّ مِنْهُمْ الضَّعِيفَ وَالسَّقِيمَ وَالْكَبِيرَ وَإِذَا صَلَّى أَحَدُكُمْ لِنَفْسِهِ فَلْيُطَوِّلْ مَا شَاءَ

671 - Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Егер біреулерің жамағатқа имам болсаңыз, намазды жеңілдетіп оқыңдар, өйткені намазхандардың арасында, әлсіз, аурулар бар. Егер қайсы бірің намазды жалғыз өзі оқысаңыз, онда қалағанынша созып оқи берсін!»,- деді.

63-бап. Имам намазды созып жібергенде үстінен арыз қылған кісі

قَالَ أَبُو أُسَيْدٍ طَوَّلَتْ بِنَا يَا بُنَيَّ

Әбу Ғұсайд (р.а.): «Намазымызды өте тым созып жібердің, ей, балам!», - деген екен.

672 - حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ يُوسُفَ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ عَنْ إِسْمَاعِيلَ بْنِ أَبِي خَالِدٍ عَنْ

قَيْسِ بْنِ أَبِي حَازِمٍ عَنْ أَبِي مَسْعُودٍ قَالَ قَالَ رَجُلٌ يَا رَسُولَ اللَّهِ إِنِّي لَأَتَأَخَّرُ عَنْ الصَّلَاةِ فِي الْفَجْرِ مِمَّا يُطِيلُ بِنَا فُلَانٌ فِيهَا فَغَضِبَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَا رَأَيْتُهُ غَضِبَ فِي مَوْضِعٍ كَانَ أَشَدَّ غَضَبًا مِنْهُ يَوْمَئِذٍ ثُمَّ قَالَ يَا أَيُّهَا النَّاسُ إِنَّ مِنْكُمْ مُتَقَرِّينَ فَمَنْ أَمَّ النَّاسَ فَلْيَتَجَوَّزْ فَإِنَّ خَلْفَهُ الضَّعِيفَ وَالْكَبِيرَ وَذَا الْحَاجَةِ

672 - Әбу Масғуд (р.а.) риуаят етті: «Бір кісі Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) О, Расулалла, мен пәленше имамның намазды созып жіберетіні үшін таң намазына бармай жатырмын», - деді. Сол кезде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) ашуланды, бұлай ашуланғанын көрген емеспін. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сонда: «Ей, адамдар, сендердің араларында адамдарды жамағат намазынан бездіретіндер бар. Қайсы бірің жамағатқа имамдық қылсаңыз, намазды жеңілдетіңіз, өйткені намазхандардың арасында әлсіз, ауру және тығыз шаруасы бар адамдар бар!», - деді.

673 - حَدَّثَنَا آدمُ بْنُ أَبِي إِيسَى قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ قَالَ حَدَّثَنَا مُحَارِبُ بْنُ دِيثَارٍ قَالَ

سَمِعْتُ جَابِرَ بْنَ عَبْدِ اللَّهِ الْأَنْصَارِيَّ قَالَ أَقْبَلَ رَجُلٌ بِنَاضِحِينَ وَقَدْ جَنَحَ اللَّيْلُ فَوَافَقَ مُعَاذًا يُصَلِّيَ فَتَرَكَ نَاضِحَهُ وَأَقْبَلَ إِلَى مُعَاذٍ فَقَرَأَ بِسُورَةِ الْبَقَرَةِ أَوْ النَّسَاءِ فَأَنْطَلَقَ الرَّجُلُ وَبَلَغَهُ أَنَّ مُعَاذًا نَالَ مِنْهُ فَأَتَى النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَشَكَا إِلَيْهِ مُعَاذًا فَقَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَا مُعَاذُ أَفَتَانَ أَنْتَ أَوْ أَفَاتِنُ ثَلَاثَ مِرَارٍ فَلَوْلَا صَلَّيْتَ بِسَبْحِ اسْمِ رَبِّكَ وَالشَّمْسِ وَضُحَاهَا وَاللَّيْلِ إِذَا يَعْشَى فَإِنَّهُ يُصَلِّي وَرَاعَكَ الْكَبِيرُ وَالضَّعِيفُ وَذُو الْحَاجَةِ أَحْسِبُ هَذَا فِي الْحَدِيثِ قَالَ أَبُو عَبْدِ اللَّهِ وَتَابِعَهُ سَعِيدُ بْنُ مَسْرُوقٍ وَمَسْعَرٌ وَالشَّيْبَانِيُّ قَالَ عَمَرُو وَعَبِيدُ اللَّهِ بْنُ مِقْسَمٍ وَأَبُو الزُّبَيْرِ عَنْ جَابِرٍ قَرَأَ مُعَاذٌ فِي الْعِشَاءِ بِالْبَقَرَةِ وَتَابِعَهُ الْأَعْمَشُ عَنْ مُحَارِبِ

673 – Жәбир ибн Абдулла (р.а.) риуаят етті: «Қараңғы түн еді. Муғаз (р.а.) жамағатқа имамдық етіп, құфтан намазын оқып жатқан уақытта, бір кісі екі түйені жетектеп келіп қалды. Түйелерін байлап қойып, Муғазға ұйып намаз оқыды. Муғаз (р.а.) «әл-Бақара»,- сүресін ба, жоқ әлде «ән-Ниса»,- сүресін ба қосымша қылып оқи бастағанда, әлгі адам саптан шығып кетті. Муғаз (р.а.) ол кісіні жамандағандай болды. Бұны Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) жеткізген еді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Муғазға: «Ей, Муғаз, сен-бүлікшісің бе, әлде ғайбатшысың ба?»,- деп үш рет қайталап айтты. Кейін: «**Саббихисма раббикал ағла....**» немесе «**Уашшамси уаддухаха...**» немесе «**Уәлләйли иза яғша...**»,- деп басталатын сүрелерді зәм қылып оқысаң болмайтын ба еді?! Өйткені сенің артында әлсіз, ауру, қарт және тығыз шаруасы бар адамдар тұрады ғой!»,- деді. Ғамр (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) бұйырған сол сүренің қайсы екенін есіме түсіре алмай отырмын»,- деді.

64-бап. Намазды қысқа және толық оқу туралы

674 - حَدَّثَنَا أَبُو مَعْمَرٍ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْوَارِثِ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْعَزِيزِ عَنْ

أَنْسِ بْنِ مَالِكٍ قَالَ كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُوجِزُ الصَّلَاةَ وَيُكْمِلُهَا

674 - Әнас ибн Мәлік (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) намазды қысқарақ қылып, бірақ толық етіп оқитын»,- деді.

65-бап. Сәби бала жылағанда намазды қысқарақ оқу туралы

675 - حَدَّثَنَا إِبْرَاهِيمُ بْنُ مُوسَى قَالَ أَخْبَرَنَا الْوَلِيدُ بْنُ مُسْلِمٍ قَالَ حَدَّثَنَا

الْأَوْزَاعِيُّ عَنْ يَحْيَى بْنِ أَبِي كَثِيرٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ أَبِي قَتَادَةَ عَنْ أَبِيهِ أَبِي قَتَادَةَ

عَنْ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ إِنِّي لَأَقُومُ فِي الصَّلَاةِ أُرِيدُ أَنْ أُطَوَّلَ فِيهَا

فَأَسْمَعُ بُكَاءَ الصَّبِيِّ فَأَتَجَوَّزُ فِي صَلَاتِي كَرَاهِيَةً أَنْ أَشُقَّ عَلَى أُمَّهِ تَابَعَهُ يَشْرُ بْنُ

بَكْرٍ وَابْنُ الْمُبَارَكِ وَبَقِيَّةٌ عَنِ الْأَوْزَاعِيِّ

675 - Әбу Қатада (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Мен намазымды ұзағырақ қылып оқымақшы болғанымда, сәби бала жылап қалса, анасына ауырлық түспесін деп, қысқарақ оқитынмын»,- деді.

676 - حَدَّثَنَا خَالِدُ بْنُ مَخْلَدٍ قَالَ حَدَّثَنَا سُلَيْمَانُ بْنُ بِلَالٍ قَالَ حَدَّثَنَا شَرِيكُ بْنُ

عَبْدِ اللَّهِ قَالَ سَمِعْتُ أَنَسَ بْنَ مَالِكٍ يَقُولُ مَا صَلَّيْتُ وَرَاءَ إِمَامٍ قَطُّ أَخَفَّ صَلَاةً وَلَا

أَتَمَّ مِنَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَإِنْ كَانَ لَيَسْمَعُ بُكَاءَ الصَّبِيِّ فَيُخَفِّفُ مَخَافَةَ أَنْ تُفْتَنَ أُمُّهُ

676 - Энас ибн Мәлік (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) гөрі намазды қысқарақ және толығырақ оқитын бірде-бір адамды көрген емеспін. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жас сәби баланың жылағаның естіп, анасына қиындық болмасын деп, намазын қысқарақ оқитын», - деді.

677 - حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ حَدَّثَنَا يَزِيدُ بْنُ زُرَيْعٍ قَالَ حَدَّثَنَا سَعِيدٌ قَالَ حَدَّثَنَا قَتَادَةُ أَنَّ أَنَسَ بْنَ مَالِكٍ حَدَّثَهُ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ إِنِّي لَأَدْخُلُ فِي الصَّلَاةِ وَأَنَا أُرِيدُ إِطَالَتَهَا فَأَسْمَعُ بُكَاءَ الصَّبِيِّ فَأَتَجَوَّزُ فِي صَلَاتِي مِمَّا أَعْلَمُ مِنْ شِدَّةِ وَجْدِ أُمِّهِ مِنْ بُكَائِهِ

677 - Энас ибн Мәлік (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Мен намазымды ұзағырақ қылып оқимын дегенімде, жас сәби баланың жылағаның естіп қалсам, оның анасына ауырлық түспеуін ойлап намазымды қысқарақ оқитынмын», - деді.

678 - حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ بَشَّارٍ قَالَ حَدَّثَنَا ابْنُ أَبِي عَدِيٍّ عَنْ سَعِيدٍ عَنْ قَتَادَةَ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ إِنِّي لَأَدْخُلُ فِي الصَّلَاةِ فَأُرِيدُ إِطَالَتَهَا فَأَسْمَعُ بُكَاءَ الصَّبِيِّ فَأَتَجَوَّزُ مِمَّا أَعْلَمُ مِنْ شِدَّةِ وَجْدِ أُمِّهِ مِنْ بُكَائِهِ وَقَالَ مُوسَى حَدَّثَنَا أَبَانُ حَدَّثَنَا قَتَادَةُ حَدَّثَنَا أَنَسُ عَنْ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مِثْلَهُ

678 - Энас ибн Мәлік (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Мен намазымды ұзағырақ оқымақшы болып бастасам, жас сәби баланың жылағанын естіп қалсам, оның анасына ауырлық түспеуін ойлап намазымды жеңілдетемін!», - деді.

66-бап. Бір кісі имамға ұйып, намаз оқыса, содан соң өзінің жамағатына барып имамдық қылса...

679 - حَدَّثَنَا سُلَيْمَانُ بْنُ حَرْبٍ وَأَبُو النُّعْمَانِ قَالَا حَدَّثَنَا حَمَّادُ بْنُ زَيْدٍ عَنْ أَيُّوبَ عَنْ عَمْرٍو بْنِ دِينَارٍ عَنْ جَابِرِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ كَانَ مُعَادٌ يُصَلِّي مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ ثُمَّ يَأْتِي قَوْمَهُ فَيُصَلِّي بِهِمْ

679 – Жәбир ибн Абдулла (р.а.) риуаят етті: «Муғаз ибн Жабал (р.а.) Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) ұйып намаз оқыды. Содан соң қауымына барып имамдық қылды», - деді.

67-бап. Имамның айтқан тәкбірін адамдарға жеткізіп тұрған кісі

680 - حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ دَاوُدَ قَالَ حَدَّثَنَا الْأَعْمَشُ عَنْ إِبْرَاهِيمَ عَنِ الْأَسْوَدِ عَنِ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ لَمَّا مَرَضَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَرَضَهُ الَّذِي مَاتَ فِيهِ أَتَاهُ بِلَالٌ يُؤَذِّنُهُ بِالصَّلَاةِ فَقَالَ مُرُوا أَبَا بَكْرٍ فَلْيُصَلِّ قُلْتُ إِنَّ أَبَا بَكْرٍ رَجُلٌ أَسِيفٌ إِنْ يَفْعَمُ مَقَامَكَ يَبْكِي فَلَا يَقْدِرُ عَلَى الْقِرَاءَةِ فَقَالَ مُرُوا أَبَا بَكْرٍ فَلْيُصَلِّ فَقُلْتُ مِثْلَهُ فَقَالَ فِي الثَّلَاثَةِ أَوْ الرَّابِعَةِ إِنَّكَ صَوَّاحِبٌ يُوسُفَ مُرُوا أَبَا بَكْرٍ فَلْيُصَلِّ فَصَلَّى وَخَرَجَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُهَادِي بَيْنَ رَجُلَيْنِ كَأَنِّي أَنْظُرُ إِلَيْهِ يَخْطُ بِرَجْلَيْهِ الْأَرْضَ فَلَمَّا رَأَاهُ أَبُو بَكْرٍ دَهَبَ يَتَأَخَّرُ فَأَشَارَ إِلَيْهِ أَنْ صَلِّ فَتَأَخَّرَ أَبُو بَكْرٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ وَقَعَدَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِلَى جَنْبِهِ وَأَبُو بَكْرٍ يُسْمَعُ النَّاسَ التَّكْبِيرَ تَابِعَهُ مُحَاضِرٌ عَنِ الْأَعْمَشِ

680 - Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) науқастанып жатқан кезде Біләл намазға шақырып келді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Әбу Бәкірге бұйырыңыз, жамағат алдына шығып имамдық етсін!»- деді. Айша анамыз айтты: «Әбу Бәкір көңілі жұмсақ адам, сіздің орныңызда тұрып имамдық қыла алмайды, дұрысы Омарға (р.а.) бұйырыңыз!»,- дедім. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Әбу Бәкірге бұйырыңыз жамағат алдына шығып имамдық қылсын!»- деп қайталап айтты Кейін мен Хафсаға: «Әбу Бәкір сіздің орныңызда тұрса, жылағанынан оқығаны естілмей қалады, имамдықты Омарға бұйыра қойыңыз деп Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) айт!»- дедім.

Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Сендер әйелдер Жүсіптің (ғ.с.) қиссасындағы әйелдердің сыңарысындар, бұйырындар Әбу Бәкірге жамағат алдына шығып имамдық қылсын!»- деді.

Сонда Хафса Айша анамызға: «Сенен еш жақсылық көрмедім да!»- деп айтты.

Әбу Бәкір (р.а.) намазды бастаған соң, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өзін біраз жеңіл сезініп, екі кісінің (оның бірі Аббас болатын) көмегімен намазға шықты. Әбу Бәкір (р.а.) Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) көріп, артқа шегініп орын босатпақшы болды. Сол кезде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Артқа шегінбе, орныннан қозғалма!»,- деп ишара қылды. Кейін Аббасқа (р.а.): «Мені оның қасына өткізіңіз!»,- деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Әбу Бәкірдің (р.а.) сол жағына келіп отырды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) отырып

намаз оқыды. Әбу Бәкір (р.а.) тік тұрып Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) ұйып, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) айтқан тәкбірлерін жамағатқа қайталап естіртіп тұрды»,- деді.

68-бап. Бір кісі имамға, ал адамдар оған ұйыса болады ма?

عَنْ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ انْتَمُوا بِي وَلِيَأْتَمَّ بِكُمْ مَنْ بَعْدَكُمْ

Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Сен маған ұйы, саған арттағылар ұйысын!»,- дегені туралы мына хадис еске алынады.

681 - حَدَّثَنَا فُتَيْبَةُ بْنُ سَعِيدٍ قَالَ حَدَّثَنَا أَبُو مُعَاوِيَةَ عَنِ الْأَعْمَشِ عَنْ

إِبْرَاهِيمَ عَنِ الْأَسْوَدِ عَنْ عَائِشَةَ قَالَتْ لَمَّا تَقَلَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ جَاءَ بِلَالٌ يُؤَذِّنُهُ بِالصَّلَاةِ فَقَالَ مُرُوا أَبَا بَكْرٍ أَنْ يُصَلِّيَ بِالنَّاسِ فَقُلْتُ يَا رَسُولَ اللَّهِ إِنَّ أَبَا بَكْرٍ رَجُلٌ أَسِيفٌ وَإِنَّهُ مِنِّي مَا يَفْعُمُ مَقَامَكَ لَا يُسْمَعُ النَّاسَ فَلَوْ أَمَرْتَ عُمَرَ فَقَالَ مُرُوا أَبَا بَكْرٍ يُصَلِّيَ بِالنَّاسِ فَقُلْتُ لِحَفْصَةَ قُولِي لَهُ إِنَّ أَبَا بَكْرٍ رَجُلٌ أَسِيفٌ وَإِنَّهُ مِنِّي يَفْعُمُ مَقَامَكَ لَا يُسْمَعُ النَّاسَ فَلَوْ أَمَرْتَ عُمَرَ قَالَ إِنَّكَ لَأَنْتَنَ صَوَاحِبُ يُوسُفَ مُرُوا أَبَا بَكْرٍ أَنْ يُصَلِّيَ بِالنَّاسِ فَلَمَّا دَخَلَ فِي الصَّلَاةِ وَجَدَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي نَفْسِهِ خَفَةً فَقَامَ يُهَادِي بَيْنَ رَجُلَيْنِ وَرَجُلَاهُ يَخْطَانِ فِي الْأَرْضِ حَتَّى دَخَلَ الْمَسْجِدَ فَلَمَّا سَمِعَ أَبُو بَكْرٍ حِسَّهُ ذَهَبَ أَبُو بَكْرٍ يَتَأَخَّرُ فَأَوْمَأَ إِلَيْهِ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَجَاءَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ حَتَّى جَلَسَ عَنْ يَسَارِ أَبِي بَكْرٍ فَكَانَ أَبُو بَكْرٍ يُصَلِّيَ قَائِمًا وَكَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُصَلِّيَ قَاعِدًا يَقْتَدِي أَبُو بَكْرٍ بِصَلَاةِ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَالنَّاسُ مُفْتَدُونَ بِصَلَاةِ أَبِي بَكْرٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ

681 - Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) науқастанып жатқан кезде Біләл ол кісіні намазға шақырып келді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Әбу Бәкірге бұйырыңыз, жамағат алдына шығып имамдық етсін!»,- деді. Сонда мен: «О, Расулалла, Әбу Бәкір көңілі жұмсақ адам, ол кісі сіздің орныңызда имамдық қылса, жылағанынан адамдар оқығанын ести алмай қалады, дұрысы Омарға (р.а.) бұйырыңыз!»,- дедім. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Әбу Бәкірге бұйырыңыз жамағат алдына шығып имамдық қылсын!»,- деп қайталап айтты Кейін мен Хафсаға: «Әбу

Бәкір сіздің орныңызда тұрса, жылағанынан оқығаны естілмей қалады, имамдықты Омарға бұйыра қойыңыз деп Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) айт!»- дедім.

Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Сендер әйелдер Жүсіптің (ғ.с.) қиссасындағы әйелдердің сыңарысындар, бұйырындар Әбу Бәкірге жамағат алдына шығып имамдық қылсын!»- деді.

Сонда Хафса Айша анамызға: «Сенен еш жақсылық көрмедім-да!»- деп айтты. Әбу Бәкір (р.а.) намазды бастаған соң, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өзін біраз жеңіл сезініп, екі кісінің (оның бірі Аббас болатын) көмегімен аяқтарын әрең басып, намазға шықты. Әбу Бәкір (р.а.) Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) келе жатқанын сезіп, артқа шегініп орын босатпақшы болды. Сол кезде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Артқа шегінбе, орныңнан қозғалма!»,- деп ишара қылды. Кейін Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) Әбу Бәкірдің (р.а.) сол жағына алып келіп отырғызды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) отырған бойы имамдық қылды. Әбу Бәкір (р.а.) Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) ұйып, ал жамағат болса Әбу Бәкірге (р.а.) ұйып намаз оқыды»,- деді.

69-бап

682 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مَسْلَمَةَ عَنْ مَالِكِ بْنِ أَنَسٍ عَنْ أَيُّوبَ بْنِ أَبِي تَمِيمَةَ السَّخْتِيَانِيِّ عَنْ مُحَمَّدِ بْنِ سِيرِينَ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ انصَرَفَ مِنْ اثْنَيْنِ فَقَالَ لَهُ دُو الْيَدَيْنِ أَقْصَرَتْ الصَّلَاةُ أَمْ نَسِيتَ يَا رَسُولَ اللَّهِ فَقَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَصْدَقَ دُو الْيَدَيْنِ فَقَالَ النَّاسُ نَعَمْ فَقَامَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَصَلَّى اثْنَيْنِ أُخْرَيْنِ ثُمَّ سَلَّمَ ثُمَّ كَبَّرَ فَسَجَدَ مِثْلَ سُجُودِهِ أَوْ أَطْوَلَ

682 - Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) екі рәкат намаз оқып, сәлем беріп, адамдарға бұрылды. Сонда Зүлядайн деген қолы ұзын бір кісі: «Я Расулулла, шатасып жаңылыстыңыз ба, әлде намаз қысқарды ма?»,- деп сұрады. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ұмытып жаңылысқаным да жоқ, қысқарған да жоқ»,- деді. Кейін: «Зүлядайн айтқандай болды ма?»,- деді. Олар: «Иә, солай болды деп Зүлядайннің сөзін растады. Содан соң Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) алдыға өтіп, қалған рәккаттарды оқыды. Адамдар ол кісіге ұйыды. Кейін сәлем беріп және тәкбір айтып, әдеттегідей одан да ұзағырақ екі сәһу сәждесін қылды

683 - حَدَّثَنَا أَبُو الْوَلِيدِ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ سَعْدِ بْنِ إِبْرَاهِيمَ عَنْ أَبِي سَلَمَةَ بْنِ عَبْدِ الرَّحْمَنِ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ قَالَ صَلَّى النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ الظُّهْرَ رَكَعَتَيْنِ فَقِيلَ صَلَّيْتَ رَكَعَتَيْنِ فَصَلَّى رَكَعَتَيْنِ ثُمَّ سَلَّمَ ثُمَّ سَجَدَ سَجْدَتَيْنِ

683 - Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бесін намазын екі рәкат қылып оқыды. Сонда Пайғамбарымызға (с.ғ.с.): «Сіз екі рәкат қана оқыдыңыз», - десті. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) және екі рәкат намаз оқып сәлем берді. Кейін сәһу сәждесін қылды», - деді

70-бап. Имам намазда жыласа...

قَالَ عَبْدُ اللَّهِ بْنُ شَدَّادٍ سَمِعْتُ نَشِيحَ عُمَرَ وَأَنَا فِي آخِرِ الصُّفُوفِ يَقْرَأُ إِنَّمَا أَشْكُو بَنِّي وَحَزَنِي إِلَى اللَّهِ

Абдулла ибн Шаддад (р.а.) риуаят етті: «Хазреті Омардың (р.а.) «Иннама ашқу басий уа хузний илә-л-лаһи» (Мен күйзелісімді де, күйінішімді де Аллаға ғана шағамын...⁹²) деген аятты оқығанында жылап жатқанын мен де артқы сапта тұрып естідім.

684 - حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ قَالَ حَدَّثَنَا مَالِكُ بْنُ أَنَسٍ عَنْ هِشَامِ بْنِ عُرْوَةَ عَنْ أَبِيهِ عَنْ عَائِشَةَ أُمِّ الْمُؤْمِنِينَ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ فِي مَرَضِهِ مُرُوا أَبَا بَكْرٍ يُصَلِّيَ بِالنَّاسِ قَالَتْ عَائِشَةُ قُلْتُ إِنَّ أَبَا بَكْرٍ إِذَا قَامَ فِي مَقَامِكَ لَمْ يُسْمِعِ النَّاسَ مِنَ الْبُكَاءِ فَمُرْ عُمَرَ فَلْيُصَلِّ فَقَالَ مُرُوا أَبَا بَكْرٍ فَلْيُصَلِّ لِلنَّاسِ قَالَتْ عَائِشَةُ لِحَفْصَةَ قُولِي لَهُ إِنَّ أَبَا بَكْرٍ إِذَا قَامَ فِي مَقَامِكَ لَمْ يُسْمِعِ النَّاسَ مِنَ الْبُكَاءِ فَمُرْ عُمَرَ فَلْيُصَلِّ لِلنَّاسِ فَفَعَلَتْ حَفْصَةُ فَقَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَا إِنْ كُنَّ لَأَنْتِ صَوَاحِبُ يُوسُفَ مُرُوا أَبَا بَكْرٍ فَلْيُصَلِّ لِلنَّاسِ قَالَتْ حَفْصَةُ لِعَائِشَةَ مَا كُنْتُ لِأُصِيبَ مِنْكَ خَيْرًا

684 – Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) науқастанып жатқан кезінде: «Әбу Бәкірге бұйырыңыз, жамағат алдына шығып имамдық етсін!» - деді. Мен: «Әбу Бәкір көңілі жұмсақ адам, сіздің орныңызда тұрып имамдық қыла алмайды, дұрысы Омарға (р.а.) бұйырыңыз!» - дедім. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Әбу Бәкірге бұйырыңыз, жамағат алдына шығып имамдық қылсын!» - деп қайталап

⁹² 12. Жүсіп-86 аят.

айтты. Кейін мен Хафсаға: «Әбу Бәкір сіздің орныңызда тұрса, жылағанынан оқығаны естілмей қалады, имамдықты Омарға бұйыра қойыңыз,- деп Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) айт!»- дедім. Ол солай деп айтты.

Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Тек тұрындар, сендер әйелдер Жүсіптің (ғ.с.) қиссасындағы әйелдердің сыңарысындар, тілдеріне, ойларыңа не келсе, соны айта саласындар. Бұйырындар, Әбу Бәкірге жамағат алдына шығып имамдық қылсын!»- деді.

Сонда Хафса Айша анамызға ренжіп: «Сенен еш жақсылық көрмедім да!»-деп айтты.

71-бап. Тәкбір айтып жатқанда және одан кейін сапты түзеу туралы

685 - حَدَّثَنَا أَبُو الْوَلِيدِ هِشَامُ بْنُ عَبْدِ الْمَلِكِ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ قَالَ أَخْبَرَنِي عَمْرُو بْنُ مُرَّةَ قَالَ سَمِعْتُ سَالِمَ بْنَ أَبِي الْجَعْدِ قَالَ سَمِعْتُ الثُّعْمَانَ بْنَ بَشِيرٍ يَقُولُ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَتُسَوَّنَ صُفُوفُكُمْ أَوْ لِيُخَالِفَنَّ اللَّهُ بَيْنَ وُجُوهِكُمْ

685 - Нұғман ибн Бәшир (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Аллаға ант етіп айтамын, саптарыңды дұрыстамасаңдар, Алла тағала жүректеріңді бір-біріңе қарама-қарсы қылып қояды!»,- деді.

72-бап. Саптар дұрысталып (түзеліп) жатқанда имамның адамдарға бұлылып қарауы

686 - حَدَّثَنَا أَبُو مَعْمَرٍ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْوَارِثِ عَنْ عَبْدِ الْعَزِيزِ بْنِ صُهَيْبٍ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ أَقِيمُوا الصُّفُوفَ فَإِنِّي أَرَاكُمْ خَلْفَ ظَهْرِي

686 - Әнас (р.а.) риуаят етті: «Намазға тәкбір айтылды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бізге бұрылып қарады да: «Саптарыңды тураңдар, бір-біріңе жақынырақ тұрындар мен сендерді алды жағыма қарап тұрып та көремін!»,- деді.

73-бап. Бірінші сап туралы

688 - حَدَّثَنَا أَبُو عَاصِمٍ عَنْ مَالِكٍ عَنْ سُمَيٍّ عَنْ أَبِي صَالِحٍ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ قَالَ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ الشُّهَدَاءُ الْعَرَقُ وَالْمَطْعُونُ وَالْمَبْطُونُ

وَالْهَدْمُ وَقَالَ وَلَوْ يَعْلَمُونَ مَا فِي التَّهْجِيرِ لاسْتَبَفُوا وَلَوْ يَعْلَمُونَ مَا فِي الْعَمَّةِ
وَالصَّبْحِ لَأَتَوْهُمَا وَلَوْ حَبَوًّا وَلَوْ يَعْلَمُونَ مَا فِي الصَّفِّ الْمُقَدَّمِ لاسْتَهَمُوا

688 - Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Суға батып өлгендер, іш ауруымен өлгендер, обадан өлгендер, бір нәрсенің астында қалып өлгендер шаһид болып өлгенге есеп болар. Егерде адамдар намазға ертерек барудың қандай сауабының бар екенін білсе, мешітке қарай бір-бірінен озып жүгірісер еді. Құфтан мен таң намазының сауабын білген болса, еңбектеп болса да (мешітке) жетер еді. Бірінші сапта тұрудың қаншалықты сауап екенін білсе, еш амалын таппаса да, шек тастап өз ниеттеріне жеткен болар еді.»,- деді.

74-бап. Сапты түзеу намаздың дұрыс болуының шарттарынан!

689 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مُحَمَّدٍ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الرَّزَّاقِ قَالَ أَخْبَرَنَا مَعْمَرٌ
عَنْ هَمَّامِ بْنِ مُنَبِّهٍ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنَّهُ قَالَ إِنَّمَا
جُعِلَ الْإِمَامُ لِيُؤْتَمَّ بِهِ فَلَا تَخْتَلِفُوا عَلَيْهِ فَإِذَا رَكَعَ فَارْكَعُوا وَإِذَا قَالَ سَمِعَ اللَّهُ لِمَنْ
حَمَدَهُ فَقُولُوا رَبَّنَا لَكَ الْحَمْدُ وَإِذَا سَجَدَ فَاسْجُدُوا وَإِذَا صَلَّى جَالِسًا فَصَلُّوا جُلُوسًا
أَجْمَعُونَ وَأَقِيمُوا الصَّفَّ فِي الصَّلَاةِ فَإِنَّ إِقَامَةَ الصَّفِّ مِنْ حُسْنِ الصَّلَاةِ

689 - Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Имам ұйымақ үшін имам қылынған, егер ол рүкүф қылса, сіздер де рүкүф қылыңыз, егер «Самиғаллаһу лиман хамидаһ»,- десе «Рәббәна ләкалхамд»,- деп айтыңыз. Егер сәжде қылса, сәжде қылыңдар, егерде отырып оқыса, сендер де отырып оқыңдар! Намазда сапты дұрыстандар, өйткені саптың түзу болуы – намаздың дұрыстығы!»,- деді.

75-бап. Сапты дұрыстамаған (толтырмаған) кісінің күнәсі

691 - حَدَّثَنَا مُعَاذُ بْنُ أَسَدٍ قَالَ أَخْبَرَنَا الْفَضْلُ بْنُ مُوسَى قَالَ أَخْبَرَنَا سَعِيدُ
بْنُ عُبَيْدِ الطَّائِيُّ عَنْ بُشَيْرِ بْنِ يَسَارٍ الْأَنْصَارِيِّ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ أَنَّهُ قَدِمَ الْمَدِينَةَ
فَقِيلَ لَهُ مَا أَنْكَرْتَ مِنَّا مُنْذُ يَوْمِ عَهْدَتِ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ مَا
أَنْكَرْتُ شَيْئًا إِلَّا أَنَّكُمْ لَا تُقِيمُونَ الصُّفُوفَ وَقَالَ عُبَيْدُ بْنُ عُبَيْدٍ عَنْ بُشَيْرِ بْنِ يَسَارٍ
قَدِمَ عَلَيْنَا أَنَسُ بْنُ مَالِكٍ الْمَدِينَةَ بِهَذَا

691 – Башір ибн Ясар (р.а.) риуаят етті: «Әнас (р.а.) Басрадан Мединеге келді. Әнасқа: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) заманынан кейін

бізден қандай кемшілік таптыңыз?»,- деп сұрасты. Сонда Әнас (р.а.): «Сендер сапты дұрыстап толтырмайды екенсіңдер, бұдан басқа қате кемшілік таппадым,- деді.

(Имам Бұхарий сапты туралауды-уәжіпке, ал ижтаһатты болса-сүннет деп есептейді. Өйткені Әнас (р.а.) оларға намазды қайтадан оқуға бұйырмады).

76-бап. Сапқа тұрғанда аяқты аяққа, иыққа иықты тигізіп тұру туралы

قَالَ الثُّعْمَانُ بْنُ بَشِيرٍ رَأَيْتُ الرَّجُلَ مِمَّا يُلْزِقُ كَعْبَهُ بِكَعْبِ صَاحِبِهِ

Нұғман ибн Башір (р.а.) айтты: «(Сапта) тұрғанымызда әрбіріміздің тобығымыз жанымыздағының тобығына тиіп тұрғанының куәсі болғанмын»,- деді.

692 - حَدَّثَنَا عَمْرُو بْنُ خَالِدٍ قَالَ حَدَّثَنَا زُهَيْرٌ عَنْ حُمَيْدٍ عَنْ أَنَسِ بْنِ

مَالِكٍ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ أَقِيمُوا صُفُوفَكُمْ فَإِنِّي أَرَاكُمْ مِنْ وِرَاءِ ظَهْرِي وَكَأَنَّا أَحَدُنَا يُلْزِقُ مَنكِبَهُ بِمَنكِبِ صَاحِبِهِ وَقَدِمَهُ بِقَدَمِهِ

692 - Әнас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Саптарыңды тураландар, мен сендерді алды жағыма қарап тұрып та көремін!»,- деді.

Біз Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) заманында сапта тұрғанымызда әрбіріміздің иығымыз жанымыздағының иығына, ал аяғымыз оның аяғына тиіп тұратын»,- деді.

77-бап. Егер де ұюшы кісі имамның сол жағына айналдырып, он жағына тұрғызып қойса, намаз бұзылмайды

693 - حَدَّثَنَا قُتَيْبَةُ بْنُ سَعِيدٍ قَالَ حَدَّثَنَا دَاوُدُ عَنْ عَمْرُو بْنِ دِينَارٍ عَنْ

كُرَيْبِ مَوْلَى ابْنِ عَبَّاسٍ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ صَلَّيْتُ مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ ذَاتَ لَيْلَةٍ فَفَمْتُ عَنْ يَسَارِهِ فَأَخَذَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِرَأْسِي مِنْ وِرَائِي فَجَعَلَنِي عَنْ يَمِينِهِ فَصَلَّى وَرَقَدَ فَجَاءَهُ الْمُؤَدِّنُ فَقَامَ وَصَلَّى وَلَمْ يَتَوَضَّأْ

693 – Ибн Аббас (р.а.) айтты: « Бір күні түнде Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге намаз оқыдым. Сонда сол жағына келіп тұрған едім. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мені басымнан ұстап, арқа жағынан айналдырып,

оң жағына тұрғызып қойды. Намаздан кейін жамбастап жатты, содан соң азаншы келді, орнынан тұрып намаз оқыды, (қайта) дәрет алмады»,- деді.

78-бап. Әйелдің жалғыз өзі бір сап болуы

694 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مُحَمَّدٍ قَالَ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ عَنْ إِسْحَاقَ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ قَالَ صَلَّيْتُ أَنَا وَبَيْتِي فِي بَيْتِنَا خَلْفَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَأُمِّي أُمَّ سُلَيْمٍ خَلْفَنَا

694 - Әнас (р.а.) риуаят етті: «Мен және бір жетім бала екеуіміз, біздің үйде Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) ұйып намаз оқыдық, анам Үмму Сұлайм болса, біздің арт жағымызда тұрып ұйыды»,- деді.

79-бап. Имам мен мешіттің оң жағы абзал

695 - حَدَّثَنَا مُوسَى حَدَّثَنَا ثَابِتُ بْنُ يَزِيدَ حَدَّثَنَا عَاصِمٌ عَنِ الشَّعْبِيِّ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ قُمْتُ لَيْلَةً أُصَلِّي عَنْ يَسَارِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَأَخَذَ بِيَدِي أَوْ بَعْضُدِي حَتَّى أَقَامَنِي عَنْ يَمِينِهِ وَقَالَ بِيَدِهِ مِنْ وَرَائِي

695 – Ибн Аббас (р.а.) айтты: «Бір күні түнде Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сол жағында тұрып ұйып намаз оқыдым. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қолымнан ұстап, «Арт жағыммен айнал!»,- деп белгі берді де, оң жағына өткізіп қойды»,- деді.

80-бап. Егер имам мен жамағат арасында қабырға немесе қандай-да бір белгі болса...

قَالَ الْحَسَنُ لَا بَأْسَ أَنْ تُصَلِّيَ وَبَيْنَكَ وَبَيْنَهُ نَهْرٌ وَقَالَ أَبُو مَجْلَزٍ يَأْتُمُ بِالْإِمَامِ وَإِنْ كَانَ بَيْنَهُمَا طَرِيقٌ أَوْ جِدَارٌ إِذَا سَمِعَ تَكْبِيرَ الْإِمَامِ

Хасан Басрий (р.а.) айтты: «Имам мен сенің араңда дәрия болса да, оған ұйып намаз оқудың еш зияны жоқ»,- деді.

Әбу Мижлаз (р.а.) айтты: «Егер намазхан мен имамның арасынан жол өткен болса да, тәкбірдің дауысы естіліп тұрса, ұйып намаз оқи береді»,- деді.

696 - حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ سَلَامٍ قَالَ أَخْبَرَنَا عَبْدُهُ عَنْ يَحْيَى بْنِ سَعِيدٍ الْأَنْصَارِيِّ عَنْ عَمْرَةَ عَنْ عَائِشَةَ قَالَتْ كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

يُصَلِّي مِنَ اللَّيْلِ فِي حُجْرَتِهِ وَجِدَارُ الْحُجْرَةِ قَصِيرٌ فَرَأَى النَّاسُ شَخْصَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَامَ أَنَسٌ يُصَلُّونَ بِصَلَاتِهِ فَأَصْبَحُوا فَتَحَدَّثُوا بِذَلِكَ فَقَامَ اللَّيْلَةَ الثَّانِيَةَ فَقَامَ مَعَهُ أَنَسٌ يُصَلُّونَ بِصَلَاتِهِ صَنَعُوا ذَلِكَ لِيَلْتَنِينَ أَوْ ثَلَاثًا حَتَّى إِذَا كَانَ بَعْدَ ذَلِكَ جَلَسَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَلَمْ يَخْرُجْ فَلَمَّا أَصْبَحَ ذَكَرَ ذَلِكَ النَّاسُ فَقَالَ إِنِّي خَشِيتُ أَنْ تُكْتَبَ عَلَيْكُمْ صَلَاةُ اللَّيْلِ

696 – Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) түнде бөлмесінде намаз оқи бастады, бөлменің қабырғасы аласа болатын. Адамдар Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) көріп, араларында қабырға болса да, ол кісіге ұйып намаз оқыды. Таң атқанша намаз оқыды, кейін арада белгі болғанда намаз оқу туралы сөйлесті. Ертеңгі түніде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) намазға тұрды. Адамдар және ол кісіге ұйыды. Бұл жағдай екі немесе үш түн қайталанған соң, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) ол жерге намаз оқуға шықпады. Таң атқан соң, адамдар Пайғамбарымыздан бұл түні намазға шықпағанының себебін сұрады. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Мен түнде тұрып намаз оқу сендерге парыз болып қалуынан қорықтым», - деп жауап берді.

81-бап. Түнде тұрып намаз оқу туралы

697 - حَدَّثَنَا إِبْرَاهِيمُ بْنُ الْمُنْذِرِ قَالَ حَدَّثَنَا ابْنُ أَبِي فُدَيْكٍ قَالَ حَدَّثَنَا ابْنُ أَبِي زَيْبٍ عَنِ الْمُقْبَرِيِّ عَنْ أَبِي سَلَمَةَ بْنِ عَبْدِ الرَّحْمَنِ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ لَهُ حَصِيرٌ يَبْسُطُهُ بِالنَّهَارِ وَيَحْتَجِرُهُ بِاللَّيْلِ فَتَابَ إِلَيْهِ نَاسٌ فَصَلُّوا وَرَاءَهُ

697 - Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) бір алашасы бар еді. Күндіз үстінде отырып, түнде болса намаз оқып жатқанында онымен қыбла жағын тосып (жауып) қоятын. Ал адамдар болса, ол кісіге ұйып намаз оқитын», - деді.

698 - حَدَّثَنَا عَبْدُ الْأَعْلَى بْنُ حَمَادٍ قَالَ حَدَّثَنَا وَهَيْبٌ قَالَ حَدَّثَنَا مُوسَى بْنُ عُقْبَةَ عَنْ سَالِمِ أَبِي النَّضْرِ عَنْ بُسْرِ بْنِ سَعِيدٍ عَنْ زَيْدِ بْنِ ثَابِتٍ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ اتَّخَذَ حُجْرَةً قَالَ حَسِبْتُ أَنَّهُ قَالَ مِنْ حَصِيرٍ فِي رَمْضَانَ فَصَلَّى فِيهَا لِيَالِي فَصَلَّى بِصَلَاتِهِ نَاسٌ مِنْ أَصْحَابِهِ فَلَمَّا عَلِمَ بِهِمْ جَعَلَ يَفْعُدُ فَخَرَجَ

إِلَيْهِمْ فَقَالَ قَدْ عَرَفْتُ الَّذِي رَأَيْتُ مِنْ صَنِيعِكُمْ فَصَلُّوا أَيُّهَا النَّاسُ فِي بُيُوتِكُمْ فَإِنَّ
أَفْضَلَ الصَّلَاةِ صَلَاةَ الْمَرْءِ فِي بَيْتِهِ إِلَّا الْمَكْتُوبَةَ قَالَ عَقَانُ حَدَّثَنَا وَهَيْبٌ حَدَّثَنَا
مُوسَى سَمِعْتُ أَبَا النَّضْرِ عَنْ بُسْرِ عَنْ زَيْدٍ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

698 – Зәйд ибн Сәбит (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өзіне белгі қылып алды (есімде, Бұсур ибн Сағид маған: «Рамазанда алаша мен тосып белгі қылып алды», - деп айтты. Рамазанда бірнеше түн намаз оқыды, кейбір Сахабалар ілінген белгінің артында тұрып, ол кісіге ұйып намаз оқыды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бұны біліп қалып, сыртқа шықпай, үйінде намаз оқыды. Кейін шығып: «Ей, адамдар, мен сендердің қылып жатқан істеріңнен бейхабармын, нәпіл намазды үйлеріңде оқыңдар. Өйткені нәпіл намазды үйде, парыз намазды мешітте оқу - абзал», - деді.

82-бап. Намазды «Аллаһу Ақбар», - деп тәкбір тахрима айтумен бастаудың артықшылығы

699 - حَدَّثَنَا أَبُو الْيَمَانِ قَالَ أَخْبَرَنَا شُعَيْبٌ عَنْ الزُّهْرِيِّ قَالَ أَخْبَرَنِي أَنَسُ
بْنُ مَالِكٍ الْأَنْصَارِيُّ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ رَكِبَ فَرَسًا فَجَحِشَ شِفْهُ
الْأَيْمَنِ قَالَ أَنَسُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ فَصَلَّى لَنَا يَوْمَئِذٍ صَلَاةً مِنَ الصَّلَوَاتِ وَهُوَ قَاعِدٌ
فَصَلَّيْنَا وَرَاءَهُ فُعُودًا ثُمَّ قَالَ لَمَّا سَلَّمَ إِنَّمَا جُعِلَ الْإِمَامُ لِيُؤْتَمَّ بِهِ فَإِذَا صَلَّى قَائِمًا
فَصَلُّوا قِيَامًا وَإِذَا رَكَعَ فَارْكَعُوا وَإِذَا رَفَعَ فَارْفَعُوا وَإِذَا سَجَدَ فَاسْجُدُوا وَإِذَا قَالَ
سَمِعَ اللَّهُ لِمَنْ حَمِدَهُ فَقُولُوا رَبَّنَا وَلَكَ الْحَمْدُ

699 - Әнас ибн Мәлік (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) аттан жығылып, оң жағы сырылып кетті. Намазды отырған күйі оқыды. Сонда бізде отырып оқыдық. Намазды оқып болған соң бізге бұрылып: «Имам ұйымақ үшін имам қылынған, егер ол тік тұрып оқыса, тік тұрып оқыңыз, рүкүғ қылса, сідер де рүкүғ қылыңыздар. Егер «Самиғаллаһу лиман хамидаһ», - десе «Рәббәна ләкалхамд», - деп айт!», - деді.

700 - حَدَّثَنَا قُتَيْبَةُ بْنُ سَعِيدٍ قَالَ حَدَّثَنَا لَيْثٌ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ أَنَسِ بْنِ
مَالِكٍ أَنَّهُ قَالَ خَرَّ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَنْ فَرَسٍ فَجَحِشَ فَصَلَّى لَنَا
قَاعِدًا فَصَلَّيْنَا مَعَهُ فُعُودًا ثُمَّ انْصَرَفَ فَقَالَ إِنَّمَا الْإِمَامُ أَوْ إِنَّمَا جُعِلَ الْإِمَامُ لِيُؤْتَمَّ بِهِ

فَإِذَا كَبَّرَ فَكَبِّرُوا وَإِذَا رَكَعَ فَارْكَعُوا وَإِذَا رَفَعَ فَارْفَعُوا وَإِذَا قَالَ سَمِعَ اللَّهُ لِمَنْ
حَمِدَهُ فَقُولُوا رَبَّنَا لَكَ الْحَمْدُ وَإِذَا سَجَدَ فَاسْجُدُوا

700 - Энас ибн Мәлік (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) аттан жығылды, оң жағы сырылып, жарақаттанып қалды. Сонда бізбен бірге отырған күйі намаз оқыды. Сонда біз де отырып оқыдық. Намазды оқып болған соң бізге бұрылып: «Имам ұйымақ үшін имам қылынған, егер ол тәкбір тахрима айтса, сендер де тәкбір тахрима айтыңдар, рүкүф қылса, сендер де рүкүф қылыңдар, рүкүфтан тұрса, сендер де тұрыңдар. Егер «Самиғаллаһу лиман хамидаһ»,- десе «**Рәббәна ләкалхамд**» деп айтыңдар! Сәжде қылса, сендер де сәжде етіңдер»,-деді.

701 - حَدَّثَنَا أَبُو الْيَمَانِ قَالَ أَخْبَرَنَا شُعَيْبٌ قَالَ حَدَّثَنِي أَبُو الزِّنَادِ عَنِ الْأَعْرَجِ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ قَالَ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِنَّمَا جُعِلَ الْإِمَامُ لِيُؤْتَمَّ بِهِ فَإِذَا كَبَّرَ فَكَبِّرُوا وَإِذَا رَكَعَ فَارْكَعُوا وَإِذَا قَالَ سَمِعَ اللَّهُ لِمَنْ حَمِدَهُ فَقُولُوا رَبَّنَا وَلَكَ الْحَمْدُ وَإِذَا سَجَدَ فَاسْجُدُوا وَإِذَا صَلَّى جَالِسًا فَصَلُّوا جُلُوسًا أَجْمَعُونَ

701 - Әбу Хурайра (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Имам ұйымақ үшін имам қылынған, егер имам тәкбір тахрима айтса, сендер де тәкбір тахрима айтыңдар, рүкүф қылса, сендер де рүкүф қылыңдар, рүкүфтан тұрса, сендер де тұрыңдар. Егер «Самиғаллаһу лиман хамидаһ»,- десе «**Рәббәна ләкал хамд**» деп айтыңдар! Сәжде қылса, сендер де сәжде етіңдер, отырып оқыса, сендер де отырып оқыңдар!»,-деді.

83-бап. Тәкбір тахрима айту бір уақытта қолды көтерумен басталады

702 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مَسْلَمَةَ عَنْ مَالِكٍ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ سَالِمِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ عَنْ أَبِيهِ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ يَرْفَعُ يَدَيْهِ حَذْوَ مَنْكِبَيْهِ إِذَا افْتَتَحَ الصَّلَاةَ وَإِذَا كَبَّرَ لِلرُّكُوعِ وَإِذَا رَفَعَ رَأْسَهُ مِنَ الرُّكُوعِ رَفَعَهُمَا كَذَلِكَ أَيْضًا وَقَالَ سَمِعَ اللَّهُ لِمَنْ حَمِدَهُ رَبَّنَا وَلَكَ الْحَمْدُ وَكَانَ لَا يَفْعَلُ ذَلِكَ فِي السُّجُودِ

702 – Сәлім ибн Абдулланың атасы Абдулла ибн Омар риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) намаз оқуды бастап жатқанында қолдарын иық тұсына дейін көтеретін еді, тәкбір айтып рүкүф қылып жатқанында да, рүкүфтан бас көтеріп жатқанында да қолдарын иық тұсына дейін көтеретін еді және «Сәмиғаллоһу лиман хамидаһ», «**Раббанә ләкә-л хамду**», - дейтін еді. Бірақ сәжде қылып жатқанда бұлай қылмайтын»,- деді.

704 - حَدَّثَنَا إِسْحَاقُ الْوَاسِطِيُّ قَالَ حَدَّثَنَا خَالِدُ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ عَنْ خَالِدٍ عَنْ أَبِي قَلَابَةَ أَنَّهُ رَأَى مَالِكَ بْنَ الْحُوَيْرِثِ إِذَا صَلَّى كَبَّرَ وَرَفَعَ يَدَيْهِ وَإِذَا أَرَادَ أَنْ يَرْكَعَ رَفَعَ يَدَيْهِ وَإِذَا رَفَعَ رَأْسَهُ مِنَ الرَّكُوعِ رَفَعَ يَدَيْهِ وَحَدَّثَ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ صَنَعَ هَكَذَا

704 - Абдулла ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) намаз оқып жатып, қолдарын иығының тұсына дейін көтергенін көрдім. Тәкбір айтып, рүкүғ қылып жатқанында да, рүкүғдан басын көтеріп жатқанында да солай қылатын», - деді.

Ескерту: Ханафи мәзхабы бойынша тәкбір тәхрима кезінде қол құлақтың жұмсақ жеріне тигізеді және рүкүғ пен сәжде тәкбірлері айтылғанда қолды көтермейді. Бұған дәлел ретінде мына хадисті ұстанады. Уайл ибн Хужр риуаят еткен хадисте былай делінеді: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) намаз бастаған кезінде екі қолын көтеріп тәкбір тахрима айтқанда қолдарын құлақтарының жұмсақ жеріне тигізгенін көрдім», - деді. (Муслим, Салат-21. Әбу Дауд, Салат-115. Тирмизи, Салат-63).

Әнәс ибн Малик риуаят еткен хадисте былай делінеді: «Пайғамбарымыз намаз оқыған кезінде тәкбір тахримада бас бармақтарын құлақтарына дейін көтергенін көрдім», - деді. (Ибн Мажа, Иқама-15. Насай, Ифтитах-4 хадис)

84-бап. Тәкбір тахрима айтып жатқанда қолын қай жерге дейін көтеру ләзім?

قَالَ أَبُو حُمَيْدٍ فِي أَصْحَابِهِ رَفَعَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ حَذْوَ مَنْكِبَيْهِ

Әбу Хумайд (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сахабалармен бірге намаз оқып жатып қолдарын иық тұсына дейін көтерді», - деді.

705 - حَدَّثَنَا أَبُو الْيَمَانِ قَالَ أَخْبَرَنَا شُعَيْبٌ عَنْ الزُّهْرِيِّ قَالَ أَخْبَرَنَا سَالِمُ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ أَنَّ عَبْدَ اللَّهِ بْنَ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ رَأَيْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ افْتَتَحَ التَّكْبِيرَ فِي الصَّلَاةِ فَرَفَعَ يَدَيْهِ حِينَ يُكَبِّرُ حَتَّى يَجْعَلَهُمَا حَذْوَ مَنْكِبَيْهِ وَإِذَا كَبَّرَ لِلرُّكُوعِ فَعَلَّ مِثْلَهُ وَإِذَا قَالَ سَمِعَ اللَّهُ لِمَنْ حَمَدَهُ فَعَلَّ مِثْلَهُ وَقَالَ رَبَّنَا وَلَكَ الْحَمْدُ وَلَا يَفْعَلُ ذَلِكَ حِينَ يَسْجُدُ وَلَا حِينَ يَرْفَعُ رَأْسَهُ مِنَ السُّجُودِ

705 - Абдулла ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) тәкбір тахрима айтып жатқанында қолдарын иық тұсына дейін көтергенін көрдім. Рүкүғта тәкбір айтып жатқанында да және

«Сәмиғаллаһу лиман хамидаһ», - дегенінде де солай қылды. Және «Раббанә ләкә-л хамду», - деді, бірақ қолдарын көтермеді, сәждеден басын көтеріп жатқанында да бұлай қылмады», - деді.

Ескерту: Ханафи мәзһабы бойынша тәкбір тәхрима кезінде қол құлақтың жұмсақ жеріне тигізеді және рүкғ пен сәжде тәкбірлері айтылғанда қолды көтермейді. Бұған дәлел ретінде мына хадисті ұстанады. Уайл ибн Хужр риуаят еткен хадисте былай делінеді: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) намаз бастаған кезінде екі қолын көтеріп тәкбір тахрима айтқанда қолдарын құлақтарының жұмсақ жеріне тигізгенін көрдім», - деді. (Муслим, Салат-21. Әбу Дауд, Салат-115. Тирмизи, Салат-63).

85-бап. Екінші рәкаттан тұрғанда қолын көтеру

706 - حَدَّثَنَا عِيَّاشٌ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْأَعْلَى قَالَ حَدَّثَنَا عُبَيْدُ اللَّهِ عَنْ نَافِعٍ أَنَّ

ابْنَ عُمَرَ كَانَ إِذَا دَخَلَ فِي الصَّلَاةِ كَبَّرَ وَرَفَعَ يَدَيْهِ وَإِذَا رَكَعَ رَفَعَ يَدَيْهِ وَإِذَا قَالَ سَمِعَ اللَّهُ لِمَنْ حَمِدَهُ رَفَعَ يَدَيْهِ وَإِذَا قَامَ مِنَ الرَّكَعَتَيْنِ رَفَعَ يَدَيْهِ وَرَفَعَ ذَلِكَ ابْنُ عُمَرَ إِلَى نَبِيِّ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ رَوَاهُ حَمَّادُ بْنُ سَلَمَةَ عَنْ أَيُّوبَ عَنْ نَافِعٍ عَنْ ابْنِ عُمَرَ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَرَوَاهُ ابْنُ طَهْمَانَ عَنْ أَيُّوبَ وَمُوسَى بْنُ عُقْبَةَ مُحْتَصِرًا

706 - Нафиғ (р.а.) риуаят етті: «Ибн Омар (р.а.) тәкбір тахрима айтып намазын бастап жатқанында қолдарын иық тұсына дейін көтеретін. Рүкүғта тәкбір айтып жатқанында да «Сәмиғаллаһу лиман хамидаһ», - дегенінде де, екінші рәкаттан тұрғанында да солай қылатын», - деді. (Ибн Омар (р.а.) бұны Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) сілтеме береді)

86-бап. Намазда (қиямда) оң қолды сол қолдың үстіне қою туралы

707 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مَسْلَمَةَ عَنْ مَالِكٍ عَنْ أَبِي حَازِمٍ عَنْ سَهْلِ بْنِ

سَعْدٍ قَالَ كَانَ النَّاسُ يُؤْمَرُونَ أَنْ يَضَعَ الرَّجُلُ الْيَدَ الْيُمْنَى عَلَى ذِرَاعِهِ الْيُسْرَى فِي الصَّلَاةِ قَالَ أَبُو حَازِمٍ لَا أَعْلَمُهُ إِلَّا يَنْمِي ذَلِكَ إِلَى النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ إِسْمَاعِيلُ يُنْمَى ذَلِكَ وَلَمْ يَقُلْ يَنْمِي

707 – Саһл ибн Сағд (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) адамдарға намазда (қиямда) тұрғанда оң қолын сол қолының үстіне қояды бұйырды. Ибн Хазм айтты: «Бұлай қылуды кімнің бұйырғандығын анық айта

алмаспын, бірақ Саһл ибн Сағд бұны Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) сілтеме береді»,- деді.

Имам Бұхарий (р.а.) айтты: «Сілтеме беріледі»,- деді-ау, бірақ кімге сілтеме беруді айтпады.

Ескерту: Ханафи мәзһабында намазда қол байлағанда оң қолды сол қолдың үстіне қойып, кіндіктің астына байланады. Бұған дәлел мына хадис: «Хазреті Әлидің риуаят етуінше оң қол сол қолдың үстіне кіндіктің астына қойылып, байлану сүннеттен»,- деді. (Әбу Дауд, Салат 118, Ахмад ибн Ханбал, I - 110).

87-бап. Намазда (Аллаға) басын иіп тұру

708 - حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ قَالَ حَدَّثَنِي مَالِكٌ عَنْ أَبِي الزِّنَادِ عَنِ الْأَعْرَجِ عَنْ

أَبِي هُرَيْرَةَ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ هَلْ تَرَوْنَ قِبْلَتِي هَا هُنَا وَاللَّهِ مَا يَخْفَى عَلَيَّ رُكُوعُكُمْ وَلَا خُشُوعُكُمْ وَإِنِّي لَأَرَاكُمْ وَرَاءَ ظَهْرِي

708 - Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Мені сендер тек қана қарсы алдымдағыны көреді деп ойлайсыңдар ма? Аллаға ант етіп айтамын, маған сендердің рүкүғтерін де, Аллаға бастарыңды иіп тұрғандарың да құпия емес, мен сендерді арқамды бұрып тұрғанымда да көремін»,- деді.

709 - حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ بَشَّارٍ قَالَ حَدَّثَنَا عُذْرٌ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ قَالَ سَمِعْتُ

قَتَادَةَ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ أَقِيمُوا الرُّكُوعَ وَالسُّجُودَ فَوَاللَّهِ إِنِّي لَأَرَاكُمْ مِنْ بَعْدِي وَرَبِّمَا قَالَ مِنْ بَعْدِ ظَهْرِي إِذَا رَكَعْتُمْ وَسَجَدْتُمْ

709 - Әнас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Рүкүғ пен сәжделеріңді толық етіп орындандар, мен сендердің рүкүғ пен сәжделеріңді арқамды бұрып тұрып та көремін»,- деді.

88-бап. Намаз оқушы тәкбір тахримадан кейін не оқиды?

710 - حَدَّثَنَا حَفْصُ بْنُ عُمَرَ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ قَتَادَةَ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ

أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَأَبَا بَكْرٍ وَعُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا كَانُوا يَقْتَحُونَ الصَّلَاةَ بِالحَمْدِ لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ

710 - Әнас (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.), Әбу Бәкір (р.а.) және Омар (р.а.) намазды «Әлхамду лилләһи рабби-л-ғаламин»,- ді оқумен бастайтын»,- деді.

711 - حَدَّثَنَا مُوسَى بْنُ إِسْمَاعِيلَ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْوَاحِدِ بْنُ زِيَادٍ قَالَ حَدَّثَنَا عَمْرَةُ بْنُ الْقَعْقَاعِ قَالَ حَدَّثَنَا أَبُو زُرْعَةَ قَالَ حَدَّثَنَا أَبُو هُرَيْرَةَ قَالَ كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَسْكُتُ بَيْنَ التَّكْبِيرِ وَبَيْنَ الْقِرَاءَةِ إِسْكَاتَهُ قَالَ أَحْسِبُهُ قَالَ هُنَّيَّةٌ قَالَتْ يَا رَسُولَ اللَّهِ إِسْكَاتُكَ بَيْنَ التَّكْبِيرِ وَالْقِرَاءَةِ مَا تَقُولُ قَالَ أَقُولُ اللَّهُمَّ بَاعِدْ بَيْنِي وَبَيْنَ خَطَايَايَ كَمَا بَاعَدْتَ بَيْنَ الْمَشْرِقِ وَالْمَغْرِبِ اللَّهُمَّ نَفِّئْنِي مِنَ الْخَطَايَا كَمَا يَنْقَى الثُّوبُ الْأَبْيَضُ مِنَ الدَّنَسِ اللَّهُمَّ اغْسِلْ خَطَايَايَ بِالْمَاءِ وَالنَّالِجِ وَالْبَرْدِ

711 - Әбу Хурайра (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) тәкбір тахрима мен намаз қирааты арасында тыныш (үндемей) қалатын»,- деді.

Сонда Әбу Хурайра (р.а.) «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) біраз үндемей қалатын еді»,- деп айтқан секілді еді.

Әбу Зар (р.а.) айтты: «Мен бір күні Пайғамбарымызға (с.ғ.с.): «О, Расулалла, ата-анам хақы құрметі, тәкбір тахрима мен намаз қирааты арасында үндемей қалғаныңызда ішіңізден не оқисыз?»,- деп сұрадым деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Иләһи, менімен қателерімнің арасын Мағрип пен Машриқ арасындай алыс ете гөр, әппақ матаға тиген дақты су, қар және мұзбен жуып кетіргендей, мені күналарымнан пәк еткің деймін»,- деп жауап берді»,- деді.

712 - حَدَّثَنَا ابْنُ أَبِي مَرْيَمَ قَالَ أَخْبَرَنَا نَافِعُ بْنُ عَمْرٍو قَالَ حَدَّثَنِي ابْنُ أَبِي مُلَيْكَةَ عَنْ أَسْمَاءَ بِنْتِ أَبِي بَكْرٍ الصِّدِّيقِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ صَلَّى صَلَاةَ الْكُسُوفِ فَقَامَ فَأَطَالَ الْقِيَامَ ثُمَّ رَكَعَ فَأَطَالَ الرَّكُوعَ ثُمَّ قَامَ فَأَطَالَ الْقِيَامَ ثُمَّ رَكَعَ فَأَطَالَ الرَّكُوعَ ثُمَّ رَفَعَ ثُمَّ سَجَدَ فَأَطَالَ السُّجُودَ ثُمَّ رَفَعَ ثُمَّ سَجَدَ فَأَطَالَ السُّجُودَ ثُمَّ قَامَ فَأَطَالَ الْقِيَامَ ثُمَّ رَكَعَ فَأَطَالَ الرَّكُوعَ ثُمَّ رَفَعَ فَأَطَالَ الْقِيَامَ ثُمَّ رَكَعَ فَأَطَالَ الرَّكُوعَ ثُمَّ رَفَعَ فَأَطَالَ السُّجُودَ ثُمَّ رَفَعَ فَأَطَالَ السُّجُودَ ثُمَّ رَفَعَ فَأَطَالَ السُّجُودَ ثُمَّ رَفَعَ فَأَطَالَ السُّجُودَ ثُمَّ رَفَعَ فَأَطَالَ السُّجُودَ ثُمَّ انصَرَفَ فَقَالَ قَدْ دَنَتْ مِنِّي الْجَنَّةُ حَتَّى لَوْ اجْتَرَأْتُ عَلَيْهَا لَجِئْتُكُمْ بِقِطَافٍ مِنْ قِطَافِهَا وَدَنَتْ مِنِّي النَّارُ حَتَّى قُلْتُ أَيُّ رَبِّ وَأَنَا مَعَهُمْ فَإِذَا امْرَأَةٌ

حَسِبْتُ أَنَّهُ قَالَ تَخَذِثُهَا هِرَّةٌ فَلْتُ مَا شَأْنُ هَذِهِ قَالُوا حَبَسْتَهَا حَتَّى مَاتَتْ جُوعًا لِمَا
أَطْعَمْتَهَا وَلَا أُرْسَلَتْهَا تَأْكُلُ قَالَ نَافِعٌ حَسِبْتُ أَنَّهُ قَالَ مِنْ خَشْيِشٍ أَوْ خَشَاشِ
الْأَرْضِ

712 - Асма бинти Әбу Бәкір (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) күн тұтылғанда оқылатын намазды (Солат-л-кусуф)» оқыды. Қиямда ұзақ тұрып қалды. Кейін рүкүф қылды, рүкүфта да ұзақ тұрып қалды. Кейін және рүкүф қылды, бұл жолы да ұзақ тұрып қалды. Содан соң бойын тіктеп, одан да ұзағырақ тұрып қалды. Содан соң ұзақ рүкүф қылды. Кейін сәжде қылды, сәждеде ұзағырақ тұрып қалды. Сәждеден басын көтеріп және сәжде қылды. Бұл жолы да ұзағырақ тұрып қалды. Содан соң қиямға тұрып, ұзақ үндемей қалды. Кейін ұзақ рүкүфта тұрды, содан соң тұрып қиямда ұзақ тұрды, кейін және рүкүф қылды, рүкүфта ұзақ тұрды. Содан соң рүкүфтан тұрып, қиямда ұзақ тұрды, кейін және рүкүф қылды, рүкүфта ұзақ тұрды, сосын рүкүфтан тұрып және сәжде қылды, сәждеде ұзақ тұрды, кейін сәждеден басын көтеріп және сәжде қылды, сәждені ұзақ етті. Содан соң намазды бітіріп бұрылды да, былай айтты: «Осы қазір ғана маған жәннат өте жақын келді, тіптен, батылдық қылып, оған қолымды созсам, жемістерінен сендерге алып берген болар едім. Тозақта солай маған жақын келгені сондай, тіптен: «Я Раббым,, мен солармен біргемін бе? (Солармен бірге мені де азаптағайсың ба?)», - деп жібердім. Тіптен мысық тырнап, азаптап жатқан әйелге көзім түсті: «Бұның не күнәсі бар?», - дедім. «Мысықты қамап қойып, оған тамақ бермеген, өзі тамақ тауып жесін деп те қоя бермеген, нәтижесінде мысықты аштан өлтірген», - деді.

Нафиғ айтты: «Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Өзі тамақ тауып жесін деп те қоя бермеген», - деген секілді», - деді.

89-бап. Намаз оқып жатып имамға қарамақ

بَاب رَفَعِ الْبَصَرِ إِلَى الْإِمَامِ فِي الصَّلَاةِ وَقَالَتْ عَائِشَةُ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ
عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي صَلَاةِ الْكُسُوفِ فَرَأَيْتُ جَهَنَّمَ يَحْطِمُ بَعْضُهَا بَعْضًا حِينَ رَأَيْتُمُونِي
تَأَخَّرْتُ

Айша анамыз (с.ғ.с.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) күн тұтылғанда оқылатын намаз туралы айтып жатып: «Мен тозақтың паршаланып, айқыш-ұйқыш болып кеткенін көріп, қорыққанымнан артқа жылжыдым», - деді.

713 - حَدَّثَنَا مُوسَى قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْوَاحِدِ قَالَ حَدَّثَنَا الْأَعْمَشُ عَنْ عُمَارَةَ

بْنِ عُمَيْرٍ عَنْ أَبِي مَعْمَرٍ قَالَ قُلْنَا لِحَبَابٍ أَكَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَهْرَأُ فِي الظُّهْرِ وَالْعَصْرِ قَالَ نَعَمْ قُلْنَا بِمَ كُنْتُمْ تَعْرِفُونَ ذَلِكَ قَالَ بِاضْطِرَابٍ لِحَيْتِهِ

713 - Әбу Мағмар (р.а.) риуаят етті: «Біз Хаббабтан «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бесінде және Асрада зәм (қосымша) сүре оқитын ба еді?»,- деп сұрадық. Ол: «Иә, оқитын»,- деді. Мен: «Оны қалай білетін едің?»,- дедім. Ол: «Сақалының қимылдағанынан»,- деді. (Демек, ол кісі кезінде имамға караған).

714 - حَدَّثَنَا حَجَّاجُ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ قَالَ أَنْبَأَنَا أَبُو إِسْحَاقَ قَالَ سَمِعْتُ عَبْدَ اللَّهِ

بْنَ يَزِيدَ يَخْطُبُ قَالَ حَدَّثَنَا الْبَرَاءُ وَكَانَ غَيْرَ كَذُوبٍ أَتَّهُمْ كَانُوا إِذَا صَلَّوْا مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَرَفَعَ رَأْسَهُ مِنَ الرُّكُوعِ قَامُوا قِيَامًا حَتَّى يَرَوْنَهُ قَدْ سَجَدَ

714 – Барра (р.а.) риуаят етті: «Сахабалар Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) ұйып намаз оқып жатқандарында Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сәждеге барғанын көрмегенше сәжде қылмайтын еді»,- деді.

715 - حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ قَالَ حَدَّثَنِي مَالِكٌ عَنْ زَيْدِ بْنِ أَسْلَمَ عَنْ عَطَاءِ بْنِ

يَسَارٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ خَسَفَتِ الشَّمْسُ عَلَى عَهْدِ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَصَلَّى قَالُوا يَا رَسُولَ اللَّهِ رَأَيْنَاكَ تَنَاوَلْتَ شَيْئًا فِي مَقَامِكَ ثُمَّ رَأَيْنَاكَ تَكَعَّكَعْتَ قَالَ إِنِّي أُرِيتُ الْجَنَّةَ فَنَنَاوَلْتُ مِنْهَا عُقُودًا وَلَوْ أَخَذْتُهُ لَأَكَلْتُمْ مِنْهُ مَا بَقِيَتْ الدُّنْيَا

715 – Абдулла ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: « Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) заманында күн тұтылды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) күн тұтылғанда оқылатын намазды оқыды. Намаздан кейін: «О, Расулалла, қиямда тұрғаңыңызда бір нәрсені ұстамақшы болып қол созғаныңызды және артқа жылжығаныңызды көрдік»,- десті. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Мен жәннатты көріп, оның жемісінен алмақшы болдым. Егерде оны алғанымда, оны қияметке шейін тамақтанып жүрген болар едіңдер»,- деді.

716 - حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ سِنَانَ قَالَ حَدَّثَنَا فُلَيْحٌ قَالَ حَدَّثَنَا هِلَالُ بْنُ عَلِيٍّ عَنْ

أَنْسِ بْنِ مَالِكٍ قَالَ صَلَّى لَنَا النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ ثُمَّ رَقِيَ الْمِنْبَرَ فَأَشَارَ

بِيَدَيْهِ قَبْلَ قِبْلَةِ الْمَسْجِدِ ثُمَّ قَالَ لَقَدْ رَأَيْتُ الْآنَ مُنْذُ صَلَّيْتُ لَكُمْ الصَّلَاةَ الْجَنَّةَ وَالنَّارَ مُمْتَلِئِينَ فِي قِبْلَةِ هَذَا الْجِدَارِ فَلَمْ أَرَ كَالْيَوْمِ فِي الْخَيْرِ وَالشَّرِّ ثَلَاثًا

716 - Әнас ибн Мәлік (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бізбен бірге намаз оқып, содан соң мінберге шықты. Қолдары мен мешіттің қыбла жағына ишара белгі қылып: «Қазір ғана, сіздермен намаз оқып жатқанымда ана дуал жақта жәннат пен тозақты көрдім, тура суреті түсірілгендей өте анық көрдім, жақсылық пен жаманшылықтың айырмасын бүгінгідей анық көрген емеспін», - деп үш рет айтты», - деді.

90-бап. Намаз оқып жатып аспанға қарамақ туралы

717 - حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ أَخْبَرَنَا يَحْيَى بْنُ سَعِيدٍ قَالَ حَدَّثَنَا ابْنُ أَبِي عَرُوبَةَ قَالَ حَدَّثَنَا قَتَادَةُ أَنَّ أَنَسَ بْنَ مَالِكٍ حَدَّثَهُمْ قَالَ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَا بَالُ أَقْوَامٍ يَرْفَعُونَ أَبْصَارَهُمْ إِلَى السَّمَاءِ فِي صَلَاتِهِمْ فَاشْتَدَّ قَوْلُهُ فِي ذَلِكَ حَتَّى قَالَ لِيِنَّهُنَّ عَنْ ذَلِكَ أَوْ لِنُحْطَفْنَ أَبْصَارُهُمْ

717 - Әнас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Адамдарға не болған өзі? Намаз оқып жатып ылғи да аспанға қарайды?», - деді. Кейін, бұл туралы: «Адамдар намаз оқып жатып, аспанға қарауды тоқтатпаса, олардың көздері соқыр қылынады», - деп қаттырақ айтты», - деді.

91-бап. Намаз оқып жатып о жақ бұ жаққа қарап аландаудың мәкрүхтігі туралы

718 - حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا أَبُو الْأَحْوَصِ قَالَ حَدَّثَنَا أَشْعَثُ بْنُ سُلَيْمٍ عَنْ أَبِيهِ عَنْ مَسْرُوقٍ عَنْ عَائِشَةَ قَالَتْ سَأَلْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَنْ الْإِتِّفَاتِ فِي الصَّلَاةِ فَقَالَ هُوَ اخْتِلَاسٌ يَخْتَلِسُهُ الشَّيْطَانُ مِنْ صَلَاةِ الْعَبْدِ

718 – Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Намаз оқып жатып о жақ, бұ жаққа қарап аландау турасында Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) сұрадым. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Ол – шайтанның адамның намазынан бір бөлігін ұрлап алуы!», - деп жауап берді»

719 - حَدَّثَنَا قُتَيْبَةُ قَالَ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ عَنْ الزُّهْرِيِّ عَنْ عُرْوَةَ عَنْ عَائِشَةَ أَنَّ

النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ صَلَّى فِي خَمِيصَةٍ لَهَا أَعْلَامٌ فَقَالَ شَغَلْتَنِي أَعْلَامُ هَذِهِ
أَذْهَبُوا بِهَا إِلَى أَبِي جَهْمٍ وَأَتُونِي بِأَنْبِجَانِيَّةٍ

719 - Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бірде гүлді көйлек киіп намаз оқыды. Содаң соң: «Бұл киімнің гүлдері менің ойымды бұзды (алаңдатты). Бұны Әбу Жаһмге апарып бер, орнына (көйлек) алып кел!»,- деді.

92-бап. Намаз оқушы намаз уақытында пайда болған бірер іске мән береді ме әлде тура қыбла жақтағы бірер нәрсеге қарайды ма?

قَالَ سَهْلُ التَّمْتِ أَبُو بَكْرٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ فَرَأَى النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

Саһл (р.а.) айтты: «Әбу Бәкір (р.а.) бұрылып қараған еді, жанында Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) көрді»,- деді.

720 - حَدَّثَنَا قُتَيْبَةُ بْنُ سَعِيدٍ قَالَ حَدَّثَنَا لَيْثٌ عَنْ نَافِعٍ عَنْ ابْنِ عُمَرَ أَنَّهُ قَالَ

رَأَى النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ نُخَامَةً فِي قِبْلَةِ الْمَسْجِدِ وَهُوَ يُصَلِّي بَيْنَ يَدَيْ
النَّاسِ فَحَتَّهَا ثُمَّ قَالَ حِينَ انْصَرَفَ إِنَّ أَحَدَكُمْ إِذَا كَانَ فِي الصَّلَاةِ فَإِنَّ اللَّهَ قَبَلَ
وَجْهَهُ فَلَا يَنْتَخِمَنَّ أَحَدٌ قَبَلَ وَجْهِهِ فِي الصَّلَاةِ رَوَاهُ مُوسَى بْنُ عُقْبَةَ وَابْنُ أَبِي رَوَادٍ
عَنْ نَافِعٍ

720 – Ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жамағат алдында намаз оқып жатып, мешіттің қыбла жағындағы қабырғасындағы түкірікке көзі түсті. Дереву оны қырып тастады. Намаз біткеннен соң: «Қайсы бірің намаз оқып жатқан болсаңдар, Алла тағала алды жақтарыңда болады. Сондықтан ешбірін, алды жақтарына түкірмендер!»,- деп айтты»

721 - حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ بُكَيْرٍ قَالَ حَدَّثَنَا لَيْثٌ بْنُ سَعْدٍ عَنْ عُقَيْلٍ عَنْ ابْنِ

شِهَابٍ قَالَ أَخْبَرَنِي أَنَسُ بْنُ مَالِكٍ قَالَ بَيْنَمَا الْمُسْلِمُونَ فِي صَلَاةِ الْفَجْرِ لَمْ يَفْجَأْهُمْ
إِلَّا رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَشَفَ سِثْرَ حُجْرَةِ عَائِشَةَ فَنَظَرَ إِلَيْهِمْ وَهُمْ
صُوفٌ فَتَبَسَّمَ يَضْحَكُ وَتَكَصَّ أَبُو بَكْرٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَلَى عَقْبِيهِ لِيَصِلَ لَهُ

الصَّفَّ فَظَنَّ أَنَّهُ يُرِيدُ الْخُرُوجَ وَهُمْ الْمُسْلِمُونَ أَنْ يَقْتَتِبُوا فِي صَلَاتِهِمْ فَأَشَارَ إِلَيْهِمْ
أَتَمُّوا صَلَاتَكُمْ فَأَرْخَى السُّتْرَ وَتَوَقَّى مِنْ آخِرِ ذَلِكَ الْيَوْمِ

721 - Энас ибн Мәлік (р.а.) риуаят етті: «Сахабалар таң намазын оқып жатқанда Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) Айша анамыздың (р.а.) бөлмесінің пердесін ашып, оларға жымыып қарап қойғанына Сахабалар таң қалысты.

Әбу Бәкір (р.а.) Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) намазға шықпақшы деп ойлап, орын босатпақшы болды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сахабалардың намазды тоқтатпақшы болып жатқандарын байқап: «Намазды жалғастыра беріндер!», - деп ишара қылды да, пердені жауып қойды. Сол күннің кешінде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қайтыс болды.

93-бап. Имам және оған ұюшылардың барша намаздарда-сапарда немесе сапарда болмаған кездерде оқылатын намаздарда да, дауыс шығарып және іштен құпия оқитын намаздарда да қираат қылудың уәжіптігі туралы

722 - حَدَّثَنَا مُوسَى قَالَ حَدَّثَنَا أَبُو عَوَانَةَ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْمَلِكِ بْنُ عُمَيْرٍ
عَنْ جَابِرِ بْنِ سَمُرَةَ قَالَ شَكَأ أَهْلُ الْكُوفَةِ سَعْدًا إِلَى عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ فَعَزَلَهُ
وَاسْتَعْمَلَ عَلَيْهِمْ عَمَّارًا فَشَكَوْا حَتَّى ذَكَرُوا أَنَّهُ لَا يُحْسِنُ يُصَلِّي فَأُرْسِلَ إِلَيْهِ فَقَالَ
يَا أَبَا إِسْحَاقَ إِنَّ هَؤُلَاءِ يَزْعُمُونَ أَنَّكَ لَا تُحْسِنُ تُصَلِّي قَالَ أَبُو إِسْحَاقَ أَمَا أَنَا وَاللَّهِ
فَإِنِّي كُنْتُ أَصَلِّي بِهِمْ صَلَاةَ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَا أُخْرِمُ عَنْهَا
أَصَلِّي صَلَاةَ الْعِشَاءِ فَأَرُكُدُ فِي الْأُولِيِّينَ وَأُخْفُ فِي الْآخِرِيِّينَ قَالَ ذَلِكَ الظَّنُّ بِكَ يَا
أَبَا إِسْحَاقَ فَأُرْسِلَ مَعَهُ رَجُلًا أَوْ رَجَالًا إِلَى الْكُوفَةِ فَسَأَلَ عَنْهُ أَهْلَ الْكُوفَةِ وَلَمْ يَدْعُ
مَسْجِدًا إِلَّا سَأَلَ عَنْهُ وَيُثْنُونَ مَعْرُوفًا حَتَّى دَخَلَ مَسْجِدًا لِبَنِي عَبْسٍ فَقَامَ رَجُلٌ مِنْهُمْ
يُقَالُ لَهُ أُسَامَةُ بْنُ قَتَادَةَ يُكْنَى أَبَا سَعْدَةَ قَالَ أَمَا إِذْ نَشَدْتَنَا فَإِنَّ سَعْدًا كَانَ لَا يَسِيرُ
بِالسَّرِيَّةِ وَلَا يَقْسِمُ بِالسَّوِيَّةِ وَلَا يَعْدِلُ فِي الْقَضِيَّةِ قَالَ سَعْدُ أَمَا وَاللَّهِ لَأَدْعُونَ بِثَلَاثِ
اللَّهِمْ إِنْ كَانَ عَبْدُكَ هَذَا كَاذِبًا قَامَ رِيَاءٌ وَسَمْعَةٌ فَأَطِلْ عُمْرَهُ وَأَطِلْ فَقْرَهُ وَعَرِّضْهُ
بِالْفِتَنِ وَكَانَ بَعْدُ إِذَا سُئِلَ يَقُولُ شَيْخٌ كَبِيرٌ مَقْنُونٌ أَصَابْتَنِي دَعْوَةُ سَعْدٍ قَالَ عَبْدُ
الْمَلِكِ فَأَنَا رَأَيْتُهُ بَعْدُ قَدْ سَقَطَ حَاجِبَاهُ عَلَى عَيْنَيْهِ مِنَ الْكِبَرِ وَإِنَّهُ لَيَتَعَرَّضُ
لِلْجَوَارِي فِي الطَّرْقِ يَعْمِرُهُنَّ

722 - Жәбир ибн Сумра (р.а.) риуаят етті: «Куфа халқы Сағдтың үстінен халифа Омарға арыз қылғанда, оның орнына Ғаммарды тағайындаған екен. Сонда Куфа халқы Сағдтың әрбір ісінен кір іздеп, арыз қылысқан еді. Тіптен: «Сағд намазды дұрыс оқымайды», - деп те айтқан болатын» Хазреті Омар (р.а.) Сағдқа адам жіберді. Келген соң оған: «Ей, Әбу Исхақ, Куфа халқы сені намазды дұрыс оқымайды деп айтуда», - деді. Әбу Исхақ айтты: «Олар не десе дей берсін, бірақ мен Аллаға ант етіп айтамын, оларға имамдық қылғанымда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қалай намаз оқыған болса, солай намаз оқып жатырмын. Бірер нәрсені түсіріп, қалдырып жатқаным жоқ, дауыс шығарып оқитын жерді дауыс шығарып, іштен оқитын жерді ішімнен оқып жатырмын, құфтан намазының алғашқы екі рәкатында ұзағырақ тұрамын, кейінгі екі рәкатында болса, азырақ тұрамын», - деді.

Хазреті Омар (р.а.) айтты: «Бұл сенің пікірің ғана», - деп онымен бірге бір кісіні (әлде бірнеше кісіні) Куфаға жіберді. Сағдпен бірге барған кісі Куфаның әрбір мешітіне кіріп, жамағаттардан Сағд туралы сұрады. Олардың барлығы Сағдты мақтады. Бірақ Бәний Абс мешітіне кіргендерінде бір кісі (аты-жөні Усама ибн Қатада, лақап аты - Әбу Сағдта) орнынан тұрып: «Алланы ортаға қойып, бізден сұрайды екенсің, онда тұп-тура дұрысын айту керек. Сағд кіші жорық пен ұрысқа бармайды, олжаларды тең бөлмейді, әділетті үкім шығармайды», - деп айтты.

Бұған жауап берген Сағд: «Аллаға ант етіп айтамын, саған үш мәрте теріс дұға қыламын. Иләһи, егер осы адамың жалған сөйлеп жатқан болса, бедел үшін рия жолға түскен болса, оның жасын ұзақ етіп, мұқтаждығын (кедейлігін) көп қылғайсың, басы бүлікшіліктен шықпасын!», - деп айтты.

Кейіннен ибн Қатаданы көріп, одан хал-жағдай сұрадым. Сонда ол: «Мен пәлеге кіріптар болған бір кәрі шалмын. Маған Сағдтың теріс батасы тиді», - деп айтты.

Абдулла (р.а.) маған: «Кейінірек мен де оны көрдім. Кәріліктен қастары ісіп кеткен, тіпті көздерінде жауып тұр, өзі болса жолда кездескен қыз-келіншектерге көзін қысады», - деді.

723 - حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ قَالَ حَدَّثَنَا الزُّهْرِيُّ عَنْ

مَحْمُودِ بْنِ الرَّبِيعِ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ الصَّامِتِ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

قَالَ لَا صَلَاةَ لِمَنْ لَمْ يَفْرَأْ بِفَاتِحَةِ الْكِتَابِ

723 – Ғұбада ибн Самит (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Әлхамдыны (әл-Фатиха сүресі) оқымаған адамның намазы (толық) болмайды!», - деп айтты».

724 - حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ بَشَّارٍ قَالَ حَدَّثَنَا يَحْيَى عَنْ عُبَيْدِ اللَّهِ قَالَ حَدَّثَنِي

سَعِيدُ بْنُ أَبِي سَعِيدٍ عَنْ أَبِيهِ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

دَخَلَ الْمَسْجِدَ فَدَخَلَ رَجُلٌ فَصَلَّى فَسَلَّمَ عَلَى النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَرَدَّ وَقَالَ
 ارْجِعْ فَصَلِّ فَإِنَّكَ لَمْ تُصَلِّ فَرَجَعَ يُصَلِّي كَمَا صَلَّى ثُمَّ جَاءَ فَسَلَّمَ عَلَى النَّبِيِّ صَلَّى
 اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ ارْجِعْ فَصَلِّ فَإِنَّكَ لَمْ تُصَلِّ ثَلَاثًا فَقَالَ وَالَّذِي بَعَثَكَ بِالْحَقِّ مَا
 أَحْسِنُ غَيْرَهُ فَعَلَّمَنِي فَقَالَ إِذَا قُمْتَ إِلَى الصَّلَاةِ فَكَبِّرْ ثُمَّ اقْرَأْ مَا تَيَسَّرَ مَعَكَ مِنَ
 الْقُرْآنِ ثُمَّ ارْكَعْ حَتَّى تَطْمَئِنَّ رَاكِعًا ثُمَّ ارْفَعْ حَتَّى تَعْدَلَ قَائِمًا ثُمَّ اسْجُدْ حَتَّى
 تَطْمَئِنَّ سَاجِدًا ثُمَّ ارْفَعْ حَتَّى تَطْمَئِنَّ جَالِسًا وَافْعَلْ ذَلِكَ فِي صَلَاتِكَ كُلِّهَا

724 - Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбармыз (с.ғ.с.) мешітке кірді. Артынан бір кісі де мешітке кіріп, намаз оқыды. Намаздан соң Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) сәлем берді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сәлемін алып: «Қайтадан намаз оқы, өйткені сен намаз оқымадың!», - деді. Ол кісі қайтадан барып, алғашқыдай намаз оқыды. Содан соң Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) сәлем берді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Қайтадан намаз оқы, өйткені сен намаз оқымадың!», - деді. Үш рет солай қылды. Ол кісі ақыры: «Сізді хақ Пайғамбар етіп жіберген Аллаға ант етіп айтамын, бұдан артық оқи алмаймын. Маған үйретіңіз», - деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Әуелі тәкбір тахрима айт, содан соң Құраннан білгенінді оқы, кейін асықпай рүкүф қыл. Рүкүфта біраз дем ал, кейін бойынды жақсылап тіктеп тұр, содан соң сәжде ет, біраз демал, сосын сәждеден тұрып отыр және біраз демал. Намазыңның қалғаның да солай қылып оқы!», - деп айтты».

94-бап. Бесін намазында қираат қылу туралы

725 - حَدَّثَنَا أَبُو الثُّعْمَانِ حَدَّثَنَا أَبُو عَوَانَةَ عَنْ عَبْدِ الْمَلِكِ بْنِ عُمَيْرٍ عَنْ
 جَابِرِ بْنِ سَمُرَةَ قَالَ قَالَ سَعْدٌ كُنْتُ أُصَلِّي بِهِمْ صَلَاةَ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ
 وَسَلَّمَ صَلَاتِي الْعَشِيِّ لَا أَخْرُمُ عَنْهَا أَرْكُذُ فِي الْأُولِيِّينَ وَأُحْنِفُ فِي الْأُخْرِيِّينَ فَقَالَ
 عُمَرُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ ذَلِكَ الظَّنُّ بِكَ

725 – Жәбир ибн Самура (р.а.) риуаят етті: «Сағд (р.а.) хазреті Омарға (р.а.): «Оларға имамдық қылғанымда бесін мен асп намазын Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оқығандай қылып оқып жатқан едім. Ешнәрсені ұмытқаным жоқ еді. Алғашқы екі рәкатты созыңқырап, кейінгі екі рәкатында болса, қысқарақ қылып оқитын едім», - деді. Сонда Хазреті Омар (р.а.): «Бұл сенің пікірің ғана», - деген еді.

726 - حَدَّثَنَا أَبُو نُعَيْمٍ قَالَ حَدَّثَنَا شَيْبَانُ عَنْ يَحْيَى عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ أَبِي قَتَادَةَ عَنْ أَبِيهِ قَالَ كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يقرأ في الرَّكْعَتَيْنِ الْأُولَيَيْنِ مِنْ صَلَاةِ الظُّهْرِ بِفَاتِحَةِ الْكِتَابِ وَسُورَتَيْنِ يُطَوِّلُ فِي الْأُولَى وَيُقْصِرُ فِي الثَّانِيَةِ وَيُسْمِعُ الْآيَةَ أَحْيَانًا وَكَانَ يقرأ فِي الْعَصْرِ بِفَاتِحَةِ الْكِتَابِ وَسُورَتَيْنِ وَكَانَ يُطَوِّلُ فِي الْأُولَى وَكَانَ يُطَوِّلُ فِي الرَّكْعَةِ الْأُولَى مِنْ صَلَاةِ الصُّبْحِ وَيُقْصِرُ فِي الثَّانِيَةِ

726 – Абдулла ибн Қатаданың (р.а.) атасы риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бесін намазының алғашқы екі рәкатында «әл-Фатиха» сүресіне қоса және бір сүре оқитын еді. Бірінші рәкатын ұзынырақ, ал екінші рәкатын болса қысқарақ оқитын. Ал кейде кейбір аятты естіртіп оқитын. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) аср намазында да, таң намазында да, «әл-Фатиха» сүресіне және бір сүре қосып оқитын, бірінші рәкатты ұзағырақ, екінші рәкатты болса қысқарақ оқитын», - деді.

727 - حَدَّثَنَا عُمَرُ بْنُ حَفْصٍ قَالَ حَدَّثَنَا أَبِي قَالَ حَدَّثَنَا الْأَعْمَشُ حَدَّثَنِي عُمَارَةُ عَنْ أَبِي مَعْمَرٍ قَالَ سَأَلْنَا خَبَابًا أَكَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يقرأ فِي الظُّهْرِ وَالْعَصْرِ قَالَ نَعَمْ فَلَمَّا بَأَى شَيْءٍ كُنْتُمْ تَعْرِفُونَ قَالَ بِاضْطِرَابٍ لِحَيْتِهِ

727 - Әбу Мағмар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бесін мен аср намаздарында қираат қылатын ба еді?»,- деп Хаббаннан сұрадық. Ол: «Иә»,- деді. Біз: «Оны қайдан білдіңіз?»,- дегенімізде. Ол: «Сақалының қимылдағанынан»,- деп жауап берді.

95-бап. Аср намазында қираат қылу туралы

728 - حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ يُوسُفَ قَالَ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ عَنْ الْأَعْمَشِ عَنْ عُمَارَةَ بْنِ عُمَيْرٍ عَنْ أَبِي مَعْمَرٍ قَالَ قُلْتُ لِخَبَابِ بْنِ الْأَرْتِ أَكَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يقرأ فِي الظُّهْرِ وَالْعَصْرِ قَالَ نَعَمْ قَالَ قُلْتُ بَأَى شَيْءٍ كُنْتُمْ تَعْلَمُونَ قِرَاءَتَهُ قَالَ بِاضْطِرَابٍ لِحَيْتِهِ

728 - Әбу Мағмар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) аср мен бесін намаздарында қираат қылатын ба еді?»,- деп Хаббаннан сұрадық. Ол: «Иә»,- деді. Біз: «Оны қайдан білдіңіз?»,- дегенімізде. Ол: «Сақалының қимылдағанынан»,- деп жауап берді», - деді.

729 - حَدَّثَنَا الْمَكِّيُّ بْنُ إِبْرَاهِيمَ عَنْ هِشَامٍ عَنْ يَحْيَى بْنِ أَبِي كَثِيرٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ أَبِي قَتَادَةَ عَنْ أَبِيهِ قَالَ كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يقرأ فِي الرَّكْعَتَيْنِ مِنَ الظُّهْرِ وَالْعَصْرِ بِفَاتِحَةِ الْكِتَابِ وَسُورَةَ سُورَةٍ وَيُسْمِعُنَا الْآيَةَ أَحْيَانًا

729 – Абдулла ибн Қатаданың (р.а.) атасы Әбу Қатада риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бесін мен аср намазының алғашқы екі рәкатында «әл-Фатиха» сүресіне қоса және бір сүре оқитын еді. Ал кейде кейбір аятты естіртіп оқитын», - деді.

96-бап. Шам намазында қираат қылу туралы

730 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُثْبَةَ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّهُ قَالَ إِنَّ أُمَّ الْفَضْلِ سَمِعَتْهُ وَهُوَ يقرأ وَالْمُرْسَلَاتِ عُرْفًا فَقَالَتْ يَا بُنَيَّ وَاللَّهِ لَقَدْ ذَكَّرْتَنِي بِقِرَاءَتِكَ هَذِهِ السُّورَةَ إِنَّهَا لِأَخْرُ مَا سَمِعْتُ مِنْ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يقرأ بِهَا فِي الْمَغْرِبِ

730 - Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Анам Үммул Фазл менің «Уәл мүрсалату ғұрфан» сүресін оқып жатқанымды естіп: «Ей, балам, Аллаға ант етіп айтамын, осы сүрені оқуыңмен бір нәрсені есіме түсірдің. Бұл сүре менің Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) естіген ақырғы сүрем, оны шам намазында оқыған еді», - деді.

731 - حَدَّثَنَا أَبُو عَاصِمٍ عَنْ ابْنِ جُرَيْجٍ عَنْ ابْنِ أَبِي مُلَيْكَةَ عَنْ عُرْوَةَ بْنِ الزُّبَيْرِ عَنْ مَرْوَانَ بْنِ الْحَكَمِ قَالَ قَالَ لِي زَيْدُ بْنُ ثَابِتٍ مَا لَكَ تَقْرَأُ فِي الْمَغْرِبِ بِقِصَارٍ وَقَدْ سَمِعْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يقرأ بِطُولِي الطُّوَلِيِّينَ

731 – Маруан ибн Хакам (р.а.) риуаят етті: «Зәйд ибн Сәбит маған: «Саған не болды, Шам намазында қысқа сүрелерді оқып жатырсың? Мен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) ең ұзын сүрелерді оқығанын естігенмін», - деді.

97-бап. Шам намазында дауысты шығарып оқу туралы

732 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ مُحَمَّدِ بْنِ جُبَيْرِ بْنِ مُطْعِمٍ عَنْ أَبِيهِ قَالَ سَمِعْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَرَأَ فِي الْمَغْرِبِ بِالطُّورِ

732 – Мұхаммед ибн Жұбайраның атасы: «Мен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) шам намазында «әт-Тұр» сүресін оқып жатқанын естігенмін», - деді.

98-бап. Құфтан намазында дауысты шығарып оқу туралы

733 - حَدَّثَنَا أَبُو الثُّعْمَانِ قَالَ حَدَّثَنَا مُعْتَمِرٌ عَنْ أَبِيهِ عَنْ بَكْرِ عَنْ أَبِي رَافِعٍ قَالَ صَلَّيْتُ مَعَ أَبِي هُرَيْرَةَ الْعَتَمَةَ فَقَرَأَ إِذَا السَّمَاءُ انشَقَّتْ فَسَجَدَ فَقُلْتُ لَهُ قَالَ سَجَدْتُ خَلْفَ أَبِي الْقَاسِمِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَلَا أُرَالُ أَسْجُدُ بِهَا حَتَّى أَلْقَاهُ

733 - Әбу Рафиғ (р.а.) риуаят етті: «Мен Әбу Хурайрамен құфтан намазын оқыдым. Сонда Әбу Хурайра құфтан намазында «Иза-с-самоу иншаққат» сүресін қираат қылып сәжде қылды. Мен бұнысының себебін сұрадым. Сонда Әбу Хурайра: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) құфтанда имамдық қылғанында осы сүрені оқып сәжде қылған, мен де ұйып сәжде еткенмін, енді ол кісімен қияметте кездескенімше, осы сүрені оқып, сәжде қыла беремін», - деп айтты»

734 - حَدَّثَنَا أَبُو الْوَلِيدِ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ عَدِيِّ قَالَ سَمِعْتُ الْبِرَاءَ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ فِي سَفَرٍ فَقَرَأَ فِي الْعِشَاءِ فِي إِحْدَى الرَّكَعَتَيْنِ بِالنِّينِ وَالزَّيْتُونِ

734 – Адий (р.а.) риуаят етті: «Мен Барраның «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сапарда жүргенінде құфтан намазының екі рәкатының бірінде «Уәт-тин уәз-зәйтун» сүресін оқыды», - дегенін естігенмін», - деді.

99-бап. Құфтан намазында (сүре) қираат қылып, сәжде қылу туралы

735 - حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا يَزِيدُ بْنُ زُرَيْعٍ قَالَ حَدَّثَنِي النَّيْمِيُّ عَنْ بَكْرِ عَنْ أَبِي رَافِعٍ قَالَ صَلَّيْتُ مَعَ أَبِي هُرَيْرَةَ الْعَتَمَةَ فَقَرَأَ إِذَا السَّمَاءُ انشَقَّتْ فَسَجَدَ فَقُلْتُ مَا هَذِهِ قَالَ سَجَدْتُ بِهَا خَلْفَ أَبِي الْقَاسِمِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَلَا أُرَالُ أَسْجُدُ بِهَا حَتَّى أَلْقَاهُ

735 - Әбу Рафиғ (р.а.) риуаят етті: «Мен Әбу Хурайрамен кұфтан намазын оқыдым. Сонда Әбу Хурайра (р.а.) кұфтан намазында «Иза-с-самоу иншаққат» сүресін қираат қылып сәжде қылды. Мен бұнысының себебін сұрадым. Сонда Әбу Хурайра (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) кұфтанда имамдық қылғанында осы сүрені оқып сәжде қылған, мен де ұйып сәжде еткенмін, енді ол кісімен қияметте кездескенімше, осы сүрені оқып сәжде қыла беремін», - деп айтты», - деді.

100-бап. Құфтан намазында қираат қылу туралы

736 - حَدَّثَنَا خَلَادُ بْنُ يَحْيَى قَالَ حَدَّثَنَا مِسْعَرٌ قَالَ حَدَّثَنَا عَدِيُّ بْنُ ثَابِتٍ سَمِعَ الْبِرَاءَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ سَمِعْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَقْرَأُ وَاللَّيْنِ وَالزَّيْنُونَ فِي الْعِشَاءِ وَمَا سَمِعْتُ أَحَدًا أَحْسَنَ صَوْتًا مِنْهُ أَوْ قِرَاءَةً

736 – Адийге (р.а.) Барра былай деді: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) кұфтан намазында «Уәт-тин уәз-зәйтун» сүресін оқығанын естідім. Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) дауысы мен қирааты жақсы адамды көрген емеспін», - деді.

101-бап. Намаз оқушы кұфтанның алғашқы екі рәкатында ұзынырақ, кейінгі екі рәкатында қысқарақ оқиды

737 - حَدَّثَنَا سُلَيْمَانُ بْنُ حَرْبٍ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ أَبِي عَوْنٍ مُحَمَّدِ بْنِ عُبَيْدِ اللَّهِ النَّفْعِيِّ قَالَ سَمِعْتُ جَابِرَ بْنَ سَمُرَةَ قَالَ قَالَ عُمَرُ لِسَعْدٍ لَقَدْ شَكَوْكَ فِي كُلِّ شَيْءٍ حَتَّى الصَّلَاةِ قَالَ أَمَا أَنَا فَأَمُدُّ فِي الْأُولِيِّينَ وَأَحْذِفُ فِي الْأَخْرِيِّينَ وَلَا أَلُو مَا اقْتَدَيْتُ بِهِ مِنْ صَلَاةِ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ صَدَقْتَ ذَلِكَ الظَّنُّ بِكَ أَوْ ظَنِّي بِكَ

737 - Әбу Ғаунға Жәбир ибн Сумра (р.а.) былай деп айтқан екен: «Хазреті Омар (р.а.): «Сағд, сенің үстіңнен әрбір нәрсе турасында, тіпті намаз туралы да арыз қылысып жатыр», - деп айтты.

Сонда Сағд (р.а.): «Бірақ та мен алғашқы екі рәкатта ұзынырақ, кейінгі екі рәкатта болса қысқарақ оқимын. Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) ұйып оқығанымдай оқып жатырмын», - деді. Хазреті Омар (р.а.): «Дұрыс айттың, бұл өзің туралы пікірің ғана» немесе «Менің сен туралы пікірім ғана», - деді.

102-бап. Таң намазында қираат қылу туралы

قَالَتْ أُمُّ سَلَمَةَ قَرَأَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِالطُّورِ

Умму Сәлама (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) «әт-Тұр» сүресін оқыды», - деді.

738 - حَدَّثَنَا آدَمُ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ قَالَ حَدَّثَنَا سَيَّارُ بْنُ سَلَامَةَ قَالَ دَخَلْتُ أَنَا

وَأَبِي عَلِيٍّ أَبِي بَرَزَةَ الْأَسْلَمِيُّ فَسَأَلْنَاهُ عَنْ وَقْتِ الصَّلَوَاتِ فَقَالَ كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُصَلِّي الظُّهْرَ حِينَ تَزُولُ الشَّمْسُ وَالْعَصْرَ وَيَرْجِعُ الرَّجُلُ إِلَى أَقْصَى الْمَدِينَةِ وَالشَّمْسُ حَيَّةٌ وَتَسِيْتُ مَا قَالَ فِي الْمَغْرِبِ وَلَا يُبَالِي بِتَأْخِيرِ الْعِشَاءِ إِلَى ثَلَاثِ اللَّيْلِ وَلَا يُحِبُّ النَّوْمَ قَبْلَهَا وَلَا الْحَدِيثَ بَعْدَهَا وَيُصَلِّي الصُّبْحَ فَيَنْصَرِفُ الرَّجُلُ فَيَعْرِفُ جَلِيْسَهُ وَكَانَ يَفْرَأُ فِي الرَّكْعَتَيْنِ أَوْ إِحْدَاهُمَا مَا بَيْنَ السَّنَيْنِ إِلَى الْمِائَةِ

738 – Ясар ибн Сәләма (р.а.) риуаят етті: «Атам екеуміз Әбу Барза Асламидың алдына кірдік. Атам ол кісіден: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бес уақыт намазды қалай оқитын еді?»,- деп сұрады. Ол кісі: «Сіздер үйле деп атайтын бесін намазды күн ауған уақытта, аср намазды біреуміз шаһардың ең шегіне барып қайтқанымызда, күннің ыстық табы әлі басылмаған уақытта оқитын. (Шам намазы туралы сөздер есімнен шығып кетіпті). Түннің үштен бір бөлігі өткенше күтіп отырмай, құфтан намазды оқып алатын еді. Бірақ құфтаннан бұрын ұйықтауды және одан кейін бекерден-бекер сөйлесіп отыруды ұнатпайтын. Таң намазды бір кісі жанында отырған намаз оқушыны танитындай дәрежеге жеткенде оқып болатын, таң намазының екі рәкатында немесе бір рәкатының өзінде алпыстан жүзге дейін аяттарды тилауат қылып оқитын», - деді.

739 - حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ بْنُ إِبْرَاهِيمَ قَالَ أَخْبَرَنَا ابْنُ جُرَيْجٍ

775 – Барра ибн Азиб (р.а.) (ол жалған сөйлемейді) риуаят етті: «Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) ұйып намаз оқитын едік. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) «Самиғаллаһу лиман хамидаһ» дегенінде, сәждеге басын жерге қоймағанына дейін бірде-біреуміз белімізді имейтінбіз», - деді.

132-бап. Мұрынмен сәжде қылу туралы

776 - حَدَّثَنَا مُعَلَّى بْنُ أَسَدٍ قَالَ حَدَّثَنَا وَهَيْبٌ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ طَاوُسٍ عَنْ

أَبِيهِ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَمَرْتُ أَنْ أَسْجُدَ عَلَى سَبْعَةِ أَعْظُمٍ عَلَى الْجَبْهَةِ وَأَشَارَ بِيَدِهِ عَلَى أَنْفِهِ وَالْيَدَيْنِ وَالرُّكْبَتَيْنِ وَأَطْرَافِ الْقَدَمَيْنِ وَلَا نَكْفِتَ النَّيَابَ وَالشَّعْرَ

776 – Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) денесінің жеті мүшесімен маңдай (қолдары мен мұрнын көрсетті) екі қол, екі тізе және екі аяқтың ұшымен сәжде қылуға және шашты артқа қарай тармауға, киімді артқа қайырмауға бұйырылды», - деді.

133-бап. Жер лай болған кезде мұрынмен сәжде қылу туралы

777 - حَدَّثَنَا مُوسَى قَالَ حَدَّثَنَا هَمَّامٌ عَنْ يَحْيَى عَنْ أَبِي سَلَمَةَ قَالَ انْطَلَقْتُ

إِلَى أَبِي سَعِيدٍ الْخُدْرِيِّ فَقُلْتُ أَلَا تَخْرُجُ بِنَا إِلَى النَّخْلِ تَتَحَدَّثُ فَخَرَجَ فَقَالَ قُلْتُ حَدَّثَنِي مَا سَمِعْتَ مِنَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي لَيْلَةِ الْقَدْرِ قَالَ اعْتَكَفَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَشْرَ الْأُولِ مِنْ رَمَضَانَ وَاعْتَكَفْنَا مَعَهُ فَأَتَاهُ جِبْرِيلُ فَقَالَ إِنَّ الَّذِي تَطْلُبُ أَمَامَكَ فَاعْتَكَفَ الْعَشْرَ الْأَوْسَطَ فَاعْتَكَفْنَا مَعَهُ فَأَتَاهُ جِبْرِيلُ فَقَالَ إِنَّ الَّذِي تَطْلُبُ أَمَامَكَ فَقَامَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ خَطِيْبًا صَبِيحَةَ عَشْرِينَ مِنْ رَمَضَانَ فَقَالَ مَنْ كَانَ اعْتَكَفَ مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَلْيَرْجِعْ فَإِنِّي أُرِيتُ لَيْلَةَ الْقَدْرِ وَإِنِّي نُسِيْتُهَا وَإِنَّهَا فِي الْعَشْرِ الْأَوَاخِرِ فِي وَثْرِ وَإِنِّي رَأَيْتُ كَأَنِّي أَسْجُدُ فِي طِينٍ وَمَاءٍ وَكَانَ سَقْفُ الْمَسْجِدِ جَرِيدَ النَّخْلِ وَمَا نَرَى فِي السَّمَاءِ شَيْئًا فَجَاءَتْ قَزَعَةٌ فَأَمْطَرْنَا فَصَلَّى بِنَا النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ حَتَّى رَأَيْتُ أَثَرَ الطِّينِ وَالْمَاءِ عَلَى جَبْهَةِ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَأَرْنَبَيْهِ تَصْدِيقَ رُؤْيَاهُ

777 - Әбу Сәлама (р.а.) риуаят етті: «Әбу Сағид әл-Худрийдың алдына кірдім да: «Бізбен сұқбаттасуға құрма бағына шықпайсыз ба?»,- дедім. Ол кісі: «Мақұл»,- деп шықты. «Бізге қадір түні туралы Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) естігеніңізді айтып беріңіз»,- дедім. Әбу Сағид (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Рамазанның алғашқы он күнінде мешіттен шықпай, құлшылық етуге ниет етті, біз де ниет қылдық. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) қасына Жебірейіл ғ.с. келіп: «Сен сұрап жатқан нәрсеге әлі уақыт ерте»,- деп айтыпты. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) екінші он күндікте де иғтикаф қылды. Біз де ол кісімен бірге иғтикаф қылдық. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) жанына Жебірейіл ғ.с. келіп: «Сен сұраған нәрсеге әлі уақыт бар»,- депті.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Рамазанның 20-шы күнінде таң намазында құтпаға шығып айтты: «Кімде-кім Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) иғтикаф қылған болса, тағы да иғтикаф қылсын, өйткені маған қадір түнінің уақыты айтылған еді, мен оны ұмыттым. Ол соңғы он күндіктің тақ түнінің бірінде болуы керек. Мен түсімде лайға сәжде етіп жатқанымды көрдім»,- деді.

Мешіттің төбесі құрма ағашының бұтақтарымен жабылған болатын, аспанда бірде-бір бұлтты көрмейтін едік. Бірден аспанда бір кішкене бұлт пайда болып, үстімізге жаңбыр жауды. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) намаз оқыды, біз ол кісіге ұйыдық. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) маңдайы

мен мұрнының ұшына лай мен су жұқанын көрдік. Бұнымен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) көрген түсі расталды», - деді.

134-бап. Киімді байлап немесе артқа қайырып алу туралы

778 - حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ كَثِيرٍ قَالَ أَخْبَرَنَا سُفْيَانُ عَنْ أَبِي حَازِمٍ عَنْ سَهْلِ بْنِ سَعْدٍ قَالَ كَانَ النَّاسُ يُصَلُّونَ مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَهُمْ عَاقِدُوا أَزْرَهُمْ مِنَ الصَّغَرِ عَلَى رِقَابِهِمْ فَقِيلَ لِلنِّسَاءِ لَا تَرْفَعْنَ رُءُوسَكُمْ حَتَّى يَسْتَوِيَ الرَّجَالُ جُلُوسًا

778 - Намаз оқушы әуретінің ашылып қалуынан қорықса, намаздан бұрын дұрыстап байлап алады. Саһл ибн Саһл (р.а.) айтты: «Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге намаз оқып жатқан адамдар көйлектерінің кішкенеелігінен иықтарына байлап алатын, ер адамдар толық отырып алмағанша, әйелдерге сәждеден бастарын көтермеулеріне бұйырған болатын», - деді.

135-бап. Намазхан (намазда) шашын артқа қайырмайды

779 - حَدَّثَنَا أَبُو الثُّعْمَانِ قَالَ حَدَّثَنَا حَمَّادٌ وَهُوَ ابْنُ زَيْدٍ عَنْ عَمْرِو بْنِ دِينَارٍ عَنْ طَاوُسٍ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ قَالَ قَالَ أَمْرَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنْ يَسْجُدَ عَلَى سَبْعَةِ أَعْظَمٍ وَلَا يَكْفَ تَوْبَهُ وَلَا شَعْرَهُ

779 – Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) денесінің жеті мүшесімен сәжде қылуға және де киім мен шашты артқа қайырмауға бұйырылды», - деді.

136-бап. Намаз оқушы киімін артқа қайырмайды

780 - حَدَّثَنَا مُوسَى بْنُ إِسْمَاعِيلَ قَالَ حَدَّثَنَا أَبُو عَوَانَةَ عَنْ عَمْرِو بْنِ طَاوُسٍ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا عَنْ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ أَمَرْتُ أَنْ أَسْجُدَ عَلَى سَبْعَةِ لَا أَكْفُ شَعْرًا وَلَا تَوْبًا

780 - Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Жеті мүшемен сәжде қылуға және де намазда шашым мен киімімді артқа қайырмауға бұйырылдым», - деп айтқан»

137-бап. Сәждеде дұға және таспих айту туралы

781 - حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا يَحْيَى عَنْ سُفْيَانَ قَالَ حَدَّثَنِي مَنْصُورُ بْنُ الْمُعْتَمِرِ عَنْ مُسْلِمٍ هُوَ ابْنُ صَيْحِحٍ أَبِي الضُّحَى عَنْ مَسْرُوقٍ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا أَنَّهَا قَالَتْ كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُكْثِرُ أَنْ يَقُولَ فِي رُكُوعِهِ وَسُجُودِهِ سُبْحَانَكَ اللَّهُمَّ رَبَّنَا وَبِحَمْدِكَ اللَّهُمَّ اغْفِرْ لِي يَتَأَوَّلُ الْقُرْآنَ

781 - Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) рүкүф және сәжде қылғанында «Субханәка аллаһумма, рәббәна уа бихамдика, Аллаһуммағфирли», - деген дұғаны көп оқитын. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Құрандағы («Фасаббих бихамди раббика уастағфирһу») аятын тілге салып (талқин) оқитын», - деді.

138-бап. Екі сәжде арасында біраз тұру, отыру туралы

782 - حَدَّثَنَا أَبُو النُّعْمَانِ قَالَ حَدَّثَنَا حَمَّادُ بْنُ زَيْدٍ عَنْ أَيُّوبَ عَنْ أَبِي قَلَابَةَ أَنَّ مَالِكََ بْنَ الْحُوَيْرِثِ قَالَ لِأَصْحَابِهِ أَلَا أُنَبِّئُكُمْ صَلَاةَ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ وَذَلِكَ فِي غَيْرِ حِينٍ صَلَاةٍ فَقَامَ ثُمَّ رَكَعَ فَكَبَّرَ ثُمَّ رَفَعَ رَأْسَهُ فَقَامَ هُنَيْيَةً ثُمَّ سَجَدَ ثُمَّ رَفَعَ رَأْسَهُ هُنَيْيَةً فَصَلَّى صَلَاةَ عَمْرٍو بْنِ سَلَمَةَ شَيْخِنَا هَذَا قَالَ أَيُّوبُ كَانَ يَفْعَلُ شَيْئًا لَمْ أَرَهُمْ يَفْعَلُونَهُ كَانَ يَقْعُدُ فِي الثَّالِثَةِ وَالرَّابِعَةِ قَالَ فَاتَيْنَا النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَأَقَمْنَا عِنْدَهُ فَقَالَ لَوْ رَجَعْتُمْ إِلَى أَهْلِيكُمْ صَلُّوا صَلَاةَ كَذَا فِي حِينٍ كَذَا صَلُّوا صَلَاةَ كَذَا فِي حِينٍ كَذَا فَإِذَا حَضَرَتِ الصَّلَاةُ فَلْيُؤَدِّنْ أَحَدُكُمْ وَلْيُؤَمِّكُمْ أَكْبَرُكُمْ

782 – Мәлік ибн Хуайрис серіктеріне: «Мен сендерге Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) қалай намаз оқығанын айтып берейін бе, әлде көрсетіп берейін бе?», - деді.

Әбу Қилаба (р.а.): «Бұл намаздан тыс уақытта болатын еді», - деді.

Мәлік ибн Хуайрис орнынан тұрып, тәкбір айтып, намаз оқуға кірісті, кейін рүкүф қылды, содан соң тәкбір айтып рүкүфтен басын көтерді, кейін біраз отырып сәжде қылды, содан соң сәждеден бас көтеріп, біраз отырды.

Әбу Қилаба (р.а.): «Ол шейхымыз Әмр ибн Сәламаға ұқсап намаз оқыды», - деді. Аюб (р.а.) айтты: «Сол шейх намазда басқалар істемейтін нәрселерді қылатын еді, 3-рәкаттың соңғы, ал 4-ші рәкаттың басында біраз демалатын, - деді. Мәлік ибн Хуайрис (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) қасында бір ай тұрдық. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бізге: «Отбастарыңа қайтсандар, пәлен намазды пәлен уақытта және пәлен

намазды пәлен уақытта оқындар. Намаз уақыты болса, араларыңнан бір кісі азан айтсын, жасы үлкені имам болсын!»,- деп айтқан болатын»,- деді.

783 - حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ عَبْدِ الرَّحِيمِ قَالَ حَدَّثَنَا أَبُو أَحْمَدَ مُحَمَّدُ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ

الزُّبَيْرِيُّ قَالَ حَدَّثَنَا مِسْعَرٌ عَنْ الْحَكَمِ عَنْ عَبْدِ الرَّحْمَنِ بْنِ أَبِي لَيْلَى عَنْ الْبَرَاءِ
قَالَ كَانَ سُجُودُ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَرُكُوعُهُ وَفَعُودُهُ بَيْنَ السَّجْدَتَيْنِ قَرِيبًا
مِنَ السَّوَاءِ

783 - Барра ибн Азиб (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сәжде, рүкүф және екі сәжде арасындағы отырыста біраз ғана уақыт тоқтап отыратын»,- деді.

784 - حَدَّثَنَا سُلَيْمَانُ بْنُ حَرْبٍ قَالَ حَدَّثَنَا حَمَادُ بْنُ زَيْدٍ عَنْ ثَابِتٍ عَنْ أَنَسِ

بْنِ مَالِكٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ إِنِّي لَأَلُو أَنْ أُصَلِّيَ بِكُمْ كَمَا رَأَيْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ
عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُصَلِّي بِنَا قَالَ ثَابِتٌ كَانَ أَنَسُ بْنُ مَالِكٍ يَصْنَعُ شَيْئًا لَمْ أَرَكُمُ تَصْنَعُونَهُ
كَانَ إِذَا رَفَعَ رَأْسَهُ مِنَ الرُّكُوعِ قَامَ حَتَّى يَقُولَ الْقَائِلُ قَدْ نَسِيَ وَبَيْنَ السَّجْدَتَيْنِ
حَتَّى يَقُولَ الْقَائِلُ قَدْ نَسِيَ

784 - Әнас (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бізбен қалай намаз оқыған болса, мен де сендермен де тура солай оқимын»,- деді.

Сәбит (р.а.) айтты: «Әнас (р.а.) намазда басқалар істемейтін нәрселерді қылатын еді. Мен сендердің бұлай қылғандарыңды көрмегенмін. Ол рүкүфтен бас көтергенде және екі сәжде арасында біраз отыратын еді. Тіпті, біз сәждеге бару есінен шығып кетті ме екен деп ойлайтынбыз»,- деді.

139-бап. Намаз оқушы сәждеде білектерін жерге тигізбейді

قَالَ أَبُو حُمَيْدٍ سَجَدَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَوَضَعَ يَدَيْهِ غَيْرَ مُقْتَرَشٍ

وَلَا قَابِضِهِمَا

Әбу Хумайд (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) білектерін жерге тигізбей және мықынына қысып алмайтын кейіпте сәжде қылатын»,- деді.

785 - حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ بَشَّارٍ قَالَ حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ جَعْفَرٍ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ

قَالَ سَمِعْتُ قَتَادَةَ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ اعْتَدِلُوا فِي السُّجُودِ وَلَا يَبْسُطُ أَحَدُكُمْ ذِرَاعَيْهِ انْبِسَاطَ الْكَلْبِ

785 - Әнас ибн Мәлік (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бізге: «Орташа түзу сәжде қылыңдар, білектеріңді өте созып, итжатыс қылмаңдар!», - деп айтқан», - деді.

140-бап. Намаз оқушының тақ рәкат оқығанда, бірінші бір-аз отырып алып, кейін тұрады

786 - حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ الصَّبَّاحِ قَالَ أَخْبَرَنَا هُشَيْمٌ قَالَ أَخْبَرَنَا خَالِدُ الْحَدَّاءُ

عَنْ أَبِي قِلَابَةَ قَالَ أَخْبَرَنَا مَالِكُ بْنُ الْحُوَيْرِثِ اللَّيْثِيُّ أَنَّهُ رَأَى النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُصَلِّي فَإِذَا كَانَ فِي وَثْرٍ مِنْ صَلَاتِهِ لَمْ يَنْهَضْ حَتَّى يَسْتَوِيَ قَاعِدًا

786 - Мәлік ибн Хуайрис (р.а.) Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) намаз оқып жатқанын көрді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) тақ рәкат оқығанында да әуелі біраз демін алып кейін тұрды

141-бап. Намаз оқушы рәкаттан тұрып жатқанда жерге қалай тіреледі

787 - حَدَّثَنَا مُعَلَّى بْنُ أَسَدٍ قَالَ حَدَّثَنَا وَهَيْبٌ عَنْ أَيُّوبَ عَنْ أَبِي قِلَابَةَ قَالَ

جَاءَنَا مَالِكُ بْنُ الْحُوَيْرِثِ فَصَلَّى بِنَا فِي مَسْجِدِنَا هَذَا فَقَالَ إِنِّي لَأُصَلِّي بِكُمْ وَمَا أُرِيدُ الصَّلَاةَ وَلَكِنْ أُرِيدُ أَنْ أُرِيَكُمْ كَيْفَ رَأَيْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُصَلِّي قَالَ أَيُّوبُ فَقُلْتُ لِأَبِي قِلَابَةَ وَكَيْفَ كَانَتْ صَلَاتُهُ قَالَ مِثْلَ صَلَاةِ شَيْخِنَا هَذَا يَعْنِي عَمْرَوُ بْنُ سَلَمَةَ قَالَ أَيُّوبُ وَكَانَ ذَلِكَ الشَّيْخُ يُتِمُّ التَّكْبِيرَ وَإِذَا رَفَعَ رَأْسَهُ عَنْ السَّجْدَةِ الثَّانِيَةِ جَلَسَ وَاعْتَمَدَ عَلَى الْأَرْضِ ثُمَّ قَامَ

787 - Әбу Қилаба (р.а.) Аюбка айтты: «Мәлік ибн Хуайрис мешітімізге келіп, бізбен бірге намаз оқыды. Ол кісі бізге: «Өзім намаз оқымақшы болмасам да, сендерге Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) қалай намаз оқығанын көрсетіп берейін», - деді. Аюб айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) намазды қалай оқитын еді?», - деп сұрадым. Сонда Әбу Қилаба: «Мына осы шейхымыз сияқты оқитын», - деді.

142-бап. Намазхан екінші рәкаттан тұрып жатып тәкбір айтады

كَانَ ابْنُ الزُّبَيْرِ يُكَبِّرُ فِي نَهْضَتِهِ

Ибн Зубайр (р.а.) рәкаттан тұрып жатып тәкбір айтатын еді.

788 - حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ صَالِحٍ قَالَ حَدَّثَنَا فُلَيْحُ بْنُ سُلَيْمَانَ عَنْ سَعِيدِ بْنِ

الْحَارِثِ قَالَ صَلَّى لَنَا أَبُو سَعِيدٍ فَجَهَرَ بِالْكَبِيرِ حِينَ رَفَعَ رَأْسَهُ مِنَ السُّجُودِ
وَحِينَ سَجَدَ وَحِينَ رَفَعَ وَحِينَ قَامَ مِنَ الرَّكْعَتَيْنِ وَقَالَ هَكَذَا رَأَيْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ
عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

788 – Сағид ибн Харс (р.а.) риуаят етті: «Әбу Сағид бізге намаз оқып берді. Тәкбірді дауыс шығарып айтты. Сәждеге бара жатқанда да және одан бас көтеріп жатқанда да, екі рәкаттан тұрып жатқанда да тәкбір айтты. Кейін: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) солай намаз оқып жатқанын көргенмін», - деді.

789 - حَدَّثَنَا سُلَيْمَانُ بْنُ حَرْبٍ قَالَ حَدَّثَنَا حَمَّادُ بْنُ زَيْدٍ قَالَ حَدَّثَنَا غَيْلَانُ

بْنُ جَرِيرٍ عَنْ مُطَرِّفٍ قَالَ صَلَّيْتُ أَنَا وَعِمْرَانُ صَلَاةً خَلَفَ عَلِيُّ بْنُ أَبِي طَالِبٍ
رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ فَكَانَ إِذَا سَجَدَ كَبَّرَ وَإِذَا رَفَعَ كَبَّرَ وَإِذَا نَهَضَ مِنَ الرَّكْعَتَيْنِ كَبَّرَ
فَلَمَّا سَلَّمَ أَخَذَ عِمْرَانُ بِيَدِي فَقَالَ لَقَدْ صَلَّى بِنَا هَذَا صَلَاةً مُحَمَّدٌ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ
وَسَلَّمَ أَوْ قَالَ لَقَدْ نَكَّرَنِي هَذَا صَلَاةً مُحَمَّدٍ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

789 – Мұтараф ибн Абдулла (р.а.) риуаят етті: « Мен және Ғимран ибн Хұсайн хазреті Әлиге (р.а.) ұйып намаз оқыдық. Хазреті Әли (р.а.) сәждеге бара жатқанында да, сәждеден бас көтеріп жатқанында да, екі ракаттан тұрып жатқанында да тәкбір айтатын еді. Намаз біткен соң, Ғимран ибн Хұсайн менің қолымды ұстап тұрып: «Міне, бұл кісінің (яғни хазреті Әлидің) қазір оқыған намазы маған Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) оқыған намазын есіме түсірді», - деді.

143-бап. Ташаһудта отырудың сүннеті

وَكَانَتْ أُمُّ الدَّرْدَاءِ تَجْلِسُ فِي صَلَاتِهَا جِلْسَةَ الرَّجُلِ وَكَانَتْ فِقِيهَةً

Үмму Дарда намазда еркек кісі сияқты отыратын еді. Ол фик ілімінің білгірі болатын.

790 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مَسْلَمَةَ عَنْ مَالِكٍ عَنْ عَبْدِ الرَّحْمَنِ بْنِ الْقَاسِمِ

عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ أَنَّهُ أَخْبَرَهُ أَنَّهُ كَانَ يَرَى عَبْدَ اللَّهِ بْنَ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا يَتَرَبَّعُ فِي الصَّلَاةِ إِذَا جَلَسَ فَفَعَلْتُهُ وَأَنَا يَوْمَئِذٍ حَدِيثُ السَّنِّ فَهَآئِي عَبْدُ اللَّهِ بْنُ عُمَرَ وَقَالَ إِنَّمَا سُنَّةُ الصَّلَاةِ أَنْ تَنْصِبَ رِجْلَكَ الْيُمْنَى وَتَنْبِيَ الْيُسْرَى فَقُلْتُ إِنَّكَ تَفْعَلُ ذَلِكَ فَقَالَ إِنَّ رِجْلِي لَا تَحْمِلَانِي

790 – Абдулла ибн Абдулла (р.а.) риуаят етті: «Абдулла ибн Омардың (р.а.) малдас құрып ташаһудта отырғанын көрдім. Жастықпен мен де солай қылдым. Сонда Абдулла ибн Омар (р.а.) маған: «Бұндай қылма, намаздың сүннетіне қара, оң аяғын тіктеп, сол аяғын бүгіп отыру керек»,- деді. Мен: «Сіз малдас құрып отырсыз ғой!»,- дедім. Ол: «Менің аяғым жармайды»,- деп жауап берді.

791 - حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ بُكَيْرٍ قَالَ حَدَّثَنَا اللَّيْثُ عَنْ خَالِدٍ عَنْ سَعِيدٍ عَنْ مُحَمَّدٍ

بْنِ عَمْرٍو بْنِ حَلْحَلَةَ عَنْ مُحَمَّدِ بْنِ عَمْرٍو بْنِ عَطَاءٍ وَحَدَّثَنَا اللَّيْثُ عَنْ يَزِيدَ بْنِ أَبِي حَبِيبٍ وَيَزِيدَ بْنِ مُحَمَّدٍ عَنْ مُحَمَّدِ بْنِ عَمْرٍو بْنِ حَلْحَلَةَ عَنْ مُحَمَّدِ بْنِ عَمْرٍو بْنِ عَطَاءٍ أَنَّهُ كَانَ جَالِسًا مَعَ نَفَرٍ مِنْ أَصْحَابِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَذَكَرْنَا صَلَاةَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ أَبُو حُمَيْدٍ السَّاعِدِيُّ أَنَا كُنْتُ أَحْفَظُكُمْ لِصَلَاةِ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ رَأَيْتُهُ إِذَا كَبَّرَ جَعَلَ يَدَيْهِ جِذَاءً مَنَكِبَيْهِ وَإِذَا رَكَعَ أَمَكَّنَ يَدَيْهِ مِنْ رُكْبَتَيْهِ ثُمَّ هَصَرَ ظَهْرَهُ فَإِذَا رَفَعَ رَأْسَهُ اسْتَوَى حَتَّى يَعُودَ كُلُّ فَقَّارٍ مَكَانَهُ فَإِذَا سَجَدَ وَضَعَ يَدَيْهِ غَيْرَ مُفْتَرِشٍ وَلَا قَابِضِيهِمَا وَاسْتَقْبَلَ بِأَطْرَافِ أَصَابِعِ رِجْلَيْهِ الْقِبْلَةَ فَإِذَا جَلَسَ فِي الرَّكْعَتَيْنِ جَلَسَ عَلَى رِجْلِهِ الْيُسْرَى وَنَصَبَ الْيُمْنَى وَإِذَا جَلَسَ فِي الرَّكْعَةِ الْآخِرَةِ قَدَّمَ رِجْلَهُ الْيُسْرَى وَنَصَبَ الْآخِرَى وَقَعَدَ عَلَى مَفْعَدَتِهِ وَسَمِعَ اللَّيْثُ يَزِيدَ بْنَ أَبِي حَبِيبٍ وَيَزِيدَ مِنْ مُحَمَّدِ بْنِ حَلْحَلَةَ وَابْنُ حَلْحَلَةَ مِنْ ابْنِ عَطَاءٍ قَالَ أَبُو صَالِحٍ عَنْ اللَّيْثِ كُلُّ فَقَّارٍ وَقَالَ ابْنُ الْمُبَارَكِ عَنْ يَحْيَى بْنِ أَيُّوبَ قَالَ حَدَّثَنِي يَزِيدُ بْنُ أَبِي حَبِيبٍ أَنَّ مُحَمَّدَ بْنَ عَمْرٍو حَدَّثَهُ كُلُّ فَقَّارٍ

791 – Мұхаммед ибн Амр ибн Ғата (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) бір топ Сахабаларымен бірге отырған едім. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) қалай намаз оқығанын еске түсірдік. Сонда

Әбу Хумайд әс-Сағдий (р.а.): «Мен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) қалай намаз оқығанын бәріннен де артығырақ білемін. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) тәкбір тахрима айтқанында, қолдарын иық тұсына көтерді, рүкүғқа барғанда тізелерін ұстады, кейін арқасын түзуледі, рүкүғтен бас көтергенінде омыртқаларының әрбір буыны орын-орнына келгенше бойын түзуледі. Кейін білектерін жерге тигізбей және мықынына қысып алмай, аяқтарының ұшын қыблаға қаратып сәжде қылды.

Екінші рәкатта оң аяғын тіктеп, сол аяғының үстіне отырды. Соңғы рәкатта болса, сол аяғын алдыға созып, оң аяғын тіктеп, тобықтарын жерге қойып отырды», - деді.

144-бап. Алғашқы ташаһудта отыру парыз емес

Өйткені Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) екінші рәкаттан кейін отырмастан тұрып кеткенінде (Сахабалар таспих айтып ескерткенде) қайтып отырмады.

792 - حَدَّثَنَا أَبُو الْيَمَانِ قَالَ أَخْبَرَنَا شُعَيْبٌ عَنِ الزُّهْرِيِّ قَالَ حَدَّثَنِي عَبْدُ الرَّحْمَنِ بْنُ هُرْمُزٍ مَوْلَى بَنِي عَبْدِ الْمُطَّلِبِ وَقَالَ مَرَّةً مَوْلَى رَيْبَعَةَ بْنِ الْحَارِثِ أَنَّ عَبْدَ اللَّهِ ابْنَ بُحَيْئَةَ وَهُوَ مِنْ أُرْدِ شَنْوَاءَ وَهُوَ حَلِيفٌ لِبَنِي عَبْدِ مَنَافٍ وَكَانَ مِنْ أَصْحَابِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ صَلَّى بِهِمْ الظُّهْرَ فَقَامَ فِي الرَّكْعَتَيْنِ الْأُولَيَيْنِ لَمْ يَجْلِسْ فَقَامَ النَّاسُ مَعَهُ حَتَّى إِذَا قَضَى الصَّلَاةَ وَانْتَهَرَ النَّاسُ نَسْلِيمَهُ كَبَّرَ وَهُوَ جَالِسٌ فَسَجَدَ سَجْدَتَيْنِ قَبْلَ أَنْ يُسَلَّمَ ثُمَّ سَلَّمَ

792 - Зухрий (р.а.) риуаят етті: «Маған Абдуррахман ибн Хұрмуз Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) олармен бесін намазын оқығанын айтты.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) екінші рәкаттан кейін отырмастан тұрып кетіпті, адамдар да ол кісімен бірге орындарынан тұрыпты. Намаз біткен соң адамдар Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сәлем беруін күтіпті. Ал Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) болса, отырған бойы сәлем бермей тұрып, тәкбір айтып, екі мәрте сәһу сәждесін қылып, содан соң ғана сәлем беріпті», - деді.

145-бап. Алғашқы ташаһудте отыру туралы

793 - حَدَّثَنَا قُتَيْبَةُ بْنُ سَعِيدٍ قَالَ حَدَّثَنَا بَكْرٌ عَنْ جَعْفَرِ بْنِ رَبِيعَةَ عَنْ الْأَعْرَجِ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ مَالِكِ ابْنِ بُحَيْنَةَ قَالَ صَلَّى بِنَا رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ الظُّهْرَ فَقَامَ وَعَلَيْهِ جُلُوسٌ فَلَمَّا كَانَ فِي آخِرِ صَلَاتِهِ سَجَدَ سَجْدَتَيْنِ وَهُوَ جَالِسٌ

793 - Абдулла ибн Мәлік (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бізбен бірге бесін намазын оқыды. Екінші рәкаттан кейін ташаһудқа отыру керек болса да, отырмастан тұрып кетті. Намаз біткен соң, екі мәрте сәһу сәждесін қылды», - деді.

146-бап. Соңғы ташаһудта отырудың уәжіптігі

794 - حَدَّثَنَا أَبُو نُعَيْمٍ قَالَ حَدَّثَنَا الْأَعْمَشُ عَنْ شَقِيقِ بْنِ سَلَمَةَ قَالَ قَالَ عَبْدُ اللَّهِ كُنَّا إِذَا صَلَّيْنَا خَلْفَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قُلْنَا السَّلَامَ عَلَى جِبْرِيلَ وَمِيكَائِيلَ السَّلَامَ عَلَى فُلَانٍ وَفُلَانٍ فَأَلْتَفَتَ إِلَيْنَا رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ إِنَّ اللَّهَ هُوَ السَّلَامُ فَإِذَا صَلَّى أَحَدُكُمْ فَلْيَقُلْ التَّحِيَّاتُ لِلَّهِ وَالصَّلَوَاتُ وَالطَّيِّبَاتُ السَّلَامَ عَلَيْكَ أَيُّهَا النَّبِيُّ وَرَحْمَةُ اللَّهِ وَبَرَكَاتُهُ السَّلَامَ عَلَيْنَا وَعَلَى عِبَادِ اللَّهِ الصَّالِحِينَ فَإِنَّكُمْ إِذَا قُلْتُمُوهَا أَصَابَتْ كُلَّ عَبْدٍ لِلَّهِ صَالِحٍ فِي السَّمَاءِ وَالْأَرْضِ أَشْهَدُ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَأَشْهَدُ أَنَّ مُحَمَّدًا عَبْدُهُ وَرَسُولُهُ

794 – Абдулла ибн Масғуд (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) ұйып намаз оқығанымызда ол кісі: «Жебірейіл ғ.с. мен Микайлға сәлем, пәленше мен түгеншеге сәлем», - деп айтатынбыз. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бізге: «Алла тағаланың есімдерінің бірі – сәлем. Қайсы бірің намаз оқысаңыз, «Барлық мақтау-сәлемдеріміз, тағат-ғибадат жақсы амалдарымыз Алла тағалаға ғана лайық, о, Пайғамбар (с.ғ.с.) саған Алла тағаланың сәлемі, рахметі және берекеті болсын, бізге де, барлық жақсы пенделерге де Алла тағаланың сәлемі болсын!», - деп айтындар. Егер солай (барлық жақсы пенделерге) десеңіз, жер-көктегі барлық салих пенделерге сауабы тиеді», - деп айтатын», - деді. (Дұғаның жалғасы): «Алладан басқа тәңір жоқ, деп куәлік беремін, сондай-ақ Мұхаммед (с.ғ.с.) Алланың құлы және бізге жіберілген елшісі, деп те куәлік беремін».

147-бап. Намазда сәлем беруден бұрын дұға оқу туралы

795 - حَدَّثَنَا أَبُو الْيَمَانِ قَالَ أَخْبَرَنَا شُعَيْبٌ عَنْ الزُّهْرِيِّ قَالَ أَخْبَرَنَا عُرْوَةُ
بْنُ الزُّبَيْرِ عَنْ عَائِشَةَ زَوْجِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَخْبَرْتُهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ
صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ يَدْعُو فِي الصَّلَاةِ اللَّهُمَّ إِنِّي أَعُوذُ بِكَ مِنْ عَذَابِ الْقَبْرِ
وَأَعُوذُ بِكَ مِنْ فِتْنَةِ الْمَسِيحِ الدَّجَالِ وَأَعُوذُ بِكَ مِنْ فِتْنَةِ الْمَحْيَا وَفِتْنَةِ الْمَمَاتِ اللَّهُمَّ
إِنِّي أَعُوذُ بِكَ مِنْ الْمَأْتَمِ وَالْمَعْرَمِ فَقَالَ لَهُ قَائِلٌ مَا أَكْثَرَ مَا تَسْتَعِيدُ مِنَ الْمَعْرَمِ فَقَالَ
إِنَّ الرَّجُلَ إِذَا غَرِمَ حَدَّثَ فَكَذَّبَ وَوَعَدَ فَأَخْلَفَ وَعَنْ الزُّهْرِيِّ قَالَ أَخْبَرَنِي عُرْوَةُ
بْنُ الزُّبَيْرِ أَنَّ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ سَمِعْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ
وَسَلَّمَ يَسْتَعِيدُ فِي صَلَاتِهِ مِنْ فِتْنَةِ الدَّجَالِ

795 – Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) намазда «Аллахумма инни ағузу бика мин ғазаби қабрин уа ағузу бика мин фитнат-ил-масихи-д-Дажжали уа ағузу бика мин фитнат-ил-махйа уа фитнат-ил-мамати, Аллахумма инни ағузу бика миналмағсами уа-л-мағрами» деген дұғаны оқитын еді. Бұл дұғаның мағнасы: «Иләһи, мені қабір азабынан, Дажжал фитнасынан сақта, тіршілікте және өлім алдында болатын бүліктерден сақта! Иләһи, мені күнаһар және адамдарға қарыздар болудан өзін сақта!». Сонда бір кісі Пайғамбарымызға (с.ғ.с.): «Не үшін мұнша қарыздар қылып қойма деп тілейсіз?», - деп сұрады. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): “ Егер кісі төлей алмайтындай дәрежеде қарыздар болып қалса, әрқашан өтірік жалған сөйлейді, уәде қылса, уәдесінен шыға алмайды», - деді.

Айша анамыз (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) намаз соңында Дажжал фитнасынан сақтауды Алладан тілегенін естідім», - деді.

796 - حَدَّثَنَا فُتَيْبَةُ بِنُ سَعِيدٍ قَالَ حَدَّثَنَا اللَّيْثُ عَنْ يَزِيدَ بْنِ أَبِي حَبِيبٍ عَنْ
أَبِي الْخَيْرِ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَمْرٍو عَنْ أَبِي بَكْرٍ الصِّدِّيقِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّهُ قَالَ
لِرَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَلَّمَنِي دُعَاءً أَدْعُو بِهِ فِي صَلَاتِي قَالَ قُلْ اللَّهُمَّ
إِنِّي ظَلَمْتُ نَفْسِي ظُلْمًا كَثِيرًا وَلَا يَغْفِرُ الذُّنُوبَ إِلَّا أَنْتَ فَاعْفِرْ لِي مَغْفِرَةً مِنْ
عِنْدِكَ وَارْحَمْنِي إِنَّكَ أَنْتَ الْغَفُورُ الرَّحِيمُ

796 - Әбу Бәкір (р.а.) Пайғамбарымызға (с.ғ.с.): «Намазда оқитын бір дұға үйретіңіз», - деп өтінді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Иләһи, мен өз жаныма көп зұлымдық қылдым, бұндай күнәларды сенен басқа ешкім кешіре алмайды, тек өзің ғана кешіре аласың. Иләһи, жақсылық мәрхеметіңді дариг тұтпай, мені кешіргейсің, менен рахметіңді

аямағайсың. Сен күнәларды кешіруші және пенделерді мағфират қылушысың деген дұғаны оқы!»,- деді.

Бұл дұғаның арабшасы: «**Аллаһумма инни зәлашту нафсий зұлман касира уа лә яғфиру-з-зунуба илла әнта, фағфирли мағфиратан мин гиндика уәрхамний, иннака әнта-әл-ғафурур-рахим**»

148-бап. Ташаһудтан кейін оқуға дұға тандамақ туралы

797 - حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا يَحْيَى عَنْ الْأَعْمَشِ حَدَّثَنِي شَقِيقٌ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ إِذَا كُنَّا مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي الصَّلَاةِ قُلْنَا السَّلَامُ عَلَى اللَّهِ مِنْ عِبَادِهِ السَّلَامُ عَلَى فُلَانٍ وَفُلَانٍ فَقَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَا تَقُولُوا السَّلَامُ عَلَى اللَّهِ فَإِنَّ اللَّهَ هُوَ السَّلَامُ وَلَكِنْ قُولُوا التَّحِيَّاتُ لِلَّهِ وَالصَّلَوَاتُ وَالطَّيِّبَاتُ السَّلَامُ عَلَيْكَ أَيُّهَا النَّبِيُّ وَرَحْمَةُ اللَّهِ وَبَرَكَاتُهُ السَّلَامُ عَلَيْنَا وَعَلَى عِبَادِ اللَّهِ الصَّالِحِينَ فَإِنَّكُمْ إِذَا قُلْتُمْ أَصَابَ كُلَّ عَبْدٍ فِي السَّمَاءِ أَوْ بَيْنَ السَّمَاءِ وَالْأَرْضِ أَشْهَدُ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَأَشْهَدُ أَنَّ مُحَمَّدًا عَبْدُهُ وَرَسُولُهُ ثُمَّ يَتَخَيَّرُ مِنَ الدُّعَاءِ أُعْجِبُهُ إِلَيْهِ فَيَدْعُو

797 - Абдулла ибн Масғуд (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) ұйып намаз оқығанымызда: «Әссаламу ғала аллаһи мин ғибадихи. Әссаламу ғала фуланин уа фуланин»,- деп айтатынбыз. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бізге: «Әссаламу ғала аллаһи демендер, өйткені сәлем Аллаһ тағаланың есімдерінің бірі. Қайсы біреулерің намаз оқысаңыздар, «**Әттахияту лиллаһи уәссәлауату уәт-ғайибату, әссаламу ғалайка аюханнәбию уа рахматуллаһи уә бәрәкатуһу. Әссаламу ғалайна уа ғала ғибадилләһис-салихин**»,- деп айтсын Егер солай (барлық жақсы пенделерге) десеңіз, жер мен көктің ортасындағы барлық салих пенделерге сауабы тиеді. (Дұғаның жалғасы): «**Әшһаду ән лә иләһа илла аллаһ, уә әшһаду әнна мүхаммедан ғабдуһу уа расулуһу**», бұдан кейін дұғалардан өзіңізге ұнағанын таңдап алып оқи беріндер»,- деп айтты»,- деді.

149-бап. Маңдайға және мұрынға тиген лайды намазды оқып болғанға дейін сүртпеген кісі туралы

قال أبو عبد الله رأيت الحميدي يَحْتَجُّ بِهَذَا الْحَدِيثِ أَنْ لَا يَمَسَّحَ الْجَبْهَةَ فِي الصَّلَاةِ

Имам Бұхарий айтты: «Хумаидтың намаз уақытында маңдайға тиген (жұққан) лайды, шаңды сүртуге болмайтындығына мына хадисті дәлел қылып жатқанының куәсі болдым»,- деді.

798 - حَدَّثَنَا مُسْلِمٌ بْنُ أَبِرَاهِيمَ قَالَ حَدَّثَنَا هِشَامٌ عَنْ يَحْيَى عَنْ أَبِي سَلَمَةَ قَالَ سَأَلْتُ أَبَا سَعِيدٍ الْخُدْرِيَّ فَقَالَ رَأَيْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَسْجُدُ فِي الْمَاءِ وَالطِّينِ حَتَّى رَأَيْتُ أَثَرَ الطِّينِ فِي جَبْهَتِهِ

798 - Әбу Сәлама (р.а.) айтты: «Әбу Сағид әл-Хұдридан сол туралы сұрадым», - деді. Әбу Сағид әл-Худрий (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) лай жерде сәжде қылып жатқанын, тіпті, маңдайына тиген лайды намаз біткенге дейін сүртпегенін көрген едім», - деп жауап берді.

150-бап. Намаз оқып болған соң сәлем беру туралы

799 - حَدَّثَنَا مُوسَى بْنُ إِسْمَاعِيلَ حَدَّثَنَا إِبْرَاهِيمُ بْنُ سَعْدٍ حَدَّثَنَا الزُّهْرِيُّ عَنْ هِنْدِ بِنْتِ الْحَارِثِ أَنَّ أُمَّ سَلَمَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا سَلَّمَ إِذَا سَلَّمَ قَامَ النِّسَاءَ حِينَ يَقْضِي تَسْلِيمَهُ وَمَكَثَ يَسِيرًا قَبْلَ أَنْ يَقُومَ قَالَ ابْنُ شِهَابٍ فَأَرَى وَاللَّهِ أَعْلَمُ أَنَّ مَكَّتَهُ لِكَيْ يَنْفِذَ النِّسَاءَ قَبْلَ أَنْ يُدْرِكَهُنَّ مَنْ أَنْصَرَفَ مِنَ الْقَوْمِ

799 – Үмму Сәлама (р.а.) Хинд бинти әл-Харсқа: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) намазда сәлем бергеннен кейін де әйелдер кетпей тұрар еді. Пайғамбарымыз да (с.ғ.с.) дереу кетіп қалмайтын», - деп айтқан.

Әбу Шиһаб (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.), әйелдердің еркектермен араласып кетпеулерін, еркектер кетіп болған соң, алаңсыз өздерінің кетулері үшін солай қылған болса керек», - деді.

151-бап. Ұюшы имам сәлем бергенде сәлем береді

كَانَ ابْنُ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا يَسْتَحِبُّ إِذَا سَلَّمَ الْإِمَامُ أَنْ يُسَلَّمَ مَنْ خَلْفَهُ

Ибн Омар (р.а.) айтты: «Имам сәлем бергеннен соң арттағылар да сәлем беруін мақұлдар еді.»

800 - حَدَّثَنَا حَبَّانُ بْنُ مُوسَى قَالَ أَخْبَرَنَا عَبْدُ اللَّهِ قَالَ أَخْبَرَنَا مَعْمَرٌ عَنْ الزُّهْرِيِّ عَنْ مُحَمَّدِ بْنِ الرَّبِيعِ عَنْ عَثْبَانَ بْنِ مَالِكٍ قَالَ صَلَّى النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَسَلَّمْنَا حِينَ سَلَّمَ

800 – Ғұтбан (р.а.) айтты: «Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге намаз оқыдық, ол сәлем бергенде біз де сәлем бердік», - деді.

152-бап. «Имамның сәлеміне әлік қайтармаса да болады, намазда берілген сәлем кифая болады»,- деген кісі

801 - حَدَّثَنَا عَبْدَانُ قَالَ أَخْبَرَنَا عَبْدُ اللَّهِ قَالَ أَخْبَرَنَا مَعْمَرٌ عَنِ الزُّهْرِيِّ قَالَ أَخْبَرَنِي مُحَمَّدُ بْنُ الرَّبِيعِ وَزَعَمَ أَنَّهُ عَقَلَ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَعَقَلَ مَجَّةً مَجَّهَا مِنْ دَلْوٍ كَانَ فِي دَارِهِمْ قَالَ سَمِعْتُ عِثْبَانَ بْنَ مَالِكِ الْأَنْصَارِيِّ ثُمَّ أَحَدَ بَنِي سَالِمٍ قَالَ كُنْتُ أُصَلِّي لِقَوْمِي بَنِي سَالِمٍ فَأَتَيْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقُلْتُ إِنِّي أَنْكَرْتُ بَصْرِي وَإِنَّ السُّيُولَ تَحُولُ بَيْنِي وَبَيْنَ مَسْجِدِ قَوْمِي فَلَوَدِدْتُ أَنَّكَ جِئْتَ فَصَلَّيْتَ فِي بَيْتِي مَكَانًا حَتَّى أَخْذَهُ مَسْجِدًا فَقَالَ أَفْعَلُ إِنْ شَاءَ اللَّهُ فَعَدَا عَلَيَّ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَأَبُو بَكْرٍ مَعَهُ بَعْدَ مَا اشْتَدَّ النَّهَارُ فَاسْتَأْذَنَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَأَذِنْتُ لَهُ فَلَمْ يَجْلِسْ حَتَّى قَالَ أَيْنَ تُحِبُّ أَنْ أُصَلِّيَ مِنْ بَيْتِكَ فَأَشَارَ إِلَيْهِ مِنَ الْمَكَانِ الَّذِي أَحَبَّ أَنْ يُصَلِّيَ فِيهِ فَقَامَ فَصَفَّقْنَا خَلْفَهُ ثُمَّ سَلَّمَ وَسَلَّمْنَا حِينَ سَلَّمَ

801 – Махмуд ибн әр-Рабиғ (р.а.) риуаят етті: «Мен Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) жақсы есіме сақтағанмын, ол кісі біздің үйімізге келгенде, мен жас бала едім, бақырдан бір уыс су алып, әзілдесіп бетіме шашып жібергені де жақсы есімде. Маған Ғұтбан ибн Мәлік (р.а.) мына хадисті айтып берген еді: «Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) келіп: «Я Расулулла, көзімнің көруі нашарлады, мен өз қауымыммен намаз оқимын. Жаңбыр жауғанда менің үйім мен қауымымның арасындағы құрғақ жерде су жиналып, олардың мешітіне барып намаз оқып бере алмай жатырмын. Я Расулулла сізден өтінемін, менің үйіме барып, намаз оқысаңыз, мен сол жерді өзіме намаз оқитын жер етіп алайын»,- деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оған: «Иншалла, солай етермін»,- деді. Ғұтбан айтты: «Пайғамбарымыз бен (с.ғ.с.) Әбу Бәкір Сыддық (р.а.) ертеменен күн біраз көтерілгеннен кейін келді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) үйге кіруге рұқсат сұрады. Оларды үйге кіргіздім. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) үйге кіргеннен соң отырмастан: «Үйіңнің қай жеріне намаз оқып беруімді қалайсың?»,- деді Мен үйімнің өзіме ұнайтын жерін Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) көрсеттім. Ол кісі сол жерде намазға тәкбір тахрима айтты. Біз арт жағында сапқа тұрып ұйыдық. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сәлем бергенінде, біз де сәлем бердік. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) намазда қандай сәлем берсе, сондай ғып сәлем бердік, бірақ та әлік алмадық»,- деді.

153-бап. Намаздан кейін зікір айту туралы

802 - حَدَّثَنَا إِسْحَاقُ بْنُ نَصْرٍ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الرَّزَّاقِ قَالَ أَخْبَرَنَا ابْنُ جُرَيْجٍ قَالَ أَخْبَرَنِي عَمْرُو أَنَّ أَبَا مَعْبُدٍ مَوْلَى ابْنِ عَبَّاسٍ أَخْبَرَهُ أَنَّ ابْنَ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَخْبَرَهُ أَنَّ رَفَعَ الصَّوْتِ بِالذِّكْرِ حِينَ يَنْصَرِفُ النَّاسُ مِنَ الْمَكْتُوبَةِ كَانَ عَلَى عَهْدِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَقَالَ ابْنُ عَبَّاسٍ كُنْتُ أَعْلَمُ إِذَا انْصَرَفُوا بِذَلِكَ إِذَا سَمِعْتُهُ

802 – Ибн Аббастың (р.а.) азат етілген құлы Әбу Мағбад (р.а.) айтты: «Маған ибн Аббас (р.а.) былай деген еді: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) дәуірінде адамдар парыз намаздан кейін дауыстап зікір айтатын еді, мен оны жақсы есіме сақтап қалғанмын»,- деді.

Ибн Аббас (р.а.): «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) намазды бітіргенін тәкбір айтқанынан білетінмін»,- деді. (Намаздан соң. «Сұбхан алла, әлхамдулилла, Аллаһу акбар»,- деп зікір айту).

804 - حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ أَبِي بَكْرٍ قَالَ حَدَّثَنَا مُعْتَمِرٌ عَنْ عُبَيْدِ اللَّهِ عَنْ سَمِيِّ عَنْ أَبِي صَالِحٍ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ جَاءَ الْفُقَرَاءُ إِلَى النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالُوا ذَهَبَ أَهْلُ الدُّثُورِ مِنَ الْأَمْوَالِ بِالذَّرَجَاتِ الْعُلَا وَالنَّعِيمِ الْمُقِيمِ يُصَلُّونَ كَمَا نُصَلِّي وَيَصُومُونَ كَمَا نَصُومُ وَلَهُمْ فَضْلٌ مِنْ أَمْوَالٍ يَحْجُونَ بِهَا وَيَعْتَمِرُونَ وَيُجَاهِدُونَ وَيَتَصَدَّقُونَ قَالَ أَلَا أُحَدِّثُكُمْ إِنْ أَخَذْتُمْ أَدْرَكْتُمْ مِنْ سَبَقِكُمْ وَلَمْ يُدْرِكْكُمْ أَحَدٌ بَعْدَكُمْ وَكُنْتُمْ خَيْرَ مَنْ أَنْتُمْ بَيْنَ ظَهْرَانِيهِ إِلَّا مَنْ عَمِلَ مِثْلَهُ نُسَبِّحُونَ وَتَحْمَدُونَ وَتُكَبِّرُونَ خَلْفَ كُلِّ صَلَاةٍ ثَلَاثًا وَثَلَاثِينَ فَاخْتَلَفْنَا بَيْنَنَا فَقَالَ بَعْضُنَا نُسَبِّحُ ثَلَاثًا وَثَلَاثِينَ وَنَحْمَدُ ثَلَاثًا وَثَلَاثِينَ وَتُكَبِّرُ أَرْبَعًا وَثَلَاثِينَ فَرَجَعْتُ إِلَيْهِ فَقَالَ تَقُولُ سُبْحَانَ اللَّهِ وَالْحَمْدُ لِلَّهِ وَاللَّهُ أَكْبَرُ حَتَّى يَكُونَ مِنْهُنَّ كُلُّهُنَّ ثَلَاثًا وَثَلَاثِينَ

804 - Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті. «Пақырлар Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) жанына келіп: «Жәннаттың ең жақсы жерлері де, дүниенің ең жақсы нығметтері де байларға тиеді, ал біз қандай намаз оқып, ораза тұтсақ, олар да сондай намаз оқып, ораза тұтады ғой»,- десті. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оларға айтты: «Сендерге байлар жеткен мәртебеден де артығырақ мәртебеге жеткізетін бір нәрсені үйретейін бе? Егер (менің айтқандарымды қылсаңдар), сендерден жақсырақ адам болмайды, сендер жеткен мәртебеге ешкім жете алмайды. Құлақ салыңдар, әрбір парыз намаздан соң «Сұбхан алла, әлхамдулиллаһ және Аллаһу акбар»,- деп отыз үш мәртеден

айтасындар»,- деді. Сонда біз: «Субханалла 33-рет, Әлхамдулилла 33-рет, және Аллаһу акбар 34-рет деп өзара тартысып қалдық. Кейін Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдына кірдік. Сонда: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Сұбхан алла, әлхамдулилла мен Аллаһу акбарды 33-реттен айтасындар»,- деп айтты»,- деді Әбу Хурайра (р.а.).

805 - حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ يُوسُفَ قَالَ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ عَنْ عَبْدِ الْمَلِكِ بْنِ عُمَيْرٍ عَنْ وَرَادٍ كَاتِبِ الْمُغِيرَةِ بْنِ شُعْبَةَ قَالَ أَمَلَى عَلِيَّ الْمُغِيرَةَ بْنِ شُعْبَةَ فِي كِتَابِ إِلَى مُعَاوِيَةَ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ يَقُولُ فِي ذُبُرِ كُلِّ صَلَاةٍ مَكْتُوبَةٍ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَحْدَهُ لَا شَرِيكَ لَهُ لَهُ الْمُلْكُ وَلَهُ الْحَمْدُ وَهُوَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ اللَّهُمَّ لَا مَانِعَ لِمَا أُعْطِيَْتَ وَلَا مُعْطِيَّ لِمَا مَنَعْتَ وَلَا يَنْفَعُ ذَا الْجَدِّ مِنْكَ الْجَدُّ وَقَالَ شُعْبَةُ عَنْ عَبْدِ الْمَلِكِ بْنِ عُمَيْرٍ بِهِذَا وَعَنْ الْحَكَمِ عَنْ الْقَاسِمِ بْنِ مُخَيْمِرَةَ عَنْ وَرَادٍ بِهِذَا وَقَالَ الْحَسَنُ الْجَدُّ غَنَى

805 – Муғира ибн Шуғбаның хат жазушысы Уаррад (р.а.) риуаят етті: «Муғира Муғауйяға арнап былай деп хат жазды: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) әрбір парыз намаздан соң «Лә иләһә илла аллаһу уәхдаһу лә шарика ләһу, ләһул мүлкү уә ләһул хамд уә һуа ғала күлли шайин қадир. Аллаһумма лә маниға лима ағтайта уә лә муғтия лима манағта уә лә янфағу зәл-жадди минка-л-жадду»,- деп айтатын»,- деді.

154-бап. Имам намаздан соң сәлем берген соң, адамдарға қарап бұрылып отырады

806 - حَدَّثَنَا مُوسَى بْنُ إِسْمَاعِيلَ قَالَ حَدَّثَنَا جَرِيرُ بْنُ حَارِمٍ قَالَ حَدَّثَنَا أَبُو رَجَاءٍ عَنْ سَمُرَةَ بْنِ جُنْدَبٍ قَالَ كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا صَلَّى صَلَاةً أَقْبَلَ عَلَيْنَا بِوَجْهِهِ

Сумра ибн Жүндуб (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) намаз оқып болса, артқа бұрылып, бізге қарап отыратын еді.

807 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مَسْلَمَةَ عَنْ مَالِكٍ عَنْ صَالِحِ بْنِ كَيْسَانَ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُثْبَةَ بْنِ مَسْعُودٍ عَنْ زَيْدِ بْنِ خَالِدِ الْجُهَنِيِّ أَنَّهُ قَالَ صَلَّى لَنَا رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ صَلَاةَ الصُّبْحِ بِالْحُدَيْبِيَّةِ عَلَى إِثْرِ سَمَاءٍ كَانَتْ

مِنَ اللَّيْلَةِ فَلَمَّا انْصَرَفَ أَقْبَلَ عَلَى النَّاسِ فَقَالَ هَلْ تَدْرُونَ مَاذَا قَالَ رَبُّكُمْ قَالُوا اللَّهُ
 وَرَسُولُهُ أَعْلَمُ قَالَ أَصْبَحَ مِنْ عِبَادِي مُؤْمِنٌ بِي وَكَافِرٌ فَأَمَّا مَنْ قَالَ مُطِرْنَا بِفَضْلِ
 اللَّهِ وَرَحْمَتِهِ فَذَلِكَ مُؤْمِنٌ بِي وَكَافِرٌ بِالْكَوْكَبِ وَأَمَّا مَنْ قَالَ بِنَوْءٍ كَذَا وَكَذَا فَذَلِكَ
 كَافِرٌ بِي وَمُؤْمِنٌ بِالْكَوْكَبِ

807 – Зәйд ибн Халид әл-Жауһаний (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Худайбия деген жерде кешқұрым жауған жауынның дымқыл нәмінің үстінде бізбен бірге таң намазын оқыды. Намаздан соң Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жамағаттарға бұрылып: «Раббыларың не дейді, білесіңдер ме?»,- деп сұрады. Адамдар: «Алла мен оның елшісі біледі»,- десті. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Алла тағала: «Пенделерімнің кейбірі маған сеніп мұьмин болды, кейбіреулері болса, маған сенбей, кәпір болды. Бірақ кімде-кім біздің жаңбырымызды Алла тағаланың жақсылық рахметінен пайда болды, десе ол маған иман келтіріп, ірі жұлдыздарға сенуді жоққа шығарған болады. Бірақ кімде-кім пәлен жұлдыздың ондай болуы және пәленше жұлдыздың мұндай болуынан жауын жауды десе, ол кәпір болып, аспан денелеріне сиынған болады»,- деді.

808 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مُنِيرٍ سَمِعَ يَزِيدَ بْنَ هَارُونَ قَالَ أَخْبَرَنَا حُمَيْدٌ عَنْ
 أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ قَالَ أَخَّرَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ الصَّلَاةَ ذَاتَ لَيْلَةٍ إِلَى
 شَطْرِ اللَّيْلِ ثُمَّ خَرَجَ عَلَيْنَا فَلَمَّا صَلَّى أَقْبَلَ عَلَيْنَا بِوَجْهِهِ فَقَالَ إِنَّ النَّاسَ قَدْ صَلَّوْا
 وَرَقَدُوا وَإِنَّكُمْ لَنْ تَزَالُوا فِي صَلَاةٍ مَا أَنْتَظِرْتُمْ الصَّلَاةَ

808 - Әнас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір күні кұфтан намазын оқуды жарым түнге дейін кешіктірді. Намаздан соң бізге бұрылып: «Адамдар әлдеқашан намаздарын оқып болып ұйқыға жатты, ал сендер болсандар, хануздың⁹³ үстінде отырсыңдар»,- деді.

155-бап. Имамның сәлем бергеннен кейін де жайнамаз үстінде қалуы туралы

بَابُ مَكْتَبِ الْإِمَامِ فِي مُصَلَّاهُ بَعْدَ السَّلَامِ وَقَالَ لَنَا أَدَمُ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ أَيُّوبَ
 عَنْ نَافِعٍ قَالَ كَانَ ابْنُ عُمَرَ يُصَلِّي فِي مَكَانِهِ الَّذِي صَلَّى فِيهِ الْفَرِيضَةَ وَفَعَلَهُ
 الْقَاسِمُ وَيُذَكَّرُ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَفَعَهُ لَا يَتَطَوَّعُ الْإِمَامُ فِي مَكَانِهِ وَلَمْ يَصِحَّ

⁹³ Хануз-Құрма жапырағынан тоқылған жайнамаз.

Нафиғ (р.а.) риуаят етті: «Ибн Омар (р.а.) парыз намазды оқып болғаннан кейін жайнамаздан жылжымастан нәпіл намаз оқи беретін еді. Хазреті Әбу Бәкірдің (р.а.) немересі Қасым да солай қылатын», - деді.

Әбу Хурайра (р.а.) айтты: «Имам парыз оқыған жерде, нәпіл оқымайды, деген хадисті Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) дұрыс емес сілтеме беріседі», - деді.

809 - حَدَّثَنَا أَبُو الْوَلِيدِ حَدَّثَنَا إِبْرَاهِيمُ بْنُ سَعْدٍ حَدَّثَنَا الزُّهْرِيُّ عَنْ هِنْدِ بِنْتِ الْحَارِثِ عَنْ أُمِّ سَلَمَةَ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ إِذَا سَلَّمَ يَمُكِّثُ فِي مَكَانِهِ يَسِيرًا قَالَ ابْنُ شِهَابٍ فَنَرَى وَاللَّهِ أَعْلَمُ لِكَيْ يَنْفَعُ مَنْ يَنْصَرَفُ مِنَ النِّسَاءِ وَقَالَ ابْنُ أَبِي مَرْيَمَ أَخْبَرَنَا نَافِعُ بْنُ يَزِيدَ قَالَ أَخْبَرَنِي جَعْفَرُ بْنُ رَبِيعَةَ أَنَّ ابْنَ شِهَابٍ كَتَبَ إِلَيْهِ قَالَ حَدَّثَنِي هِنْدُ بِنْتُ الْحَارِثِ الْفِرَاسِيَّةُ عَنْ أُمِّ سَلَمَةَ زَوْجِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَكَانَتْ مِنْ صَوَاحِبَاتِهَا قَالَتْ كَانَ يُسَلِّمُ فَيَنْصَرَفُ النِّسَاءُ فَيَدْخُلْنَ بُيُوتَهُنَّ مِنْ قَبْلِ أَنْ يَنْصَرَفَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

809 – Үмму Сәлама (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) намазды бітіріп, сәлем бергеннен соң, әйелдер мешіттен шығып кететін еді. Олар Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мешіттен шыққанға дейін үйлеріне жетіп алатын», - деді.

156-бап. Имам (намаз бітіп, сәлем бергеннен соң) біраз зәру нәрсені ойлап намазхандарды тәрк етуі мүмкін бе?

810 - حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ عَبْدِ بْنِ مَيْمُونٍ قَالَ حَدَّثَنَا عَيْسَى بْنُ يُونُسَ عَنْ عُمَرَ بْنِ سَعِيدٍ قَالَ أَخْبَرَنِي ابْنُ أَبِي مُلَيْكَةَ عَنْ عُقْبَةَ قَالَ صَلَّيْتُ وَرَأَى النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِالْمَدِينَةِ الْعَصْرَ فَسَلَّمَ ثُمَّ قَامَ مُسْرَعًا فَتَخَطَّى رِقَابَ النَّاسِ إِلَى بَعْضِ حُجَرِ نِسَائِهِ فَفَزَعَ النَّاسُ مِنْ سُرْعَتِهِ فَخَرَجَ عَلَيْهِمْ فَرَأَى أَنَّهُمْ عَجِبُوا مِنْ سُرْعَتِهِ فَقَالَ ذَكَرْتُ شَيْئًا مِنْ تَبَرٍّ عِنْدَنَا فَكْرَهْتُ أَنْ يَحْسِبَنِي فَأَمَرْتُ بِقِسْمَتِهِ

810 - ҒҒуқба (р.а.) риуаят етті: «Мединеде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бізге намазда имамдық қылды. Намаз бітіп, сәлем бергеннен соң, жамағаттың арасынан өтіп, әйелдерінің бірінің бөлмесіне кіріп кетті. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) асығыс тұрып кеткені жамағатты әртүрлі ойға салды. Біраздан кейін ол кісі бөлмеден қайтадан шығып келіп, асығыс тұрып кеткенінің себебін айтты: «Бізде біраз ділдә ақша бар еді, сол есіме

түсіп кетті. Ойымды бөле ме деп адамдарға үлестіріп беруді бұйырдым»,- деді.

157-бап. Сол немесе оң жағымен намазхандарға бұрылып қарау туралы

بَابِ الْإِنْفِتَالِ وَالْإِنصِرَافِ عَنِ الْيَمِينِ وَالشَّمَالِ وَكَانَ أَنَسُ بْنُ مَالِكٍ يَنْفَتِلُ عَنْ يَمِينِهِ وَعَنْ يَسَارِهِ وَيَعِيبُ عَلَى مَنْ يَتَوَخَّى أَوْ مَنْ يَعْمِدُ الْإِنْفِتَالَ عَنْ يَمِينِهِ

Әнас (р.а.) оң жағымен де, сол жағымен де намазхандарға бұрылып қарай беретін еді. Тек қана бір жағымен бұрылып қарайтындарды айыптайтын еді.

811 - حَدَّثَنَا أَبُو الْوَلِيدِ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ سُلَيْمَانَ عَنْ عُمَارَةَ بْنِ عُمَيْرٍ عَنْ الْأَسْوَدِ قَالَ قَالَ عَبْدُ اللَّهِ لَا يَجْعَلْ أَحَدُكُمْ لِلشَّيْطَانِ شَيْئًا مِنْ صَلَاتِهِ يَرَى أَنْ حَقًّا عَلَيْهِ أَنْ لَا يَنْصَرِفَ إِلَّا عَنْ يَمِينِهِ لَقَدْ رَأَيْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَثِيرًا يَنْصَرِفُ عَنْ يَسَارِهِ

811 - Әсуад (р.а.) риуаят етті: «Абдулла ибн Масғуд (р.а.) айтты: «Еш қайсың өзінше, тек қана оң жақпен бұрылу керек деп айтып, шайтанға намазыннан бөліп берме! Мен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сол жағымен де бұрылғаның көп көргенмін»,- деді.

158-бап. Шікі сарымсақ, жабайы пияз жеу туралы

812 - حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا يَحْيَى عَنْ عُبَيْدِ اللَّهِ قَالَ حَدَّثَنِي نَافِعٌ عَنْ ابْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ فِي غَزْوَةِ خَيْبَرَ مَنْ أَكَلَ مِنْ هَذِهِ الشَّجَرَةِ يَعْنِي الثُّومَ فَلَا يَفْرَبَنَّ مَسْجِدَنَا

812 – Ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Хайбар соғысы болып жатқан күндердің бірінде: «Кімде-кім мына сарымсақтан жеген болса, біздің мешітімізге жақындамасын!»,- деп айтқан»,- деді.

813 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مُحَمَّدٍ قَالَ حَدَّثَنَا أَبُو عَاصِمٍ قَالَ أَخْبَرَنَا ابْنُ جُرَيْجٍ قَالَ أَخْبَرَنِي عَطَاءٌ قَالَ سَمِعْتُ جَابِرَ بْنَ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ

عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَنْ أَكَلَ مِنْ هَذِهِ الشَّجَرَةِ يُرِيدُ الثُّومَ فَلَا يَعْشَانَا فِي مَسَاجِدِنَا قُلْتُ مَا
يَعْنِي بِهِ قَالَ مَا أَرَاهُ يَعْنِي إِلَّا نَبِيَّهُ وَقَالَ مَخْلُذُ بْنُ يَزِيدَ عَنْ ابْنِ جُرَيْجٍ إِلَّا نَتْنَهُ

813 – Жәбир ибн Абдулла (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Кімде-кім мына сарымсақтан жеген болса, біздің мешіттерімізге келмесін!», - деп айтқан», - деді.

814 - حَدَّثَنَا سَعِيدُ بْنُ عَفِيرٍ قَالَ حَدَّثَنَا ابْنُ وَهْبٍ عَنْ يُونُسَ عَنْ ابْنِ
شِهَابٍ زَعَمَ عَطَاءُ أَنَّ جَابِرَ بْنَ عَبْدِ اللَّهِ زَعَمَ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ
مَنْ أَكَلَ ثُومًا أَوْ بَصَلًا فَلْيَعْتَزِلْنَا أَوْ قَالَ فَلْيَعْتَزِلْ مَسْجِدَنَا وَلْيَقْعُدْ فِي بَيْتِهِ وَأَنَّ
النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَتَى بِقَدْرٍ فِيهِ خَضِرَاتٌ مِنْ بُقُولٍ فَوَجَدَ لَهَا رِيحًا
فَسَأَلَ فَأَخْبَرَ بِمَا فِيهَا مِنَ الْبُقُولِ فَقَالَ قَرَّبُوهَا إِلَيَّ بَعْضُ أَصْحَابِهِ كَانَ مَعَهُ فَلَمَّا
رَأَاهُ كَرِهَ أَكْلَهَا قَالَ كُلُّ فَنَائِي أَنَا حِي مَنْ لَا تُنَاجِي وَقَالَ أَحْمَدُ بْنُ صَالِحٍ عَنْ ابْنِ
وَهْبٍ أَتَى بِبَدْرٍ وَقَالَ ابْنُ وَهْبٍ يَعْنِي طَبَقًا فِيهِ خَضِرَاتٌ وَلَمْ يَذْكَرِ اللَّيْثُ وَأَبُو
صَفْوَانَ عَنْ يُونُسَ قِصَّةَ الْقَدْرِ فَلَا أُدْرِي هُوَ مِنْ قَوْلِ الزُّهْرِيِّ أَوْ فِي الْحَدِيثِ

814 - Ғата (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) шикі сарымсақты айтты ма әлде піскенін ба?», - деп менен сұрады. Мен: «Есімдегісі - тек қана шикіні айтты», - деп жауап бердім.

Ғата (р.а.) Жәбир ибн Абдулладан естігенін ибн Шихабқа былай деп риуаят еткен екен: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кімде-кім (шикі) сарымсақ немесе» пияз (чеснок) жесе, бізден де, мешіттерімізден де алысырақ жүрсін, үйінде отырсын!», - деп айтқан», - деді.

Бір уақыттарда Пайғамбарымызға сарымсақ араластырып дайындалған тамақ әкелді. Онда бір түрлі иіс барлығын сезіп, неден жасалғанын сұрады. Тамақтың ішінде сарымсақтың бар екенін айтып берісті. Содан соң Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Сахабаларды тамаққа шақырды, бірақ олар ол кісінің өзінің жемегені үшін тартынды. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Сендер жей беріңдер, маған болмайды, өйткені мен періштелермен сөйлесем, олар бұл иісті ұнатпайды», - деді.

815 - حَدَّثَنَا أَبُو مَعْمَرٍ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْوَارِثِ عَنْ عَبْدِ الْعَزِيزِ قَالَ سَأَلَ رَجُلٌ
أَنْسَ بَنَ مَالِكٍ مَا سَمِعْتَ نَبِيَّ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَقُولُ فِي الثُّومِ فَقَالَ قَالَ
النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَنْ أَكَلَ مِنْ هَذِهِ الشَّجَرَةِ فَلَا يَقْرَبْنَا أَوْ لَا يُصَلِّينَا مَعَنَا

815 - Абдулазиз (р.а.) риуаят етті: «Бір кісі Өнастан (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сарымсақ туралы не айтты?»,- деп сұрады. Өнас (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кімде-кім мына сарымсақты жесе, бізге жақындамасын және бізбен бірге намаз оқымасын!»,- деп айтқан».

**159-бап. Қашан балаларға ғұсыл мен дәрет алу уәжіп болады?
Жамағат пен айт намаздарына қашан қатысады**

816 - حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ الْمُثَنَّى قَالَ حَدَّثَنِي عُذْرٌ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ قَالَ

سَمِعْتُ سُلَيْمَانَ الشَّيْبَانِيَّ قَالَ سَمِعْتُ الشَّعْبِيَّ قَالَ أَخْبَرَنِي مَنْ مَرَّ مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَلَى قَبْرِ مَنبُودٍ فَأَمَّهُمْ وَصَفُّوا عَلَيْهِ فَقُلْتُ يَا أَبَا عَمْرٍو مَنْ حَدَّثَكَ فَقَالَ ابْنُ عَبَّاسٍ

816 - Шағбий (р.а.) мына хадисті Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге тастанды баланың қабіріне барып, жаназа оқыған кісіден естіпті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жаназада имамдық қылды. Адамдар Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) ұйыды (жас балалар да қатынасты). Сүлеймен (р.а.) менен: «Бұл хадисті кім айтып берген еді?»,- деп сұрады. Мен: «Ибн Аббас (р.а.)», - дедім.

817 - حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ حَدَّثَنَا سُفْيَانٌ قَالَ حَدَّثَنِي صَفْوَانُ بْنُ

سُلَيْمٍ عَنْ عَطَاءِ بْنِ يَسَارٍ عَنْ أَبِي سَعِيدٍ الْخُدْرِيِّ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ الْغُسْلُ يَوْمَ الْجُمُعَةِ وَاجِبٌ عَلَى كُلِّ مُحْتَلِمٍ

817 - Әбу Саьид әл-Худрий (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Жұма күні ғұсыл алу - әрбір Балағат жасына жеткен адамға уәжіп (парыз)», - деді.

818 - حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ أَخْبَرَنَا سُفْيَانٌ عَنْ عَمْرٍو قَالَ أَخْبَرَنِي

كُرَيْبٌ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ بَتُّ عِنْدَ خَالَتِي مَيْمُونَةَ لَيْلَةً فَقَامَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَلَمَّا كَانَ فِي بَعْضِ اللَّيْلِ قَامَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَتَوَضَّأَ مِنْ شَنْ مَعْلَقٍ وَضُوءًا خَفِيفًا يُخَفِّفُهُ عَمْرٍو وَيَقْلِلُهُ جِدًّا ثُمَّ قَامَ يُصَلِّي فَفَمِتُ فَتَوَضَّأْتُ نَحْوًا مِمَّا تَوَضَّأْتُ ثُمَّ جِئْتُ فَفَمِتُ عَنْ يَسَارِهِ فَحَوْلَنِي فَجَعَلَنِي عَنْ يَمِينِهِ ثُمَّ صَلَّى مَا شَاءَ اللَّهُ ثُمَّ اضْطَجَعَ فَنَامَ حَتَّى نَفَخَ قَاتَاهُ الْمُنَادِي

يَأْتِيهِ بِالصَّلَاةِ فَقَامَ مَعَهُ إِلَى الصَّلَاةِ فَصَلَّى وَلَمْ يَتَوَضَّأْ فَلَنَا لِعَمْرٍو إِنَّ نَاسًا يَقُولُونَ
 إِنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ تَنَامُ عَيْنُهُ وَلَا يَنَامُ قَلْبُهُ قَالَ عَمْرٍو سَمِعْتُ عُبَيْدَ بْنَ
 عَمِيرٍ يَقُولُ إِنَّ رُؤْيَا الْأَنْبِيَاءِ وَحْيٌ ثُمَّ قَرَأَ لِي فِي الْمَنَامِ أَنِّي أُدْبِكُكَ

818 – Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «: «Маймунаның (нағашымдікінде) үйінде түнеп қалдым. Пайғамбарымызда (с.ғ.с.) ұйықтауға жатты. Түннің бір бөлігі өткеннен соң Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) орнынан тұрып, қабырғада ілулі тұрған торсықты алып, содан соң жеңіл-желпі дәрет алып, намаз оқи бастады. Мен де ол кісі сияқты дәрет алып, сол жағына барып тұрып едім, мені оң жағына өткізіп қойды. Содан соң, Алла тағала қалағанша намаз оқыды, кейін жанбастап жатты, тіпті, қорылдағаны да естілді. Біраздан кейін ол кісіні азаншы келіп шақырды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қайтадан дәрет алмай, азаншымен бірге намазға шығып кетті.

Суфян (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) көздері ұйықтағанымен, жүрегі ояу болады», - деді.

Ғамр (р.а.): «Пайғамбарлардың көрген түстері – Алла тағаланың оларға жіберген уәхиі», - деп: «Мен түсімде, сені Алла жолында құрбан қылып жатқан екенмін», - деген аятты оқыды.

819 - حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ قَالَ حَدَّثَنِي مَالِكٌ عَنْ إِسْحَاقَ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ أَبِي

طَلْحَةَ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ أَنَّ جَدَّتَهُ مُلَيْكَةَ دَعَتْ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ
 لَطْعَامٍ صَنَعْتَهُ فَأَكَلَ مِنْهُ فَقَالَ فُؤَمُوا فَلِأَصْلِي بِكُمْ فَفُئِمْتُ إِلَى حَصِيرٍ لَنَا قَدْ اسْوَدَّ
 مِنْ طَوْلٍ مَا لَيْتَ فَنَضَحْتُهُ بِمَاءٍ فَقَامَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَالْيَتِيمُ
 مَعِي وَالْعَجُوزُ مِنْ وَرَائِنَا فَصَلَّى بِنَا رَكَعَيْنِ

819 - Әнас ибн Мәлік айтты: «Үлкен әжем Мулайка тамақ даярлап, Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) шақырды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өзіне арналып әзірленген тамақтан жеді. Содан соң: «Тұрыңыздар, бірге намаз оқимыз, мен имамдық қыламын», - деді. Мен тұрып, көп қолданыстан ескіріп, қарайып тозып кеткен **бойраға**⁹⁴ су шашып тазаладым. Содан кейін Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бойраның үстіне шықты. Мен және бір жетім бала артына тұрдық. Әжем болса, біздің артымызға тұрды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) екі рәкат намаз оқыды.

⁹⁴ Бойра- Шиден тоқылған алаша.

820 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مَسْلَمَةَ عَنْ مَالِكٍ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ عُبَيْدِ اللَّهِ بْنِ

عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُثْبَةَ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّهُ قَالَ أَقْبَلْتُ رَاكِبًا عَلَى حِمَارٍ أَتَانِ وَأَنَا يَوْمَئِذٍ قَدْ نَاهَزْتُ الْإِحْتِلَامَ وَرَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُصَلِّي بِالنَّاسِ بِمِنَى إِلَى غَيْرِ جِدَارٍ فَمَرَرْتُ بَيْنَ يَدَيْ بَعْضِ الصَّفِّ فَنَزَلْتُ وَأُرْسَلْتُ الْآتَانِ تَرْتَعُ وَدَخَلْتُ فِي الصَّفِّ فَلَمْ يُنْكَرْ ذَلِكَ عَلَيَّ أَحَدٌ

820 – Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Бір күні ұрғашы есекке мініп, Минаға келдім. Балағат жасына жетіп қалған кезім болатын. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Минада сутра белгісіз адамдармен намаз оқып жатқан екен. Кейбір бір саптарды аралап өттім де, есектен түсіп, оны жайылуға қоя бердім, кейін сапқа келіп тұрдым. Бұлай қылғаным үшін маған ешкім ескерту бермеді», - деді.


Жұма кітабы

1-бап. Жұманың парыз екендігі туралы

لَقَوْلِ اللَّهِ تَعَالَى إِذَا نُودِيَ لِلصَّلَاةِ مِنْ يَوْمِ الْجُمُعَةِ فَاسْعَوْا إِلَى ذِكْرِ اللَّهِ
وَدَرُّوا النَّبِيعَ ذَلِكَ خَيْرٌ لَكُمْ إِنْ كُنْتُمْ تَعْلَمُونَ

Алла тағала құран кәрімде: «Егер де жұма күні жұма намазына азан шақырылса, сауда саттықты қойып, Алла тағаланы еске алуға асығындар. Егерде білсеңдер, Алла тағаланы еске алуға асығу сендер үшін қайырлы¹», - деді.

1- حَدَّثَنَا أَبُو الْيَمَانِ قَالَ أَخْبَرَنَا شُعَيْبٌ قَالَ حَدَّثَنَا أَبُو الزُّنَادِ أَنَّ عَبْدَ
الرَّحْمَنِ بْنَ هُرْمُزَ الْأَعْرَجَ مَوْلَى رِبِيعَةَ بْنِ الْحَارِثِ حَدَّثَهُ أَنَّهُ سَمِعَ أَبَا هُرَيْرَةَ
رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّهُ سَمِعَ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَقُولُ نَحْنُ الْآخِرُونَ
السَّابِقُونَ يَوْمَ الْقِيَامَةِ بَيِّدَ أَنَّهُمْ أَوْثُوا الْكِتَابَ مِنْ قَبْلِنَا ثُمَّ هَذَا يَوْمُهُمُ الَّذِي فُرِضَ
عَلَيْهِمْ فَاحْتَلَفُوا فِيهِ فَهَدَانَا اللَّهُ فَالْتَأَسُّ لَنَا فِيهِ تَبِعَ الْيَهُودُ غَدًا وَالتَّصَارَى بَعْدَ غَدٍ

1- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Бұл дүниеде біз ең соңғысымыз, ал бірақ-та қиямет күнінде ең біріншісі боламыз. Кітап иелеріне бізден бұрын кітап түскендіктен, оларға да жұма күні апталық мейрам сияқты парыз етілген. Бірақ-та олар жұма күнін мейрам қылуға өзара келісе алмады. Бұл күнді мейрам қылуымызды Алла тағала бізге нәсіп етті. Бізден кейінгілер де мейрам қылады. Яһудилер болса, бұл күннің ертеңін, ал насаралар болса, одан арғы күнді мейрам қылды», - деді.

¹ 62. «Жұма», - 9 аят.

2-бап. Жұма күні ғұсыл құйынудың абзалдығы және балағат жасқа жетпеген балалардың және әйелдердің жұмаға қатынасуы қажет пе?

2- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ نَافِعٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ إِذَا جَاءَ أَحَدُكُمْ الْجُمُعَةَ فَلْيَغْتَسِلْ

2 - Абдулла ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Қайсы бірін болсаң да жұмаға ғұсыл құйынып келіңдер!»,- деді.

3- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مُحَمَّدٍ بْنُ أَسْمَاءَ قَالَ أَخْبَرَنَا جُوَيْرِيَةُ بْنُ أَسْمَاءَ عَنْ مَالِكٍ عَنِ الزُّهْرِيِّ عَنْ سَالِمِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ عَنْ ابْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ عُمَرَ بْنَ الْخَطَّابِ بَيْنَمَا هُوَ قَائِمٌ فِي الْخُطْبَةِ يَوْمَ الْجُمُعَةِ إِذْ دَخَلَ رَجُلٌ مِنَ الْمُهَاجِرِينَ الْأَوَّلِينَ مِنْ أَصْحَابِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَنَادَاهُ عُمَرُ أَيُّهُ سَاعَةٌ هَذِهِ قَالَ إِنِّي شُغِلْتُ فَلَمْ أَنْقَلِبْ إِلَى أَهْلِي حَتَّى سَمِعْتُ التَّأْذِينَ فَلَمْ أَرُدْ أَنْ تَوَضَّأْتُ فَقَالَ وَالْوَضُوءُ أَيْضًا وَقَدْ عَلِمْتَ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ يَأْمُرُ بِالْغُسْلِ

3 - Ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Омар ибн әл-Хаттаб (р.а.) жұма күні мінберде тік тұрып уағыз айтып жатқан еді. Сол кезде Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сахабаларының бірі мешітке кіріп келді. Сонда Хазреті Омар (р.а.) дауысын көтеріңкіреп: «Қазір қай уақыт болды? (не үшін кешіктің)»,-деді. Әлгі кісі: «Мен бір іспенен шұғылданып жатыр едім, үйіме де барғаным жоқ, азанды ести салып, дәрет алдым да мешітке асықтым»,- деді. Сонда хазреті Омар (р.а.): «Ғұсыл құйынбастан дәрет ала салғанын қараңдар! Сен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) жұма намазына ғұсыл құйынып келуді бұйырғандығын білетін шығарсын»,-деді.

4- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ صَفْوَانَ بْنِ سُلَيْمٍ عَنْ عَطَاءِ بْنِ يَسَارٍ عَنْ أَبِي سَعِيدٍ الْخُدْرِيِّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ غُسْلُ يَوْمِ الْجُمُعَةِ وَاجِبٌ عَلَى كُلِّ مُحْتَلِمٍ

4 - Әбу Саьид әл-Худрий (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Жұма күні ғұсыл құйыну әр бір балағат жасына жеткен адам үшін уәжіп!», - деп айтқан», - деді.

3-бап. Жұма намазына жұпар иісті сулардан себініп бару туралы

5- حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ جَعْفَرٍ قَالَ حَدَّثَنَا حَرَمِيُّ بْنُ عُمَارَةَ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ أَبِي بَكْرٍ بْنِ الْمُنْكَدِرِ قَالَ حَدَّثَنِي عَمْرُو بْنُ سُلَيْمٍ الْأَنْصَارِيُّ قَالَ أَشْهَدُ عَلَى أَبِي سَعِيدٍ قَالَ أَشْهَدُ عَلَى رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ الْغُسْلُ يَوْمَ الْجُمُعَةِ وَاجِبٌ عَلَى كُلِّ مُحْتَلِمٍ وَأَنْ يَسْتَنَّ وَأَنْ يَمَسَّ طَيِّبًا إِنْ وَجَدَ

5 - Әбу Саьид (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Жұма күні ғұсыл құйыну, содан кейін тіс тазалау, табылса хош иіс себініп бару әр бір балағат жасына жеткен адамға уәжіп», - деді.

وَجَدَ قَالَ عَمْرُو أَمَّا الْغُسْلُ فَأَشْهَدُ أَنَّهُ وَاجِبٌ وَأَمَّا الْإِسْتِنَانُ وَالطَّيِّبُ فَاللَّهُ أَعْلَمُ أَوْاجِبٌ هُوَ أَمْ لَا وَلَكِنْ هَكَذَا فِي الْحَدِيثِ قَالَ أَبُو عَبْدِ اللَّهِ هُوَ أَخُو مُحَمَّدِ بْنِ الْمُنْكَدِرِ وَلَمْ يُسَمَّ أَبُو بَكْرٍ هَذَا رَوَاهُ عَنْهُ بُكَيْرُ بْنُ الْأَشَّجِّ وَسَعِيدُ بْنُ أَبِي هِلَالٍ وَعَدَّةٌ وَكَانَ مُحَمَّدُ بْنُ الْمُنْكَدِرِ يُكْنَى بِأَبِي بَكْرٍ وَأَبِي عَبْدِ اللَّهِ

Ғамр (р.а.) айтты: «Ғұсыл құйынудың уәжіп екендігіне куәлік етемін, бірақ-та тіс тазалау мен хош иіс себіну уәжіп пе жоқ па, оны бір Алла біледі. Бірақ-та хадисте болса уәжіп деп айтылған», - деді.

4-бап. Жұманың артықшылықтары туралы

6 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ سُمَيِّ مَوْلَى أَبِي بَكْرٍ بْنِ عَبْدِ الرَّحْمَنِ عَنْ أَبِي صَالِحِ السَّمَّانِ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ مَنْ اغْتَسَلَ يَوْمَ الْجُمُعَةِ غُسْلَ الْجَنَابَةِ ثُمَّ رَاحَ فَكَأَنَّمَا قَرَّبَ بَدَنَهُ وَمَنْ رَاحَ فِي السَّاعَةِ الثَّانِيَةِ فَكَأَنَّمَا قَرَّبَ بَقْرَةً وَمَنْ رَاحَ فِي السَّاعَةِ الثَّلَاثَةِ فَكَأَنَّمَا قَرَّبَ كَنْبَشًا أَقْرَنَ وَمَنْ رَاحَ فِي السَّاعَةِ الرَّابِعَةِ فَكَأَنَّمَا قَرَّبَ دَجَاجَةً

وَمَنْ رَاحَ فِي السَّاعَةِ الْخَامِسَةِ فَكَأَنَّمَا قَرَّبَ بَيْضَةً فَإِذَا خَرَجَ الْإِمَامُ حَضَرَتْ
الْمَلَائِكَةُ يَسْتَمِعُونَ الذِّكْرَ

6-Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Кімде-кім жұма күні (жүніп болғанда құйынатындай етіп) ғұсыл құйынып, мешітке бірінші болып келсе, ол бір түйені құрбандық шалғанның сауабын алады. Ал кімде-кім екінші болып келсе, ол бір сиырды құрбандыққа шалғанның сауабын алады. Ал кімде-кім үшінші болып келсе, ол бір қойды құрбандыққа шалғанның сауабын алады. Ал кімде-кім төртінші болып келсе, ол бір тауықты садақа еткеннің сауабын алады. Ал бесінші болып келген адам бір жұмыртқа садақа еткеннің сауабын алады. Имам уағыз айтқалы шықса, періштелерде уағыз тыңдауға ыңғайланар. Бірақ-та бұдан кейін кешігіп келгендерге періштелер сауап жазбайды», - деді.

5-бап.

7- حَدَّثَنَا أَبُو نُعَيْمٍ قَالَ حَدَّثَنَا شَيْبَانُ عَنْ يَحْيَى هُوَ ابْنُ أَبِي كَثِيرٍ عَنْ أَبِي
سَلْمَةَ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ أَنَّ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ بَيْنَمَا هُوَ يَخْطُبُ يَوْمَ الْجُمُعَةِ إِذْ
دَخَلَ رَجُلٌ فَقَالَ عُمَرُ بْنُ الْخَطَّابِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ لِمَ تَحْتَبِسُونَ عَنِ الصَّلَاةِ فَقَالَ
الرَّجُلُ مَا هُوَ إِلَّا أَنْ سَمِعْتُ النِّدَاءَ تَوَضَّأْتُ فَقَالَ أَلَمْ تَسْمَعُوا النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ
وَسَلَّمَ قَالَ إِذَا رَاحَ أَحَدُكُمْ إِلَى الْجُمُعَةِ فَلْيَغْتَسِلْ

7-Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Хазреті Омар (р.а.) жұма күні уағыз айтып тұрған болатын. Мешітке бір кісі кіріп келді. Сонда Хазреті Омар (р.а.) оған: «Намазға неге кешіктің?», - деді. Ол кісі: «Азанды естідім де бірден дәрет алып мешітке келдім», - деді. Сонда хазреті Омар (р.а.): «Сен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Әр қайсын Жұма намазына ғұсыл құйынып барыңдар!», - дегенің естімегенбісің?», - деді.

6-бап. Жұмаға хош иісті мисктер² жағынып бару туралы

8 - حَدَّثَنَا آدَمُ قَالَ حَدَّثَنَا ابْنُ أَبِي ذَنْبٍ عَنْ سَعِيدِ الْمَقْبُرِيِّ قَالَ أَخْبَرَنِي أَبِي
عَنْ ابْنِ وَدِيعَةَ عَنْ سَلْمَانَ الْفَارِسِيِّ قَالَ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَا يَغْتَسِلُ
رَجُلٌ يَوْمَ الْجُمُعَةِ وَيَتَطَهَّرُ مَا اسْتَطَاعَ مِنْ طَهْرٍ وَيَدَّهِنُ مِنْ دُهْنِهِ أَوْ يَمَسُّ مِنْ

² Миск – Хош иісті гүлдің сығынды майы.

طَيْبِ بَيْتِهِ ثُمَّ يَخْرُجُ فَلَا يُفَرِّقُ بَيْنَ اثْنَيْنِ ثُمَّ يُصَلِّي مَا كُتِبَ لَهُ ثُمَّ يُنْصِتُ إِذَا تَكَلَّمَ
الْإِمَامُ إِلَّا غُفِرَ لَهُ مَا بَيْنَهُ وَبَيْنَ الْجُمُعَةِ الْأُخْرَى

8- Салман Фарсий (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) «Кімде-кім жұма күні ғұсыл құйынып, шамасының жеткенінше тазаланып, хош иісті мискті (әтір) шашына, сақалына жағып, немесе үйінен табылған хош иісті сулардан себініп, мешітке келіп, екі кісінің арасынан оларға кедергі қылмай өтіп, Алла тағала нәсіп еткенше намаз оқыса, имам уағыз айтқанда тыныш отырып тындаса, осы жұма менен өткен жұманың арасындағы күналарының баршасы кешіріледі», - деді.

9 - حَدَّثَنَا أَبُو الْيَمَانِ قَالَ أَخْبَرَنَا شُعَيْبٌ عَنْ الزُّهْرِيِّ قَالَ طَاوُسٌ قُلْتُ لِابْنِ عَبَّاسٍ ذَكَرُوا أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ اغْتَسِلُوا يَوْمَ الْجُمُعَةِ وَاغْسِلُوا رُءُوسَكُمْ وَإِنْ لَمْ تَكُونُوا جُنُبًا وَأَصِيبُوا مِنَ الطَّيِّبِ قَالَ ابْنُ عَبَّاسٍ أَمَّا الْغُسْلُ فَنَعَمْ وَأَمَّا الطَّيِّبُ فَلَا أُدْرِي

9 – Тауыс (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) «Жұма күні жүніп болмасаңдар да ғұсыл құйыныңдар, бастарыңды жуыңдар, үстілеріне хош иістен себініңдер!», - деген», - деседі, ал ол туралы сіз не дейсіз», - деп ибн Аббастан сұрадым. Сонда ибн Аббас (р.а.): «Иә, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) ғұсыл туралы солай деп айтқан, бірақ хош иісті нәрселер туралы не дегенін білмеймін», - деді.

10 - حَدَّثَنَا إِبْرَاهِيمُ بْنُ مُوسَى قَالَ أَخْبَرَنَا هِشَامٌ أَنَّ ابْنَ جُرَيْجٍ أَخْبَرَهُمْ قَالَ أَخْبَرَنِي إِبْرَاهِيمُ بْنُ مَيْسَرَةَ عَنْ طَاوُسٍ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّهُ ذَكَرَ قَوْلَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي الْغُسْلِ يَوْمَ الْجُمُعَةِ فَقُلْتُ لِابْنِ عَبَّاسٍ أَيَمَسُّ طَيِّبًا أَوْ دُهْنًا إِنْ كَانَ عِنْدَ أَهْلِهِ فَقَالَ لَا أَعْلَمُهُ

10 – Ибн Аббас (р.а.) Пайғамбарымыздың (с.ғ. с.) жұма күні ғұсыл құйыну туралы айтқан сөздерін айтып берді. Тауыс айтты мен Ибн Аббастан (р.а.): «Хош иісті нәрселерді себеді ме, әлде бар болса хош иісті майлардан себеді ме?», - деп сұрадым», - деді. Сонда ибн Аббас (р.а.): «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) қайсысын айтқанын анық білмеймін», - деді.

7-бап. Жұма намазына ең жақсы киімдерді киіп бару туралы

11 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ نَافِعٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ أَنَّ عُمَرَ بْنَ الْخَطَّابِ رَأَى حُلَّةَ سَيِّرَاءَ عِنْدَ بَابِ الْمَسْجِدِ فَقَالَ يَا رَسُولَ اللَّهِ لَوْ اشْتَرَيْتَ هَذِهِ فَلَبِسْتَهَا يَوْمَ الْجُمُعَةِ وَلِلْوَفْدِ إِذَا قَدِمُوا عَلَيْكَ فَقَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِنَّمَا يَلْبَسُ هَذِهِ مَنْ لَا خَلْقَ لَهُ فِي الْآخِرَةِ ثُمَّ جَاءَتْ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مِنْهَا حُلَّةٌ فَأَعْطَى عُمَرَ بْنَ الْخَطَّابِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ مِنْهَا حُلَّةً فَقَالَ عُمَرُ يَا رَسُولَ اللَّهِ كَسَوْتَنِيهَا وَقَدْ قُلْتَ فِي حُلَّةِ عَطَارِدٍ مَا قُلْتَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِنِّي لَمْ أَكْسُهَا لِتَلْبَسَهَا فَكَسَاهَا عُمَرُ بْنُ الْخَطَّابِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَحَا لَهُ بِمَكَّةَ مُشْرِكًا

11 - Абдулла ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Омар ибн әл-Хаттаб (р.а.) мешіттің алдында жібек шапан сатып жатқандарды көріп Пайғамбарымызға (с.ғ.с.): «Я Расулулла, мына шапаннан сатып алсаңыз жұмада және меймандар келгенде киер едіңіз»,- деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Бұндай шапанды ахиреттен үмітін үзген адам ғана киеді»,- деді. Кейінірек Пайғамбарымызға осы шапандардың бір нешеуін сыйлыққа беріп жіберді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) шапандардың біреуін хазреті Омарға (р.а.) берді. Хазреті Омар (р.а.): «Я Расулулла, бұл жібек шапанды маған бердіңіз бірақ-та бұл туралы өзіңіз басқаша деп едіңіз?!»,- деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Мен саған шапанды өзін ки деп бергенім жоқ»,- деді. Хазреті Омар ибн әл-Хаттаб (р.а.) ол шапанды Меккедегі мүшірік ағасына кигізіп жіберді»,- деді.

8-бап. Жұма күні мисуакпенен тіс тазалау туралы

قَالَ أَبُو سَعِيدٍ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَسْتَنُّ

Әбу Саьид әл-Худрий (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) тісін мисуакпенен тазалайтын»,- деді.

12 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ أَبِي الزِّنَادِ عَنِ الْأَعْرَجِ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ لَوْلَا أَنْ أَشْتَقَّ عَلَى أُمَّتِي أَوْ عَلَى النَّاسِ لَأَمَرْتَهُمْ بِالسَّوَالِكِ مَعَ كُلِّ صَلَاةٍ

12 - Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Үмбетіме ауыртпашылық болады деп ойламағанымда, әр намаздың алдында тістерін мисуакпен тазалауға бұйыратын едім», - деді.

13 - حَدَّثَنَا أَبُو مَعْمَرٍ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْوَارِثِ قَالَ حَدَّثَنَا شُعَيْبُ بْنُ الْحَبَابِ

حَدَّثَنَا أَنَسٌ قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَكْثَرْتُ عَلَيْكُمْ فِي السَّوَاكِ

13 - Әнас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Сендерге мисуакпен тіс тазалау туралы өте көп айттым», - деді.

14 - حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ كَثِيرٍ قَالَ أَخْبَرَنَا سُفْيَانُ عَنْ مَنْصُورٍ وَحُصَيْنٍ عَنْ

أَبِي وَائِلٍ عَنْ حُدَيْفَةَ قَالَ كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا قَامَ مِنَ اللَّيْلِ يَشْوِصُ فَاَهُ

14 – Хузайфа (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) түнде ташаһудқа (түнгі намазға) тұрғанында тісін мисуакпен тазалайтын», - деді.

9-бап. Біреудің мисуагімен³ тіс тазалаған адам туралы

15 - حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ قَالَ حَدَّثَنِي سُلَيْمَانُ بْنُ بِلَالٍ قَالَ قَالَ هِشَامُ بْنُ عُرْوَةَ

أَخْبَرَنِي أَبِي عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ دَخَلَ عَبْدُ الرَّحْمَنِ بْنُ أَبِي بَكْرٍ وَمَعَهُ سِوَاكٌ يَسْتَنُّ بِهِ فَنَظَرَ إِلَيْهِ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقُلْتُ لَهُ أَعْطِنِي هَذَا السَّوَاكَ يَا عَبْدَ الرَّحْمَنِ فَأَعْطَانِيهِ فَقَصَمْتُهُ ثُمَّ مَضَعْتُهُ فَأَعْطَانِيهِ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَاسْتَنَّنَّ بِهِ وَهُوَ مُسْتَسْنِدٌ إِلَى صَدْرِي

15 – Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Абдуррахман ибн Әбу Бәкір қолындағы мисуагімен бөлмеге кіріп келді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оған қарады. Мен Абдуррахманға: «Қолындағы мисуагінді маған бер», - дедім. Ол маған берді. Мисуактың қолданылған бас жағын сындырып тастадым-да, үш жағын аршып жұмсартып, Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) бердім. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) науқастанып жатқандықтан менің көкірегіме сүйеніп тұрып, тісін тазалады», - деді.

³ Мисуак – Тіс тазалауға пайдаланатын құрма ағашының бұтағы.

10-бап. Жұма күні таң намазында оқылатын зәм сүре туралы

16 - حَدَّثَنَا أَبُو نُعَيْمٍ قَالَ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ عَنْ سَعْدِ بْنِ إِبْرَاهِيمَ عَنْ عَبْدِ الرَّحْمَنِ هُوَ ابْنُ هُرْمَزٍ الْأَعْرَجُ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَقْرَأُ فِي الْجُمُعَةِ فِي صَلَاةِ الْفَجْرِ الْم تَنْزِيلُ السَّجْدَةِ وَهَلْ أَتَى عَلَى الْإِنْسَانِ حِينٌ مِنَ الدَّهْرِ

16 - Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жұма күні таң намазының бірінші рәкатында «Әлиф, ләм, мим танзил» сүресін, ал екінші рәкатында болса, «Хал ата ғала-л инсан» сүресін оқитын», - деді.

11-бап. Ауылды, қалалы жерлерде жұма намазын оқу туралы

17 - حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ الْمُثَنَّى قَالَ حَدَّثَنَا أَبُو عَامِرٍ الْعَقَدِيُّ قَالَ حَدَّثَنَا إِبْرَاهِيمُ بْنُ طَهْمَانَ عَنْ أَبِي جَمْرَةَ الضُّبَعِيِّ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ أَنَّهُ قَالَ إِنَّ أَوَّلَ جُمُعَةٍ جُمِعَتْ بَعْدَ جُمُعَةٍ فِي مَسْجِدِ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي مَسْجِدِ عَبْدِ الْقَيْسِ بِجَوَاتِي مِنَ الْبَحْرَيْنِ

17- Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) мешітінде оқылған жұма намазынан кейінгі бірінші жұма намазы Бахрейн ауылдарының біріндегі Абд ул-Қайс мешітінде оқылды», - деді.

Ибн Омар (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) әр бірін бақташысындар», - дегенің естігенмін», - деді.

Ләйс ибн Сағид (р.а.) болса: «Маған Юнус былай деген еді», - деп төмендегіні айтты: «Бір күні Разийқ ибн Хаким Уадий ул-Қурада тұрғанында Ибн Шиһабқа мәселе сұрап: «Ей Ибн Шиһаб, қол астымдағыларды жұма намазына жинайын ба әлде жоқ па?»,- деп хат жазды. Сонда мен де сол жерде едім. Разийқ сол кездерде далада іс басқарушы болып, қол астында Судандық бір топ қызметшілер және басқалар жұмыс істейтін еді. Разийқ Айла деген шаһарға әмірлік қылып тұрған күндерінің бірінде Ибн Шиһаб оған жауап жолдады. Разий ол хатты оқып жатқанында мен естіп тұрған болатынмын. Онда Ибн Шиһаб Разийққа қол астындағыларды жұма намазына жинауын бұйырып, былай деген еді: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Әрбірін өз қол астындағыларға бақташы және оларға жауаптысындар. Имам өз қол астындағыларға

бақташы және жауапты. Ер адамдар өз отбасы мүшелеріне бақташы және жауапты, әйелдер күйеулерінің үйіндегі бар нәрселеріне жауапты. Қызметші өзінің қожайынының малына жауапты болып оларды сақтамағы керек»,- дегенің Абдулла ибн Омардан естігенмін». Есімде Ибн Шиһаб: «Бала өзінің әкесінің малына жауапты болып, оны сақтамағы қажет әрбірін өздеріннің қол астындағыларға бақташы және жауапты»,- деп те жазған секілді»,- деді.

12-бап. Жұмаға қатыспайтын әйелдерге, балаларға және басқаларға жұма күні ғұсыл құйыну қажет пе жоқ па?

قَالَ ابْنُ عُمَرَ إِتْمَا الْغُسْلُ عَلَى مَنْ تَجِبُ عَلَيْهِ الْجُمُعَةُ

Ибн Омар (р.а.): «Жұма намазы парыз болғандарға ғана жұма күні ғұсыл құйыну керек»,- деді.

19 - حَدَّثَنَا أَبُو الْيَمَانِ قَالَ أَخْبَرَنَا شُعَيْبٌ عَنِ الزُّهْرِيِّ قَالَ حَدَّثَنِي سَالِمُ بْنُ

عَبْدِ اللَّهِ أَنَّهُ سَمِعَ عَبْدَ اللَّهِ بْنَ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا يَقُولُ سَمِعْتُ رَسُولَ اللَّهِ

صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَقُولُ مَنْ جَاءَ مِنْكُمْ الْجُمُعَةَ فَلْيَغْتَسِلْ

19 – Салим ибн Абдулланың атасы Абдулла ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кімде-кім жұма намазына келетін болса, ғұсыл құйынып келсін!», - деп айтқан»,- деді.

20 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مَسْلَمَةَ عَنْ مَالِكٍ عَنْ صَفْوَانَ بْنِ سُلَيْمٍ عَنْ عَطَاءِ

بْنِ يَسَارٍ عَنْ أَبِي سَعِيدٍ الْخُدْرِيِّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ

وَسَلَّمَ قَالَ غُسْلُ يَوْمِ الْجُمُعَةِ وَاجِبٌ عَلَى كُلِّ مُحْتَلِمٍ

20 - Әбу Сағид әл-Худрий (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Жұма күні ғұсыл құйыну әр бір балағат жасына жеткен адам үшін уәжіп!», - деп айтқан»,- деді.

21- حَدَّثَنَا مُسْلِمُ بْنُ أَبِرَاهِيمَ قَالَ حَدَّثَنَا وَهَيْبٌ قَالَ حَدَّثَنَا ابْنُ طَاوُسٍ عَنْ

أَبِيهِ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ نَحْنُ الْآخِرُونَ

السَّابِقُونَ يَوْمَ الْقِيَامَةِ أَوْثُوا الْكِتَابَ مِنْ قَبْلِنَا وَأَوْتَيْنَاهُ مِنْ بَعْدِهِمْ فَهَذَا الْيَوْمُ الَّذِي

اِخْتَلَفُوا فِيهِ فَهَدَانَا اللَّهُ فَعَدَا لِلْيَهُودِ وَبَعَدَ غَدِ لِلنَّصَارَى فَسَكَتَ ثُمَّ قَالَ حَقٌّ عَلَى كُلِّ مُسْلِمٍ أَنْ يَغْتَسِلَ فِي كُلِّ سَبْعَةِ أَيَّامٍ يَوْمًا يَغْسِلُ فِيهِ رَأْسَهُ وَجَسَدَهُ رَوَاهُ ابْنُ بِنُ صَالِحٍ عَنْ مُجَاهِدٍ عَنْ طَاوُسٍ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ قَالَ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لِلَّهِ تَعَالَى عَلَى كُلِّ مُسْلِمٍ حَقٌّ أَنْ يَغْتَسِلَ فِي كُلِّ سَبْعَةِ أَيَّامٍ يَوْمًا

21 - Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Біз осы дүниеде ең ақырғылармыз. Бірақ-та қиямет күні ең құрметтілерден және ең алдыңғылардан боламыз. Кітап алдымен оларға содан кейін бізге нәзіл болды. Олар өзара тартысып жұма күнін өздеріне мейрам күні етіп, белгілей алмады. Бұл күнді мейрам қылуды Алла тағала бізге нәсіп етті. Яһудилер осы күннің ертеңін ал насаралар болса оның арғы күнін мейрам күні қылды, деп бір-аз үнсіз қалды-да, кейін: «Әрбір мұсылман 7 күнде бір рет бастан аяқ жуынып ғұсыл құйынуы ләзім!»,- деді.

Әбу Хурайра (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Алланың хақы құрметі, әрбір мұсылман 7 күннің ішінде бір рет ғұсыл құйынуы ләзім!»,- деп айтқан»,- деді.

22- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مُحَمَّدٍ حَدَّثَنَا شَبَابَةُ حَدَّثَنَا وَرْقَاءُ عَنْ عَمْرِو بْنِ دِينَارٍ عَنْ مُجَاهِدٍ عَنْ ابْنِ عُمَرَ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ انذِنُوا لِلنِّسَاءِ بِاللَّيْلِ إِلَى الْمَسَاجِدِ

22 – Ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Әйелдерге түнде мешітке барып намаз оқуларына рұқсат беріндер!»,- деп айтқан»,- деді.

23- حَدَّثَنَا يُوسُفُ بْنُ مُوسَى حَدَّثَنَا أَبُو أُسَامَةَ حَدَّثَنَا عُبَيْدُ اللَّهِ بْنُ عُمَرَ عَنْ نَافِعٍ عَنْ ابْنِ عُمَرَ قَالَ كَانَتْ امْرَأَةٌ لِعُمَرَ تَشْهَدُ صَلَاةَ الصُّبْحِ وَالْعِشَاءِ فِي الْجَمَاعَةِ فِي الْمَسْجِدِ فَقِيلَ لَهَا لِمَ تَخْرُجِينَ وَقَدْ تَعْلَمِينَ أَنَّ عُمَرَ يَكْرَهُ ذَلِكَ وَيَعَارُ قَالَتْ وَمَا يَمْنَعُهُ أَنْ يَنْهَانِي قَالَ يَمْنَعُهُ قَوْلُ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَا تَمْنَعُوا إِمَاءَ اللَّهِ مَسَاجِدَ اللَّهِ

23 – Омардың (р.а.) бір әйелі бар болатын. Таң және Құфтан намаздарын мешітке жамағатпен бірге оқитын. Оған: «Неге жамағаттың алдына шығасын? Бұның Омарға жақпайтының және адамдардан сені қызғанатының білесін-ғой!»,- десті. Сонда әйел: «Мені бұдан қайтаруына не тиым салады?»,- деді. Олар: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Алла

тағаланың пенделерінің Алланың мешіттеріне баруларына тиым салмандар!»,- деген сөздері қайтарады»,- десті.

13-бап. Жаңбырлы күндерде жұма намазына келмей-ақ қоюға рұқсат

24- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ قَالَ أَخْبَرَنِي عَبْدُ الْحَمِيدِ صَاحِبُ الزِّيَادِيِّ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ الْحَارِثِ ابْنُ عَمِّ مُحَمَّدِ بْنِ سِيرِينَ قَالَ ابْنُ عَبَّاسٍ لِمُؤَدِّنِهِ فِي يَوْمِ مَطِيرٍ إِذَا قُلْتَ أَشْهَدُ أَنَّ مُحَمَّدًا رَسُولُ اللَّهِ فَلَا تَقُلْ حَيَّ عَلَى الصَّلَاةِ قُلْ صَلُّوا فِي بُيُوتِكُمْ فَكَأَنَّ النَّاسَ اسْتَنْكَرُوا قَالَ فَعَلَهُ مَنْ هُوَ خَيْرٌ مِنِّي إِنَّ الْجُمُعَةَ عَزْمَةٌ وَإِنِّي كَرِهْتُ أَنْ أُحْرَجَكُمْ فَتَمَشُّونَ فِي الطَّيْنِ وَالذَّحْضِ

24 - Ибн Аббас (р.а.) жаңбыр жауып жер лайланып жатқанда азаншыға: «**Әшһадү әнна Мұхаммадан расулулла**», дегеннен кейін «**Хайиағалас сала**», деген сөздің орнына: «**Салуу фи буйутикум**» (намазды үйлерінде оқыңдар) деп айт!»,- деді. Сонда адамдарға бұл сөз ұнамағандай болды. Сонда ибн Аббас (р.а.): «Менен жақсырақ кісі (яғни, Пайғамбарымызда (с.ғ.с.) солай істеген. Бүгін жұма намазына келу ауырырақ. Лай суды кешіп келіп, сендерге ауырлық түспесін дегенім»,- деді.

14-бап. Қаншалықты ұзақ жерден жұмаға келеді және жұма намазы кімдерге уәжіп?

لِقَوْلِ اللَّهِ جَلَّ وَعَزَّ إِذَا نُودِيَ لِلصَّلَاةِ مِنْ يَوْمِ الْجُمُعَةِ فَاسْعَوْا إِلَى ذِكْرِ اللَّهِ وَقَالَ عَطَاءٌ إِذَا كُنْتَ فِي قَرْيَةٍ جَامِعَةٍ فَنُودِيَ بِالصَّلَاةِ مِنْ يَوْمِ الْجُمُعَةِ فَحَقَّ عَلَيْكَ أَنْ تَشْهَدَهَا سَمِعْتَ النِّدَاءَ أَوْ لَمْ تَسْمَعْهُ وَكَانَ أَنْسُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ فِي قَصْرِهِ أَحْيَانًا يُجْمَعُ وَأَحْيَانًا لَا يُجْمَعُ وَهُوَ بِالزَّوَايَةِ عَلَى فَرَسَخَيْنِ

Алла тағала құран кәрімде: «**Жұма күні жұма (намазына) азан айтылса, сауда-саттықты қойып, Алла тағаланы еске алуға асығыңдар!**⁴», - деді.

Ғата (р.а.) айты: «Егер де жұма намазы оқылатын ауылда болсан, азан айтылса, азанды естісен де, естімесен де, жұмаға келуін парыз!»,- деді.

⁴ 62. «Жұма», - 9 аят.

Әнас (р.а.) жұма намазды кейде өз ауылында, ал кейде мешітте оқитын еді. Ауылы Басрадан 2 фарсах (15-16 км) аралығында еді.

25- حَدَّثَنَا أَحْمَدُ بْنُ صَالِحٍ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ وَهْبٍ قَالَ أَخْبَرَنِي عَمْرُو بْنُ الْحَارِثِ عَنْ عُبَيْدِ اللَّهِ بْنِ أَبِي جَعْفَرٍ أَنَّ مُحَمَّدَ بْنَ جَعْفَرِ بْنِ الزُّبَيْرِ حَدَّثَهُ عَنْ عُرْوَةَ بْنِ الزُّبَيْرِ عَنْ عَائِشَةَ زَوْجِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَتْ كَانَ النَّاسُ يَنْتَابُونَ يَوْمَ الْجُمُعَةِ مِنْ مَنَازِلِهِمْ وَالْعَوَالِيِّ فَيَأْتُونَ فِي الْعُبَارِ يُصِيبُهُمُ الْعُبَارُ وَالْعَرَقُ فَيَخْرُجُ مِنْهُمْ الْعَرَقُ فَأَتَى رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِنْسَانٌ مِنْهُمْ وَهُوَ عِنْدِي فَقَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَوْ أَنَّكُمْ تَطَهَّرْتُمْ لِيَوْمِكُمْ هَذَا

25- Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Адамдар ұзақ ауылдардан, қаланың маңайынан шаң топыраққа батып, терлеп тепшіп, жұма намазына келетін. Бір күні Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) менікінде отырғанда солардың бірі кіріп келді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Бұл жұма сендердің күндерін, осы күндерін де жақсылап тазаланып жуынсаңдар!»,- деді.

15-бап. Күн төбеден ауғанда жұма намазының уақыты басталады

26- حَدَّثَنَا عَبْدَانُ قَالَ أَخْبَرَنَا عَبْدُ اللَّهِ قَالَ أَخْبَرَنَا يَحْيَى بْنُ سَعِيدٍ أَنَّهُ سَأَلَ عَمْرَةَ عَنِ الْعُسْلِ يَوْمَ الْجُمُعَةِ فَقَالَتْ قَالَتْ عَائِشَةُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا كَانَ النَّاسُ مَهْنَةً أَنْفُسِهِمْ وَكَانُوا إِذَا رَاحُوا إِلَى الْجُمُعَةِ رَاحُوا فِي هَيْئَتِهِمْ فَقِيلَ لَهُمْ لَوْ اغْتَسَلْتُمْ

26- Яхя ибн Сағд (р.а.) риуаят етті: «Амра деген әйелден жұма күні ғұсыл құйыну турасында сұрағанымда, ол Айша анамыздың (р.а.) сол туралы айтқан сөздерін айтты: «Бейнетқорлықпен жұмыс істеп күн көріп жүрген адамдар күн төбеден ауғанда, сол қалыптарымен жұма намазына келе беретін. Сонда оларға, ғұсыл құйынып келсеңдер болар еді, тердің иісі шығып кетті»,- делінетін.

حَدَّثَنَا سُرَيْجُ بْنُ الْعُمَانَ قَالَ حَدَّثَنَا فُلَيْحُ بْنُ سُلَيْمَانَ عَنْ عُمَانَ بْنِ عَبْدِ الرَّحْمَنِ بْنِ عُثْمَانَ النَّيْمِيِّ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ يُصَلِّي الْجُمُعَةَ حِينَ تَمِيلُ الشَّمْسُ

Әнас ибн Мәлік (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жұма намазын күн төбеден ауғанда оқитын»,- деді.

28- حَدَّثَنَا عَبْدَانُ قَالَ أَخْبَرَنَا عَبْدُ اللَّهِ قَالَ أَخْبَرَنَا حُمَيْدٌ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ

قَالَ كُنَّا نُبَكِّرُ بِالْجُمُعَةِ وَتَقِيلُ بَعْدَ الْجُمُعَةِ

28- Энас (р.а.): «Жұма намазды ертерек оқып, кейін біраз ұйықтап тынығып алатын едік»,- деді.

16-бап. Жұма күні күн қатты ысып кетсе...

29- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ أَبِي بَكْرٍ الْمُقَدَّمِيُّ قَالَ حَدَّثَنَا حَرَمِيُّ بْنُ عُمَارَةَ قَالَ

حَدَّثَنَا أَبُو خَلْدَةَ هُوَ خَالِدُ بْنُ دِينَارٍ قَالَ سَمِعْتُ أَنَسَ بْنَ مَالِكٍ يَقُولُ كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا اشْتَدَّ الْبَرْدُ بَكَرَ بِالصَّلَاةِ وَإِذَا اشْتَدَّ الْحَرُّ أَبْرَدَ بِالصَّلَاةِ يَعْنِي الْجُمُعَةَ قَالَ يُونُسُ بْنُ بُكَيْرٍ أَخْبَرَنَا أَبُو خَلْدَةَ فَقَالَ بِالصَّلَاةِ وَلَمْ يَذْكُرْ الْجُمُعَةَ وَقَالَ بَشْرُ بْنُ تَابِتٍ حَدَّثَنَا أَبُو خَلْدَةَ قَالَ صَلَّى بِنَا أَمِيرٍ الْجُمُعَةَ ثُمَّ قَالَ لِأَنَسِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ كَيْفَ كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُصَلِّي الظُّهْرَ

29- Энас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) суық күндері жұма намазды ертерек, ал күн қатты ысып кетсе, кешірек оқитын»,- деді. Әбу Хулда (р.а.) айтты: «Әміріміз бізбен бірге жұма намазын оқыды»,- деді. Содан кейін Энастан: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бесін намазын қалай оқитын еді?»,- деп сұрады. (Байһакий: «Қатты суықта ертерек, ал қатты ыстықта кешірек оқитын»,- деді).

17-бап. Жұма намазына бару; Алла тағаланың Жұма намазына азан айтылса, Алланы еске түсіруге асығындар!» деген аят кәрімі; «асығындар» деген сөз «жұмаға тезірек дайындалып, мешітке асықпай бару керектігі айтылып тұр» деген кісілер туралы

قَالَ ابْنُ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا يَحْرُمُ الْبَيْعُ حِينَئِذٍ وَقَالَ عَطَاءٌ تَحْرُمُ الصَّنَاعَاتُ كُلُّهَا وَقَالَ إِبْرَاهِيمُ بْنُ سَعْدٍ عَنِ الزُّهْرِيِّ إِذَا أَدَّنَ الْمُؤَدَّنُ يَوْمَ الْجُمُعَةِ وَهُوَ مُسَافِرٌ فَعَلَيْهِ أَنْ يَتَنَهَدَ

Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Жұма намазына азан айтылғаннан соң сауда-саттық қылуға тиым салынған»,- деді.

Ғата (р.а.) болса: «Әрқандай тіршілік пен айналысуға тиым салынған»,- деді.

Зухрий (р.а.) айтты: «Жұма күні азаншы азан айтса, жолаушы болсаңда жұма намазына баруың керек»,- деді.

30- حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ حَدَّثَنَا الْوَلِيدُ بْنُ مُسْلِمٍ قَالَ حَدَّثَنَا يَزِيدُ بْنُ أَبِي مَرْيَمَ الْأَنْصَارِيُّ قَالَ حَدَّثَنَا عَبَّاسُ بْنُ رِفَاعَةَ قَالَ أَدْرَكَنِي أَبُو عَبْسٍ وَأَنَا أَذْهَبُ إِلَى الْجُمُعَةِ فَقَالَ سَمِعْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَقُولُ مَنْ اغْبَرَّتْ قَدَمَاهُ فِي سَبِيلِ اللَّهِ حَرَّمَهُ اللَّهُ عَلَى النَّارِ

30- Абайиа ибн Рифаға (р.а.) риуаят етті: «Жұма намазына кетіп бара жатыр едім жолда Әбу Абс жолығып: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Кімде-кімнің аяғы Алла жолында жүріп шаң болса, Алла тағала оны тозақ отына күйдірмейді», - деп айтқаның естідім», - деді.

31- حَدَّثَنَا آدَمُ قَالَ حَدَّثَنَا ابْنُ أَبِي ذَنْبٍ قَالَ الزُّهْرِيُّ عَنْ سَعِيدِ وَأَبِي سَلْمَةَ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ ح وَحَدَّثَنَا أَبُو الْيَمَانِ قَالَ أَخْبَرَنَا شُعَيْبٌ عَنْ الزُّهْرِيِّ قَالَ أَخْبَرَنِي أَبُو سَلْمَةَ بْنُ عَبْدِ الرَّحْمَنِ أَنَّ أَبَا هُرَيْرَةَ قَالَ سَمِعْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَقُولُ إِذَا أُقِيمَتِ الصَّلَاةُ فَلَا تَأْتَوْهَا تَسْعُونَ وَأَتَوْهَا تَمْشُونَ عَلَيْكُمْ السَّكِينَةُ فَمَا أَدْرَكْتُمْ فَصَلُّوا وَمَا فَاتَكُمْ فَأْتِمُوا

31- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Намазға тәкбір айтылса, сапқа тұруға асықпаңдар, ақырын ғана келіп сапқа тұрыңдар. Намаздың қай жеріне келсеңдер сол жерінен қосылып оқи беріңдер, қалғаның кейін өздерін оқып алыңдар!», - деді.

32- حَدَّثَنَا عَمْرُو بْنُ عَلِيٍّ قَالَ حَدَّثَنِي أَبُو قُنَيْبَةَ قَالَ حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ الْمُبَارَكِ عَنْ يَحْيَى بْنِ أَبِي كَثِيرٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ أَبِي قَتَادَةَ لَا أَعْلَمُهُ إِلَّا عَنْ أَبِيهِ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ لَا تَقُومُوا حَتَّى تَرَوْنِي وَعَلَيْكُمْ السَّكِينَةُ

32- Абдулла ибн Әбу Қатада (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Мені көрмегендерінше сапқа тұрмаңдар, тыныштыққа бой ұсыныңдар!», - деді.

18-бап. Жұма күні намазда сапта тұрған кісілердің арасынан аралап өтпесін!

33- حَدَّثَنَا عَبْدَانُ قَالَ أَخْبَرَنَا عَبْدُ اللَّهِ قَالَ أَخْبَرَنَا ابْنُ أَبِي ذَنْبٍ عَنْ سَعِيدِ
 الْمَقْبُرِيِّ عَنْ أَبِيهِ عَنْ ابْنِ وَدِيعَةَ حَدَّثَنَا سَلْمَانُ الْفَارِسِيُّ قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى
 اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَنْ اغْتَسَلَ يَوْمَ الْجُمُعَةِ وَتَطَهَّرَ بِمَا اسْتَطَاعَ مِنْ طَهْرٍ ثُمَّ أَذْهَنَ أَوْ
 مَسَّ مِنْ طَيِّبٍ ثُمَّ رَاحَ فَلَمْ يُفَرِّقْ بَيْنَ اثْنَيْنِ فَصَلَّى مَا كُتِبَ لَهُ ثُمَّ إِذَا خَرَجَ الْإِمَامُ
 أَنْصَتَ غُفْرَ لَهُ مَا بَيْنَهُ وَبَيْنَ الْجُمُعَةِ الْآخِرَى

33- Салман Фарсий (р.а.) айтты: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кімде-кім жұма күні ғұсыл құйынып, үстіне жұпар иіс себініп, намазға келсе, және сапта тұрғандардың арасына қысылып-қымтарылып кірмесе, нәсіп еткенше намаз оқыса, имам мінберге шығып уағыз айтып жатқанда тыныш отырып тыңдаса, оның сол жұмамен өткен жұманың арасындағы күналары кешіріледі»,- деді.

19-бап. Жұма күні (діндес) бауырын тұрғызып жіберіп орнына отырып алмайды

34- حَدَّثَنَا مُحَمَّدٌ هُوَ ابْنُ سَلَامٍ قَالَ أَخْبَرَنَا مَخْلَدُ بْنُ يَزِيدَ قَالَ أَخْبَرَنَا ابْنُ
 جُرَيْجٍ قَالَ سَمِعْتُ نَافِعًا يَقُولُ سَمِعْتُ ابْنَ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا يَقُولُ نَهَى النَّبِيُّ
 صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنْ يُقِيمَ الرَّجُلُ أَخَاهُ مِنْ مَقْعَدِهِ وَيَجْلِسَ فِيهِ قُلْتُ لِنَافِعِ
 الْجُمُعَةَ قَالَ الْجُمُعَةَ وَغَيْرَهَا

34- Нафиғ (р.а.) риуаят етті: «Мен Ибн Жұрайжға: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) діндес бауырын орнынан тұрғызып жіберіп, оның орнына отырып алуды қаралапты, бұны маған Ибн Омар айтқан»,- дедім. Сонда Ибн Жұрайж: «Жұма намазында ма?»,- деді. Мен: «Жұмада да, басқа намазда да»,- дедім.

20-бап. Жұма күні азан айту туралы

35- حَدَّثَنَا آدَمُ قَالَ حَدَّثَنَا ابْنُ أَبِي ذَنْبٍ عَنْ الزُّهْرِيِّ عَنْ السَّائِبِ بْنِ يَزِيدَ
 قَالَ كَانَ النَّدَاءُ يَوْمَ الْجُمُعَةِ أَوَّلَهُ إِذَا جَلَسَ الْإِمَامُ عَلَى الْمِنْبَرِ عَلَى عَهْدِ النَّبِيِّ
 صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَأَبِي بَكْرٍ وَعُمَرُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا فَلَمَّا كَانَ عُثْمَانُ رَضِيَ

اللَّهُ عَنْهُ وَكَثُرَ النَّاسُ زَادَ النَّدَاءَ الثَّلَاثَ عَلَى الزُّورَاءِ قَالَ أَبُو عَبْدِ اللَّهِ الزُّورَاءُ
مَوْضِعٌ بِالسُّوقِ بِالْمَدِينَةِ

35- Сайб ибн Язид (р.а.) риуаят етті: «Жұма күніндегі бірінші азан, Расулұланың және Әбу Бәкір мен Омардың (р.а.) замандарында, имам мінберге барып отырғанда айтылатын. Осман (р.а.) халифалық қылған заманда Мединеде адам көбейіп **Заурада**⁵ үшінші азан айтылатын болды», - деді.

21-бап. Жұма күні бір кісінің азаншы болатыны туралы

36- حَدَّثَنَا أَبُو نُعَيْمٍ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْعَزِيزِ بْنُ أَبِي سَلَمَةَ الْمَاجِشُونُ عَنْ الزُّهْرِيِّ عَنِ السَّائِبِ بْنِ يَزِيدَ أَنَّ الَّذِي زَادَ التَّأْدِينَ الثَّلَاثَ يَوْمَ الْجُمُعَةِ عُمَانُ بْنُ عَفَانَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ حِينَ كَثُرَ أَهْلُ الْمَدِينَةِ وَلَمْ يَكُنْ لِلنَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مُؤَدِّنٌ غَيْرَ وَاحِدٍ وَكَانَ التَّأْدِينَ يَوْمَ الْجُمُعَةِ حِينَ يَجْلِسُ الْإِمَامُ يَعْنِي عَلَى الْمُنْبَرِ

36- Сайиб ибн Язид (р.а.) риуаят етті: «Жұма күніндегі үшінші азанды Осман ибн Аффан (р.а.) жария қылған. Ал Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) азаншысы біреу-ақ болған және жұма күнгі азан имам мінберге барып отырғанда айтылған», - деді.

22-бап. Имам, мінберде отырып азанды естісе сөздерін қайталап отырады

حَدَّثَنَا أَبُو نُعَيْمٍ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْعَزِيزِ بْنُ أَبِي سَلَمَةَ الْمَاجِشُونُ عَنْ الزُّهْرِيِّ عَنِ السَّائِبِ بْنِ يَزِيدَ أَنَّ الَّذِي زَادَ التَّأْدِينَ الثَّلَاثَ يَوْمَ الْجُمُعَةِ عُمَانُ بْنُ عَفَانَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ حِينَ كَثُرَ أَهْلُ الْمَدِينَةِ وَلَمْ يَكُنْ لِلنَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مُؤَدِّنٌ غَيْرَ وَاحِدٍ وَكَانَ التَّأْدِينَ يَوْمَ الْجُمُعَةِ حِينَ يَجْلِسُ الْإِمَامُ يَعْنِي عَلَى الْمُنْبَرِ

Әбу Умама (р.а.) риуаят етті: «Мұғауия ибн Әбу Суфянның мінберде отырып, азанның сөздерін қайталап айтып отырғанын естідім. Азаншы: «**Аллаһу акбар, Аллаһу акбар**» дегенде ол да: «**Аллаһу акбар, Аллаһу акбар**», - деді. Азаншы: «**Әшһадү ән ла илаһа илла Алла**» дегенде, Мұғауия: «**Менде куәлік етемін**», - деді. Азаншы: «**Әшһадү әнна Мұхаммадан расулұлла**», - дегенде, Мұғауия: «**Менде куәлік етемін**», - деді. Азаншы азанды айтып болғаннан соң, Мұғауия: «Ей адамдар, мен

⁵ Заура- Медине базарындағы орынның аты.

Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) азаншы азан айтып жатқанда мына осы жерде отырып жаңағы мен айтқан сөздерді айтқанын естігенмін»,- деді.

23-бап. Азан айтылып жатқанда имам хатибтың мінберде отыруы сүннет

38- حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ بُكَيْرٍ قَالَ حَدَّثَنَا اللَّيْثُ عَنْ عُقَيْلٍ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ أَنَّ السَّائِبَ بْنَ يَزِيدَ أَخْبَرَهُ أَنَّ التَّائِذِينَ الثَّانِيَةَ يَوْمَ الْجُمُعَةِ أَمَرَ بِهِ عُمَانُ بْنُ عَفَّانَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ حِينَ كَثُرَ أَهْلُ الْمَسْجِدِ وَكَانَ التَّائِذِينَ يَوْمَ الْجُمُعَةِ حِينَ يَجْلِسُ الْإِمَامُ

38- Сайб ибн Язид (р.а.) риуаят етті: «Жұма күні мешітте адам көбейіп кеткенде хазреті Осман (р.а.) екінші рет азан айтуды бұйырды. Жұма күні азан имам мінберде отырғанда айтылатын»,- деді.

24-бап. Құтпа уақытында азан айту туралы

39- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ مِقَاتٍ قَالَ أَخْبَرَنَا عَبْدُ اللَّهِ قَالَ أَخْبَرَنَا يُونُسُ عَنْ الزُّهْرِيِّ قَالَ سَمِعْتُ السَّائِبَ بْنَ يَزِيدَ يَقُولُ إِنَّ الْأَذَانَ يَوْمَ الْجُمُعَةِ كَانَ أَوَّلَهُ حِينَ يَجْلِسُ الْإِمَامُ يَوْمَ الْجُمُعَةِ عَلَى الْمِنْبَرِ فِي عَهْدِ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَأَبِي بَكْرٍ وَعُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا فَلَمَّا كَانَ فِي خِلَافَةِ عُمَانَ بْنِ عَفَّانَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ وَكَثُرُوا أَمَرَ عُمَانُ يَوْمَ الْجُمُعَةِ بِالْأَذَانِ الثَّلَاثِ فَأَذَّنَ بِهِ عَلَى الزَّوْرَاءِ فَتَبَتِ الْأَمْرُ عَلَى ذَلِكَ

39- Зухрийге Сайиб ибн Язид (р.а.) былай депті: «Жұма күніндегі бірінші азан Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) және Әбу Бәкір мен Омардың (р.а.) замандарында имам мінберде отырғандарында айтылатын еді. Ал хазреті Османның (р.а.) халифалық қылған кезінде адамдар көбейгендіктен ол кісі жұма күні **Заура**⁶ деген орында үшінші азанды айтуға бұйырды. Содан бұл әдет болып қалды»,- деді.

25-бап. Мінберде құтпа айту туралы

⁶ Заура- Медине базарындағы орынның аты.

قَالَ أَنَسُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ خَطَبَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَلَى الْمِنْبَرِ

Әнас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мінберге шығып құтпа айтты», - деді.

40- حَدَّثَنَا قُتَيْبَةُ بْنُ سَعِيدٍ قَالَ حَدَّثَنَا يَعْقُوبُ بْنُ عَبْدِ الرَّحْمَنِ بْنِ مُحَمَّدِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَبْدِ الْقَارِيِّ الْقُرَشِيِّ الْإِسْكَندَرَانِيُّ قَالَ حَدَّثَنَا أَبُو حَازِمٍ بْنُ دِينَارٍ أَنَّ رَجُلًا أَتَوْا سَهْلَ بْنَ سَعْدٍ السَّاعِدِيَّ وَقَدْ امْتَرَوْا فِي الْمِنْبَرِ مِمَّ عُوْدُهُ فَسَأَلُوهُ عَنْ ذَلِكَ فَقَالَ وَاللَّهِ إِنِّي لَأَعْرِفُ مِمَّا هُوَ وَلَقَدْ رَأَيْتُهُ أَوَّلَ يَوْمٍ وَضِعَ وَأَوَّلَ يَوْمٍ جَلَسَ عَلَيْهِ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أُرْسِلَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِلَى فُلَانَةِ امْرَأَةٍ مِنَ الْأَنْصَارِ قَدْ سَمَّاهَا سَهْلٌ مُرِي غُلَامِكِ النَّجَّارَ أَنْ يَعْمَلَ لِي أَعْوَادًا أَجْلِسُ عَلَيْهِنَّ إِذَا كَلَّمْتُ النَّاسَ فَأَمَرْتُهُ فَعَمَلَهَا مِنْ طَرْفَاءِ الْعَابَةِ ثُمَّ جَاءَ بِهَا فَأَرْسَلْتُ إِلَى رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَأَمَرَ بِهَا فَوَضِعَتْهَا هُنَا ثُمَّ رَأَيْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ صَلَّى عَلَيْهَا وَكَبَّرَ وَهُوَ عَلَيْهَا ثُمَّ رَكَعَ وَهُوَ عَلَيْهَا ثُمَّ نَزَلَ الْقَهْقَرَى فَسَجَدَ فِي أَصْلِ الْمِنْبَرِ ثُمَّ عَادَ فَلَمَّا فَرَغَ أَقْبَلَ عَلَى النَّاسِ فَقَالَ أَيُّهَا النَّاسُ إِنَّمَا صَنَعْتُ هَذَا لِتَأْتُمُّوا وَتَلْعَلُمُوا صَلَاتِي

40- Әбу Хазм ибн Динар (р.а.) риуаят етті: «Бірнеше адам мінбердің неден жасалғандығы туралы тартысып қалды. Содан Саһл ибн Сағд әс-Сағидидің алдына келіп сол туралы сұрады. Сонда Саһл ибн Сағд әс-Сағиди былай деді: «Ант етіп айтамын мен оның неден жасалғанын өте жақсы білемін. Оны алып келіп қойған күннің өзінде-ақ көрдім. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сол күні оған бірінші рет отырғанында көргенмін. Мінбердің жасалу тарихына келсек: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) пәленше әйелге адам жіберді. (Саһл әйелдің атын айтқан еді) келгеннен соң оған: «Шебер құлына айтсаң ол маған адамдарға уағыз айтқанымда үстіне шығып отыратын бір мінбер жасап берсе», - деді. Әйел құлына бұйырды. Шебер құл **тарфа** деген орман ағашынан мінбер жасап әйелге әкеліп берді. Әйел оны Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) беріп жіберді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мінберді осы жерге қоюды бұйырды. Содан Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) мінбердің үстінде намаз оқығанын көрдім. Мінбердің үстінде тәкбір тахрима айтты. Содан мінбердің үстінде тұрып рүкүф қылды. Кейін мінберден артқа шегінген бойы түсіп, жерде сәжде етті. Кейін мінберге қайтадан шықты. Намазды оқып болғаннан соң адамдарға

карап: «Ей адамдар, менің намаз оқысымды үйреніп алыңдар, сендерде мен сияқты намаз оқысын деп осылай істедім», - деді.

41- حَدَّثَنَا سَعِيدُ بْنُ أَبِي مَرْيَمَ قَالَ حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ جَعْفَرٍ قَالَ أَخْبَرَنِي يَحْيَى بْنُ سَعِيدٍ قَالَ أَخْبَرَنِي ابْنُ أَنَسٍ أَنَّهُ سَمِعَ جَابِرَ بْنَ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ كَانَ جِدْعٌ يَفُومُ إِلَيْهِ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَلَمَّا وُضِعَ لَهُ الْمِنْبَرُ سَمِعْنَا لِلجِدْعِ مِثْلَ أَصْوَاتِ الْعِشَارِ حَتَّى نَزَلَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَوَضَعَ يَدَهُ عَلَيْهِ قَالَ سُلَيْمَانُ عَنْ يَحْيَى أَخْبَرَنِي حَفْصُ بْنُ عُبيدِ اللَّهِ بْنِ أَنَسٍ أَنَّهُ سَمِعَ جَابِرَ بْنَ عَبْدِ اللَّهِ

41- Жәбір ибн Абдулла (р.а.) риуаят етті: «Алғашқы кездерде (мінбер болмаған уақытта) Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) құрма ағашының түбірінің үстіне шығып құтпа айтатын. Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) мінбер жасалып қойылып берілген кезде, әлгі түбірдің (томар) жаңа туған түйенің боздағанындай дыбыс шығарып жылағанын естідік. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мінберден түсіп мұбарак қолдарын оның үстіне қойды. Содан кейін ғана әлгі түбір (томар) тынышталды.

42- حَدَّثَنَا آدَمُ بْنُ أَبِي إِيَاسٍ قَالَ حَدَّثَنَا ابْنُ أَبِي ذُنَبٍ عَنِ الزُّهْرِيِّ عَنِ سَالِمٍ عَنِ أَبِيهِ قَالَ سَمِعْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَخْطُبُ عَلَى الْمِنْبَرِ فَقَالَ مَنْ جَاءَ إِلَى الْجُمُعَةِ فَلْيَغْتَسِلْ

42- Сәлімнің атасы Ибн Омар (р.а.) Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) мінбер үстінде тұрып: «Кімде-кім жұмаға келетін болса, ғұсыл құйынып келсін!», - дегенін естіген екен.

26-бап. Тік тұрып құтпа айту туралы

قَالَ أَنَسُ بْنُ بَيْنَا النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَخْطُبُ قَائِمًا

Әнас (р.а.) риуаят етті: «Бір кезде қарағанымда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) тік тұрып құтпа айтып жатыр екен», - деді.

43- حَدَّثَنَا عُبيدُ اللَّهِ بْنُ عُمَرَ الْقَوَارِيرِيُّ قَالَ حَدَّثَنَا خَالِدُ بْنُ الْحَارِثِ قَالَ حَدَّثَنَا عُبيدُ اللَّهِ بْنُ عُمَرَ عَنْ نَافِعٍ عَنْ ابْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَخْطُبُ قَائِمًا ثُمَّ يَفْعُدُ ثُمَّ يَفُومُ كَمَا تَفْعَلُونَ الْآنَ

43- Ибн Омар (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қазір сіз істеп жатқандай тік тұрып құтпа айтатын. Содан соң отыратын, кейін және тұратын», - деді.

27-бап. Имам адамдарға қарап тұрып уағыз айтады, ал адамдар болса имамға қарап тыңдайды

Ибн Омар мен Әнас ибн Мәлік (р.а.) имамның қарсы алдында тұрды.

44- حَدَّثَنَا مُعَاذُ بْنُ فَضَالَةَ قَالَ حَدَّثَنَا هِشَامٌ عَنْ يَحْيَى عَنْ هِلَالِ بْنِ أَبِي مَيْمُونَةَ حَدَّثَنَا عَطَاءُ بْنُ يَسَارٍ أَنَّهُ سَمِعَ أَبَا سَعِيدٍ الْخُدْرِيَّ قَالَ إِنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ جَلَسَ ذَاتَ يَوْمٍ عَلَى الْمِثْبَرِ وَجَلَسْنَا حَوْلَهُ

44- Әбу Саьид әл-Худрий риуаят етті: «Бір күні Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мінберде отырды, ал біз болсақ ол кісінің айналасында отырып тыңдадық», - деді.

28-бап. Хұтпада Аллаға мақтау айтқаннан соң «Амма бағд» деген адам туралы

رَوَاهُ عِكْرَمَةُ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَقَالَ مَحْمُودٌ حَدَّثَنَا أَبُو أُسَامَةَ قَالَ حَدَّثَنَا هِشَامُ بْنُ عُرْوَةَ قَالَ أَخْبَرْتَنِي فَاطِمَةُ بِنْتُ الْمُنْذِرِ عَنْ أَسْمَاءَ بِنْتِ أَبِي بَكْرٍ الصِّدِّيقِ قَالَتْ دَخَلْتُ عَلَى عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا وَالنَّاسُ يُصَلُّونَ قُلْتُ مَا شَأْنُ النَّاسِ فَأَشَارَتْ بِرَأْسِهَا إِلَى السَّمَاءِ قُلْتُ آيَةٌ فَأَشَارَتْ بِرَأْسِهَا أَي نَعَمْ قَالَتْ فَأَطَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ جِدًّا حَتَّى تَجَلَّانِي الْعَشِيُّ وَإِلَى جَنْبِي قَرْبَةً فِيهَا مَاءٌ فَفَتَحْتُهَا فَجَعَلْتُ أُصَبُّ مِنْهَا عَلَى رَأْسِي فَأَنْصَرَفَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَقَدْ تَجَلَّتِ الشَّمْسُ فَخَطَبَ النَّاسَ وَحَمِدَ اللَّهُ بِمَا هُوَ أَهْلُهُ ثُمَّ قَالَ أَمَّا بَعْدُ قَالَتْ وَلَعَطَ نِسْوَةٌ مِنَ الْأَنْصَارِ فَاكْفَأَتْ إِلَيْهِنَّ لِأَسْكَنْهُنَّ فَقُلْتُ لِعَائِشَةَ مَا قَالَ قَالَتْ قَالَ مَا مِنْ شَيْءٍ لَمْ أَكُنْ أُرِيئُهُ إِلَّا قَدْ رَأَيْتُهُ فِي مَقَامِي هَذَا حَتَّى الْجَنَّةِ وَالنَّارِ وَإِنَّهُ قَدْ أُوحِيَ إِلَيَّ أَنَّكُمْ تُفْتَنُونَ فِي الْفُجُورِ مِثْلَ أَوْ قَرِيبَ مِنْ فِتْنَةِ الْمَسِيحِ الدَّجَالِ يُؤْتِي أَحَدَكُمْ فَيَقَالُ لَهُ مَا عَلِمَكَ بِهَذَا الرَّجُلِ

فَأَمَّا الْمُؤْمِنُ أَوْ قَالَ الْمُؤْمِنُ شَكَ هِشَامٌ فَيَقُولُ هُوَ رَسُولُ اللَّهِ هُوَ مُحَمَّدٌ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ جَاءَنَا بِالْبَيِّنَاتِ وَالْهُدَى فَأَمَّا وَأَجِبْنَا وَاتَّبَعْنَا وَصَدَقْنَا فَيُقَالُ لَهُ نَمَّ صَالِحًا قَدْ كُنَّا نَعْلَمُ إِنْ كُنْتَ لِنُؤْمِنُ بِهِ وَأَمَّا الْمُنَافِقُ أَوْ قَالَ الْمُرْتَابُ شَكَ هِشَامٌ فَيُقَالُ لَهُ مَا عِلْمُكَ بِهَذَا الرَّجُلِ فَيَقُولُ لَا أَدْرِي سَمِعْتُ النَّاسَ يَقُولُونَ شَيْئًا فَقُلْتُ قَالَ هِشَامٌ فَلَقَدْ قَالَتْ لِي فَاطِمَةُ فَأَوْعَيْتُهُ غَيْرَ أَنَّهَا ذَكَرَتْ مَا يُعْلِظُ عَلَيْهِ

Хишам ибн Ғуруа (р.а.) мына хадисті Фатима бинти әл-Мунзирден естіпті, ол кісіге Асма бинти Әбу Бәкір айтқан екен: «Айша анамыздын алдына кірсем, адамдар намаз оқып жатыр екен. Мен: «Адамдарға не болды?»,- деп сұрадым. Айша анамыз (р.а.) басымен аспанға ишара қылды. Мен: «Бұл қияметтің белгілерінен ба?»,- дедім. Ол кісі: «Иә»,- дегендей басын изеді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) намазды өте ұзақ оқыды. Тіптен менің көзім қарауытып кетті. Жанымда торсықта су бар болатын дереу ауызын шешіп басыма құя бастадым. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) намаз оқып болды. Күннің тұтылғаны тоқтап, күн жадырап шыға келді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Алла тағалаға мақтаулар айтып, содан соң «Амма бағд» деп адамдарға құтпа айтты. Сол кезде бір топ Ансарий әйелдер шулап кетті. Мен оларды тыныштандырып (естімей қалғандықтан) Айша анамыздан: «Расулулла не деді?»,- деп сұрадым. Айша анамыз Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) айтқандарының бәрін былай қылып айтып берді: «Маған көрсетілмеген нәрсе қалмады, тіпті мына осы жерде тұрып жәннатты да, тозақты да көрдім. Маған уәхи қылынды, сендер қабірде Масих Дажжалдың бүлігі сияқты немесе соған ұқсас бір сынақтан өтесіндер. Алдыларына келіп: «Мына кісіні (яғни, Пайғамбарымызды ғ.с.) танысындар ма?»,- деп сұрайды. Сұралушы кісі мұьмин (осы жерде Хишам: «әлде тақуа»,- деп те айтады) болса, «Бұл кісі Мұхаммед (с.ғ.с.) бізге мұғжизалар мен тура жолды алып келген кісі, біз ол кісіге сеніп айтқандарын қабыл еткенбіз, және ол кісіге ілескенбіз айтқандарын дәлелдегенбіз»,- дейді. Сонда оған: «Рахаттанып ұйықтай бер. Біз сенің мұьмин екендігіңді білгеміз»,- деседі. Бірақ сұралушы Мунафиқ (осы жерде Хишам: «әлде күмәнданушы»,- деп екі түрлі ой айтады) болса, «Бұл кісіні танысын ба?»,- дегенде, «Жоқ білмеймін, адамдар бұл кісі туралы не айтса, солардан естігенімді айтамын-да»,- дейді.

(Хишам: «Сол Мунафиққа айтқан ауыр сөздерді Фатима маған айтып берген болатын бірақ-та есімнен шығып кетіпті»,- деді).

45- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ مَعْمَرٍ قَالَ حَدَّثَنَا أَبُو عَاصِمٍ عَنْ جَرِيرِ بْنِ حَازِمٍ قَالَ

سَمِعْتُ الْحَسَنَ يَقُولُ حَدَّثَنَا عَمْرُو بْنُ تَغْلِبَ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

أَتَى بِمَالٍ أَوْ سَبِيٍّ فَفَسَمَهُ فَأَعْطَى رَجَالًا وَتَرَكَ رَجَالًا فَبَلَغَهُ أَنَّ الَّذِينَ تَرَكَ عَتَبُوا فَحَمِدَ اللَّهَ ثُمَّ أَتَى عَلَيْهِ ثُمَّ قَالَ أَمَا بَعْدُ فَوَاللَّهِ إِنِّي لَأَعْطِي الرَّجُلَ وَأَدْعُ الرَّجُلَ وَالَّذِي أَدْعُ أَحَبُّ إِلَيَّ مِنَ الَّذِي أُعْطِي وَلَكِنْ أُعْطِيَ أَقْوَامًا لِمَا أَرَى فِي قُلُوبِهِمْ مِنَ الْجَزَعِ وَالْهَلَعِ وَأَكُلُ أَقْوَامًا إِلَى مَا جَعَلَ اللَّهُ فِي قُلُوبِهِمْ مِنَ الْغِنَى وَالْخَيْرِ فِيهِمْ عَمْرُو بْنُ تَعْلَبٍ فَوَاللَّهِ مَا أَحَبُّ إِلَيَّ لِي بِكَلِمَةٍ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ حُمْرَ النَّعَمِ تَابِعَهُ يُؤُسُّ

45- Амр ибн Тағлиб (р.а.) риуаят етті: «Бірде Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) олжа малдар мен тұтқындар әкелінді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) әкелінген олжаларды бөліп, кейбір адамдарға берді, ал кейбіреулеріне бермеді. Сонда олжадан тимеген адамдар наразылықтарын білдірді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Алла тағалаға мақтау айтып содан соң «Амма бағд»,- деп қойды-да: «Алла тағаланың хақы құрметі мен кей адамдарға олжадан беріп, ал кейбіріне бермеймін. Бірақ-та олжадан алмаған кісі маған олжадан алған адамнан гөрі жақынырақ. Жүрегінде қанағатсыздық, мал-дүниеге құмарлығы барлығын сезген адамыма ғана олжадан беремін. Алла тағала жүректерінде көздері тоқ қанағатты місе тұтқан адамдарды, және де көзі тоқ қанағатты болуға үндеймін. Амр ибн Тағлиб (р.а.) сол сабырлылар қауымынан»,- деді. Алланың хақы құрметі Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) айтқан бұл сөздері маған қандайда мал дүниеден артығырақ»,- деді.

46- حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ بُكَيْرٍ قَالَ حَدَّثَنَا اللَّيْثُ عَنْ عَقِيلٍ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ قَالَ أَخْبَرَنِي عُرْوَةُ أَنَّ عَائِشَةَ أَخْبَرَتْهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ خَرَجَ ذَاتَ لَيْلَةٍ مِنْ جَوْفِ اللَّيْلِ فَصَلَّى فِي الْمَسْجِدِ فَصَلَّى رَجَالٌ بِصَلَاتِهِ فَأَصْبَحَ النَّاسُ فَتَحَدَّثُوا فَاجْتَمَعَ أَكْثَرُ مِنْهُمْ فَصَلُّوا مَعَهُ فَأَصْبَحَ النَّاسُ فَتَحَدَّثُوا فَكَثَرَ أَهْلُ الْمَسْجِدِ مِنَ اللَّيْلَةِ الثَّلَاثَةِ فَخَرَجَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَصَلُّوا بِصَلَاتِهِ فَلَمَّا كَانَتْ اللَّيْلَةُ الرَّابِعَةَ عَجَزَ الْمَسْجِدُ عَنْ أَهْلِهِ حَتَّى خَرَجَ لِصَلَاةِ الصُّبْحِ فَلَمَّا قَضَى الْفَجْرَ أَقْبَلَ عَلَى النَّاسِ فَتَشَهَّدَ ثُمَّ قَالَ أَمَا بَعْدُ فَإِنَّهُ لَمْ يَخْفَ عَلَيَّ مَكَانُكُمْ لَكِنِّي خَشِيتُ أَنْ تُفْرَضَ عَلَيْكُمْ فَتَعْجِزُوا عَنْهَا قَالَ أَبُو عَبْدِ اللَّهِ تَابِعَهُ يُؤُسُّ

46- Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір күні жарым түнде мешітке шығып намаз оқыды. Адамдар да ол кісіге ұйып

нәпіл намаз оқыды. Таң атқаннан кейін, адамдар: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жарым түнде мешітке шығып намаз оқыды деп»,- өзара сөйлесті. Келесі күні түнде адамдар одан да көбірек жиналып Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге намаз оқыды. Таң атқаннан соң және сол туралы сөйлесті. Үшінші түні мешіт жамағаты тіптен көбейіп кетті. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мешітке шығып намаз оқыды. Адамдар да ол кісімен бірге намаз оқыды. Төртінші түні Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мешітке шықпады. Тек қана таң намазына шықты. Намазды оқып болып, Алла тағалаға мақтаулар айтқаннан соң «Амма бағд»,- деп сөзін бастап: «Сендердің бұндай әрекетке көшкендерін өте жақсы, бірақ-та түнде намаз оқу сендерге парыз болып қалып, кейін қиналып қалмасын дегенім ғой»,- деді.

47- حَدَّثَنَا أَبُو الْيَمَانِ قَالَ أَخْبَرَنَا شُعَيْبٌ عَنِ الزُّهْرِيِّ قَالَ أَخْبَرَنِي عُرْوَةُ عَنْ أَبِي حُمَيْدٍ السَّاعِدِيِّ أَنَّهُ أَخْبَرَهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَامَ عَشِيَّةَ بَعْدَ الصَّلَاةِ فَتَشَهَّدَ وَأَنْتَى عَلَى اللَّهِ بِمَا هُوَ أَهْلُهُ ثُمَّ قَالَ أَمَّا بَعْدُ تَابِعَهُ أَبُو مُعَاوِيَةَ وَأَبُو أُسَامَةَ عَنْ هِشَامٍ عَنْ أَبِيهِ عَنْ أَبِي حُمَيْدٍ السَّاعِدِيِّ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ أَمَّا بَعْدُ تَابِعَهُ الْعَدَنِيُّ عَنْ سَفْيَانَ فِي أَمَّا بَعْدُ

47- Әбу Хумайд әс-Сағиди (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) намаздан кейін орнынан тұрып, Алла тағалаға мақтау айтқаннан соң, «Амма бағд»,- деп сөзін бастады»,- деді.

48- حَدَّثَنَا أَبُو الْيَمَانِ قَالَ أَخْبَرَنَا شُعَيْبٌ عَنِ الزُّهْرِيِّ قَالَ حَدَّثَنِي عَلِيُّ بْنُ حُسَيْنٍ عَنِ الْمِسْوَرِ بْنِ مَخْرَمَةَ قَالَ قَامَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَسَمِعْتُهُ حِينَ تَشَهَّدَ يَقُولُ أَمَّا بَعْدُ تَابِعَهُ الزُّبَيْدِيُّ عَنِ الزُّهْرِيِّ

48- Мисуар ибн Махрама (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) орнынан тұрып Алла тағалаға мақтау айтқанында «Амма бағд»,- деп айтқаның естігенмін»,- деді.

49- حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ بْنُ أَبَانَ قَالَ حَدَّثَنَا ابْنُ الْعَسِيلِ قَالَ حَدَّثَنَا عِكْرَمَةُ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ صَعِدَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ الْمِنْبَرَ وَكَانَ آخِرَ مَجْلِسٍ جَلَسَهُ مُتَعَطِّفًا مِلْحَفَةً عَلَى مَكْبِيهِ قَدْ عَصَبَ رَأْسَهُ بِعِصَابَةٍ دَسِمَةٍ فَحَمِدَ اللَّهُ وَأَنْتَى عَلَيْهِ ثُمَّ قَالَ قَالَ أَيُّهَا النَّاسُ إِلَيَّ فَتَأْبُوا إِلَيْهِ ثُمَّ قَالَ أَمَّا بَعْدُ فَإِنَّ هَذَا

الْحَيِّ مِنَ الْأَنْصَارِ يَقُولُونَ وَيَكْتُرُ النَّاسُ فَمَنْ وَلِيَ شَيْئًا مِنْ أُمَّةٍ مُحَمَّدٍ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَاسْتَطَاعَ أَنْ يَضُرَّ فِيهِ أَحَدًا أَوْ يَنْفَعَهُ فِيهِ أَحَدًا فَلْيَقْبَلْ مِنْ مُحْسِنِهِمْ وَيَتَجَاوَزْ عَنْ مُسِيئِهِمْ

49- Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) үстіне *изар* киіп басына үлкен сәлде орап, соңғы рет мінберге шықты. Алла тағалаға мақтау айтқаннан соң: «Ей адамдар маған жақынырақ келіндер!», - деді. Адамдар Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) айналасына топталды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Амма бағд», - деп сөз бастады: «Мына бұ ансарийлар қауымы келешекте азайады, ал басқа адамдар болса көбейеді. Мұхаммедтің ғ.с. үмбетіне тиесілі мәнсапқор адамның бірер кісіге зияны немесе пайдасы тисе, жақсылығын қабыл қылып, жамандығын кешірсін!», - деді.

29-бап. Жұма күні имамның екі құтпаның ортасында отырып дем алуы туралы

50- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا بَشْرُ بْنُ الْمُفَضَّلِ قَالَ حَدَّثَنَا عُبَيْدُ اللَّهِ بْنُ عُمَرَ عَنْ نَافِعٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَخْطُبُ خُطْبَتَيْنِ يَقْعُدُ بَيْنَهُمَا

50- Абдулла ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жұмада екі рет құтпа оқитын. Екінші құтпаны бастардын алдында отырып біраз дем алатын», - деді.

30-бап. Жұма күні құтпа тындау туралы

51- حَدَّثَنَا آدَمُ قَالَ حَدَّثَنَا ابْنُ أَبِي زَيْبٍ عَنِ الزُّهْرِيِّ عَنْ أَبِي عَبْدِ اللَّهِ الْأَعْرَبِيِّ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ قَالَ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا كَانَ يَوْمُ الْجُمُعَةِ وَقَفَتِ الْمَلَائِكَةُ عَلَى بَابِ الْمَسْجِدِ يَكْتُبُونَ الْأَوَّلَ فَالْأَوَّلَ وَمَثَلُ الْمُهْجَرِ كَمَثَلِ الَّذِي يُهْدِي بَدَنَةً ثُمَّ كَالَّذِي يُهْدِي بَقْرَةً ثُمَّ كَبِشًا ثُمَّ دَجَاجَةً ثُمَّ بَيْضَةً فَإِذَا خَرَجَ الْإِمَامُ طَوَّأَ صُحُفَهُمْ وَيَسْتَمِعُونَ الذِّكْرَ

51- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Жұма күні періштелер мешіттің есігінде тұрып, бірінші келгендерді бірінші, ал екінші келгендерді екінші деп жазып тұрады. Далада қатты ыстық болып тұрғанда бірінші болып келгендер бір түйені, екінші болып

келгендер бір сиырды, одан кейін келгендер бір қошқарды, одан кейін келгендер бір тауықты, одан кейін келгендері бір жұмыртқа садақа еткеннің сауабын алады. Содан кейін имам уағыз айтуға шықса, періштелер дәптерлерін жауып, оның сөзіне құлақ салар»,- деді.

31-бап. Имам құтпа айтып тұрғанда бір кісінің кіріп келгенін көрсе, оған екі рәкат намаз оқуды бұйырады

52- حَدَّثَنَا أَبُو النُّعْمَانِ قَالَ حَدَّثَنَا حَمَادُ بْنُ زَيْدٍ عَنْ عَمْرِو بْنِ دِينَارٍ عَنْ جَابِرِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ جَاءَ رَجُلٌ وَالنَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَخُطُبُ النَّاسَ يَوْمَ الْجُمُعَةِ فَقَالَ أَصَلَيْتَ يَا فُلَانُ قَالَ لَا قَالَ فَمُ فَارَكِعْ رَكَعَيْنِ

52- Жабир ибн Абдулла (р.а.) риуаят етті: «Жұма күні Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) адамдарға уағыз айтып тұрған еді, бір кісі кіріп келді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оған: «Ей пәленше намаз оқыдың ба?»,- деп сұрады. Ол: «Жоқ»,- деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Тұр, екі рәкат намаз оқы!»,- деді.

32-бап. Имам құтпа айтып жатқанда келіп, екі рәкат жеңіл намаз оқыған кісі туралы

53- حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ عَنْ عَمْرِو سَمِعَ جَابِرًا قَالَ دَخَلَ رَجُلٌ يَوْمَ الْجُمُعَةِ وَالنَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَخُطُبُ فَقَالَ أَصَلَيْتَ قَالَ لَا قَالَ فَمُ فَصَلِّ رَكَعَيْنِ

53- Жабир ибн Абдулла (р.а.) риуаят етті: «Жұма күні Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) адамдарға уағыз айтып тұрғанында мешітке бір кісі кіріп келді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оған: «Намаз оқыдың ба?»,- деп сұрады. Ол: «Жоқ»,- деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Тұр, екі рәкат намаз оқы!»,- деді.

33-бап. Имамның құтпа айтып қолдарын көтеріп дұға қылуы туралы

54- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا حَمَادُ بْنُ زَيْدٍ عَنْ عَبْدِ الْعَزِيزِ بْنِ صُهَيْبٍ عَنْ أَنَسٍ وَعَنْ يُوسُفَ عَنْ ثَابِتٍ عَنْ أَنَسٍ قَالَ بَيْنَمَا النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَخُطُبُ

يَوْمَ الْجُمُعَةِ إِذْ قَامَ رَجُلٌ فَقَالَ يَا رَسُولَ اللَّهِ هَلْكَ الْكُرَاعُ وَهَلْكَ الشَّاءُ فَادْعُ اللَّهَ أَنْ
يَسْقِينَا فَمَدَّ يَدَيْهِ وَدَعَا

54- Әнас (р.а.) риуаят етті: «Жұма күні Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) уағыз айтып тұрған болатын. Бір кісі орнынан тұрып: «Я Расулулла, жылқылар мен қойлар қырылып жатыр. Алла тағаладан бізге жаңбыр сұрап беріңіз!», - деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қолын көтеріп дұға қылды.

34-бап. Жұма күні құтпада жаңбыр сұрау туралы

55- حَدَّثَنَا إِبْرَاهِيمُ بْنُ الْمُنْذِرِ قَالَ حَدَّثَنَا الْوَلِيدُ بْنُ مُسْلِمٍ قَالَ حَدَّثَنَا أَبُو
عَمْرٍو الْأَوْزَاعِيُّ قَالَ حَدَّثَنِي إِسْحَاقُ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ أَبِي طَلْحَةَ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ
قَالَ أَصَابَتْ النَّاسَ سَنَةٌ عَلَى عَهْدِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَبَيْنَا النَّبِيُّ صَلَّى
اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَخْطُبُ فِي يَوْمِ جُمُعَةٍ قَامَ أَعْرَابِيٌّ فَقَالَ يَا رَسُولَ اللَّهِ هَلْكَ الْمَالُ
وَجَاعَ الْعِيَالُ فَادْعُ اللَّهَ لَنَا فَرَفَعَ يَدَيْهِ وَمَا تَرَى فِي السَّمَاءِ قَرَعَةً فَوَالَّذِي نَفْسِي
بِيَدِهِ مَا وَضَعَهَا حَتَّى تَارَ السَّحَابُ أُمَّتَالَ الْجِبَالَ ثُمَّ لَمْ يَنْزِلْ عَنْ مِئْبَرِهِ حَتَّى رَأَيْتُ
الْمَطَرَ يَتَحَادَرُ عَلَى لِحْيَتِهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَمُطِرْنَا يَوْمَنَا ذَلِكَ وَمِنَ الْعَدِ
وَبَعْدَ الْعَدِ وَالَّذِي يَلِيهِ حَتَّى الْجُمُعَةِ الْأُخْرَى وَقَامَ ذَلِكَ الْأَعْرَابِيُّ أَوْ قَالَ غَيْرُهُ فَقَالَ
يَا رَسُولَ اللَّهِ تَهْدَمُ الْبِنَاءُ وَغَرِقَ الْمَالُ فَادْعُ اللَّهَ لَنَا فَرَفَعَ يَدَيْهِ فَقَالَ اللَّهُمَّ حَوَالَيْنَا
وَلَا عَلَيْنَا فَمَا يُشِيرُ بِيَدِهِ إِلَى نَاحِيَةٍ مِنَ السَّحَابِ إِلَّا انْفَرَجَتْ وَصَارَتْ الْمَدِينَةُ مِثْلَ
الْجَوْبَةِ وَسَالَ الْوَادِي قَنَاةً شَهْرًا وَلَمْ يَجِئْ أَحَدٌ مِنْ نَاحِيَةٍ إِلَّا حَدَّثَ بِالْجَوْدِ

55- Әнас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) заманында құрғақшылық болды. Жұма күні Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) құтпа айтып тұрған еді, бір бәдәуі орнынан тұрып: «Я Расулулла, мал-мүлкіміз қырылып құрыды, бала шағамыз аш қалды. Алла тағаладан бізге жаңбыр сұрап беріңіз!», - деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қолдарын көтеріп дұға қыла бастады. Сол уақытта аспанда бірде-бір бұлт жоқ болатын. Жаным қолымда болғанға ант етіп айтамын Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қолдарын түсірместен-ақ аспанды таудай-таудай бұлттар торлап алды. Кейін Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мінберден түсіп үлгерместен-ақ сақалдарынан су тамшылап жатқандарын көрдім. Осы күні және ертенінде одан арғы күндері де тіптен келесі жұмаға дейін жалғасты. Кейінгі жұмада сол бәдәуі ма әлде басқасы ма: «Я Расулулла, үйлерді су басып, мал-мүлікіміз

судың астында қалып жатыр. Бізге Алла тағаладан жауынның тоқтауын сұрап беріңіз!»,- деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) дұғаға қолдарын көтеріп: «Илаһи, жауынды үстімізге емес айналамызға жаудыр!»,- деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қолдарымен қай жаққа нұсқаса бұлттар сол жаққа бытырап тарап жатты. Мединенің аспаны лездемде шайдай ашылды. Ал жаңбыр болса, далалы алқапқа бір ай бойы жауды. Сол жақтан кім келсе де, жаңбырдың қалың жауып жатқаны туралы айтатын»,- деді.

35-бап. Жұма күні имам уағыз айтып жатқанда өзара сөйлесіп жатқандарды тыныштандыру туралы

قَالَ سَلْمَانُ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُنصِتُ إِذَا تَكَلَّمَ الْإِمَامُ

Салман (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Имам уағыз айтып жатқанда адамдар тыныш отырып тыңдаулары керек»,- деді.

حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ بُكَيْرٍ قَالَ حَدَّثَنَا اللَّيْثُ عَنْ عُقَيْلٍ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ قَالَ أَخْبَرَنِي سَعِيدُ بْنُ الْمُسَيَّبِ أَنَّ أَبَا هُرَيْرَةَ أَخْبَرَهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ إِذَا قُلْتَ لِصَاحِبِكَ يَوْمَ الْجُمُعَةِ أَنْصِتْ وَالْإِمَامُ يَخْطُبُ فَقَدْ لَعَوْتَ

Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Жұма күні имам уағыз айтып жатқанда жанындағы кісіге: «тыныш отыр!»,- десең-де, орынсыз сөйлеген боласың»,- деді.

36-бап. Жұма күнгі дұға қабыл болатын уақыт туралы

57- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مَسْلَمَةَ عَنْ مَالِكٍ عَنْ أَبِي الزِّنَادِ عَنِ الْأَعْرَجِ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ ذَكَرَ يَوْمَ الْجُمُعَةِ فَقَالَ فِيهِ سَاعَةٌ لَا يُوَافِقُهَا عَبْدٌ مُسْلِمٌ وَهُوَ قَائِمٌ يُصَلِّي يَسْأَلُ اللَّهَ تَعَالَى شَيْئًا إِلَّا أَعْطَاهُ إِيَّاهُ وَأَشَارَ بِيَدِهِ يُقَالُهَا

57- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жұма күні уағыз айтып тұрып: «Жұма күні белгілі бір уақыт бар. Мұсылман адамның оқып жатқан намазы осы уақытқа тура келіп қалуы қиын, бірақ-та тура келіп қалса, сол адам Алла тағаладан бірер нәрсе тілесе тілегі қабыл болады»,- деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) осы уақыттың өте қысқа екенін қолымен ишара етіп көрсетті.

37-бап. Жұма күні адамдар имамды тастап намаздан шығып кетсе, имам және онымен қалған адамдардың намазы дұрыс екендігі туралы

58- حَدَّثَنَا مُعَاوِيَةُ بْنُ عَمْرٍو قَالَ حَدَّثَنَا زَائِدَةُ عَنْ حُصَيْنٍ عَنْ سَالِمِ بْنِ أَبِي الْجَعْدِ قَالَ حَدَّثَنَا جَابِرُ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ بَيْنَمَا نَحْنُ نُصَلِّي مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذْ أَقْبَلَتْ عَيْرٌ تَحْمِلُ طَعَامًا فَالْتَفَتُوا إِلَيْهَا حَتَّى مَا بَقِيَ مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِلَّا اثْنَا عَشَرَ رَجُلًا فَانزَلَتْ هَذِهِ الْآيَةُ وَإِذَا رَأَوْا تِجَارَةً أَوْ لَهْوًا انفَضُوا إِلَيْهَا وَتَرَكَوْكَ قَائِمًا

58- Жабир ибн Абдулла (р.а.) риуаят етті: «Бір күні Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге жұма намазын оқып жатқанымызда, Шам жақтан бидай артқан керуен келіп қалды. Адамдар мешітте оқып жатқан намаздарын тастап, керуен жаққа шығып кетті. Ал Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге тек қана 12 кісі қалды. Сол кезде: «Егер адамдар бірер саудасаттықты немесе ойын-күлкіні көріп қалса, сені намазда тік тұрған бойынша қалдырып кетіседі⁷», - деген аят нәзіл болды.

38-бап. Жұмадан кейін және жұмадан бұрын намаз оқу туралы

59- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ نَافِعٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ يُصَلِّي قَبْلَ الظُّهْرِ رَكَعَتَيْنِ وَبَعْدَهَا رَكَعَتَيْنِ وَبَعْدَ الْمَغْرَبِ رَكَعَتَيْنِ فِي بَيْتِهِ وَبَعْدَ الْعِشَاءِ رَكَعَتَيْنِ وَكَانَ لَا يُصَلِّي بَعْدَ الْجُمُعَةِ حَتَّى يَنْصَرِفَ فَيُصَلِّي رَكَعَتَيْنِ

59- Абдулла ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бесін намазынан бұрын 2 рәкат, бесіннен кейін 2 рәкат, шам намазынан кейін 2 рәкат және құптан намазынан кейін 2 рәкат намаз оқитын. Жұма намаздан кейін де үйіне келгеннен соң 2 рәкат намаз оқитын», - деді.

⁷ 62. Жұма-11 аят.

39-бап. Алла тағаланың «Намаз өтелген кезде, жер жүзіне таралындар да Алланың мәрхаметінен несібе іздендер⁸», - деген аяты туралы

60- حَدَّثَنَا سَعِيدُ بْنُ أَبِي مَرْيَمَ قَالَ حَدَّثَنَا أَبُو غَسَّانَ قَالَ حَدَّثَنِي أَبُو حَازِمٍ عَنْ سَهْلِ بْنِ سَعْدٍ قَالَ كَانَتْ فَيْنَا امْرَأَةٌ تَجْعَلُ عَلَى أَرْبَعَاءَ فِي مَزْرَعَةٍ لَهَا سِلْقًا فَكَانَتْ إِذَا كَانَ يَوْمُ جُمُعَةٍ تَنْزِعُ أَصُولَ السِّلْقِ فَتَجْعَلُهُ فِي قَدْرٍ ثُمَّ تَجْعَلُ عَلَيْهِ قَبْضَةً مِنْ شَعِيرٍ تَطْحَنُهَا فَتَكُونُ أَصُولُ السِّلْقِ عَرْقَهُ وَكُنَّا نَنْصَرِفُ مِنْ صَلَاةِ الْجُمُعَةِ فَنَسَلِمُ عَلَيْهَا فَنُقَرِّبُ ذَلِكَ الطَّعَامَ إِلَيْنَا فَنَلْعَفُهُ وَكُنَّا نَتَمَنَّى يَوْمَ الْجُمُعَةِ لَطْعَامِهَا ذَلِكَ

60- Саһл ибн Сағд (р.а.) риуаят етті: «Біз жақта бір әйел бар болатын. Ол даладағы егістігіне қант қызылшасын егетін. Жұма күні болса, қант қызылшасынан жұлып, бір уыс арпаменен араластырып (қазанда) қайнатып қоятын еді. Жұма намазынан қайтып бара жатқанымызда сол әйелге сәлемдесіп өтетінбіз, ол сол істеген тамағынан бізге беретін. Оның берген тамағын жалайтынбыз. Кейін, тағыда жұма күні қашан болады екен дейтінбіз. Жұма күні намаздан кейін ғана тынығатынбыз. Түскі тамақты-да тек қана жұма намаздан кейін ішетінбіз», - деді.

40-бап. Жұма намаздан соң тынығу туралы

62- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ عُقَبَةَ الشَّيْبَانِيُّ الْكُوفِيُّ قَالَ حَدَّثَنَا أَبُو إِسْحَاقَ الْفَزَارِيُّ عَنْ حُمَيْدٍ قَالَ سَمِعْتُ أَنَسًا يَقُولُ كُنَّا نُبْكَرُ إِلَى الْجُمُعَةِ ثُمَّ نَقِيلُ

62- Әнәс (р.а.) риуаят етті: «Жұмаға ертерек барып келіп, тынығатынбыз», - деді.

63- حَدَّثَنَا سَعِيدُ بْنُ أَبِي مَرْيَمَ قَالَ حَدَّثَنَا أَبُو غَسَّانَ قَالَ حَدَّثَنِي أَبُو حَازِمٍ عَنْ سَهْلِ بْنِ سَعْدٍ قَالَ كُنَّا نُصَلِّي مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ الْجُمُعَةَ ثُمَّ تَكُونُ الْقَائِلَةَ

63- Саһл (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге жұма намазын оқып, содан соң демалатынбыз», - деді.

⁸ 62. Жұма. 10 аят.

41-бап. Қауип-қатер кезде оқылатын намаз

وَقَوْلِ اللّٰهِ تَعَالٰى وَاِذَا ضَرَبْتُمْ فِى الْاَرْضِ فَلَيْسَ عَلَيْكُمْ جُنَاحٌ اَنْ تَقْصُرُوْا مِنْ الصَّلَاةِ اِنْ خِفْتُمْ اَنْ يَّفْتِنَكُمْ الَّذِيْنَ كَفَرُوْا اِنَّ الْكٰفِرِيْنَ كَانُوْا لَكُمْ عَدُوًّا مُّبِيْنًا وَاِذَا كُنْتُمْ فِيْهِمْ فَاَقَمْتُمْ لَهُمُ الصَّلَاةَ فَلَنْتَقِمَ طٰىفَةٌ مِنْهُمْ مَعَكُمْ وَلْيَاْخُذُوْا اَسْلِحَتَهُمْ فَاِذَا سَجَدُوْا فَلْيَكُوْنُوْا مِنْ وَّرَائِكُمْ وَاَلْتَأْتِ طٰىفَةٌ اٰخَرٰى لَمْ يُصَلُّوْا فَلْيُصَلُّوْا مَعَكُمْ وَلْيَاْخُذُوْا حِذْرَهُمْ وَاَسْلِحَتَهُمْ وَاَلَّذِيْنَ كَفَرُوْا لَوْ تَعَفَّلُوْنَ عَنْ اَسْلِحَتِكُمْ وَاَمْتِعَتِكُمْ فَيَمِيْلُوْنَ عَلَيْكُمْ مِيْلَةً وَّاحِدَةً وَّلَا جُنَاحَ عَلَيْكُمْ اِنْ كَانَ بِكُمْ اَدٰى مِنْ مَطَرٍ اَوْ كُنْتُمْ مَرَضٰى اَنْ تَضَعُوْا اَسْلِحَتَكُمْ وَاَخُذُوْا حِذْرَكُمْ اِنَّ اللّٰهَ اَعَدَّ لِلْكَٰفِرِيْنَ عَذٰبًا مُّهِیْنًا

Алла тағала құран кәрімде: «Қашан жер жүзінде сапарда болсаңдар, кәпірлердің өздеріне бір қастандық істеуінен қорықсаңдар, сендерге намаздан қысқартуларында күнә жоқ. Негізінен сендерге кәпірлер ашық қаскүнем. (Мұхаммед ғ.с.) Сен олардың ішінде (соғыс майданында имам болып) тұрған кезде, олардан бір бөлегі сенімен бірге намазға тұрсын, барлығы құралдарын алсын. Сонда қашан олар сәжде қылса, (саған ұйып бір рәкат оқыса,) олар арт жақтарында (жау жақта) болсын. Екінші намаз оқымаған топ келіп, сенімен бірге намаз оқысын, қорғаныстарын, құралдарын да алсын. Өйткені, кәпірлер құралдарынан, нәрселерінен қаперсіз болуларыңды, үстеріңе бір-ақ шабуыл жасауды ойлар. Егер сендерге жаңбырдан бір қиналыс немесе ауру болсаңдар, сендерге құралдарыңды қойып қоюларыңның оқасы жоқ. Сондай-ақ сақтық шарасын қолданыңдар. Негізінен Алла кәпірлер үшін қорлаушы азап әзірлеген⁹», - деді.

64- حَدَّثَنَا أَبُو الْيَمَانِ قَالَ أَخْبَرَنَا شُعَيْبٌ عَنِ الزُّهْرِيِّ قَالَ سَأَلْتُهُ هَلْ صَلَّى النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَعْنِي صَلَاةَ الْخَوْفِ قَالَ أَخْبَرَنِي سَالِمٌ أَنَّ عَبْدَ اللَّهِ بْنَ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ قَالَ عَزَوْتُ مَعَ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَبْلَ نَجْدٍ

⁹ 4. «Ниса», 101-102 аяттар.

فَوَازَيْنَا الْعَدُوَّ فَصَافَقْنَا لَهُمْ فَقَامَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُصَلِّي لَنَا فَقَامَتِ طَائِفَةٌ مَعَهُ تُصَلِّي وَأَقْبَلَتْ طَائِفَةٌ عَلَى الْعَدُوِّ وَرَكَعَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِمَنْ مَعَهُ وَسَجَدَ سَجْدَتَيْنِ ثُمَّ انصَرَفُوا مَكَانَ الطَّائِفَةِ الَّتِي لَمْ تُصَلِّ فَجَاءُوا فَرَكَعَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِهِمْ رَكْعَةً وَسَجَدَ سَجْدَتَيْنِ ثُمَّ سَلَّمَ فَقَامَ كُلُّ وَاحِدٍ مِنْهُمْ فَرَكَعَ لِنَفْسِهِ رَكْعَةً وَسَجَدَ سَجْدَتَيْنِ

64- Шүғайб (р.а.) айтты Зухрийден (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қауіп намазын оқушы ма еді?», - деп сұрадым. Ол: «Маған атам Абдулла ибн Омар (р.а.) бұл туралы былай деген еді», - деп төмендегіше айтып берді: «Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге соғысқа шықтым. Нажд жақта дұшпандарымыздың қарсы алдына келгенімізде сапка тұрдық. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) намаз оқуға тұрды. Бір топ адамдар ол кісіге ұйыды, ал қалған бір тобы дұшпандарды бақылап тұрды. Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) ұйып намаз оқып жатқан адамдар бір рет рүкүф қылып екі сәжде қылды да, намаз оқып жатқан жерлерінен тұрды. Олардың орындарына бақылаушы екінші топ адамдар барып намазға тұрды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) олармен бірге бір рет рүкүф, екі рет сәжде істеді. Содан соң сәлем берді. Екінші топтағы адамдар әр қайсысы өз беттерінше бір рүкүф екі сәждені қылып алысты», - деді.

42-бап. Тік тұрып немесе ат мініп тұрған бойы қауіп намазын оқу туралы

65- حَدَّثَنَا سَعِيدُ بْنُ يَحْيَى بْنِ سَعِيدٍ الْفَرَسِيُّ قَالَ حَدَّثَنِي أَبِي قَالَ حَدَّثَنَا ابْنُ جُرَيْجٍ عَنْ مُوسَى بْنِ عُقْبَةَ عَنْ نَافِعٍ عَنْ ابْنِ عُمَرَ نَحْوًا مِنْ قَوْلِ مُجَاهِدٍ إِذَا اخْتَلَطُوا قِيَامًا وَزَادَ ابْنُ عُمَرَ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَإِنْ كَانُوا أَكْثَرَ مِنْ ذَلِكَ فَلْيُصَلُّوا قِيَامًا وَرُكْبَانًا

65- Ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Дұшпандар жан-жақтан қысым қылып тұрған уақытта тік тұрған бойы намаз оқи береді. Өйткені Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Дұшпанның қауіптігі күшейіп кетсе, тік тұрып немесе аттың үстінде отырып болса да намаз оқи беріңдер!», - деп айтқан», - деді.

43-бап. Қауіп намазы оқылып жатқанда намазхандар бір-бірлерін қорғап тұрады

66- حَدَّثَنَا حَيْوَةُ بْنُ شَرِيحٍ قَالَ حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ حَرْبٍ عَنِ الزُّبَيْدِيِّ عَنِ الزُّهْرِيِّ عَنِ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُثْبَةَ عَنِ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ قَامَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَقَامَ النَّاسُ مَعَهُ فَكَبَّرَ وَكَبَّرُوا مَعَهُ وَرَكَعَ وَرَكَعَ نَاسٌ مِنْهُمْ مَعَهُ ثُمَّ سَجَدَ وَسَجَدُوا مَعَهُ ثُمَّ قَامَ لِلثَّانِيَةِ فَقَامَ الَّذِينَ سَجَدُوا وَحَرَسُوا إِخْوَانَهُمْ وَأَتَتْ الطَّائِفَةُ الْآخَرَى فَرَكَعُوا وَسَجَدُوا مَعَهُ وَالنَّاسُ كُلُّهُمْ فِي صَلَاةٍ وَلَكِنْ يَحْرُسُ بَعْضُهُمْ بَعْضًا

66- Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге бір топ адамдар намаз оқуға тұрды. Расулулла тәкбір тахрима айтты. Қалғандары да айтты. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) рүкүф қылды, қалғандары да рүкүф қылды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сәжде етті, қалғандары да сәжде етісті. Содан соң Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) екінші рәкатты оқымаққа тұрды. Бірге намаз оқып жатқан топ, екінші топқа орын босатып оларды қорғап тұрды. Екінші топтағы адамдар Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге рүкүф, сәжде қылды. Сол сияқты кезек-кезек бір-бірлерін қорғап тұрып, барлық намаздарын оқып алысты», - деді.

44-бап. Қамалды (бекініс) басып алудың және дұшпанға шабуылға шығардың алдында оқылатын намаз

قَالَ الْأَوْزَاعِيُّ إِنْ كَانَ تَهَيَّأَ الْفَتْحُ وَلَمْ يَقْدِرُوا عَلَى الصَّلَاةِ صَلُّوا إِيْمَاءً كُلُّ امْرئٍ لِنَفْسِهِ فَإِنْ لَمْ يَقْدِرُوا عَلَى الْإِيْمَاءِ أُخْرُوا الصَّلَاةَ حَتَّى يَنْكَشِفَ الْقِتَالُ أَوْ يَأْمَنُوا فَيُصَلُّوا رَكَعَتَيْنِ فَإِنْ لَمْ يَقْدِرُوا صَلُّوا رَكَعَةً وَسَجَدَتَيْنِ فَإِنْ لَمْ يَقْدِرُوا لَمْ يَجْزِئُهُمُ التَّكْبِيرُ وَيُؤَخَّرُهَا حَتَّى يَأْمَنُوا وَبِهِ قَالَ مَكْحُولٌ وَقَالَ أَنَسُ بْنُ مَالِكٍ حَضَرْتُ عِنْدَ مُنَاهِضَةِ حِصْنِ نُسْتَرَ عِنْدَ إِضَاءَةِ الْفَجْرِ وَاشْتَدَّ اشْتِعَالُ الْقِتَالِ فَلَمْ يَقْدِرُوا عَلَى الصَّلَاةِ فَلَمْ نُصَلِّ إِلَّا بَعْدَ ارْتِفَاعِ النَّهَارِ فَصَلَّيْنَاهَا وَنَحْنُ مَعَ أَبِي مُوسَى فَفُتِحَ لَنَا وَقَالَ أَنَسُ بْنُ مَالِكٍ وَمَا يَسْرُنِي بِتِلْكَ الصَّلَاةِ الدُّنْيَا وَمَا فِيهَا

Әл-Аузағий (р.а.) риуаят етті: «Егерде бекіністі алуға кіріскенде намаз оқуға мүмкіншілік болмаса, әрбір кісі ишарамен өз орындарында намаз оқып алады. Егерде ишарамен де намаз оқудың мүмкіншілігі

болмаса, соғыс басылғанша намазды кешіктіре тұрады. Соғыс басылғанда 2 рәкат намаз оқиды. Егерде бұғанда мүмкіншілік болмаса, бір рәкат екі сәжде қылып намаз оқиды. Тіпті бұғанда мүмкіншілігі болмаса, онда құры тәкбір намаз орнына жүрмейді. Сол себепті намазды дұшпанның қауіпі сейілгенге дейін кешіктіре тұрады»,- деді. Әнас (р.а.) бұл туралы былай деді: «**Тастур** бекінісін алғанда қатынастым.Сахабалар таң атар уақытта шабуылға шығып, күн шыққанша намаз оқи алмады. Күн көтеріліп кеткеннен соң ғана намаз оқыдық. Бізбен бірге Әбу Мұса әл-Ашғарий да бар болатын. Содан соң қамал алынып, ішіндегі тұрғындары Исламға кіргізілді. Сол қаза болған намаздың орнына бүтін дүниені, ондағы бар нәрселерді берсе де риза болмас едім!»,- деді.

67- حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ جَعْفَرِ الْبُخَارِيُّ قَالَ حَدَّثَنَا وَكِيعٌ عَنْ عَلِيِّ بْنِ مُبَارَكٍ عَنْ يَحْيَى بْنِ أَبِي كَثِيرٍ عَنْ أَبِي سَلَمَةَ عَنْ جَابِرِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ جَاءَ عُمَرُ يَوْمَ الْخَنْدَقِ فَجَعَلَ يَسُبُّ كُفَّارَ فُرَيْشٍ وَيَقُولُ يَا رَسُولَ اللَّهِ مَا صَلَّيْتُ الْعَصْرَ حَتَّى كَادَتْ الشَّمْسُ أَنْ تَغِيبَ فَقَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَأَنَا وَاللَّهِ مَا صَلَّيْتُهَا بَعْدُ قَالَ فَنَزَلَ إِلَى بَطْحَانَ فَتَوَضَّأَ وَصَلَّى الْعَصْرَ بَعْدَ مَا غَابَتْ الشَّمْسُ ثُمَّ صَلَّى الْمَغْرِبَ بَعْدَهَا

67- Жабир ибн Абдулла (р.а.) риуаят етті: «Хандақ күні (хижраның 4-ші жылы) Хазреті Омар (р.а.) келіп Құрайыш кәпірлерін (мұьминдерді намаздан қалдырғандары үшін) сөге бастады. Содан соң: «Я Расулулла, күн батып кетті, мен әлі аср намазын оқығаным жоқ»,- деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Аллаға ант етіп айтамын, менде әлі оқығаным жоқ»,- деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Батхан деген жерде (түйеден) түсіп, дәрет алды. Содан күн батқаннан соң аср намазын, одан кейін шам намазын оқыды»,- деді.

45-бап. Дұшпанды қуып бара жатқан немесе артынан дұшпан қуып келе жатқан адамның ат үстінде намаз оқуы туралы

قَالَ الْوَلِيدُ ذَكَرْتُ لِلْأَوْزَاعِيِّ صَلَاةَ شَرْحَبِيلَ بْنِ السَّمْطِ وَأَصْحَابِهِ عَلَى ظَهْرِ الدَّابَّةِ فَقَالَ كَذَلِكَ الْأَمْرُ عِنْدَنَا إِذَا نُحِوِّفَ الْقَوْتَ وَاحْتَجَّ الْوَلِيدُ بِقَوْلِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَا يُصَلِّيَنَّ أَحَدٌ الْعَصْرَ إِلَّا فِي بَنِي فَرِيظَةَ

Уалийд (р.а.) әл-Аузағиға: «Мен Шархабийл ибн әс-Самт пен оның серіктерінің аттың үстінде намаз оқып кетіп бара жатқандарын көрдім»,- деді. Сонда әл-Аузағий: «Иә, намаздың қаза болуынан қауіптенсек, аттың

үстінде ишарамен намаз оқып кете беретін едік»,- деді. Уалид (р.а.)
Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Ешкім Бәний Құрайзадан басқа жерде аср
намазын оқымасын!»,- деген сөздерін дәлел қылды.

46-бап.

حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مُحَمَّدٍ بْنُ أَسْمَاءَ قَالَ حَدَّثَنَا جُوَيْرِيَةُ عَنْ نَافِعٍ عَنْ ابْنِ
عُمَرَ قَالَ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَنَا لَمَّا رَجَعْنَا مِنَ الْأَحْزَابِ لَا يُصَلِّينَ أَحَدٌ
الْعَصْرَ إِلَّا فِي بَنِي قُرَيْظَةَ فَأَذْرَكَ بَعْضُهُمُ الْعَصْرَ فِي الطَّرِيقِ فَقَالَ بَعْضُهُمْ لَا
نُصَلِّي حَتَّى نَأْتِيَهَا وَقَالَ بَعْضُهُمْ بَلْ نُصَلِّي لَمْ يَرِدْ مِنَّا ذَلِكَ فَذَكَرَ لِلنَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ
عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَلَمْ يُعَفِّ وَاحِدًا مِنْهُمْ

Ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Хандақ
соғысынан қайтқанынан соң: «Бірде-бір кісі Бәний Құрайзаға жетіп
алмағанша аср намазын оқымасын!»,- деді. Кейбіреулер аср намазын
жолда оқыды, кейбірі: «Барғанымызша оқымаймыз»,- десті, енді біреулері:
«Оқи береміз, «Намаз оқымандар!» дегендегі мақсат, баратын жерге
тезірек жетіп алу үшін»,- десті. Кейіннен бұл сөздерді Пайғамбарымызға
(с.ғ.с.) айтқанда. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) олардың бірде біреуін сөкпеді де
ескерту бермеді де,- деді.

47-бап. Таң намазын таң атпастан бұрынырақ оқымақ; шабуыл мен соғыстың алдында намаз оқып алу туралы

68- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا حَمَادُ بْنُ زَيْدٍ عَنْ عَبْدِ الْعَزِيزِ بْنِ صُهَيْبٍ
وَتَابِتِ بْنِ أَنَسٍ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ صَلَّى
الصُّبْحَ بَعَثَ نَجْدًا ثُمَّ رَكِبَ فَقَالَ اللَّهُ أَكْبَرُ خَرِبَتْ خَيْبَرُ إِنَّا إِذَا نَزَلْنَا بِسَاحَةِ قَوْمٍ فَسَاءَ
صَبَاحُ الْمُؤَذِّنِينَ فَخَرَجُوا يَسْعُونَ فِي السَّكَاكِ وَيَقُولُونَ مُحَمَّدٌ وَالْخَمِيسُ قَالَ
وَالْخَمِيسُ الْجَيْشُ فَظَهَرَ عَلَيْهِمْ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَتَلَ الْمُقَاتِلَةَ
وَسَبَى الدَّرَارِيَّ فَصَارَتْ صَفِيَّةُ لِذِيئَةَ الْكَلْبِيِّ وَصَارَتْ لِرَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ
عَلَيْهِ وَسَلَّمَ ثُمَّ تَرَوَّجَهَا وَجَعَلَ صَدَاقَهَا عِثْقَهَا فَقَالَ عَبْدُ الْعَزِيزِ لِتَابِتِ يَا أَبَا مُحَمَّدٍ
أَنْتَ سَأَلْتَ أَنَسَ بْنَ مَالِكٍ مَا أَمْرُهَا قَالَ أَمْرُهَا نَفْسُهَا فَتَنَبَّسَ

68- Әнас ибн Мәлік (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) (Хайбарды басып алардың алдында) елең-алаң уақытта таң намазын оқып алды. Содан соң атқа мініп жолға шықты. Хайбар көрінген уақытта: «Аллаһу акбар, Хайбар ойран болды, біз бірер қауымның жеріне келіп түссек, олардың халі мүшкіл!», - деді. Хайбар халқы үрейленіп көшелерге шықты. Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) көріп: «Мұхаммед ғ.с. қалың қолменен келіпті», - десті. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) олардың қарсылық көрсеткендерін өлтіріп, қалғандарын тұтқынға алды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) тұтқын Сафийяны Дихья әл-Калбийға берді. Бірақ-та сахабалардың айтуымен Дихьяны разы қылып, Сафийяны қайтарып алды. Кейін Сафийяны азат етіп, оған үйленді. Абдулазиз Сәбитке: «Сіз маһрге не бергені туралы Әнастан сұрадыңыз ба?», - дегенде, ол: «маһрге бостандықты берді», - деп күліп қойды.

Екі айт кітабы

1-бап. Екі айт және сәндену туралы

69- حَدَّثَنَا أَبُو الْيَمَانِ قَالَ أَخْبَرَنَا شُعَيْبٌ عَنْ الزُّهْرِيِّ قَالَ أَخْبَرَنِي سَالِمُ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ أَنَّ عَبْدَ اللَّهِ بْنَ عُمَرَ قَالَ أَخَذَ عُمَرُ جُبَّةً مِنْ إِسْتَبْرَقٍ تُبَاعُ فِي السُّوقِ فَأَخَذَهَا فَأَتَى بِهَا رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ يَا رَسُولَ اللَّهِ ابْتِعْ هَذِهِ تَجْمَلْ بِهَا لِلْعِيدِ وَالْوُفُودِ فَقَالَ لَهُ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِنَّمَا هَذِهِ لِبَاسُ مَنْ لَا خَلْقَ لَهُ فَلَبِثَ عُمَرُ مَا شَاءَ اللَّهُ أَنْ يَلْبِثَ ثُمَّ أُرْسِلَ إِلَيْهِ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ يَا رَسُولَ اللَّهِ إِنَّكَ قُلْتَ إِنَّمَا هَذِهِ لِبَاسُ مَنْ لَا خَلْقَ لَهُ وَأُرْسِلْتَ إِلَيَّ بِهَذِهِ الْجُبَّةِ فَقَالَ لَهُ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ تَبِعُهَا أَوْ تُصِيبُ بِهَا حَاجَتَكَ

69- Сәлім ибн Абдуллаға Абдулла ибн Омар (р.а.) былай деп айтқан екен: «Хазреті Омар (р.а.) базардан бір жібек шапанды сатып алды-да, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдына келіп: «Я Расулулла, мына шапанды сатып алыңыз, айтта, немесе мейман күткенде киесіз»,- деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Бұл киім ахиретте несібесі жоқ адамның киімі!»,- деді. Арада Алла тағала қалағанша уақыт өткеннен соң Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Хазреті Омарға (р.а.) бір жібек шапанды сыйлыққа жіберді. Хазреті Омар (р.а.) жібек шапанды алып Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдына келді-де: «Я Расулулла, сіз: «Бұл (жібек) шапан ахиретте несібесі жоқ адамның киімі!»,- деп айтқан едіңіз ғой! Ал енді бұны маған беріп жіберіпсіз?!»,- деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Шапанды сатып, бірер қажетіне жаратарсың»,- деді.

2-бап. Айт күнінде қылышкерлік, найзагерлік ойындарды көрсетудің дұрыстығы туралы

70- حَدَّثَنَا أَحْمَدُ بْنُ عِيسَى قَالَ حَدَّثَنَا ابْنُ وَهْبٍ قَالَ أَخْبَرَنَا عَمْرُو بْنُ مُحَمَّدَ بْنِ عَبْدِ الرَّحْمَنِ الْأَسَدِيِّ حَدَّثَهُ عَنْ عُرْوَةَ عَنْ عَائِشَةَ قَالَتْ دَخَلَ عَلِيٌّ

رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَعِنْدِي جَارِيَّتَانِ تُغَيَّيَانِ بِغِنَاءٍ بُعَاثَ فَاضْطَجَعَ عَلَى الْفِرَاشِ وَحَوْلَ وَجْهِهِ وَدَخَلَ أَبُو بَكْرٍ فَانْتَهَرَنِي وَقَالَ مِزْمَارَةُ الشَّيْطَانِ عِنْدَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَأَقْبَلَ عَلَيْهِ رَسُولُ اللَّهِ عَلَيْهِ السَّلَامُ فَقَالَ دَعُهُمَا فَلَمَّا غَفَلَ غَمَزْتُهُمَا فَخَرَجَتَا وَكَانَ يَوْمَ عِيدِ يَلْعَبُ السُّودَانُ بِالدَّرَقِ وَالْحِرَابِ فِيمَا سَأَلْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَإِمَّا قَالَ تَسْتَهِينِ تَنْظُرِينَ فَقُلْتُ نَعَمْ فَأَقَامَنِي وَرَاءَهُ خَدِّي عَلَى خَدِّهِ وَهُوَ يَقُولُ دُونَكُمْ يَا بَنِي أَرْفِدَةَ حَتَّى إِذَا مَلِئْتُ قَالَ حَسْبُكَ قُلْتُ نَعَمْ قَالَ فَادْهَبِي

70- Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) менің бөлмеме кіргенде екі күң (қызметші) қыз жанымда отырып «Буғас» деген атақты бәйітті айтып жатқан еді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) орнына жанбастап жатты да, бетін теріс бұрып алды. Сонда Хазреті Әбу Бәкір Сыддық (Айшаның әкесі) кіріп келіп мені және бәйітші қыздарды қатты сөгіп: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдында шайтанның сырнайы шалынады ма?», - деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Әбу Бәкір Сыддыққа қарап: «Оларға тиіспей-ақ қой!», - деді. Әбу Бәкір Сыддық біз жаққа қарамай тұрғанда күң (қызметші) қыздарға ымдап белгі бердім, олар шығып кетті. Бұл оқиға айт күні болған еді. Сол күні Судандықтар найзагерлік, қылышкерлік ойындарды көрсеткен болатын. Сонда мен өзім бе Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.): «Көрсем болады ма?», - деп сұрадым ба, әлде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өзі маған: «Қызықтайсың ба?», - деді ғой деймін. Мен: «Иә», - дегенмін. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) артында тұрып қызықтадым, бетім бетіне тиіп тұрды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ей Бәний Арфада, бос келмеңіз!», - деп айтқан болатын. Кейіннен менің зеріккенімді біліп: «Болды ма?», - деді. Мен: «Иә», - деп айттым. Сонда: «Бара бер немесе кете бер!», - деді.

3-бап. Айт күні дұға ету туралы

71- حَدَّثَنَا حَجَّاجٌ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ قَالَ أَخْبَرَنِي زُبَيْدٌ قَالَ سَمِعْتُ الشَّعْبِيَّ عَنِ الْبَرَاءِ قَالَ سَمِعْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَخْطُبُ فَقَالَ إِنَّ أَوَّلَ مَا نَبَدْنَا مِنْ يَوْمِنَا هَذَا أَنْ نُصَلِّيَ ثُمَّ نَرْجِعَ فَنَنْحَرَ فَمَنْ فَعَلَ فَقَدْ أَصَابَ سُنَّتَنَا

71- Барра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) уағыз айтып тұрып: «Әлбетте бүгін (айт күні) бірінші істейтін ісіміз-намаз оқу, кейін болса, барып құрбандық шалу. Кімде-кім осылай істесе біздің сүннетімізге амал қылыпты!», - деді.

72- حَدَّثَنَا عُبَيْدُ بْنُ إِسْمَاعِيلَ قَالَ حَدَّثَنَا أَبُو أُسَامَةَ عَنْ هِشَامٍ عَنْ أَبِيهِ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ دَخَلَ أَبُو بَكْرٍ وَعِنْدِي جَارِيَتَانِ مِنْ جَوَارِي الْأَنْصَارِ تُعْنِيَانِ بِمَا تَقَاوَلَتِ الْأَنْصَارُ يَوْمَ بُعِثَ قَالَتْ وَلَيْسَنَا بِمُعْنِيَيْنِ فَقَالَ أَبُو بَكْرٍ أَمْزَامِيرُ الشَّيْطَانِ فِي بَيْتِ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَذَلِكَ فِي يَوْمِ عِيدِ فَقَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَا أَبَا بَكْرٍ إِنَّ لِكُلِّ قَوْمٍ عِيدًا وَهَذَا عِيدُنَا

72- Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Маған (әкем) Әбу Бәкір (р.а.) келді. Қасымда екі ансарий күң (қызметші) қыз ансарийлардың «Буғас» күніне арналған бәйітті айтып жатқан еді. Бірақ-та, күң қыздардың екеуі де әнші емес болатын. Сонда Әбу Бәкір (р.а.): «Шайтанның сырнайы (келіп-келіп) Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) үйінде шалынатын болған ба?»,- деп сөкті. Бұл оқиға айт күні болған еді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ей Әбу Бәкір, әр бір қауымның өз мейрамы бар, бұл күн біздің мейрамымыз»,- деді.

4-бап. Рамазан айты күні айт намазына шығудан бұрын тамақтану туралы

73- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ عَبْدِ الرَّحِيمِ حَدَّثَنَا سَعِيدُ بْنُ سُلَيْمَانَ قَالَ حَدَّثَنَا هُشَيْمٌ قَالَ أَخْبَرَنَا عُبَيْدُ اللَّهِ بْنُ أَبِي بَكْرٍ عَنْ أَنَسٍ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ قَالَ كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَا يَغْدُو يَوْمَ الْفِطْرِ حَتَّى يَأْكُلَ تَمْرَاتٍ وَقَالَ مُرَجَّأُ بْنُ رَجَاءٍ حَدَّثَنِي عُبَيْدُ اللَّهِ قَالَ حَدَّثَنِي أَنَسٌ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَيَأْكُلُهُنَّ وَثَرًا

73- Әнас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бірнеше тал құрма жеп алмастан бұрын айт намазына шықпайтын»,- деді.

Әнас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) құрманы тақ қылып (1, 3, 5) жейтін»,- деді.

5-бап. Құрбан айты күні тамақты айт намазынан кейін ішу туралы

74- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ عَنْ أَيُّوبَ عَنْ مُحَمَّدِ بْنِ سَيْرِينَ عَنْ أَنَسٍ قَالَ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَنْ دَبَحَ قَبْلَ الصَّلَاةِ فَلْيُعِدْ فَقَامَ رَجُلٌ

فَقَالَ هَذَا يَوْمٌ يُسْتَهَى فِيهِ اللَّحْمُ وَذَكَرَ مِنْ حَيْرَانِهِ فَكَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ
 صَدَّقَهُ قَالَ وَعِنْدِي جَذَعَةٌ أَحَبُّ إِلَيَّ مِنْ شَاتِي لَحْمٌ فَرَحَّصَ لَهُ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ
 عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَلَا أُدْرِي أْبَلَّغْتَ الرَّحْصَةَ مَنْ سِوَاهُ أَمْ لَا

74- Әнас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кімде-кім айт намазынан бұрын құрбандық шалса, қайтадан құрбандық шалсын!»,- деді. Сонда бір кісі: «Бұл күн тойып ет жейтін күн!»,- деп көршілері туралы айтты. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оның өзінің көршілері туралы айтқандарын мақұлдағандай болды. Кейіннен әлгі кісі: «Менің екі жасқа толайын деп қалған ешкім бар, ол маған екі қойдан да артық»,- деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сол ешкіні құрбандыққа шалуға рұқсат берді. Ешкіні құрбандыққа шалуға тек қана сол кісіге ме әлде баршаға рұқсат берді ма білмеймін»,- деді.

75- حَدَّثَنَا عُثْمَانُ قَالَ حَدَّثَنَا جَرِيرٌ عَنْ مَنصُورٍ عَنِ الشَّعْبِيِّ عَنِ الْبِرَاءِ بْنِ
 عَازِبٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ خَطَبَنَا النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَوْمَ الْأَضْحَى
 بَعْدَ الصَّلَاةِ فَقَالَ مَنْ صَلَّى صَلَاتَنَا وَنَسَكَ نُسُكَنَا فَقَدْ أَصَابَ النُّسُكَ وَمَنْ نَسَكَ قَبْلَ
 الصَّلَاةِ فَإِنَّهُ قَبْلَ الصَّلَاةِ وَلَا نُسُكَ لَهُ فَقَالَ أَبُو بُرْدَةَ بْنُ نِيَّارٍ خَالَ الْبِرَاءِ يَا رَسُولَ
 اللَّهِ فَإِنِّي نَسَكْتُ شَاتِي قَبْلَ الصَّلَاةِ وَعَرَفْتُ أَنَّ الْيَوْمَ يَوْمُ أَكْلِ وَشُرْبٍ وَأَحْبَبْتُ أَنْ
 تَكُونَ شَاتِي أَوْلَّ مَا يُذْبَحُ فِي بَيْتِي فَذَبَحْتُ شَاتِي وَتَعَدَّيْتُ قَبْلَ أَنْ آتِيَ الصَّلَاةَ قَالَ
 شَأْنُكَ شَاءَ لَحْمٍ قَالَ يَا رَسُولَ اللَّهِ فَإِنَّ عِنْدَنَا عَنَاقًا لَنَا جَذَعَةٌ هِيَ أَحَبُّ إِلَيَّ مِنْ
 شَاتَيْنِ أَفَجَزِي عَنِّي قَالَ نَعَمْ وَلَنْ تُجْزِيَّ عَنْ أَحَدٍ بَعْدَكَ

75- Барра ибн Азиб (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) құрбан айты күні уағыз айтып тұрып: «Кімде-кім біз сияқты намаз оқып, құрбандық шалса, құрбандығы қабыл болар. Ал кімде-кім айт намазынан бұрын құрбандық шалса, құрбандыққа есептелмейді»,- деді.

Әбу Бурда ибн Наййар (Барраның нағашысы): «Мен құрбандық қойымды айт намазынан бұрын сойдым. Бүгін жеп ішетін күн болғандықтан, қойымды құрбандыққа шалынатын қойлардың біріншісі болсын деп үйімде сойғанды дұрыс көрдім. Сол себепті құрбандық қойымды айт намазға келуден бұрын сойып, етін пісіріп тамақтанып келдім»,- деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Сенің ол сойған қойын құрбандық емес әншейін етін жеуге сойылған қой болыпты»,- деді. Ибн Наййар (р.а.): «Я Расулулла, менде екі жасқа толайын деп қалған ешкі бар. Ол ешкі маған екі қойдан да артығырақ, соны құрбандыққа шалсам

(орнына өтеді ма) болады ма?»,- деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Иә, саған болады. Бірақ-та сенен басқа ешкімге екі жасқа толмаған ешкіні құрбандыққа шалуға рұқсат жоқ»,- деді.

6-бап. Мінбер болмаған намазханада уағыз айту туралы

76- حَدَّثَنَا سَعِيدُ بْنُ أَبِي مَرْيَمَ قَالَ حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ جَعْفَرٍ قَالَ أَخْبَرَنِي زَيْدُ بْنُ أَسْلَمَ عَنْ عِيَاضِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ أَبِي سَرْحٍ عَنْ أَبِي سَعِيدٍ الْخُدْرِيِّ قَالَ كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَخْرُجُ يَوْمَ الْفِطْرِ وَالْأَضْحَى إِلَى الْمُصَلَّى قَائِلًا شَيْءٌ يَبْدَأُ بِهِ الصَّلَاةُ ثُمَّ يَنْصَرِفُ فَيَقُومُ مُقَابِلَ النَّاسِ وَالنَّاسُ جُلُوسٌ عَلَى صُفُوفِهِمْ فَيَعْظُمُهُمْ وَيُوصِيهِمْ وَيَأْمُرُهُمْ فَإِنْ كَانَ يُرِيدُ أَنْ يَقْطَعَ بَعْثًا قَطَعَهُ أَوْ يَأْمُرَ بِشَيْءٍ أَمَرَ بِهِ ثُمَّ يَنْصَرِفُ قَالَ أَبُو سَعِيدٍ فَلَمَّ يَزِلُّ النَّاسُ عَلَى ذَلِكَ حَتَّى خَرَجْتُ مَعَ مَرْوَانَ وَهُوَ أَمِيرُ الْمَدِينَةِ فِي أَضْحَى أَوْ فِطْرٍ فَلَمَّا أَتَيْنَا الْمُصَلَّى إِذَا مِنْبَرٌ بَنَاهُ كَثِيرٌ بِنِ الصَّلَاتِ فَإِذَا مَرْوَانٌ يُرِيدُ أَنْ يَرْتَفِعَهُ قَبْلَ أَنْ يُصَلِّيَ فَجَبَدْتُ بِتَوْبِهِ فَجَبَدَنِي فَأَرْتَفَعُ فَخَطَبَ قَبْلَ الصَّلَاةِ فَقُلْتُ لَهُ غَيْرْتُمْ وَاللَّهِ فَقَالَ أَبَا سَعِيدٍ قَدْ ذَهَبَ مَا تَعْلَمُ فَقُلْتُ مَا أَعْلَمُ وَاللَّهِ خَيْرٌ مِمَّا لَأِ أَعْلَمُ فَقَالَ إِنَّ النَّاسَ لَمْ يَكُونُوا يَجْلِسُونَ لَنَا بَعْدَ الصَّلَاةِ فَجَعَلْنَاهَا قَبْلَ الصَّلَاةِ

76- Әбу Саъид әл-Худрий (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Ораза айты мен Құрбан айттың намазына шығып, бастап намаз оқитын еді. Содан соң орнынан тұрып, адамдарға бұрылатын. Адамдар болса, сап түзеп отыратын. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оларға уағыз, өсиет айтатын. Барлығын адалдыққа шақырып, харамдықтан тыялуларын бұйыратын. Егерде бір жаққа әскер жібермекші болса, бұйыратын. Содан соң Мединеге қайтатын. Адамдардың бойы сол тәртіпке үйренісіп қалды. Бұл тәртіп Мединенің әмірі (басшысы) Мәруанның дәуіріне дейін жетті. Бір күні Мәруәнменен бірге Құрбан айты ма әлде Ораза айты ма еді бірге намазға шықтық. Намаз оқитын жерге келгенімізде Касир ибн Салт жасап берген мінберге көзім түсті. Сол уақытта Мәруан намаз оқымастан бұрын мінберге шықпақшы болды. Мен оның етегінен тартып (ескерту үшін) едім, ол менен етегін тартып алып мінберге шықты-да, намаздан бұрын құтпа айтты. Содан соң мен оған: «Құдай хақы сіз өзгертіп жібердіңіз!»,- дедім. Мәруан (р.а.): «Ей Әбу Саъид, білген нәрселеріміз ұмыт болды!»,- деді. Мен оған: «Білген нәрселерім, Құдай хақы, білмеген нәрселерімнен артығырақ!»,- дедім. Мәруан: «Адамдар намаздан кейін құтпаға (уағызға)

құлақ салып отырмайтын болғаннан соң құтпаны (уағызды) намаздан бұрын айттым»,- деді.

7-бап. Айт намазына жаяу немесе түйеге мініп бару және құтпадан бұрын азанда, такбірде айтпай намаз оқу туралы

77- حَدَّثَنَا إِبْرَاهِيمُ بْنُ الْمُنْذِرِ قَالَ حَدَّثَنَا أَنَسُ بْنُ عِيَاضٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ عَنِ نَافِعٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ يُصَلِّي فِي الْأَضْحَى وَالْفِطْرِ ثُمَّ يَخْطُبُ بَعْدَ الصَّلَاةِ

77- Абдулла ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Құрбан айтында да Ораза айтында да алдымен намаз оқып, содан кейін ғана құтпа оқитын»,- деді.

78- حَدَّثَنَا إِبْرَاهِيمُ بْنُ مُوسَى قَالَ أَخْبَرَنَا هِشَامُ بْنُ جُرَيْجٍ أَخْبَرَهُمْ قَالَ أَخْبَرَنِي عَطَاءٌ عَنْ جَابِرِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ سَمِعْتُهُ يَقُولُ إِنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ خَرَجَ يَوْمَ الْفِطْرِ فَبَدَأَ بِالصَّلَاةِ قَبْلَ الْخُطْبَةِ

78- Жабир ибн Абдулла (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Ораза айты күні намазға шықты. Бірінші намаз оқып, содан соң құтпа (уағыз) айтты»,- деді.

قَالَ وَأَخْبَرَنِي عَطَاءٌ أَنَّ ابْنَ عَبَّاسٍ أُرْسِلَ إِلَى ابْنِ الزُّبَيْرِ فِي أَوَّلِ مَا بُوِيعَ لَهُ إِنَّهُ لَمْ يَكُنْ يُؤَدِّنُ بِالصَّلَاةِ يَوْمَ الْفِطْرِ إِمَّا الْخُطْبَةَ بَعْدَ الصَّلَاةِ

Абдулла ибн Зубайр (р.а.) халифалықты қабыл қылып, ант еткен күні Ибн Аббас (р.а.) жіберген кісі келіп, оған: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) заманында айт намазына азан айтылмайтын, және құтпа (уағыз) намаздан соң айтылатын»,- деп айтқан екен.

وَأَخْبَرَنِي عَطَاءٌ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ وَعَنْ جَابِرِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ قَالَا لَمْ يَكُنْ يُؤَدِّنُ يَوْمَ الْفِطْرِ وَلَا يَوْمَ الْأَضْحَى

Жабир ибн Абдулла мен Ибн Аббас (р.а.): «Ораза және Құрбан айттарында азан айтылмайтын»,- деді.

وَعَنْ جَابِرِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ سَمِعْتُهُ يَقُولُ إِنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَامَ
 فَبَدَأَ بِالصَّلَاةِ ثُمَّ خَطَبَ النَّاسَ بَعْدُ فَلَمَّا فَرَغَ نَبِيُّ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ نَزَلَ
 فَأَتَى النِّسَاءَ فَدَكَّرَهُنَّ وَهُوَ يَتَوَكَّأُ عَلَى يَدِ بِلَالٍ وَبِلَالٌ بَاسِطٌ تَوْبَهُ يُلْقِي فِيهِ النِّسَاءُ
 صَدَقَةً قُلْتُ لِعَطَاءٍ أَرَى حَقًّا عَلَى الْإِمَامِ الْآنَ أَنْ يَأْتِيَ النِّسَاءَ فَيَدَكَّرَهُنَّ حِينَ يَفْرُغُ
 قَالَ إِنَّ ذَلِكَ لِحَقٌّ عَلَيْهِمْ وَمَا لَهُمْ أَنْ لَا يَفْعَلُوا

Жәбир ибн Абдулла (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айт күні орнынан тұрып алдыменен намаз оқыды. Кейіннен ер адамдарға құтпа айтты. Құтпадан соң әйелдердің жанына барып Біләлдің қолына сүйеніп тұрған бойы уағыз айтты. Хазреті Біләл, етегін түріп ұстап тұратын. Әйелдер оған садақа тастайтын. Ибн Жүрайж (р.а.) Ғатадан: «Қазіргі күні де имамның әйелдерге уағыз айтуы керек пе?», - деп сұрады. Ғата: «Әрине, солай істеуі керек. Бірақ-та неге бұлай істемейтіндіктерін білмеймін», - деді.

8-бап. Айт намазын оқып болғаннан соң уағыз айту туралы

79- حَدَّثَنَا أَبُو عَاصِمٍ قَالَ أَخْبَرَنَا ابْنُ جُرَيْجٍ قَالَ أَخْبَرَنِي الْحَسَنُ بْنُ مُسْلِمٍ
 عَنْ طَاوُسٍ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ قَالَ شَهِدْتُ الْعِيدَ مَعَ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ
 وَأَبِي بَكْرٍ وَعُمَرَ وَعُثْمَانَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمْ فَكُلُّهُمْ كَانُوا يُصَلُّونَ قَبْلَ الْخُطْبَةِ

79- Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.), Әбу Бәкір (р.а.), Османмен (р.а.) бірге айт намазын оқыдым. Олардың барлығы да құтпадан (уағыздан) бұрын айт намазын оқитын», - деді.

Ибн Омар (р.а.): «Пайғамбарымызда (с.ғ.с.), Әбу Бәкір мен Омар да (р.а.) екі айт намазды да құтпадан бұрын оқитын», - деді.

81- حَدَّثَنَا سُلَيْمَانُ بْنُ حَرْبٍ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ عَدِيِّ بْنِ ثَابِتٍ عَنْ سَعِيدِ
 بْنِ جُبَيْرٍ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ صَلَّى يَوْمَ الْفِطْرِ رَكَعَتَيْنِ
 لَمْ يُصَلِّ قَبْلَهَا وَلَا بَعْدَهَا ثُمَّ أَتَى النِّسَاءَ وَمَعَهُ بِلَالٌ فَأَمَرَهُنَّ بِالصَّدَقَةِ فَجَعَلْنَ يُلْقِينَ
 لُثْقِي الْمَرْأَةِ خُرْصَهَا وَسِخَابَهَا

81- Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Ораза айты күні екі рәкат айт намазын оқыды. Айт намазының алдынан да соңынан да ешқандай намаз оқымады. Содан кейін жамағат әйелдердің алдына барды. Ол кісінің қасында хазреті Біләл да бар болатын. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.)

әйелдерді садақа беруге бұйырды. Сонда әйелдер хазреті Біләлдің етегіне садақаларын тастап, бірі сырғасын енді бірі білезіктерін беріп жатты»,- деді.

82- حَدَّثَنَا آدَمُ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ قَالَ حَدَّثَنَا زُبَيْدٌ قَالَ سَمِعْتُ الشَّعْبِيَّ عَنِ الْبَرَاءِ بْنِ عَازِبٍ قَالَ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِنَّ أَوَّلَ مَا نَبَدْنَا فِي يَوْمِنَا هَذَا أَنْ نُصَلِّيَ ثُمَّ نَرْجِعَ فَنَنْحَرَ فَمَنْ فَعَلَ ذَلِكَ فَقَدْ أَصَابَ سُنَّتَنَا وَمَنْ نَحَرَ قَبْلَ الصَّلَاةِ فَإِنَّمَا هُوَ لَحْمٌ قَدَّمَهُ لِأَهْلِهِ لَيْسَ مِنَ النَّسْكَ فِي شَيْءٍ فَقَالَ رَجُلٌ مِنَ الْأَنْصَارِ يُقَالُ لَهُ أَبُو بُرْدَةَ بْنُ نِيَارٍ يَا رَسُولَ اللَّهِ دَبَحْتُ وَعِنْدِي جَذَعَةٌ خَيْرٌ مِنْ مُسِنَّةٍ فَقَالَ اجْعَلْهُ مَكَانَهُ وَلَنْ تُؤْفِيَ أَوْ تُجْزِيَ عَنْ أَحَدٍ بَعْدَكَ

82- Барра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Бүгін айт күні, әуелі айт намазын оқимыз. Кейін барып құрбандығымызды шаламыз. Кімде-кім солай істесе біздің сүннетімізге амал қылған болады. Кімде-кім айт намаздан бұрын құрбан шалса, онда бала шағасын етпен қамтамасыз еткен болады. Бірақ-та құрбан шалмаған болып есептеледі»,- деді. Сонда ансарий Әбу Бурда деген сахаба: «Я Расулулла, мен айт намазға келерден бұрын құрбандық қойымды сойып қойдым. Бірақ-та менде екі жасқа толмаған, бірақ-та семіз жарамды ешкі бар, соны құрбандыққа шалсам болады ма?»,- деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Қойдың орнына соны құрбандыққа шал, бірақ сенен басқа ешкімге бұлай істеуге рұқсат етілмейді!»,- деді. (Бұл жерде екі жасқа толмаған ешкінің құрбандыққа жарамайтындығы айтылып тұр)

9-бап. Айт күнінде және Харамда құрал көтеріп жүрудің мәкрухтығы туралы

Хасан Басрий (р.а.) айтты: «Айт күні сыйлы сақабалар да құрал тағынып жүруден тиылған болатын. Тек қана дұшпаннан қауіп-қатер төнгенде ғана рұқсат етілген»,- деді.

83- حَدَّثَنَا زَكَرِيَاءُ بْنُ يَحْيَى أَبُو السُّكَيْنِ قَالَ حَدَّثَنَا الْمُحَارِبِيُّ قَالَ حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ سَوْفَةَ عَنْ سَعِيدِ بْنِ جُبَيْرٍ قَالَ كُنْتُ مَعَ ابْنِ عُمَرَ حِينَ أَصَابَهُ سِنَانُ الرَّمْحِ فِي أَحْمَصَ قَدَمِهِ فَلَزَقَتْ قَدَمُهُ بِالرَّكَابِ فَنَزَلَتْ فَنَزَعْتُهَا وَذَلِكَ بِمِئَى فَبَلَغَ الْحَجَّاجَ فَجَعَلَ يَعُوذُهُ فَقَالَ الْحَجَّاجُ لَوْ نَعْلَمُ مَنْ أَصَابَكَ فَقَالَ ابْنُ عُمَرَ أَنْتَ

أَصَبْتَنِي قَالَ وَكَيْفَ قَالَ حَمَلَتَ السَّلَاحَ فِي يَوْمٍ لَمْ يَكُنْ يُحْمَلُ فِيهِ وَأَدْخَلَتِ السَّلَاحَ
الْحَرَمَ وَلَمْ يَكُنْ السَّلَاحُ يُدْخَلُ الْحَرَمَ

83- Сағид ибн Жубайр (р.а.) риуаят етті: «Ибн Омармен (р.а.) бірге ат мініп кетіп бара жатқанымызда ол кісінің аяғына (тізесіне) найзаның үші кіріп қадалып қалды. Мен аттан түсіп оны суырып тастадым. Бұл жағдай Минада болған еді. Бұл жайлы естіген Хажжаж көргелі келіп: «Сізге найзаны тыққан адамның кім екенің білгенімізде болар еді!», - деді. Сонда Ибн Омар (р.а.): «Сіз тықтыңыз!», - деді. Хажжаж: «Қалай мен тықтым!», - деді. Ибн Омар (р.а.): «Құрал алып жүруге рұқсат жоқ уақытта, сіз құрал алып жүруге рұқсат бердіңіз. **Харамға**¹⁰ құрал тағынып кіруге рұқсат болмаса да, сіз оған рұқсат бердіңіз!», - деді.

Сағид ибн әл-Ғасим (р.а.) атам былай деп айтқан еді деді: «Хажжаж Ибн Омардың (р.а.) алдына кірген кезде мен де сонда едім. Хажжаж: «Қалыңыз қалай?», - деді. Ибн Омар (р.а.): «Жақсы», - деді. Хажжаж: «Сізге найза тыққан кім?», - деп сұрады. Ибн Омар (р.а.): «Құрал тағуға рұқсат жоқ кезде, құрал тағынып жүруге рұқсат берген адам тықты», - деді.

10-бап. Айт намазына ертерек бару туралы

قَالَ عَبْدُ اللَّهِ بْنُ بُسُرٍ إِنَّ كُنَّا فَرَعْنَا فِي هَذِهِ السَّاعَةِ وَذَلِكَ حِينَ التَّسْبِيحِ

Абдулла ибн Бусур (р.а.) риуаят етті: «Біз тура сол кезде айт намазын оқып болған болар едік. Бұл нәпіл намаз оқуға мүмкін болған уақытқа тура келетін», - деді.

85- حَدَّثَنَا سُلَيْمَانُ بْنُ حَرْبٍ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ زُبَيْدٍ عَنِ الشَّعْبِيِّ عَنِ الْبَرَاءِ قَالَ خَطَبَنَا النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَوْمَ النَّحْرِ قَالَ إِنَّ أَوَّلَ مَا نَبَدْنَا بِهِ فِي يَوْمِنَا هَذَا أَنْ نُصَلِّيَ ثُمَّ نَرْجِعَ فَنَنْحَرَ فَمَنْ فَعَلَ ذَلِكَ فَقَدْ أَصَابَ سُنَّتَنَا وَمَنْ دَبَحَ قَبْلَ أَنْ يُصَلِّيَ فَإِنَّمَا هُوَ لَحْمٌ عَجَلَهُ لِأَهْلِهِ لَيْسَ مِنَ النَّسُكِ فِي شَيْءٍ فَقَامَ خَالِي أَبُو بُرْدَةَ بْنُ نِيَارٍ فَقَالَ يَا رَسُولَ اللَّهِ أَنَا دَبَحْتُ قَبْلَ أَنْ أُصَلِّيَ وَعِنْدِي جَدْعَةٌ خَيْرٌ مِنْ مُسِنَّةٍ قَالَ اجْعَلْهَا مَكَانَهَا أَوْ قَالَ ادْبَحْهَا وَلَنْ تَجْزِيَ جَدْعَةٌ عَنْ أَحَدٍ بَعْدَكَ

85- Барра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) құрбан айты күні бізге уағыз айтып тұрып: «Әлбетте, мына осы күнімізде ең бірінші қылатын ісіміз-намаз оқимыз, содан соң қайтып барып құрбан шаламыз.

¹⁰ Харам-Меккедегі Кағбаны қоршап жатқан қасиетті мешіті.

Кімде-кім солай істесе біздің сүннетімізді орындаған болады. Ал кімде-кім айт намаздан бұрын қой сойса, онда отбасына ет даярлап берген болар, бірақ-та құрбан шалғанға есептелмейді»,- деді. Сонда менің нағашым Әбу Бурда (р.а.) орнынан тұрып: «Я Расулулла, мен айт намаздан бұрын құрбандыққа арнаған қойымды сойып қойыппын. Менде екі жасқа толмаған бір ешкі бар»,- деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Онда (сойып қойған қойынның) орнына сол ешкіні құрбандыққа шал, бірақ-та бұлай істеу сенен кейін ешкімге рұқсат етілмейді!»,- деді.

11-бап. (Ташриқ күндерде) Айттың 1- 4-ші күндерінде қылынатын сауапты амалдардың артықшылығы туралы

قَالَ ابْنُ عَبَّاسٍ وَادْكُرُوا اللَّهَ فِي أَيَّامٍ مَعْلُومَاتٍ أَيَّامِ الْعَشْرِ وَالْأَيَّامِ
الْمَعْدُودَاتِ أَيَّامِ التَّشْرِيقِ وَكَانَ ابْنُ عُمَرَ وَأَبُو هُرَيْرَةَ يَخْرُجَانِ إِلَى السُّوقِ فِي
أَيَّامِ الْعَشْرِ يُكَبِّرَانِ وَيُكَبِّرُ النَّاسُ بِنُكْبِيرِهِمَا وَكَبَّرَ مُحَمَّدٌ بْنُ عَلِيٍّ خَلْفَ النَّافِلَةِ

Ибн Аббас (р.а.): «Зүлхижжа айының бірінші он күндігін, «... және санақты күндерде»,- дегенде, айттың 1-4 күндері деп түсіну керек»,- деді.

Ибн Омар және Әбу Хурайра (р.а.) Зүлхижжа айының 1-10-шы күндері базарға барып тәкбір айтатын еді. Мұхаммед ибн Әли (р.а.) нәпіл намаздан кейін де тәкбір ташриқ айтты».

86- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ عَرَعَرَةَ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ سُلَيْمَانَ عَنْ مُسْلِمِ الْبَطِينِ
عَنْ سَعِيدِ بْنِ جُبَيْرٍ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنَّهُ قَالَ مَا
الْعَمَلُ فِي أَيَّامٍ أَفْضَلَ مِنْهَا فِي هَذِهِ قَالُوا وَلَا الْجِهَادُ قَالَ وَلَا الْجِهَادُ إِلَّا رَجُلٌ خَرَجَ
يُخَاطِرُ بِنَفْسِهِ وَمَالِهِ فَلَمْ يَرْجِعْ بِشَيْءٍ

86- Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Зүлхижжа айының алғашқы оң күнінде қылынған жақсы амалдардан гөрі сауабырақ амал жоқ!»,- деді. Сахабалар: «Я Расулулла, жиһат қылғаннан да артығырақ па?»,- деп сұрасты. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Иә, жиһаттан да артығырақ!»,- деді, өзінің жаның, малын қатерге тігіп, Алла жолына тігіп шыққан және малынан еш нәрсені қайтарып алмаған адам артық!»,- деді.

12-бап. Арафатқа шығып бара жатқанда және Мина күндерінде тәкбір ташриқ айту туралы

وَكَانَ عُمَرُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ يُكَبِّرُ فِي قُبَّتِهِ بِمِئَى فَيَسْمَعُهُ أَهْلُ الْمَسْجِدِ
فَيُكَبِّرُونَ وَيُكَبِّرُ أَهْلُ الْأَسْوَاقِ حَتَّى تَرْتَجَّ مِئَى تَكْبِيرًا وَكَانَ ابْنُ عُمَرَ يُكَبِّرُ بِمِئَى
تِلْكَ الْأَيَّامِ وَخَلْفَ الصَّلَوَاتِ وَعَلَى فِرَاشِهِ وَفِي فُسْطَاطِهِ وَمَجْلِسِهِ وَمَمَشَاهُ تِلْكَ
الْأَيَّامَ جَمِيعًا وَكَانَتْ مِيمُونَةُ تُكَبِّرُ يَوْمَ النَّحْرِ وَكُنَّ النِّسَاءُ يُكَبِّرْنَ خَلْفَ أَبَانَ بْنِ
عُثْمَانَ وَعُمَرَ بْنَ عَبْدِ الْعَزِيزِ لِيَالِي التَّشْرِيقِ مَعَ الرَّجَالِ فِي الْمَسْجِدِ

Омар (р.а.) Минадағы тігіліп тұрған шатырларда тәкбір ташриқ айтатын еді. Оны естіген мешіт пен базар халқы да бірге қосылып айтатындығы соншалық, тіптен Мина күңіреніп кететін. Ибн Омар (р.а.) Сол күндері Минада тоқтаусыз тәкбір ташриқ айтатын. Бес уақыт намаздан кейін де, шатырдың ішінде де, төсек орын үстінде де, отырған орнында да, жүрген жолдарында да тәкбір ташриқ айтатын. Мәймуна анамыз бен басқа әйелдерде ташриқ күндері мешітте Абан ибн Осман мен Омар ибн Абдулазиз (р.а.) және де басқа ер адамдардың арт жақтарында отырып тәкбір ташриқ айтысты.

87- حَدَّثَنَا أَبُو نُعَيْمٍ قَالَ حَدَّثَنَا مَالِكُ بْنُ أَنَسٍ قَالَ حَدَّثَنِي مُحَمَّدُ بْنُ أَبِي بَكْرٍ
الثَّقَفِيُّ قَالَ سَأَلْتُ أَنَسَ بْنَ مَالِكٍ وَنَحْنُ غَادِيَانِ مِنْ مِئَى إِلَى عَرَاقَاتٍ عَنِ الثَّلْبِيَّةِ
كَيْفَ كُنْتُمْ تَصْنَعُونَ مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ كَانَ يُلَبِّي الْمُلَبِّي لَا يُنْكَرُ
عَلَيْهِ وَيُكَبِّرُ الْمُكَبِّرُ فَلَا يُنْكَرُ عَلَيْهِ

87- Мұхаммед ибн Әбу Бәкір (р.а.) риуаят етті: «Минадан Арафатқа кетіп бара жатып Әнастан тәлбия (ләббайка Аллаһумма, ләббайка, деп айту) туралы сұрап: «Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге қандай тәлбия айтушы едіңіздер?», - дедім. Әнас (р.а.): «Қалаған кісі тәлбия, қаламағаны- тәкбір ташриқ айтатын, оған ешкім еш нәрсе демейтін», - деді.

88- حَدَّثَنَا عُمَرُ بْنُ حَفْصٍ قَالَ حَدَّثَنَا أَبِي عَنْ عَاصِمٍ عَنْ حَفْصَةَ عَنْ أُمِّ
388- حَدَّثَنَا يَشْرُ بْنُ الْحَكَمِ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ بْنُ عُيَيْنَةَ أَخْبَرَنَا إِسْحَاقُ بْنُ عَبْدِ

اللَّهِ بْنِ أَبِي طَلْحَةَ أَنَّهُ سَمِعَ أَنَسَ بْنَ مَالِكٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ يَقُولُ اشْتَكَى ابْنُ لِأَبِي

طَلْحَةَ قَالَ فَمَاتَ وَأَبُو طَلْحَةَ خَارِجٌ فَلَمَّا رَأَتْ أَمْرَهُ أَنَّهُ قَدْ مَاتَ هَيَّأَتْ شَيْئًا

وَوَحَّتْهُ فِي جَانِبِ الْبَيْتِ فَلَمَّا جَاءَ أَبُو طَلْحَةَ قَالَ كَيْفَ الْعُلَامُ قَالَتْ قَدْ هَدَأَتْ نَفْسُهُ

وَأَرْجُو أَنْ يَكُونَ قَدْ اسْتَرَّاحَ وَظَنَّ أَبُو طَلْحَةَ أَنَّهَا صَادِقَةٌ قَالَ فَبَاتَ فَلَمَّا أَصْبَحَ

اعْتَسَلَ فَلَمَّا أَرَادَ أَنْ يَخْرُجَ أَعْلَمْتُهُ أَنَّهُ قَدْ مَاتَ فَصَلَّى مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ

وَسَلَّمَ ثُمَّ أَخْبَرَ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِمَا كَانَ مِنْهُمَا فَقَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى

اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَعَلَّ اللَّهُ أَنْ يُبَارِكَ لَكُمْ فِي لَيْلَتِكُمْ قَالَ سُفْيَانُ فَقَالَ رَجُلٌ مِنْ

الْأَنْصَارِ فَرَأَيْتُ لَهُمَا تِسْعَةَ أَوْلَادٍ كُلُّهُمْ قَدْ قَرَأَ الْقُرْآنَ

388- Анас ибн Малик (р.а.) риуаят етті: «Бір күні Абу Талханың ұлы науқастанып қайтыс болды. Сонда Абу Талқа сыртта жүрген еді. Әйелі ұлының қайтыс болғанын көріп, мәйітке керек болатын берер нәрселерді дайындап (баласының мәйігін) үйдің бір шетіне апарып қойды. Абу Талқа үйге кіріп: «Баланың жағдайы қалай?» - деп сұрады. Сонда әйелі: «Біраз тынышталып қалды. Тынығып қалса керек», - деді. Абу Талқа әйелі айтып тұрған соң солай шығар деп ойлады. Осы түнде (әйелімен) жақындасып, ертемен тұрып ғұсұл құйынды. Кейін үйінен шығып кетпекші болғанда әйелі баласының қайтыс болғанын айтты. Абу Талқа Пайғамбарымызбен бірге намаз оқып болғаннан соң әйелі мен өзінің арасында болған оқиғаны айтып берді. Сонда Расулұлла (с.ғ.с.) Алла тағала екеулеріңнің түндериңе берекет береді деп үміттенемін (яғни, Алла тағала қайырлы перзент берсе)!» - деді.

Суфиян (р.а.): «Ансарилардан бір кісі Абу Талханың әйелі тоғыз бала көтергенін және олардың барлығы Құранды бастан аяқ жатқа білетін қари болғандары туралы айтты», - деді.

41-баб. Басына қайғы-қасірет түскен алғашқы уақыттарда сабыр қылу турасында

قَالَ عُمَرُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ نِعَمَ الْعِدْلَانِ وَنِعَمَ الْعِلَاوَةِ الَّذِينَ إِذَا أَصَابَتْهُمْ مُصِيبَةٌ قَالُوا إِنَّا لِلَّهِ وَإِنَّا إِلَيْهِ رَاجِعُونَ أَوْلَيْكَ عَلَيْهِمْ صَلَوَاتٌ مِنْ رَبِّهِمْ وَرَحْمَةٌ وَأَوْلَيْكَ هُمُ الْمُهْتَدُونَ وَقَوْلُهُ تَعَالَى وَاسْتَعِينُوا بِالصَّبْرِ وَالصَّلَاةِ وَإِنَّهَا لَكَبِيرَةٌ إِنَّا عَلَى الْخَاشِعِينَ

Хазреті Омар (р.а.) риуаят етті: «... сондай адамдар бар, бастарына қайғы-қасірет түскенде: **«Инна лиллаһи уа инна иләйһи раджибуун»** (біз Алла тағаланың пенделеріміз және барлығымыз Оның алдына қайтып барамыз) , - деп айтады. Өне, солай дейтін адамдарды Алла тағала жарылқайды. Және сондай адамдар тура жолға жеткен пенделер! Алла тағала бұл туралы айтты: **«Уастағину би-с-сабрий уас-салаи уа иннаһа ла-кабиратун илла ала-л-хашиғийн» «Сабыр және намазбен жәрдем тілеңдер. Расында намаз ынталылардан басқаларға ауыр келеді⁴²»**,- деді.

389- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ بَشَّارٍ حَدَّثَنَا غُنْدَرٌ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ ثَابِتٍ قَالَ سَمِعْتُ أَنَسًا رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنْ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ الصَّبْرُ عِنْدَ الصَّدْمَةِ الْأُولَى

389- Анас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Басына қайғы-қасірет түскен алғашқы уақыттарда сабыр қылудың сауабы көп», - деді.

42-баб. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) біз сенен ажырап қалып жатқанымызға қапамыз дегені туралы

قَالَ ابْنُ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا عَنْ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ تَدْمَعُ الْعَيْنُ وَيَحْزَنُ الْقَلْبُ

Ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Басқа (қасірет түскенде) Көзден жас ағады, көңіл босап, жүрек қайғырады», - деді.

⁴² 2. «әл-Бақара», 45 аят.

43-баб. Ауру адамның алдында жылау туралы

391- حَدَّثَنَا أَصْبَغُ عَنْ ابْنِ وَهْبٍ قَالَ أَخْبَرَنِي عَمْرُو عَنْ سَعِيدِ بْنِ الْحَارِثِ الْأَنْصَارِيِّ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ اشْتَكَيْ سَعْدُ بْنُ عَبَادَةَ شَكْوَى لَهُ فَأَتَاهُ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَعُودُهُ مَعَ عَبْدِ الرَّحْمَنِ بْنِ عَوْفٍ وَسَعْدِ بْنِ أَبِي وَقَّاصٍ وَعَبْدِ اللَّهِ بْنِ مَسْعُودٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمْ فَلَمَّا دَخَلَ عَلَيْهِ فَوَجَدَهُ فِي غَاشِيَةٍ أَهْلِهِ فَقَالَ قَدْ قَضَى قَالُوا لَا يَا رَسُولَ اللَّهِ فَبَكَى النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَلَمَّا رَأَى الْقَوْمَ بُكَاءَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بَكَوْا فَقَالَ أَلَا تَسْمَعُونَ إِنَّ اللَّهَ لَا يُعَدِّبُ بِدَمْعِ الْعَيْنِ وَلَا بِحُزْنِ الْقَلْبِ وَلَكِنْ يُعَدِّبُ بِهَذَا وَأَسَارَ إِلَى لِسَانِهِ أَوْ يَرْحَمُ وَإِنَّ الْمَيِّتَ يُعَدِّبُ بِبُكَاءِ أَهْلِهِ عَلَيْهِ وَكَانَ عُمَرُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ يَضْرِبُ فِيهِ بِالْعَصَا وَيَرْمِي بِالْحِجَارَةِ وَيَحْتِي بِالثَّرَابِ

391- Абдулла ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Саъд ибн Убада науқас болып қалды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Абдулла ибн Ауф, Саъд ибн Абу Уаққас және Абдулла ибн Масғудпен (р.а.) бірге көргелі кіргенде балашағалары оның айналасында тұр екен. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Қайтыс болды ма?» - деп сұрады. Олар: «жоқ, я, Расулулла»,- десті. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жылады. Ол кісінің жылап жатқанын көріп, басқалары да жылады. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Естимісіндер, Алла тағала көз жасы мен жүрек қайғысы үшін азаптамайды, бірақ бұл үшін азап береді немесе рақым қылады», - деп өзінің тілін көрсетіп ишара қылды. Мәйіт өз отбасының оны жоқтап, аттандап жылауы себепті қабірде азап тартады. Хазреті Омар (р.а.) аттан сап жылағандарды аса таяғымен ұратын. Тас атып, топырақ шашып, қуатын еді.

44-баб. Пайғамбарымыздың аттан салып жылаудан тыйуы және оның қатты қаралауы

392- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ حَوْشَبٍ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْوَهَّابِ حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ سَعِيدٍ قَالَ أَخْبَرَنِي عَمْرَةُ قَالَتْ سَمِعْتُ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا تَقُولُ لَمَّا جَاءَ قَتْلُ زَيْدِ بْنِ حَارِثَةَ وَجَعْفَرَ وَعَبْدِ اللَّهِ بْنِ رَوَاحَةَ جَلَسَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُعْرِفُ فِيهِ الْحُزْنَ وَأَنَا أَطَّلِعُ مِنْ شَقِّ الْبَابِ فَأَتَاهُ رَجُلٌ فَقَالَ يَا رَسُولَ اللَّهِ إِنَّ

نِسَاءَ جَعْفَرٍ وَذَكَرَ بُكَاءَهُنَّ فَأَمَرَهُ بِأَنْ يَنْهَاهُنَّ فَذَهَبَ الرَّجُلُ ثُمَّ أَتَى فَقَالَ قَدْ نَهَيْتُهُنَّ
 وَذَكَرَ أَنَّهُنَّ لَمْ يُطِيعْنَهُ فَأَمَرَهُ الثَّانِيَةَ أَنْ يَنْهَاهُنَّ فَذَهَبَ ثُمَّ أَتَى فَقَالَ وَاللَّهِ لَفَدَّ غَلْبَتَنِي
 أَوْ غَلْبَتَنَا الشَّكُّ مِنْ مُحَمَّدِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ حَوْشَبٍ فَرَعَمَتْ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ
 عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ فَاحْتُ فِي أَفْوَاهِهِنَّ الثَّرَابَ فَقُلْتُ أَرَعَمَ اللَّهُ أَنْفَكَ فَوَاللَّهِ مَا أَنْتَ
 بِفَاعِلٍ وَمَا تَرَكْتَ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مِنَ الْعَنَاءِ

392- Айша анамыз риуаят етті: «Ибн Хаиса, Жағфар және ибн Рауахалардың өлтірілгендері туралы хабар келген күні Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) қайғысы жүзінен білініп тұрды. Сонда мен есіктің сыртынан қарап тұрған едім. Сонда Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдына бір кісі келіп, Жағфардың әйелінің жылап жатқанын айтты. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оларды жылаудан тоқтатуды бұйырып, адам жіберді.. Ол кеткен адам қайтып келіп: «Олар маған бой ұсынбай жатыр»,- деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) екінші рет әйелдерді жылауларынан тоқтатуды бұйырды. Әлгі кісі және қайтып келіп: «Я, Расулулла, Аллаға ант етемін, әйелдер маған бой ұсынбай жатыр»,- деді. Сонда мен: «Пайғамбарымыз «(с.ғ.с.) баяғы кісіге: бар да жылап жатқан әйелдердің аузына топырақ шаш!- деп айтты деп ойлап, «Алла таға мұрныңды жер иіскетсін! Не бұйрықты орындамадың, не болмаса Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) әуре қылғандарыңды қоймадыңдар! – дедім.

393- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ عَبْدِ الْوَهَّابِ حَدَّثَنَا حَمَّادُ بْنُ زَيْدٍ حَدَّثَنَا أَيُّوبُ عَنْ
 مُحَمَّدٍ عَنْ أُمِّ عَطِيَّةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ أَخَذَ عَلَيْنَا النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ
 عِنْدَ الْبَيْعَةِ أَنْ لَا نَنْوَحَ فَمَا وَقَّتْ مِنَّا امْرَأَةٌ غَيْرَ خَمْسَ نِسْوَةٍ أُمَّ سَلِيمٍ وَأُمَّ الْعَلَاءِ
 وَأَبْنَةَ أَبِي سَبْرَةَ امْرَأَةَ مُعَاذٍ وَامْرَأَتَيْنِ أَوْ ابْنَةَ أَبِي سَبْرَةَ وَامْرَأَةَ مُعَاذٍ وَامْرَأَةَ
 أُخْرَى

393- Умма Атияа (р.а.) риуаят етті: «Басымызға қайғы-қасірет түскенде аттандап жыламауға Пайғамбарымызға ант еттік. Бірақ төмендегі бес әйелден басқасы антына опа қылмады. Үмму Суләйм, Үмм ул-Ала, Мұғаздың әйелі – Бинти Абу Сабра және екі әйел» (яки «Бинти Абу Сабра, Мұғаздың әйелі және басқа әйелдер», - деді).

45-баб. Жаназаны (мәйіт) көргенде орнынан тұрмақ

394- حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ حَدَّثَنَا الزُّهْرِيُّ عَنْ سَالِمٍ عَنْ أَبِيهِ عَنْ عَامِرِ بْنِ رَبِيعَةَ عَنْ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ إِذَا رَأَيْتُمُ الْجَنَازَةَ فَقُومُوا حَتَّى تُخَلَّفَكُمْ قَالَ سُفْيَانُ قَالَ الزُّهْرِيُّ أَخْبَرَنِي سَالِمٌ عَنْ أَبِيهِ قَالَ أَخْبَرَنَا عَامِرُ بْنُ رَبِيعَةَ عَنْ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ زَادَ الْحُمَيْدِيُّ حَتَّى تُخَلَّفَكُمْ أَوْ تُوَضَّعَ

394- Амир ибн Рабиға (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) егер де біреулерің жаназа келе жатқанын көрсе, жаназамен бірге мешітке немесе мазарға баратын ниеті болмаса, оны өткізіп жібергенше немесе ол өтіп кеткенше (яки мәйіт иықтан) жерге түсіріліп қойылғанша орнында тұрып күтіп тұрсын!», - деді.

46-баб. Жаназаны (мәйітті) құрмет қылып орнында тұрған адам қашан отырады?

395- حَدَّثَنَا قُتَيْبَةُ بْنُ سَعِيدٍ حَدَّثَنَا اللَّيْثُ عَنْ نَافِعٍ عَنْ ابْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا عَنْ عَامِرِ بْنِ رَبِيعَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنْ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ إِذَا رَأَى أَحَدَكُمْ جَنَازَةً فَإِنْ لَمْ يَكُنْ مَاشِيًا مَعَهَا فَلْيَقُمْ حَتَّى يُخَلَّفَهَا أَوْ تُخَلَّفَهُ أَوْ تُوَضَّعَ مِنْ قَبْلِ أَنْ تُخَلَّفَهُ

395- Ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) егер де біреулерің жаназа келе жатқанын көрсе, жаназамен бірге мешітке немесе мазарға баратын ниеті болмаса, оны өткізіп жібергенше немесе ол өтіп кеткенше (яки мәйіт иықтан) жерге түсіріліп қойылғанша орнында тұрып күтіп тұрсын!», - деді.

396- حَدَّثَنَا أَحْمَدُ بْنُ يُونُسَ حَدَّثَنَا ابْنُ أَبِي ذُنَيْبٍ عَنْ سَعِيدِ الْمَوْبَرِيِّ عَنْ أَبِيهِ قَالَ كُنَّا فِي جَنَازَةٍ فَأَخَذَ أَبُو هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ بِيَدِ مَرْوَانَ فَجَلَسَا قَبْلَ أَنْ تُوَضَّعَ فَجَاءَ أَبُو سَعِيدٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ فَأَخَذَ بِيَدِ مَرْوَانَ فَقَالَ فَمَ فَوَاللَّهِ لَقَدْ عَلِمَ هَذَا أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ نَهَانَا عَنْ ذَلِكَ فَقَالَ أَبُو هُرَيْرَةَ صَدَقَ

396- Сағид әл-Мақбури (р.а.) риуаят етті: «Бір жаназада едік, Әбу Хурайра Мәруанды қолынан ұстап, «отырайық» деп ымдады, екеуі мәйіт жерге қойылмастан бұрын отырып алды. Сонда Әбу Сағид келіп, Мәруанды қолынан ұстап: «Тұр, орныңнан! Аллаға ант етіп айтамын, (Әбу Хурайра) Пайғамбарымыздың мәйіт (иықтан) жерге қойылмастан бұрын отырудан тыйғаны туралы (жақсы) біледі. Сонда Әбу Хурайра: «Рас айтады», - деді.

47-баб. Табытты көтерісіп барған кісі оны адамдар иықтарынан түсіріп, жерге қойғанға дейін отырмайды, егер де отырса тұруға бұйырады

397- حَدَّثَنَا مُسْلِمٌ يَعْنِي ابْنَ إِبْرَاهِيمَ حَدَّثَنَا هِشَامٌ حَدَّثَنَا يَحْيَى عَنْ أَبِي سَلْمَةَ عَنْ أَبِي سَعِيدٍ الْخُدْرِيِّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ إِذَا رَأَيْتُمُ الْجَنَازَةَ فَقُومُوا فَمَنْ تَبِعَهَا فَلَا يَقْعُدْ حَتَّى تُوَضَعَ

397- Әбу Сағид ал-Худрий (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Егер жазаның келе жатқанын көрсеңдер орындарыңнан тұрыңдар. Егер де мәйітті көтерісіп барсаңдар, иықтарынан түсіріп жерлегенге дейін отырмаңдар!», - деді.

48-баб. Яһуди мәйітінің табытын көріп орнынан тұрған кісі туралы

398- حَدَّثَنَا مُعَاذُ بْنُ فَضَالَةَ حَدَّثَنَا هِشَامٌ عَنْ يَحْيَى عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ مِقْسَمٍ عَنْ جَابِرِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ مَرَّ بِنَا جَنَازَةٌ فَقَامَ لَهَا النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَقُمْنَا بِهِ فَقُلْنَا يَا رَسُولَ اللَّهِ إِنَّهَا جَنَازَةٌ يَهُودِيٌّ قَالَ إِذَا رَأَيْتُمُ الْجَنَازَةَ فَقُومُوا

398- Жәбир ибн Абдулла (р.а.) риуаят етті: «Жанымыздан бір мәйіттің табытын көтеріп өтті. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) орнынан тұрды, біз де тұрдық. Содан соң Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.): «Я, Расулалла, бұл мәйіт яһудий ғой?!», - дедік. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Мәйітті көргенде орындарыңнан тұрыңдар», - деді.

399- حَدَّثَنَا آدَمُ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ حَدَّثَنَا عَمْرُو بْنُ مُرَّةٍ قَالَ سَمِعْتُ عَبْدِ الرَّحْمَنِ بْنَ أَبِي لَيْلَى قَالَ كَانَ كَانَ سَهْلُ بْنُ حَنْبَلٍ وَقَيْسُ بْنُ سَعْدٍ قَاعِدَيْنِ بِالْقَادِسِيَّةِ فَمَرُّوا

عَلَيْهِمَا بِجَنَازَةٍ فَقَامَا فَقِيلَ لَهُمَا إِنَّهَا مِنْ أَهْلِ الْأَرْضِ أَيُّ مِنْ أَهْلِ الدِّمَّةِ فَقَالَا إِنَّ
 النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَرَّتْ بِهِ جِنَازَةٌ فَقَامَ فَقِيلَ لَهُ إِنَّهَا جِنَازَةٌ يَهُودِيٌّ فَقَالَ
 أَلَيْسَتْ نَفْسًا وَقَالَ أَبُو حَمْزَةَ عَنِ الْأَعْمَشِ عَنْ عَمْرٍو عَنْ ابْنِ أَبِي لَيْلَى قَالَ كُنْتُ
 مَعَ قَيْسٍ وَسَهْلٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا فَقَالَا كُنَّا مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَقَالَ
 زَكَرِيَاءُ عَنِ الشَّعْبِيِّ عَنْ ابْنِ أَبِي لَيْلَى كَانَ أَبُو مَسْعُودٍ وَقَيْسٌ يَوْمَانِ لِلْجَنَازَةِ

399- Абду Рахман Әбу Ләйлә (р.а.) риуаят етті: «Қадисияда Саһл ибн Ханиф пен Қайс ибн Сағд отырған еді. Жандарынан бір мәйітті көтеріп өтті. Сонда екеулері орындарынан тұрды. Бұны көргендер олардан: «Бұл мәйіт *зиммилардан*⁴³ ғой?!» - десті. Сонда олар былай деп жауап берді: «Бір күні Пайғамбарымыздың жанынан бір мәйітті көтеріп өтті. Сонда ол кісі (с.ғ.с.) орнынан тұрды. Кейін ол мәйіттің яһудий екенін айтысты. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) ол мәйіт (рух) емес пе?!» - деді.

49-баб. Мәйітті әйелдер емес ер адамдар көтереді

400- حَدَّثَنَا عَبْدُ الْعَزِيزِ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ حَدَّثَنَا اللَّيْثُ عَنْ سَعِيدِ الْمُقْبِرِيِّ عَنْ
 أَبِيهِ أَنَّهُ سَمِعَ أَبَا سَعِيدٍ الْخُدْرِيَّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ
 وَسَلَّمَ قَالَ إِذَا وُضِعَتْ الْجِنَازَةُ وَاحْتَمَلَهَا الرَّجَالُ عَلَى أَعْنَاقِهِمْ فَإِنْ كَانَتْ صَالِحَةً
 قَالَتْ قَدَّمُونِي وَإِنْ كَانَتْ غَيْرَ صَالِحَةٍ قَالَتْ يَا وَيْلَهَا أَيْنَ يَذْهَبُونَ بِهَا يَسْمَعُ
 صَوْتَهَا كُلُّ شَيْءٍ إِلَّا الْإِنْسَانَ وَلَوْ سَمِعَهُ صَعَقَ

400- Сағид әл-Мақиури (р.а.) атасынан, ал ол болса Әбу Сағид әл-Худриден (р.а.) былай деп естіген екен: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Мәйітті табытқа салғаннан соң оны ер адамдар иықтарына көтергенде, егер ол иманды адам болса, «мені тезірек алып барындар!», - дейді. Егер де имансыз адам болса, «Ой сорым-ай, мені қай жаққа алып бара жатырсындар?» - дейді. Оның дауысын адамнан басқа барлық нәрсе естиді. Егер адам еститін болса, есінен танып жығылатын еді!

⁴³ Зиммилар – Мұсылмандардың қарамағындағы діні басқа адамдар.

50-баб. Мәйітті тез алып бару туралы

قَالَ أَنَسُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنْتُمْ مُشِيعُونَ وَآمَشَ بَيْنَ يَدَيْهَا وَخَلْفَهَا وَعَنْ يَمِينِهَا
وَعَنْ شِمَالِهَا وَقَالَ غَيْرُهُ قَرِيبًا مِنْهَا

Анас (р.а.) риуаят етті: «Мәйітті апара жатқандырыңда табыттың алдында да, артында да, оңында да, солында да жүре беріндер!» - деген екен. Басқа бір кісі болса: «Мәйітке жақын жүріндер!» - деген екен.

401- حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ قَالَ حَفِظْنَاهُ مِنَ الزُّهْرِيِّ عَنْ
سَعِيدِ بْنِ الْمُسَيَّبِ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ
قَالَ أَسْرِعُوا بِالْجِنَازَةِ فَإِنْ تَكَ صَالِحَةٌ فَخَيْرٌ تُقَدِّمُونَهَا وَإِنْ يَكُ سِوَى ذَلِكَ فَشَرٌّ
تَضَعُونَهُ عَنْ رِقَابِكُمْ

401- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Мәйітті тезірек алып барыңдар! Егер ол салих пенде болса, оған жақсылық қылып тезірек қабіріне жеткізген боласыз. Егер керісінше болса (яғни салих пенде болмаса), жаманды иықтарыңнан түсіріп, тезірек құтылған боласыңдар», - деді.

51-баб. Табытта жатқан мәйіттің «мені тезірек алып барыңдар!» деп айтуы туралы

402- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ حَدَّثَنَا اللَّيْثُ حَدَّثَنَا سَعِيدٌ عَنْ أَبِيهِ أَنَّهُ سَمِعَ
أَبَا سَعِيدٍ الْخُدْرِيَّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ قَالَ كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَقُولُ إِذَا
وُضِعَتْ الْجِنَازَةُ فَاحْتَمَلَهَا الرَّجَالُ عَلَى أَعْنَاقِهِمْ فَإِنْ كَانَتْ صَالِحَةً قَالَتْ قَدَّمُونِي
وَإِنْ كَانَتْ غَيْرَ صَالِحَةٍ قَالَتْ لِأَهْلِهَا يَا وَيْلَهَا أَيْنَ يَذْهَبُونَ بِهَا يَسْمَعُ صَوْتَهَا كُلُّ
شَيْءٍ إِلَّا الْإِنْسَانَ وَلَوْ سَمِعَ الْإِنْسَانُ لَصَعِقَ

402- Әбу Саъид әл-Худрий (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Мәйітті табытқа салғаннан соң оны ер адамдар иықтарына көтергенде, егер ол жақсы адам болса, «мені тезірек алып барыңдар!», - дейді. Егер де дұрыс емес адам болса, «Ой сорым-ай, мені қай жаққа алып бара жатырсыңдар?» - дейді. Оның дауысын адамнан басқа барлық нәрсе естиді. Егер адам еститін болса, есінен танып жығылып қалатын еді!

52-баб. Жаназа намазында имамның артында екі немесе үш сап болып тұру туралы

403- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ عَنْ أَبِي عَوَانَةَ عَنْ قَتَادَةَ عَنْ عَطَاءٍ عَنْ جَابِرِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ صَلَّى عَلَى النَّجَاشِيِّ فَكُنْتُ فِي الصَّفِّ الثَّانِي أَوْ الثَّلَاثِ

403- Жабир ибн Абдулла (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «(Набаш патшасы) Нажашиге (ғайып) жаназа оқыды. Мен екінші немесе үшінші сапта тұрдым», - деді.

53-бап. Жаназа намазындағы саптар туралы

404- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ حَدَّثَنَا يَزِيدُ بْنُ زُرَيْعٍ حَدَّثَنَا مَعْمَرٌ عَنْ الزُّهْرِيِّ عَنْ سَعِيدٍ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ قَالَ نَعَى النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِلَى أَصْحَابِهِ النَّجَاشِيِّ ثُمَّ تَقَدَّمَ فَصَفُّوا خَلْفَهُ فَكَبَّرَ أَرْبَعًا

404- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Нажашидің қайтыс болғанын сахабаларға айтып, содан соң алдыға имамдыққа өтті. Сахабалар ол кісінің артында сапқа тұрды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) төр рет тәкбір айтты», - деді.

405- حَدَّثَنَا مُسْلِمٌ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ حَدَّثَنَا الشَّيْبَانِيُّ عَنْ الشَّعْبِيِّ قَالَ أَخْبَرَنِي مَنْ شَهِدَ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ آتَى عَلَى قَبْرِ مَنْبُودٍ فَصَفَّهُمْ وَكَبَّرَ أَرْبَعًا قُلْتُ مَنْ حَدَّثَكَ قَالَ ابْنُ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا

405- Шағбий (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) көргендердің бірі маған: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір мұминнің жаназасына барып, сахабаларды сапқа тұрғызып, төрт рет тәкбір айтып, жаназа оқыды», - деп еді. Шайбаний: «Ей Әбу Амр, сізге бұны кім айтты?», - деп Шағбийдан сұрағанда, ол: «Ибн Аббас (р.а.) айтты», - деді.

406- حَدَّثَنَا إِبْرَاهِيمُ بْنُ مُوسَى أَخْبَرَنَا هِشَامُ بْنُ يُوسُفَ أَنَّ ابْنَ جُرَيْجٍ أَخْبَرَهُمْ قَالَ أَخْبَرَنِي عَطَاءٌ أَنَّهُ سَمِعَ جَابِرَ بْنَ عَبْدِ اللَّهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا يَقُولُ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَدْ تُوِّفِيَ الْيَوْمَ رَجُلٌ صَالِحٌ مِنْ الْحَبَشِ فَهَلُمَّ

فَصَلُّوا عَلَيْهِ قَالَ فَصَفَّفْنَا فَصَلَّى النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَلَيْهِ وَنَحْنُ مَعَهُ صُفُوفٌ قَالَ أَبُو الزُّبَيْرِ عَنْ جَابِرٍ كُنْتُ فِي الصَّفِّ الثَّانِي

406- Жәбір ибн Абдулла (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Бүгін Хабашстанда бір жақсы адам қайтыс болды. Келіңдер, осы жерде тұрып оған (ғайып) жаназа намаз оқимыз!», - деді. Біз сапқа тұрдық, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) алдыға өтіп, оған жаназа намазын оқыды. Біз ол кісіге ұйыдық», - деді. Әбу Зүбайрге Жәбір: «Сонда мен екінші сапта тұрған едім», - деген екен.

54-бап. Жаназада балалардың үлкендермен бірге сапқа тұруы туралы

407- حَدَّثَنَا مُوسَى بْنُ إِسْمَاعِيلَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْوَاحِدِ حَدَّثَنَا الشَّيْبَانِيُّ عَنْ عَمْرِو بْنِ عَبْدِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَرَّ بِقَبْرِ قَدْ دُفِنَ لَيْلًا فَقَالَ مَتَى دُفِنَ هَذَا قَالُوا الْبَارِحَةَ قَالَ أَفَلَا آدَنْتُمُونِي قَالُوا دَفَّنَاهُ فِي ظِلْمَةِ اللَّيْلِ فَكْرَهْنَا أَنْ نُوقِظَكَ فَقَامَ فَصَفَّفْنَا خَلْفَهُ قَالَ ابْنُ عَبَّاسٍ وَأَنَا فِيهِمْ فَصَلَّى عَلَيْهِ

407- Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бейтаныс бір мәйіттің қабірінің жанынан өтіп бара жатып: «Бұл мәйіт қашан жерленген?», - деді. Біз: «Кеше түнде», - дедік. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Мені шақырсаңдар болмас па еді?», - деді. Сахабалар: «Қараңғы түнде жерледік, сізді мазаламадық», - десті. Содан соң Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жаназа оқуға кірісті. Біз артына сапқа тұрдық. Мен сол кезде әлі жас бала болатынмын», - деді.

55-бап. Мәйітке жаназа оқудың сүннет екендігі туралы

قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَنْ صَلَّى عَلَيَّ الْجَنَازَةَ وَقَالَ صَلُّوا عَلَيَّ صَاحِبِكُمْ وَقَالَ صَلُّوا عَلَيَّ النَّجَاشِيِّ سَمَاهَا صَلَاةً لَيْسَ فِيهَا رُكُوعٌ وَلَا سُجُودٌ وَلَا يُتَكَلَّمُ فِيهَا وَفِيهَا تَكْبِيرٌ وَتَسْلِيمٌ وَكَانَ ابْنُ عُمَرَ لَا يُصَلِّي إِلَّا طَاهِرًا وَلَا يُصَلِّي عِنْدَ طُلُوعِ الشَّمْسِ وَلَا غُرُوبِهَا وَيَرْفَعُ يَدَيْهِ وَقَالَ الْحَسَنُ أُدْرِكْتُ النَّاسَ وَأَحَقُّهُمْ بِالصَّلَاةِ عَلَيَّ جَنَائِزِهِمْ مَنْ رَضُوهُمْ لِفَرَائِضِهِمْ وَإِذَا أَحْدَثَ يَوْمَ الْعِيدِ أَوْ عِنْدَ

الْجَنَازَةَ يَطْلُبُ الْمَاءَ وَلَا يَتَيَّمُ وَإِذَا انْتَهَى إِلَى الْجَنَازَةِ وَهُمْ يُصَلُّونَ يَدْخُلُ مَعَهُمْ
بِتَكْبِيرَةٍ وَقَالَ ابْنُ الْمُسَيَّبِ يُكَبِّرُ بِاللَّيْلِ وَالنَّهَارِ وَالسَّفَرِ وَالْحَضَرِ أَرْبَعًا وَقَالَ أَنَسٌ
رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ التَّكْبِيرَةُ الْوَاحِدَةُ اسْتِفْتَاخُ الصَّلَاةِ وَقَالَ وَلَا تُصَلِّ عَلَى أَحَدٍ مِنْهُمْ
مَاتَ أَبَدًا وَفِيهِ صُفُوفٌ وَإِمَامٌ

Имам Бұхарий (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кімде-кім мәйітке жаназа оқыса, оған бір қират⁴⁴ сауап тиеді»,- деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Достарыңа, бауырларыңа өздерің жаназа оқыңдар!»,- деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Нажашиге жаназа оқыңдар!»,- дегенде, жаназаны «намаз» деп атап: «Оның рүкүғ сәжделері болмайды, оны оқып жатқанда (дүниелік сөздер) сөйленбейді, тек қана тәкбір тахрима айтылып, сәлем беріледі»,- деген. Ибн Омар (р.а.) жаназадан бұрын міндетті түрде дәрет алатын және күн шығып немесе батып бара жатқанда жаназа намазын оқымайтын еді. Ибн Омар (р.а.) қолдарын көтеріп тәкбір айтатын. Сахабалар мен олардың әулеттерінің арасында сондай кісілерді жолықтырдым»,- деді Хасан Басрий, - олардан жаназа және парыз намаздарын оқуға хақылысы жаназа уақытында немесе айт намазында дәреттері бұзылып қалса, таяммум қылмай, су іздеп тауып, қайтадан дәрет алатын еді. Егерде жаназа оқып жатқан уақытта келіп қалса, өздері тәкбір тахрима айтып, басқаларға қосылып, жаназа оқи беретін еді»,- деді.

Ибн Мусаййаб: «Жаназа намазында мейлі түнде болсын, мейлі күндіз болсын, мейлі тұрғылықты болсын, мейлі мүсәпірлікте болсын, бәрібір төрт рет тәкбір айтады»,- деді.

Әнас (р.а.): «Бірінші тәкбір-намазды бастарды айтатын тәкбір тахрима, Алла тағала Құран кәрімінде: «**Олардан біреу өлсе, әсте жаназа намазын оқыма!**⁴⁵»,- деді. Жаназа намазында адамдар сапқа тұрады, имам болса, алдыға өтіп жаназа оқиды»,- деді.

408- حَدَّثَنَا سُلَيْمَانُ بْنُ حَرْبٍ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ الشَّيْبَانِيِّ عَنِ الشَّعْبِيِّ قَالَ

أَخْبَرَنِي مَنْ مَرَّ مَعَ نَبِيِّكُمْ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَلَى قَبْرِ مَنْبُودٍ فَأَمَّنَّا فَصَفَّقْنَا خَلْفَهُ
فَقُلْنَا يَا أَبَا عَمْرٍو مَنْ حَدَّثَكَ قَالَ ابْنُ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا

408- Шағбий (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге бір мұьминнің жаназасына барған кісі: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бізге имамдық қылды. Біз ол кісінің артына сапқа тұрдық»,- деп айтты. «Ей Әбу Амр, бұл хадисті саған кім айтты?»,- деп Шағбийдан сұрасқанда, ол: «Ибн Аббас (р.а.) айтты»,- деп жауап берді.

⁴⁴ Қиират- Таудың үлкендігіндей сауап беріледі деген ұғым береді.

⁴⁵ 9. «әт-Тәубе», 84 аят.

56-бап. Жаназаға барудың (қатысудың) артықшылығы туралы

قَالَ زَيْدُ بْنُ نَابِتٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ إِذَا صَلَّيْتَ فَقَدْ قَضَيْتَ الَّذِي عَلَيْكَ وَقَالَ حُمَيْدُ بْنُ هِلَالٍ مَا عَلِمْنَا عَلَى الْجَنَازَةِ إِذْنَا وَلَكِنْ مَنْ صَلَّى ثُمَّ رَجَعَ فَلَهُ قِيرَاطٌ

Зәйд ибн Сәбит (р.а.): «Жаназа оқысаң, мойнындағы міндетінді атқарыпсың»,- деді. Хумаид ибн Хилал: «Жаназа оқып болғаннан соң, ақы иелерінен үйге қайтуға рұқсат сұраудың сүннет екендігін білмеспіз-ау, бірақта кімде-кім жаназа оқып болып үйіне қайтса, оған бір қират сауап болатынын жақсы білеміз»,- деді.

409- حَدَّثَنَا أَبُو الثُّعْمَانِ حَدَّثَنَا جَرِيرٌ بْنُ حَازِمٍ قَالَ سَمِعْتُ نَافِعًا يَقُولُ حَدَّثَ ابْنُ عُمَرَ أَنَّ أَبَا هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمْ يَقُولُ مَنْ تَبَعَ جَنَازَةً فَلَهُ قِيرَاطٌ فَقَالَ أَكْثَرَ أَبُو هُرَيْرَةَ عَلَيْنَا فَصَدَّقْتُ يَعْنِي عَائِشَةَ أَبَا هُرَيْرَةَ وَقَالَتْ سَمِعْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَقُولُهُ فَقَالَ ابْنُ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا لَقَدْ فَرَّطْنَا فِي قِرَارِيطٍ كَثِيرَةٍ فَرَّطْتُ ضَيَّعْتُ مِنْ أَمْرِ اللَّهِ

409- Ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Әбу Хурайра (р.а.): «Кімде-кім жаназа намазына қатынасса, оған бір қиират⁴⁶ сауап болады»,- деді. Кейін ол кісі бізге тағыда басқа көптеген хадистер айтып берді. Сонда Айша анамыз (р.а.) Әбу Хурайраның сөздерін растап: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) солай дегенін менде естігенмін»,- деді. Мән: «Онда өте көп қиират сауаптарды босқа жіберіппіз да!»,- дедім.

57-бап. Мәйітгі жерленгенге дейін күтіп тұрған кісі туралы

410- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مَسْلَمَةَ قَالَ قَرَأْتُ عَلَى ابْنِ أَبِي ذُنُبٍ عَنْ سَعِيدِ بْنِ أَبِي سَعِيدٍ الْمَقْبُرِيِّ عَنْ أَبِيهِ أَنَّهُ سَأَلَ أَبَا هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ فَقَالَ سَمِعْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ ح حَدَّثَنَا أَحْمَدُ بْنُ شَيْبٍ بِنِ سَعِيدٍ قَالَ حَدَّثَنِي أَبِي حَدَّثَنَا يُونُسُ قَالَ ابْنُ شِهَابٍ وَحَدَّثَنِي عَبْدُ الرَّحْمَنِ الْأَعْرَجُ أَنَّ أَبَا هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَنْ شَهِدَ الْجَنَازَةَ حَتَّى يُصَلِّيَ فَلَهُ

⁴⁶ Қиират- Таудың үлкендігіндей сауап беріледі деген ұғым береді.

قِيْرَاطٌ وَمَنْ شَهِدَ حَتَّى تُدْفَنَ كَانَ لَهُ قِيْرَاطَانِ قِيْلَ وَمَا الْقِيْرَاطَانِ قَالِ مِثْلُ الْجَبَلَيْنِ الْعَظِيْمَيْنِ

410- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кімде-кім жаназаға қатысып, жаназа намазын оқыса, оған бір қиураат сауап тиеді. Ал кімде-кім жаназа намазын оқып, мәйітті жерлегенге дейін кетпей тұрса, оған екі қиураат⁴⁷ сауап тиеді», - деді. Сонда адамдар: «Я Расулулла, екі қиураат қанша?»,- деп сұрасты. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Екі үлкен таудай болады», - деді.

58-бап. Үлкендермен бірге жас балалардың да жаназа намазын оқулары туралы

411- حَدَّثَنَا يَعْقُوبُ بْنُ إِبْرَاهِيمَ حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ أَبِي بُكَيْرٍ حَدَّثَنَا زَائِدَةُ حَدَّثَنَا أَبُو إِسْحَاقَ الشَّيْبَانِيُّ عَنْ عَامِرٍ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ أَتَى رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَبْرًا فَقَالُوا هَذَا دُفْنٌ أَوْ دُفْنَتُ الْبَارِحَةِ قَالَ ابْنُ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا فَصَقْنَا خَلْفَهُ ثُمَّ صَلَّى عَلَيْهَا

411- Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір қабірдің жанына келгенінде, сахабалар: «Бұл қабірдегі кісі өткен күні жерленді», - десті. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) артына сапқа тұрдық, ол кісі қабірдегі мәйітке жаназа оқыды (Ибн Аббас сол уақытта жас бала болған)».

59-бап. Намаз оқитын жерде және мешітте жаназа намазын оқу туралы

412- حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ بُكَيْرٍ حَدَّثَنَا اللَّيْثُ عَنْ عُقَيْلٍ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ سَعِيدِ بْنِ الْمُسَيَّبِ وَأَبِي سَلْمَةَ أَنَّهُمَا حَدَّثَاهُ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ نَعَى لَنَا رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ النَّجَاشِيَّ صَاحِبَ الْحَبَشَةِ يَوْمَ الَّذِي مَاتَ فِيهِ فَقَالَ اسْتَغْفِرُوا لِأَخِيكُمْ وَعَنْ ابْنِ شِهَابٍ قَالَ حَدَّثَنِي سَعِيدُ بْنُ الْمُسَيَّبِ أَنَّ أَبَا هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ إِنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ صَفَّ بِهِمْ بِالْمُصَلَّى فَكَبَّرَ عَلَيْهِ أَرْبَعًا

⁴⁷ Қиураат- Таудың үлкендігіндей сауап беріледі деген ұғым береді.

412- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Хабашстанның патшасы Нажашидің қайтыс болғандығын бізге айтып: «Бауырларыңның хақысына кешірім тілендер!», - деді. Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) ардақты сахабаларды намазға сапқа тұрғызды. Содан соң төрт рет тәкбір айтып марқұм Нажашиге жаназа намазын оқыды», - деді.

413- حَدَّثَنَا إِبْرَاهِيمُ بْنُ الْمُنْذِرِ حَدَّثَنَا أَبُو ضَمْرَةَ حَدَّثَنَا مُوسَى بْنُ عُقْبَةَ عَنْ نَافِعٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ الْيَهُودَ جَاءُوا إِلَى النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِرَجُلٍ مِنْهُمْ وَامْرَأَةٍ زَنِيًّا فَأَمَرَ بِهِمَا فَرُجِمَا قَرِيبًا مِنْ مَوْضِعِ الْجَنَائِزِ عِنْدَ الْمَسْجِدِ

413- Абдулла ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Яһудилер Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдына зина қылған еркек пен әйелді ұстап алып келді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оларды мешіттің алдындағы жаназа оқитын алаңға алып барып, тасборан қылып атқылап өлтіруді бұйырды», - деді.

60-бап. Қабірлерді сәжде қылатын жер қылып алудың мақрұхтығы туралы

بَاب مَا يُكْرَهُ مِنْ اتِّخَاذِ الْمَسَاجِدِ عَلَى الْقُبُورِ وَلَمَّا مَاتَ الْحَسَنُ بْنُ الْحَسَنِ بْنِ عَلِيٍّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمْ ضَرَبَتْ أَمْرَأَتُهُ الْقُبَّةَ عَلَى قَبْرِهِ سَنَةً ثُمَّ رُفِعَتْ فَسَمِعُوا صَائِحًا يَقُولُ أَلَا هَلْ وَجَدُوا مَا فَفَدُوا فَأَجَابَهُ الْآخِرُ بَلْ يَيْسُوا فَأَنْقَلَبُوا

Хазреті Әлидің ұлы Хасан қайтыс болғанда әйелі Фатима қабірдің үстіне шатыр құрды. Шатыр бір жылға дейін сол жерде тұрды. Содан соң оны бұзып жинады. Сонда ғайыбтан: «Жоғалтқан адамың табылды ма?», - деген дауыс келді. Оған екінші бір дауыс: «Ақырында, үмітсіз болып қайтып кетті», - деп жауап қайтарды.

414- حَدَّثَنَا عُبَيْدُ اللَّهِ بْنُ مُوسَى عَنْ شَيْبَانَ عَنْ هِلَالٍ هُوَ الْوَزَّانُ عَنْ عُرْوَةَ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا عَنْ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ فِي مَرَضِهِ الَّذِي مَاتَ فِيهِ لَعَنَ اللَّهُ الْيَهُودَ وَالنَّصَارَى اتَّخَذُوا قُبُورَ أَنْبِيَائِهِمْ مَسْجِدًا قَالَتْ وَلَوْ لَأَذَكَ لَأُبْرَزُوا قَبْرَهُ غَيْرَ أَنِّي أَخَشَى أَنْ يُتَّخَذَ مَسْجِدًا

414- Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қайтыс болмай тұрып, науқастанып жатқанында: «Алла тағала яһудийлер мен

насараларға лағнет қылсын! Олар өздерінің Пайғамбарларының қабірлерін мешітке айналдырып алған»,- деген еді.

Айша анамыз (р.а.) сол сөздерді есіне алып: «Егерде қабірлерін мешітке айналдырып алу қаупі болмағанда Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) қабірінің айналасын ашық күйінде қалдыратын еді. Бірақта Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) қабірін бекемдеуге тура келді. Бірақ, мен әлі де Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жатқан бөлмені мешіт қылып алуларынан қорқамын»,- деді.

61-бап. Босана алмай өлген әйелдерге жаназа оқу туралы

415- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ حَدَّثَنَا يَزِيدُ بْنُ زُرَيْعٍ حَدَّثَنَا حُسَيْنٌ حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ بُرَيْدَةَ عَنْ سَمُرَةَ بِنْتِ جُنْدَبٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ صَلَّيْتُ وَرَاءَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَلَى امْرَأَةٍ مَاتَتْ فِي نَفْسِهَا فَقَامَ عَلَيْهَا وَسَطَهَا

415- Сумра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) артында тұрып (яғни, ұйып), босана алмай қайтыс болған әйелге жаназа оқыдым. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) болса, мәйіттің белінің тұсында тұрып жаназа оқыды»,- деді.

62-бап. Имам әйел кісінің немесе ер адамның жаназасын шығарғанда мәйіттің қай тұсында тұрады?

416 - حَدَّثَنَا عِمْرَانُ بْنُ مَيْسَرَةَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْوَارِثِ حَدَّثَنَا حُسَيْنٌ عَنْ ابْنِ بُرَيْدَةَ حَدَّثَنَا سَمُرَةُ بِنْتِ جُنْدَبٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ صَلَّيْتُ وَرَاءَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَلَى امْرَأَةٍ مَاتَتْ فِي نَفْسِهَا فَقَامَ عَلَيْهَا وَسَطَهَا

416- Сумра ибн Жундуб (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) артында тұрып, босана алмай қайтыс болған әйелдің жаназасына қатыстым. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) болса, мәйіттің белінің тұсында тұрып жаназа оқыды»,- деді.

63-бап. Жаназа намазында төрт рет тәкбір айту туралы

قَالَ حُمَيْدٌ صَلَّى بِنَا أَنَسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ فَكَبَّرَ ثَلَاثًا ثُمَّ سَلَّمَ فَقِيلَ لَهُ فَاسْتَقْبَلَ الْقِبْلَةَ ثُمَّ كَبَّرَ الرَّابِعَةَ ثُمَّ سَلَّمَ

Хумайд (р.а.) риуаят етті: «Әнас (р.а.) бізге имамдық қылып жаназа намазын оқыды. Сонда ол кісіге: «Үш рет тәкбір айттыңыз»,- десті. Сонда Әнас (р.а.) және бір рет тәкбір айтып содан кейін сәлем берді»,- деді.

417- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ سَعِيدِ بْنِ الْمُسَيَّبِ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ نَعَى النَّجَاشِيَّ فِي الْيَوْمِ الَّذِي مَاتَ فِيهِ وَخَرَجَ بِهِمْ إِلَى الْمُصَلَّى فَصَفَّ بِهِمْ وَكَبَّرَ عَلَيْهِ أَرْبَعَ تَكْبِيرَاتٍ

417- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Нажаши қайтыс болған күні бұл жайында хабар берді. Содан соң ардақты сахабалармен намаз оқитын жерге шықты. Оларды сапқа тұрғызып, төрт рет тәкбір айтып Нажашиге жаназа намазын оқыды», - деді.

418- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ سِنَانَ حَدَّثَنَا سَلِيمُ بْنُ حَيَّانَ حَدَّثَنَا سَعِيدُ بْنُ مِينَاءَ عَنْ جَابِرِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ صَلَّى عَلَى أَصْحَمَةَ النَّجَاشِيَّ فَكَبَّرَ أَرْبَعًا وَقَالَ يَزِيدُ بْنُ هَارُونَ عَنْ سَلِيمِ أَصْحَمَةَ وَتَابَعَهُ عَبْدُ الصَّمَدِ

418- Жәбир (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Хабаһстан патшасы Хабашиге төрт рет тәкбір айтып, жаназа намазын оқыды», - деді.

64-бап. Жаназа намазында «Фатиха» сүресін оқу туралы

بَاب قِرَاءَةِ فَاتِحَةِ الْكِتَابِ عَلَى الْجَنَازَةِ وَقَالَ الْحَسَنُ يَفْرَأُ عَلَى الطُّفْلِ بِفَاتِحَةِ الْكِتَابِ وَيَقُولُ اللَّهُمَّ اجْعَلْهُ لَنَا فَرَطًا وَسَلَفًا وَأَجْرًا

Хасан Басрий (р.а.) риуаят етті: «Сәби баланың жаназасында «Фатиха» сүресі оқылады. Кейін «Аллаһумма-жғалһу лана фартан уа салафан уа ажран (Илһи, бұл сәбиді, жәннатқа бізден бұрын барып, орын дайындап тұрушы және ерте қайтыс болғандығына сабыр қылғанымыз үшін біздерге жақсылық сауап беруіне себепші еткейсің!», - делінеді.

Ескерту: Ханафи мазһабында жаназа намазында «Фатиха» сүресі оқылмайды.

419- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ بَشَّارٍ حَدَّثَنَا عُذْرٌ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ سَعْدِ بْنِ طَلْحَةَ قَالَ صَلَّى خَلْفَ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ كَثِيرٍ أَخْبَرَنَا سُفْيَانُ عَنْ سَعْدِ بْنِ إِبْرَاهِيمَ عَنْ طَلْحَةَ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَوْفٍ قَالَ صَلَّى خَلْفَ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا عَلَى جَنَازَةٍ فَقَرَأَ بِفَاتِحَةِ الْكِتَابِ قَالَ لِيَعْلَمُوا أَنَّهَا سُنَّةٌ

419- Талха (р.а.) риуаят етті: «Ибн Аббасқа (р.а.) ұйып (жаназа) намаз оқыдым. Сонда ол кісі «Фатиха» сүресін оқып, артынша: «Фатиха» сүресін жаназада оқу сүннет екендігін білсін, деп әдейілеп оқыдым»,- деді.
Ескерту: Ханафи мазһабында жаназа намазында «Фатиха» сүресі оқылмайды.

65-бап. Мәйіт жерленгеннен кейін қабірінің сыртынан жаназа намаз оқудың дұрыстығы туралы

420- حَدَّثَنَا حَجَّاجُ بْنُ مِهَالٍ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ قَالَ حَدَّثَنِي سُلَيْمَانُ الشَّيْبَانِيُّ قَالَ سَمِعْتُ الشَّعْبِيَّ قَالَ أَخْبَرَنِي مَنْ مَرَّ مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَلَى قَبْرِ مَبُودٍ فَأَمَّهُمْ وَصَلُّوا خَلْفَهُ قُلْتُ مَنْ حَدَّثَكَ هَذَا يَا أَبَا عَمْرٍو قَالَ ابْنُ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا

420- Шағбий (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге бір мұьмин пенденің жаназасына барған кісі: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қабірдің сыртынан жаназа намазын оқыды, сахабалар ол кісіге ұйыды»,- деді.
Шайбаний: «Бұл хадисті сізге кім айтты?»,- деп Шағбиден сұрағанымда, ол маған: «Ибн Аббас (р.а.) айтты»,- деп жауап берді»,- деді.

421- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ الْفَضْلِ حَدَّثَنَا حَمَّادُ بْنُ زَيْدٍ عَنْ ثَابِتٍ عَنْ أَبِي رَافِعٍ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ أَسْوَدَ رَجُلًا أَوْ امْرَأَةً كَانَتْ يَكُونُ فِي الْمَسْجِدِ يَفْعُمُ الْمَسْجِدَ فَمَاتَ وَلَمْ يَعْلَمْ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِمَوْتِهِ فَذَكَرَهُ ذَاتَ يَوْمٍ فَقَالَ مَا فَعَلَ ذَلِكَ الْإِنْسَانُ قَالُوا مَاتَ يَا رَسُولَ اللَّهِ قَالَ أَفَلَا آدَنْتُمُونِي فَقَالُوا إِنَّهُ كَانَ كَذَا وَكَذَا قِصَّتُهُ قَالَ فَحَقَرُوا شَأْنَهُ قَالَ فَذُلُّونِي عَلَى قَبْرِهِ فَأَتَى قَبْرَهُ فَصَلَّى عَلَيْهِ

421- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Мешітті сыпырып жүретін бір қара нәсілді адам қайтыс болды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бұдан бейхабар болатын. Бір күні сол адам есіне түсіп: «Анау бір адамға не болды?»,- деп сұрады. Сахабалар: «Я Расулулла, ол кісі қайтыс болған»,- десті. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Маған айтпапсыңдар да!»,- деді. Сахабалар: «Ол сондай еді, мұндай еді»,- деп оны кемсітті. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Маған оның қабірін көрсетіңдер!»,- деді. Сахабалар оның қабірін көрсетіп еді, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оған жаназа намазын оқыды»,- деді.

66-бап. Мәйіт аяқтың дауыстарын естiтiндiгi туралы

422 - حَدَّثَنَا عِيَّاشُ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْأَعْلَى حَدَّثَنَا سَعِيدٌ قَالَ وَقَالَ لِي خَلِيفَةُ حَدَّثَنَا يَزِيدُ بْنُ زُرَيْعٍ حَدَّثَنَا سَعِيدٌ عَنْ قَتَادَةَ عَنْ أَنَسِ بْنِ رَضِيٍّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ الْعَبْدُ إِذَا وُضِعَ فِي قَبْرِهِ وَتَوَلَّى وَدَهَبَ أَصْحَابُهُ حَتَّى إِنَّهُ لَيَسْمَعُ قَرْعَ نِعَالِهِمْ أَتَاهُ مَلَكَانِ فَأَقْعَدَاهُ فَيَقُولَانِ لَهُ مَا كُنْتَ تَقُولُ فِي هَذَا الرَّجُلِ مُحَمَّدٍ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَيَقُولُ أَشْهَدُ أَنَّهُ عَبْدُ اللَّهِ وَرَسُولُهُ فَيُقَالُ انظُرْ إِلَى مَقْعَدِكَ مِنَ النَّارِ أَبَدَكَ اللَّهُ بِهِ مَقْعَدًا مِنَ الْجَنَّةِ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَيَرَاهُمَا جَمِيعًا وَأَمَّا الْكَافِرُ أَوْ الْمُنَافِقُ فَيَقُولُ لِمَا أُدْرِي كُنْتُ أَقُولُ مَا يَقُولُ النَّاسُ فَيُقَالُ لِمَا دَرَيْتَ وَلَا تَلَيْتَ ثُمَّ يُضْرَبُ بِمِطْرَقَةٍ مِنْ حَدِيدٍ ضَرْبَةً بَيْنَ أُذُنَيْهِ فَيَصِيحُ صِيحَةً يَسْمَعُهَا مَنْ يَلِيهِ إِلَّا التَّقْلِينَ

422- Әнас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Мәйіт қабірге қойылған соң, барлық бауырластарының қайтып кетіп бара жатқандағы аяқтарының дауыстарын естиді. Қабірге екі періште кіріп, мәйітті отырғызып қояды. Сонда екі періште мәйітке: «Мына бұл кісі, яғни Мұхаммед (с.ғ.с.) туралы не дейсің?»,- деп сұрайды. Мәйіт: «Бұл кісінің Алла тағаланың құлы және елшісі екендігіне куәлік беремін»,- дейді. Сонда оған: «Тозақтағы орнына қара, Алла тағла саған оның орнына жәннаттан орын ауыстырып берді»,- деседі. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) туралы сөздерін одан ары жалғастырып, және былай дейді: «Пенде (мәйіт) өзінің тозақтағы және жәннаттағы орындарын көреді. Бірақ, ол кәпір немесе Мунафиқ болса: «Бұл кісі кім?»,- делінгенде «Адамдар бір нәрсе деп айтар еді, олар не десе мен де солай дер едім»,- дейді. Сонда Мункар-Накир: «Ол кісіні де танымағансың (білмегенсің), Құран Кәрімді де оқымағансың»,- деп от шоқпармен құлағының тұсынан ұрады. Мәйіт қатты шыңғырады. Оның дауысын айналадағы барлық нәрсе естиді. Тек адамдар мен жындар ғана естімейді»,- деді.

67-бап. Бәйт ул-Мұқаддасқа немесе сол сияқты қасиетті жерге жерленуді қалаған адам туралы

423 - حَدَّثَنَا مُحَمَّدٌ حَدَّثَنَا عَبْدُ الرَّزَّاقِ أَخْبَرَنَا مَعْمَرٌ عَنْ ابْنِ طَلُوسٍ عَنْ أَبِيهِ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ أُرْسِلَ مَلِكُ الْمَوْتِ إِلَى مُوسَى عَلَيْهِمَا السَّلَامُ

فَلَمَّا جَاءَهُ صَگَّهُ فَرَجَعَ إِلَى رَبِّهِ فَقَالَ أُرْسَلْتَنِي إِلَى عَبْدٍ لَا يُرِيدُ الْمَوْتَ فَرَدَّ اللَّهُ عَلَيْهِ عَيْنَهُ وَقَالَ ارْجِعْ فَقُلْ لَهُ يَضَعُ يَدَهُ عَلَى مِثْنِ ثَوْرٍ فَلَهُ بِكُلِّ مَا غَطَّتْ بِهِ يَدَهُ بِكُلِّ شَعْرَةٍ سَنَةٌ قَالَ أَيُّ رَبِّ تَمَّ مَاذَا قَالَ تَمَّ الْمَوْتُ قَالَ فَالآنَ فَسَأَلَ اللَّهُ أَنْ يُدْنِيَهُ مِنَ الْأَرْضِ الْمُقَدَّسَةِ رَمِيَةً بِحَجَرٍ قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَلُّوا كُنْتُمْ تَمَّ لَأُرِيَتْكُمْ قَبْرَهُ إِلَى جَانِبِ الطَّرِيقِ عِنْدَ الْكُثَيْبِ الْأَحْمَرِ

423- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Алла тағала өлім періштесін Мұсаның ғ.с. алдына жіберді. Мұса ғ.с. (үйге рұқсатсыз кірген адам, деп ойлап) жұдырықпен бір ұрып, оның көзін шығарды. Өлім періштесі Алла тағаланың алдына қайтып барып: «Мені өлуді қаламайтын адамның алдына жіберіпсің», - деді. Алла тағала періштенің көзін орнына келтіріп: «Мұсаның ғ.с. алдына қайтып барып айт, қолын өгіздің үстіне қойсын, алақанының астындағы түктің әр бірі үшін бір жылдан өмір беремін!», - деді. Мұса ғ.с.: «Я Раббым, одан кейін ше?», - деді. Алла тағала: «Одан соң өлім!», - деді. Мұса ғ.с.: «Олай болса, (қазір ақ жанымды ала қойсын)!», - деді-да, Алла тағаладан: «Менің қабірім «Бәйт ул-Мукаддасқа бір тас атымдай аралықта жақын болса!», - деп тілек қылды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Егерде сол жерде болғандарыңда ғой, мен сендерге жол жағасындағы Мұсаның ғ.с. қызыл құм төбесінің үстіндегі қабірін көрсететін едім», - деді.

68-бап. Түнде жерлеу туралы

Әбу Бәкір Сыддық (р.а.) түнде жерленген.

424- حَدَّثَنَا عُثْمَانُ بْنُ أَبِي شَيْبَةَ حَدَّثَنَا جَرِيرٌ عَنْ الشَّيْبَانِيِّ عَنِ الشَّعْبِيِّ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ صَلَّى النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَلَى رَجُلٍ بَعْدَ مَا دُفِنَ بِلَيْلَةٍ قَامَ هُوَ وَأَصْحَابُهُ وَكَانَ سَأَلَ عَنْهُ فَقَالَ مَنْ هَذَا فَقَالُوا فُلَانٌ دُفِنَ الْبَارِحَةَ فَصَلُّوا عَلَيْهِ

424- Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) түнгі мезгілде жерленген бір адамға жаназа намаз оқыды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) орнынан тұрды. Артынан сахабалар да тұрды. Содан соң, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Қабірдегі кім?», - деп сұраған еді, сахабалар: «Пәленше, кеше түні жерленген», - десті.

69-бап. Қабірдің үстіне мешіт салу туралы

425- حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ قَالَ حَدَّثَنِي مَالِكٌ عَنْ هِشَامٍ عَنْ أَبِيهِ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ لَمَّا اشْتَكَى النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ ذَكَرْتُ بَعْضُ نِسَائِهِ كَنِيْسَةَ رَأَيْتَهَا بِأَرْضِ الْحَبَشَةِ يُقَالُ لَهَا مَارِيَةُ وَكَانَتْ أُمُّ سَلْمَةَ وَأُمُّ حَبِيْبَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَتْنَا أَرْضَ الْحَبَشَةِ فَذَكَرْنَا مِنْ حُسْنِهَا وَتَصَاوِيرِ فِيهَا فَرَفَعَ رَأْسَهُ فَقَالَ أَوْلَيْكَ إِذَا مَاتَ مِنْهُمْ الرَّجُلُ الصَّالِحُ بَنَوْا عَلَيَّ قَبْرَهُ مَسْجِدًا ثُمَّ صَوَّرُوا فِيهِ تِلْكَ الصُّورَةَ أَوْلَيْكَ شِرَارُ الْخَلْقِ عِنْدَ اللَّهِ

425- Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) науқас болып жатқанында, әйелдері (Үмму Сәлама мен Үмму Хабиба) ол кісіге Хабашстандағы өздері көрген шіркеу туралы айтып берді. Ол шіркеу «Мәрия» деп аталатын еді. Оны Үмму Сәлама мен Үмму Хабиба (р.а.) Хабашстанға барғандарында көрген екен. Оларды шіркеудің сәнімен оның ішіндегі суреттер таңқалдырған екен. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) басын көтеріп: «Егерде олардың араларынан бір жақсы адам өлсе, оның қабірінің үстіне шіркеу салып, ішіне суреттер салады. Олар Алла тағаланың алдындағы ең жаман атты адамдар!», - деді.

70-бап. Әйел кісіні қабірге кім (түсіреді) қояды?

426- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ سِنَانَ حَدَّثَنَا فُلَيْحُ بْنُ سُلَيْمَانَ حَدَّثَنَا هِلَالُ بْنُ عَلِيٍّ عَنْ أَنَسِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ قَالَ شَهِدْنَا بِنْتَ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَرَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ جَالِسٌ عَلَى الْقَبْرِ فَرَأَيْتُ عَيْنَيْهِ تَدْمَعَانِ فَقَالَ هَلْ فِيكُمْ مِنْ أَحَدٍ لَمْ يُقَارَفِ اللَّيْلَةَ فَقَالَ أَبُو طَلْحَةَ أَنَا قَالَ فَانْزِلْ فِي قَبْرِهَا فَانْزَلْ فِي قَبْرِهَا فَقَبَّرَهَا قَالَ ابْنُ مُبَارَكٍ قَالَ فُلَيْحُ أَرَاهُ يَعْنِي الدَّنْبَ قَالَ أَبُو عَبْدِ اللَّهِ لِيَقْتَرِفُوا أَيَّ لِيَكْتَسِبُوا

426- Әнас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) қызы-Үмму Гүлсімнің жерленуіне қатыстық. Сонда Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) қарасақ, қабірдің жанында тұрыпты да көзінен парлап-парлап жас ағып жатыр екен. Бір кезде: «Араларында бұл түні әйеліне жақындық қылмаған адам бар ма?», - деп сұрады. Әбу Талха: «Мен», - деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Қабірге түс!», - деді. Әбу Талха қабірге түсіп, мәйітті ақымға қойды».

Фулайһ (р.а.): «Естуімше, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Бұл түні күнә істемеген кім бар?»,- деп айтқан секілді еді»,- деді.

71-бап. Шаһидке жаназа оқу туралы

427- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ حَدَّثَنَا اللَّيْثُ قَالَ حَدَّثَنِي ابْنُ شِهَابٍ عَنْ عَبْدِ الرَّحْمَنِ بْنِ كَعْبِ بْنِ مَالِكٍ عَنْ جَابِرِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَجْمَعُ بَيْنَ الرَّجُلَيْنِ مِنْ قَتْلَى أَحَدٍ فِي تَوْبٍ وَاحِدٍ ثُمَّ يَقُولُ أَيُّهُمُ أَكْثَرُ أَخْذًا لِلْقُرْآنِ فَإِذَا أُشِيرَ لَهُ إِلَى أَحَدِهِمَا قَدَّمَهُ فِي اللَّحْدِ وَقَالَ أَنَا شَهِيدٌ عَلَى هَؤُلَاءِ يَوْمَ الْقِيَامَةِ وَأَمَرَ بِدَفْنِهِمْ فِي دِمَائِهِمْ وَلَمْ يُعَسَّلُوا وَلَمْ يُصَلَّ عَلَيْهِمْ

427- Жәбір ибн Абдулла (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Үһуд соғысында шаһид болғандардың әр бір екеуін бір қабірге қойдыратын еді. Қабірге қойылмастан бұрын: «Бұлардың қайсысы Құранды көбірек жаттаған?»,- деп сұрайтын. «Міне мынау»,- деп көрсетілген мәйітті ақымға бірінші қойдыратын. Содан соң, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Бұл кісілерге (Алла тағаланың жолында жанын құрбан қылғандарға) қиямет күні мен куәмін!»,- деп олардың қандарын жудырмай және жаназа оқытпай жерлететін»,- деді.

428- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ حَدَّثَنَا اللَّيْثُ حَدَّثَنِي يَزِيدُ بْنُ أَبِي حَبِيبٍ عَنْ أَبِي الْخَيْرِ عَنْ عُقْبَةَ بْنِ عَامِرٍ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ خَرَجَ يَوْمًا فَصَلَّى عَلَى أَهْلِ أَحَدٍ صَلَاتَهُ عَلَى الْمَيِّتِ ثُمَّ انْصَرَفَ إِلَى الْمِنْبَرِ فَقَالَ إِنِّي قَرِطٌ لَكُمْ وَأَنَا شَهِيدٌ عَلَيْكُمْ وَإِنِّي وَاللَّهِ لَأَنْظُرُ إِلَى حَوْضِي الْآنَ وَإِنِّي أُعْطِيتُ مَفَاتِيحَ خَزَائِنِ الْأَرْضِ أَوْ مَفَاتِيحَ الْأَرْضِ وَإِنِّي وَاللَّهِ مَا أَخَافُ عَلَيْكُمْ أَنْ تُشْرِكُوا بَعْدِي وَلَكِنْ أَخَافُ عَلَيْكُمْ أَنْ تَنَافَسُوا فِيهَا

428- Ғұқба ибн Амир (р.а.) риуаят етті: «Бір күні Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Үһуд соғысында шаһид болғандарға, өз ажалымен өлгендерге жаназа оқығандай қылып жаназа оқыды. Содан соң, мінберге шығып: «Мен сендерден бұрын барып (жәннаттан орын) дайындап тұрушымын және мен сендердің (қылған жақсы амалдарыңа) куәмін. Алла тағалаға ант етіп айтамын, қазір мен Кәусар көлін көріп тұрмын, маған жер қазыналарының кілттері (әлде «Жердің кілттері»,- деген секілді) берілді. Алла тағаланың хақы құрметі, мен өлгеннен кейін сендер тек қана мал-дүниенің соңынан түсіп, қуып кетесіндер ме деп қауіптенемін»,- деді.

72-бап. Екі немесе үш мәйітті бір қабірге жерлеу туралы

429- حَدَّثَنَا سَعِيدُ بْنُ سُلَيْمَانَ حَدَّثَنَا اللَّيْثُ حَدَّثَنَا ابْنُ شِهَابٍ عَنْ عَبْدِ الرَّحْمَنِ بْنِ كَعْبٍ أَنَّ جَابِرَ بْنَ عَبْدِ اللَّهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَخْبَرَهُ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ يَجْمَعُ بَيْنَ الرَّجُلَيْنِ مِنْ قَتْلَى أَحَدٍ

429- Жабир ибн Абдулла (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Үһуд соғысында шаһид болған әр бір екі мәйітті бір қабірге қойғызатын», - деді.

73-бап. «Шаһидтерді жуу қажет емес» деген адам туралы

430- حَدَّثَنَا أَبُو الْوَلِيدِ حَدَّثَنَا لَيْثٌ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ عَبْدِ الرَّحْمَنِ بْنِ كَعْبِ بْنِ مَالِكٍ عَنْ جَابِرٍ قَالَ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ ادْفِنُوهُمْ فِي دِمَائِهِمْ يَعْنِي يَوْمَ أُحُدٍ وَلَمْ يُعَسَّلَهُمْ

430- Жабир ибн Абдулла (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Шаһидтерді (жумай) қандарымен жерлей беріндер!», - деді. Сол күні шаһидтерді ешкім жумады.

74-бап. Қабірге (бірнеше адам қойылатын болса) бірінші кімді қояды?

431- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ مِقَاتٍ أَخْبَرَنَا عَبْدُ اللَّهِ أَخْبَرَنَا لَيْثٌ بْنُ سَعْدٍ حَدَّثَنِي ابْنُ شِهَابٍ عَنْ عَبْدِ الرَّحْمَنِ بْنِ كَعْبِ بْنِ مَالِكٍ عَنْ جَابِرِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ يَجْمَعُ بَيْنَ الرَّجُلَيْنِ مِنْ قَتْلَى أَحَدٍ فِي تَوْبٍ وَاحِدٍ ثُمَّ يَقُولُ أَيُّهُمُ أَكْثَرُ أَخْذًا لِلْقُرْآنِ فَإِذَا أُشِيرَ لَهُ إِلَى أَحَدِهِمَا قَدَّمَهُ فِي اللَّحْدِ وَقَالَ أَنَا شَهِيدٌ عَلَى هَؤُلَاءِ وَأَمَرَ بِدَفْنِهِمْ بِدِمَائِهِمْ وَلَمْ يُصَلِّ عَلَيْهِمْ وَلَمْ يُعَسَّلَهُمْ وَأَخْبَرَنَا ابْنُ الْمُبَارَكِ أَخْبَرَنَا الْأَوْزَاعِيُّ عَنْ الزُّهْرِيِّ عَنْ جَابِرِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَقُولُ لِقَتْلَى أَحَدٍ أَيُّ هَؤُلَاءِ أَكْثَرُ أَخْذًا لِلْقُرْآنِ فَإِذَا أُشِيرَ لَهُ إِلَى رَجُلٍ قَدَّمَهُ فِي اللَّحْدِ قَبْلَ صَاحِبِهِ وَقَالَ

جَابِرٌ فَكُنَّ أَبِي وَعَمِّي فِي نَمْرَةٍ وَاحِدَةٍ وَقَالَ سُلَيْمَانُ بْنُ كَثِيرٍ حَدَّثَنِي الزُّهْرِيُّ حَدَّثَنِي مَنْ سَمِعَ جَابِرًا رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ

431- Жәбир ибн Абдулла (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Үһуд соғысында шаһид болғандардың әр бір екеуін бір қабірге қойдыратын еді. Қабірге қойылмастан бұрын: «Бұлардың қайсысы Құранды көбірек жаттаған?»,- деп сұрайтын. «Құранды көп жаттаған міне мынау»,- деп көрсетілген мәйітті ақымға бірінші қойдыратын еді. Содан соң, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Мен бұлардың (Алла тағаланың жолында шаһид болғандықтарына) қиямет күні мен куәмін!»,- деп олардың жарақаттарындағы қандарын жудырмай және жаназа оқытпай жерлететін»,- деді.

Жарир ибн Абдулла (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Үһуд соғысында қайтыс болған екі шаһидтің біреуін көрсетіп: «Бұлардың қайсы бірі Құранды көп жаттаған?»,- деп сұрайтын еді. Содан, қайсысын көрсетсе, соны екіншісінен бұрын қабірге қойдыратын. Менің әкем мен ағайым бір соғыста өліп, екеуі бір кебінге кебінделген болатын (?)»,- деді.

75-бап. Қабірді (ақымды) бекіткенде қамыс және шөп, қурай сияқты нәрселерді пайдалану туралы

501- Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) әйелдерінің кейбірі: «Қайсы біріміз сізге тезірек барып қосыламыз? (яғни, сізден кейін қайсымыз бірінші болып қайтыс боламыз)»,- деп сұрасты. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Қайсы біріңнің қолын ұзың болса»,- деп жауап берді. Сонда олар өздері егетін қант қамысының сабағын әкеліп бір-бірлерінің қолдарын өлшей бастады. Сауданың қолы басқа әйелдердің қолдарынан гөрі ұзынырақ болып шықты. Кейін білгеніміздей, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Ең қолы ұзыны»»,- деп ең көп садақа берген әйелді айтқан екен. Шынында да Сауда Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірінші болып жолықты. Өйткені ол бізден гөрі садақа беруді жақсы көретін және көбірек беретін»,- деді.

110-бап. Әшкере садақа туралы

قَوْلِهِ الَّذِينَ يُنْفِقُونَ أَمْوَالَهُمْ بِاللَّيْلِ وَالنَّهَارِ سِرًّا وَعَلَانِيَةً الْآيَةَ إِلَى قَوْلِهِ وَلَا هُمْ يَحْزَنُونَ

Алла тағла бұл туралы мына аятты нәзіл етті: «Сондай малдарын күндіз – түні көмес және көрнеу Алла жолында жұмсағандар, сонда оларға Раббыларының сыйлықтары бар. Сондай-ақ оларға қорқу жоқ әрі олар қайғырмайды⁷⁰», - деді.

111-бап. Құпия садақа туралы

قَالَ أَبُو هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَرَجُلٌ تَصَدَّقَ بِصَدَقَةٍ فَأَخْفَاهَا حَتَّى لَا تَعْلَمَ شِمَالُهُ مَا صَنَعَتْ يَمِينُهُ وَقَوْلِهِ إِنْ تُبْدُوا الصَّدَقَاتِ فَنِعْمًا هِيَ وَإِنْ تُخْفَوْهَا وَتُؤْتَوْهَا الْفُقَرَاءَ فَهِيَ خَيْرٌ لَكُمْ الْآيَةَ

Әбу Хурайра (р.а.) Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) естігенін риуаят етті: «Сондай бір адамдар бар садақа бергендерін біреулерге білдірмейді. Тіпті оң қолдары істеген істі, сол қолы сезбей қалады. Алла тағала: «Егер садақаларды көрнеу берсеңдер, сонда ол қандай жақсы. Егерде оны жасырын беріп әрі оны пақырларға берсеңдер, әрине сендер үшін сонда да жақсы⁷¹», - деді.

112-бап. Дәулетті адамға білмей садақа берсе...

502- حَدَّثَنَا أَبُو الْيَمَانِ أَخْبَرَنَا شُعَيْبٌ حَدَّثَنَا أَبُو الزِّنَادِ عَنِ الْأَعْرَجِ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ قَالَ رَجُلٌ لَأَتَصَدَّقَنَّ بِصَدَقَةٍ فَخَرَجَ بِصَدَقَتِهِ فَوَضَعَهَا فِي يَدِ سَارِقٍ فَأَصْبَحُوا يَتَحَدَّثُونَ تُصَدِّقَ عَلَى سَارِقٍ فَقَالَ اللَّهُمَّ لَكَ الْحَمْدُ لَأَتَصَدَّقَنَّ بِصَدَقَةٍ فَخَرَجَ بِصَدَقَتِهِ فَوَضَعَهَا فِي يَدِي زَانِيَةٍ فَأَصْبَحُوا يَتَحَدَّثُونَ تُصَدِّقَ الْيَتِيمَةَ عَلَى زَانِيَةٍ فَقَالَ اللَّهُمَّ لَكَ الْحَمْدُ عَلَى زَانِيَةٍ لَأَتَصَدَّقَنَّ بِصَدَقَةٍ فَخَرَجَ بِصَدَقَتِهِ فَوَضَعَهَا فِي يَدِي غَنِيِّ فَأَصْبَحُوا يَتَحَدَّثُونَ تُصَدِّقَ عَلَى غَنِيٍّ فَقَالَ اللَّهُمَّ لَكَ الْحَمْدُ عَلَى سَارِقٍ وَعَلَى

⁷⁰ 2. «әл-Бақара», 274 аят.

⁷¹ 2. «әл-Бақара», 271 аят.

زَانِيَةً وَعَلَىٰ غَنِيٍّ فَأَتَىٰ قَتِيلَ لَهُ أَمَّا صَدَقَتُكَ عَلَىٰ سَارِقٍ فَلَعَلَّهُ أَنْ يَسْتَعِفَّ عَنْ سَرَاقَتِهِ وَأَمَّا الزَّانِيَةُ فَلَعَلَّهَا أَنْ تَسْتَعِفَّ عَنْ زَنَاهَا وَأَمَّا الْغَنِيُّ فَلَعَلَّهُ يَعْتَبِرُ فَيُنْفِقُ مِمَّا أُعْطَاهُ اللَّهُ

502- Әбу Хурайра (р.а.) Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай деп айтты деді: «Бір кісі садақа беремін деп ниет қылып шығып, садақасын білмей бір ұрының қолына ұстатып жіберді. Сонда адамдар ұрыға садақа берді деп сөз қылды. Баяғы кісі: «Ей Раббым! Садақа беруім үшін ұрыны жолықтырғанына да шүкір!»,- деді. Кейін, және садақа алып шығып, бір бұзық әйелдің қолына берді. Адамдар тағыда сөз қылып: «Бұл кеше бұзық әйелге садақа берді»,- десті. Әлгі адам: «Ей Раббым! Маған садақа беруім үшін бұзық әйелді болса да жолықтырғанына шүкір!»,- деді. Содан соң тағы да садақа алып шығып бай адамның қолына ұстатып беріп жіберді. Адамдар: «Бай адамға садақа берді»,- деп тағы сөз қылды. Сонда ол: «Ей Раббым! Ұрыға ма, бұзық әйелге ме, бай адамға ма садақа қылуымды маған нәсіп еткеніңе саған шүкірлік қыламын!»,- деді. Кейін, түсінде оған ұры берген садақанның себебінен ұрлық қылуын қоюы, бұзық әйел дұрыс жолға түсуі, бай адам Алла тағала берген байлықтан садақа беруді үйренуі (ғибрат алуы) мүмкін!»,- деп айтылды»,- деді.

113-бап. Баласына білмей садақа берсе...

503- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ يُوسُفَ حَدَّثَنَا إِسْرَائِيلُ حَدَّثَنَا أَبُو الْجُوَيْرِيَةَ أَنَّ مَعْنَ بْنَ يَزِيدَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ حَدَّثَهُ قَالَ بَايَعْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنَا وَأَبِي وَجَدِّي وَخَطْبَ عَلِيِّ فَأُكِّحَنِي وَخَاصَمْتُ إِلَيْهِ وَكَانَ أَبِي يَزِيدُ أَخْرَجَ دَنَانِيرَ يَتَصَدَّقُ بِهَا فَوَضَعَهَا عِنْدَ رَجُلٍ فِي الْمَسْجِدِ فَحِثْتُ فَأَخَذْتُهَا فَأَتَيْتُهَا بِهَا فَقَالَ وَاللَّهِ مَا إِلَيْكَ أَرَدْتُ فَخَاصَمْتُهُ إِلَى رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ لَكَ مَا نَوَيْتَ يَا يَزِيدُ وَلَكَ مَا أَخَذْتَ يَا مَعْنُ

503- Мағн ибн Язид (р.а.) мына хадисті айтып берді: «Мен, әкем мен атам Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) (Исламға адал болуға) ант еттік. Ол кісі өзі (бір қызға) құда түсіп мені үйлендіріп қойды. Бір күні атам бірнеше динарын (біреу келіп алар, деп) мешітте отырған бір кісінің алдына қойған еді. Мен барып сол ақшаларды алып, атамның алдына келдім. Сонда атам: «Бұны саған садақа қылайын дегенім жоқ еді»,- деді. Мен бұл оқиғаны Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) айтып бердім. Ол кісі (с.ғ.с.): «Ей Язид, қандай ниетте садақа бермекші болсаң, сол ниетің өзіңе болсын, ей Мағн сен не алған болсаң, сол сенікі!»,- деді.

114-бап. Оң қолымен садақа беру туралы

504- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ حَدَّثَنَا يَحْيَى عَنْ عُبَيْدِ اللَّهِ قَالَ حَدَّثَنِي حُبَيْبُ بْنُ عَبْدِ الرَّحْمَنِ عَنْ حَفْصِ بْنِ عَاصِمٍ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنْ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ سَبَعَهُ يُظِلُّهُمْ اللَّهُ تَعَالَى فِي ظِلِّهِ يَوْمَ لَا ظِلَّ إِلَّا ظِلُّهُ إِمَامٌ عَدْلٌ وَشَابٌّ نَشَأَ فِي عِبَادَةِ اللَّهِ وَرَجُلٌ قَلْبُهُ مُعَلَّقٌ فِي الْمَسَاجِدِ وَرَجُلَانِ تَحَابَّا فِي اللَّهِ اجْتَمَعَا عَلَيْهِ وَتَفَرَّقَا عَلَيْهِ وَرَجُلٌ دَعَتْهُ امْرَأَةٌ ذَاتُ مَنْصِبٍ وَجَمَالٍ فَقَالَ إِنِّي أَخَافُ اللَّهَ وَرَجُلٌ تَصَدَّقَ بِصَدَقَةٍ فَأَخْفَاهَا حَتَّى لَا تَعْلَمَ شِمَالُهُ مَا تُنْفِقُ يَمِينُهُ وَرَجُلٌ ذَكَرَ اللَّهَ خَالِيًا فَفَاضَتْ عَيْنَاهُ

504- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Алла тағала өзінің көлеңкесінен басқа көлеңке болмайтын күні (яғни, қиямет күні) жеті кісіні - әділ имамды, Алла тағалаға құлшылық қылып ер жеткен жігітті, мешіттерден көңілін үзбейтін кісіні, Алла тағала үшін деп біреумен достасқан және Алла тағала үшін деп одан алыстаған кісіні, сұлу бір әйел жақындық қылуға шақырғанда: «Мен Алла тағаладан қорқамын»,- деп бетін қайтарған кісіні, оң қолымен берген садақасын сол қолы сезбейтіндей қылып қайыр-садақа берген кісіні, хилуатта отырып Алла тағаланың зікірінде көз жасын көл қылып төккен кісіні өзінің көлеңкесіне алады»,- деді.

505- حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ الْجَعْدِ أَخْبَرَنَا شُعْبَةُ قَالَ أَخْبَرَنِي مَعْبُدُ بْنُ خَالِدٍ قَالَ سَمِعْتُ حَارِثَةَ بْنَ وَهْبِ الْخُزَاعِيِّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ يَقُولُ سَمِعْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَقُولُ تَصَدَّقُوا فَسَيَأْتِي عَلَيْكُمْ زَمَانٌ يَمْشِي الرَّجُلُ بِصَدَقَتِهِ فَيَقُولُ الرَّجُلُ لَوْ جِئْتُ بِهَا بِالْأَمْسِ لَقَبِلْتُهَا مِنْكَ فَأَمَّا الْيَوْمَ فَلَا حَاجَةَ لِي فِيهَا

505- Хариса ибн Уаһб әл-Хузағий: «Мен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) былай дегенін естігенмін»,- деді: «Садақаларынды беріп қалындар, өйткені сондай бір дәуірлер келеді, адамдар садақаларын кімге берерін білмей әуре сарсаңға түседі. Кімге садақа берілсе, ол: «Кеше алып келгеніңізде алатын едім, ал бүгін садақа алуға мұқтаждығым жоқ»,- деп айтады»,- деді.

115-бап. Қызметшісі арқылы садақа берген кісі туралы

قَالَ أَبُو مُوسَى عَنْ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ هُوَ أَحَدُ الْمُتَصَدِّقِينَ

Әбу Мұса: «Пайғамбарымызда (с.ғ.с.) садақа берушілерден», - деді.

506- حَدَّثَنَا عُثْمَانُ بْنُ أَبِي شَيْبَةَ حَدَّثَنَا جَرِيرٌ عَنْ مَاصُورٍ عَنْ شَقِيقٍ عَنْ مَسْرُوقٍ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا أَنْفَقَتِ الْمَرْأَةُ مِنْ طَعَامِ بَيْتِهَا غَيْرَ مُفْسِدَةٍ كَانَ لَهَا أَجْرُهَا بِمَا أَنْفَقَتْ وَلِزَوْجِهَا أَجْرُهُ بِمَا كَسَبَ وَالْخَازِنُ مِثْلُ ذَلِكَ لَا يَنْقُصُ بَعْضُهُمْ أَجْرَ بَعْضٍ شَيْئًا

506- Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Егерде әйел адам өз үйіндегі жейтін тамақтарынан садақа берсе, сол берген нәрсесіне лайық оған сауабы болады. Істеп тауып келген күйеуіне де қазынашысына да оның сауабы тиеді. Олардың бәрі теңдей сауап алады. Бірінікі бірінен кем болмайды», - деді.

116-бап. Өзі мұқтаж бола тұрып берген садақасы садақа емес

بَابُ لَا صَدَقَةَ إِلَّا عَنِ ظَهْرٍ غَنَى وَمَنْ تَصَدَّقَ وَهُوَ مُحْتَاجٌ أَوْ أَهْلُهُ مُحْتَاجٌ أَوْ عَلَيْهِ دَيْنٌ فَالَّذِينَ أَحَقُّ أَنْ يُقْضَى مِنْ الصَّدَقَةِ وَالْعِثْقِ وَالْهَبَةِ وَهُوَ رَدٌّ عَلَيْهِ لَيْسَ لَهُ أَنْ يُثْلِفَ أَمْوَالَ النَّاسِ وَقَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَنْ أَخَذَ أَمْوَالَ النَّاسِ يُرِيدُ إِثْلَافَهَا أَثْلَفَهُ اللَّهُ إِلَّا أَنْ يَكُونَ مَعْرُوفًا بِالصَّبْرِ فَيُؤْتِرَ عَلَى نَفْسِهِ وَلَوْ كَانَ بِهِ خِصَاصَةٌ كَفَعَلَ أَبِي بَكْرٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ حِينَ تَصَدَّقَ بِمَالِهِ وَكَذَلِكَ آثَرَ الْأَنْصَارُ الْمُهَاجِرِينَ وَنَهَى النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَنْ إِضَاعَةِ الْمَالِ فَلَيْسَ لَهُ أَنْ يُضَيِّعَ أَمْوَالَ النَّاسِ بَعْلَةَ الصَّدَقَةِ وَقَالَ كَعْبُ بْنُ مَالِكٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قُلْتُ يَا رَسُولَ اللَّهِ إِنَّ مِنْ تَوْبَتِي أَنْ أَنْخَلِعَ مِنْ مَالِي صَدَقَةً إِلَى اللَّهِ وَإِلَى رَسُولِهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ أَمْسِكْ عَلَيْكَ بَعْضَ مَالِكَ فَهُوَ خَيْرٌ لَكَ قُلْتُ فَإِنِّي أَمْسِكُ سَهْمِي الَّذِي بِخَيْبَرَ

Өзі немесе отбасы мұқтаж болған әлде біреуге қарыз болған кісі садақа бергеннен гөрі және құл азат еткеннен гөрі адымен қарызын өтеуі керек.

Өйткені оның берген қайыр-садақасы бәрібір қабыл болмайды. Біреудің малын сарп қылуға оның хақысы жоқ!

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бұл турасында былай деген: «Кімде-кім біреудің малын шашпақ (ысрап қылу) ниетімен алса, Алла тағала ол пендені пәлеге душар етеді. Бірақта сабыр-тағаттылығымен танылған және мұқтаж кісі, біреуде қарызы болса да, садақа қылуы мүмкін». Өйткені, Әбу Бәкірде (р.а.) солай істеген болатын. Медине ансарлары да мұхажирлерді сондай жағдаймен күтіп алған болатын. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өз байлығын бекерге шашып ысрап қылудан тыйған. Демек, адам біреудің малы болса да шашуға хақысы жоқ. Кағб (р.а.): «Я Расулулла, тәубе қылуыма байланысты барша байлығымды Алла тағаламен оның елшісінің жолында жұмсамақшымын»,- дегенде, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Малынның бір бөлігін өзіне қалдырғаның дұрыс»,- деді. Сонда Кағб (р.а.): «Хайбардағы мүлкімді өзіме қалдырамын»,- деп айтыпты.

507- حَدَّثَنَا عَبْدَانُ أَخْبَرَنَا عَبْدُ اللَّهِ عَنْ يُونُسَ عَنِ الزُّهْرِيِّ قَالَ أَخْبَرَنِي سَعِيدُ بْنُ الْمُسَيَّبِ أَنَّهُ سَمِعَ أَبَا هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ خَيْرُ الصَّدَقَةِ مَا كَانَ عَنْ ظَهْرٍ غَنَىٰ وَابْدَأَ بِمَنْ تَعُولُ

507- Сағид ибн Мусайиаб Әбу Хурайрадан (р.а.) естіген екен: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Көтерілген қол, түсірілген қолдан жақсырақ (көтерілген қол – жұмыс істеуші қол, ал түсірулі қол – тілемші қол)! Өзінен артылып барып берілген садақа - ең жақсы (сауапты) садақа. Кімде-кім тәубе қылса, Алла тағала оны кешірет, кімде-кім байлық тілесе, Алла тағала оған байлықты нәсіп етер!»,- деген екен.

509- حَدَّثَنَا أَبُو الثُّعْمَانِ قَالَ حَدَّثَنَا حَمَّادُ بْنُ زَيْدٍ عَنْ أَيُّوبَ عَنْ نَافِعٍ عَنْ ابْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ سَمِعْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ ح وَ حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مَسْلَمَةَ عَنْ مَالِكٍ عَنْ نَافِعٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ وَهُوَ عَلَى الْمِنْبَرِ وَذَكَرَ الصَّدَقَةَ وَالتَّعَفُّفَ وَالْمَسْأَلَةَ الْيَدِ الْعُلْيَا خَيْرٌ مِنَ الْيَدِ السُّفْلَى قَالِيْدُ الْعُلْيَا هِيَ الْمُنْفِقَةُ وَالسُّفْلَى هِيَ السَّائِلَةُ

509- Ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мінберде тұрып, садақа мен тазалық турасында ескертіп өтті, содан соң: «Көтерілген қол түсірілген қолдан артығырақ яғни, көтерілген қол – жұмыс істеуші қол, ал түсірулі қол болса – тілемші қол!»,- деді.

117-бап. Берген садақасын міндет қылушылар туралы

لِقَوْلِهِ الَّذِينَ يُنْفِقُونَ أَمْوَالَهُمْ فِي سَبِيلِ اللَّهِ ثُمَّ لَا يُتْبِعُونَ مَا أَنْفَقُوا مَنًّا وَلَا أَدَى الْآيَةِ

Бұл турасында Алла тағала: «Сондай хайыр істегендер, бергендеріне міндетсу, ренжіту араластырмаса ...⁷²», - деген аятты нәзіл етті.

118-бап. Өз уақытынан кешіктірмей садақа беруге асыққан кісі туралы

510- حَدَّثَنَا أَبُو عَاصِمٍ عَنْ عُمَرَ بْنِ سَعِيدٍ عَنْ ابْنِ أَبِي مُلَيْكَةَ أَنَّ عُقْبَةَ بْنَ الْحَارِثِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ حَدَّثَهُ قَالَ صَلَّى بِنَا النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ الْعَصْرَ فَأَسْرَعَ ثُمَّ دَخَلَ الْبَيْتَ فَلَمْ يَلْبَثْ أَنْ خَرَجَ فَقُلْتُ أَوْ قِيلَ لَهُ فَقَالَ كُنْتُ خَلَفْتُ فِي الْبَيْتِ تَبْرًا مِنَ الصَّدَقَةِ فَكْرَهْتُ أَنْ أَبَيِّتَهُ فَفَسَمُّهُ

510- Ғұқба ибн әл-Харис (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бізге имамдық қылып аср намазын оқыды. Кейін, асығыс үйіне кіріп кетіп, біраз өтпестен қайтып шықты. Мен әлде қасымыздағы тағы біреу бұның мәнісін сұрадық. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Садақа қыламын, деп үйде біраз ділдә алып қойған едім. Түнімен оның үйде тұрғанын қаламадым да соңы адамдарға үлестіріп беріп келдім», - деді.

119-бап. Садақа беруге үндеу және жәрдем қылып садақа қылу туралы

511- حَدَّثَنَا مُسْلِمٌ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ حَدَّثَنَا عَدِيُّ عَنْ سَعِيدِ بْنِ جُبَيْرٍ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ خَرَجَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَوْمَ عِيدِ فَصَلَّى رَكَعَتَيْنِ لَمْ يُصَلِّ قَبْلُ وَلَا بَعْدُ ثُمَّ مَالَ عَلَى النَّسَاءِ وَمَعَهُ بِلَالٌ فَوَعظَهُنَّ وَأَمَرَهُنَّ أَنْ يَتَصَدَّقْنَ فَجَعَلَتْ الْمَرْأَةُ تُلْقِي الْقُلْبَ وَالْخُرْصَ

511- Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Айт күні Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мешітке шығып, екі рәкат намаз оқыды. Бұрын да кейін де бұндай намаз оқымаған болатын. Содан соң, әйелдерге бұрылып, уағыз айтты (қасында Біләл да тұрған еді), оларды садақа беруге уағыздады. Сонда әйелдер білезіктерін және тағынған асыл заттарын (Біләлдің етегіне) тастай бастады», - деді.

⁷² 2. «әл-Бақара», 262.

512- حَدَّثَنَا مُوسَى بْنُ إِسْمَاعِيلَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْوَاحِدِ حَدَّثَنَا أَبُو بُرْدَةَ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ أَبِي بُرْدَةَ حَدَّثَنَا أَبُو بُرْدَةَ بْنُ أَبِي مُوسَى عَنْ أَبِيهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا جَاءَهُ السَّائِلُ أَوْ طَلَبَتْ إِلَيْهِ حَاجَةٌ قَالَ اشْفَعُوا تُؤْجَرُوا وَيَقْضِي اللَّهُ عَلَى لِسَانِ نَبِيِّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَا شَاءَ

512- Әбу Бурда ибн Әбу Мұса атасы Әбу Мұсадан (р.а.) естіген екен: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдына бірер кісі садақа немесе басқа нәрсе сұрап келсе, «Жәрдем қылыңдар, сауап табасыңдар!»,- деп айтатын еді. Алла тағала өзінің Пайғамбарының тілінен өзінің қалағанынша айттырып, садақа қылдыратын еді»,- деді.

513- حَدَّثَنَا صَدَقَةُ بْنُ الْفَضْلِ أَخْبَرَنَا عَبْدُهُ عَنْ هِشَامٍ عَنْ فَاطِمَةَ عَنْ أَسْمَاءَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ قَالَ لِي النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَا تُوكِي فَيُوكِي عَلَيْكَ حَدَّثَنَا عُثْمَانُ بْنُ أَبِي شَيْبَةَ عَنْ عَبْدِةَ وَقَالَ لَا تُحْصِي فَيُحْصِي اللَّهُ عَلَيْكَ

513- Асма (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) маған: «Сауапшылық жолын бекітпе, Алла тағала сен үшінде сауап жолын бекітпейді»,- деп айтты»,- деді.

Усман ибн Әбу Шайба: «Кімге не бергеніңді санама, әйтпесе Алла тағала да саған рыздығыңды санап береді»,- деді.

120-бап. Шамасы жеткенше садақа қылу туралы

515- حَدَّثَنَا أَبُو عَاصِمٍ عَنْ ابْنِ جُرَيْجٍ ح وَ حَدَّثَنِي مُحَمَّدُ بْنُ عَبْدِ الرَّحِيمِ عَنْ حَجَّاجِ بْنِ مُحَمَّدٍ عَنْ ابْنِ جُرَيْجٍ قَالَ أَخْبَرَنِي ابْنُ أَبِي مُلَيْكَةَ عَنْ عَبَّادِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ الزُّبَيْرِ أَخْبَرَهُ عَنْ أَسْمَاءَ بِنْتِ أَبِي بَكْرٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّهَا جَاءَتْ إِلَى النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ لَا تُوعِي فَيُوعِي اللَّهُ عَلَيْكَ ارْضَخِي مَا اسْتَطَعْتَ

515- Аббад ибн Абдулла ибн Зүбайр (р.а.) риуаят етті: «Асма бинти Әбу Бәкір (р.а.) Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдына барғанында, ол кісі: «Сараңдық қылма, Алла тағала рыздығыңды кеседі, шамаң келгенше садақа беріп тұр!»,- деді.

121-бап. Садақа күнәларды кетіреді

516- حَدَّثَنَا قُتَيْبَةُ حَدَّثَنَا جَرِيرٌ عَنْ الْأَعْمَشِ عَنْ أَبِي وَائِلٍ عَنْ حُدَيْفَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ قَالَ عُمَرُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَيُّكُمْ يَحْفَظُ حَدِيثَ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَنِ الْفِتْنَةِ قَالَ قُلْتُ أَنَا أَحْفَظُهُ كَمَا قَالَ قَالَ إِنَّكَ عَلَيْهِ لَجَرِيءٌ فَكَيْفَ قَالَ قُلْتُ فِتْنَةُ الرَّجُلِ فِي أَهْلِهِ وَوَلَدِهِ وَجَارِهِ تُكْفَرُهَا الصَّلَاةُ وَالصَّدَقَةُ وَالْمَعْرُوفُ قَالَ سُلَيْمَانُ قَدْ كَانَ يَقُولُ الصَّلَاةُ وَالصَّدَقَةُ وَالْأَمْرُ بِالْمَعْرُوفِ وَالنَّهْيُ عَنِ الْمُنْكَرِ قَالَ لَيْسَ هَذِهِ أُرِيدُ وَلَكِنِّي أُرِيدُ الَّتِي تَمُوجُ كَمَوْجِ الْبَحْرِ قَالَ قُلْتُ لَيْسَ عَلَيْكَ بِهَا يَا أَمِيرَ الْمُؤْمِنِينَ بَأْسٌ بَيْنَكَ وَبَيْنَهَا بَابٌ مُعْلَقٌ قَالَ فَيُكْسَرُ الْبَابُ أَوْ يُفْتَحُ قَالَ قُلْتُ لَا بَلْ يُكْسَرُ قَالَ فَإِنَّهُ إِذَا كُسِرَ لَمْ يُعْلَقْ أَبَدًا قَالَ قُلْتُ أَجَلٌ قَهْبِنَا أَنْ نَسْأَلَهُ مَنْ الْبَابُ فُقُلْنَا لِمَسْرُوقٍ سَأَلَهُ قَالَ فَسَأَلَهُ فَقَالَ عُمَرُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ قُلْنَا فَعَلِمَ عُمَرُ مَنْ نَعْنِي قَالَ نَعَمْ كَمَا أَنَّ دُونََ غَدِ لَيْلَةٍ وَذَلِكَ أَنِّي حَدَّثْتُهُ حَدِيثًا لَيْسَ بِالْأَغَالِيطِ

516- Хузайфа (р.а.) риуаят етті: «Омар (р.а.): «Қайсы бірін Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) бүлік (фитна) туралы айтқан хадистерінің бірерін білесіңдер?»,- деп сұрады. Сонда мен: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қалай айтқан болса солай қылып есіме сақтап қалғанмын»,- дедім. Хазреті Омар: «Сен ол кісімен ешқандай алаңсыз сөйлесетінсің, қане айтшы, не деген еді?»,- деді. Сонда мен: «Барлық бүлік (фитна) әркімнің өзінің әйелінен, балаларынан және көршісінен шығады. Оны садақа беру, намаз оқу және әмір мағруф (жақсылық) қылулары арқылы қайтарады»,- деп айтқан»,- дедім.

Хадисші Сүлеймен (р.а.): Хузайфа хадис айтқанда «Фитна – намаз оқу, садақа беру және әмір мағруф (яғни, Ислам шариғатында белгілі болған жақсы амалдарды орындауды бұйыру) арқылы қайтарады» деп те айтатын»,- деді

Сонда Хазреті Омар (р.а.): «Мен бұл туралы емес, теңіз толқындары сияқты пайда болатын бүліктер туралы сұрап едім»,- деді. Мен: «Ей Әмир әл-Мұьминин, ондай бүліктен сіз алаңдамай-ақ қойсаңыз болады, сіз бен оның арасындағы есік жабық»,- дедім. Хазреті Омар (р.а.): «Сол есік сындырылады ма әлде өзі ашылады ма?»,- деп сұрады. Мен: «Мүмкін сындырылады»,- дедім. Хазреті Омар (р.а.): «Егер де сындырылса, ол ешқашанда жабылмайды»,- деді. Мен: «Иә»,- дедім.

Әбу Уайл (р.а.) былай деді: «Біз Хузайфадан осы есік жайлы сұрауға батпай, Масрукқа: «Сіз сұраңыз!»,- дедік. Масрук сұраған еді, Хузайфа:

«Ол есік Омардың (р.а.) өзі»,- деп жауап берді. Сонда біз Хузайфаға: «Хазреті Омар (р.а.) кім туралы айтылып тұрғанды білді ме?»,- дедік. Сонда Хузайфа: «Иә, ертен таң атардан бұрын түн болатынын білетініндей жақсы біледі. Мен ол кісіге бір хадис айтып бергенмін, сол бойынша менің кім туралы айтып тұрғанымды білуінде еш күмән жоқ , - деді.

122-бап. Мүшірік кезінде садақа беріп кейін мұсылман болған кісі туралы

517- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مُحَمَّدٍ حَدَّثَنَا هِشَامٌ حَدَّثَنَا مَعْمَرٌ عَنْ الزُّهْرِيِّ عَنْ عُرْوَةَ عَنْ حَكِيمِ بْنِ حِزَامٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ قُلْتُ يَا رَسُولَ اللَّهِ أَرَأَيْتَ أَشْيَاءَ كُنْتُ أَتَحَنَّنْتُ بِهَا فِي الْجَاهِلِيَّةِ مِنْ صَدَقَةٍ أَوْ عِتَاقَةٍ وَصِلَةٍ رَحِمَ فِيهَا مِنْ أَجْرِ فَقَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَسَلِمْتَ عَلَى مَا سَلَفَ مِنْ خَيْرٍ

517- Хаким ибн Хизам (р.а.) риуаят етті: «Бір күні Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.): «Я Расулулла, мен жаһили кезде (исламнан бұрынғы кезең) садақа беріп, құлдарды азат етіп, туған-туысқандарға қамқор болып жүретінмін, оның маған сауабы бар ма?»,- деп сұрадым. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Бұрыңырақта қылған жақсылықтарыңның үстіне тағы мұсылман болдың!»,- деді.

123-бап. Халал қожайынның бұйрығына бойұсынып садақа берген қызметшіге тиетін сауап туралы

520- حَدَّثَنَا آدَمُ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ حَدَّثَنَا مَنْصُورٌ وَالْأَعْمَشُ عَنْ أَبِي وَائِلٍ عَنْ مَسْرُوقٍ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا عَنْ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ تَعْنِي إِذَا تَصَدَّقْتُ الْمَرْأَةُ مِنْ بَيْتِ زَوْجِهَا حَدَّثَنَا عُمَرُ بْنُ حَفْصٍ حَدَّثَنَا أَبِي حَدَّثَنَا الْأَعْمَشُ عَنْ شَقِيقٍ عَنْ مَسْرُوقٍ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا أَطْعَمَتِ الْمَرْأَةُ مِنْ بَيْتِ زَوْجِهَا غَيْرَ مُفْسِدَةٍ كَانَ لَهَا أَجْرُهَا وَلَهُ مِثْلُهُ وَلِلْخَازِنِ مِثْلُ ذَلِكَ لَهُ بِمَا اكْتَسَبَ وَلَهَا بِمَا أَنْفَقَتْ

520- Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Егерде әйел жақсы ниетпен күйеуі тауып келген тамақтардан садақа берсе, өзіңе де, істеп тауып келген күйеуіңе де сауап болады. Сондай-ақ қазынашысы да сауапсыз қалмайды»,- деп айтқан»,- деді.

Әбу Мұса (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Бұйырылған нәрсені толық орындайтын («беретін»,- деп айтуы да мүмкін) иманды мұсылман қазынашы «Садақа беріп жібер!»,- делінгенде шын ниетімен садақа беріп жібереді. Сол бойынша о да садақа бергендердің бірі болып есептеледі!»,- деді.

124-бап. Қайыр сұраушыға күйеуінің үйінен жақсы ниетте садақа алып шығып берген немесе оның қарнын тойдырған әйелге тиетін сауап турасында

Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай деді: «Егер әйел жақсы ниетпен күйеуінің үйінен садақа алып шығып берсе ... » (жоғарыдағы хадис қайталанған).

Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Егерде әйел жақсы ниетпен күйеуінің үйіндегі тамақтардан алып шығып қайыр сұраушының қарнын тойдырса, өзіне де, күйеуіне де, сондай-ақ қазынашысына да сауап болады. Күйеуіне жұмыс істеп тауып келгені үшін, оған (әйелге) садақа бергені үшін сауап тиеді»,- деді.

Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Егерде әйел жақсы ниетпен күйеуінің үйіндегі тамақтардан алып шығып қайыр сұраушыға садақа берсе, өзіне де, күйеуіне де, сондай-ақ қазынашысына да сауап болады. Күйеуіне жұмыс істеп тауып келгені үшін, оған (әйелге) садақа бергені үшін сауап тиеді»,- деді.

125-бап.

قَوْلَ اللَّهِ تَعَالَى فَأَمَّا مَنْ أَعْطَى وَاتَّقَى وَصَدَّقَ بِالْحُسْنَى فَسَنُيَسِّرُهُ لِلْيُسْرَى وَأَمَّا مَنْ بَخِلَ وَاسْتَغْنَى وَكَذَّبَ بِالْحُسْنَى فَسَنُيَسِّرُهُ لِلْعُسْرَى اللَّهُمَّ أَعْطِ مُنْفِقَ مَالٍ خَلْقًا

Алла тағала: «Ал енді әлде кім (Алла жолында) берсе, тақуалық қылса, жақсылықты дұрыс деп білсе, сонда оның жолын оңайластырамыз. Ал енді кім сарандық істесе, елемесе, жақсылықты жасынға (өтірікке) шығарса, сонда оны ауырлыққа ұшырауын оңайластырамыз⁷³»,- деді. Ей Жаратушы! Хайыр-садақа беруші пендеңнің байлығын одан сайын арттырғайсын!

522- حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ قَالَ حَدَّثَنِي أَخِي عَنْ سُلَيْمَانَ عَنْ مُعَاوِيَةَ بْنِ أَبِي مُزَرِّدٍ عَنْ أَبِي الْحَبَابِ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

⁷³ 92. «әл-Ләйіл», 5-10 аяттар.

قَالَ مَا مِنْ يَوْمٍ يُصْبِحُ الْعِبَادُ فِيهِ إِلَّا مَلَكَانِ يَنْزِلَانِ فَيَقُولُ أَحَدُهُمَا لِلَّهِمَّ أَعْطِ مُنْفِقًا خَلْفًا وَيَقُولُ الْآخَرُ اللَّهُمَّ أَعْطِ مُمْسِكًا تَلْفًا

522- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Әр адам таң ертен ояңғанында екі періште аспаннан түсіп, олардың бірі: «Ей Жаратушым! Хайыр-садақа беруші пендеңнің байлығын одан сайын арттырғайсың! Ал екіншісі болса: «Ей Жаратушым! Сараң адамның мал-дүниесіне шығын келтіргейсің!», - деп айтады», - деді.

126-бап. Садақа беруші мен сараң турасындағы мысалдар

523- حَدَّثَنَا مُوسَى حَدَّثَنَا وَهَيْبٌ حَدَّثَنَا ابْنُ طَاوُسٍ عَنْ أَبِيهِ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَثَلُ الْبَخِيلِ وَالْمُتَصَدِّقِ كَمَثَلِ رَجُلَيْنِ عَلَيْهِمَا جُبَّتَانِ مِنْ حَدِيدٍ وَحَدَّثَنَا أَبُو الْيَمَانِ أَخْبَرَنَا شُعَيْبٌ حَدَّثَنَا أَبُو الزِّنَادِ أَنَّ عَبْدَ الرَّحْمَنِ حَدَّثَهُ أَنَّهُ سَمِعَ أَبَا هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّهُ سَمِعَ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَقُولُ مَثَلُ الْبَخِيلِ وَالْمُنْفِقِ كَمَثَلِ رَجُلَيْنِ عَلَيْهِمَا جُبَّتَانِ مِنْ حَدِيدٍ مِنْ ثُدْيَيْهِمَا إِلَى تَرَاقِيهِمَا فَأَمَّا الْمُنْفِقُ فَلَا يُنْفِقُ إِلَّا سَبَعَتْ أَوْ وَفَرَتْ عَلَى جِلْدِهِ حَتَّى تُخْفِيَ بَنَانَهُ وَتَعْفُوَ أَثَرَهُ وَأَمَّا الْبَخِيلُ فَلَا يُرِيدُ أَنْ يُنْفِقَ شَيْئًا إِلَّا لَزَقَتْ كُلُّ حَلْقَةٍ مَكَانَهَا فَهُوَ يُوسِّعُهَا وَلَا تَنْسَعُ تَابِعَهُ الْحَسَنُ بْنُ مُسْلِمٍ عَنْ طَاوُسٍ فِي الْجُبَّتَيْنِ وَقَالَ حَنْظَلَةُ عَنْ طَاوُسٍ جُبَّتَانِ وَقَالَ اللَّيْثُ حَدَّثَنِي جَعْفَرٌ عَنْ ابْنِ هُرْمُزٍ سَمِعْتُ أَبَا هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ جُبَّتَانِ

523- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай деді: «Сараң мен садақа беруші адам мойнынан көкірегіне дейін темірден сауыт киіп алған екі кісіге ұқсайды. Ізгі, жомарт адам садақа беруімен-ақ сауыты кеңейіп, тіптен қолындағы темірдің іздері кетіп қалады. Ал сараң адам садақа бермекші болғанынан-ақ сауытының әрбір шығыршығы оның денесін қыса бастайды, сараң қаншама шіреніп күшенсе де, сауыт еш кеңімейді», - деді. (жомарт адам садақаны еш қиналмай, шын жүрегімен береді, ал сараң адам өзін-өзі зорлап, әрең деген де азаппен береді)

127-бап. Кәсіптен және саудадан түсетін пайдадан берілетін садақа туралы

لِقَوْلِهِ تَعَالَى يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا أَنْفِقُوا مِنْ طَيِّبَاتِ مَا كَسَبْتُمْ وَمِمَّا أَخْرَجْنَا لَكُمْ مِنَ الْأَرْضِ إِلَى قَوْلِهِ أَنْ اللَّهُ غَنِيٌّ حَمِيدٌ

Алла тағала: «Әй мүміндер! Табыстарыңның және сендер үшін жерден шығарған нәрселеріміздің жақсыларынан, тиісті орынға жұмсаңдар ...⁷⁴», - деді. (аятты «ғаниййун хамидун» деген жерге дейін оқыңыз).

128-бап. Әрбір мұсылманның садақа беруі қажет, егер садақа беруге ешнәрсесі болмаса, онда жақсылық қылсын!

524- حَدَّثَنَا مُسْلِمُ بْنُ أَبِرَاهِيمَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ حَدَّثَنَا سَعِيدُ بْنُ أَبِي بُرْدَةَ عَنْ أَبِيهِ عَنْ جَدِّهِ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ عَلَى كُلِّ مُسْلِمٍ صَدَقَةٌ فَقَالُوا يَا نَبِيَّ اللَّهُ فَمَنْ لَمْ يَجِدْ قَالَ يَعْمَلْ بِيَدِهِ فَيَنْفَعُ نَفْسَهُ وَيَتَصَدَّقُ قَالُوا فَإِنْ لَمْ يَجِدْ قَالَ يُعِينُ ذَا الْحَاجَةِ الْمَلْهُوفَ قَالُوا فَإِنْ لَمْ يَجِدْ قَالَ فليعمل بالمعروفِ وليُمنك عن الشرِّ فَإِنَّهَا لَهُ صَدَقَةٌ

524- Сағид ибн Әбу Бурда атасынан, ал атасы болса өзінің атасынан мына хадисті естіген екен: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Әрбір мұсылманның садақа беруі қажет», - деді. Сонда сахабалар: «Я Расулулла, егер де еш нәрсесі болмаса-шы?»,- десті. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Еңбектеніп жұмыс істее, өзі де пайдаланады және біреуге де садақа береді», - деді. Сахабалар: «Егер де бұған шамасы жетпесе-ші?»,- деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Онда әлсіз мұқтаждарға жәрдем берсін», - деді. Сахабалар: «Бұл да қолынан келмесе-ше?»,- десті. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Жақсылық қылудың жолына өтіп, жамандық қылудан тиылсын, міне осының өзі оның садақа бергені!»,- деді.

⁷⁴ 2. «әл-Бақара», 267 аят.

129-бап. Қанша мөлшерде зекет пен садақа беру мүмкіндігі турасында және бір қойды садақа қылған адам туралы

525- حَدَّثَنَا أَحْمَدُ بْنُ يُونُسَ حَدَّثَنَا أَبُو شِهَابٍ عَنْ خَالِدِ الْحَدَّاءِ عَنْ حَفْصَةَ بِنْتِ سِيرِينَ عَنْ أُمِّ عَطِيَّةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ بُعِثَ إِلَى نُسَيْبَةَ الْأَنْصَارِيَّةِ بِشَاةٍ فَأُرْسِلَتْ إِلَى عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا مِنْهَا فَقَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عِنْدَكُمْ شَيْءٌ فَقُلْتُ لَا إِلَّا مَا أُرْسِلَتْ بِهِ نُسَيْبَةُ مِنْ تِلْكَ الشَّاةِ فَقَالَ هَاتِ فَفَدَّ بَلَعْتُ مَحَلَّهَا

525- Үмму Атияа (р.а.) риуаят етті: «Нусайба деген бір ансарий әйелге қой беріп жібердім. Ол болса, сол қойдың етінен Айшаға (р.а.) беріп жіберді», - деді.

Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Жейтін бір нәрсе бар ма?»,- деп сұрады. Мен: «Нусайба беріп жіберген қойдың етінен басқа ештеңе жоқ», - дедім. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Онда соны әкел, садақа өз орның тауыпты!»,- деді.

130-бап. Күміс теңгені садақа қылу туралы

526- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ عَمْرِو بْنِ يَحْيَى الْمَازِنِيِّ عَنْ أَبِيهِ قَالَ سَمِعْتُ أَبَا سَعِيدٍ الْخُدْرِيَّ قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَيْسَ فِيمَا دُونَ خَمْسِ دَوْدٍ صَدَقَةٌ مِنَ الْبَابِ وَلَيْسَ فِيمَا دُونَ خَمْسِ أَوْاقٍ صَدَقَةٌ وَلَيْسَ فِيمَا دُونَ خَمْسَةِ أَوْسُقٍ صَدَقَةٌ حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ الْمُثَنَّى حَدَّثَنَا عَبْدُ الْوَهَّابِ قَالَ حَدَّثَنِي يَحْيَى بْنُ سَعِيدٍ قَالَ أَخْبَرَنِي عَمْرُو بْنُ سَمْعٍ أَبَاهُ عَنْ أَبِي سَعِيدٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ سَمِعْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَهْدَا

526- Әбу Саьид Худрий (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Түйе бестен аз болса, оған садақа берудің қажеті жоқ, бес уққийадан (60 дирхемнен) кем күміс ақшадан садақа берілмейді. Бес васакдан (1600 ратлдан) аз нәрсе (жеміс-жидек) үшін де садақа берілмейді», - деген.

131-бап. Зекетке берілетін тауар туралы

قَالَ طَاوُسٌ قَالَ مُعَاذُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ لِأَهْلِ الْيَمَنِ اثْنُونِي بَعْرُضِ ثِيَابٍ خَمِيصٍ أَوْ لَيْسَ فِي الصَّدَقَةِ مَكَانَ الشَّعِيرِ وَالذَّرَّةَ أَهْوَنُ عَلَيْكُمْ وَخَيْرٌ لِأَصْحَابِ النَّبِيِّ صَلَّى

اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِالْمَدِينَةِ وَقَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَأَمَّا خَالِدٌ فَقَدْ احْتَبَسَ
 أُذْرَاعَهُ وَأَعْتَدَهُ فِي سَبِيلِ اللَّهِ وَقَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ تَصَدَّقْنَ وَلَوْ مِنْ
 حُلِيِّنَّ فَلَمْ يَسْتَنْتَنِ صَدَقَةَ الْفَرُضِ مِنْ غَيْرِهَا فَجَعَلَتْ الْمَرْأَةُ تُلْقِي خُرْصَهَا
 وَسِخَابَهَا وَلَمْ يَخْصَّ الدَّهَبَ وَالْفِضَّةَ مِنَ الْعُرُوضِ

Тауыс (р.а.) риуаят етті: «Муғаз (р.а.) Йемен халқына былай деді: «Арпа бидайдың орнына ескі-құсқы киімдерді садақа қылыңдар, сендерге осы оңайырақ. Ал Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) Мединедегі сахабаларына болса, жақсырақ!»,- деді.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Бірақ, Халид Алла жолында соғыс құралдары мен жасақтарын сайлап тұрыпты»,- деп айтты. (зекет беруден бас тартушы қауымдарға қарата айтылып тұр).

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Тағынып жүрген нәрселеріңнен болса да садақа беріңдер!»,- деді. Бірақ парыз садақаны басқа түрлі садақадан (бөліп) айырмады. Бір әйел келіп, сырға мен моншақтарын садақа қылды. Сонда: «Алтын немесе күміс болсын!»,- деп айтыспады.

528- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ حَدَّثَنِي أَبِي قَالَ حَدَّثَنِي ثُمَامَةُ أَنَّ أَنَسًا رَضِيَ
 اللَّهُ عَنْهُ حَدَّثَهُ أَنَّ أَبَا بَكْرٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ كَتَبَ لَهُ الَّتِي أَمَرَ اللَّهُ رَسُولَهُ صَلَّى اللَّهُ
 عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَمَنْ بَلَغَتْ صَدَقَتُهُ بِنْتٌ مَخَاضٍ وَلَيْسَتْ عِنْدَهُ وَعِنْدَهُ بِنْتُ لُبُونٍ فَإِنَّهَا
 تُقْبَلُ مِنْهُ وَيُعْطِيهِ الْمُصَدَّقُ عِشْرِينَ دِرْهَمًا أَوْ شَاتَيْنِ فَإِنْ لَمْ يَكُنْ عِنْدَهُ بِنْتُ
 مَخَاضٍ عَلَى وَجْهِهَا وَعِنْدَهُ ابْنُ لُبُونٍ فَإِنَّهُ يُقْبَلُ مِنْهُ وَلَيْسَ مَعَهُ شَيْءٌ

528- Әнас (р.а.) риуаят етті: «Әбу Бәкір (р.а.) Алла тағаламен оның елшісі (с.ғ.с.) бұйырған үкімдер туралы маған былай деп жазған еді: «Бір жасар ұрғашы түйені зекет қылмағы ләзім болған адамның бұндай түйесі болмай, екі жасар ұрғашы түйесі болса, зекетші осы екі жасар түйесін алып, оған 20 дирхам немесе екі қой қайтарып береді. Егер зекет берушінің бір жасар ұрғашы түйесі болмай, екі жасар еркек түйесі болса, сол түйесі зекетке қабылданып, оған ешқандай қайтым берілмейді. (өйткені ұрғашы түйе туып, көбейеді)».

529- حَدَّثَنَا مُؤَمَّلٌ حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ عَنْ أَيُّوبَ عَنْ عَطَاءِ بْنِ أَبِي رَبَاحٍ قَالَ قَالَ
 ابْنُ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَشْهَدُ عَلَى رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَصَلَّى

قَبْلَ الْخُطْبَةِ فَرَأَى أَنَّهُ لَمْ يُسْمِعِ النِّسَاءَ فَأَتَاهُنَّ وَمَعَهُ بِلَالٌ نَاشِرٌ تَوْبِهِ فَوَعَّظَهُنَّ
وَأَمْرَهُنَّ أَنْ يَتَّصِدَّقْنَ فَجَعَلَتْ الْمَرْأَةُ تُلْقِي وَأَشَارَ أَيُّوبُ إِلَى أُذُنِهِ وَإِلَى حَلْقِهِ

529- Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Мен Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) ортаға қойып айтамын, ол кісі айт намазын құтпадан бұран оқыды. Кейін әйелдерге дауысым жетпеді деп, ойлап, оларға жақынырақ барды. Жанында Біләл шапанының етегін түріп (Садақа тастаулары үшін) жүрді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) әйелдерге уағыз-насихат айтып, оларды садақа беруге шақырды. Айюб (р.а.): «Сахтияның құлақ пен мойнына ишара кылды (яғни, сырға мен моншақтарын садақа қылуларын бұйырды)».

132-бап. Екі кісіге тиесілі малды бір-біріне қосып қою және бір адамға тиесілі малды (екі кісінің малындай қылып) бөліп қоюға болмайды

530- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ الْأَنْصَارِيُّ قَالَ حَدَّثَنِي أَبِي قَالَ حَدَّثَنِي نُمَامَةُ أَنَّ
أَنْسَاءَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ حَدَّثَهُ أَنَّ أَبَا بَكْرٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ كَتَبَ لَهُ الَّتِي قَرَضَ رَسُولُ
اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَلَا يُجْمَعُ بَيْنَ مُتَفَرِّقٍ وَلَا يُفَرَّقُ بَيْنَ مُجْتَمِعٍ خَشِيَّةَ
الصَّدَقَةِ

530- Әбу Бәкір (р.а.) Әнасқа (р.а.) Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) парыз қылған садақалар жайында былай деп жазып жіберген екен: «Зекеттің алынатынынан қорқып, екі кісіге тиесілі малды бір-біріне қосып қою немесе бір кісіге тиесілі малды екіге бөліп қою жарамайды»,- деді.

133-бап. Егер де екі кісінің малы араласып кеткен болса, олар өзара келісіп, зекет беріседі

قَالَ طَاوُسٌ وَعَطَاءٌ إِذَا عَلِمَ الْخَلِيطَانِ أَمْوَالَهُمَا فَلَا يُجْمَعُ مَالُهُمَا وَقَالَ سُفْيَانُ لَأ
يَجِبُ حَتَّى يَتِمَّ لِهَذَا أَرْبَعُونَ شَاءَ وَلِهَذَا أَرْبَعُونَ شَاءَ

Тауыс пен Ғата (р.а.) былай деседі: «Егер де екі кісінің малы араласып кеткен болса, олар өз малдарын танып алалса, онда олардың малдарын екіге ажыратып отырылмайды». Суфян айтты: «Екі кісінің жайлымдағы малы араласып кеткен болса, олардың әрбірінің қойы қырықтан болмаса, онда зекет парыз емес»,- деді.

531- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ حَدَّثَنِي أَبِي قَالَ حَدَّثَنِي ثَمَامَةُ أَنَّ أَنَسًا حَدَّثَهُ أَنَّ أَبَا بَكْرٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ كَتَبَ لَهُ الْتِي فَرَضَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَمَا كَانَ مِنْ خَلِيطَيْنِ فَإِنَّهُمَا يَتَرَا جَعَانَ بَيْنَهُمَا بِالسَّوِيَّةِ

531- Әбу Бәкір (р.а.) Әнасақа (р.а.) Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) парыз қылған зекеттер жайында былай деп жазып жіберген екен: «Бір-біріне араласып, кеткен жайылымдағы малдың иелері өзара келісіп зекет береді», - деді.

134-бап. Түйенің зекеті

532- حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ حَدَّثَنَا الْوَلِيدُ بْنُ مُسْلِمٍ حَدَّثَنَا الْأَوْزَاعِيُّ قَالَ حَدَّثَنِي ابْنُ شِهَابٍ عَنْ عَطَاءِ بْنِ يَزِيدَ عَنْ أَبِي سَعِيدٍ الْخُدْرِيِّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ أَعْرَابِيًّا سَأَلَ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَنْ الْهَجْرَةِ فَقَالَ وَيْحَكَ إِنَّ شَأْنَهَا شَدِيدٌ فَهَلْ لَكَ مِنْ إِبِلٍ تُؤَدِّي صَدَقَتَهَا قَالَ نَعَمْ قَالَ فَاغْمَلْ مِنْ وَرَاءِ الْبَحَارِ فَإِنَّ اللَّهَ لَنْ يَتْرَكَ مِنْ عَمَلِكَ شَيْئًا

532- Әбу Саъид Худрий (р.а.) риуаят етті: «Бір бәдәуий араб Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) хижрат қылу турасында сұрады. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Сорың құрысын! Хижрат қылу қиын, сенің зекет беріп тұруың үшін түйелерің бар ма?»,- деді. (ол кісінің хижрат қылуға шамасының келмейтіндігіне байланысты біраз жеңілдік қылмақшы болған сияқты) Әлгі бәдәуий: «Иә», - деп жауап берді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Сен теңіздердің артында тұрып, жақсы амалдарды орындай берсең де болады. Алла тағала істеген амалдарыңның бірде-біреуін қалдырмай қабыл қылады», - деді.

135-бап. Зекетке бір жасар ұрғашы түйе беруі керек болған адамның бұндай түйесі болмаса-шы?

533- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ حَدَّثَنِي أَبِي قَالَ حَدَّثَنِي ثَمَامَةُ أَنَّ أَنَسًا رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ حَدَّثَهُ أَنَّ أَبَا بَكْرٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ كَتَبَ لَهُ فَرِيضَةَ الصَّدَقَةِ الَّتِي أَمَرَ اللَّهُ رَسُولَهُ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَنْ بَلَغَتْ عِنْدَهُ مِنَ الْإِبِلِ صَدَقَةَ الْجَدْعَةِ وَلَيْسَتْ عِنْدَهُ جَدْعَةٌ وَعِنْدَهُ حِقَّةٌ فَإِنَّهَا تُقْبَلُ مِنْهُ الْحِقَّةُ وَيَجْعَلُ مَعَهَا شَاتَيْنِ إِنْ اسْتَيْسَرَتْ لَهُ أَوْ عَشْرِينَ دِرْهَمًا وَمَنْ بَلَغَتْ عِنْدَهُ صَدَقَةَ الْحِقَّةِ وَلَيْسَتْ عِنْدَهُ الْحِقَّةُ وَعِنْدَهُ

الْجَدْعَةَ فَإِنَّهَا تُقْبَلُ مِنْهُ الْجَدْعَةُ وَيُعْطِيهِ الْمُصَدَّقُ عِشْرِينَ دِرْهَمًا أَوْ شَاتَيْنِ وَمَنْ
بَلَغَتْ عِنْدَهُ صَدَقَةُ الْحَقَّةِ وَلَيْسَتْ عِنْدَهُ إِلَّا بِنْتُ لُبُونٍ فَإِنَّهَا تُقْبَلُ مِنْهُ بِنْتُ لُبُونٍ
وَيُعْطِي شَاتَيْنِ أَوْ عِشْرِينَ دِرْهَمًا وَمَنْ بَلَغَتْ صَدَقَتُهُ بِنْتُ لُبُونٍ وَعِنْدَهُ حَقَّةٌ فَإِنَّهَا
تُقْبَلُ مِنْهُ الْحَقَّةُ وَيُعْطِيهِ الْمُصَدَّقُ عِشْرِينَ دِرْهَمًا أَوْ شَاتَيْنِ وَمَنْ بَلَغَتْ صَدَقَتُهُ
بِنْتُ لُبُونٍ وَلَيْسَتْ عِنْدَهُ وَعِنْدَهُ بِنْتُ مَخَاضٍ فَإِنَّهَا تُقْبَلُ مِنْهُ بِنْتُ مَخَاضٍ وَيُعْطِي
مَعَهَا عِشْرِينَ دِرْهَمًا أَوْ شَاتَيْنِ

533- Әбу Бәкір (р.а.) Әнасқа (р.а.) Алла тағала өзінің Пайғамбарына (с.ғ.с.) парыз қылған садақалар (зекеттер) жайында былай деп жазып жіберген екен: «Зекетке бес жасар түйе беруі ләзім болған адамның бұндай түйесі болмай, төрт жасар түйесі болса, сол түйесі зекетке қабылданып, үстіне тағы екі қой немесе 20 дирхам алынады. Ал зекетке төрт жасар түйе беруі ләзім болған адамның бұндай түйесі болмай, бес жасар түйесі болса, ондай жағдайда сол түйесі зекетке қабылданып, оған екі қой немесе 20 дирхам қайтарылып беріледі. Зекет беретін адамның төрт жасар түйені зекетке беруі керек болса, бірақ оның бұндай түйесі болмай екі жасар ұрғашы түйесі болса, онда сол түйе зекетке қабылданып, оның үстіне екі қой немесе 20 дирхам қосып алынады. Кімде-кімнің екі жасар ұрғашы бота зекетке беруі керек болса, орнына төрт жасар түйесін беріп, зекет жинаушыдан екі қой немесе 20 дирхам қайтарымын қайтып алады. Ал енді кімнің екі жасар ұрғашы түйені зекетке беруі ләзім болып, бірақ онда бұндай түйесі болмаса, орнына бір жасар ұрғашы түйеге екі қой немесе 20 дирхам қосып береді», - деді.

136-бап. Қойдың есебінде берілетін зекет туралы

534- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ الْمُثَنَّى الْأَنْصَارِيُّ قَالَ حَدَّثَنِي أَبِي قَالَ حَدَّثَنِي
ثُمَّامَةُ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ أَنَسٍ أَنَّ أَنَسًا حَدَّثَهُ أَنَّ أَبَا بَكْرٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ كَتَبَ لَهُ هَذَا
الْكِتَابَ لَمَّا وَجَّهَهُ إِلَى الْبَحْرَيْنِ بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ هَذِهِ فَرِيضَةُ الصَّدَقَةِ الَّتِي
فَرَضَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَلَى الْمُسْلِمِينَ وَالَّتِي أَمَرَ اللَّهُ بِهَا رَسُولُهُ
فَمَنْ سَأَلَهَا مِنْ الْمُسْلِمِينَ عَلَى وَجْهٍ فَلْيُعْطِهَا وَمَنْ سُئِلَ فَوْقَهَا فَلَا يُعْطِ فِي أَرْبَعٍ
وَعِشْرِينَ مِنَ اللَّيْلِ فَمَا دُونَهَا مِنَ الْعَنَمِ مِنْ كُلِّ خَمْسٍ شَاةٌ إِذَا بَلَغَتْ خَمْسًا
وَعِشْرِينَ إِلَى خَمْسٍ وَثَلَاثِينَ فَفِيهَا بِنْتُ مَخَاضٍ أَنْتَى فَإِذَا بَلَغَتْ سِنًا وَثَلَاثِينَ إِلَى

خَمْسَ وَأَرْبَعِينَ فِيهَا بِنْتُ لُبُونٍ أَنْتَى فَإِذَا بَلَغَتْ سِتًّا وَأَرْبَعِينَ إِلَى سِتِّينَ فِيهَا حِقَّةٌ طُرُوقُهُ الْجَمَلُ فَإِذَا بَلَغَتْ وَاحِدَةً وَسِتِّينَ إِلَى خَمْسِ وَسَبْعِينَ فِيهَا جَذَعَةٌ فَإِذَا بَلَغَتْ يَعْني سِتًّا وَسَبْعِينَ إِلَى تِسْعِينَ فِيهَا بِنْتُ لُبُونٍ فَإِذَا بَلَغَتْ إِحْدَى وَتِسْعِينَ إِلَى عَشْرِينَ وَمِائَةٍ فِيهَا حِقَّتَانِ طُرُوقَتَا الْجَمَلِ فَإِذَا زَادَتْ عَلَى عَشْرِينَ وَمِائَةٍ فِي كَلِّ أَرْبَعِينَ بِنْتُ لُبُونٍ وَفِي كَلِّ خَمْسِينَ حِقَّةٌ وَمَنْ لَمْ يَكُنْ مَعَهُ إِلَّا أَرْبَعٌ مِنَ اللَّيْلِ فَلَيْسَ فِيهَا صَدَقَةٌ إِلَّا أَنْ يَشَاءَ رَبُّهَا فَإِذَا بَلَغَتْ خَمْسًا مِنَ اللَّيْلِ فِيهَا شَاءٌ وَفِي صَدَقَةِ الْعَنَمِ فِي سَائِمَتِهَا إِذَا كَانَتْ أَرْبَعِينَ إِلَى عَشْرِينَ وَمِائَةٍ شَاءٌ فَإِذَا زَادَتْ عَلَى عَشْرِينَ وَمِائَةٍ إِلَى مِائَتَيْنِ شَاتَانِ فَإِذَا زَادَتْ عَلَى مِائَتَيْنِ إِلَى ثَلَاثِ مِائَةٍ فِيهَا ثَلَاثُ شِيَاهٍ فَإِذَا زَادَتْ عَلَى ثَلَاثِ مِائَةٍ فِي كَلِّ مِائَةٍ شَاءٌ فَإِذَا كَانَتْ سَائِمَةَ الرَّجُلِ نَاقِصَةً مِنْ أَرْبَعِينَ شَاءٌ وَاحِدَةً فَلَيْسَ فِيهَا صَدَقَةٌ إِلَّا أَنْ يَشَاءَ رَبُّهَا وَفِي الرَّقَّةِ رُبْعُ الْعَشْرِ فَإِنْ لَمْ تَكُنْ إِلَّا تِسْعِينَ وَمِائَةٍ فَلَيْسَ فِيهَا شَيْءٌ إِلَّا أَنْ يَشَاءَ رَبُّهَا

534- Әбу Бәкір (р.а.) Әнасты (р.а.) Бахрейнге жібергенінде, соңынан осы хатты жолдаған еді: «Бисмилләһир рахманир рахим. Төменде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өз үмбеттеріне, ал Алла тағала болса, өзінің елшісіне парыз деп бұйырған садақаларды (зекеттерді) баян қылдым. Қайсы бір мұсылманнан шариғатқа сәйкес зекет беруді сұраса, зекет берсін: кімнен шариғат мөлшерінен артық зекет беруді сұраса, бермесін. Жиырма төрт және одан кемірек түйенің әр бесеуіне бір қой; жиырма бестен отыз бес түйеге дейін, бір жасар ұрғашы түйе; отыз алтыдан қырық беске дейін, екі жасар бір ұрғашы түйе; қырық алтыдан алпысқа дейін, төрт жасар бір ұрғашы түйені, алпыс бірден жетпіс беске дейін, бес жасар түйені; жетпіс алтыдан тоқсанға дейін, екі жасар екі ұрғашы түйені береді. Жүз жырмадан көп болса, әр қырықына екі жасар ұрғашы ботаны және әр елуіне төрт жасар бір буталоқ беруі керек. Кімнің төртеуден артық түйесі болмаса, зекет беру парыз емес, өзі қаласа береді қаламаса бермейді. Егерде түйесінің саны беске жетсе, онда бір қой береді. Егер жайлымдағы қойлардың саны қырықтан жүз жиырмаға дейін жетсе, бір қой, ал жүз жиырмадан екі жүзге дейін жетсе, онда екі қой; екі жүзден үш жүзге дейін жетсе, үш қой; ал үш жүзден көп болса, әр жүзіне бір қойдан береді. Егер жайлымдағы қойлардың саны қырыққа жетпесе, онда зекет беру парыз емес, иесі өзі қаласа береді қаламаса бермейді. Күміс ақшалардың әр жиырма дирхеміне бір дирхем беріледі. Егерде (күмістің мөлшері) бір жүз тоқсан дирхем болса, онда одан зекет беру парыз емес.

137-бап. Кәрі немесе кінәраты бар (хайуан) немесе теке , егерде зекет жинаушы өзі қалап алмаса, зекетке қабыл етілмейді

535- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ حَدَّثَنِي أَبِي قَالَ حَدَّثَنِي ثُمَامَةُ أَنَّ أَنَسًا رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ حَدَّثَهُ أَنَّ أَبَا بَكْرٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ كَتَبَ لَهُ الصَّدَقَةَ الَّتِي أَمَرَ اللَّهُ رَسُولَهُ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَلَا يُخْرَجُ فِي الصَّدَقَةِ هَرَمَةٌ وَلَا ذَاتُ عَوَارٍ وَلَا تَيْسٌ إِلَّا مَا شَاءَ الْمُصَدِّقُ

535- Алла тағала мен оның елшісінің (с.ғ.с.) парыз қылған садақа (zeket) жайында Әбу Бәкір (р.а.) Әнасқа (р.а.) былай деп жазып жіберген екен: «Кәрі не болмаса кемшілігі бар хайуан немесе теке, егерде зекетті жинаушы өзі қалап алмаса, садақаға (zeketке) қабыл етіліп алынбайды», - деді.

138-бап. Бір жасар ұрғашы ешкіні садақаға (zeketке) қабыл қылу туралы

536- حَدَّثَنَا أَبُو الْيَمَانِ أَخْبَرَنَا شُعَيْبٌ عَنِ الزُّهْرِيِّ ح وَقَالَ اللَّيْثُ حَدَّثَنِي عَبْدُ الرَّحْمَنِ بْنُ خَالِدٍ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ عُبَيْدِ اللَّهِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُثْبَةَ بْنِ مَسْعُودٍ أَنَّ أَبَا هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ قَالَ أَبُو بَكْرٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ وَاللَّهِ لَوْ مَنَعُونِي عَنَاقًا كَانُوا يُؤَدُّونَهَا إِلَى رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَقَاتَلْتُهُمْ عَلَى مَنَعِهَا قَالَ عُمَرُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ فَمَا هُوَ إِلَّا أَنْ رَأَيْتُ أَنَّ اللَّهَ شَرَحَ صَدْرَ أَبِي بَكْرٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ بِالْقِتَالِ فَعَرَفْتُ أَنَّهُ الْحَقُّ

536- Әбу Бәкір (р.а.): «Егерде Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) (байғұс-бейшараларға тарқатып беру үшін) алып келе жатқан ешкілердің біреуін алып қалып кем болса да, құдай хақы, олармен соғыс қыламын!», - деді. Хазреті Омар (р.а.): «Алла тағала Әбу Бәкірдің (р.а.) жүрегіне қаншама түсінік пен кеңшілікті нәсіп еткен! Мен оны жақсы түсінемін», - деді.

139-бап. Адамдардың ең жақсы малдары садақаға (zeketке) алынбайды

537- حَدَّثَنَا أُمَيَّةُ بْنُ بَسْطَامٍ حَدَّثَنَا يَزِيدُ بْنُ زُرَيْعٍ حَدَّثَنَا رَوْحُ بْنُ الْقَاسِمِ عَنْ إِسْمَاعِيلَ بْنِ أُمَيَّةَ عَنْ يَحْيَى بْنِ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ صَيْفِيٍّ عَنْ أَبِي مَعْبُدٍ عَنْ ابْنِ

عَبَّاسَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَمَّا بَعَثَ مَعَادًا رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَلَى الْيَمَنِ قَالَ إِنَّكَ تَقْدُمُ عَلَى قَوْمٍ أَهْلَ كِتَابٍ فَلْيَكُنْ أَوَّلَ مَا تَدْعُوهُمْ إِلَيْهِ عِبَادَةُ اللَّهِ فَإِذَا عَرَفُوا اللَّهَ فَأَخْبِرْهُمْ أَنَّ اللَّهَ قَدْ فَرَضَ عَلَيْهِمْ خَمْسَ صَلَوَاتٍ فِي يَوْمِهِمْ وَلَيْلَتِهِمْ فَإِذَا فَعَلُوا فَأَخْبِرْهُمْ أَنَّ اللَّهَ فَرَضَ عَلَيْهِمْ زَكَاةً مِنْ أَمْوَالِهِمْ وَتُرُدًّا عَلَى فُقَرَائِهِمْ فَإِذَا أَطَاعُوا بِهَا فَخُذْ مِنْهُمْ وَتَوَقَّ كِرَائِمَ أَمْوَالِ النَّاسِ

537- Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Мұғазды (р.а.) Иеменге жіберіп жатып: «Сен кітап иелері болған қауымның алдына бара жатырсың, сол себепті ең алдымен оларды Алла тағалаға құлшылық қылуға шақыр. Егерде Алла тағаланы тән алса, онда оларға Алла тағаланың түндіз-түні бес уақыт намаз оқуды парыз еткенін айт, егер намаз оқыса, Алла тағала олардың малдарынан зекет алып, кембағалдарға беруді парыз қылғанын айт, егер зекет беруге бойұсынса, олардан зекет ал, бірақ-та адамдардың ең жақсы малдарын алма!»,- деп айтты»,- деді.

140-бап. Саны беске толмаған түйеден зекет алынбайды

538- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ مُحَمَّدِ بْنِ عَبْدِ الرَّحْمَنِ بْنِ أَبِي صَعْصَعَةَ الْمَازِنِيِّ عَنْ أَبِيهِ عَنْ أَبِي سَعِيدِ الْخُدْرِيِّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ لَيْسَ فِيمَا دُونَ خَمْسَةِ أَوْسُقٍ مِنَ النَّمْرِ صَدَقَةٌ وَلَيْسَ فِيمَا دُونَ خَمْسِ أَوْاقٍ مِنَ الْوَرَقِ صَدَقَةٌ وَلَيْسَ فِيمَا دُونَ خَمْسِ دَوْدٍ مِنَ الْبَابِلِ صَدَقَةٌ

538- Әбу Саъид Худрий (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай деген»,- деді: «Бес уасақ (1 уасақ – 60 саъ, 1-саъ – 2,400 г) кем құрмадан және бес уқиййа (1 уқиййа – 12 дирхам) нан кем күміс ақшалардан зекет алынбайды, саны беске толмаған түйеге де зекет беру қажет емес»,- деді.

141-бап. Сиыр есебінде берілетін зекет туралы

قَالَ أَبُو حُمَيْدٍ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لِأَعْرَفَنَّ مَا جَاءَ اللَّهَ رَجُلٌ بِبَقْرَةٍ لَهَا خُورٌ وَيُقَالُ جُورٌ تَجَارُونَ تَرْفَعُونَ أَصْوَاتَكُمْ كَمَا تَجَارُ الْبَقْرَةُ

Әбу Хұмайд (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Мөңіреп тұрған сиыры бола тұрып, Алла тағаланың жолында зекет бермеген

адамды қияметте көрсетемін, ол сиыр сияқты мәңгіреп келеді»,- деп айтты»,- деді.

539- حَدَّثَنَا عُمَرُ بْنُ حَفْصِ بْنِ غِيَاثٍ حَدَّثَنَا أَبِي حَدَّثَنَا الْأَعْمَشُ عَنْ الْمَعْرُورِ بْنِ سُوَيْدٍ عَنْ أَبِي ذَرٍّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ انْتَهَيْتُ إِلَى النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ وَالَّذِي نَفْسِي بِيَدِهِ أَوْ وَالَّذِي لَا إِلَهَ غَيْرُهُ أَوْ كَمَا حَلَفَ مَا مِنْ رَجُلٍ تَكُونُ لَهُ إِبِلٌ أَوْ بَقَرٌ أَوْ غَنَمٌ لَا يُؤَدِّي حَقَّهَا إِلَّا أَتَيْتُ بِهَا يَوْمَ الْقِيَامَةِ أَعْظَمَ مَا تَكُونُ وَأَسْمَنَهُ تَطَوُّهُ بِأَخْفَافِهَا وَتَنْطَحُهُ بِفُرُونِهَا كُلَّمَا جَازَتْ أُخْرَاهَا رَدَّتْ عَلَيْهِ أَوْلَاهَا حَتَّى يُقْضَى بَيْنَ النَّاسِ رَوَاهُ بُكَيْرٌ عَنْ أَبِي صَالِحٍ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

539- Әбу Зарр (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдына келгенімде, ол кісі: «Жаным қолында болған Алла тағалаға ант етіп айтамын, кімде-кімнің түйе, сиыр немесе қойлары бола тұрып, зекет бермеген болса, қиямет күні оны ең үлкен ең семіз түйесі, сиыры немесе қойы келіп, оны тұяқтарымен тепкілеп, мүйіздерімен сүзеді. Кейін арттарынан басқалары да келіп, адамдардың алдында, берілмеген зекеттің ақысы алынғанша, солай істейді»,- деді.

142-бап. Жақындарына зекет беру жайында

قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَهُ أَجْرَانِ أَجْرُ الْقَرَابَةِ وَالصَّدَقَةِ

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Жақындарына зекет берген адамға екі сауап болады. Біріншісі – жақындарымен (қарым-қатынас қылғаны) үшін, ал екіншісі – зекет берген үшін»,- деді.

540- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ إِسْحَاقَ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ أَبِي طَلْحَةَ أَنَّهُ سَمِعَ أَنَسَ بْنَ مَالِكٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ يَقُولُ كَانَ أَبُو طَلْحَةَ أَكْثَرَ الْأَنْصَارِ بِالْمَدِينَةِ مَالًا مِنْ نَخْلِ وَكَانَ أَحَبُّ أَمْوَالِهِ إِلَيْهِ بَيْرُحَاءَ وَكَانَتْ مُسْتَقْبَلَةَ الْمَسْجِدِ وَكَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَدْخُلُهَا وَيَشْرَبُ مِنْ مَاءٍ فِيهَا طَيِّبٍ قَالَ أَنَسٌ فَلَمَّا أَنْزَلَتْ هَذِهِ الْآيَةُ لَنْ تَتَّالُوا الْبِرَّ حَتَّى تُنْفِقُوا مِمَّا تُحِبُّونَ قَامَ أَبُو طَلْحَةَ إِلَى رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ يَا رَسُولَ اللَّهِ إِنَّ اللَّهَ تَبَارَكَ

وَتَعَالَى يَقُولُ لَنْ تَنَالُوا الْبِرَّ حَتَّى تُنْفِقُوا مِمَّا تُحِبُّونَ وَإِنَّ أَحَبَّ أَمْوَالِي إِلَيَّ بَيْرُحَاءَ
 وَإِنَّهَا صَدَقَةٌ لِلَّهِ أَرْجُو بَرَّهَا وَدُخْرَهَا عِنْدَ اللَّهِ فَضَعَهَا يَا رَسُولَ اللَّهِ حَيْثُ أَرَاكَ
 اللَّهُ قَالَ فَقَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بَخَ ذَلِكَ مَالٌ رَابِحٌ ذَلِكَ مَالٌ رَابِحٌ
 وَقَدْ سَمِعْتُ مَا قُلْتَ وَإِنِّي أَرَى أَنْ تَجْعَلَهَا فِي الْأَقْرَبِينَ فَقَالَ أَبُو طَلْحَةَ أَفْعَلُ يَا
 رَسُولَ اللَّهِ فَفَسَمَهَا أَبُو طَلْحَةَ فِي أَقْرَابِهِ وَبَنِي عَمِّهِ تَابَعَهُ رَوْحٌ وَقَالَ يَحْيَى بْنُ
 يَحْيَى وَإِسْمَاعِيلُ عَنْ مَالِكٍ رَابِحٌ

621- Абдулла ибн Омар (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ләббайка-л-лахумма ләббайка, лаббайка ләшарика лака ләббайка, инна-л-хамда уа-н-ниғмата лака уа-л-мулк, лашарика лака», - деп тәлбия айтатын еді», - деді.

622- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ يُوسُفَ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ عَنْ الْأَعْمَشِ عَنْ عُمَارَةَ عَنْ أَبِي عَطِيَّةَ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ إِنِّي لَأَعْلَمُ كَيْفَ كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُلَبِّي لَبَّيْكَ اللَّهُمَّ لَبَّيْكَ لَبَّيْكَ لَا شَرِيكَ لَكَ لَبَّيْكَ إِنَّ الْحَمْدَ وَالنَّعْمَةَ لَكَ

تَابَعَهُ أَبُو مُعَاوِيَةَ عَنِ الْأَعْمَشِ وَقَالَ شُعْبَةُ أَخْبَرَنَا سُلَيْمَانُ سَمِعْتُ خَيْثَمَةَ عَنِ أَبِي عَطِيَّةٍ سَمِعْتُ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا

622- Айша анамыз (р.а.): «Мен шындығында Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) қандай тәлбия айтқанын жақсы білемін ол кісі: «Ләббайка-л-лахумма ләббайка, лаббайка ләшарика лака ләббайка, инна-л-хамда уа-ниғмата лака»,- деп тәлбия айтатын еді»,- деді.

27-бап. Түйеге мінгенде таһлилден бұрын тәкбір, тасбих пен мақтау айту туралы

623- حَدَّثَنَا مُوسَى بْنُ إِسْمَاعِيلَ حَدَّثَنَا وَهَيْبٌ حَدَّثَنَا أَيُّوبُ عَنْ أَبِي قَلَابَةَ عَنْ أَنَسِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ قَالَ صَلَّى رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَنَحْنُ مَعَهُ بِالْمَدِينَةِ الظُّهْرَ أَرْبَعًا وَالْعَصْرَ بِذِي الْحُلَيْفَةِ رَكْعَتَيْنِ ثُمَّ بَاتَ بِهَا حَتَّى أَصْبَحَ ثُمَّ رَكِبَ حَتَّى اسْتَوَتْ بِهِ عَلَى النَّبِذَاءِ حَمِدَ اللَّهُ وَسَبَّحَ وَكَبَّرَ ثُمَّ أَهْلًا بِحَجٍّ وَعُمْرَةٍ وَأَهْلًا النَّاسُ بِهِمَا فَلَمَّا قَدِمْنَا أَمَرَ النَّاسَ فَحَلُّوا حَتَّى كَانَ يَوْمَ التَّرْوِيَةِ أَهَلُوا بِالْحَجِّ قَالَ وَنَحَرَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بَدَنَاتٍ بِيَدِهِ قِيَامًا وَدَبَّحَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِالْمَدِينَةِ كَبْشَيْنِ أَمْلَحَيْنِ قَالَ أَبُو عَبْدِ اللَّهِ قَالَ بَعْضُهُمْ هَذَا عَنْ أَيُّوبَ عَنْ رَجُلٍ عَنْ أَنَسِ

623- Әнас ибн Мәлік (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Мединеде төрт рәкат, Зулхулайфада екі рәкат намаз оқыды. Сол күні Зулхулайфада таңды атырды. Содан соң (ертеменен) түйесіне мініп жолға шықты. Байдағқа барғанда түйесі тоқтап, қимылдамай тік тұрды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Алла тағалаға мақтау, таспих пен тәкбір айтты. Кейін, қажылықпен кіші қажылыққа *тәһлил* айтты. Басқалар да солай қылысты. Жетіп барғанымызда адамдарға әмір қылып еді, ихрамдарын шешті және *Таруия*⁹⁷ күні екендігіне қарамастан қажылыққа *таһлил* айтысты. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) түйесін тік тұрғызып қойып өз қолымен құрбандық шалды. Мединеде болса, екі ала қошқарды (құрбандыққа) шалды»,- деді.

⁹⁷ Таруия – Зұлхижжа айының сегізінші күні.

28-бап. Түйесінің үстінде таһлил айтқан кісі туралы

624- حَدَّثَنَا أَبُو عَاصِمٍ أَخْبَرَنَا ابْنُ جُرَيْجٍ قَالَ أَخْبَرَنِي صَالِحُ بْنُ كَيْسَانَ عَنْ نَافِعٍ عَنْ ابْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ أَهَلَّ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ حِينَ اسْتَوَتْ بِهِ رَاحِلَتُهُ قَائِمَةً

624- Ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) түйесі тік тұрған бойы үстінде (отырып) таһлил айтты», - деді.

29-бап. Қыблаға қарап таһлил айту туралы

وَقَالَ أَبُو مَعْمَرٍ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْوَارِثِ حَدَّثَنَا أَيُّوبُ عَنْ نَافِعٍ قَالَ كَانَ ابْنُ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا إِذَا صَلَّى بِالْغَدَاةِ بِذِي الْحُلَيْفَةِ أَمَرَ بِرَاحِلَتِهِ فَرُحِلَتْ ثُمَّ رَكِبَ فَإِذَا اسْتَوَتْ بِهِ اسْتَقْبَلَ الْقِبْلَةَ قَائِمًا ثُمَّ يَلْبِي حَتَّى يَبْلُغَ الْحَرَمَ ثُمَّ يُمْسِكُ حَتَّى إِذَا جَاءَ دَا طَوَى بَاتَ بِهِ حَتَّى يُصْبِحَ فَإِذَا صَلَّى الْغَدَاةَ اغْتَسَلَ وَزَعَمَ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَعَلَ ذَلِكَ تَابِعَهُ إِسْمَاعِيلُ عَنْ أَيُّوبَ فِي الْغَسَلِ

Нафиғ (р.а.) риуаят етті: «Ибн Омар (р.а.) Зулхулайфада таң намазын оқығанынан кейін түйесін мінуге әзірлеп алып келуді бұйыратын еді. Түйені алып келгеннен соң, оны мінетін де қыблаға қарап Масжид ал-Харамға келгенше талбия айтып келетін еді. Зу Туанға келгендерінде таң атқанша (сол жерде) қоңып қалатын. Таң намазын оқыса, ғұсыл құйынып және: «Пайғамбарымызда (с.ғ.с.) осылай істейтін», - деп айтатын.

625- حَدَّثَنَا سُلَيْمَانُ بْنُ دَاوُدَ أَبُو الرَّبِيعِ حَدَّثَنَا فُلَيْحٌ عَنْ نَافِعٍ قَالَ كَانَ ابْنُ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا إِذَا أَرَادَ الْخُرُوجَ إِلَى مَكَّةَ أَدَّهْنَ بَدْهْنَ لَيْسَ لَهُ رَاحَةٌ طَيِّبَةٌ ثُمَّ يَأْتِي مَسْجِدَ ذِي الْحُلَيْفَةِ فَيُصَلِّي ثُمَّ يَرْكَبُ وَإِذَا اسْتَوَتْ بِهِ رَاحِلَتُهُ قَائِمَةً أَحْرَمَ ثُمَّ قَالَ هَكَذَا رَأَيْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَفْعَلُ

625- Нафиғ (р.а.) риуаят етті: «Ибн Омар (р.а.) Меккеге бармақшы болса, өзіне иссіз май жағатын. Содан соң Хулайфа мешітіне келіп намаз оқитын. Намаздан соң түйелеріне мініп, ихрам байлайтын еді. Сонда түйесі тік тұратын. Кейін: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) осылай қылғандарын көргенмін», - дейтін.

30-бап. Ойпатқа түскенде тәлбия айту туралы

626- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ الْمُثَنَّى قَالَ حَدَّثَنِي ابْنُ أَبِي عَدِيٍّ عَنْ ابْنِ عَوْنٍ عَنْ مُجَاهِدٍ قَالَ كُنَّا عِنْدَ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا فَذَكَرُوا الدَّجَالَ أَنَّهُ قَالَ مَكْتُوبٌ بَيْنَ عَيْنَيْهِ كَافِرٌ فَقَالَ ابْنُ عَبَّاسٍ لَمْ أَسْمَعُهُ وَلَكِنَّهُ قَالَ أَمَّا مُوسَى كَأَنِّي أَنْظِرُ إِلَيْهِ إِذْ انْحَدَرَ فِي الْوَادِي يُلَبِّي

626- Мужаһид (р.а.) риуаят етті: «Біз ибн Аббастың (р.а.) алдында едік. Адамдар Дажжал туралы сөз қозғап, оның екі көзінің арасына «кәпір» деп жазылған, десті. Ибн Аббас: «Мен бұны естімегенмін, бірақ мен Мұсаның ғ.с. ойпатқа тәлбия айтып түсіп келе жатқанын көріп тұрғандаймын», - деді.

31-бап. Хайз⁹⁸ немесе нифас⁹⁹ көрген әйел қандай таһлил айтады?

627- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مَسْلَمَةَ حَدَّثَنَا مَالِكٌ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ عُرْوَةَ بِنِ الزُّبَيْرِ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا زَوْجَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَتْ خَرَجْنَا مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي حَجَّةِ الْوُدَاعِ فَأَهْلَلْنَا بِعُمْرَةٍ ثُمَّ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَنْ كَانَ مَعَهُ هَدْيٌ فَلْيُهَلِّ بِالْحَجِّ مَعَ الْعُمْرَةِ ثُمَّ لَا يَحِلُّ حَتَّى يَحِلَّ مِنْهُمَا جَمِيعًا فَقَدِمْتُ مَكَّةَ وَأَنَا حَائِضٌ وَلَمْ أَطْفُ بِالْبَيْتِ وَلَا بَيْنَ الصَّفَا وَالْمَرْوَةِ فَشَكَوْتُ ذَلِكَ إِلَى النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ انْفُضِي رَأْسَكَ وَأَمْتَشِطِي وَأَهْلِي بِالْحَجِّ وَدَعِي الْعُمْرَةَ فَفَعَلْتُ فَلَمَّا قَضَيْنَا الْحَجَّ أُرْسَلَنِي النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَعَ عَبْدِ الرَّحْمَنِ بْنِ أَبِي بَكْرٍ إِلَى التَّنْعِيمِ فَأَعْتَمَرْتُ فَقَالَ هَذِهِ مَكَانَ عُمْرَتِكَ قَالَتْ فَطَافَ الَّذِينَ كَانُوا أَهْلُوا بِالْعُمْرَةِ بِالْبَيْتِ وَبَيْنَ الصَّفَا وَالْمَرْوَةِ ثُمَّ حَلُّوا ثُمَّ طَافُوا طَوَافًا آخَرَ بَعْدَ أَنْ رَجَعُوا مِنْ مِئَى وَأَمَّا الَّذِينَ جَمَعُوا الْحَجَّ وَالْعُمْرَةَ فَأَتَمَّ طَافُوا طَوَافًا وَاحِدًا

627- Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) әйелі Айша анамыз риуаят етті: «Біз Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге Хажжат ул Уадағқа шығып, кіші

⁹⁸ Хайз - Әйелдердің етеккірі.

⁹⁹ Нифас – Босанғаннан кейін 40 күн келетін қан.

қажылыққа тәлбия айттық. Кейін, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кімде-кім өзімен бірге құрбандық алып келген болса, үлкен қажылықпен кіші қажылыққа тәлбия айтсын және екі қажылықты өтегенше ихрамдарын шешпесін!», - деді. Мен Меккеге хайз көрген бойымша келіп қалдым. Қағбаны тәуеп қыла алмадым. Сафа мен Мәруаның аралығында жүгіре алмадым. Бұл туралы Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) айтып едім, ол кісі: «Шашыңды жайып, тара (яғни, ғұсыл құйын), содан соң қажылыққа ихрам байла, кіші қажылықты қоя тұр!», - деді. Мен ол кісінің айтқанын істедім. Біз қажылықты орындап болғанымызда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мені Абдурахман ибн Әбу Бәкір мен бірге Танғимға жіберді, мен кіші қажылық қылып қайттым. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) маған: «Бұл орындай алмай қалған кіші қажылығыңның орнына өтеді», - деді. Сонда кіші қажылыққа ниет қылғандар Қағбаны айналып тәуеп етіп, Сафа мен Мәруаның аралығында жүгіріп, содан соң ихрамдарын шешті. Минадан қайтқаннан соң тағы да бір рет Қағбаны тәуеп етісті. Бірақ, біркелкі үлкен қажылықпен кіші қажылыққа ниет еткендер Қағбаны тек қана бір рет тәуеп етті».

32-бап. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) заманында сол кісі (с.ғ.с.) сияқты таһлил айтқан кісі туралы

628- حَدَّثَنَا الْمَكِّيُّ بْنُ إِبْرَاهِيمَ عَنْ ابْنِ جُرَيْجٍ قَالَ عَطَاءٌ قَالَ جَابِرٌ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَمَرَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَلِيًّا رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنْ يُقِيمَ عَلَيَّ إِحْرَامَهُ وَذَكَرَ قَوْلَ سُرَّاقَةَ وَزَادَ مُحَمَّدٌ بْنُ بَكْرٍ عَنْ ابْنِ جُرَيْجٍ قَالَ لَهُ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَا عَلِيُّ قَالَ يَا أَهْلَ بَيْتِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ فَأَهْدُ وَأَمْكُثُ حَرَامًا كَمَا أَنْتَ

628- Жәбір (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Әлиге (р.а.) ихрамын шешпеуді бұйырды. Өйткені оның құрбандығы бар еді».

629- حَدَّثَنَا الْحَسَنُ بْنُ عَلِيٍّ الْخَلَّالُ الْهَدَلِيُّ حَدَّثَنَا عَبْدُ الصَّمَدِ حَدَّثَنَا سَلِيمُ بْنُ حَيَّانَ قَالَ سَمِعْتُ مَرْوَانَ الْأَصْفَرَ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ قَدِمَ عَلِيٌّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَلَى النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مِنَ الْيَمَنِ فَقَالَ يَا أَهْلَ بَيْتِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ لَوْلَا أَنَّنِي مَعِيَ الْهَدْيَ لَأَحَلَّتْ

629- Әнас ибн Мәлік (р.а.) риуаят етті: «Әли (р.а.) Иеменнен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдына келді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.):

«Қайсына таһлил айттың, үлкен қажылыққа ма әлде кіші қажылыққа ма?»,- деді. Хазреті Әли: «Алланың елшісі қайсыған таһлил айтқан болса, менде соған айттым»,- деп жауап берді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Сен қайсыған ниет қылып ихрам киген болсаң, мен де соған (ниет қылып) ихрам кидім»,- деді.

630- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ يُوسُفَ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ عَنْ قَيْسِ بْنِ مُسْلِمٍ عَنْ طَارِقِ بْنِ شِهَابٍ عَنْ أَبِي مُوسَى رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ بَعَثَنِي النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِلَى قَوْمٍ بِالْيَمَنِ فَجِئْتُ وَهُوَ بِالْبَطْحَاءِ فَقَالَ بِمَا أَهَلَّتْ فَأُتِ أَهَلَّتْ كَاهِلَالِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ هَلْ مَعَكَ مِنْ هَدْيٍ فُلْتُ لَا فَأَمَرَنِي فَطُقْتُ بِالْبَيْتِ وَبِالصَّفَا وَالْمَرْوَةِ ثُمَّ أَمَرَنِي فَأَحَلَّتْ فَأَتَيْتُ امْرَأَةً مِنْ قَوْمِي فَمَشَطَنِي أَوْ غَسَلَتْ رَأْسِي فَقَدِمَ عُمَرُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ فَقَالَ إِنْ نَأْخُذُ بِكِتَابِ اللَّهِ فَإِنَّهُ يَأْمُرُنَا بِالتَّمَامِ قَالَ اللَّهُ وَأَتَمُّوا الْحَجَّ وَالْعُمْرَةَ لِلَّهِ وَإِنْ نَأْخُذُ بِسُنَّةِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَإِنَّهُ لَمْ يَجَلَّ حَتَّى نَحَرَ الْهَدْيَ

630- Әбу Мұса (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мені Иемендегі бір қауымға жіберді. Қайтып келгенімде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Батхада екен, менен: «Қайсыған ниет етіп ихрам кидің?»,- деп сұрады. Мен: ««Алланың елшісі қайсыған ниет етіп ихрам киген болса, менде соған (ниет етіп) ихрам кидім»,- дедім. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Құрбандық алып келдің бе?»,- деп сұрады. Мен: «Жок»,- дедім. Кейін, әмір етті, мен Кағбаны тәуеп етіп, Сафа мен Мәруаның арасында жүгірдім. Содан соң, маған ихрамымды шешуімді бұйырды. Мен шештім. Кейін бір әйелдің алдына бардым, ол шашымды тарап берді (немесе басымды жуып қойды). Сол кезде алдыма Омар (р.а.) келіп, маған былай деді: «Егерде біз Алла тағаланың кітабын алып, оқып көрсек, бізге қажылықтың амалдарын (толық орындап) аяғына дейін жеткізуді бұйырғанын көреміз. Алла тағала: «Хаж және ғұмраны Алла үшін толық орындаңдар ...¹⁰⁰»,- деді. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сүннетінің мәселесіне келсек, ол кісі құрбандық шалмағанынша ихрамын шешпеген»,- деді.

¹⁰⁰ 2. «әл-Бақара», 196 аят.

33-бап. Алла тағаланың қажылыққа байланысты аят кәрімі туралы

قَوْلِ اللَّهِ تَعَالَى الْحَجُّ أَشْهُرٌ مَعْلُومَاتٌ فَمَنْ فَرَضَ فِيهِنَّ الْحَجَّ فَلَا رَفَثَ وَلَا فُسُوقَ وَلَا جِدَالَ فِي الْحَجِّ وَقَوْلِهِ يَسْأَلُونَكَ عَنِ الْأَهْلِةِ قُلْ هِيَ مَوَاقِيتُ لِلنَّاسِ وَالْحَجُّ وَقَالَ ابْنُ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَشْهُرُ الْحَجِّ سَوَالٌ وَذُو الْقَعْدَةِ وَعَشْرٌ مِنْ ذِي الْحِجَّةِ وَقَالَ ابْنُ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا مِنْ السَّنَةِ أَنْ لَا يُحْرَمَ بِالْحَجِّ إِلَّا فِي أَشْهُرِ الْحَجِّ وَكَرِهَ عُثْمَانُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنْ يُحْرَمَ مِنْ خُرَّاسَانَ أَوْ كَرْمَانَ

Алла тағала: «Хаж (шәууәл, зүлқағда және зүлхижжаның онына дейінгі) белгілі айлар. Кім ол айларда (ихрам киіп) міндеттенсе, хаж кезінде әйелге жақындасу, күнә істеу және жанжал жоқ¹⁰¹», - десе, және бір аятта: «Олар сенен жаңа туған айдың жағдайын сұрайды: «Ол адамдар және қажылық үшін уақыт белгілеу, деп айт¹⁰²», - деді.

Ибн Омар (р.а.): «Шәууал мен Зүлқағда айларында да Зүлхижжа айының оныншы күнін де қажылық қылынады», - деген. Ибн Аббас (р.а.): «Тек қана қажылық айында ғана ихрам кию сүннет қылынған», - деді. Осман (р.а.) Хурасаннан немесе Кирманнан ихрам киіп келуді Мәкрух деп санаған.

631- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ بَشَّارٍ قَالَ حَدَّثَنِي أَبُو بَكْرِ الْحَنْفِيُّ حَدَّثَنَا أَلْفُحُ بْنُ حَمِيدٍ سَمِعْتُ الْقَاسِمَ بْنَ مُحَمَّدٍ عَنِ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ خَرَجْنَا مَعَ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي أَشْهُرِ الْحَجِّ وَلِيَالِي الْحَجِّ وَحُرْمِ الْحَجِّ فَنَزَلْنَا بِسَرْفٍ قَالَتْ فَخَرَجَ إِلَى أَصْحَابِهِ فَقَالَ مَنْ لَمْ يَكُنْ مِنْكُمْ مَعَهُ هَدْيٌ فَأَحَبُّ أَنْ يَجْعَلَهَا عُمْرَةً فَلْيَفْعَلْ وَمَنْ كَانَ مَعَهُ الْهَدْيُ فَلَا قَالَتْ فَالْأَخْذُ بِهَا وَالتَّارِكُ لَهَا مِنْ أَصْحَابِهِ قَالَتْ فَأَمَّا رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَرِجَالٌ مِنْ أَصْحَابِهِ فَكَانُوا أَهْلَ قُوَّةٍ وَكَانَ مَعَهُمُ الْهَدْيُ فَلَمْ يَقْدِرُوا عَلَى الْعُمْرَةِ قَالَتْ فَدَخَلَ عَلَيَّ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَأَنَا أَبْكِي فَقَالَ مَا يُبْكِيكِ يَا هَيْتَاهُ قُلْتُ سَمِعْتُ قَوْلَكَ لِأَصْحَابِكَ فَمَنْعْتُ الْعُمْرَةَ قَالَ وَمَا شَأْنُكَ قُلْتُ لَا أَصَلِّي قَالَ فَلَا يَضِيرُكَ إِنَّمَا أَنْتِ امْرَأَةٌ مِنْ بَنَاتِ آدَمَ كَتَبَ اللَّهُ عَلَيْكَ مَا كَتَبَ عَلَيْهِنَّ فَكُونِي فِي حَجَّتِكَ فَعَسَى اللَّهُ أَنْ يَرَزُقَكِيهَا قَالَتْ

¹⁰¹ 2. «әл-Бақара», 197 аят.

¹⁰² 2. «әл-Бақара», 189 аят.

فَخَرَجْنَا فِي حَجَّتِهِ حَتَّى قَدِمْنَا مِئَى فَطَهَرْتُ ثُمَّ خَرَجْتُ مِنْ مِئَى فَأَقْضَيْتُ بِالْبَيْتِ
قَالَتْ ثُمَّ خَرَجْتُ مَعَهُ فِي النَّفْرِ الْآخِرِ حَتَّى نَزَلَ الْمُحَصَّبَ وَنَزَلْنَا مَعَهُ فِدْعَا عَيْدِ
الرَّحْمَنِ بْنِ أَبِي بَكْرٍ فَقَالَ اخْرُجْ بِأَخِيكَ مِنَ الْحَرَمِ فَلْتَهْلُ بِعُمْرَةٍ ثُمَّ افْرُغَا ثُمَّ انْتَبِهَا
هَا هُنَا فَإِنِّي أَنْظِرُكُمْ حَتَّى تَأْتِيَانِي قَالَتْ فَخَرَجْنَا حَتَّى إِذَا فَرَعْتُ وَفَرَعْتَ مِنْ
الطَّوَافِ ثُمَّ جِئْتُهُ بِسَحَرٍ فَقَالَ هَلْ فَرَعْتُمْ فَقُلْتُ نَعَمْ فَأَذِنَ بِالرَّحِيلِ فِي أَصْحَابِهِ
فَارْتَحَلَ النَّاسُ فَمَرَّ مُتَوَجِّهًا إِلَى الْمَدِينَةِ ضَيْرٌ مِنْ ضَارٍ يَضِيرُ ضَيْرًا وَيُقَالُ
ضَارٌ يَضُورُ ضَوْرًا وَضَرَ يَضُرُّ ضَرًّا

631- Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Біз қажылық айларында, қажылық түндерінде және қажылық сағаттарында Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірдей жолға шығып, Сариф деген жерге келіп түстік. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сахабалардың алдына шығып: «Қайсы бірің құрбандық алып келмеген болса, кіші қажылыққа ниет етіп ихрам кісін, ал кімде-кім құрбандық алып келген болса, бұлай қылмасын!»,- деді. Сонда кейбір сахабалар кіші қажылыққа ал кейбіреулері үлкен қажылыққа ихрам киді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) және кейбір сахабалар шамалары жетіп, құрбандықтарын алып келгендері үшін, кіші қажылыққа ихрам киюден мақрұм болды. Мен бұл сөзді естіп, жылап отырғанымда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) кіріп келіп: «Неге жылап отырсың?»,- деді. Мен: «Сіздің сахабаларыңызға айтқан сөздеріңізді естідім, мен кіші қажылық қыла алмайды екенмін»,- дедім. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Саған не болды?»,- деп сұрады. Мен: «Намаз оқи алмаймын (яғни, етек кірім келді)»,- дедім. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Оның зияны жоқ, сен де Адам атаның қыздарының бірісін, Алла тағала олардың маңдайларына нені жазған болса, саған да соны жазған, қажылығыңды жалғастыра бер»,- деді. Кейін біз қажылықтан шығып, Минаға келдік, ол жерде мен (етеккірден) тазардым. Содан соң, Минадан шығып, Қағбаны тәуеп еттік. Кейін, Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) біргелік Минаның екінші күні (Минаның күндері 4 күн болады) жолға шығып, Мухассаб деген жерге келіп түстік. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Абдуррахман ибн Әбу Бәкірді шақырып алып: «Апайың мен бірге ихрамнан шық, апайың кіші қажылыққа ихрам кісін және кіші қажылықтың үкімдерін толық орындап осы жерге қайтып келіңдер өйткені мен сендерді күтіп тұрамын»,- деді. Біз жолға шықтық мен кіші қажылықтың шарттарын толық орындап тауаф та қылып болдым. Содан соң сахарада Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) қасына қайтып келдім. Ол кісі: «Кіші қажылық қылып келдіңдер ме?»,- деді. Мен: «Иә»,- дедім. Кейін сахабаларға жолға шығуды бұйырды. Адамдар Мединені бетке ұстап жолға аттанды.

34-бап. Таматтуғ, қиран және ифрад жайында: құрбандығы жоқ кісі қажылық (ниетінен шығады)

632- حَدَّثَنَا عُثْمَانُ حَدَّثَنَا جَرِيرٌ عَنْ مَسُورٍ عَنْ إِبْرَاهِيمَ عَنِ الْأَسْوَدِ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا خَرَجْنَا مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَلَا نُرَى إِلَّا أَنَّهُ الْحَجُّ فَلَمَّا قَدِمْنَا تَطَوَّفْنَا بِالْبَيْتِ فَأَمَرَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَنْ لَمْ يَكُنْ سَاقَ الْهَدْيِ أَنْ يَحِلَّ فَحَلَّ مَنْ لَمْ يَكُنْ سَاقَ الْهَدْيِ وَيَسْأُوهُ لَمْ يَسْفَنْ فَأَحْلَلْنَ قَالَتْ عَائِشَةُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا فَحِضْتُ فَلَمْ أَطْفُ بِالْبَيْتِ فَلَمَّا كَانَتْ لَيْلَةُ الْحَصْبَةِ قَالَتْ يَا رَسُولَ اللَّهِ يَرْجِعُ النَّاسُ بِعُمْرَةٍ وَحَجَّةٍ وَأَرْجِعُ أَنَا بِحَجَّةٍ قَالَ وَمَا طُفْتُ لَيْلِي قَدِمْنَا مَكَّةَ قُلْتُ لَا قَالَ فَادْهَبِي مَعَ أَخِيكَ إِلَى التَّنْعِيمِ فَأَهْلِي بِعُمْرَةٍ ثُمَّ مَوْعِدُكَ كَذَا وَكَذَا قَالَتْ صَفِيَّةُ مَا أَرَانِي إِلَّا حَابِسَتَهُمْ قَالَ عَفْرَى حَلَقَى أَوْ مَا طُفْتُ يَوْمَ النَّحْرِ قَالَتْ قُلْتُ بَلَى قَالَ لَا بَأْسَ أَنْفِرِي قَالَتْ عَائِشَةُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا فَلَقِينِي النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَهُوَ مُصْعِدٌ مِنْ مَكَّةَ وَأَنَا مُنْهَبِطَةٌ عَلَيْهَا أَوْ أَنَا مُصْعِدَةٌ وَهُوَ مُنْهَبِطٌ مِنْهَا

632- Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге тек қана қажылық қыламыз деген ниетпен жолға шықтық. Жеткеннен соң Қағбаны тәуеп еттік. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кімде-кім шалатын құрбандық жетектеп келмеген болса, ихрамын шешсін!», - деп әмір етті. Шалатын құрбандық алып келмеген бір қанша адамдар және Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) менен басқа әйелдері де ихрамдарын шешіп, қажылықтан мақрум болды. Өйткені олардың да шалатын құрбандықтары жоқ болатын. Ал мен болсам, етеккірім келіп, Қағбаны тәуеп ете алмадым. «Хасба» түні келген соң, «Я Расулулла, адамдар бір жола үлкен қажылықты да, кіші қажылықты да орындап қайтуда, ал мен болсам, тек қана үлкен қажылықты қылдым», - дедім. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Меккеде болғанымызда тәуеп қылмап па едің?», - деді. Мен: «Жоқ», - дедім. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Олай болса, ағаңмен бірге Танғимға барып, кіші қажылыққа тәлбия айт, содан соң пәлен уақытта қайтып кел!», - деді.

Сафия (р.а.) былай деді: «Сонда адамдар менің кіші қажылық қылып қайтып келуімді күтіп, жолдан қалды деп ойлаймын, өйткені менде етеккір көріп, кіші қажылық қылмаған едім! Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) маған: «Наһр күндері (құрбандық шалатын күндер) тәуеп етпедің бе?», - деді. Мен: «Жоқ», - дедім. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Оқасы жоқ, тәуеп етіп кел!», - деді.

Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мен Меккеден шығып келе жатқанында жолықтырып қалды. Ал мен болсам, Меккеге кіріп бара жатқан болатынмын. Әлде ол кісі Меккеге кіріп бара жатқан еді де мен болсам, Меккеден шығып бара жатыр едім».

633- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ أَبِي الْأَسْوَدِ مُحَمَّدِ بْنِ عَبْدِ الرَّحْمَنِ بْنِ نَوْفَلٍ عَنْ عُرْوَةَ بْنِ الزُّبَيْرِ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا أَنَّهَا قَالَتْ خَرَجْنَا مَعَ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَامَ حَجَّةِ الْوَدَاعِ فَمِنَّا مَنْ أَهَلَ بِعُمْرَةٍ وَمِنَّا مَنْ أَهَلَ بِحَجَّةٍ وَعُمْرَةٍ وَمِنَّا مَنْ أَهَلَ بِالْحَجِّ وَأَهَلَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِالْحَجِّ فَأَمَّا مَنْ أَهَلَ بِالْحَجِّ أَوْ جَمَعَ الْحَجَّ وَالْعُمْرَةَ لَمْ يَحِلُّوا حَتَّى كَانَ يَوْمُ النَّحْرِ

633- Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Хажжат ул-Уадағ жылында Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге жолға шықтық. Кейбіріміз кіші қажылыққа, ал кейбіріміз болса бір жола үлкен қажылыққа да, кіші қажылыққа да тәлбия айттық. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қажылыққа тәлбия айтты. Бірақ кім үлкен қажылыққа ниет етіп ал кім сол уақытта үлкен және кіші қажылыққа бірдей ниет етіп тәлбия айтқан болса, наһр (кұрбан шалатын күн) күнге дейін ихрамдарын шешпеді»,- деді.

634- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ بَشَّارٍ حَدَّثَنَا عُذْرُ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ الْحَكَمِ عَنْ عَلِيِّ بْنِ حُسَيْنٍ عَنْ مَرْوَانَ بْنِ الْحَكَمِ قَالَ شَهِدْتُ عُثْمَانَ وَعَلِيًّا رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا وَعُثْمَانَ يَنْهَى عَنِ الْمُتَعَةِ وَأَنْ يُجْمَعَ بَيْنَهُمَا فَلَمَّا رَأَى عَلِيُّ أَهْلًا بِهِمَا لَبَّيْكَ بِعُمْرَةٍ وَحَجَّةٍ قَالَ مَا كُنْتُ لِأَدْعَ سُنَّةَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لِقَوْلِ أَحَدٍ

634- Мәруан ибн Хакам айтты: «Мен, Осман және Әли (р.а.) халифа болған дәуірлерде, қажылықта болдым. Хазреті Осман (р.а.) бір жола үлкен қажылық пен кіші қажылықты орындаудан қайтарды. Ал Хазреті Әли (р.а.) болса, бұған мән бермей, «Ләббайка биумратин уа хажжатин»,- деп үлкен қажылыққа да, кіші қажылыққа да ниет етті де: «Шақырушы біреудің сөзіне еріп, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сүннеттерін орындамастан қоймаймын!»,- деді.

635- حَدَّثَنَا مُوسَى بْنُ إِسْمَاعِيلَ حَدَّثَنَا وَهَيْبٌ حَدَّثَنَا ابْنُ طَلُوسٍ عَنْ أَبِيهِ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ كَانُوا يَرَوْنَ أَنَّ الْعُمْرَةَ فِي أَشْهُرِ الْحَجِّ مِنْ أَفْجَرِ

الْفُجُورِ فِي الْأَرْضِ وَيَجْعَلُونَ الْمُحْرَمَ صَفْرًا وَيَقُولُونَ إِذَا بَرَأَ الذَّبْرَ وَعَقَا الْأَثْرَ
وَأَسْلَخَ صَفْرَ حَلَّتْ الْعُمْرَةُ لِمَنْ اعْتَمَرَ قَدِيمَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَأَصْحَابُهُ
صَبِيحَةَ رَابِعَةٍ مُهْلَيْنِ بِالْحَجِّ فَأَمَرَهُمْ أَنْ يَجْعَلُوهَا عُمْرَةً فَتَعَاظَمَ ذَلِكَ عِنْدَهُمْ فَقَالُوا
يَا رَسُولَ اللَّهِ أَيُّ الْحِلِّ قَالَ حِلُّ كُلُّهُ

635- Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Адамдар қажылық айларында кіші қажылық қылуды дүниедегі ең жаман пасықтықтардан да жаман нәрсе деп есептейтін еді. Сол үшін де Мұхаррам айының орнына Сафар айында кіші қажылық қылатын еді. Олар: «Егер түйенің арқасындағы жауыры жазылып, ізі де қалмаса, және Сафар айы бітсе, кіші қажылық қылу мүмкін болады», - десетін. Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) сахабалары Зұлхижжа айының төртінші таңсәрісінде қажылыққа тәлбия айтып келді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сахабаларға үлкен қажылықтың орнына кіші қажылық қылуға әмір етті. Бұл оларға ауыр тиіп: «Я Расулулла, үлкен қажылыққа (ниет етіп) киіп келген ихрамды шешіп, кіші қажылыққа қайтадан кию мүмкін бе?», - десті. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Қажылық уақытында не нәрсеге рұқсат етілген болса,, соның барлығын істеуге болады», - деп жауап берді.

636- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ الْمُثَنَّى حَدَّثَنَا عُذْرٌ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ قَيْسِ بْنِ مُسْلِمٍ عَنْ طَارِقِ بْنِ شِهَابٍ عَنْ أَبِي مُوسَى رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ قَدِمْتُ عَلَى النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَأَمَرَهُ بِالْحِلِّ

636- Әбу Мұса (р.а.): «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдына келдім, ихрамды шешуді бұйырды», - деді.

637- حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ قَالَ حَدَّثَنِي مَالِكٌ ح وَ حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ نَافِعٍ عَنْ ابْنِ عُمَرَ عَنْ حَفْصَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمْ زَوْجِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنَّهَا قَالَتْ يَا رَسُولَ اللَّهِ مَا شَأْنُ النَّاسِ حَلُّوا بِعُمْرَةٍ وَلَمْ تَحِلِّ أَنْتَ مِنْ عُمْرَتِكَ قَالَ إِنِّي لَبَدْتُ رَأْسِي وَقَلَدْتُ هَذِي فَلَا أَحِلُّ حَتَّى أُحْرَرَ

637- Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) зайыбы Хафса анамыз (р.а.) риуаят етті: «Я Расулулла, адамдар неге кіші қажылық қылып ихрамдарын шешуде, ал сіз шешпедіңіз?», - деп сұрадым. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Мен шашымды қозғалмайтын қылып жабыстырып алғанмын, және құрбандықты да атап қойғанмын. Сол үшін құрбандығымды шалмай тұрып ихрамды шешпеймін», - деді.

638- حَدَّثَنَا آدَمُ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ أَخْبَرَنَا أَبُو جَمْرَةَ نَصْرُ بْنُ عِمْرَانَ الضُّبَعِيُّ قَالَ تَمَعْتُ فَنَهَانِي نَاسٌ فَسَأَلْتُ ابْنَ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا فَأَمَرَنِي فَرَأَيْتُ فِي الْمَنَامِ كَأَنَّ رَجُلًا يَقُولُ لِي حَجٌّ مَبْرُورٌ وَعُمْرَةٌ مُتَقَبَّلَةٌ فَأَخْبَرْتُ ابْنَ عَبَّاسٍ فَقَالَ سَنَةَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ لِي أَقِمْ عِنْدِي فَأَجْعَلَ لَكَ سَهْمًا مِنْ مَالِي قَالَ شُعْبَةُ فَقُلْتُ لِمَ فَقَالَ لِلرُّؤْيَا الَّتِي رَأَيْتُ

638- Әбу Жамра Наср ибн Имран риуаят етті: «Мен үлкен қажылық пен кіші қажылық қылуға рұқсат алған едім. Бірақ менің бұлай етуімді адамдар құп көрмеді. Сонда бұл туралы Ибн Аббастан (р.а.) сұрадым. Ол кісі қажылығымды жалғастыра беруімді бұйырды. Кейін, түс көрдім. Түсімде бір кісі маған: «Шын ниетпен қылған қажылығын мен қабыл болған кіші қажылығын құтты болсын!»,- деді. Мен көрген түсімді Ибн Аббасқа (р.а.) айтып бердім. Ол кісі: «Бұл, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сүннеттерін мүлтіксіз орындағаның үшін»,- деді. Кейін және былай деді: «Менің қасымда бол мен саған өз малымнан үлес бөліп берейін!»,- деді. Шуғба менен: «Неге бұлай етті?»,- деп сұрады. Мен: «Көрген түсімнің құрметіне»,- дедім.

639- حَدَّثَنَا أَبُو نُعَيْمٍ حَدَّثَنَا أَبُو شِهَابٍ قَالَ قَدِمْتُ مُمْتَعًا مَكَّةَ بِعُمْرَةٍ فَدَخَلْنَا قَبْلَ التَّرْوِيَةِ بِثَلَاثَةِ أَيَّامٍ فَقَالَ لِي أَنَسٌ مِنْ أَهْلِ مَكَّةَ تَصِيرُ الْآنَ حَجَّكَ مَكِّيَّةً فَدَخَلْتُ عَلَى عَطَاءٍ أَسْتَفْتِيهِ فَقَالَ حَدَّثَنِي جَابِرُ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّهُ حَجَّ مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَوْمَ سَاقِ الْبُنْدِ مَعَهُ وَقَدْ أَهْلُوا بِالْحَجِّ مُفْرَدًا فَقَالَ لَهُمْ أَجْلُوا مِنْ إِحْرَامِكُمْ بِطَوَافِ الْبَيْتِ وَبَيْنَ الصَّفَا وَالْمَرْوَةِ وَقَصِّرُوا ثُمَّ أَقِيمُوا حَلَالًا حَتَّى إِذَا كَانَ يَوْمُ التَّرْوِيَةِ فَأَهْلُوا بِالْحَجِّ وَاجْعَلُوا الَّتِي قَدِمْتُمْ بِهَا مِثْعَةً فَقَالُوا كَيْفَ نَجْعَلُهَا مِثْعَةً وَقَدْ سَمَّيْنَا الْحَجَّ فَقَالَ أَفْعَلُوا مَا أَمَرْتُمْ فَلَوْلَا أَنِّي سَفَتُ الْهَدْيَ لَفَعَلْتُ مِثْلَ الَّذِي أَمَرْتُمْ وَلَكِنْ لَا يَحِلُّ مِنِّي حَرَامٌ حَتَّى يَبْلُغَ الْهَدْيُ مَحَلَّهُ فَفَعَلُوا قَالَ أَبُو عَبْدِ اللَّهِ أَبُو شِهَابٍ لَيْسَ لَهُ مُسْنَدٌ إِلَّا هَذَا

639- Әбу Шиһаб (р.а.) риуаят етті: «Кіші қажылық қылғаннан соң Меккеге келдім. Тарвия күнінен үш күн бұрын Меккеге кіріп келдік. Сонда, кей меккеліктер маған: «Қылған қажылығыңның сауабы Меккеліктер қылған қажылықтың сауабына ие»,- деді. Мен Ғатаның (р.а.) алдына пәтуа сұрап

кiрдiм. Сонда Ғата (р.а.): «Маған Жәбир ибн Абдулла Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бiрге бiр күн бойы бiрге қой жетектеп қажылық қылғанын айтып берген едi. «Сонда Жәбир маған айтқан едi. Әркiм қажылыққа өзiнше тәлбия айтты. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сахабаларға: «Қағбаны тәуеп етiп, Сафа мен Мәруа аралығында саби етiп болғаннан соң, ихрамдарыңды шешiп, шаштарыңды қысқартыңдар, тәрвия күнiне дейiн ихрам кимендер, кейiн қажылыққа тәлбия айтып, алғашқы iстегендерiңнiң барлығын қайтадан орындаңдар!», - дедi. Сонда сахабалар: «Не үшiн қайтадан орындаймыз, бiз қажылық қыламыз деп қойдық қой?!», - дестi. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Айтқанымды қылыңдар! Егерде құрбандық жетектеп келмегенiмде, өзiмде солай iстеген болар едiм. Бiрақ мен атаған құрбандығымды шалмай ихрамымды шешпеймiн», - дедi. Содан соң сахабалар Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) әмiрлерiне бойұсынып, айтқандарын орындады».

640- حَدَّثَنَا قُتَيْبَةُ بْنُ سَعِيدٍ حَدَّثَنَا حَجَّاجُ بْنُ مُحَمَّدٍ الْأَعْمُرِيُّ عَنْ شُعْبَةَ عَنْ عَمْرِو بْنِ مُرَّةَ عَنْ سَعِيدِ بْنِ الْمُسَيَّبِ قَالَ اخْتَلَفَ عَلِيٌّ وَعُثْمَانُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا وَهُمَا بَعُسْفَانَ فِي الْمُتْعَةِ فَقَالَ عَلِيٌّ مَا تُرِيدُ إِلَّا أَنْ تَنْهَى عَنْ أَمْرِ فَعَلَهُ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَلَمَّا رَأَى ذَلِكَ عَلِيٌّ أَهْلًا بِهِمَا جَمِيعًا

640- Сағид ибн Мусайиаб (р.а.) риуаят еттi: «Әли мен Осман (р.а.) Усфан деген жерде *мугға*¹⁰³ жайлы тартысып қалды. Хазретi Әли (р.а.): «Бiр жола үлкен қажылықпен кiшi қажылықты орындауға тиым салуың арқылы сен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сүннеттерiне қарсы шыққан боласың», - дедi-да, оның сөзiне мән бермей, бiр уақыттың өзiнде үлкен қажылық пен кiшi қажылыққа бiрдей тәлбия айтты», - дедi.

35-бап. Қажылыққа тәлбия айтып қойған кiсi жайында

641- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ حَدَّثَنَا حَمَّادُ بْنُ زَيْدٍ عَنْ أَيُّوبَ قَالَ سَمِعْتُ مُجَاهِدًا يَقُولُ حَدَّثَنَا جَابِرُ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ قَدِمْنَا مَعَ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَنَحْنُ نَقُولُ لَيْبِكَ اللَّهُمَّ لَيْبِكَ بِالْحَجِّ فَأَمَرَنَا رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَجَعَلْنَاهَا عُمْرَةً

641- Жәбир ибн Абдулла (р.а.) риуаят еттi: «Бiз Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бiрге Меккеге «Ләббайка-л-лаһумма ләббайка би-л-хажжи», - деп

¹⁰³ Мугға – Таматтғ қажылық.

талбия айтып келдік. Бірақ Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бізге бұйрық беріп еді, біз үлкен қажылықтың орнына кіші қажылық еттік»,- деді.

36-бап. Таматтуғ жайында

642- حَدَّثَنَا مُوسَى بْنُ إِسْمَاعِيلَ حَدَّثَنَا هَمَّامٌ عَنْ قَتَادَةَ قَالَ حَدَّثَنِي مُطَرِّفٌ عَنْ
عِمْرَانَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ تَمَتَّعْنَا عَلَى عَهْدِ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ
فَنَزَلَ الْقُرْآنُ قَالَ رَجُلٌ بِرَأْيِهِ مَا شَاءَ

642- Имран (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) заманында таматтуғ қылдық. Оның дұрыстығы туралы аятта нәзіл болды. Бір кісі бір уақытта өзім білемшілік қылып, аузына келгенін айтқан болатын. (яғни, таматтуғ қылуды дұрыс емес деген еді)».

37-бап. Алла тағала: «Бұл үйі Мәсжид ул Харамның маңында болмағандар үшін!¹⁰⁴»,- деді.

قَوْلِ اللَّهِ تَعَالَى ذَلِكَ لِمَنْ لَمْ يَكُنْ أَهْلَهُ حَاضِرِي الْمَسْجِدِ الْحَرَامِ وَقَالَ أَبُو كَامِلٍ
فُضَيْلُ بْنُ حُسَيْنِ الْبَصْرِيُّ حَدَّثَنَا أَبُو مَعَشَرَ الْبَرَاءُ حَدَّثَنَا عُثْمَانُ بْنُ غِيَاثٍ عَنْ
عِكْرَمَةَ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّهُ سُئِلَ عَنْ مُتْعَةِ الْحَجِّ فَقَالَ أَهْلُ
الْمُهَاجِرُونَ وَالْأَنْصَارُ وَأَزْوَاجُ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي حَجَّةِ الْوَدَاعِ
وَأَهْلَانَا فَلَمَّا قَدِمْنَا مَكَّةَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ اجْعَلُوا إِهْلَاكُكُمْ بِالْحَجِّ
عُمْرَةً إِلَّا مَنْ قَدَّ الْهَدْيَ فَطُفْنَا بِالْبَيْتِ وَبِالصَّفَا وَالْمَرْوَةِ وَأَتَيْنَا النَّسَاءَ وَابْسْنَا
النِّيَابَ وَقَالَ مَنْ قَدَّ الْهَدْيَ فَإِنَّهُ لَا يَحِلُّ لَهُ حَتَّى يَبْلُغَ الْهَدْيُ مَحَلَّهُ ثُمَّ أَمَرْنَا عَشِيَّةَ
التَّرْوِيَةِ أَنْ نُهَلَ بِالْحَجِّ إِذَا فَرَعْنَا مِنَ الْمَنَاسِكِ جِنًّا فَطُفْنَا بِالْبَيْتِ وَبِالصَّفَا
وَالْمَرْوَةِ فَقَدْ تَمَّ حَجُّنَا وَعَلَيْنَا الْهَدْيُ كَمَا قَالَ اللَّهُ تَعَالَى فَمَا اسْتَيْسَرَ مِنَ الْهَدْيِ
فَمَنْ لَمْ يَجِدْ فَصِيَامُ ثَلَاثَةِ أَيَّامٍ فِي الْحَجِّ وَسَبْعَةٍ إِذَا رَجَعْتُمْ إِلَى أَصْوَاطِكُمْ الشَّاهُ
تَجْزِي فَجَمَعُوا نُسُكَيْنِ فِي عَامٍ بَيْنَ الْحَجِّ وَالْعُمْرَةِ فَإِنَّ اللَّهَ تَعَالَى أَنْزَلَهُ فِي كِتَابِهِ
وَسَنَّهُ نَبِيُّهُ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَأَبَاحَهُ لِلنَّاسِ غَيْرَ أَهْلِ مَكَّةَ قَالَ اللَّهُ ذَلِكَ لِمَنْ لَمْ

¹⁰⁴ 2. «әл-Бақара», 196 аят.

يَكُنْ أَهْلُهُ حَاضِرِي الْمَسْجِدِ الْحَرَامِ وَأَشْهُرُ الْحَجِّ الَّتِي ذَكَرَ اللَّهُ تَعَالَى فِي كِتَابِهِ
شَوَّالٍ وَدُو الْقَعْدَةِ وَدُو الْحِجَّةِ فَمَنْ تَمَتَّعَ فِي هَذِهِ الْأَشْهُرِ فَعَلَيْهِ دَمٌ أَوْ صَوْمٌ
وَالرَّقْتُ الْجِمَاعُ وَالْفُسُوقُ الْمَعَاصِي وَالْجِدَالُ الْمِرَاءُ

Икрина (р.а.) риуаят етті. «Ибн Аббастан (р.а.) қажылық мутғасы¹⁰⁵ жайында сұрағанында, ол кісі былай деп жауап берді: «Мухажирлар, ансарлар және Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) зайыбтары Хажжат ул-Удағта қажылыққа ихрам киді, бізде қажылыққа тәлбия айттық. Меккеге келгенімізде, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Құрбандық алып келгендерден басқаларын түгелдей үлкен қажылыққа қалып келген ниеттеріңді өзгертіп, кіші қажылыққа тәлбия айтыңдар!», - деді. Біз Қағбаны тәуеп етіп, Сафа мен Мәруаның арасын сағи қылдық та содан соң әйелдеріміздің жанына келдік те, киімдерімізді киіп алдық. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кімде-кім атап алып келген құрбандығын құрбандық шалатын жерге апарып шалмағанынша ихрамын шешпесін!», - деді. Кейіннен, бізге Тәруия¹⁰⁶ түнінде үлкен қажылыққа тәлбия айтуымызды бұйырды. Біз қажылықтың шарттарын орындағанымыздан кейін, Қағбаны тәуеп етіп, Сафа мен Мәруаның арасында сағи қылдық. Сөйтіп қажылықты тамам қылдық. Тек қана құрбандыққа атаған жанды малымызды сою ғана қалған еді. Алла тағала бұйырғандай, « ... Егер біреу құрбандық таба алмаған болса, қажылықта үш күн, үйге қайтып келгеннен соң жеті күн барлығы он күн ораза ұстайды¹⁰⁷ ». Құрбандық шалғанға бір қой жеткілікті. Бір жылда екі белгіні – үлкен және кіші қажылықты орындандар! Өйткені, Алла тағала бұл жайында өзінің Кітабында нәзіл қылған және бұл Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сүннеті! Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Меккенің тұрғындарынан басқа кісілерге шектеусіз қажылық қылуға рұқсат берген. Алла тағала: «Бұл үкім – Масжид ул-Харамның маңайында тұрмайтындар үшін!¹⁰⁸», - деді. Алла тағала айтқан қажылық айлары: Шәууәл, Зұлқағда және Зұлхижжа. Кімде-кім осы айларда қажылық нәсіп болса, қан шығаруы (құрбандық шалуы) немесе оның орнына ораза ұстауы ләзім болады. Бұдан басқа қажылықтың уақытында жаман сөздерді айтпауы, әйелге жақындамауы, бұзықшылық қылмауы және жанжалдаспаулары керек».

¹⁰⁵ Мутға – Таматтуғ қажылығы. (яғни, үлкен және кіші қажылықты бірге орындау),

¹⁰⁶ Тәруия – Зұлхижжа айының сегізінші күні.

¹⁰⁷ 2. «әл-Бақара», 196 аят.

¹⁰⁸ 2. «әл-Бақара», 196 аят.

38-бап. Меккеге кірерде ғұсыл қылу туралы

643- حَدَّثَنِي يَعْقُوبُ بْنُ إِبْرَاهِيمَ حَدَّثَنَا ابْنُ عَلِيَّةَ أَخْبَرَنَا أَيُّوبُ عَنْ نَافِعٍ قَالَ كَانَ ابْنُ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا إِذَا دَخَلَ أَدْنَى الْحَرَمِ أَمْسَكَ عَنِ التَّلْبِيَةِ ثُمَّ بَيَّتُ بِذِي طَوَى ثُمَّ يُصَلِّي بِهِ الصُّبْحَ وَيَغْتَسِلُ وَيُحَدِّثُ أَنَّ نَبِيَّ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ يَفْعَلُ ذَلِكَ

643- Нафиғ (р.а.) риуаят етті: «Ибн Омар (р.а.) Меккеге кіретін болса, тәлбия айтудан тоқтап, Зу Туан деген жерге жатып қалатын еді. Ертеніне осы жерде таң намазын оқып, ғұсыл құынатын еді. Пайғамбарымызда (с.ғ.с.) солай істейтін еді», - деді.

39-бап. Меккеге күндізгі немесе түнгі мезгілде кіру жайында

النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِذِي طَوَى حَتَّى أَصْبَحَ ثُمَّ دَخَلَ مَكَّةَ وَكَانَ ابْنُ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا يَفْعَلُهُ

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Зу Таванда таңды атырып, содан соң Меккеге кірді. Ибн Омарда (р.а.) солай ететін еді.

644- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ حَدَّثَنَا يَحْيَى عَنْ عُبَيْدِ اللَّهِ قَالَ حَدَّثَنِي نَافِعٌ عَنْ ابْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ بَاتَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِذِي طَوَى حَتَّى أَصْبَحَ ثُمَّ دَخَلَ مَكَّةَ وَكَانَ ابْنُ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا يَفْعَلُهُ

644- Нафиғ (р.а.) риуаят етті. «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Зу Таванда қалып, таң атырды, содан соң Меккеге кірді. Ибн Омарда (р.а.) солай қылатын еді», - деді.

40-бап. Меккеге қай тараптан кіреді?

645- حَدَّثَنَا إِبْرَاهِيمُ بْنُ الْمُنْذِرِ قَالَ حَدَّثَنِي مَعْنُ قَالَ حَدَّثَنِي مَالِكٌ عَنْ نَافِعٍ عَنْ ابْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَدْخُلُ مِنَ النَّبِيَّةِ الْعُلْيَا وَيَخْرُجُ مِنَ النَّبِيَّةِ السُّفْلَى

645- Ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Меккеге Санийат ул-Улиа (Меккенің жоғарғы жағындағы жол) арқылы кіріп,

Санийят ус-Суфла (Меккенің төмен жағындағы жол) арқылы Меккеден шығып кететін еді»,- деді.

41-бап. Меккенің қайсы жағынан шығады?

646- حَدَّثَنَا مُسَدَّدُ بْنُ مُسْرَهْدٍ الْبَصْرِيُّ حَدَّثَنَا يَحْيَى عَنْ عُبَيْدِ اللَّهِ عَنْ نَافِعِ عَنْ ابْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ دَخَلَ مَكَّةَ مِنْ كَدَاءٍ مِنَ النَّبِيَّةِ الْعُلْيَا الَّتِي بِالْبَطْحَاءِ وَخَرَجَ مِنَ النَّبِيَّةِ السُّفْلَى قَالَ أَبُو عَبْدِ اللَّهِ كَانَ يُقَالُ هُوَ مُسَدَّدٌ كَأَسْمِهِ قَالَ أَبُو عَبْدِ اللَّهِ سَمِعْتُ يَحْيَى بْنَ سَعِيدٍ يَقُولُ لَوْ أَنَّ مُسَدَّدًا أَتَيْتُهُ فِي بَيْتِهِ فَحَدَّثْتُهُ لَأَسْتَحِقَّ ذَلِكَ وَمَا أَبَالِي كُنْتِي كَأَنْتِ عِنْدِي أَوْ عِنْدَ مُسَدَّدٍ

646- Ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Меккеге Кадоь деген жер арқылы, Батхадағы Санийят ул-Улиа жолын бойлап кіретін еді. Ал қайтқанда, Санийят ус-Суфла жолы арқылы шығып кететін еді»,- деді. Имам Бұхарий риуаят етті: «Оның есімі Мусаддад (яғни, тура, дұрыс сөйлеуші, шыншыл) еді. Яһя ибн Саьид Яһя ибн Муғийнға былай деп айтқан екен: «Мен Мусаддадтың үйіне барсам, хадис айтып беретін едім. Ол бұған өте лайықты адам еді. Қағазға көшіріліп қойылған хадистер менде тұрады ма әлде онда тұрады ма, мен үшін оның парқы жоқ еді. (оған имандай сенетін едім)»,- деді.

647- حَدَّثَنَا الْحُمَيْدِيُّ وَمُحَمَّدُ بْنُ الْمُثَنَّى قَالَا حَدَّثَنَا سُفْيَانُ بْنُ عُيَيْنَةَ عَنْ هِشَامِ بْنِ عُرْوَةَ عَنْ أَبِيهِ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَمَّا جَاءَ إِلَى مَكَّةَ دَخَلَ مِنْ أَعْلَاهَا وَخَرَجَ مِنْ أَسْفَلِهَا

647- Айша анамыз (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Меккеге келгенінде оның жоғарғы жағынан кіріп, (қайтқанда) төменгі жағынан шықты»,- деді. Айша анамыз (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Мекке алынған жылы қалаға Када жағынан кіріп, оның жоғарғы жағындағы Кудадан шықты»,- деді.

648- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ غَيْلَانَ الْمَرْوَزِيُّ حَدَّثَنَا أَبُو أُسَامَةَ حَدَّثَنَا هِشَامُ بْنُ عُرْوَةَ عَنْ أَبِيهِ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ دَخَلَ عَامَ الْفَتْحِ مِنْ كَدَاءٍ وَخَرَجَ مِنْ كَدَاءٍ مِنْ أَعْلَى مَكَّةَ

648- Хишам (р.а.): «Ғұруа екеуімен де яғни, Кададан да, Кудадан да кіре беретін еді. Бірақ көбінесе үйіне жақынырақ болған Кададан кіретін»,- деді.

649- حَدَّثَنَا أَحْمَدُ حَدَّثَنَا ابْنُ وَهْبٍ أَخْبَرَنَا عَمْرُو عَنْ هِشَامِ بْنِ عُرْوَةَ عَنْ أَبِيهِ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ دَخَلَ عَامَ الْفَتْحِ مِنْ كَدَاءٍ أَعْلَى مَكَّةَ قَالَ هِشَامٌ وَكَانَ عُرْوَةُ يَدْخُلُ عَلَى كِلَيْهِمَا مِنْ كَدَاءٍ وَكَدًّا وَأَكْثَرُ مَا يَدْخُلُ مِنْ كَدَاءٍ وَكَانَتْ أَقْرَبَهُمَا إِلَى مَنْزِلِهِ

649- Хишам (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Мекке алынған жылы қалаға жоғарғы жағындағы Кададан кірді. Ғұруа да көбінесі Кададан кіретін еді. Өйткені ол үйлеріне жақынырақ болатын»,- деді.

حَدَّثَنَا مُوسَى حَدَّثَنَا وَهَيْبٌ حَدَّثَنَا هِشَامٌ عَنْ أَبِيهِ دَخَلَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَامَ الْفَتْحِ مِنْ كَدَاءٍ وَكَانَ عُرْوَةُ يَدْخُلُ مِنْهُمَا كِلَيْهِمَا وَكَانَ أَكْثَرَ مَا يَدْخُلُ مِنْ كَدَاءٍ أَقْرَبَهُمَا إِلَى مَنْزِلِهِ قَالَ أَبُو عَبْدِ اللَّهِ كَدَاءٌ وَكَدًّا مَوْضِعَانِ

Хишам (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Мекке алынған жылы қалаға Када арқылы кірді. Ал Ғұруа екеуімен де яғни, Кададан да, Кудадан да кіре беретін еді. Бірақ көбінесе үйіне жақынырақ болған Кададан кіретін»,- деді.

Имам Бұхарий: «Када мен Куда басқа жер»,- деді.

42-бап. Мекке мен оның құрлысының артықшылықтары туралы

وَقَوْلِهِ تَعَالَى وَإِذْ جَعَلْنَا الْبَيْتَ مَثَابَةً لِّلنَّاسِ وَأَمْنَا وَاتَّخِذُوا مِنْ مَّقَامِ إِبْرَاهِيمَ مُصَلًّى وَعَهِدْنَا إِلَى إِبْرَاهِيمَ وَإِسْمَاعِيلَ أَنْ طَهِّرَا بَيْتِيَ لِلطَّائِفِينَ وَالْعَاكِفِينَ وَالرُّكَّعِ السُّجُودِ وَإِذْ قَالَ إِبْرَاهِيمُ رَبِّ اجْعَلْ هَذَا بَلَدًا آمِنًا وَارْزُقْ أَهْلَهُ مِنَ الثَّمَرَاتِ مَنْ آمَنَ مِنْهُمْ بِاللَّهِ وَالْيَوْمِ الْآخِرِ قَالَ وَمَنْ كَفَرَ فَأُمْتِّعُهُ قَلِيلًا ثُمَّ أَضْطَرُّهُ إِلَى عَذَابِ النَّارِ وَبِئْسَ الْمَصِيرُ وَإِذْ يَرْفَعُ إِبْرَاهِيمُ الْقَوَاعِدَ مِنَ الْبَيْتِ وَإِسْمَاعِيلُ رَبَّنَا تَقَبَّلْ مِنَّا إِنَّكَ أَنْتَ السَّمِيعُ الْعَلِيمُ رَبَّنَا وَاجْعَلْنَا مُسْلِمِينَ لَكَ وَمِنْ ذُرِّيَّتِنَا أُمَّةٌ مُسْلِمَةٌ لَكَ وَآرْنَاكَ مَنَاسِكَنَا وَنَبِّئْنَا عَنَّا إِنَّكَ أَنْتَ التَّوَّابُ الرَّحِيمُ

Бұл туралы Алла тағала: «Сол уақытта үйді (Қағбаны) адам баласы үшін орталық әрі бейбітшілік орны етіп жасадық. Ыбрайым (ғ.с.) ның

орнынан намаз орны қылып алыңдар. Және Ыбрайым, Ысмайыл (ғ.с.) екеуінен: «Үйімді (Кағбаны) тауап етушілер, ғибадатқа, отырушылар және рүкуғ, сәжде қылушылар үшін тап-таза ұстандар»,- деп уәде алғанбыз¹⁰⁹»,- деді.

Сол кезде Ыбрайым (ғ.с.): «Раббым! Бұны бір тыныш қала қыла гөр! Және оның тұрғындарынан кім Аллаға, ахирет күніне иман келтірсе, әртүрлі өнімдермен ризықтандыр»,- деп жалбарынды. (Раббы): «Кім қарсы болса, оны да аз (күнгі дүниеде) пайдаландырамын, сонан соң оны (ақиретте) от азабына зорлаймын. Ол, барар орынның жаманы¹¹⁰»,- деді.

Сол уақытта Ыбрайым мен Ысмайыл (ғ.с.) үйдің (Кағбаның) ірге тасын көтере: «Бізден қабыл айла, күдіксіз Сен тілекті тым естуші, толық білушісің. Раббымыз, екеумізді де өзіңе бойұсынушы қыл, ұрпақтарымыздан да өзіңе бой ұсынушы бір үммет қыла көр, әрі бізге хаж ғамалдарымызды көрсетіп, тәубелерімізді қабыл айла, әлбетте, Сен өзің тәубені қабыл етуші, ерекше мейрімдісің!¹¹¹»,- десті.

652- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مُحَمَّدٍ حَدَّثَنَا أَبُو عَاصِمٍ قَالَ أَخْبَرَنِي ابْنُ جُرَيْجٍ قَالَ أَخْبَرَنِي عَمْرُو بْنُ دِينَارٍ قَالَ سَمِعْتُ جَابِرَ بْنَ عَبْدِ اللَّهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ لَمَّا بُنِيَتِ الْكَعْبَةُ ذَهَبَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَعَبَّاسُ بْنُ عَبَّاسٍ يَنْقُلَانِ الْحِجَارَةَ فَقَالَ الْعَبَّاسُ لِلنَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ اجْعَلْ إِزَارَكَ عَلَيَّ رَقَبَتِكَ فَخَرَّ إِلَى الْأَرْضِ وَطَمَحَتْ عَيْنَاهُ إِلَى السَّمَاءِ فَقَالَ أُرْنِي إِزَارِي فَشَدَّهُ عَلَيْهِ

652- Жәбир ибн Абдулла (р.а.) риуаят етті: «Кағба қайтадан жөндеуден өтіп жатқанда Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) Аббас тас тасуға барды. Аббас Пайғамбарымызға (с.ғ.с.): «Изарыңды шешіп, иығыңа қойып ал!», - деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) солай істеп еді, көзі қарауытып, басы айланып шалқасынан құлап түсті. Кейін: «Изарым қане, алып беріңіз!», - деді. Изарын алып беріп еді оранып алды», - деді.

653- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مَسْلَمَةَ عَنْ مَالِكٍ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ سَالِمِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ أَنَّ عَبْدَ اللَّهِ بْنَ مُحَمَّدٍ بْنَ أَبِي بَكْرٍ أَخْبَرَ عَبْدَ اللَّهِ بْنَ عُمَرَ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمْ زَوْجَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ

¹⁰⁹ 2. «әл-Бақара», 125 аят.

¹¹⁰ 2. «әл-Бақара», 126 аят.

¹¹¹ 2. «әл-Бақара», 127-128 аяттар.

لَهَا أَلَمْ تَرِي أَنَّ قَوْمَكَ لَمَّا بَنَوْا الْكَعْبَةَ اقْتَصَرُوا عَنْ قَوَاعِدِ إِبْرَاهِيمَ فَقُلْتُ يَا رَسُولَ اللَّهِ أَلَا تَرُدُّهَا عَلَى قَوَاعِدِ إِبْرَاهِيمَ قَالَ لَوْلَا حَدَّثَانُ قَوْمِكَ بِالْكَفْرِ لَفَعَلْتُ فَقَالَ عَبْدُ اللَّهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ لَئِنْ كَانَتْ عَائِشَةُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا سَمِعَتْ هَذَا مِنْ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَا أَرَى رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ تَرَكَ اسْتِئْثَامَ الرُّكْنَيْنِ اللَّذَيْنِ يَلِيَانِ الْحَجَرَ إِلَّا أَنْ النَّبِيَّ لَمْ يُتَمِّمْ عَلَى قَوَاعِدِ إِبْرَاهِيمَ

653- Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) зайыбы Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) маған: «Қауымың Қағбаны қайтадан салғанда Ибраһим құрған ірге тасты аласартқандарын білмейсің бе?»,- деді. Мен: «Я Расулулла, Ибраһим ғ.с. құрған ірге тасты орнына келтіріп қоймайсыз ба»,- дедім. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Егерде қауымың жаңа ғана күпірліктен шықпағанда, солай еткен болар едім»,- деді. Абдулла ибн Омар (р.а.) айтты: «Егер Айша анамыз бұл хадисті Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) естіген болса, онда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) хижрдың (девор) қасындағы екі бұрышты өппеген, дей алмаймын, өйткені Қағбаның ірге тасы Ибраһимнің кезіндегідей қылып, орнына келтірілмеген»,- деді.

654- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ حَدَّثَنَا أَبُو الْأَحْوَصِ حَدَّثَنَا أَشْعَثُ عَنْ الْأَسْوَدِ بْنِ يَزِيدَ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ سَأَلْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَنْ الْجَدْرِ أَمِنْ الْبَيْتِ هُوَ قَالَ نَعَمْ قُلْتُ فَمَا لَهُمْ لَمْ يُدْخِلُوهُ فِي الْبَيْتِ قَالَ إِنَّ قَوْمَكَ قَصَّرَتْ بِهِمُ النَّقْفَةُ قُلْتُ فَمَا شَأْنُ بَابِهِ مُرْتَفِعًا قَالَ فَعَلَ ذَلِكَ قَوْمُكَ لِيُدْخِلُوا مَنْ شَاءُوا وَيَمْنَعُوا مَنْ شَاءُوا وَلَوْلَا أَنْ قَوْمَكَ حَدِيثٌ عَهْدُهُمْ بِالْجَاهِلِيَّةِ فَأَخَافُ أَنْ تُنْكَرَ فُلُوبُهُمْ أَنْ أُدْخَلَ الْجَدْرَ فِي الْبَيْتِ وَأَنْ أُلْصِقَ بَابَهُ بِالْأَرْضِ

654- Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Мен Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.): «Қағбаның қабырғасы Қағбаның бір бөлігі болып саналады ма?»,- деп сұрадым. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Иә»,- деді. Мен: «Неліктен олар қабырғаны Қағбаға қоспаған?»,- дедім. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Өйткені қауымын нәпақадан таршылық көрген»,- деді. Мен: «Есігі неліктен биікте салынған?»,- дедім. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Қауымын өздері қалаған кісілерін кіргізіп, ал қаламаған адамдарын кіргізбеу үшін солай істеген»,- деді. Егер де қауымын надандықтан шығып, қазір ғана Исламға кірмеген де ғой, ол қабырғаны бұзып, Қағбаға қосып, есігін жерге тақап, төменірек қылып қоятын едім. Бірақ олардың жүректеріне тиіп (беттерін Исламнан теріс бұрып) кетулерінен қауіптенемін»,- деді.

43-бап. Харам¹¹² мекеннің артықшылығы туралы

قَوْلِهِ تَعَالَى إِنَّمَا أُمِرْتُ أَنْ أَعْبُدَ رَبَّ هَذِهِ الْبَلَدَةِ الَّذِي حَرَّمَهَا وَلَهُ كُلُّ شَيْءٍ وَأُمِرْتُ أَنْ أَكُونَ مِنَ الْمُسْلِمِينَ وَقَوْلِهِ جَلَّ ذِكْرُهُ أَوْلَمْ تُمَكِّنْ لَهُمْ حَرَمًا آمِنًا يُجْبَى إِلَيْهِ ثَمَرَاتُ كُلِّ شَيْءٍ رِزْقًا مِنْ لَدُنَّا وَلَكِنَّ أَكْثَرَهُمْ لَا يَعْلَمُونَ

Алла тағаланың екі аят кәрімінде былай делінеді: «(Мұхаммед ғ.с.): «Шын мәнінде мен әр нәрсенің иесі, осы құрметті қаланың Раббына кұлшылық қылуға сондай-ақ Мұсылмандардан болуға бұйырылдым¹¹³», - де.

«Оларды өз жанымыздан, әр нәрсенің өнімдері несібе түрінде шоғырланатын, қастерлі де бейбіт бір жерге (Меккеге) орналастырмадық па? Бірақ олардың көбі түсінбейді¹¹⁴», - деді.

657- حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ حَدَّثَنَا جَرِيرُ بْنُ عَبْدِ الْحَمِيدِ عَنْ مَنصُورٍ عَنْ مُجَاهِدٍ عَنْ طَاوُسٍ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَوْمَ فَتْحِ مَكَّةَ إِنَّ هَذَا الْبَلَدَ حَرَمٌ لِلَّهِ لَا يُعْضَدُ شَوْكُهُ وَلَا يُنْفَرُ صَيْدُهُ وَلَا يَلْتَقِطُ لِقَطْنَتُهُ إِلَّا مَنْ عَرَفَهَا

657- Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Мекке алынған күні: «Алла тағала құрметті еткен бұл мекеннің тіпті тікенінің де жұлынбағаны, жануарларының үркітілмегені ондағы жоғалған (біреу жоғалтқан) нәрселер болса, жария қылу мақсатынан басқа оймен алынбағаны дұрыс», - деді.

44-бап. Меккедегі үйлерін мұрагерлікке беру, сату және сатып алу жайында; Харам мешітіндегілердің барлығы тең!

لِقَوْلِهِ تَعَالَى إِنَّ الَّذِينَ كَفَرُوا وَيَصُدُّونَ عَنْ سَبِيلِ اللَّهِ وَالْمَسْجِدِ الْحَرَامِ الَّذِي جَعَلْنَاهُ لِلنَّاسِ سَوَاءً الْعَاكِفُ فِيهِ وَالْبَادِ وَمَنْ يُرِدْ فِيهِ بِالْحَادِ بِظُلْمٍ نُذِقْهُ مِنْ عَذَابِ أَلِيمٍ الْبَادِي الطَّارِي مَعْكُوفًا مَحْبُوسًا

¹¹² Харам мекен – Тыйым салынған жер.

¹¹³ 27. «Нәміл», 91 аят.

¹¹⁴ 28. «Қасас», 57 аят.

Алла тағала аят кәрімінде былай дейді: «Шынында қарсы болғандарға, Алланың жолынан сондай-ақ Біз; оның тұрғындарымен шеттен келуші адамдарға тең қылған Мәсжид Харамнан тосқандарға және кім онда зұлымдықпен жолдан шығуды қаласа, оған жан түршігерлік азаптың дәмін татырамыз¹¹⁵», - деді.

658- حَدَّثَنَا أَصْبَغُ قَالَ أَخْبَرَنِي ابْنُ وَهْبٍ عَنْ يُونُسَ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ عَلِيٍّ بْنِ حُسَيْنٍ عَنْ عَمْرِو بْنِ عُثْمَانَ عَنْ أُسَامَةَ بْنِ زَيْدٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّهُ قَالَ يَا رَسُولَ اللَّهِ أَيْنَ تَنْزَلُ فِي دَارِكَ بِمَكَّةَ فَقَالَ وَهَلْ تَرَكَ عَقِيلٌ مِنْ رِبَاعٍ أَوْ دُورٍ وَكَانَ عَقِيلٌ وَرَثَ أَبَا طَالِبٍ هُوَ وَطَالِبٌ وَلَمْ يَرِثْهُ جَعْفَرٌ وَلَا عَلِيٌّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا شَيْئًا لِأَنَّهُمَا كَانَا مُسْلِمَيْنِ وَكَانَ عَقِيلٌ وَطَالِبٌ كَافِرَيْنِ فَكَانَ عَمْرٌ بْنُ الْخَطَّابِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ يَقُولُ لَا يَرِثُ الْمُؤْمِنُ الْكَافِرَ قَالَ ابْنُ شِهَابٍ وَكَانُوا يَتَأَوَّلُونَ قَوْلَ اللَّهِ تَعَالَى إِنَّ الَّذِينَ آمَنُوا وَهَاجَرُوا وَجَاهَدُوا بِأَمْوَالِهِمْ وَأَنْفُسِهِمْ فِي سَبِيلِ اللَّهِ وَالَّذِينَ آوَوْا وَنَصَرُوا أُولَئِكَ بَعْضُهُمْ أَوْلِيَاءُ بَعْضِ الْآيَةِ

658- Усама ибн Зәйд (р.а.) риуаят етті: «Мен Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.): «Я Расулулла, қай жерге түсесіз Меккедегі аулаңызға ма?»,- деп сұрадым. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ақил бізге бірер аула немесе үй қалдырды ма екен?»,- деді. Ақил мен Талиб аталары Әбу Талибтен мұра алған болып, Жағфар мен Әли болса, ешқандай мұрагерлік алмаған еді. Өйткені олар мұсылман болып, ал Ақил мен Талиб кәпір болатын. Омар ибн Хаттаб (р.а.): «Мұьмин кәпірден мұра алмайды»,- дейтін. Ибн Шиһаб Зухрий: «Олар Алла тағаланың «Шынында иман келтіргендер, отандарынан ауғандар, және малдарымен жандарымен Алла жолында соғысқандар, сондай-ақ босқындарды орналастырып, көмек еткендер, міне бұлар бір-бірінің досы», - деген сөзіне амал ететін еді¹¹⁶», - деді.

45-бап. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) Меккеге түсуі туралы

659- حَدَّثَنَا أَبُو الْيَمَانِ أَخْبَرَنَا شُعَيْبٌ عَنْ الزُّهْرِيِّ قَالَ حَدَّثَنِي أَبُو سَلْمَةَ أَنَّ أَبَا هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ حِينَ أَرَادَ فُؤُومَ مَكَّةَ مَنَزَلْنَا عَدَاً إِنَّ شَاءَ اللَّهُ بِخَيْفِ بَنِي كِنَانَةَ حَيْثُ تَقَاسَمُوا عَلَى الْكُفْرِ

¹¹⁵ 22. «Хаж», 25 аят.

¹¹⁶ 8. «Әнфал», 72 аят.

659- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Меккеге бармақшы болғанында: «Құдай қаласа, ертең Бәний Кинана кәпірлер бір-біріне ант еткен жерге – Хайфқа барамыз!», - дейтін.

660- حَدَّثَنَا الْحُمَيْدِيُّ حَدَّثَنَا الْوَلِيدُ حَدَّثَنَا الْوَزَاعِيُّ قَالَ حَدَّثَنِي الزُّهْرِيُّ عَنْ أَبِي سَلَمَةَ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مِنْ الْعَدِ يَوْمَ النَّحْرِ وَهُوَ بِمِئَى نَحْنُ نَازِلُونَ عَدَاً بِخَيْفِ بَنِي كِنَانَةَ حَيْثُ تَقَاسَمُوا عَلَى الْكُفْرِ يَعْنِي ذَلِكَ الْمُحَصَّبَ وَذَلِكَ أَنَّ فُرَيْشًا وَكِنَانَةَ تَحَالَفَتْ عَلَى بَنِي هَاشِمٍ وَبَنِي عَبْدِ الْمُطَّلِبِ أَوْ بَنِي الْمُطَّلِبِ أَنْ لَا يُنَاكِحُوهُمْ وَلَا يُبَايَعُوهُمْ حَتَّى يُسَلِّمُوا إِلَيْهِمُ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَقَالَ سَلَامَةٌ عَنْ عَقِيلٍ وَيَحْيَى بْنِ الضَّحَّاكِ عَنْ الْوَزَاعِيِّ أَخْبَرَنِي ابْنُ شِهَابٍ وَقَالَ بَنِي هَاشِمٍ وَبَنِي الْمُطَّلِبِ قَالَ أَبُو عَبْدِ اللَّهِ بَنِي الْمُطَّلِبِ أَشْبَهُهُ

660- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Минада болғанында: «Ертең Наһр күні (құрбан шалатын күн) Бәний Кинананың Хайфиға – олар кәпірлікке садоқат білдіріп, ант еткен жерге барамыз», - деді. Сонда ол кісі Мухассабаты (Минадаға тас ататын жерді) айтты. Сол жерде Құрайыш пен Кинана тайпалары Бәний Хишам мен Бәний Абд ул-Муталлиб (немесе Баний ул-Муталлиб) тайпаларына Мұхаммедті (с.ғ.с.) ұстап тапсырмағандарына дейін өз ара қыз алыс-беріс және сауда-саттық қылмауға ант ішіскен болатын».

46-бап.

قَوْلَ اللَّهِ تَعَالَى وَإِذْ قَالَ إِبْرَاهِيمُ رَبِّ اجْعَلْ هَذَا الْبَلَدَ آمِنًا وَاجْنُبْنِي وَبَنِيَّ أَنْ نَعْبُدَ الْأَصْنَامَ رَبِّ إِنَّهُمْ أَضَلُّنَّ كَثِيرًا مِنْ النَّاسِ فَمَنْ تَبِعَنِي فَإِنَّهُ مِنِّي وَمَنْ عَصَانِي فَإِنَّكَ غَفُورٌ رَحِيمٌ رَبَّنَا إِنِّي أَسْكَنْتُ مِنْ دُرِّيَّتِي بَوَادِ غَيْرِ ذِي زَرْعٍ عِنْدَ بَيْتِكَ الْمُحَرَّمِ رَبَّنَا لِيُقِيمُوا الصَّلَاةَ فَاجْعَلْ أَفْئِدَةً مِنَ النَّاسِ تَهْوِي إِلَيْهِمُ الْآيَةَ

Алла тағала екі аят кәрімінде былай дейді: «Ыбрайым (ғ.с.): «Раббым! Осы Мекке қаласын бейбіт қыл! Мені және ұлдарымды бұттарға шоқынудан ұзақ қыл! Раббым олар, адамдардың көбін адастырды. Ал енді біреу маған ерсе, рас ол менен. Тағы біреу қарсы келсе, онда Сен өте жарылқаушы, ерекше мейірімдісің». Раббымыз! Ұрпақтарымының кейбірін егінсіз ойпатқа, құрметті үйін (Қағба) ның жанына

орналастырдым. Раббымыз! Олар намазды оқитын болсын! Енді адамдардың көңілдерін оларға ауатын қыл!¹¹⁷».

47-бап.

قَوْلِ اللَّهِ تَعَالَى جَعَلَ اللَّهُ الْكَعْبَةَ الْيَبِيتَ الْحَرَامَ قِيَامًا لِلنَّاسِ وَالشَّهْرَ الْحَرَامَ وَالْهَدْيَ وَالْقَائِدَ ذَلِكَ لَتَعْلَمُوا أَنَّ اللَّهَ يَعْلَمُ مَا فِي السَّمَوَاتِ وَمَا فِي الْأَرْضِ وَأَنَّ اللَّهَ بِكُلِّ شَيْءٍ عَلِيمٌ

Алла тағала аят кәрімінде былай дейді: «Алла тағала құрметті үй Кағбаны, адам баласы үшін тұрақ қылды. Және құрметті айды, құрбандықты және мойнына тағылған белгілерді де. Бұл Алланың көктердегі әрі жердегі нәрселерді шынайы түрде білетіндігін және күдіксіз Алланың әр нәрсені толық білуші екендігін білулерін үшін!¹¹⁸».

661 - حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ حَدَّثَنَا زِيَادُ بْنُ سَعْدٍ عَنِ الزُّهْرِيِّ عَنْ سَعِيدِ بْنِ الْمُسَيْبِ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ يُخْرَبُ الْكَعْبَةُ دُو السُّوَيْفَيْنِ مِنَ الْحَبَشَةِ

661- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті. «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кағбаны екі аяғы (балтыры) жінішке, хабаши (эфиоптық) бұзады», - деді.

662 - حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ بُكَيْرٍ حَدَّثَنَا اللَّيْثُ عَنْ عُقَيْلٍ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ عُرْوَةَ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا ح وَحَدَّثَنِي مُحَمَّدُ بْنُ مُقَاتِلٍ قَالَ أَخْبَرَنِي عَبْدُ اللَّهِ هُوَ ابْنُ الْمُبَارَكِ قَالَ أَخْبَرَنَا مُحَمَّدُ بْنُ أَبِي حَفْصَةَ عَنْ الزُّهْرِيِّ عَنْ عُرْوَةَ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ كَانُوا يَصُومُونَ عَاشُورَاءَ قَبْلَ أَنْ يُفْرَضَ رَمَضَانُ وَكَانَ يَوْمًا تُسَنَّرُ فِيهِ الْكَعْبَةُ فَلَمَّا فَرَضَ اللَّهُ رَمَضَانَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَنْ شَاءَ أَنْ يَصُومَهُ فَلْيَصُمْهُ وَمَنْ شَاءَ أَنْ يَتْرُكَهُ فَلْيَتْرُكْهُ

662- Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Рамазан парыз болардан бұрын Мұхаррам айының оныншы күні ораза ұстайтын еді. Сол күні Кағбаға

¹¹⁷ 14. «Ибраһим», 35-37 аяттар.

¹¹⁸ 5. «Мәйида», 97 аят.

перде ұсталатын еді. Алла тағала Рамазанды парыз қылғанда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кімде-кім қаласа, осы күнде ораза ұстасын, ал кімде-кім қаламаса, ұстамасын!», - деді.

663- حَدَّثَنَا أَحْمَدُ حَدَّثَنَا أَبِي حَدَّثَنَا إِبْرَاهِيمُ عَنْ الْحَجَّاجِ بْنِ حَجَّاجٍ عَنْ قَتَادَةَ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ أَبِي عُبَيْدَةَ عَنْ أَبِي سَعِيدٍ الْخُدْرِيِّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنْ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ لِيُحَجَّزَ الْبَيْتُ وَلِيَعْتَمِرَنَّ بَعْدَ خُرُوجِ يَأْجُوجَ وَمَأْجُوجَ تَابِعَهُ أَبَانُ وَعِمْرَانُ عَنْ قَتَادَةَ وَقَالَ عَبْدُ الرَّحْمَنِ عَنْ شُعْبَةَ قَالَ لَا تَقُومُ السَّاعَةَ حَتَّى لَا يُحَجَّزَ الْبَيْتُ وَالْأَوَّلُ أَكْثَرُ سَمِعَ قَتَادَةَ عَبْدَ اللَّهِ وَعَبْدُ اللَّهِ أَبَا سَعِيدٍ

663- Әбу Саъид Худрий (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Яжуж бен Мажуж шыққаннан кейін де Қағба, әлбетте, қажылық пен тәуеп етіледі», - деді. Шуғба: «Қағба тәуеп етілмей қалғанға дейін қиямет болмайды», - деді.

48-бап. Қағбаға Қисуа¹¹⁹ кидіру жайында

664- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ عَبْدِ الْوَهَّابِ حَدَّثَنَا خَالِدُ بْنُ الْحَارِثِ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ حَدَّثَنَا وَاصِلُ الْأَحْدَبِ عَنْ أَبِي وَائِلٍ قَالَ قَالَ جُنْتُ إِلَى شَيْبَةَ ح وَحَدَّثَنَا قَبِيصَةُ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ عَنْ وَاصِلٍ عَنْ أَبِي وَائِلٍ قَالَ قَالَ جَلَسْتُ مَعَ شَيْبَةَ عَلَى الْكُرْسِيِّ فِي الْكَعْبَةِ فَقَالَ لَقَدْ جَلَسَ هَذَا الْمَجْلِسَ عُمَرُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ فَقَالَ لَقَدْ هَمَمْتُ أَنْ لَا أَدَعَ فِيهَا صَفْرَاءَ وَلَا بَيْضَاءَ إِلَّا قَسَمْتُهُ فُلْتُ إِنَّ صَاحِبَيْكَ لَمْ يَفْعَلَا قَالَ هُمَا الْمَرْءَانِ أَقْنَدِي بِهِمَا

664- Әбу Уайл риуаят етті: «Шайба екеуміз Қағбадағы орындыққа келіп отырдық. Омарда (р.а.) осы жерде отырған еді. Ол кісі: «Мен Қағбада ділдәні де күмісті де қалдырғым келмей, барлығын адамдарға бөліп бердім», - деді. (Бұл жерде адамдардың Қағбаға тастап кеткен садақалары айтылып тұр).

Сонда мен: «Сіздің екі досыңыз бұлай істемеді ғой?!», - дедім. Сонда Хазреті Омар: «Олар мен бойұсынатын кісілер», - деді.

¹¹⁹ Қисуа – Қағбаны жауып қою үшін арнайы тоқылып істелген қара түсті жамылғы.

49-бап. Қағбаның бұзып тасталуы туралы

قَالَتْ عَائِشَةُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَعْزُو جَيْشُ الْكَعْبَةِ
فِيُخَسَفُ بِهِمْ

Айша анамыз (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Бір топ әскер Қағбаға соғыс қылмақшы болады. Бірақ оларды жер жұтып жібереді»,- деп айтқан»,- деді.

665- حَدَّثَنَا عَمْرُو بْنُ عَلِيٍّ حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ سَعِيدٍ حَدَّثَنَا عُبَيْدُ اللَّهِ بْنُ الْأَخْنَسِ
حَدَّثَنِي ابْنُ أَبِي مُلَيْكَةَ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا عَنْ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ
وَسَلَّمَ قَالَ كَأَنِّي بِهِ أَسْوَدَ أَفْحَجَ يَقْلَعُهَا حَجْرًا حَجْرًا

665- Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Мен Қағбаны бұзып жатқан адамды көріп тұрғандаймын, ол қап-қара, екі аяғы маймақ адам, Қағбаның тастарын бір-бірлеп (бұзуда)»,- деді.

666- حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ بُكَيْرٍ حَدَّثَنَا اللَّيْثُ عَنْ يُوسُفَ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ سَعِيدِ بْنِ
الْمُسَيَّبِ أَنَّ أَبَا هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ
يُخَرَّبُ الْكَعْبَةَ دُو السُّوَيْفَتَيْنِ مِنَ الْحَبَشَةِ

666- Әбу Хурайра (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Қағбаны екі балтыры жіңішке, хабаши (әфиоптық) бұзады»,- деп айтты»,- деді.

50-бап. Әл-Хажар ул-Асуад – Қара тас жайында не делінген?

667- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ كَثِيرٍ أَخْبَرَنَا سُفْيَانُ عَنْ الْأَعْمَشِ عَنْ إِبْرَاهِيمَ عَنْ عَابِسِ
بْنِ رَبِيعَةَ عَنْ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّهُ جَاءَ إِلَى الْحَجَرِ الْأَسْوَدِ فَقَبَّلَهُ فَقَالَ إِنِّي
أَعْلَمُ أَنَّكَ حَجْرٌ لَا تَضُرُّ وَلَا تَنْفَعُ وَلَوْ لَا أَنِّي رَأَيْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ
يُقَبِّلُكَ مَا قَبَّلْتُكَ

667- Абис ибн Рабийға (р.а.) риуаят етті: «Омар (р.а.), Қара тасқа келіп отырды да: «Мен сенің тас екендігіңді және зияныңның да, пайдаңның да жоқ екенін білемін. Егерде Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сені сүйіп жатқанын көрмегенімде, мен де сені сүймес едім»,- деді.

51-бап. Кағбаның салынуы жайында; Кағбанң қайсы жағына қарап намаз оқуды қаласа, сол жағына қарап оқи береді

668- حَدَّثَنَا قُتَيْبَةُ بْنُ سَعِيدٍ حَدَّثَنَا اللَّيْثُ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ سَالِمٍ عَنْ أَبِيهِ أَنَّهُ قَالَ دَخَلَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ الْبَيْتَ هُوَ وَأَسَامَةُ بْنُ زَيْدٍ وَبِلَالٌ وَعُثْمَانُ بْنُ طَلْحَةَ فَأَغْلَقُوا عَلَيْهِمْ فَلَمَّا فَتَحُوا كُنْتُ أَوَّلَ مَنْ وَلَجَ فَلَقِيتُ بِلَالًا فَسَأَلْتُهُ هَلْ صَلَّى فِيهِ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ نَعَمْ بَيْنَ الْعَمُودَيْنِ الْيَمَانِيِّينَ

668- Абдулла ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.), Усама ибн Зәйд, Біләл және Усман ибн Талха Кағбаға кіріп, есігін жауып қойды. Олар есікті ашқанда мен бірінші болып ішке кірдім. Сонда, Біләлді жолықтырып: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Кағбаның ішінде намаз оқыды ма?»,- деп сұрадым. Біләл: «Иә, екі Иемений тіреудің аралығында»,- деп жауап берді»,- деді.

52-бап. Кағбада намаз оқу туралы

669- حَدَّثَنَا أَحْمَدُ بْنُ مُحَمَّدٍ أَخْبَرَنَا عَبْدُ اللَّهِ أَخْبَرَنَا مُوسَى بْنُ عُقْبَةَ عَنْ نَافِعٍ عَنْ ابْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّهُ كَانَ إِذَا دَخَلَ الْكَعْبَةَ مَشَى قِبَلَ الْوَجْهِ حِينَ يَدْخُلُ وَيَجْعَلُ الْبَابَ قِبَلَ الظَّهْرِ يَمْشِي حَتَّى يَكُونَ بَيْنَهُ وَبَيْنَ الْجِدَارِ الَّذِي قِبَلَ وَجْهِهِ قَرِيبًا مِنْ ثَلَاثِ أَدْرُعٍ فَيُصَلِّي يَتَوَخَّى الْمَكَانَ الَّذِي أَخْبَرَهُ بِلَالٌ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ صَلَّى فِيهِ وَلَيْسَ عَلَى أَحَدٍ بِأَسُّ أَنْ يُصَلِّيَ فِي أَيِّ نَوَاحِي الْبَيْتِ شَاءَ

669- Нафиғ (р.а.) риуаят етті: «Ибн Омар (р.а.), егер Кағбаға кірсе, есікті арт жағында қалдырып, тура жүретін еді де, өзі мен алдындағы қабырғаның арасында үш адымдай жер қалдырып, содан соң намаз оқитын еді. «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сол жерде намаз оқыды»,- деп Біләл көрсеткен жерді таңдайтын еді. Бірақ, Кағбаның қайсы жағына қарап намаз оқыса да ешкімге күнә болмайды»,- деді.

53-бап. Кағбаға кірмеген адам туралы

ابْنُ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا يَحُجُّ كَثِيرًا وَلَا يَدْخُلُ

Ибн Омар (р.а.) қажылықты өте көп қылатын. Бірақ та Кағбаға кірмейтін.

670- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ حَدَّثَنَا خَالِدُ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ بْنُ أَبِي خَالِدٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ أَبِي أَوْفَى قَالَ اعْتَمَرَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَطَافَ بِالْبَيْتِ وَصَلَّى خَلْفَ الْمَقَامِ رَكْعَتَيْنِ وَمَعَهُ مَنْ يَسْتُرُهُ مِنَ النَّاسِ فَقَالَ لَهُ رَجُلٌ أَدْخَلَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ الْكَعْبَةَ قَالَ لَا

670- Абдулла ибн Әбу Ауфа: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) кіші қажылық қылып, Қағбаны айналып тәуеп етті. Содан соң, Мақами Ибрахимнің артына өтіп, екі рәкат намаз оқыды. Сонда, қасындағы кісілер ол кісінінің (алдынан өтіп кепеулері үшін) адамдарды бөгеп тұрды. Бір кісі менен: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Қағбаға кірді ма?», - деп сұрады. Мен: «Жоқ», - дедім.

54-бап. Қағбаның бір шетіне барып, тәкбір айтқан адам туралы

671- حَدَّثَنَا أَبُو مَعْمَرٍ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْوَارِثِ حَدَّثَنَا أَيُّوبُ حَدَّثَنَا عِكْرَمَةُ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ إِنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَمَّا قَدِمَ أَبِي أَنْ يَدْخُلَ الْبَيْتَ وَفِيهِ النَّالِهُةُ فَأَمَرَ بِهَا فَأُخْرِجَتْ فَأُخْرِجُوا صُورَةَ إِبْرَاهِيمَ وَإِسْمَاعِيلَ فِي أَيْدِيهِمَا الْأَزْلَامَ فَقَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَاتَلَهُمُ اللَّهُ أَمَا وَاللَّهِ لَقَدْ عَلِمُوا أَنَّهُمَا لَمْ يَسْتَقْسِمَا بِهَا قَطُّ فَدَخَلَ الْبَيْتَ فَكَبَّرَ فِي نَوَاحِيهِ وَلَمْ يُصَلِّ فِيهِ

671- Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Меккеге келгенінде, Қағбаның ішінде бұттар болғандықтан, ол жерге кіріп намаз оқығысы келмеді. Сонда, Қағбадан бұттарды алып шығып тастауды әмір етіп еді, оларды алып шығып тастасты. Кейін, Ибраһим мен Исмағилдың қолдарында бал ашатын оқ ұстаған бойы салынған суреттерді де алып шығарып тастады», - деді.

55-бап. Жылдамырақ жүру нышаны қашан басталған?

672- حَدَّثَنَا سُلَيْمَانُ بْنُ حَرْبٍ حَدَّثَنَا حَمَّادٌ هُوَ ابْنُ زَيْدٍ عَنْ أَيُّوبَ عَنْ سَعِيدِ بْنِ جُبَيْرٍ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ قَدِمَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَأَصْحَابُهُ فَقَالَ الْمُشْرِكُونَ إِنَّهُ يَقْدَمُ عَلَيْكُمْ وَقَدْ وَهَنَهُمْ حُمَى يَثْرِبَ فَأَمَرَهُمُ النَّبِيُّ

صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنْ يَرْمُوا الْأَشْوَاطَ الثَّلَاثَةَ وَأَنْ يَمْشُوا مَا بَيْنَ الرُّكْنَيْنِ وَلَمْ يَمْنَعَهُ أَنْ يَأْمُرَهُمْ أَنْ يَرْمُوا الْأَشْوَاطَ كُلَّهَا إِلَّا الْإِبْقَاءَ عَلَيْهِمْ

672- Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) және ол кісінің сахабалары Меккеге келгендерінде, мүшіріктер сахабаларға қарап: «Сендерді ол (Расулулла) бастап келген, әсілінде сендерді Ясрабтың (Медине) безгегі әлсіздендіріп тастаған»,- десті. Сонда, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өз сахабаларына жылдам жүріспен Қағбаны үш мәрте айналып шығуды, кейін екі бұрыштың аралығында жәй жүруді бұйырды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Қағбаның айналасында көбірек жылдам жүріспен жүруді бұйырса болатын еді, бірақ та сахабаларға жаны ашыды»,- деді.

56-бап. Меккеге келгенде тәуеп қылуды Қара тасты сүйден бастамақ және үш рет жылдамырақ жүгіру жайында

673- حَدَّثَنَا أَصْبَغُ بْنُ الْفَرَجِ أَخْبَرَنِي ابْنُ وَهْبٍ عَنْ يُونُسَ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ سَالِمٍ عَنْ أَبِيهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ رَأَيْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ حِينَ يَفْدُمُ مَكَّةَ إِذَا اسْتَلَّمَ الرُّكْنَ الْأَسْوَدَ أَوَّلَ مَا يَطُوفُ يَحْبُ ثَلَاثَةَ أَطْوَافٍ مِنَ السَّبْعِ

673- Абдулла ибн Омар (р.а.) риуаят етті. «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Меккеге келіп, ең әуелі Қара тасты сүйетін еді. Содан соң жеті реттің орнына үш рет Қағбаны жылдам жүріспен айналып шығатын»,- деді.

57-бап. Үлкен қажылық пен кіші қажылықта желе жүгіру туралы

674- حَدَّثَنِي مُحَمَّدُ بْنُ سَلَامٍ حَدَّثَنَا سُرَيْجُ بْنُ التُّعْمَانَ حَدَّثَنَا فُلَيْحٌ عَنْ نَافِعٍ عَنْ ابْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ سَعَى النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ ثَلَاثَةَ أَشْوَاطٍ وَمَشَى أَرْبَعَةَ فِي الْحَجِّ وَالْعُمْرَةِ تَابَعَهُ اللَّيْثُ قَالَ حَدَّثَنِي كَثِيرٌ بْنُ قَرْقَدٍ عَنْ نَافِعٍ عَنْ ابْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا عَنْ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

674- Ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) үлкен қажылық пен кіші қажылықта үш рет жылдам жүріп, ал төрт рет жәй жүріспен жүрді»,- деді.

675- حَدَّثَنَا سَعِيدُ بْنُ أَبِي مَرْيَمَ أَخْبَرَنَا مُحَمَّدُ بْنُ جَعْفَرٍ بْنُ أَبِي كَثِيرٍ قَالَ أَخْبَرَنِي زَيْدُ بْنُ أَسْلَمَ عَنْ أَبِيهِ أَنَّ عُمَرَ بْنَ الْخَطَّابِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ لِلرُّكْنِ أَمَا وَاللَّهِ

إِنِّي لَأَعْلَمُ أَنَّكَ حَجَرٌ لَا تَضُرُّ وَلَا تَنْفَعُ وَلَوْ لَأَنِّي رَأَيْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ اسْتَلَمَكَ مَا اسْتَلَمْتُكَ فَاسْتَلَمَهُ ثُمَّ قَالَ فَمَا لَنَا وَلِلرَّمْلِ إِنَّمَا كُنَّا رَاءَيْنَا بِهِ الْمُشْرِكِينَ وَقَدْ أَهْلَكَهُمُ اللَّهُ ثُمَّ قَالَ شَيْءٌ صَنَعَهُ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَلَا نُحِبُّ أَنْ نَتْرُكَهُ

675- Әбу Аслам риуаят етті: «Омар ибн Хаттаб (р.а.) Қара тасқа қарап: «Шындығында, мен сенің пайдаңның да, зияныңның да жоқ бір тас екенінді білемін. Егер, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сені сүйіп, тәуеп еткенін көрмегенімде, мен де сені сүйіп тәуеп етпес едім»,- деді. Кейін, Қара тасты сүйіп тәуеп етті-де, «жылдам-жылдам жүріп бізге не болыпты! Шындығында, (бір кездерде) жылдам жүріспен біз мүшіріктерге өзіміздің қуатты да әлді екенімізді көрсетіп қойған едік. Кейін оларды Алла тағала құртты. Ендігі жерде жылдамдап жүрудің қажеті болмаса да, біз Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) қалған әдетті тәрк қылуды қаламаймыз»,- деді.

676- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ حَدَّثَنَا يَحْيَى عَنْ عُبَيْدِ اللَّهِ عَنْ نَافِعٍ عَنْ ابْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ مَا تَرَكْتُ اسْتِلَامَ هَذَيْنِ الرُّكْنَيْنِ فِي شِدَّةٍ وَلَا رَخَاءٍ مُنْذُ رَأَيْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَسْتَلِمُهُمَا فُلْتُ لِنَافِعٍ أَكَانَ ابْنُ عُمَرَ يَمْشِي بَيْنَ الرُّكْنَيْنِ قَالَ إِنَّمَا كَانَ يَمْشِي لِيَكُونَ أَيْسَرَ لِاسْتِلَامِهِ

676- Ибн Омар (р.а.): «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) бұл екі бұрышты сүйіп тәуеп еткендерін көргендігімнен мен де оларды сүйіп тәуеп етуімді қоймаспын»,- деді. Убайдулла Нафиғқа: «Ибн Омар екі бұрыштың арасында жүріп тәуеп ететін бе еді?»,- деді. Нафиғ (р.а.): «Оларды сүйіп тәуеп ету мақсатында ғана жүретін еді»,- деді.

58-бап. Бұрышты¹²⁰ аса таяқпенен сипап тәуеп ету туралы

677- حَدَّثَنَا أَحْمَدُ بْنُ صَالِحٍ وَيَحْيَى بْنُ سُلَيْمَانَ قَالَا حَدَّثَنَا ابْنُ وَهْبٍ قَالَ أَخْبَرَنِي يُونُسُ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ عُبَيْدِ اللَّهِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ طَافَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي حَجَّةِ الْوَدَاعِ عَلَى بَعِيرٍ يَسْتَلِمُ الرُّكْنَ بِمِحْجَنٍ تَابَعَهُ الدَّرَّاءُورِدِيُّ عَنْ ابْنِ أَخِي الزُّهْرِيِّ عَنْ عَمِّهِ

677- Ибн Аббас (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Хажжат ул-Уадағта түйеге мінген бойы бұрышты аса таяғымен сипап тәуеп етті»,- деді.

¹²⁰ Бұл жерде Қағбаның Иемений бұрышы айтылып тұр.

59-бап. Иемений екі бұрыштан басқасын сүйіп тәуеп етпеген адам туралы

وَقَالَ مُحَمَّدُ بْنُ بَكْرٍ أَخْبَرَنَا ابْنُ جُرَيْجٍ أَخْبَرَنِي عَمْرُو بْنُ دِينَارٍ عَنْ أَبِي الشَّعْتَاءِ أَنَّهُ قَالَ وَمَنْ يَتَّقِي شَيْئًا مِنَ الْبَيْتِ وَكَانَ مُعَاوِيَةَ يَسْتَلِمُ الْأَرْكَانَ فَقَالَ لَهُ ابْنُ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا إِنَّهُ لَا يُسْتَلَمُ هَذَانِ الرُّكْنَانِ فَقَالَ لَيْسَ شَيْءٌ مِنَ الْبَيْتِ مَهْجُورًا وَكَانَ ابْنُ الزُّبَيْرِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا يَسْتَلِمُهُنَّ كُلَّهُنَّ

Әбушшағса риуаят етті: «Қағбадағы әрбір нәрсеге тақуалық көзі мен қараған кісі кім еді? Муғауия ол жердегі барлық бұрыштарды сүйіп тәуеп қылатын еді. Ибн Аббас (р.а.) Муғауияға: «Анабір екі бұрышты сүйіп тәуеп етілмейді», - дегенінде, Муғауия: «Бәйтуллада тәуеп етілмейтін нәрсе жоқ!», - деді. Ибн Зүбайр да (р.а.) ол жердегі бұрыштардың барлығын сүйіп тәуеп ететін еді».

678- حَدَّثَنَا أَبُو الْوَلِيدِ حَدَّثَنَا لَيْثٌ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ سَالِمِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ عَنْ أَبِيهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ لَمْ أَرَ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَسْتَلِمُ مِنَ الْبَيْتِ إِلَّا الرُّكْنَيْنِ الْيَمَانِيِّينِ

678- Абдулла ибн Омар (р.а.): «Мен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) бәйтулладағы екі Иемений бұрыштан басқасын сүйіп тәуеп еткенің көрген емеспін», - деді.

60-бап. Қара тасты сүйіп тәуеп ету жайында

679- حَدَّثَنَا أَحْمَدُ بْنُ سِنَانَ حَدَّثَنَا يَزِيدُ بْنُ هَارُونَ أَخْبَرَنَا وَرْقَاءُ أَخْبَرَنَا زَيْدُ بْنُ أَسْلَمَ عَنْ أَبِيهِ قَالَ رَأَيْتُ عُمَرَ بْنَ الْخَطَّابِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَبَلَ الْحَجَرَ وَقَالَ لَوْلَا أَنِّي رَأَيْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَبَّلَكَ مَا قَبَّلْتُكَ

679- Зәйдтің атасы Аслам: «Мен Омардың (р.а.) Қара тасты сүйіп тұрып: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сені сүйіп жатқанын көрмегенімде, мен де сені сүймес едім», - дегенін естігенмін», - деді.

680- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ حَدَّثَنَا حَمَّادُ بْنُ زَيْدٍ عَنْ الزُّبَيْرِ بْنِ عَرَبِيِّ قَالَ سَأَلَ رَجُلٌ ابْنَ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا عَنْ اسْتِلَامِ الْحَجَرِ فَقَالَ رَأَيْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ

وَسَلَّمَ يَسْتَلِمُهُ وَيُقَبِّلُهُ قَالَ قُلْتُ أَرَأَيْتَ إِنْ زُحِمْتُ أَرَأَيْتَ إِنْ عُذِّبْتُ قَالَ اجْعَلْ أَرَأَيْتَ
بِالْيَمَنِ رَأَيْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَسْتَلِمُهُ وَيُقَبِّلُهُ

680- Зүбайр ибн Арабий риуаят етті: «Бір кісі Ибн Омардан (р.а.) Қара тасты сүйіп тәуеп ету жайында сұрады. Ибн Омар: «Мен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) оны сүйіп тәуеп етіп жатқанын көргенмін», - деді. Сонда ол: «Егер (бұл жайында сенімен бәстесіп) жеңсем не дейсің?», - деді. Ибн Омар: «Не десең де сол Иеменіңе барып айтасын! Мен (расында) Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) Қара тасты құшақтап, сүйіп жатқанын көргенмін», - деді.

61-бап. Бұрыштың алдыға келгенде оған ишара қылып қою туралы

681- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ الْمُثَنَّى حَدَّثَنَا عَبْدُ الْوَهَّابِ حَدَّثَنَا خَالِدٌ عَنْ عِكْرَمَةَ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ طَافَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِالْبَيْتِ عَلَى بَعِيرٍ كَلَّمَا أَتَى عَلَى الرُّكْنِ أَشَارَ إِلَيْهِ

681- Ибн Аббас (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) түйе мініп Бәйтулланы тәуеп ететін еді. Әр бұрыштың алдына келгенінде оған ишара қылып қоятын», - деді.

62-бап. Бұрыштың¹²¹ алдында тұрып тәкбір айту жайында

682- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ حَدَّثَنَا خَالِدُ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ حَدَّثَنَا خَالِدُ الْحَدَّاءُ عَنْ عِكْرَمَةَ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ طَافَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِالْبَيْتِ عَلَى بَعِيرٍ كَلَّمَا أَتَى الرُّكْنَ أَشَارَ إِلَيْهِ بِشَيْءٍ كَانَ عِنْدَهُ وَكَبَّرَ تَابِعَهُ إِبْرَاهِيمُ بْنُ طَهْمَانَ عَنْ خَالِدِ الْحَدَّاءِ

682- Ибн Аббас (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) түйеде Бәйтулланы тәуеп етті. Сонда әр бір бұрыштың алдына келгенінде қолындағы нәрсесі мен оған ишара қылып қойып, содан кейін тәкбір айтты», - деді.

¹²¹ Бұл жерде Кағбаның қырлы бұрышы айтылып тұр.

63-бап. Меккеге келгенінде, үйге қайтудан бұрын, Кағбаны тәуеп етіп, екі рәкат намаз оқып, содан соң Сафаға барған кісі туралы

683- حَدَّثَنَا أَصْبَعُ عَنْ ابْنِ وَهْبٍ أَخْبَرَنِي عَمْرُو عَنْ مُحَمَّدِ بْنِ عَبْدِ الرَّحْمَنِ ذَكَرْتُ لِعُرْوَةَ قَالَتْ فَأَخْبَرْتَنِي عَائِشَةُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا أَنَّ أَوَّلَ شَيْءٍ بَدَأَ بِهِ حِينَ قَدِمَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنَّهُ تَوَضَّأَ ثُمَّ طَافَ ثُمَّ لَمْ تَكُنْ عُمْرَةَ ثُمَّ حَجَّ أَبُو بَكْرٍ وَعُمَرُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا مِثْلَهُ ثُمَّ حَجَّجْتُ مَعَ أَبِي الزُّبَيْرِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ فَأَوَّلُ شَيْءٍ بَدَأَ بِهِ الطَّوَافُ ثُمَّ رَأَيْتُ الْمُهَاجِرِينَ وَالْأَنْصَارَ يَفْعَلُونَهُ وَقَدْ أَخْبَرْتَنِي أَنَّهَا أَهَلَّتْ هِيَ وَأَخْنَهَا وَالزُّبَيْرُ وَقُلَانُ وَقُلَانُ بِعُمْرَةَ فَلَمَّا مَسَحُوا الرَّكْنَ حَلُّوا

683- Ғұруа ибн Зүбайр (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Меккеге келгенінде, ең алдымен дәрет алып, тәуеп етті. Кейін, кіші қажылық қылмай үлкен қажылық қылды. Содан соң, Әбу Бәкір мен Омар да (р.а.) солай етіп қажылық қылды. Кейіннен мен атам Зүбайрмен бірге қажылық қылғанымда, ол кісі де алдымен тәуеп етіп, артынан қажылық қылды. Кейін, мұхажирлермен ансарлардың да солай еткендерін көрдім. Менің анам, апайым Айша, Зүбайр және пәленше-түгеншелер мен кіші қажылыққа таһлил айтып, бұрышты сипап, тәуеп еткеннен соң ихрамдарын шешкендерін маған айтты», - деді.

684- حَدَّثَنَا إِبْرَاهِيمُ بْنُ الْمُنْذِرِ حَدَّثَنَا أَبُو ضَمْرَةَ أَنَسٌ حَدَّثَنَا مُوسَى بْنُ عُقْبَةَ عَنْ نَافِعٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ إِذَا طَافَ فِي الْحَجِّ أَوْ الْعُمْرَةِ أَوَّلَ مَا يَقْدُمُ سَعَى ثَلَاثَةَ أَطْوَافٍ وَمَشَى أَرْبَعَةَ ثُمَّ سَجَدَ سَجْدَتَيْنِ ثُمَّ يَطُوفُ بَيْنَ الصَّفَا وَالْمَرْوَةِ

684- Абдулла ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қажылыққа немесе кіші қажылыққа ихрам кесе, ең әуелі үш рет сағий қылып және төрт рет жәй (жүріспен жүріп) тәуеп ететін еді. Содан соң екі рәкат намаз оқығаннан соң, Сафа мен Мәруаның аралығын зиярат ететін», - деді.

685- حَدَّثَنَا إِبْرَاهِيمُ بْنُ الْمُنْذِرِ حَدَّثَنَا أَنَسُ بْنُ عِيَاضٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ عَنْ نَافِعٍ عَنْ ابْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ إِذَا طَافَ بِالْبَيْتِ الطَّوَافَ الْأَوَّلَ يَخْبُثُ ثَلَاثَةَ أَطْوَافٍ وَيَمْشِي أَرْبَعَةَ وَأَنَّهُ كَانَ يَسْعَى بَطْنَ الْمَسِيلِ إِذَا طَافَ بَيْنَ الصَّفَا وَالْمَرْوَةِ

685- Ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Бәйтуллаға (Қағбаға) келсе, ең алдымен үш рет саъий қылып және төрт рет (жәй жүріспен) жүріп тәуеп ететін еді. Сафа мен Мәруа аралығында (сел жүрген жыраны бойлап) саъй қылатын еді», - деді. бойлап саъий қылатын», - деді.

64-бап. Әйелдердің еркектермен бірге тәуеп етуі жайында

و قَالَ لِي عَمْرُو بْنُ عَلِيٍّ حَدَّثَنَا أَبُو عَاصِمٍ قَالَ ابْنُ جُرَيْجٍ أَخْبَرَنَا قَالَ أَخْبَرَنِي عَطَاءٌ إِذْ مَعَ ابْنِ هِشَامٍ النَّسَاءَ الطَّوَافَ مَعَ الرَّجَالِ قَالَ كَيْفَ يَمْنَعُهُنَّ وَقَدْ طَافَ نِسَاءُ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَعَ الرَّجَالِ قُلْتُ أَبَعَدَ الْحِجَابِ أَوْ قَبْلُ قَالَ إِي لِعَمْرِي لَقَدْ أَدْرَكْتُهُ بَعْدَ الْحِجَابِ قُلْتُ كَيْفَ يَخَالِطُنَ الرَّجَالُ قَالَ لَمْ يَكُنْ يَخَالِطُنَ كَانَتْ عَائِشَةُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا تَطُوفُ حَجْرَةَ مِنَ الرَّجَالِ لَا تُخَالِطُهُمْ فَقَالَتْ امْرَأَةٌ انْطَلِقِي نَسْتَلِمِ يَا أُمَّ الْمُؤْمِنِينَ قَالَتْ انْطَلِقِي عَنكَ وَأَبْتِ يَخْرُجْنَ مُتَنَكِّرَاتٍ بِاللَّيْلِ فَيَطْفَنَ مَعَ الرَّجَالِ وَلَكِنَّهُنَّ كُنَّ إِذَا دَخَلْنَ الْبَيْتَ فَمَنْ حَتَّى يَدْخُلْنَ وَأَخْرَجَ الرَّجَالَ وَكُنْتُ آتِي عَائِشَةَ أَنَا وَعَبِيدُ بْنُ عَمِيرٍ وَهِيَ مُجَاوِرَةٌ فِي جَوْفِ ثَبِيرٍ قُلْتُ وَمَا حِجَابُهَا قَالَ هِيَ فِي قُبَّةٍ ثُرَكِيَّةٍ لَهَا غِشَاءٌ وَمَا بَيْنَنَا وَبَيْنَهَا غَيْرُ ذَلِكَ وَرَأَيْتُ عَلَيْهَا دِرْعًا مُورَدًا

Ибн Жүрайж (р.а.) риуаят етті: «Меккенің әкімі Ибн Хишам әйелдердің еркектермен бірге тәуеп етулеріне тиым салғанда, Ғата (р.а.): «Қалайша тиым саласың? Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) әйелдері де ер кісілермен бірге тәуеп еткен-ғой!», - деді. Мен ол кісіден: «Хижаб кию парыз болғаннан бұрын ба, кейін ба?», - деп сұрадым. Ғата (р.а.): «Былай, егерде жалған сөйлесем, бұл оқиға хижаб кию парыз болғаннан кейін болған еді», - деді. Сонда мен: «Қалайша әйелдер ер адамдарға араласып, тәуеп етулері мүмкін?», - деп сұрадым. Ғата (р.а.): «Әйелдер ер адамдарға араласпайтын еді. Мысалы, Айша анамыз ер адамдардан шеткерірек, бір жағында тұрып

тәуеп етіп жатқанында, бір әйел келіп: «Ей мұғминдердің анасы, жүріңіз (Қара тасты) сүйіп, тәуеп етейік!», - дегенде, Айша анамыз: «Жоқ, өзің бара бер!», - деп көнбеген еді. Бірақ әйелдер түнгі мезгілде жамылғы жамылап, тәуеп етуге шығатын. Бірақ та ер адамдар Қағбаға кіріп кеткенде, олар қайтып шыққандарынша күтіп тұратын еді. Ер адамдар шыққаннан кейін ғана кіретін еді. Мен және Ғұбайд ибн Ғұмайр, Айша анамыз Сабийр деген таудың (өзектеу жерінде) құлшылық қылып жатқанында, алдына бардық. Сонда мен қасымдағы серігімнен: «Айша анамыз қайсы шатырда?», - деп сұрадым. Ол: «Түркий шатырда», - деді. Айша анамызбен біздің арамызда сол шатырдан басқа бөгет жоқ еді. Мен Айша анамыздың қызыл көйлек киіп алғанын көрдім».

686- حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ حَدَّثَنَا مَالِكٌ عَنْ مُحَمَّدِ بْنِ عَبْدِ الرَّحْمَنِ بْنِ نَوْفَلٍ عَنْ عُرْوَةَ بْنِ الزُّبَيْرِ عَنْ زَيْنَبَ بِنْتِ أَبِي سَلَمَةَ عَنْ أُمِّ سَلَمَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا زَوْجَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَتْ شَكَّوْتُ إِلَى رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنِّي أَشْتَكِي فَقَالَ طُوفِي مِنْ وَرَاءِ النَّاسِ وَأَنْتِ رَاكِبَةٌ فَطُفْتُ وَرَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ حِينَئِذٍ يُصَلِّي إِلَى جَنْبِ النَّبَيْتِ وَهُوَ يَقْرَأُ وَالطُّورُ وَكِتَابٍ مَسْطُورٍ

686- Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) зайыбы Үмму Сәлама (р.а.) риуаят етті: «Мен Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) науқастығымды айтып налыдым. Сонда ол кісі: «Түйенің үстінде (отырып-ақ) адамдарға ілесіп тәуеп ете бер!», - деді. Мен тәуеп еттім, ал Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) болса, Қағбаның жанында намаз оқып, «Уа-т-Тур», - деген сүрені оқыды», - деді.

65-бап. Тәуеп уақытында сөйлеу мүмкін бе?

687- حَدَّثَنَا إِبْرَاهِيمُ بْنُ مُوسَى حَدَّثَنَا هِشَامُ أَنَّ ابْنَ جُرَيْجٍ أَخْبَرَهُمْ قَالَ أَخْبَرَنِي سُلَيْمَانُ الْأَحْوَلُ أَنَّ طَاوُسًا أَخْبَرَهُ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَرَّ وَهُوَ يَطُوفُ بِالْكَعْبَةِ بِإِنْسَانٍ رَبَطَ يَدَهُ إِلَى إِنْسَانٍ بِسَيْرٍ أَوْ بِخَيْطٍ أَوْ بِشَيْءٍ غَيْرِ ذَلِكَ فَقَطَعَهُ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِيَدِهِ ثُمَّ قَالَ فُذِّهِ بِيَدِهِ

687- Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Қағбаны тәуеп етіп жатып, қолын таспа мен басқа бір адамның қолына байлап алып, жетектеп келе жатқан адамның жанынан өтті. Сонда, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) таспаны кесіп жіберді-де, оған: «Қолынан ұстап жетекте!», - деді.

66-бап. Тәуеп етіп жатып, таспа немесе басқа Мәкрух нәрсені көрсе, кесіп тастайды

688- حَدَّثَنَا أَبُو عَاصِمٍ عَنْ ابْنِ جُرَيْجٍ عَنْ سُلَيْمَانَ الْأَحْوَلِ عَنْ طَوْسٍ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ رَأَى رَجُلًا يَطُوفُ بِالكَعْبَةِ بِزِمَامٍ أَوْ غَيْرِهِ فَقَطَعَهُ

688- Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Қағбаны таспа (немесе соған ұқсас нәрсе) тағып тәуеп етіп жатқан кісіні көріп, (таспасын) кесіп тастады», - деді.

67-бап. Жалаңаш адам Қағбаны тәуеп етпейді және мүшіріктер қажылық қылмайды

689- حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ بُكَيْرٍ حَدَّثَنَا اللَّيْثُ قَالَ يُوسُفُ قَالَ ابْنُ شَهَابٍ حَدَّثَنِي حُمَيْدُ بْنُ عَبْدِ الرَّحْمَنِ أَنَّ أَبَا هُرَيْرَةَ أَخْبَرَهُ أَنَّ أَبَا بَكْرٍ الصِّدِّيقَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ بَعَثَهُ فِي الْحَجَّةِ الَّتِي أَمَرَهُ عَلَيْهَا رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَبْلَ حَجَّةِ الْوَدَاعِ يَوْمَ النَّحْرِ فِي رَهْطٍ يُؤَدِّنُ فِي النَّاسِ أَلَا لَا يَحُجُّ بَعْدَ الْعَامِ مُشْرِكٌ وَلَا يَطُوفُ بِالْبَيْتِ عُرْيَانٌ

689- Хумайд ибн Абдуррахман (р.а.) риуаят етті: «Әбу Бәкір Сыздық (р.а.) Наһр күні (Құрбандық шалатын күн) Хажжат ул-Уадағтан бұрын Әбу Хурайраны бір топ адамдар мен бірге Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) орындауды бұйырған қажылыққа жіберіп: «Біліп қойындар, бұл жылдан кейін мүшіріктер қажылық қылмайды және Қағбаны жалаңаш тәуеп етпейді!», - деп жар салуды бұйырды», - деді.

68-бап. Тәуебі бұзылса

قَالَ عَطَاءٌ فِيمَنْ يَطُوفُ فَنُقَامُ الصَّلَاةَ أَوْ يُدْفَعُ عَنْ مَكَانِهِ إِذَا سَلَّمَ يَرْجِعُ إِلَى حَيْثُ قُطِعَ عَلَيْهِ فَيَبْنِي وَيُذَكِّرُ نَحْوَهُ عَنْ ابْنِ عُمَرَ وَعَبْدِ الرَّحْمَنِ بْنِ أَبِي بَكْرٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمْ

Ғата (р.а.): «Егерде бірер кісі тәуеп етіп жатқанда, намаз басталып кетсе немесе адамдар тұрып, тәуеп етіп жатқан орнынан жылжып кетсе, тәуепті келген жерінен (ары қарай) жалғастырады», - деді. Осы сияқты хадистерді Ибн Омар және Абдуррахман ибн Әбу Бәкірде (р.а.) риуаят етіскен».

69-бап. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жетінші тәуепте екі рәкат намаз оқыды

بَابُ صَلَاةِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لِسُبُوعِهِ رَكَعَتَيْنِ وَقَالَ نَافِعٌ كَانَ ابْنُ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا يُصَلِّي لِكُلِّ سُبُوعٍ رَكَعَتَيْنِ وَقَالَ إِسْمَاعِيلُ بْنُ أُمَيَّةٍ قُلْتُ لِلزُّهْرِيِّ إِنَّ عَطَاءً يَقُولُ نُجِزُهُ الْمَكْتُوبَةَ مِنْ رَكَعَتَيْ الطَّوَافِ فَقَالَ السُّنَّةُ أَفْضَلُ لَمْ يَطْفِ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ سُبُوعًا قَطُّ إِلَّا صَلَّى رَكَعَتَيْنِ

Нафиғ (р.а.): «Ибн Омар әрбір жетінші тәуепте екі рәкат намаз оқитын еді»,- деді.

Ғата (р.а.): «Тәуептің екі рәкат намазының орнына парыз намазды оқыса, болады»,- деді. Сонда Зухрий (р.а.): «Сүннетке амал қылу абзалырақ, өйткені, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жеті рет тәуеп етсе, екі рәкат намаз оқымай қоймайтын»,- деді.

690- حَدَّثَنَا قُتَيْبَةُ بْنُ سَعِيدٍ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ عَنْ عَمْرِو سَالْنَا ابْنَ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَيَقَعُ الرَّجُلُ عَلَى امْرَأَتِهِ فِي الْعُمْرَةِ قَبْلَ أَنْ يَطُوفَ بَيْنَ الصَّفَا وَالْمَرْوَةِ قَالَ قَدِمَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَطَافَ بِالْبَيْتِ سَبْعًا ثُمَّ صَلَّى خَلْفَ الْمَقَامِ رَكَعَتَيْنِ وَطَافَ بَيْنَ الصَّفَا وَالْمَرْوَةِ وَقَالَ لَقَدْ كَانَ لَكُمْ فِي رَسُولِ اللَّهِ إِسْوَةٌ حَسَنَةٌ قَالَ وَسَأَلْتُ جَابِرَ بْنَ عَبْدِ اللَّهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا فَقَالَ لَا يَقْرَبُ امْرَأَتَهُ حَتَّى يَطُوفَ بَيْنَ الصَّفَا وَالْمَرْوَةِ

690- Амр (р.а.) риуаят етті. «Біз Ибн Омардан (р.а.): «Кіші қажылықта, Сафа мен Мәруа аралығын сағи етпестен бұрын, кісі (өзінің некелі әйеліне) жақындай алады ма?»,- деп сұрадық. Ол кісі былай деді: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Меккеге келіп, Қағбаны жеті рет тәуеп етті, содан соң Мақами Ибраһимнің артына өтіп, екі рәкат намаз оқыды. Кейін, Сафа мен Мәруаның арасын тәуеп етті де: «Расулуллада (с.ғ.с.) сендер үшін жақсы ғибраттар бар!»,- деген аятты оқыды»,- деді. Жәбир ибн Абдулладан (р.а.) сұраған едім, «Сафа мен Мәруаның арасын сағи қылмай тұрып, кісі әйеліне жақындаспайды»,- деді.

70-бап. Кағбаны тәуеп етіп, Арафатқа шығып келгеннен кейін, қайтадан Кағбаға жақын бармаған және оны тәуеп етпеген кісі туралы

691- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ أَبِي بَكْرٍ حَدَّثَنَا فَضِيلٌ حَدَّثَنَا مُوسَى بْنُ عُقْبَةَ أَخْبَرَنِي كُرَيْبٌ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ قَدِمَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَكَّةَ فَطَافَ وَسَعَى بَيْنَ الصَّفَا وَالْمَرْوَةِ وَلَمْ يَقْرَبِ الْكَعْبَةَ بَعْدَ طَوَافِهِ بِهَا حَتَّى رَجَعَ مِنْ عَرَفَةَ

691- Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Меккеге келіп, Кағбаны тәуеп етті. Содан соң Сафа мен Мәруаның арасын сағи қылды. Кейін, Арафатқа шығып келді-де, Кағбаны бір рет тәуеп еткенінен кейін, қайтадан тәуеп етпеді», - деді.

71-бап. Тәуептің екі рәкат намазын мешіттің сыртында оқыған кісі; Омар (р.а.) Харам мешітінің сыртында намаз оқыды

692- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ مُحَمَّدِ بْنِ عَبْدِ الرَّحْمَنِ عَنْ عُرْوَةَ عَنْ زَيْنَبَ عَنْ أُمِّ سَلْمَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا شَكَوْتُ إِلَى رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ ح وَحَدَّثَنِي مُحَمَّدُ بْنُ حَرْبٍ حَدَّثَنَا أَبُو مَرْوَانَ يَحْيَى بْنُ أَبِي زَكَرِيَاءَ الْعَسَّانِيُّ عَنْ هِشَامٍ عَنْ عُرْوَةَ عَنْ أُمِّ سَلْمَةَ زَوْجِ النَّبِيِّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ وَهُوَ بِمَكَّةَ وَأَرَادَ الْخُرُوجَ وَلَمْ تَكُنْ أُمَّ سَلْمَةَ طَافَتْ بِالْبَيْتِ وَأَرَادَتْ الْخُرُوجَ فَقَالَ لَهَا رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا أُقِيمَتْ صَلَاةُ الصُّبْحِ فَطُوفِي عَلَيَّ بِعَيْرِكَ وَالنَّاسُ يُصَلُّونَ فَفَعَلْتَ ذَلِكَ فَلَمْ تُصَلِّ حَتَّى خَرَجْتَ

692- Ғұруа (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Меккеде болғанында, Кағбаны тәуеп етуге шықпақшы болып тұрғанында, әлі Кағбаны тәуеп етпеген Үмму Сәлама да бірге шықпақшы болды. Сонда, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Таң намазын оқыған болсаң, түйеңе мініп, адамдар намаз оқып тұрған уақытта, Кағбаны айналып тәуеп етіп ал!», - деді. Үмму Сәлама солай істеді», - деді.

72-бап. Ибраһимнің Мақамы артында екі рәкат намаз оқыды

693- حَدَّثَنَا آدَمُ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ حَدَّثَنَا عَمْرُو بْنُ دِينَارٍ قَالَ سَمِعْتُ ابْنَ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا يَقُولُ قَدِمَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَطَافَ بِالْبَيْتِ سَبْعًا وَصَلَّى خَلْفَ الْمَقَامِ رَكَعَيْنِ ثُمَّ خَرَجَ إِلَى الصَّفَا وَقَدْ قَالَ اللَّهُ تَعَالَى لَقَدْ كَانَ لَكُمْ فِي رَسُولِ اللَّهِ أُسْوَةٌ حَسَنَةٌ

693- Ибн Омар риуаят етті Пайғамбарымыз меккеге келді де, қағбаны жеті рет тәуеп етіп, Мақамы Ибраһимнің артында екі рәкат оқыды. Содан соң Сағаға шықты. Алла тағала расулуллада сендер үшін жақсы ғибраттар бар деген.

73-бап. Таң және асыр намаздарынан кейін тәуеп ету туралы

وَكَانَ ابْنُ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا يُصَلِّي رَكَعَتِي الطَّوَافِ مَا لَمْ تَطْلُعِ الشَّمْسُ وَطَافَ عُمَرُ بَعْدَ صَلَاةِ الصُّبْحِ فَرَكِبَ حَتَّى صَلَّى الرَّكَعَيْنِ بِذِي طَوَى

Ибн Омар (р.а.) тәуептің екі ракат намазын күн шыққанға дейін оқитын. Омар (р.а.) таң намазынан кейін қағбаны тәуеп етті, кейін түйесіне мініп, Зу Туанға барды да, екі ракат тәуеп намазын оқыды.

694- حَدَّثَنَا الْحَسَنُ بْنُ عُمَرَ الْبَصْرِيُّ حَدَّثَنَا يَزِيدُ بْنُ زُرَيْعٍ عَنْ حَبِيبٍ عَنْ عَطَاءٍ عَنْ عُرْوَةَ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا أَنَّ نَاسًا طَافُوا بِالْبَيْتِ بَعْدَ صَلَاةِ الصُّبْحِ ثُمَّ قَعَدُوا إِلَى الْمُدَّكَرِ حَتَّى إِذَا طَلَعَتِ الشَّمْسُ قَامُوا يُصَلُّونَ فَقَالَتْ عَائِشَةُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَعَدُوا حَتَّى إِذَا كَانَتْ السَّاعَةُ الَّتِي تُكْرَهُ فِيهَا الصَّلَاةُ قَامُوا يُصَلُّونَ

694- Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Таң намазынан соң адамдар тәуеп қылды, кейін уағыз тыңдады. Уағыздан соң күннің шыққанына қарамай намаз оқыды. Олар намаз оқу мәкрух болған уақыттың болуына қарамай намаз оқыды», - деді.

695- حَدَّثَنَا إِبْرَاهِيمُ بْنُ الْمُنْذِرِ حَدَّثَنَا أَبُو ضَمْرَةَ حَدَّثَنَا مُوسَى بْنُ عُقْبَةَ عَنْ نَافِعٍ أَنَّ عَبْدَ اللَّهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ سَمِعْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَهَيِّئُ عِنْدَ طُلُوعِ الشَّمْسِ وَعِنْدَ غُرُوبِهَا

695- Абдулла ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Мен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) күн шығып және батып бара жатқан уақыттарда намаз оқудан тыйғанын естігенмін», - деді.

696- حَدَّثَنِي الْحَسَنُ بْنُ مُحَمَّدٍ هُوَ الزَّعْفَرَانِيُّ حَدَّثَنَا عَيْدَةُ بْنُ حُمَيْدٍ حَدَّثَنِي عَبْدُ الْعَزِيزِ بْنُ رُفَيْعٍ قَالَ رَأَيْتُ عَبْدَ اللَّهِ بْنَ الزُّبَيْرِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا يَطُوفُ بَعْدَ الْفَجْرِ وَيُصَلِّي رَكَعَتَيْنِ قَالَ عَبْدُ الْعَزِيزِ وَرَأَيْتُ عَبْدَ اللَّهِ بْنَ الزُّبَيْرِ يُصَلِّي رَكَعَتَيْنِ بَعْدَ الْعَصْرِ وَيُخْبِرُ أَنَّ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا حَدَّثَتْهُ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَمْ يَدْخُلْ بَيْتَهَا إِلَّا صَلَّاهُمَا

696- Абдул Азиз ибн Руфайғ: «Мен Абдулла ибн Зубайрдың асырдан кейін екі ракағат намаз оқығанын көрдім. Пағамбарымызда (с.ғ.с.) Кағбаға кірсе, міндетті түрде екі ракағат тәуәп намазын оқитын», - деді.

74-бап. Науқас адам түйеге мініп тәуәп қылады

697- حَدَّثَنِي إِسْحَاقُ الْوَاسِطِيُّ حَدَّثَنَا خَالِدٌ عَنْ خَالِدِ الْحَدَّاءِ عَنْ عِكْرَمَةَ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ طَافَ بِالْبَيْتِ وَهُوَ عَلَى بَعِيرٍ كُلَّمَا أَتَى عَلَى الرُّكْنِ أَشَارَ إِلَيْهِ بِشَيْءٍ فِي يَدِهِ وَكَبَّرَ

697- Ибн Аббас (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) түйеге мініп Кағбаны тәуәп етті. Тіреудің алдына келгенде, аса таяғымен оған ишарат қылып тәкбір айтты», - деді.

698- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مَسْلَمَةَ حَدَّثَنَا مَالِكٌ عَنْ مُحَمَّدِ بْنِ عَبْدِ الرَّحْمَنِ بْنِ نَوْفَلٍ عَنْ عُرْوَةَ عَنْ زَيْنَبَ ابْنَةِ أُمِّ سَلَمَةَ عَنْ أُمِّ سَلَمَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ شَكَّوْتُ إِلَى رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنِّي أَشْتَكِي فَقَالَ طُوفِي مِنْ وَرَاءِ النَّاسِ

وَأَنْتِ رَاكِبَةٌ فَطُفْتُ وَرَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُصَلِّي إِلَى جَنْبِ الْبَيْتِ وَهُوَ يَقْرَأُ بِالطُّورِ وَكِتَابٍ مَسْطُورٍ

698- Умму Сәлама (р.а.) риуаят етті: «Мен Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) науқастығымды айтып налыдым. Сонда, ол кісі маған: «Адамдарға ілесіп тәуеп ете бер!»,- деді. Мен айтқанындай тәуеп еттім, ал Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) болса, Қағбаның жанында намаз оқып, «Уа-т-Тур уа китаб-им мастур»,- деген сүрені зәм қылып оқыды»,- деді.

75-бап. Сиқаят ул-хажжи – қажыларды су менен қамтамасыз ету жайында

699- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ أَبِي الْأَسْوَدِ حَدَّثَنَا أَبُو ضَمْرَةَ حَدَّثَنَا عُبَيْدُ اللَّهِ عَنْ نَافِعٍ عَنْ ابْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ اسْتَأْذَنَ الْعَبَّاسُ بْنُ عَبْدِ الْمُطَّلِبِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنْ يَبِيتَ بِمَكَّةَ لَيْلِي مِئِي مِنْ أَجْلِ سِقَايَتِهِ فَأُذِنَ لَهُ

699- Ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Аббас ибн Әбдумуталлиб (р.а.) Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) Мина күндері Меккеде тоқтап, су алып алуға рұқсат сұрап еді, рұқсат берді»,- деді.

700- حَدَّثَنَا إِسْحَاقُ حَدَّثَنَا خَالِدٌ عَنْ خَالِدِ الْحَدَّاءِ عَنْ عِكْرَمَةَ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ جَاءَ إِلَى السَّقَايَةِ فَاسْتَسْقَى فَقَالَ الْعَبَّاسُ يَا فَضْلُ أَذْهَبُ إِلَى أُمَّكَ فَاتِ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِشَرَابٍ مِنْ عِنْدِهَا فَقَالَ اسْقِنِي قَالَ يَا رَسُولَ اللَّهِ إِنَّهُمْ يَجْعَلُونَ أَيْدِيَهُمْ فِيهِ قَالَ اسْقِنِي فَشَرِبَ مِنْهُ ثُمَّ أَتَى زَمْرَمَ وَهُمْ يَسْفُونَ وَيَعْمَلُونَ فِيهَا فَقَالَ اعْمَلُوا فَإِنَّكُمْ عَلَى عَمَلٍ صَالِحٍ ثُمَّ قَالَ لَوْلَا أَنْ تُغْلَبُوا لَنَزَلْتُ حَتَّى أَضَعَ الْحَبْلَ عَلَى هَذِهِ يَعْغِي عَاتِقَهُ وَأَنْشَارَ إِلَى عَاتِقِهِ

700- Икрима (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) *сиқоят* (қажылар су алатын) жерге келіп, маған су бер»,- деді. Сонда, Аббас ұлына: «Ей Фазл, ананның алдына бар да, ондағы судан Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) әкеліп бер!»,- деді. Фазл анасынан су алып, Пайғамбарымызға алып барғанда, ол кісі: «Маған суды ішкізіп қой!»,- деді. Сонда Фазл: «Я Расулулла, бұл суға қол салынған»,- деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Мейлі,

ішкізіп қой»,- деп, суды алып ішті. Содан соң Зәм-зәм құдығының алдына барды. Ол жердегі кісілер құдықтан су тартып алып, (адамдарды суменен қамтамасыз етіп жатыр екен). Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оларға: «Істей беріңдер, сендер хайырлы іс істеп жатырсындар»,- деді. Кейін және: «Егерде қарсылық қылмасаңдар, түйеден түсіп, арқанды иығыма қойып, менде су тартысар едім»,- деді.

76-бап. Зәм-зәм жайында қандай риуаяттарды келтіріседі?

قَالَ عَبْدَانُ أَخْبَرَنَا عَبْدُ اللَّهِ أَخْبَرَنَا يُونُسُ عَنِ الزُّهْرِيِّ قَالَ أَنَسُ بْنُ مَالِكٍ كَانَ أَبُو ذَرٍّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ يُحَدِّثُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ فُرَجَ سَقْفِي وَأَنَا بِمَكَّةَ فَنَزَلَ جِبْرِيْلُ عَلَيْهِ السَّلَامُ فَفَرَجَ صَدْرِي ثُمَّ غَسَلَهُ بِمَاءِ زَمْزَمَ ثُمَّ جَاءَ بِطَسْتٍ مِنْ ذَهَبٍ مُمْتَلِئٍ حِكْمَةً وَإِيمَانًا فَأَفْرَعَهَا فِي صَدْرِي ثُمَّ أَطْبَقَهُ ثُمَّ أَخَذَ بِيَدِي فَعَرَجَ إِلَيَّ السَّمَاءَ الدُّنْيَا قَالَ جِبْرِيْلُ لِخَازِنِ السَّمَاءِ الدُّنْيَا افْتَحْ قَالَ مَنْ هَذَا قَالَ جِبْرِيْلُ

Әнас ибн Мәлік (р.а.) Әбу Заррдан (р.а.) естіген төменгі хадисті риуаят етті: «Мен Меккеде болғанымда, - деді Пайғамбарымыз (с.ғ.с.), - үйімнің төбесі ашылып, Жебірейіл ғ.с. түсті. Кейін, көкірегімді жарып, зәмзам суымен жуды да, алтын табаққа толған хикметпен иманды келтіріп, ішіне құйды. Содан соң көкірегімді жауып, орнына келтірді. Кейін қолымнан ұстап аспанның ең төменгі қабатына алып шықты. Сонда, Жебірейіл ғ.с. аспанның ең төменгі қабатының сақшысына: «(Есікті) аш!»,- деді. Сақшы: «Бұл кім?»,- деді. Хазреті Жебірейіл ғ.с.: «Бұл мен, Жебірейілмін»,- деді.

701- حَدَّثَنَا مُحَمَّدٌ هُوَ ابْنُ سَلَامٍ أَخْبَرَنَا الْفَزَارِيُّ عَنْ عَاصِمٍ عَنِ الشَّعْبِيِّ أَنَّ ابْنَ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا حَدَّثَهُ قَالَ سَمِعْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مِنْ زَمْزَمَ فَشَرِبَ وَهُوَ قَائِمٌ قَالَ عَاصِمٌ فَحَلَفَ عِكْرَمَةُ مَا كَانَ يَوْمَئِذٍ إِلَّا عَلَى بَعِيرٍ

701- Ибн Аббас (р.а.): «Мен Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) тік тұрғанында зәмзам ішкіздім»,- деді. Ғасим (р.а.): «Ибн Аббастың азат болған құлы (маула) Икриманың ант етіп айтуына қарағанда, сол күні Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) тек қана түйенің үстінде жүрген»,- деді.

77-бап. Қарин – бір жола үлкен және кіші қажылық қылатын адам қалай тәуеп етеді

702- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ عُرْوَةَ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا خَرَجْنَا مَعَ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي حَجَّةِ الْوَدَاعِ فَأَهْلَلْنَا بِعُمْرَةٍ ثُمَّ قَالَ مَنْ كَانَ مَعَهُ هَذِي فْلْيُهَلِّ بِالْحَجِّ وَالْعُمْرَةِ ثُمَّ لَا يَحِلُّ حَتَّى يَحِلَّ مِنْهُمَا فَفَدِمْتُ مَكَّةَ وَأَنَا حَائِضٌ فَلَمَّا قَضَيْنَا حَجَّنا أُرْسِلَنِي مَعَ عَبْدِ الرَّحْمَنِ إِلَى النَّعِيمِ فَاعْتَمَرْتُ فَقَالَ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ هَذِهِ مَكَانَ عُمْرَتَيْكَ فَطَافَ الَّذِينَ أَهَلُّوا بِالْعُمْرَةِ ثُمَّ حَلُّوا ثُمَّ طَافُوا طَوَافًا آخَرَ بَعْدَ أَنْ رَجَعُوا مِنْ مِنَى وَأَمَّا الَّذِينَ جَمَعُوا بَيْنَ الْحَجِّ وَالْعُمْرَةِ فإِذَا طَافُوا طَوَافًا وَاحِدًا

702- Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Хажжат ул-Уадағ күні Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге шығып, кіші қажылыққа ихрам кидік. Кейін, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кімнің шалатын құрбандығы болса, бір жолата үлкен және кіші қажылыққа ниет етіп, ихрам кисін, әр екі белгіні орындағанша ихрамын шешпесін!», - деді. Мен етеккірім келген бойы Меккеге келген едім. Үлкен қажылық қылып болғанымызда, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.), мені (ағайым) Абдуррахман мен бірге *Танғимға* жіберді, мен кіші қажылық қылып қайттым. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) маған: «Бұл (етеккірің келіп орындай алмай қалған) кіші қажылығыңның орнына өтеді», - деді.

Кіші қажылыққа (ниет етіп) ихрам кигендер, Қағбаны тәуеп еткеннен соң, ихрамдарын шешті. Ал бір жолата үлкен және кіші қажылыққа тәлбия айтқандар Қағбаны бір рет тәуеп етті».

703- حَدَّثَنَا يَعْقُوبُ بْنُ إِبْرَاهِيمَ حَدَّثَنَا ابْنُ عَلِيَّةَ عَنْ أَيُّوبَ عَنْ نَافِعٍ أَنَّ ابْنَ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا دَخَلَ ابْنُهُ عَبْدُ اللَّهِ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ وَظَهْرُهُ فِي الدَّارِ فَقَالَ إِنِّي لَا أَمْنُ أَنْ يَكُونَ الْعَامَ بَيْنَ النَّاسِ قِتَالٌ فَيَصُدُّوكَ عَنِ الْبَيْتِ فَلَوْ أَقَمْتَ فَقَالَ قَدْ خَرَجَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَحَالَ كَقَارُ فُرَيْشٍ بَيْنَهُ وَبَيْنَ الْبَيْتِ فَإِنْ حِيلَ بَيْنِي وَبَيْنَهُ أَفْعَلُ كَمَا فَعَلَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَقَدْ كَانَ لَحْمٌ فِي

رَسُولُ اللَّهِ إِسْوَةٌ حَسَنَةٌ ثُمَّ قَالَ أَشْهَدُكُمْ أَنِّي قَدْ أُوجِبْتُ مَعَ عُمْرَتِي حَجًّا قَالَ ثُمَّ قَدِمَ فَطَافَ لَهُمَا طَوَافًا وَاحِدًا

703- Нафиғ (р.а.) риуаят етті: «Ибн Омардың (р.а.) алдына ұлы Абдулла ибн Абдулла түйесін аулада қалдырып, кіріп келді-де: «Мен бұл жылы адамдардың арасында ұрыс-жанжал шықпасына сенбеймін, Қағбаны тәуеп еткелі шықсаңыз, жолыңызды кәпірлер тосуы мүмкін. Бұл жылы қажылық етпей тұра-тұрсаңыз болар еді?»,- деді.

«Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Қағбаны тәуеп еткелі шыққанда Құрайыш кәпірлері жолдарын бөгеіп, ол кісімен Қағбаның арасында тұрып алған еді, егер мағанда солай істейтін болса, онда Пайғамбарымызда (с.ғ.с.) сендер үшін жақсы ғибраттар бар, деседі ғой, ақыры!»,- деді. Ибн Омар. Кейін және: «Сендерді куә қылып айтамын, кіші қажылықтың үстіне қоса үлкен қажылықты да қыламын!»,- деп қосып қойды. Содан соң Қағбаға барып, екі қажылық үшін бір рет тәуеп етті»,- деді.

78-бап. Дәрет алып тәуеп ету жайында

741- حَدَّثَنَا أَبُو نُعَيْمٍ حَدَّثَنَا أَفْلَحُ بْنُ حُمَيْدٍ عَنْ الْقَاسِمِ بْنِ مُحَمَّدٍ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ نَزَلْنَا الْمَزْدَلِفَةَ فَاسْتَأْذَنْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ سَوْدَةَ أَنْ تَدْفَعَ قَبْلَ حَطْمَةِ النَّاسِ وَكَانَتْ امْرَأَةً بَطِيئَةً فَأَذِنَ لَهَا فَدَفَعَتْ قَبْلَ حَطْمَةِ النَّاسِ وَأَقَمْنَا حَتَّى أَصْبَحْنَا نَحْنُ ثُمَّ دَفَعْنَا بِدَفْعِهِ فَلَأَنْ أَكُونَ اسْتَأْذَنْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَمَا اسْتَأْذَنْتُ سَوْدَةَ أَحَبَّ إِلَيَّ مِنْ مَفْرُوحٍ بِهِ

741- Айша (р.а.) риуаят етті: «Біз Муздалифаға келдік. Сауда ақырын адымдап жүретінінен қалың нөпірдің арасында қалып кетпеуі үшін Минаға бұрынырақ кете беруге Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) рұқсат сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оған рұқсат беріп еді, ол ертерек жолға шықты. Біз таң атқанша орнымызда қалдық. Кейін, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қозғалысы

¹³¹ Сауда – Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) әйелі.

мен бізде қозғалдық. Мен де Сауда сияқты ертерек кете беруге Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) рұқсат сұрасам болар еді, бірақ та ол кісімен бірге болудан артық бақыттырақ нәрсе жоқ!»,- деді.

99-бап. Жамғта¹³² таң намазын оқыған кісі туралы

742- حَدَّثَنَا عُمَرُ بْنُ حَفْصِ بْنِ غِيَاثٍ حَدَّثَنَا أَبِي حَدَّثَنَا الْأَعْمَشُ قَالَ حَدَّثَنِي عُمَارَةُ عَنْ عَبْدِ الرَّحْمَنِ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ مَا رَأَيْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ صَلَّى صَلَاةً بَعْدَ صَلَاتِهَا إِلَّا صَلَّاتَيْنِ جَمَعَ بَيْنَ الْمَغْرِبِ وَالْعِشَاءِ وَصَلَّى الْفَجْرَ قَبْلَ مِيقَاتِهَا

742- Абдулла ибн Масғуд (р.а.) риуаят етті. «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) екі намаздан басқа намазды белгіленген уақытынан тысқары уақытта оқығанын көрмедім. Ол кісі шам мен кұфтан намаздарын қосып, ал таң намазын өз уақытынан ертерек оқыды»,- деді.

743- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ رَجَاءٍ حَدَّثَنَا إِسْرَائِيلُ عَنْ أَبِي إِسْحَاقَ عَنْ عَبْدِ الرَّحْمَنِ بْنِ يَزِيدَ قَالَ خَرَجْنَا مَعَ عَبْدِ اللَّهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ إِلَى مَكَّةَ ثُمَّ قَدِمْنَا جَمْعًا فَصَلَّى الصَّلَاتَيْنِ كُلَّ صَلَاةٍ وَحَدَّاهَا بِأَذَانٍ وَإِقَامَةٍ وَالْعِشَاءُ بَيْنَهُمَا ثُمَّ صَلَّى الْفَجْرَ حِينَ طَلَعَ الْفَجْرُ قَائِلٌ يَقُولُ طَلَعَ الْفَجْرُ وَقَائِلٌ يَقُولُ لَمْ يَطْلُعِ الْفَجْرُ ثُمَّ قَالَ إِنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ إِنَّ هَاتَيْنِ الصَّلَاتَيْنِ حَوْلَنَا عَنْ وَقْتِهِمَا فِي هَذَا الْمَكَانِ الْمَغْرِبَ وَالْعِشَاءَ فَلَا يَقْدَمُ النَّاسُ جَمْعًا حَتَّى يُعْتَمُوا وَصَلَاةَ الْفَجْرِ هَذِهِ السَّاعَةَ ثُمَّ وَقَفَ حَتَّى أَسْفَرَ ثُمَّ قَالَ لَوْ أَنَّ أَمِيرَ الْمُؤْمِنِينَ أَفَاضَ الْآنَ أَصَابَ السُّنَّةَ فَمَا أُدْرِي أَقْوَلُهُ كَانَ أَسْرَعَ أَمْ دَفَعُ عُمَانَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ فَلَمْ يَزَلْ يُلَبِّي حَتَّى رَمَى جَمْرَةَ الْعَقَبَةِ يَوْمَ النَّحْرِ

743- Абдурахман ибн Язид риуаят етті: «Абдулла ибн Масғудпен (р.а.) бірге Меккеге бардық. Содан соң Жамғқа келдік. Ол кісі бұл жерде екі рет намаз оқыды.Әрбір намазға азан мен тәкбір айтты. Екі намаздың арасында

¹³² Жамғ – Муздалифа алқабы.

құфтанды да оқыды. Кейін, таң атар-атпастан, яғни, кейбіреулер: «Әлі таң атқан жоқ»,- десе, басқалары: «Таң атты»,- дейтін уақытта таң намазын оқыды-да. «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Біз міне осы жерде осы екі намаздың – шам мен құфтанның уақытын өзгертіп оқыдық, бұдан кейін адамдар да Жамғқа біз келген уақытта келіп, таң намазын біз оқыған уақытта оқулары керек»,- деп айтқан»,- деді. Кейін, Абдулла таң шапағы тарқағанша күтіп тұрды да: «Егер қазір Әмир ул-мұъминин тәубі ифаза қылғанда еді, сүннетті орындаған болатын еді»,- деді. Ол кісі осы сөзді айтып үлгерді ме жоқ па, білмеймін, Хазреті Осман адамдарға жолға шығуды бұйырды. Содан соң Наһр¹³³ күні Жамрат ул-Ғақаба барып, тас атқанға дейін тәлбия айтып келді»,- деді.

100-бап. Жамғтан¹³⁴ қашан қайтады?

744- حَدَّثَنَا حَجَّاجُ بْنُ مِنْهَالٍ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ أَبِي إِسْحَاقَ سَمِعْتُ عَمْرَو بْنَ مَيْمُونٍ يَقُولُ شَهِدْتُ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ صَلَّى بِجَمْعِ الصُّبْحِ ثُمَّ وَقَّفَ فَقَالَ إِنَّ الْمُشْرِكِينَ كَانُوا لَا يُفِيضُونَ حَتَّى تَطْلُعَ الشَّمْسُ وَيَقُولُونَ أَشْرُقُ ثَبِيرُ وَأَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ خَالَفَهُمْ ثُمَّ أَفَاضَ قَبْلَ أَنْ تَطْلُعَ الشَّمْسُ

744- Амр ибн Маймун риуаят етті. «Мен Омардың (р.а.) Жамғта таң намазын оқығанын көрдім. Намаз оқып болған соң: «Мүшіріктер күн шықпағанша ифаза тәубін қылмайтын еді. Олар: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.), күн Сабийрдан¹³⁵ асқан соң, ифаза¹³⁶ тәубін етуімізге қарсылық етті. Содан соң біз күн шықпастан ифаза тәубін орындадық»,- деді.

101-бап. Құрбандық күні ертелеп, тас ататын уақытта, тәлбия мен тәкбір айту және (түйеге) мінгесіп жүру туралы

¹³³ Наһр – Құрбан шалатын күн.

¹³⁴ Жамғ – Муздалифа алқабы.

¹³⁵ Сабийр – Меккедегі тау.

¹³⁶ Ифаза тәубі – Зұлхижжа айының 10-шы күні яғни, құрбан шалған күні Қағбаны айналып орындалатын тәуеп.

745- حَدَّثَنَا أَبُو عَاصِمٍ الضَّحَّاكُ بْنُ مَخْلَدٍ أَخْبَرَنَا ابْنُ جُرَيْجٍ عَنْ عَطَاءٍ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أُرْدِفَ الْفَضْلَ فَأَخْبِرَ الْفَضْلُ أَنَّهُ لَمْ يَزَلْ يُلَبِّي حَتَّى رَمَى الْجَمْرَةَ

745- Ибн Аббас (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Фазлды түйесіне мінгестіріп алып, тас ататын уақытқа дейін тәлбия айтты. Бұны маған Фазлдың өзі айтқан болатын»,- деді.

746- حَدَّثَنَا زُهَيْرُ بْنُ حَرْبٍ حَدَّثَنَا وَهْبُ بْنُ جَرِيرٍ حَدَّثَنَا أَبِي عَنْ يُونُسَ الْأَيْلِيِّ عَنْ الزُّهْرِيِّ عَنْ عُبَيْدِ اللَّهِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ أُسَامَةَ بْنَ زَيْدٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا كَانَ رَدَفَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مِنْ عَرَفَةَ إِلَى الْمُزْدَلِفَةِ ثُمَّ أُرْدِفَ الْفَضْلَ مِنَ الْمُزْدَلِفَةِ إِلَى مِئَى قَالَ فَكِلَاهُمَا قَالَا لَمْ يَزَلِ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُلَبِّي حَتَّى رَمَى جَمْرَةَ الْعَقَبَةِ

746- Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті: «Усама ибн Зәйд (р.а.) Арафаттан Муздалифаға Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) түйесіне мінгесіп барды. Ал Муздалифадан Минаға дейін Фазл мінгесіп келді. Олардың екеуі де: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Ғақабада тас атқанға дейін үздіксіз тәлбия айтты»,- десті.

102-бап.

فَمَنْ تَمَعَ بِالْعُمْرَةِ إِلَى الْحَجِّ فَمَا اسْتَيْسَرَ مِنَ الْهَدْيِ فَمَنْ لَمْ يَجِدْ فَصِيَامُ ثَلَاثَةِ أَيَّامٍ فِي الْحَجِّ وَسَبْعَةٍ إِذَا رَجَعْتُمْ تِلْكَ عَشْرَةٌ كَامِلَةٌ ذَلِكَ لِمَنْ لَمْ يَكُنْ أَهْلَهُ حَاضِرِي الْمَسْجِدِ الْحَرَامِ

Алла тағала: «... Ал қашан амандықта болсаңдар қажылыққа дейін ғұмрадан пайдаланса, (әуелі ғұмраны орындап, ихрамнан шығып, қажылық үшін қайтадан ихрам байланса, бұны «Хаж Тәматтұғ» деп атайды). Сонда қолайлы бір құрбан шалады. Егер біреу құрбандық таба алмаса, қажылықта үш күн, үйге қайтып келгенде жеті күн болып, толық он күн ораза ұстайды. Бұл үйі Мәсжид Харамда болмағандар үшін¹³⁷!»,- деді.

¹³⁷ 2. «әл-Бақара», 196 аят.

747- حَدَّثَنَا إِسْحَاقُ بْنُ مَنْصُورٍ أَخْبَرَنَا النَّضْرُ أَخْبَرَنَا شُعْبَةُ حَدَّثَنَا أَبُو جَمْرَةَ قَالَ سَأَلْتُ ابْنَ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا عَنِ الْمُتْعَةِ فَأَمَرَنِي بِهَا وَسَأَلْتُهُ عَنِ الْهَدْيِ فَقَالَ فِيهَا جَزُورٌ أَوْ بَقَرَةٌ أَوْ شَاةٌ أَوْ شِرْكٌ فِي دَمٍ قَالَ وَكَأَنَّ نَاسًا كَرَّهُوَهَا فَنِمْتُ فَرَأَيْتُ فِي الْمَنَامِ كَأَنَّ إِنْسَانًا يُنَادِي حَجٌّ مَبْرُورٌ وَمَتْعَةٌ مُتَقَبَّلَةٌ فَأَتَيْتُ ابْنَ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا فَحَدَّثَنِي فَقَالَ اللَّهُ أَكْبَرُ سَنَةَ أَبِي الْقَاسِمِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ وَقَالَ آدَمُ وَوَهْبُ بْنُ جَرِيرٍ وَعُثْرٌ عَنْ شُعْبَةَ عُمَرَةَ مُتَقَبَّلَةٌ وَحَجٌّ مَبْرُورٌ

747- Эбу Жамра риуаят етті: «Мен Ибн Аббастан (р.а.) мутға қылуға¹³⁸ рұқсат сұрағанымда, маған мутға қылуыма рұқсат берді. Кейін, құрбандық жайлы сұрағанымда, ол кісі. «Мутға қылатын адам бір түйе немесе бір сиыр әйтпесе бір қой құрбандық шалуы керек. Әйтпесе біреумен бірігіп құрбандық шалуы керек», - деді. Адамдар бұлай мутға қылуды Мәкрух деп есептейтін еді. Кейін, біреу түсімде: «Қажылығын қайырлы және мутғаң қабыл болғай!», - деді. Бұл (көрген түсімді) Ибн Аббасқа айтып бергенімде, ол кісі: «Аллаһу акбар! Бұл – Абул Қасым (Расулулланың) сүннеттері», - деді. Шуғба: «Кіші қажылығың қабыл және үлкен қажылығың қайырлы болғай!», - делінген болса керек», - деді.

103-бап. Түйеге міну жайында

لِقَوْلِهِ وَالْبُذُنَ جَعَلْنَاهَا لَكُمْ مِنْ شَعَائِرِ اللَّهِ لَكُمْ فِيهَا خَيْرٌ فَاذْكُرُوا اسْمَ اللَّهِ عَلَيْهَا صَوَافَّ فَإِذَا وَجَبَتْ جُنُوبُهَا فَكُلُوا مِنْهَا وَأَطِعُوا الْقَانِعَ وَالْمُعْتَرَّ كَذَلِكَ سَخَّرْنَاهَا لَكُمْ لَعَلَّكُمْ تَشْكُرُونَ لَنْ يَبَالَ اللَّهُ لِحَوْمِهَا وَلَا دِمَاؤِهَا وَلَكِنْ يَبَالُ التَّقْوَى مِنْكُمْ كَذَلِكَ سَخَّرَهَا لَكُمْ لِتُكَبِّرُوا اللَّهَ عَلَى مَا هَدَاكُمْ وَبَشِّرِ الْمُحْسِنِينَ قَالَ مُجَاهِدٌ سُمِّيَتْ الْبُذُنُ لِبُذْنِهَا وَالْقَانِعِ السَّائِلُ وَالْمُعْتَرُّ الَّذِي يَعْتَرُّ بِالْبُذُنِ مِنْ غَنِيِّ أَوْ فَقِيرٍ وَشَعَائِرُ اسْتِعْظَامُ الْبُذُنِ وَاسْتِحْسَانُهَا وَالْعَتِيقُ عِثْقُهُ مِنَ الْجَبَابِرَةِ وَيُقَالُ وَجَبَتْ سَقَطَتْ إِلَى الْأَرْضِ وَمِنْهُ وَجَبَتْ الشَّمْسُ

Алла тағала: «Түйе, сиырды сендер үшін; Алланың белгілері (құрбандықтары) қылдық. Мүнде сендер үшін хайыр бар. Оларды тұрғызып қойып, оған Алланың атын айтыңдар. Сонда қашан

¹³⁸ Мутға – Бұл жерде Тамматтуғ қажылықты орындағандығының шүкірлігі үшін шалынатын құрбандық.

олардың жамбастары жерге тисе (жаны шықса) жеңдер де мұқтажға да мұқтаж емеске де жегізіндер. Өстіп шүкір етулерің үшін; малды еріктеріңе бердік. Ешқашан құрбанның еттері, қандары Аллаға үлгермейді. Бірақ сендердің тақуалықтарың үлгереді. (Арабтар жаһилиет заманында Қағбаның қабырғасына құрбандықтың еттерін іліп, қандарын жағатын) Сендерге тура жол көрсеткен Алланы ұлықтауларың үшін; осылайша малды, еріктеріңе бердік. (Мұхаммед ғ.с.) жақсылық істеушілерді қуандыр!¹³⁹»,- деді.

748- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ أَبِي الزِّنَادِ عَنِ الْأَعْرَجِ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ رَأَى رَجُلًا يَسُوقُ بَدَنَةً فَقَالَ ارْكَبْهَا فَقَالَ إِنَّهَا بَدَنَةٌ فَقَالَ ارْكَبْهَا قَالَ ارْكَبْهَا وَيْلَكَ فِي الثَّالِثَةِ أَوْ فِي الثَّانِيَةِ

748- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті. «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) түйе айдап бара жатқан кісіні көріп: «Оны мініп ал!»,- деді. Ол кісі: «Бұл құрбандық-қой?!»,- деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) тағы да: «Мініп ал!»,- деді. Ол кісі тағы да: «Бұл құрбандық-қой?!»,- деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) үшінші рет: «Мініп ал!»,- деді.

104-бап. Өзімен бірге құрбандық малын жетектеп алған кісі туралы

750- حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ بُكَيْرٍ حَدَّثَنَا اللَّيْثُ عَنْ عَقِيلٍ عَنْ ابْنِ شِهَابٍ عَنْ سَالِمِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ أَنَّ ابْنَ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ تَمَنَّعَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي حَجَّةِ الْوَدَاعِ بِالْعُمْرَةِ إِلَى الْحَجِّ وَأَهْدَى فَسَاقَ مَعَهُ الْهَدْيَ مِنْ ذِي الْحُلَيْفَةِ وَبَدَأَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَأَهْلًا بِالْعُمْرَةِ ثُمَّ أَهْلًا بِالْحَجِّ فَتَمَنَّعَ النَّاسُ مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِالْعُمْرَةِ إِلَى الْحَجِّ فَكَانَ مِنَ النَّاسِ مَنْ أَهْدَى فَسَاقَ الْهَدْيَ وَمِنْهُمْ مَنْ لَمْ يُهْدِ فَلَمَّا قَدِمَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَكَّةَ قَالَ لِلنَّاسِ مَنْ كَانَ مِنْكُمْ أَهْدَى فَإِنَّهُ لَا يَحِلُّ لِشَيْءٍ حَرْمٍ مِنْهُ حَتَّى يَقْضِيَ حَجَّهُ وَمَنْ لَمْ يَكُنْ مِنْكُمْ أَهْدَى فَلْيَطْفُ بِالْبَيْتِ وَبِالصَّفَا وَالْمَرْوَةِ وَلْيُقْصِرْ وَلْيَحْلِلْ ثُمَّ لِيُهَلِّ بِالْحَجِّ فَمَنْ لَمْ يَجِدْ هَدْيًا فَلْيَصُمْ ثَلَاثَةَ أَيَّامٍ فِي الْحَجِّ وَسَبْعَةَ إِذَا رَجَعَ إِلَى أَهْلِهِ فَطَافَ حِينَ قَدِمَ

¹³⁹ 22. «Хаж», 36-37 аяттар.

مَكَّةَ وَاسْتَلَمَ الرُّكْنَ أَوَّلَ شَيْءٍ ثُمَّ خَبَّ ثَلَاثَةَ أَطْوَافٍ وَمَشَى أَرْبَعًا فَرَكَعَ حِينَ قَضَى طَوَافَهُ بِالْبَيْتِ عِنْدَ الْمَقَامِ رَكْعَتَيْنِ ثُمَّ سَلَّمَ فَأَنْصَرَفَ فَأَتَى الصَّخَا فَطَافَ بِالصَّخَا وَالْمَرْوَةَ سَبْعَةَ أَطْوَافٍ ثُمَّ لَمْ يَحِلِّلْ مِنْ شَيْءٍ حَرَمٍ مِنْهُ حَتَّى قَضَى حَجَّهُ وَنَحَرَ هَدْيَهُ يَوْمَ النَّحْرِ وَأَفَاضَ فَطَافَ بِالْبَيْتِ ثُمَّ حَلَّ مِنْ كُلِّ شَيْءٍ حَرَمٍ مِنْهُ وَقَعَلَ مِثْلَ مَا فَعَلَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَنْ أَهْدَى وَسَاقَ الْهَدْيَ مِنَ النَّاسِ وَعَنْ عُرْوَةَ أَنَّ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا أَخْبَرَتْهُ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي تَمْتُعِهِ بِالْعُمْرَةِ إِلَى الْحَجِّ فَتَمَتَّعَ النَّاسُ مَعَهُ بِمِثْلِ الَّذِي أَخْبَرَنِي سَالِمٌ عَنْ ابْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا عَنْ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

750- Ибн Омар (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Хажжат ул-Удағта үлкен қажылықтан бұрын кіші қажылық қылып алды. Ол кісі Зүлхулайфадан өздері мен бірге құрбандық малын айдап келіп, алдымен кіші қажылыққа содан соң үлкен қажылыққа ихрам киді. Адамдар да Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сияқты үлкен қажылықтан бұрын кіші қажылыққа (ниет етіп) ихрамдарын киді. Сонда кейбіреулері өздерімен құрбандыққа малдарын жетектеп келсе, енді біреулері құрбандыққа шалатын малсыз келген болатын. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Меккеге келгенде, адамдарға: «Кімде-кім араларында шалатын құрбандық алып келген болса, қажылықты атқарып болғанша, ттым салынған істерді істеуге рұқсат жоқ, ал кімде-кім шалатын құрбандық алып келмеген болса, онда Қағбаны тәуеп етіп, Сафа мен Мәруаның арасында сабий қылсын. Содан соң шаштарын алдырып, ихрамдарын шешсін, содан кейін ғана үлкен қажылыққа ихрам кисін! Жалпылай құрбандық таба алмағандар болса, қажылық күндері үш күн, үйлеріне қайтқан соң жеті күн ораза ұстасын!»,- деді.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Меккеге келгенінде Қағбаны тәуеп етуді ең әуелі бұрыштарды сүюден бастады. Содан соң үш рет жәй жүріспен және төрт рет жылдам жүріспен айналып тәуеп етті. Кейін, Мақами Ибраһимнің алдында екі рәкат тәуеп намазын оқып, сәлем беріп орнынан тұрды да, Сафа мен Мәруаға келді. Сафа мен Мәруаны жеті рет айналды. Пайғамбарымыз қажылықтың шарттарын толық орындағанға дейін тиым салынған істердің (бірде-біреуін) істемеді. Наһр күні құрбандықтарын шалып, *ифаза*¹⁴⁰ тәуебін етті. Содан кейін ғана қажылықта істеуге

¹⁴⁰ Ифаза тәуебі – Зүлхижжа айының 10-шы күні яғни, құрбан шалған күні Қағбаны айналып орындалатын тәуеп.

болмайтын істерді істеуге мүмкіндігі болды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жоғарыда не істеген болса, басқалары да тура солай істеді».

105-бап. Шалатын құрбандықты жолда сатып алан кісі туралы

751- حَدَّثَنَا أَبُو النُّعْمَانِ حَدَّثَنَا حَمَّادٌ عَنْ أَبِي يُوْبَ عَنْ نَافِعٍ قَالَ قَالَ عَبْدُ اللَّهِ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمْ لِأَبِيهِ أَقِمْ فَإِنِّي لَأَمْنُهَا أَنْ سُنَّصَدُّ عَنْ النَّبِيِّ قَالَ إِذَا أَفْعَلُ كَمَا فَعَلَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَقَدْ قَالَ اللَّهُ لَقَدْ كَانَ لَكُمْ فِي رَسُولِ اللَّهِ أُسْوَةٌ حَسَنَةٌ فَاِنَّا أَشْهَدُكُمْ أَنِّي قَدْ أُوجِبْتُ عَلَى نَفْسِي الْعُمْرَةَ فَأَهْلًا بِالْعُمْرَةِ مِنَ الدَّارِ قَالَ ثُمَّ خَرَجَ حَتَّى إِذَا كَانَ بِالْبَيْدَاءِ أَهْلًا بِالْحَجِّ وَالْعُمْرَةِ وَقَالَ مَا شَأْنُ الْحَجِّ وَالْعُمْرَةِ إِلَّآ وَاحِدٌ ثُمَّ اسْتَرَى الْهَدْيَ مِنَ هَدْيِ ثَمَّ قَدِيمَ فَطَافَ لَهُمَا طَوَافًا وَاحِدًا فَلَمْ يَحِلَّ حَتَّى حَلَّ مِنْهُمَا جَمِيعًا

751- Нафиғ (р.а.) риуаят етті: «Абдулла ибн Абдулла ибн Омар (р.а.) әкесіне: «Бұл жылы қажылық қылмай тұра-тұрсаңыз, өйткені мен адамдардың арасында ұрыс болмайтынына сеніңкіремеймін, (кәпірлер) сізді Қағбаға жібермеулері мүмкін»,- деді. Сонда әкесі: «Егерде солай қылынса, онда мен Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сияқты істеймін. Алла тағала: «Расулуллада сендер үшін жақсы үлгі-ғибраттар бар»,- дейді. Мен сендерді куә қылып, өзіме кіші қажылықты уәжіп еттім деп жариялаймын»,- деді. Содан кейін, ол кісі кіші қажылыққа ихрам киді. Кейін, Байдағқа келіп, бір жола үлкен және кіші қажылыққа таһлил айтты-да: «Үлкен және кіші қажылықта бір сауапқа ие»,- деді. Кейін, Құдайдан шалатын құрбандық алып, Меккеге келді. Содан соң үлкен және кіші қажылық үшін Қағбаны бір рет тәуеп етті. Үлкен және кіші қажылықты толық атқармағанша ихрамын шешпеді»,- деді.

106-бап. Зұлхулайфада түйесінің мойнына белгі байлап, құрбандық екендігін белгілеп қойған кісі туралы

قَالَ نَافِعٌ كَانَ ابْنُ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا إِذَا أَهْدَى مِنَ الْمَدِينَةِ قَلْدَهُ وَأَشْعَرَهُ بِذِي الْحُلَيْفَةِ يَطْعَنُ فِي شِقِّ سَنَامِهِ الْأَيْمَنِ بِالشَّفْرَةِ وَوَجْهَهَا قِبَلَ الْقِبْلَةِ بَارِكَةَ

Нафиғ (р.а.) риуаят етті: «Ибн Омар (р.а.) Мединеден құрбандық түйе айдап келсе, Зұлхулайфада оны қыблаға қаратып шөктіріп, белгі ретінде (мойнына) белгі байлап қоятын еді. Кейін, өркешіне пышақ шаншып, айналасына қан мен сызық сызатын еді».

752- حَدَّثَنَا أَحْمَدُ بْنُ مُحَمَّدٍ أَخْبَرَنَا عَبْدُ اللَّهِ أَخْبَرَنَا مَعْمَرٌ عَنْ الزُّهْرِيِّ عَنْ عُرْوَةَ بْنِ الزُّبَيْرِ عَنِ الْمِسْوَرِ بْنِ مَخْرَمَةَ وَمَرْوَانَ قَالَا خَرَجَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ زَمَنَ الْحُدَيْبِيَّةِ مِنَ الْمَدِينَةِ فِي بَضْعِ عَشْرَةِ مِائَةٍ مِنْ أَصْحَابِهِ حَتَّى إِذَا كَانُوا بِذِي الْحُلَيْفَةِ قَدَّ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ الْهَدْيَ وَأَشْعَرَ وَأَحْرَمَ بِالْعُمْرَةِ

752- Мисуар ибн Махрама мен Мәруан риуаят етеді: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бірнеше жүз сахабаларымен жолға шықты. Зұлхулайфаға жеткендерінде түйелерінің мойнына белгілерді асып, және өркешін қанатып, құрбандық екенін белгілеп қойды. Содан соң кіші қажылыққа ихрамдарын киді».

Айша анамыз (р.а.) риуаят етті. «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) түйесінің мойнына белгі байлау үшін өз қолыммен (шүберек жыртып) бердім. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оны белгі қылып байлады. Кейін, өркешін қанатып, сызықтар сызып қойды-да (қажылыққа) жөнелтті. Сонда ол кісі қажылықта қылынбайтын істерден мақұрым болмады», - деді.

107-бап. Түйе немесе сиырдың мойнына белгі қылып байлайтын (шүберекті) жырту туралы

754- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ حَدَّثَنَا يَحْيَى عَنْ عُبَيْدِ اللَّهِ قَالَ أَخْبَرَنِي نَافِعٌ عَنْ ابْنِ عُمَرَ عَنْ حَفْصَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمْ قَالَتْ قُلْتُ يَا رَسُولَ اللَّهِ مَا شَأْنُ النَّاسِ حَلُّوا وَلَمْ تَحْلِلْ أَنْتَ قَالَ إِنِّي لَبَدْتُ رَأْسِي وَقَلَدْتُ هَدْيِي فَلَا أُحِلُّ حَتَّى أُحِلَّ مِنَ الْحَجِّ

754- Хафса (р.а.) риуаят етті. «Я Расулулла, адамдар ихрамдарын шешті, сіз неге шешпедіңіз?»,- дедім. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Өйткені мен шашымды қозғалмайтындай етіп жабыстырып алдым. Құрбандығыма белгі байладым, сол себептен қажылықты атқармағанымша ихрамымда шеше алмаймын», - деді.

755- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ حَدَّثَنَا اللَّيْثُ حَدَّثَنَا ابْنُ شِهَابٍ عَنْ عُرْوَةَ وَعَنْ عَمْرَةَ بِنْتِ عَبْدِ الرَّحْمَنِ أَنَّ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُهْدِي مِنَ الْمَدِينَةِ قَافِلًا قَائِدًا هَدْيِهِ ثُمَّ لَا يَجْتَنِبُ شَيْئًا مِمَّا يَجْتَنِبُهُ الْمُحْرَمُ

755- Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Мединеден құрбандық айдап келсе, ол құрбандықтың мойнына белгі қылып байлап

коятын шүберекті жыртып беретін едім. Кейін, ол ихрам киген кісі істемейтін істерді де қыла беретін еді»,- деді.

108-бап. Түйенің мойнына белгі байлау туралы

قَالَ عُرْوَةُ عَنْ الْمِسْوَرِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَلَدَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ الْهَدْيَ وَأَشْعَرَهُ وَأَحْرَمَ بِالْعُمْرَةِ

Ғұруа (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) құрбандықтың мойнына белгі байлап және оның денесін қанатып, құрбандық екенін белгілеп қойды да, кіші қажылыққа ихрам киді»,- деді.

756- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مَسْلَمَةَ حَدَّثَنَا أَفْلَحُ بْنُ حُمَيْدٍ عَنِ الْقَاسِمِ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ فَتَلْتُ فَلَانِدَ هَدْيِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ ثُمَّ أَشْعَرَهَا وَقَلَدَهَا أَوْ قَلَدْتُهَا ثُمَّ بَعَثَ بِهَا إِلَى الْبَيْتِ وَأَقَامَ بِالْمَدِينَةِ فَمَا حَرَّمَ عَلَيْهِ شَيْءٌ كَانَ لَهُ حِلٌّ

756- Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) құрбандығының мойнына белгі байлап қою үшін шүберек жыртып бердім. Кейін, ол кісі құрбандығының мойнына белгі байлап (әлде мен өзім байлап қойған секілдімін) және оның денесін қанатып, құрбандық екенін белгілеп қойды. Содан соң, өзі Мединеде қалып, оны бір кісі арқылы Меккеге жіберді. Сонда, ол кісі қажылықта тиым салынатын істерден мақұрым болмады»,- деді.

109-бап. Құрбандығының мойнына өз қолымен белгі байлап қойған кісі туралы

757- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ أَبِي بَكْرٍ بْنِ عَمْرٍو بْنِ حَزْمٍ عَنْ عَمْرَةَ بِنْتِ عَبْدِ الرَّحْمَنِ أَنَّهَا أَخْبَرَتْهُ أَنَّ زِيَادَ بْنَ أَبِي سُفْيَانَ كَتَبَ إِلَى عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا إِنَّ عَبْدَ اللَّهِ بْنَ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ مَنْ أَهْدَى هَدْيًا حَرَّمَ عَلَيْهِ مَا يَحْرُمُ عَلَى الْحَاجِّ حَتَّى يُنْحَرَ هَدْيُهُ قَالَتْ عَمْرَةُ فَقَالَتْ عَائِشَةُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا لَيْسَ كَمَا قَالَ ابْنُ عَبَّاسٍ أَنَا فَتَلْتُ فَلَانِدَ هَدْيِ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِيَدِي ثُمَّ قَلَدَهَا رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِيَدِي ثُمَّ

بَعَثَ بِهَا مَعَ أَبِي فَلَمْ يَحْرُمُ عَلَى رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ شَيْءٌ أَحَلَّهُ اللَّهُ لَهُ حَتَّى نُحِرَ الْهَدْيُ

757- Амра бинти Абдуррахман риуаят етті: «Зияд ибн Әбу Суфян Айша анамызға (р.а.): «Абдулла ибн Аббас қажылыққа құрбандық жөнелткен кісі ихрам байлаған кісі сияқты құрбандығы шалынғанға дейін Мәкрух істерден өзін тиып тұру керек, дейді»,- деп хат жолдады. Айша (р.а.): «Ибн Аббас айтқандай емес, мен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) құрбандығының мойнына белгі қылып байлайтын шүберекті өз қолыммен жыртып беретінмін. Ол кісі өз қолымен оны байлайтын. Содан соң оны әкем (Әбу Бәкір) арқылы қажылыққа беріп жіберетін еді. Сонда, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) құрбандығы шалынғанға дейін Алла тағала халал қылған бірер нәрседен құр қалған жоқ»,- деп жауап жолдады».

110-бап. Қойдың мойнына белгі байлап қою туралы

758- حَدَّثَنَا أَبُو نُعَيْمٍ حَدَّثَنَا الْأَعْمَشُ عَنْ إِبْرَاهِيمَ عَنِ الْأَسْوَدِ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ أَهْدَى النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَرَّةً غَنَمًا

758- Айша анамыз (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) құрбандыққа шалу үшін бір рет қой жіберді»,- деді.

759- حَدَّثَنَا أَبُو النُّعْمَانِ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْوَاحِدِ حَدَّثَنَا الْأَعْمَشُ حَدَّثَنَا إِبْرَاهِيمُ عَنِ الْأَسْوَدِ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ كُنْتُ أَقْتُلُ الْقَلَائِدَ لِلنَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَيَقْلُدُ الْغَنَمَ وَيُقِيمُ فِي أَهْلِهِ حَلَالًا

759- Айша анамыз (р.а.): «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) белгі байлауы үшін шүберек жыртып беретін едім. Ол кісі қойдың мойнына байлап, Меккеге беріп жіберетін еді. Ал өзі ихрам кимей үйде қалатын , - деді.

760- حَدَّثَنَا أَبُو النُّعْمَانِ حَدَّثَنَا حَمَّادٌ حَدَّثَنَا مَنصُورُ بْنُ الْمُعْتَمِرِ ح وَ حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ كَثِيرٍ أَخْبَرَنَا سُفْيَانُ عَنْ مَنصُورٍ عَنْ إِبْرَاهِيمَ عَنِ الْأَسْوَدِ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ كُنْتُ أَقْتُلُ قَلَائِدَ الْغَنَمِ لِلنَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَيَبْعَثُ بِهَا ثُمَّ يَمْكُثُ حَلَالًا

760- Айша анамыз (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) белгі байлауы үшін шүберек жыртып беретін едім. Ол кісі онымен қойдың мойнына белгі

байлап, Меккеге беріп жіберетін еді. Ал өзі ихрам кимей (үйде) қалатын , - деді.

761- حَدَّثَنَا أَبُو نُعَيْمٍ حَدَّثَنَا زَكَرِيَّا عَنْ عَامِرٍ عَنْ مَسْرُوقٍ عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ فَتَلْتُ لِهَدْيِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ تَعْنِي الْفَلَايِدَ قَبْلَ أَنْ يُحْرَمَ

761- Айша анамыз (р.а.): «Айша анамыз (р.а.): «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) құрбандығының мойнына белгі байлауы үшін шүберек жыртып беретін едім», - деді. (Яғни, ихрам киюден бұрын құрбандықтың мойнына байлайтын жіпті, шүберекті айтып тұр).

111-бап. Белгіге байланатын жіптер жүннен иіріледі

762- حَدَّثَنَا عَمْرُو بْنُ عَلِيٍّ حَدَّثَنَا مُعَاذُ بْنُ مُعَاذٍ حَدَّثَنَا ابْنُ عَوْنٍ عَنْ الْقَاسِمِ عَنْ أُمِّ الْمُؤْمِنِينَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ فَتَلْتُ فَلَايِدَهَا مِنْ عَهْنٍ كَانَ عِنْدِي

762- Үмму ул-мұминин (Айша анамыз): «Құрбандықтың мойнына белгіге байланатын жіптерді үйіміздегі жүндерден (ұршықпен) иіретін едім», - деді.

112-бап. Құрбандықтың мойнына белгі байлау туралы

763- حَدَّثَنَا مُحَمَّدٌ هُوَ ابْنُ سَلَامٍ أَخْبَرَنَا عَبْدُ الْأَعْلَى بْنُ عَبْدِ الْأَعْلَى عَنْ مَعْمَرٍ عَنْ يَحْيَى بْنِ أَبِي كَثِيرٍ عَنْ عِكْرِمَةَ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ نَبِيَّ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ رَأَى رَجُلًا يَسُوقُ بَدَنَةً قَالَ ارْكَبْهَا قَالَ إِنَّهَا بَدَنَةٌ قَالَ ارْكَبْهَا قَالَ فَلَقَدْ رَأَيْتُهُ رَاكِبًا يُسَآيِرُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَالنَّعْلُ فِي عُنُقِهَا تَابَعَهُ مُحَمَّدُ بْنُ بَشَّارٍ حَدَّثَنَا عُثْمَانُ بْنُ عُمرٍ أَخْبَرَنَا عَلِيُّ بْنُ الْمُبَارَكِ عَنْ يَحْيَى عَنْ عِكْرِمَةَ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنْ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

763- Әбу Хурайра (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) құрбандыққа түйе айдап бара жатқан бір кісіні көріп: «Оны мініп ал!», - деді. Ол: «Бұл құрбандық қой!», - деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қайталап: «Оны мініп ал!», - деді. Кейіннен әлгі кісінің Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) түйеге мінгесіп кетіп бара жатқанын және түйенің мойнында белгі байланып тұрғанын көрдім», - деді.

113-бап. Түйенің тоқымы¹⁴¹ жайлы

¹⁴¹ Тоқым – Түйенің үстіне жабатын жамылғы.

وَكَانَ ابْنُ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا لَا يَسْتَقُ مِنَ الْجَلَالِ إِلَّا مَوْضِعَ السَّنَامِ وَإِذَا نَحَرَهَا نَزَعَ جِلَالَهَا مَخَافَةَ أَنْ يُفْسِدَهَا الدَّمُ ثُمَّ يَتَصَدَّقُ بِهَا

Ибн Омар (р.а.) түйенің тоқымына тимей, өркешін ғана кесетін еді. Егер түйені соятын болса, тоқымын қан тиіп ластанып қалуынан қорқып, шешіп алатын еді. Кейін оны садақа қылып беріп жіберетін».

765- حَدَّثَنَا قَبِيصَةُ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ عَنْ ابْنِ أَبِي نَجِيحٍ عَنْ مُجَاهِدٍ عَنْ عَبْدِ الرَّحْمَنِ بْنِ أَبِي لَيْلَى عَنْ عَلِيٍّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ أَمَرَنِي رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنْ أَتَصَدَّقَ بِجِلَالِ الْبُذْنِ الَّتِي نَحَرْتُ وَبِجُلُودِهَا

765- Әли (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) маған сойған түйемнің тоқымы мен терісін садақа қылуымды бұйырды», - деді.

114-бап. Жол-жөнекей құрбандық сатып алып, оның мойнына белгі байлаған кісі туралы

766- حَدَّثَنَا إِبْرَاهِيمُ بْنُ الْمُنْذِرِ حَدَّثَنَا أَبُو ضَمْرَةَ حَدَّثَنَا مُوسَى بْنُ عُقْبَةَ عَنْ نَافِعٍ قَالَ أَرَادَ ابْنُ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا الْحَجَّ عَامَ حَجَّةِ الْحَرُورِيَّةِ فِي عَهْدِ ابْنِ الزُّبَيْرِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا فَقِيلَ لَهُ إِنَّ النَّاسَ كَانُوا بَيْنَهُمْ قِتَالًا وَنَخَافُ أَنْ يَصُدُّوكَ فَقَالَ لَقَدْ كَانَ لَكُمْ فِي رَسُولِ اللَّهِ أُسْوَةٌ حَسَنَةٌ إِذَا أَصْنَعَ كَمَا صَنَعَ أَشْهَدُكُمْ أَنِّي أُوجِبْتُ عُمْرَةً حَتَّى إِذَا كَانَ بِظَاهِرِ الْبَيْدَاءِ قَالَ مَا شَأْنُ الْحَجِّ وَالْعُمْرَةِ إِلَّا وَاحِدٌ أَشْهَدُكُمْ أَنِّي قَدْ جَمَعْتُ حَجَّةً مَعَ عُمْرَةٍ وَأَهْدَى هَدْيًا مُقَلَّدًا اسْتَتْرَاهُ حَتَّى قَدِمَ فَطَافَ بِالْبَيْتِ وَبِالصَّفَا وَلَمْ يَزِدْ عَلَى ذَلِكَ وَلَمْ يَحِلِّلْ مِنْ شَيْءٍ حَرَّمَ مِنْهُ حَتَّى يَوْمَ النَّحْرِ فَحَلَّقَ وَنَحَرَ وَرَأَى أَنْ قَدْ قَضَى طَوَافَهُ الْحَجِّ وَالْعُمْرَةَ بِطَوَافِهِ الْأَوَّلِ ثُمَّ قَالَ كَذَلِكَ صَنَعَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

766- Нафиғ (р.а.) риуаят етті: «Ибн Омар (р.а.) Зүбайрдың (р.а.) халифалық дәуірінде Харурия қажылығы жылында қажылық қылмақшы болды. Сонда ол кісіге: «Адамдар өзара соғысуда, олар сіздің қажылық етіуіңізге кедергі қылмаса деп қауіптенеміз», - десті. Сонда Ибн Омар: «Расулуллада сендер үшін жақсы ғибраттар бар», - деген аятты оқып: «Егер де солай ететін болса, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сияқты істеймін. Сендердің алдыларыңда

кіші қажылықты өзіме уәжіп еттім деп жариялаймын», - деді. Содан соң ол кісі кіші қажылыққа (ниет етіп) ихрам киді. Кейін Байдағқа келіп, бір жолата үлкен және кіші қажылыққа тәлбия айтып: «Үлкен және кіші қажылық екеуі де бір сауапқа ие, мен үлкен және кіші қажылықты бірге қосып орындаймын, деп сендерді куә етемін», - деді. Содан соң шалатын құрбандық сатып алып, оның мойнына белгі байлады да, Меккеге жөнелтті. Өзі де Меккеге келген соң, Кағбаны тәуеп етіп, Сафада сағий қылды. Бұдан басқа еш нәрсе істемеді. Наһр күніне дейін ихрам кигендерге тыйым салынған істерді істемеді. Содан соң шашын алдырып, құрбандығын шалды да, Кағбаны бір рет тәуеп еткенінше үлкен және кіші қажылықты орындадым деп есептеді. Кейін, Пайғамбарымыз да (с.ғ.с.) осылай істеген еді», - деп қойды.

115-бап. Ер кісінің өз әйелдерінің атынан олар айтпаса да сиырды құрбандыққа шалуы туралы

767- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ يَحْيَى بْنِ سَعِيدٍ عَنْ عَمْرَةَ بِنْتِ عَبْدِ الرَّحْمَنِ قَالَتْ سَمِعْتُ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا تَقُولُ خَرَجْنَا مَعَ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لِخَمْسِ بَقِيَيْنَ مِنْ ذِي الْقَعْدَةِ لَا تُرَى إِلَّا الْحَجَّ فَلَمَّا دَنَوْنَا مِنْ مَكَّةَ أَمَرَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَنْ لَمْ يَكُنْ مَعَهُ هَدْيٌ إِذَا طَافَ وَسَعَى بَيْنَ الصَّفَا وَالْمَرْوَةِ أَنْ يَحِلَّ قَالَتْ فَدَخَلَ عَلَيْنَا يَوْمَ النَّحْرِ بِلَحْمِ بَقْرٍ فَقُلْتُ مَا هَذَا قَالَ نَحَرَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَنْ أَزْوَاجِهِ قَالَ يَحْيَى فَذَكَرْتُهُ لِلْقَاسِمِ فَقَالَ أَتَيْتُكَ بِالْحَدِيثِ عَلَى وَجْهِهِ

767- Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Біз Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге тек қана қажылық ету ниетімен Зұлқағда айының соңғы бес күнінде жолға шықтық. Меккеге жақындағанымызда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кімдекімнің шалатын құрбандығы болмаса, Кағбаны айналып тәуеп етіп, Сафа мен Мәруада сағий қылғаннан кейін, ихрамын шешсін!», - деп бұйырды. Наһр¹⁴² күні келгенде, бізге сиырдың етін алып келісті. Сонда мен: «Бұл не қылған ет?», - дегенімде. Расуллула өзінің зайыптарының атынан құрбандыққа сиыр шалды», - деп айтысты.

116-бап. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) Минадағы құрбан шалынатын жерде құрбан шалғаны туралы

¹⁴² Наһр – Құрбан шалатын күн.

768- حَدَّثَنَا إِسْحَاقُ بْنُ إِبْرَاهِيمَ سَمِعَ خَالِدَ بْنَ الْحَارِثِ حَدَّثَنَا عُبَيْدُ اللَّهِ بْنُ عُمَرَ عَنْ نَافِعٍ أَنَّ عَبْدَ اللَّهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ كَانَ يَنْحَرُ فِي الْمَنْحَرِ قَالَ عُبَيْدُ اللَّهِ الْمَنْحَرُ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

768- Нафиғ: «Абдулла ибн Омар (р.а.) белгілі бір жерде құрбан шалатын еді»,- деді. Убайдулла ибн Омар: «Ол Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) құрбандық шалатын жері болатын»,- деді.

769- حَدَّثَنَا إِبْرَاهِيمُ بْنُ الْمُنْذِرِ حَدَّثَنَا أَنَسُ بْنُ عِيَاضٍ حَدَّثَنَا مُوسَى بْنُ عُقْبَةَ عَنْ نَافِعٍ أَنَّ ابْنَ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا كَانَ يَبْعَثُ بِهَدْيِهِ مِنْ جَمْعٍ مِنْ آخِرِ اللَّيْلِ حَتَّى يُدْخَلَ بِهِ مَنْحَرَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَعَ حُجَّاجٍ فِيهِمْ الْحُرُّ وَالْمَمْلُوكُ

769- Нафиғ (р.а.) риуаят етті: «Ибн Омар (р.а.) түн аяқталып қалғанда Жамған , Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) құрбандық шалатын жеріне апарып сойсын деп, азат кісілер мен құлдардан болған қажылар арқылы құрбандық беріп жіберетін еді»

117-бап. Құрбандығын өз қолымен шалған адам жайлы

770- حَدَّثَنَا سَهْلُ بْنُ بَكَّارٍ حَدَّثَنَا وَهَيْبٌ عَنْ أَيُّوبَ عَنْ أَبِي قَلَابَةَ عَنْ أَنَسٍ وَدَكَرَ الْحَدِيثَ قَالَ وَنَحَرَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِيَدِهِ سَبْعَ بُدُنٍ قِيَامًا وَضَحَّى بِالْمَدِينَةِ كَبْشَيْنِ أَمْلَحَيْنِ أَفْرَنَيْنِ مُخْتَصِرًا

770- Әнас (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өз қолымен жеті түйені тік тұрғызып қойып, құрбандыққа шалды. Ал Мединеде (мүйізі үлкен) екі ала кошқарды құрбандыққа шалды»,- деп хадисті қысқартып риуаят етіп берді.

118-бап. Түйені байлап сою туралы

771- حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مَسْلَمَةَ حَدَّثَنَا يَزِيدُ بْنُ زُرَيْعٍ عَنْ يُونُسَ عَنْ زِيَادِ بْنِ جُبَيْرٍ قَالَ رَأَيْتُ ابْنَ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَتَى عَلَى رَجُلٍ قَدْ أَنَاخَ بَدَنَتَهُ يَنْحَرُهَا قَالَ ابْعَثْهَا قِيَامًا مُقَيَّدَةً سِنَّةَ مُحَمَّدٍ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَقَالَ شُعْبَةُ عَنْ يُونُسَ أَخْبَرَنِي زِيَادٌ

771- Зия ибн Жубайр: «Мен, Ибн Омардың (р.а.) бір кісі өз түйесін шөктіріп қойып бауыздап жатқанда келіп қалып оған: «Тұрғызып, аяқтарын байлап, құрбандыққа шал (яғни, бауызда), - бұл Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сүннеті!», - деп айтқанының куәсімін», - деді.

119-бап. Түйені тік тұрғызып қойып сою туралы

Ибн Омар (р.а.) : «Мұхаммед саллаллаһу ғалайһи уа салламның сүннеттері (бойынша құрбан шалу ләзім)», - деді. Ибн Аббас (р.а.) болса: «Оларды тұрғызып, сап қылып (құрбандыққа шалу дұрыс)», - деді.

772- حَدَّثَنَا سَهْلُ بْنُ بَكَّارٍ حَدَّثَنَا وَهَيْبٌ عَنْ أَيُّوبَ عَنْ أَبِي قَلَابَةَ عَنْ أَنَسِ بْنِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ قَالَ صَلَّى النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ الظُّهْرَ بِالْمَدِينَةِ أَرْبَعًا وَالْعَصْرَ بِذِي الْحُلَيْفَةِ رَكَعَتَيْنِ فَبَاتَ بِهَا فَلَمَّا أَصْبَحَ رَكِبَ راحِلَتَهُ فَجَعَلَ يَهْلُلُ وَيُسَبِّحُ فَلَمَّا عَلَا عَلَى الْبَيْدَاءِ لَبَّى بِهِمَا جَمِيعًا فَلَمَّا دَخَلَ مَكَّةَ أَمَرَهُمْ أَنْ يَحِلُّوا وَنَحَرَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِيَدِهِ سَبْعَ بُدُنٍ قِيَامًا وَضَحَّى بِالْمَدِينَةِ كَبْشَتَيْنِ أُمَّلِحَيْنِ أَقْرَتَيْنِ

772- Әнас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Мединеде төрт рәкат бесін және Зұлхулайфада екі рәкат аср намазын оқыды. Сол күні Зұлхулайфада қалып, таң атқан соң түйесіне мініп таһлил мен тасбих айтқанынша жолға шықты. Байдағқа келген соң үлкен және кіші қажылыққа тәлбия айтты. Меккеге кіргенінде адамдарға ихрамдарын шешулерін бұйырды. Кейін, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жеті түйені тік тұрғызып қойып, өз қолымен құрбандыққа шалды. Ал Мединеде болса, мүйізді екі ала қошқарды (құрбандыққа) шалды».

773- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ حَدَّثَنَا إِسْمَاعِيلُ عَنْ أَيُّوبَ عَنْ أَبِي قَلَابَةَ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ قَالَ صَلَّى النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ الظُّهْرَ بِالْمَدِينَةِ أَرْبَعًا

وَالْعَصْرَ بِذِي الْحُلَيْفَةِ رَكَعَتَيْنِ وَعَنْ أَيُّوبَ عَنْ رَجُلٍ عَنْ أَنَسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ ثُمَّ بَاتَ حَتَّى أَصْبَحَ فَصَلَّى الصُّبْحَ ثُمَّ رَكِبَ رَاحِلَتَهُ حَتَّى إِذَا اسْتَوَتْ بِهِ الْبَيْدَاءُ أَهْلًا بِعُمْرَةَ وَحَجَّةً

773- Әнас ибн Мәлік (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Мединеде төрт рәкат бесін намазын, ал Зұлхулайфада екі рәкат аср намазын оқыды. Содан соң таң атқанша сол жерде қалып, таң намазын оқыды, кейін, түйесіне мініп жолға шықты. Байдағқа келген соң, бір жола үлкен және кіші қажылыққа ихрам киді», - деді.

120-бап. Құрбандықты (бауыздап сойған) кісіге құрбандықтан үлес берілмейді

774 - حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ كَثِيرٍ أَخْبَرَنَا سُفْيَانُ قَالَ أَخْبَرَنِي ابْنُ أَبِي نَحِيحٍ عَنْ مُجَاهِدٍ عَنْ عَبْدِ الرَّحْمَنِ بْنِ أَبِي لَيْلَى عَنْ عَلِيٍّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ بَعَثَنِي النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَفُئِمْتُ عَلَى الْبُذْنِ فَأَمَرَنِي فَفَسَمْتُ لِحَوْمِهَا ثُمَّ أَمَرَنِي فَفَسَمْتُ جِلَالَهَا وَجُلُودَهَا قَالَ سُفْيَانُ وَحَدَّثَنِي عَبْدُ الْكَرِيمِ عَنْ مُجَاهِدٍ عَنْ عَبْدِ الرَّحْمَنِ بْنِ أَبِي لَيْلَى عَنْ عَلِيٍّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ أَمَرَنِي النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنْ أُفْوِمَ عَلَى الْبُذْنِ وَلَا أُعْطِيَ عَلَيْهَا شَيْئًا فِي جِزَارَتِهَا

774- Әли (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мені түйе союға жіберді. Мен (барып) сойдым. Кейін, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) бұйыруы бойынша еттерін адамдарға бөліп үлестіріп бердім. Кейін, тоқымы мен терісін де бөліп бердім», - деді.

Әли (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) маған түйелерді союымды бұйырды. Мен сойдым. Бірақ маған (бауыздағаным үшін) ешқандай ақы үлес бермеді», - деді.

121-бап. Құрбандықтың терісі садақа етіледі

775- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ حَدَّثَنَا يَحْيَى عَنْ ابْنِ جُرَيْجٍ قَالَ أَخْبَرَنِي الْحَسَنُ بْنُ مُسْلِمٍ وَعَبْدُ الْكَرِيمِ الْجَزْرِيُّ أَنَّ مُجَاهِدًا أَخْبَرَهُمَا أَنَّ عَبْدَ الرَّحْمَنِ بْنَ أَبِي لَيْلَى أَخْبَرَهُ أَنَّ عَلِيًّا رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَخْبَرَهُ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَمَرَهُ أَنْ يَوْمَ عَلَى بُدْنِهِ وَأَنْ يَفْسِمَ بُدْنَهُ كُلَّهَا لِحَوْمِهَا وَجُلُودَهَا وَجِلَالِهَا وَلَا يُعْطِيَ فِي حِزَارَتِهَا شَيْئًا

775- Абдурраман ибн Әбу Ләйла риуаят етті: «Әлиге (р.а.) Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) түйелерді союға бұйырыпты. Кейіннен олардың етін, терісін және тоқымын (үстіне жабатын жамылғы) садақа етіп жіберуді бұйырыпты. Сонда оған (Әлиге) ешнәрсе бермепті», - деді.

122-бап. Түйенің тоқымы (жамылғысы) садақа етіледі

776- حَدَّثَنَا أَبُو نُعَيْمٍ حَدَّثَنَا سَيْفُ بْنُ أَبِي سُلَيْمَانَ قَالَ سَمِعْتُ مُجَاهِدًا يَقُولُ حَدَّثَنِي ابْنُ أَبِي لَيْلَى أَنَّ عَلِيًّا رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ حَدَّثَهُ قَالَ أَهْدَى النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مِائَةَ بَدْنَةٍ فَأَمَرَنِي بِلِحُومِهَا فَفَسَمْتُهَا ثُمَّ أَمَرَنِي بِجِلَالِهَا فَفَسَمْتُهَا ثُمَّ بِجُلُودِهَا فَفَسَمْتُهَا

776- Әли (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жүз түйені құрбандыққа шалды. Сонда, маған тапсырды олардың еттерін (адамдарға) бөлдім, кейін тағы әмір етті, тоқымдарын бөлдім. Кейін және әмір етті, терілерін де бөліп бердім», - деді.

123-бап.

بَابُ وَإِذْ بَوَّأْنَا لِإِبْرَاهِيمَ مَكَانَ الْبَيْتِ أَنْ لَا تُشْرِكْ بِي شَيْئًا وَطَهِّرْ بَيْتِيَ لِلطَّائِفِينَ وَالْقَائِمِينَ وَالرُّكَّعِ السُّجُودِ وَأَذِّنْ فِي النَّاسِ بِالْحَجِّ يَأْتُوكَ رِجَالًا وَعَلَى كُلِّ ضَامِرٍ يَأْتِينَ مِنْ كُلِّ فَجٍّ عَمِيقٍ لِيَشْهَدُوا مَنَافِعَ لَهُمْ وَيَذْكُرُوا اسْمَ اللَّهِ فِي أَيَّامٍ مَعْلُومَاتٍ عَلَى مَا رَزَقَهُمْ مِنْ بَهِيمَةِ الْأَنْعَامِ فَكُلُوا مِنْهَا وَأَطْعَمُوا الْبَائِسَ الْفَقِيرَ ثُمَّ لِيَقْضُوا تَفَثَهُمْ وَلِيُوفُوا نُذُورَهُمْ وَلِيَطَوفُوا بِالْبَيْتِ الْعَتِيقِ ذَلِكَ وَمَنْ يُعْظَمْ حُرْمَاتِ اللَّهِ فَهُوَ خَيْرٌ لَهُ عِنْدَ رَبِّهِ

Алла тағала айтты: «Сол уақытта Ибраһим ғ.с. ды Кағбаның орнына: «Маған ешбір нәрсені ортақ қоспа! Тәуеп етушілер, тік тұрып, еңкейіп және бас қойып, құлшылық қылушыларға таза ұста»

деп, орналастырған едік. Адамдарды хажға шақыр. Олар жаяу және көлік үстінде әрбір алыс жолдардан саған келеді. Олар өздеріне тән пайдаларын көрсін. Сондай-ақ өздеріне берілген малдардан белгілі күндерде Алланың атын алсын. (Құрбан шалсын) Одан өздерің де жеңдер және жоқ жітікке де жегізіндер. Содан соң олар кірлерін кетірсін. (шаш, тырнағын алып, ихрамнан шықсын.) Және айтқан нәзірлерін орындап, Қағбаны тәуеп етсін! Міне осы, кім Алланың ардақтағандарын жоғары бағаласа; сонда оған Раббыларының қасында жақсылыққа жетеді¹⁴³», - деді.

124-бап. Құрбандықтың қай бөлігі желінеді, ал қай бөлігі садақа қылынады?

وَمَا يَأْكُلُ مِنَ الْبُذْنِ وَمَا يَتَّصِقُ وَقَالَ عُبَيْدُ اللَّهِ أَخْبَرَنِي نَافِعٌ عَنْ ابْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا لَا يُؤْكَلُ مِنْ جَزَاءِ الصَّيْدِ وَالنَّذْرِ وَيُؤْكَلُ مِمَّا سِوَى ذَلِكَ وَقَالَ عَطَاءٌ يَأْكُلُ وَيُطْعِمُ مِنَ الْمُتَعَةِ

Омар (р.а.): «Ауланған немесе сойылған хайуанның садақа етіліп берілген етінен иесі жемейді. Ал одан басқа еттерді жеуіне болады», - деді.

Ғата (р.а.): «*Мутға*¹⁴⁴ етінен оның иесі де, басқалар да жей береді», - деді.

777- حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ حَدَّثَنَا يَحْيَى عَنْ ابْنِ جُرَيْجٍ حَدَّثَنَا عَطَاءٌ سَمِعَ جَابِرَ بْنَ عَبْدِ اللَّهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا يَقُولُ كُنَّا لَا نَأْكُلُ مِنْ لَحْمِ بُدْنِنَا فَوْقَ ثَلَاثِ مِئَةِ فَرَحَصَ لَنَا النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ كُلُوا وَتَزَوَّدُوا فَأَكَلْنَا وَتَزَوَّدْنَا قُلْتُ لِعَطَاءٍ أَقَالَ حَتَّى جِئْنَا الْمَدِينَةَ قَالَ لَا

777- Ибн Журайж риуаят етті: «Ғата (р.а.): «Мен, Жәбир ибн Абдулланың: «Минада өзіміз сойған құрбандықтардың етінен үш күннен артық жемейтін едік. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бізге: «Жеңдер және сақтап та қойыңдар!», - деді. Біз ол кісінің айтқанындай жеп те, сақтап та қоятын болдық», - дегенін естідім», - деді. Мен: «Жәбир, Мединеге келгенімізге дейін, деп айтты ма?», - дедім. Ғата: «Жоқ», - деді.

¹⁴³ 22. «Хаж», 26-30 аяттар.

¹⁴⁴ Мутға – Бұл жерде Тамматтуғ қажылықты орындағандығының шүкірлігі үшін шалынатын құрбандықтың еті айтылып тұр.

778- حَدَّثَنَا خَالِدُ بْنُ مَخْلَدٍ حَدَّثَنَا سُلَيْمَانُ بْنُ بِلَالٍ قَالَ حَدَّثَنِي يَحْيَى قَالَ حَدَّثَنِي عَمْرَةُ قَالَتْ سَمِعْتُ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا تَقُولُ خَرَجْنَا مَعَ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لِخَمْسِ بَقِيْنَ مِنْ ذِي الْقَعْدَةِ وَلَا تُرَى إِلَّا الْحَجَّ حَتَّى إِذَا دَنَوْنَا مِنْ مَكَّةَ أَمَرَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَنْ لَمْ يَكُنْ مَعَهُ هَدْيٌ إِذَا طَافَ بِالْبَيْتِ ثُمَّ يَحِلُّ قَالَتْ عَائِشَةُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا فَدَخَلَ عَلَيْنَا يَوْمَ النَّحْرِ بِلَحْمٍ بَقْرٍ فَقُلْتُ مَا هَذَا فَقِيلَ دَبْحَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَنْ أَرْوَاحِهِ قَالَ يَحْيَى فَذَكَرْتُ هَذَا الْحَدِيثَ لِلْقَاسِمِ فَقَالَ أَنْتَ بِالْحَدِيثِ عَلَى وَجْهِهِ

778- Айша анамыз (р.а.) риуаят етті: «Біз Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге Зұлқағда айының бес күні қалғанда жолға шықтық. Қажылық қылудан басқа ниетіміз жоқ еді. Меккеге жақындағанымызда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кімде-кім шалатын құрбандық жетектеп келген болса, Кағбаны тәуеп еткеннен соң ихрамдарын шешсін!», - деп бұйырды. Наһр күні бізге ет әкелісті: «Бұл не?», - деп сұрағанымда, «Пайғамбар (с.ғ.с.) әйелдерінің атынан құрбандыққа мал шалды», - десті.

125-бап. Шаш алдырмастан бұрын құрбандық шалу жайында

779- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ حَوْشَبٍ حَدَّثَنَا هُشَيْمٌ أَخْبَرَنَا مَنصُورُ بْنُ زَادَانَ عَنْ عَطَاءٍ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ سَأَلَ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَمَّنْ حَلَقَ قَبْلَ أَنْ يَذْبَحَ وَنَحْوَهُ فَقَالَ لَا حَرَجَ لَا حَرَجَ

779- Ибн Аббас (р.а.) риуаят еті: «Пайғамбарымыздан: «Құрбандықты шалмастан бұрын шаш алдырып қойса, не болады?», - деп сұрасты. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ештеңе етпейді, зияны жоқ», - деп жауап берді.

780- حَدَّثَنَا أَحْمَدُ بْنُ يُونُسَ أَخْبَرَنَا أَبُو بَكْرِ عَنْ عَبْدِ الْعَزِيزِ بْنِ رُفَيْعٍ عَنْ عَطَاءٍ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ رَجُلٌ لِلنَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ زُرْتُ قَبْلَ أَنْ أُرْمِيَ قَالَ لَا حَرَجَ قَالَ حَلَقْتُ قَبْلَ أَنْ أَذْبَحَ قَالَ لَا حَرَجَ قَالَ دَبَحْتُ قَبْلَ أَنْ أُرْمِيَ قَالَ لَا حَرَجَ وَقَالَ عَبْدُ الرَّحِيمِ الرَّازِيُّ عَنْ ابْنِ حُنَيْمٍ أَخْبَرَنِي عَطَاءٌ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا عَنْ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَقَالَ الْقَاسِمُ بْنُ

يَحْيَى حَدَّثَنِي ابْنُ خُنَيْمٍ عَنْ عَطَاءٍ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَقَالَ عَقَانُ أَرَاهُ عَنْ وَهَيْبٍ حَدَّثَنَا ابْنُ خُنَيْمٍ عَنْ سَعِيدِ بْنِ جُبَيْرٍ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَقَالَ حَمَادٌ عَنْ قَيْسِ بْنِ سَعْدٍ وَعَبَادِ بْنِ مَنصُورٍ عَنْ عَطَاءٍ عَنْ جَابِرِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

780- Ибн Аббас (р.а.) риуаят етті. «Бір кісі Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.): «Тас атпастан бұрын тәуеп етіп қойыпшың, енді не болады?»,- деп сұрады. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Еш зияны жоқ»,- деді. «Құрбандығымды соймастан бұрын шаш алдырып қойыпшың»,- деп еді, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Еш зияны жоқ»,- деп жауап берді. «Тас атпастан бұрын құрбандығымды шалып қойыпшың»,- деген де «Еш зияны жоқ»,- деді.

781- حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ الْمُثَنَّى حَدَّثَنَا عَبْدُ الْأَعْلَى حَدَّثَنَا خَالِدٌ عَنْ عِكْرَمَةَ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ سَأَلَ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ رَمَيْتُ بَعْدَ مَا أُمْسَيْتُ فَقَالَ لَا حَرَجَ قَالَ حَلَقْتُ قَبْلَ أَنْ أُحْرَقَ قَالَ لَا حَرَجَ

781- Ибн Аббас (р.а.) риуат етті: «Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) бір кісі: «Кеш болғанда тас атыпшың?»,- деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Оның еш зияны жоқ»,- деді. «Құрбандық шалмастан бұрын шаш алдырып қойыпшың»,- деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Еш зияны жоқ»,- деді.

782- حَدَّثَنَا عَبْدَانُ قَالَ أَخْبَرَنِي أَبِي عَنْ شُعْبَةَ عَنْ قَيْسِ بْنِ مُسْلِمٍ عَنْ طَارِقِ بْنِ شِهَابٍ عَنْ أَبِي مُوسَى رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ قَدِمْتُ عَلَى رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَهُوَ بِالْبَطْحَاءِ فَقَالَ أَحَبَبْتَ قُلْتُ نَعَمْ قَالَ بِمَا أَهَلَّتْ قُلْتُ لَبَّيْكَ يَا هَلَالٍ كَاهِلَالِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ أَحْسَنْتَ انْطَلِقْ فَطُفْ بِالْبَيْتِ وَبِالصَّفَا وَالْمَرْوَةِ ثُمَّ أَتَيْتُ امْرَأَةً مِنْ نِسَاءِ بَنِي قَيْسٍ فَقُلْتُ رَأْسِي ثُمَّ أَهَلَّتُ بِالْحَجِّ فَكُنْتُ أَقْبِي بِهِ النَّاسَ حَتَّى خِلَافَةَ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ فَذَكَرْتُهُ لَهُ فَقَالَ إِنْ نَأْخُذُ بِكِتَابِ اللَّهِ فَإِنَّهُ يَأْمُرُنَا بِالنَّمَامِ وَإِنْ نَأْخُذُ بِسُنَّةِ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَإِنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَمْ يَحِلَّ حَتَّى بَلَغَ الْهَدْيُ مَحَلَّهُ

782- Әбу Мұса (р.а.) риуаят етті: «Мен, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Батхада болғанында алдына бардым. Ол кісі: «Қажылық еттің бе?»,- деді. Мен: «Иә»,- дедім. Ол кісі: «Қайсына ихрам кидің?»,- деп сұрады. Мен: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қайсына ихрам байлаған болса, соған байладым»,- дедім. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Жақсы қылыпсың, барып Қағбаны тәуеп ет, содан соң Сафа мен Мәруада сағи ет!»,- деді. Кейін, Бәний Қайс тайпасына тиесілі бір әйелдің алдына бардым. Ол шашымды тазалады. Содан кейін қажылыққа ихрам кидім. Мен кейін Хазреті Омар халифа болғанға дейін: «Сендерде солай етіңдер!»,- деп басқаларға пәтуа беріп жүрдім. Хазреті Омар (р.а.) халифа болғанда бұл туралы айтып едім, ол кісі: «Егер де Құранды алып оқысақ бастаған ісімізді аяғына дейін жеткізу, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сүннетіне амал етуге бұйырылғандығын байқаймыз, өйткені Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) құрбандыққа аталған малдарын шалмағанша ихрамын шешпеген»,- деп айтты»,- деді.

126-бет. Ихрамды шешпестен бұрын шашты қозғалмайтын қылып жабыстырып алып, кейін оны қысқа қылып алдырған кісі туралы

783 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ ابْنِ عُمَرَ عَنْ حَفْصَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمْ أَنَّهَا قَالَتْ يَا رَسُولَ اللَّهِ مَا شَأْنُ النَّاسِ حَلُّوا بَعُمْرَةَ وَلَمْ تَحْلُلْ أَنْتَ مِنْ عُمْرَتِكَ قَالَ إِنِّي لَبَدْتُ رَأْسِي وَقَلَّدْتُ هَدْيِي فَلَا أَحِلُّ حَتَّى أَنْحَرَ

783- Хафса анамыз (р.а.) риуаят етті: «Айша (р.а.): «Я Расулулла, адамдар кіші қажылықты орындап болып, ихрамдарын шешуде, ал сіз неге әлі ихрамыңызды шешпей жатырсыз?»,- деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Мен шашымды қозғалмайтын қылып жабыстырып алғанмын, енді құрбандыққа аталған малымды шалмағанымша ихрамымды шеше алмаймын»,- деді.

127-бап. Ихрамды шешуден бұрын шаш алдыру жайында

784 - حَدَّثَنَا أَبُو الْيَمَانِ أَخْبَرَنَا شُعَيْبٌ بْنُ أَبِي حَمْزَةَ قَالَ نَافِعٌ كَانَ ابْنُ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا يَقُولُ حَلَّقَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي حَجَّتِهِ

